

821.52.1(0753)

Ә 22
К

АРХИВТІК
ҚОР

АРХИВТІК
ҚОР

ӘДЕБИЕТ

Түркі тілдес халықтар
әдебиетінің кейбір үлгілері

5 11
Хрестоматия

ӘДЕБИЕТ

Хрестоматия

*(Түркі тілдес халықтар әдебиетінің
кейбір үлгілері)*

Жалпы білім беретін мектептің 5—11 сыныптарына
арналған көмекші құрал

Құрастырғандар:

**Тыныбаева Өжкен Кәрібжанқызы
Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы**



Алматы “Білім” 2008

ББК 83.3 я7

Ә 22


Ә 22 Әдебиет. Хрестоматия. (Түркі тілдес халықтар әдебиетінің кейбір үлгілері). Жалпы білім беретін мектептердің 5—11 сыныптарына арналған көмекші құрал.— Алматы. “Білім” баспасы, 2008. — 392 бет.

ISBN 9965—09—535-3

Ә $\frac{4603020000}{412(05)-08}$

ББК 83.3 я7

ISBN 9965



© Тыныбаева Ө.,
Жұмажанова Т., 2008
© “Білім” баспасы, 2008

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Қымбатты шәкірттер! Әдебиет сөз өнері болғандықтан адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды, асыл армандарға жетелейді. Көркем шығарманың табиғатын тану үшін оқулықпен ғана шектеліп қалу жеткіліксіз. Оқырмандық тәжірибелеріңді үнемі байытып отыруды, көркем әдебиет туындыларын үзбей оқуды есте ұстағайсыңдар.

Көркемдік дамудың, әдеби процестің ең негізгі заңдылығы әдеби байланыстар болып табылады.

Қай халықтың болмасын прогресс биігіне ұмтылған, ақыл-ой ізденістері, көрінісі, әдебиетінің өркен жая өсуіне әдеби байланыстардың, тоғысулардың тигізер рөлі ерекше. Ешқандай елдің әдебиеті томаға тұйық дами алмайды. Адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасы ұшан-теңіз. Оның бәрін оқулықта қамту мүмкін емес.

Оқулық сендердің үздік туындыларды мұғалімнің басшылығымен зерделей, саралап талдап, ой-тұжырым жасай отырып ары қарай өз беттеріңмен оқуларыңа бағыт-бағдар береді.

Сендер түркі тілдес халықтар мен қазақ халқының достық, ынтымақ бірлігінің негізі ертеде жатқанын пайымдауларың қажет. Ежелден тарихы тағдырлас, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, тілі үксас түркі тектес халықтар әдебиеті дербес пән ретінде оқылмайды, оған бөлінген арнайы сағат та жоқ. VI—IX сыныптарға бірлі-жарым шығармалар бағдарлама бойынша ұсынылады. Демек, түркі халықтарының үздік туындыларымен танысу, сыныптан тыс оқып білу сендердің өздеріңе байланысты.

Шығыс классиктері адамзаттың жарқын мұраттарын жырларына (ғазалдарына, рубаиларына, қасыдаларына) арқау етті. Өздері өмір сүріп отырған қоғамда да, болашақта да жер басып жүрген адамдардың татулықпен, келісіммен өмір сүруін армандады. Адалдық, әділдік қайырымдылық ел билеушілердің басты мақсаты болса екен деп жырлады.

Түбі бір туыстық, көне, көршілік, тарихи тағдырластық қазақ халқының мәдени өміріне әсіресе әдебиетіне көп әсерін тигізді.

Оны ауыз әдебиет үлгілерінен, ертедегі әдеби шығармалардан толық көруге болады.

“Қазақтың кейбір ақындары арабтың “Мың бір түн” ертегісінен алып, дастан жазды. Фердоусидің “Шаһнамасындағы” басты кейіпкер Рүстем барлық түркі халықтарына ортақ кейіпкер болды. Батырлықты, отанын сүюді Рүстем бейнесімен өлшеді. Ұлы ақын Абай да алдымен шығыс поэзиясымен танысты. Алғашқы өлеңінің бірінде:

Фзуни, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафиз — бұ һәммәси,
Мәдәт бер шағири фәрияд —

деп аталған белгілі шығыс жұлдыздарының жырларымен таныс екендігін білдіріп осылардай болуды тіледі.

Біршама өлеңдерінде олармен рухани үндестік бар. XV ғ. өмір сүрген Әбдірахман Жәми:

“Көңіл тоқтық, уайым жоқтық, өмірдегі тыныштық.
Адал достық, жан сырластық бес қасиет тым ыстық.
Бір басыңа айнала ұшып қонса келіп өмірде,
Дейлі дана — кесе тартқан кемдік болмас көңілде” —

десе, Абай осы ойды тереңдетіп дамытады.

“Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, енбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой
Бес асыл іс көнсеңіз” —

деп нақты айтады.

Ол кезде шығыстық қисса-дастандар мол тараған. “Жүсіп-Зылиха”, “Ләйлі — Мәжнүн”, “Көрұғлы”, “Мың бір түн”, “Шәмшид”, “Бозжігіт”, т.б.

“Бозжігіт” қиссасында:

Тағдыр етсе Алласы,
Шарасы жоқ пәндәсі —

деген жол Абайда

Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә” —

деп келеді.

М.Әуезовтің осы шалыс ұйқас үлгісін Абай шығыстан алды деп тұжырымдауында үлкен мән жатыр. Шығыспен рухани жақындық көркем әдебиетте үнемі жалғасуда.

Татардың реалистік әдебиетінің негізін қалаған Ғабдолла Тоқайды(1886—1913) қазақтың көп ақындары оқып, ерекше бағалаған.

С. Торайғыров өлеңдерінен Тоқаймен үндестікті (ой, пікір) көреміз:

Тоқай: Сескенбейміз дұшпанның күшінен біз,
Бұл күні Ғали, Рүстемдерге теңбіз, —
десе Сұлтанмахмұт:

Қаһарман Рүстем, Әлі де
Бұрам деп жолда тұра алмас —
дейді немесе, Тоқай:

О, туған тіл, ата-анамның тілі,
Көп нәрсені үйрендім, сен арқылы —
деп толғанса, Сұлтанмахмұт:

Сүйемін туған тілім — анам тілім,
Бесікте жатқанымда берген білім. —
дейді. Бұл — мүдде, пікір, ой, мақсат бірлестігі.

Осы мақсат, ой ортақтығы үнемі жалғасуда. Әрбір кезеңде де тақырып ортақтығы үнемі көрініп отырды. Қандай тақырып қамтылса да, әр елдің (халықтың) өздеріне тән ерекше сипаттары, ұлттық бейнесі айқын байқалады.

Хрестоматияда берілген кейбір мәтін үлгілерімен өздіктеріңмен сыныптан тыс танысу арқылы сендер түркі тілдес халықтар әдебиетінен хабардар боласыңдар. Өздіктеріңмен ізденіп басқа туындыларды да оқуға тырысыңдар.

Қазақ жазушыларының шығармаларымен салыстыра талдап, үндестікті, ұқсастық пен өзіндік ерекшеліктерін аңғара отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге, ұлттық және әлемдік рухани байлықтарды меңгеруге, басқа елдер мәдениеті мен әдебиетіндегі жетістіктерден үлгі алуға бағыт-бағдар аласыңдар.

Оқушылар мен ұстаздар үшін бұл хрестоматияның пайдасы тиер деген сенімдеміз. Іске сәт қымбатты шәкірттер!

Авторлар

5-СЫНЫП

КІРІСПЕ

5-сыныпқа арналған көмекші құралда Орта Азия халықтарының ертегілері ұсынылып отыр. Үнді халқының “Алтын балық” атты ертегісінің сюжеті көп елдерге тараған. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин де дастан етіп жазды. Қай заманда да адамдар жақсы тұрмыс, жайлы өмірді аңсай отырып, адал тіршілікті, әділдікті армандады.

Араб халқының әлемге әйгілі “Мың бір түн” хикаясынан алынған Балықшы туралы ертегі, қазақтың “Ер Төстік”, “Алтын сақа” ертегілеріндегі қиял-ғажайып оқиғаларға құрылған. Жауыздық, айлакерлік сияқты жағымсыз әрекеттерді адалдық пен әділдік әрқашан жеңу керек деген пікірді уағыздайды. Ел билеген патша ақылды, көлденең сөзге ермейтін, айналасындағыларды дұрыс тани білетін, халықтың мұң-мұқтажын көретін қамқоршы болса екен деген тілек бар.

Қытай халқының “Жыл санау туралы” ертегісі қазақ халқының “Жыл басы” ертегісімен мазмұндас. Ақыл мен айланың үстемдігін дәлелдейді.

Монғол халқының хайуанаттар жайындағы “Түлкі, бұғы және қарға” ертегісі айлакер түлкінің алдануын суреттесе, “Қарт сиқыршы” ертегісінде тақта отырған ханның халықтың барлығын өзіндей мұқтажы жоқ деп ойлауы, ал нөкерлерінің бәрі де әділ деп есептеуі айтылады. Ханның басына қиыншылық түскенде ғана қарапайым адамдардың қасіретін түсініп, тәубәсіне келгенін суреттейді.

“Дана бала” ертегісінде жеті жасар баланың қатыгез, әділетсіз чиновникті ақылды, орынды сөзбен жеңгені айтылады.

Бұл ертегілерді ұсына отырып, балалар өздері оқыған қазақ ертегілерімен салыстырып, ерте дәуірдің өзінде де, барлық ел адамдарының қиялы, ойы, арман тілегінің ұқсастығына назар салу көзделді.

АЛТЫН БАЛЫҚ

Үнді ертегісі

Кең арналы өзеннің жағасындағы лашықта баяғыда шал мен кемпір тұрыпты. Тұрмыстары нашар болыпты. Шал күн сайын өзенге барып балық аулайды екен, кемпір ол балықтан талғажау жасайды немесе оны қызған шоққа қарып пісіреді екен. Сөйтіп өздерінше тіршілік етіпті. Ал шалдың ауына балық ілікпесе болды ашаршылыққа ұрынады.

Сол өзенде су иесі күн келбетті күдірет Джала Камани мекендепті. Бірде шал өзенге құрған ауды тартса, ол әдет-тегісінен салмақтырақ тартады. Шал әуірімдеп, ауды жағаға өрең алып шығады да аң-таң болып қарайды. Ауына алтындай жарқыраған балық ілігіпті, қанаттары қимылдап, мұрттары жыбырлай береді, бірақ шалдан көзін айырмайды. Сөйтіп алтын балық шалға:

— Қария, сен мені өз жайыма жіберіп, қалағаныңды сұра, — деп жалбарыныпты.

— Ғаламат балық, сенен мен не сұрайын? — депті сонда шал. — Тым болмаса жөні бүтін баспанам да жоқ, қорек етер күрішім де, үстіме киер киімім де жоқ. Егер сен рақым етіп, осы тілектерімнің бәрін орындайтын болсаң, онда мен саған өле-өлгенімше риза болар едім.

Балық шалдың сөзін тыңдап, құйрығын бұлғаң еткізеді:

— Бар, жөніңе жүре бер. Үйің де, ішер асың да, киер киім-кешегің де болады, — дейді.

Шал балықты суға қоя беріп, үйіне кете барады. Үйіне оралғанда не болғанын білмейді. Бұрынғы ескі лашығының орнында бөренелерден салынған үй тұр. Үй ішінде келген қонақтар отыратын үлкен орындықтар, оның үстіне толтыра салынған табақ-табақ күріш қойылған, той-думанға жұрт көзіне ұялмастай киініп баратын жаңа киімдер де үйіліп жатыр. Сонда шал тұрып:

— Көрдің бе, кемпірім, екеуіміз қалай болдық: бұрын тұлдырымыз жоқ еді. Енді бәрі де бар. Бүгін менің ауыма түскен алтын балыққа рақметіңді айт. Суға қайтадан қоя бергенім үшін осының бәрін сол берді. Енді қырсығымыз кетіп бақытқа кенелдік! — депті зайыбына.

Шалының айтқандарын кемпір тыңдайды да, күрсіне дем алып, басын шайқайды. Содан соң:

— Әй, шалым-ай, шалым!... — дейді. — Қаншама жыл өмір сүрсең де, емшектегі бала құрлы ақылың жоқ. Солай сұрай ма екен? Жарайды, күрішті де жерміз, киімді де тоздырармыз, ал одан әрі ше?... Сен соған қазір қайтадан бар да бес нәрсені қалау ет, жаңа үй сұра, мына лашығымыз

секілді болып жүрмесін, тіпті патшаның өзі тұра алатындай үлкен жақсы үй болсын... және ол үйде қоймалар болсын, іші алтынға лық толсын, күріш пен жасымық қамбалардың аузы-мұрнынан шығып тұрсын, қора сыртында шыт-жаңа арбалар мен соқалар тұрсын; қораларда он пар етіп жегерлік енеке-лар тұрсын... және тағы да мынаны тілек ет — балық сені аймағымыздағы адамдардың бәрі бізді құрмет тұтып, сыйлап жүретіндей староста етсін. Бар, осыларды орындатпай оралма!

Шал барғысы келмей, біраз қипалақтаса да, кемпірімен керідескісі келмеді. Сөйтiп өзенге баралды да, жағаға отырып, балықты шақыра бастайды:

— Ғаламат балық, бері кел! Алтын балық жүзіп келші!

Біраздан соң өзен суы лайланып, тұңғық тереңнен алтын балық жүзіп келеді — желбезегі желпілдеп, тұмсығын тікірейте шалға шүкшия қарайды.

— Ғаламат-балық, тағы бір тілегім бар, — дейді шал. — Сенен сұрағаным аздау секілді көрінеді... Кемпірімнің көңілі толмай жатыр: ол мені осы өңірге староста етсін, қазіргі лашығымыздан екі есе үлкен үй салып, бес жалшымыз, он пар етіп жегерлік енекеміз болсын, қоймаларға күріш толып тұрсын, алтындатқан заттарымыз, ақшамыз болсын, осыны сенен талап ет деп жұмсады.

Алтын балық шалдың айтқандарын тыңдайды да, күйірігін бұлғаң еткізіп:

— Жарайды, бәрін де солай жасаймын! — дейді.

Сөйтiп балық өзенге сүңги жөнеледі. Шал үйіне қайтады. Төңіректегі адамдардың бәрі кернейлетіп, барабандарын дабылдатып, жолға шығады, құшақтары той тартуларына толы, гүл шоқтары. Біреуді күтіп тұрғандай бәрі тырп етпейді. Шаруалар шал келісімен-ақ оның аяғына жығылып:

— Староста, староста! Міне біздің сүйікті старостамыз! — деп жаппай құлдық ұрады.

Сол сәтте барабандар дабыл қағып, кернейлер күй тербейді, шаруалар шалды безендірілген зембілге отырғызып, иықтарына көтеріп, үйіне енгізеді. Шалдың үйі жаңартылады — үй емес, тіпті сарай, ал үй ішінде балықтан қалау еткеннің бәрі толып тұр.

Сол сәттен бастап шал мен кемпірдің дәулеті тасып, тұрмыс тауқыметін тартпайды, бәрі де баршылық. Сөйтсе де кемпір көңілі жайланбай, бұртындай береді. Арада бір ай уақыт өтпей жатып, ол шалына қайтадан дікіндей бастайды:

— Сыйлаған түрі осы ма, көрсеткен құрметі осы ма? Қарай гөр, староста мәртебелі адам болар ма? Жоқ, сен оған қайтадан бар да, жақсылап сұра: сені бүкіл жаһанға әмірің жүретін

күдіреті күшті патша етсін. Шалым, бар өгін, егер олай етпесең, маған кемпірім күн көрсететін емес де, — дейді.

— Бармаймын, — деп шал да бұртаңдайды. — Сен біздің бұдан бұрын қалай тіршілік еткенімізді, қалай ашаршылыққа ұшырағанымызды, тұрмысымыздың қалай тұралағанын ұмытып қалдың ба? Балық бізге бәрін де — ішіп-жемімізді де, киім-кешегімізді де, жаңа үйді де берді! Бізді байлыққа белшемізден батырып, мені бүкіл аймағымызға ардақты адам еткені саған аз көрініп тұр ма? Саған тағы да не керек?

Шал қаншалықты керілдесіп қасарысса да, кемпірі оны әгіріктей қуырып, балыққа барсаң да барасың, бармасаң да барасың дейді. Жазған құлда шаршау бар ма, соры қайнаған шалдың айтқанды орындаудан басқа лажы қалмайды — өзенге қайтадан баруына тура келеді. Жағаға келіп отырады да, балықты қайтадан шақырады:

— Алтын балық, келші жүзіп! Ғаламат-балық, көрінші көзіме!

Осылай бір рет шақырады, екі рет шақырады, үшінші рет шақырады... Бірақ оның шақырғанына терең судан ешбір балық жүзіп келе қоймайды. Өзенде алтын балық әсте болмаған секілді. Шал күте-күте қалжырап, күрсіне дем алады да, үйіне қайтады. Бұрығы сәулетті үйдің орнында ескі лашығының, сол лашығында үсті-басы жалба-жұлба, шашы ескірген себеттің шырпылары секілді жан-жағына жалбырап, іріңдеген көзінің кіршіктері жабысып тұрған кемпірін көреді. Кемпірі зар илеп, жылай беріпті.

Шал сонда оның ұсқынына қарап тұрып:

— Қайтейін, кемпірім-ай, кемпірім... Мен саған дөнік-кеннен құныққан жаман, қанағат тұт демеп пе едім! Кемпірім, араныңды аша берме, барыңнан айырыласың деп едім ғой саған. Сөзіме құлақ аспадың, ақыры айтқаным алдыңа келді ме? Енді неменеге зар илейсің? — депті.

*Орыс тілінен аударған
Ергали Сауқанұлы Әбілмәжінов*

БАЛЫҚШЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Араб ертегісі “Мың бір түннен”

Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде бір балықшы өмір сүріпті. Оның әйелі мен үш баласы болыпты. Ол ұзақ күнге балық аулап, кешке таман оны базарға сатады да, өзінің

семьясына арнап, нан мен ет сатып алады. Сөйтіп ол күніне үш мәрте ау құрып, ырыздық іздейді.

Күндердің бір күнінде ол ауын иығына асынып, себетін қолына ұстап, балық аулауға барады. Себетін жағаға қояды да, екі женін түрініп, ауын теңізге аулағырақ тастайды. Ау суға батқан кезде балықшы оның ауырлай түскенін сезінеді.

“Сірә, ауға көп балық іліккен болар”, — деп дәмеленеді балықшы. Ауды жағаға алып шығып, аударған кезде ауға өлі есектің оралып, аудың быт-шыты шығып, үзілгенін көреді.

“Бұл не керемет! — деп балықшы ойға қалады. — Бұл жерде қаншама жыл балық аулап жүрсем де, нақ мұндай ауыма есек іліккен емес еді”.

Балықшы ауын әрең жөрмеп, оны теңізге қайтадан тастайды.

Ау суға тереңдей батқан кезде ол оны тағы да тартып көреді, ау тағы да ауыр тартады, бірақ бұл жолы бұрынғысынан да ауырырақ тартады.

Ауды жағаға сүйреп, ашып көргенде оның ішінен әйнектің сынықтары мен сүйектер шығады.

— Астағыпыр алла! — деп балықшы аһ ұра айқайлап, қолын қолына ұрады. — Сірә теңізде балықтың бәрі де қырылып қалған шығар. Ауды тағы да бір рет, ақырғы рет салып көрейін, егер ештеңе ілікпесе үйге балықсыз қайтамын.

Сөйтіп балықшы ауын теңізге қайтадан тастап, суға батқанын күтіп тұрады. Сәлден соң ауын тарта бастайды, бірақ жағаға шығара алмайды.

“Сірә, бірдемеге іліккен болар”, — деп ойлайды балықшы. Жалма-жан үстіндегі киімін шешініп, суға түседі де, сүнги жөнеледі. Ауын босатып алғанша су астында ол ұзақ уақыт әуреге түседі. Ауды жағаға алып шыққан сәтте оған қорғасын мен аузы жабылған үлкен мыс құмыраның оралғанын көреді.

Балықшы қуанып: “Құмыраның ішіндегісін көремін, содан соң оны сатамын. Базарда мыс шеберлері маған бұл үшін алтын береді”, — дейді іштей.

Ол ышқырындағы пышағын суырып алып, қақпағын аша бастайды, бірақ ол құмыраның мойнына берік кептеліп, ырық бермейді. Ақыр соңында балықшы құмыраның аузын әрең дегенде ашып, оны төмен еңкейтеді. Бірақ құмырадан ештеңе де түспейді.

— Түк жоқ. Мен ішінде алтын бар шығар деп ойлағанмын, — деп дәмеленген балықшы құмыраны тігінен қояды.

Сол сәтте құмыраның ішінен қою түтін шыға бастайды. Ол будақтай-будақтай биікке көтеріліп, аспанға қалықтайды. Түтін құмырадан түгел шығып болған кезде ол аяғы жер тіреген, төбесі аспан тіреген ғаламат алыпқа айналады.

Қолдарының ұзындығы соншалық — өкшесіне дейін жетеді, саусақтары арыстанның тырнақтары іспеттес имие біткен. Сирақтары жерге қаққан дінгек секілді, шаһардың қақпағы секілді аңырайған аузынан ұшы үшкір тістері аксия сораяды, танауынан демі бұрқырап, жанарынан от ұшқын-дайды. Күмбезденген қара қазандай басы оңды-солды алма-кезек теңселеді. Кенеттен әлгі алып бар даусымен ақырған кезде бүкіл төңірек жаңғырығады:

— Әй, балықшы. Мен сені қуанышқа кенелтемін.

Зәресі ұшқан балықшы жербауырлай құлайды. Оның аузы кеуіп, тістері сақ-сұқ етеді. Сәл-пәл жатып, басын көтереді де:

— О, жын, сен мені неңмен қуантасың — деп сұрайды ол.

— Сені қазір табанда өлтіремін.

— О, жындар диуанасы, мені өлтірме! — деп балықшы зар илейді. — Мен сені жаңа ғана теңіз түбінен алып шықтым ғой.

— Мені теңізден алып шыққаның үшін рақым етемін, қандай өлімді тандайсың ерік өзінде. Сенің қарныңды іліп қояйын ба, әлде теңізге батырайын ба, қалауың білсін?

— Мені не үшін өлтірмексін? — деп сұрайды сонда балықшы.

— Оу, балықшы, тыңда менің хикаямды, — дейді диуана.

— Тезірек айтшы, саған қарауға дәтім шыдамайды, — дейді балықшы.

— Біліп қой, балықшы, — дейді сонда диуана, — ифриттер патшасының күзетшісі болдым. Бірде оның айтқанын тыңдамай қойдым. Сөйтіп ол осы құмыраның ішіне отырғызып, теңіз түбіне тастап жіберді. Мен теңіз түбінде жүз жыл жаттым, сонда: “Кімде-кім осы зынданнан құтқарса, соған мол ақша беремін” деп уәде беріп едім. Бірақ мені ешкім де құтқармады. Тағы да бес жүз жыл өтті, сөйтіп тағы да: “Кімде-кім мені құтқарса, соған мен жердің бүкіл қазынасын ашып беремін” делім. Бірақ құмыра ішінде тағы да мың жыл жаттым, ешкім мені құтқармады. Сол сәтте ызаға булығып: “Мені құтқарған кез келген адамды өлтіремін де, қандай өлімді қалайтынын өз еркіне табыстаймын” деп іштей белді бекем байлап едім. Сөйтіп мінеки, сен мені құтқардың, қалай өлгің келеді — қалауың білсін.

Ифриттің сөзін естіген кезде балықшы еңіреп қоя береді де:

— Құмырадан сені шығарғаным үшін кешір мені, — дейді.

— Мені құтқарғаның үшін өлтіргім келіп тұр, — дейді ифрит.

Сонда балықшы: “Мынау болса — ифрит, ал мен болсам —

адаммын, ифритті алдай аларлықтай ақылым да бар” деп толғанады.

— Уа, ифрит, — дейді сонда ол, — егер мені қайткенде де өлтіргің келіп тұрса, әуелі менің мына бір сұрағыма жауап берші.

— Сұрағыңды тез қой, мұршам жоқ, — деп жауап қайырады ифрит.

— Сен патша маған мына құмыраның ішіне отыр деп әмір етті дейсің. Құмыра болса титтыққандай, сен болсаң — абажадайсың, құмыраға қалай сыйып кеттің.

— Менің құмыраның ішінде теңіз түбінде соншама жылдар жатқаным сенбейсің бе? — деп даурығады ифрит.

— Құмыранаң ішінде отырғаныңды өз көзіммен көргенімше саған ешқашанда сенбеймін, — деп жауап қайтарыпты балықшы.

— Оллаһи, мен осы құмыраның ішінде болдым.

— Қарғанба, — депті балықшы, — мен бәрібір саған сенбеймін.

— Құмыра ішінде болғанымды дәлелдеуімді керек етесің бе? — деп сұрайды ифрит.

— Иә, — деп жауап береді балықшы.

Ифрит бір аяғын көтеріп, құмыраның ішіне салады.

— Көр міне, балықшы, міне менің аяғым құмыраның ішінде, — дейді ол.

— Ал екінші аяғың ше? — деп зекиді балықшы.

Ифрит екінші аяғын көтеріп, құмыраның ішіне тығады.

— Енді міне екі аяғым да құмыраның ішінде. Сендің бе? — деп сұрайды балықшыдан.

— Ал тізелеріңді қайда қоймақсың? — деп ақырады балықшы.

— Көрсетейін саған, — деп жауап берген ифрит құмыраның ішіне белуарына дейін кіре отырады. — Енді сендің бе?

— Бойыңның төрттен біріндей қарның мен кеуденді қайда қоясың? — деп одан әрі сұрайды балықшы.

— О, сүмдық! — деп ақырады ифрит. — Сен әлі де сенбей тұрсың ба?

Сөйтіп ол кеңірдегінен келгенше құмыраның ішіне кіреді, ал балықшы:

— Мен әлі күнбез секілденген қазандай басыңды көріп тұрмын. Оған орын жоқ болар?

— Егер мен басымды құмыраның ішіне тықсам сенемісің? — деп сұрайды ифрит.

— Сенемін, — депті балықшы.

Сөйтіп ифрит құмыраның ішіне басын сұққан сәтте балықшы жалма-жан қақпақты алады да, құмыраның аузын

мықтап бекітеді, сөйтіп оны құм үстімен теңізге қарай домалата жөнеледі.

— Балықшы, сен не істемекшісің? — деп айқайлайды диуана.

— Мен сені өзің сонша жыл жатқан теңізіңнің түбіне тастаймын, — депті балықшы.

— Олай етпе, — деген дауысы шығады ифриттің.

Бірақ балықшы құмыраны теңізге қайтадан домалатып бара жатып:

— Мен сені теңіздің түбіне лақтырып жіберем де, жағада отырамын. Ау ұстаған біреу-міреу осы жерге келе қалса, бұл жерден балық аулаушы болма деймін. Бұл жерде ифрит бар, өзін құтқарған кез келген адамға ол қандай өлімді қалауды ұсынады.

— Құтқар мені, мен саған рақым етемін, — дейді ифрит.

— Сен өтірік айтасың, оңбаған, — деп ақырады балықшы. — Егер сені босататын болсам, Юнан патшаның Дубан дәруішке жасағанын сен маған жасайсың.

— Юнан патша мен Дубан дәруіш дегендерің кімдер? — деп сұрайды ифрит.

— Тыңда, мен саған айтайын, — деп жауап қайырады балықшы.

Парсы шаһарында патша болыпты. Оны Юнан патша деп атапты. Оның көп ақшасы, әскері мен қорғаушысы болыпты. Бірақ оның тұла бойына теңбіл-теңбіл дақтар қаптап кетіп, ешбір емші оны жаза алмайды. Сонан патша ұзақ күнге дәрі ішіп, үгінді дәріні жұтады, майлы дәріні денесіне жағады. Бірақ ауруынан айыға алмайды, патша төңірегіндегілер ол енді жазылмайды деген түйінге тіреледі.

Сонымен бірде Юнан патшаның шаһарына сақал-шашы ағарған Дубан деген дәруіш қария келіпті. Ол дәру кітаптарды араб, парсы, грек кітаптарын түгел оқып шығады. Ол емдеп жазбаған ешқандай дерт болмапты. Дубан дәруіш Юнан патша қатты сырқаттанып жатыр дегенді естиді. Сонда ол кітабын ашып жіберіп, күні-түні оқиды. Содан соң қоржынындағы әр түрлі жағатын май мен шөптерді алып, олардан дәрі жасайды. Дубан таяқты алады да, оны қашап, дәріні салады, ал таяқтың ұшына дөңгелек тұтқа жасайды.

Сөйтіп таң атқан кезде дәруіш Дубан сарайға барып:

— О, патшам, сен дертіңнен көптеген жылдар бойы емделіп келесің, бірақ одан айығатын емессің. Ықыласың болса, сені жазып шығарсам қайтесің? — деп сұрапты Юнан патшадан.

— Емделемін, — депті сонда патша. — Ал бұл қашан болады? Дәруіш, тездетші, емделе-емделе әбден жалықтым.

— Ертең болады, — деп жауап қайтарады дәруіш Дубан. —

Тек байқа, мені тыңдап, айтқанымның бәрін істейтін боласың. Бар да жатып ұйықта. Күнімен ұйықта, түнімен ұйықта. Ал таңертең балалар доп ойнайтын алаңға шық та, мені күт.

Патша күнімен ұйықтайды, түнімен ұйықтайды, ертеңіне таңертең атына мініп, алаңға барады.

Көп кешікпей Дубан дәруіш те келеді. Ол дөңгелек тұтқасы бар таяқты патшаға ұсынып:

— Мына таяқты ұста да, бар күшінмен допты үр. Қашан терлегеніңше атыңмен оны қуалай бер, қолыңдағы таяғыңның тұтқасын шаман келгенше қысып ұста. Терлеген кезінде дәрі бүкіл тұла бойыңа жайылады — сөйтіп жазылатын боласың.

Патша Дубан дәруіштің айтқанын тыңдап, алаңда допты қуалай беріпті. Астындағы аты болдырып, әбден шаршаған патша ерден құлап кете жаздайды. Сонда:

— Енді жетеді. Аттан түсіп моншаға бар да, ұйықта. Ұйқыдан оянған кезінде сауығып кетесің, — депті Дубан дәруіш.

Шынында да, патша келесі күні таңертең ұйқыдан оянып, өз бөлмесінен шыға келгенде оның тұла бойы күмістей жарқырайды — денесінде бірде-бір дақ қалмайды. Патша төңірегіндегілердің бәрі де Дубан дәруіштің өнеріне қайран қалады. Ал Юнан патша оны үйіне шақырып:

— Енді сен менің ең жақын досым боласың. Қалағаныңды сұра, — депті.

— Маған ештеңе де керек емес, — дейді дәруіш. — Дидарыңды көріп, өзіңмен әңгімелесіп тұрсам болды.

— Күнде түскі асқа маған келіп тұр, — дейді патша.

Ол дәруішке көп ақша беріп, астындағы арғымақ атын, алтынмен апталған жібек шапанын сыйға тартады. Дәруіш атына мініп, кетіп қалады.

Содан бері ол Юнан патшаның сарайына күн сайын келіп тұрыпты. Патша да оны өз тағының қасына отырғызыпты. Дубан дәруішті ол төңірегіндегілердің бәрінен де жақсы көріп, барлық істе онымен ақылдасып отырады.

Ал патшаның Махмуд Плешивый деген уәзірі болады. Ол зұлым, арам адам болады. Уәзір Дубан дәруішті көре алмай оны өлтіруге ұйғарады. Сөйтіп бірде, түстен кейін, Дубан дәруіш кетісімен Махмуд Плешивый патшаға келеді де:

— О тақсыр, патша, сен маған көп рақым еттің, мен саған ақыл-кеңес беруге тиіспін, — дейді.

— Тезірек айт, — депті патша.

— О тақсыр, патша, — деп сөзін одан әрі жалғастырады уәзір, — Сен Дубан дәруішті күн сайын шақырып, онымен бірге түстенесің. Ал дәруіш — зұлым, сені өлтіргісі келіп жүр.

— Сен текке айтып тұрсың, уәзір, — дейді патша. — Сен Дубан дәруіштің мені дертімнен қалай айықтырғанын неғып көрмедің? Осы дәруіштен артық менің ешқандай досым жоқ. Ертең оған тағы да шапан жауып, он күмәжнек алтын беремін.

— Ойлан, тақсыр патша, — дейді уәзір. — Дәруіш сені өзің қолыңа ұстаған таяқпен емдеді. Ертең ол сені әлде немен ұрып өлтіруі мүмкін ғой, ештеңе сезбейсің. Саған айтар ақылым мынадай: дәруіш өзіңе келген кезде жеңдетіңе оның басын шабуға әмір ет. Сонда ғана сен бұл дәруіштен құтылып, өлімнен аман қаласың.

— Сен осының бәрін ішің күйген соң айтып тұрсың, — дейді патша. — Дубан дәруіш менің ең жақсы досым. Егер оны өлтіретін болсам, онда қыранды өлтірген патша қалай қапаланса, мен де нақ солай қапаланатын боламын.

— Ол қалай болған? — деп сұрайды уәзір.

— Тыңда, мен саған айтайын, — дейді Юнан патша. — Бір патша соншалық аю құмар болыпты. Ол қыранды қолға үйретіп, аң аулауға баулиды. Қыранды ол үнемі қолына қондырып отырады. Ал патшаның мойнында тостағаны болады. Қыран сусаған кезде оны тостағандағы суымен суарады.

Сөйтіп бірде таңертең ерте патшаға бас бүркітші келіп: “О, тақсыр, патша, аңға шығатын уақыт болды”, — дейді.

Патша нөкерлеріне сапарға шығуға әмір етіп, өзі де атына мінеді, сөйтіп бәрінің алдында жүріп отырады. Аңшылар талтүске дейін дала кезіп, ақыр соңында қарақұйрықтар табынымен мекендеген жерге жетеді. Патша өзінің нөкерлеріне қаумалай тұрып, торды керуге әмір етеді. Кенеттен әлгі торға бір қарақұйрық келіп оралады.

“Мына қарақұйрықты кім де кім босататын болса, соны өз қолыммен өлтіремін”, деп патша ақырды.

Сол сәтте әлгі қарақұйрық патшаның алдына жетіп келеді де, артқы екі аяғынан тік тұра қалады. Сөйтіп алдыңғы екі аяғын кеудесіне басып, патшаға иіліп, тағзым етеді. Патша аң-таң болып, өзі де басын иіп, қарақұйрыққа тағзым етеді. Сол-ақ екен, қарақұйрық патшаның басынан қарғып өтіп, көзден ғайып болады.

“Ұстандар ананы, ұстандар” — деп патша ақыра айқайлап басын көтергенде бір-біріне қарап, күлісіп тұрған аңшыларды көреді.

— Сендер неменеге күлесіңдер? — деп сұрайды патша.

Сонда аңшылардың бірі жарылып, алға шығады да:

— О, патша, қарақұйрықты кімде-кім босатып жіберетін болса, соны өлтіремін деп едің ғой, бірақ оны өзің босатып жібердің ғой, — депті.

“Егер осы қарақұйрықты ұстай алмасам, патша деген атым өшсін. Осы жерде мені тосып отырындар, тырп етпендер”, — деп зекіреді патша.

Сөйтіп дереу атына мінеді де, қарақұйрықты қуа жөнеледі. Оны қуып жеткенше атымен шапқылай береді. Бір кезде қолындағы бүркітін қоя береді. Бүркіт қарақұйрықты қанатымен басынан соғып өтіп, екі көзін ештеңені көрмейтін су қараңғы етіп жібереді. Сол сәтте патша атынан түсіп, қарақұйрықты бауыздайды.

Күн тым ысып кетеді де, патша да, ат та шөлдейді. Ол жан-жағына көз тастап, ағып жатқан бірде-бір жылғасы жоқ биік таудың бөктерінде тұрғанын көреді. Сол сәтте қарсы алдынан бір ағаш өсіп шығады да, одан май секілді су тамшылай бастайды.

Патша мойнына ілген тостағанын алып, атынан түседі де, су толған соң тостағанды аттың алдына қояды. Сол сәтте бүркіт те тостағанды қанатымен қағып, суын шалпылдата бастапты.

Сонда патша бүркіт те шөлдеген екен ғой деп, тағы да тостағанын суға толтырады. Сөйтіп оны бүркіттің алдына қояды, бірақ ол тостағанды қанатымен қағып жіберіп, суды төгіп тастайды. “Оңбаған құссың. — деп зекіреді патша. — Өзіңді де, атымды да судан ада еттің”.

Тостағанын суға қайтадан толғырып, өзі іше бергенде, бүркіт тағы да қанатын қағынып, қолындағы тостағанын жерге түсіріп жібереді. Патша қатты ашуланып, қылышын бір сермеп, бүркіттің қанатын қиып түсіреді. Ал бүркіт басын шайқап, түмсығымен ағашты көрсетеді. Патша басын көгеріп, ағаштың үшар басында жылан тұрғанын, ағаштан су емес, жылан уы тамып тұрғанын көреді. Сол сәтте бүркіт ышқына саңқ етіп, ауызын ашып, жантәсілім беріпті. Патша да өзінің өмірін қорғап қалған бүркітін өлтіргеніне қатты қапалана жылайды, бірақ амал қанша, еш қайран қыла алмайды.

Сол сияқты егер сенің дегенінді тыңдап, өзімді дертімнен айықтырған Дубан дәруішті өлтірсем, қасіретке душар болам. Уа уәзірлер, көзіме көрінбедер, сендердің мұндай ақылдарың қажет емес.

— Уа, тақсыр патша, — депті уәзірі сонда, — дәруіш маған ешқандай жамандық жасаған жоқ. Мен тек саған жаным ашығандықтан ғана оны өлтір деп отырмын. Егер сен ол дәруішке сенетін болсаң, ол өзіңді өлтіріп, тағына отырады. Өйткені ол сені қолыңа бірдемені ұстатып емдесе, сол сияқты мұрныға бірдемені иіскетіп сені өлтіре де салады.

Патша шошып кетеді — шынында да солай етуі мүмкін-ау, ә? Сөйтіп:

— Сен дұрыс айтасың, уәзір. Егер ол қолындағы таяғымен мені емдесе онда ол танауыма бірдемені иіскетіп, өлтіре салуы да мүмкін ғой. Енді не істеуім керек? — депті ол.

— Оған қазір адам жібер, — дейді сонда уәзір. — Ол келген соң басын шауып таста. Ол сені алдағанша, сен оны алда.

— Сен дұрыс айтасың, — дейді де, патша дәруішке адам жібереді.

Дәруіш қаннен қаперсіз көңілді, бұрынғысынша ақжарқын калпында жетіп келеді.

— Сені неге шақырғанымды білесің бе? — деп сұрайды патша одан.

— Жоқ, білмеймін. Ешкім де алдын-ала ештеңені болжай алмайды, — дейді Дубан.

— Мен сені өлтіру үшін шақырттым, — дейді патша.

Дубан дәруіш зар илей жылап, патша Юнанға былай депті:

— Мен саған не істедім, не үшін мені өлтіресің?

— Сен менің патшалығыма мені өлтіру үшін келіпсің десіп жатыр маған, — дейді Юнан патша. — Сен мені өлтіргенше мен сені өлтірейін деп отырмын. Сен мені қолыма ұстатқан таяғыңмен емдесең, бірдемені маған иіскете салып, өлтіріп тастауың да мүмкін.

— Мені ая, өлтірме, — депті сонда Дубан дәруіш.

Сонда патша:

— Сені қайтсем де өлтіремін, — деп бұрқанады

— О, тақсыр патша, — дейді сонда нөкерлерінің бірі, — осы дәруішті өлтірмей, тағдырын маған сыйға тарту етші. Саған ол ешқандай жамандық жасаған жоқ қой, ешкім жаза алмай жүрген дертінді емдеді.

— Бұл дәруіш мені өлтіру үшін келіп жүр. Менің уәзірім Махмуд Плешивый осылай дейді, — деп ақырады патша. — Әй, жендеттер, мынаның басын кесіңдер.

— Егер сен мені өлтіруге бел байласаң, — дейді Дубан дәруіш Юнан патшаға, — таңертеңге дейін шыдай тұр. Мені үйіме жібер, мен өзімнің бүкіл кітаптарымды саған сыйға тарту етейін. Ал олардың арасында еш патшаның қолында жоқ кітап бар.

— Жақсы, — депті патша. — Ендеше үйіңе тайқы, ертең таңертең кітабыңды маған алып кел.

Юнан патша төсегінде түнімен дөңбекшіп, дәруіш тартуға уәде еткен кітапты көргенше кірпік қақпайды. Атар таңды көзімен атырады. Патша төсегінен атып тұрып:

— Дубан дәруішті әкеліндер! — деп әмір етіпті.

Сөйтіп екі күзетші дәруішті жетелеп алып келеді. Дәруіш кітабы мен ұнтағы бар құмыраны ұстай келеді.

— Кітабыңды бері әкел! — деп зекіреді патша.

— О тақсыр, патша, сәл сабыр еткін, — дейді дәруіш. Үлкен табақ әкелдірткін.

— Әй, табақ әкеліндер — деп әкірендейді патша. Екі қызметші бөлмеден жүгіре шығып, табақты алып келеді.

— Сол сәтте Дубан дәруіш құмырадағы ұнтақты табаққа төгіп, бетін алақанымен тегістейді де:

— О тақсыр, патша, мына кітапты ал, бірақ менің басымды кескенше оның бетін ашушы болма. Менің басымды кескен соң басымды табаққа сал да, оны осы ұнтақпен сұртуге әмір ет. Содан соң кітаптың бетін аш та, қалағаныңды сұра. Менің басым бәріне жауап береді, — дейді.

Патша аң-таң болып, тұла бойы тітіркеніп кетеді. Ол қолын сермеп қалған сәтте жендет Дубан дәруіштің басын қиып түседі. Басты табақ үстіне салған кезде ол екі көзін ашып:

— О тақсыр, патша, кітапты ашып он парағын аударыңыз, — дейді.

Патша кітапты ашып, беттерін парақтай бастайды, бірақ беттер бір-біріне жабыса береді. Патша саусағына түкіріп, бір парағын аударалды, екіншісін аударалды, үшінші парағын аударалды. Сөйтіп оныншы парағына жеткенде ол қозғалып, сұрланып кетеді.

— Бұл кітапта у бар — деп ақырады патша, — мені улады.

Ал Дубан дәруіштің басы ернін қимылдатыпты.

— Мен сені емдедім, ал сен мені өлтірдің. Мен аяушылық ет деп өтіндім, сен аяушылық етпедің. Міне еруліге қарулы, — депті.

Дубан дәруіштің осылай деуі мұң екен, патша жан-тәсілім беріпті...

Сол секілді, ифрит, саған жақсылық жасап, теңіз түбінен алып шықсам да, мені өлтіргің келді. Енді міне сені теңіз түбіне қайтадан тастаймын.

— О, балықшы, — деп зар илейді ифрит, — бұлай етпе. Егер мен арам пиғылды болсам, сен ізгі адам бол. Мен саған арамдық жасамай, қалай баюдың жолын үйретемін.

Ифрит балықшыдан ұзақ өтінеді, ақырында балықшы келісе кетеді. Ол құмыраны ашқан кезде түтін тік ұшып барып, қайтадан ифритке айналады. Ол сол сәтте құмыраны аяғымен теуіп, теңізге итеріп жібереді.

Балықшының зәресі ұшып, тұла бойы тітіреп кетеді. Бірақ ифрит күлімсіреп:

— Соңымнан еріп отыр, — депті.

Сонымен балықшы өзін-өзі құтқарғанына күдіктеніп, ифриттің артынан жүріп отырады. Сол бетінде олар шаһардың

сыртына шығып, бір дөңнен асады да, ойпаңдау жазыққа қарай бет алады. Кенет балықшы қарсы алдынан өмірі көрмеген тоғанды көреді.

— Мына тоғанға қарашы, — дейді сонда ифрит. Балықшы оған көз тастап, ақ, қызыл, көгілдір және сары түсті көптеген балықтар көреді.

— Бұл неткен тоған? Мұндағы балықтардың түсі неге әртүрлі? — деп сұрайды балықшы.

— О, балықшы, ауыңды салшы, — депті сонда ифрит.

Сөйтіп балықшы тоғанға ау салып, қайтадан оны тартып алады, ауда ақ, қызыл, көгілдір және сары түсті төрт балық түскенін көреді.

— О, балықшы, — дейді ифрит сонда, — мына балықты патшаның сарайына алып бар. Патша бұл үшін саған бүкіл ғұмырыңа жетерлік ақша береді. Сен тоғанға күн сайын келіп, балық аула. Бірақ ауыңды үш мәртеден артық салушы болма. Ал енді қош, егер сені өкпелеткен жерім болса, онда мені кешір.

Сөйтіп ифрит жерді тебініп қалғанда, жер қақ айырылып, оны жұтып қояды. Балықшы үйіне қайтып оралады да, балықты ыдысқа салып, ифриттің айтқанын екі етпей, оны патшаға алып барады.

Балықшы сарайға келіп, балықты көрсетеді. Патша қайран қалады. Ол бұрын-соңды мұндай балықтарды көрмеген.

— Уа, уәзір, — депті ол, — балықты румдар патшасының жақында маған сыйға тарқан жас бикешке берші, пісірсін, оның қалай пісіретінін көрейін.

— Айтқаныңа құлдық, кешіресің, — деп уәзір балықшыны ас үйге алып барады. Ол балықты пісірушіге береді. Ол да бұл балықтарды көріп, қайран қалады.

— Уа, қызым, — дейді сонда уәзір, — патша сенің өнеріңді сынағысы келеді. Мына балықтарды оңдап пісір.

Содан соң уәзір патшаға келеді, ал патша оған балықшыға әр балығы үшін жүз динардан төрт жүз алтын динар беруге өмір етеді. Балықшы ақшаны қойнына тығып, қуана үйіне оралады.

Ал ас пісіруші қыз балықты аршып, табаға салады да, отқа қойып пісіре бастайды. Балықтың бір жақ жоны піскен кезде қыз оның екінші жонын аудармақшы болады, бірақ қыз балықты әрең дегенде қозғай берген сәтте ас үйдің қабырғасы қарыс айырылып, қолында ұстаған жасыл талы бар бір жас келіншек шыға келеді. Олардың ұшымен балықты қозғай бергенде балық бірден көмірге айналып кетеді. Содан соң әлгі келіншек көзден ғайып болып, қарыс айырылған қабырға қайтадан қосылады.

Қыздың қорыққаны соншалық, еденге талып жығылады. Бір кезде есін жиып, түрегелгенде балықтардың бәрі күйіп кеткенін көреді.

— Енді не болады, — деп ышқына айқайлайды. — Патша менің өнерімді сынағысы келіп еді, мен болсам балықты күйдіріп жібердім.

— Сөйтіп қыз есінен танып, тағы да еденге құлайды.

Сол сәтте ас үйге уәзір кіріп келеді.

Ол құлап жатқан қызды көріп, оны аяғымен түртіп қалады. Сол сәтте қыз есін жиып, болған жайдың бәрін оған баяндап береді.

— Бұл қайран қаларлық іс, — дейді уәзір.

Сөйтіп ол балықшыға кісі жібереді. Балықшы келгенде:

— О, балықшы, маған тағы да сондай төрт — ақ, қызыл, көгілдір және сары балық әкеп берші — дейді.

Балықшы тоғанға барып, ау салады да, қайтадан тартып алады, ауына тағы да төрт — ақ, қызыл, көгілдір және сары балық іліккенін көреді. Ол бұл балықтарды уәзірге алып келеді де, одан төрт жүз динар алады, ал уәзір ас үйге барып:

— Мына балықтарды ал, не болғанын көрейін, көзімше пісірші, — депті қызға.

Қыз балықтарды аршып, табаға салады. Балықтың бір жақ жоны піскен кезде ас үйдің қабырғасы қақ жарылып, қолында бұтасы бар баяғы келіншек шыға келеді. Ол бұтасымен балықтарды түртіп қалғанда барлық балық жанып кетеді, ал келіншек табаны төңкеріп, кетіп қалады, ал қабырға қайтадан қосылады.

— Мұндай істі патшадан жасыруға болмайды, — деп зекіреді уәзір. — Патша мұны көзімен көруі керек.

Сөйтіп уәзір халатының етегіне сүріне, патшаға жүгіре жөнеледі, көзімен көргенінің бәрін патшаға баян етеді.

— Балықшыны тез маған алып кел, — деп әмір етеді патша. Балықшыны алып келгенде патша оған түстері әр түрлі төрт балық әкел деп бұйырады да, ол қашып кетпесін деп қасына үш күзетшіні ертіп жібереді.

Балықшы тоғанға үшінші рет барып, тағы да осындай төрт балық әкеледі. Сонда патша уәзіріне:

— Балықтарды өзім пісіріп, не болатынын өз көзіммен көремін, — дейді.

Ол жеңдерін түрініп, беліне орамалды байлайды да, қолына пышақты алып, балықты арши бастайды. Содан соң ол табаға май құйып, оны қыздырады, балықты еріген майға салады. Кенет май көтеріліп, көпірши бастайды, сөйтіп қоюлана түтіндетеді. Патшаның зәресі ұшқаны соншалық пышағы қолынан түсіп кетіп, жерге отыра қалады. Сол сәтте қабырға

как жарылып, одан келіншек тағы да шыға келеді. Оң қолында — семсер, сол қолында — екі жылан. Жыланның тұла бойы кірпінің тікеніндей тікен, олардың аузынан көгілдір түтін будақтайды.

Келіншек патшаның бетіне ақырып қалғанда, зәресі ұшқан патша шалқасынан құлайды. Ал келіншек:

— Маған жақсылап қара, менің лидарымды жадына сақта. Егер сен менің балығымды тағы да аулайтын болсаң, сенің шаһарыңды теңізге, ал жауынгерлеріңді балыққа айналдырып жіберемін, — дейді.

Содан соң ол патшаға тағы да ақырады. Патша есінен танып қалады. Біраздан соң есін жиған кезде балықты да, табаны да, келіншекті де көрмейді, ас үйдің қабырғасы бұрынғысынша қайтадан қосылады.

Патша ас үйден жүгіре шығып, уәзіріне айқай салады:

— Балықшыны тез алып кел.

Күзетшілері тез жүгіріп барып, балықшыны алып келеді. Ал балықшы қорқып, қалш-күлш етеді. Патшаға түсі әр түрлі балық әкелгеніне өкінеді.

— Әй, балықшы, мына балықтарды қайдан әкелдің? — деп сұрайды патша.

— Төрт таудың аралығындағы даладағы тоғаннан, — деп жауап береді балықшы.

— Ол тоғанға баруға қанша күн керек?

— Уа, дүниенің тұтқасын ұстаған патшам, жарты-ақ сағат.

Сөйтіп патша аң-таң болады: өз шаһарының қак түбінде түсі әр түрлі балықтар жүзіп жүретін тоған барын білмейді. Ол өз нөкерлеріне атқа мінуге әмір етеді, өзі де атына мініп, бәрі сапарға шығады. Ал балықшы алда жүріп, жол нұсқайды, көңілінен бір сұмдыққа ұрындым-ау деген түйткіл кетпейді.

Ол бір таудан асып, кең құлашты жазық далаға ойысады. Жазықтың орта тұсында үлкен тоған, ал тоғанда түсі алуан түрлі: ақ, қызыл, көгілдір және сары балықтар жүзіп жүреді.

— Осы тоғанды бұрын білгендерің бар ма? — деп сұрайды патша нөкерлерінен.

Патшамен бірге болғандардың бәрі де:

— Жок, — деп бірден жауап береді.

— Осы тоғанның және алуан түсті балықтардың сырын білгенше шаһарыма кірмеймін, тағыма отырмаймын, — деп лепіреді патша.

Сөйтіп ол уәзірін шақырады да:

— Уа уәзір, мен бір ойға тірелдім. Бүгін түнде жалғыз өзім кетем де, мына тоғанның неткен тоған екенін, ондағы балықтардың түсі неліктен әр түрлі екенін білемін. Ал сен менің шатырымның алдында отыр да мені сұраған

адамдардың бәріне: “Патша ауырып жатыр, өзіне ешкімді кіргізбеуге әмір етті де” дейді.

Содан соң патша киімін ауыстырып, қылышын беліне қыстырып, кете барады. Сол бетінде ол түн жүреді, күн жүреді, келесі түні таң атқанша жүріп, сонау алыстан әлде бір қарайған көзіне ілігеді.

Патша қуанғаннан:

— Осы тоған мен балықтар жайында маған айтатын әлде біреумен кездесуім мүмкін! — дейді лепіріп.

Ол қарайғанға жақындай түсіп, қара тас пен жарқыраған темірден салынған сарайды көреді. Патша ақырын ғана қақпаны тықылдатады, бірақ оған ешкім де қақпаны ашпайды. Қақпаны екінші рет тықылдатады, үшінші рет тықылдатады, бірақ ешқандай сыбыс естілмейді. Сонда патша қолымен бар күшін сала қақпаны ұрады, бірақ ешкім тіл қатпайды.

“Сарайда шынында да ешкім жоқ”, — деп ойлайды патша. Ол қақпаны итеріп жібереді, сол кезде қақпа ашылып кетеді. Патша ауладан өтіп, сарайға кіреді, бірақ ешбір адам көзіне ілікпейді.

— Уа, сарай тұрғындары. — деп тіл қатады сонда патша, — мен жат жердің адамымын, жолаушымын. Жүрек жалғар ештенелерің жоқ па?

Патшаның лебізіне ешкім елең етпейді. Сөйтіп патша қайран қалып, қапаланады. Есік алдындағы орындыққа барып отырады да, кенет біреудің өксіп жылағанын естиді. Патша құлағын түріп, сол жаққа қарай жүреді. Сол бетінде ол үлкен бөлмеге кіреді, оның орта тұсында биік тақ тұрады, ал тақта үстіне жібек халат жамылған сұлу жас жігіт отырады, қапаланып жылай береді. Патша қуанып кетеді де:

— О жігітім, тыныштық берсін саған. Сені көргенім қандай жақсы болды. Неге жылап отырсың? Бұл неткен сарай? Неліктен жалғыз отырсың, нөкерлерің жоқ па? — дейді.

Жігіт патшаға ешқандай тіл қатпастан одан әрі жылап, өксі береді.

Патша ашуланып:

— О, жігітім, сен менің алдымда неге тік тұрмайсың? Менің сәлеміме неге жауап бермейсің? Менің осы елдің патшасы екенімді сен білмейсің бе? — деп зекіреді.

Сол сәтте жігіт бұрынғысынан да қамыға жылап:

— Уа дүниенің тұтқасын ұстаған патшам, егер сен менің басымнан кешкенімді білсең бүйтіп бұрқанбас едің, — депті.

Ол халатының етегін көтерген кезде патша аяғынан беліне дейінгі жері қатып қалған тас екенін көреді. Патша күйінгеннен ашына айқайлап:

— Мен осы сарай мен балықтар туралы ақиқатты білгім келіп еді. Ал енді олар туралы да, өзің туралы да сұрауға тура келіп тұр. Мұндай зұлымдықты кім жасағанын маған тезірек айтшы, — дейді.

— Мені мұқият тыңда, — дейді жас жігіт. — Таңғажайып хикаяға душар болдым.

Менің әкемнің патша болғанын, оны Қара аралдардың патшасы Махмұд деп атанғанын білесіз. Ол жетпіс жыл патшалық етіп, қайтыс болды. Содан соң мен патша болдым. Менің әйелім бар-тың, оны өте жақсы көретінмін. Бірде ол кешке таман маған монша жақтырды да, өзі сол моншаға түсуге кетті, өзім жастықты жастанып жаттым да, оның келуін күттім. Кенеттен көрші бөлмеден екі әйелдің өзара әңгімелесіп отырған даусын естіп қалдым.

“Соры қайнаған мырзамыз-ай! — дейді әлгілердің бірі. — Біздің ханым өзін сүйеді деп ойлайды ол. Ал күнде кешке өзі ішетін шарапқа ұйықтататын ұнтақты себелі де, ол оянады. Ханым көп кешікпей оның көзін құртып, оның орнына өзі патша болады. Байқа, менің айтқандарымды ешкімге айтушы болма. Міне, біздің ханым келе жатыр”.

Шынында да солай болады, әйелім бөлмеге кіріп келді де, күнге кешкі ас беруге әмір етті. Күннің сөзін естіген сәтімде зөремнің ұшқаны соншалық әйеліме ләм-мим дей алмадым. Кешке астан кейін мен түнделете ішкен ішімдікті беруге әмір етті де, оны менің ыдысыма құйды. Мен ішіп отырған секілдендім де, ішімдікті қойныма сездірмей төге салдым. Сөйттім де ұйықтап жатқан адам сияқты қор еге түстім. Сол сәтте менің әйелім өзінің ең тәуір көйлегін киіп, беліне менің семсерімді байлады да:

“Түнімен тырп етпей ұйықта, оянушы болма. Жуық арада сені өлтіремін де, өзім патша боламын” — деді.

Содан соң бөлмеден шығып жүре берді, мен түрегеліп, оның соңынан еріп отырдым. Ол шаһар қақпасына барып, бірдеме деді. Оны мен түсіне алмадым. Сол сәтте қақпаның құлпы жерге түсіп, қақпа ашылып жүре берді. Менің әйелім қақпаның ар жағына шығып (мен соңынан қалмай жүрмін), балшықтан салынған қайдағы бір лашыққа барды. Ол оның ішіне кірді де, мен шатырға шығып, төменгі жаққа көз тастадым. Кенет лашықтың орта тұсында жоғарғы ерні жаялықтай, төменгі ерні кебіс секілді сұлап жатқан негрді көрдім. Ол әйеліме арнап жердегі құмды жинап жатыр. Мен оны жіті қадағалап, біле түстім, біле түстім. Ол Абуль-Асвад деген аса қатерлі сиқыршы еді. Ол өзін шаһардан қуып жібергені үшін әкеме қастандық жасаған адам еді, мені де

өлтіруге ант берді. Осы сиқыршы алапес ауруына шалдығып, лашығынан шыға алмайды.

Менің әйелім оған барған кезде:

“О, оңбаған, неге кешіктің? Сенің күйеуіңнің патшалығына ие болу үшін оны қашан өлтіру жөнінде ақылдасуға сені баяғыдан бері күтіп отырмын, ал сен болсаң келетін емессің”, — деп зеки айқайлады ол.

— О, жасаған ием, — деді менің әйелім — мен, адалмын, кінәлі емеспін. Менің еркімде болса, оның шаһары күйреп жататындай күн еңкейе қойған жоқ. Әйтседе уақыттың әлі жете қоймағанын өзің де білесің ғой.

— “О, қарғыс атқыр, — деп ашына айқайлайды сыйқыршы. — Егер сен ертең күйеуіңді өлтірмесең мен сені сиқырлыққа үйретуді доғарамын. Сен мені әр түрлі әзілге айналдырып, алдап жүрсің”.

О, патшам, осы сөздерді естіген сәтімде ызадан көзімнің алды қарауытып, не істеп отырғанымды да білмей қалдым. Мен шатырдан түсіп, лашыққа кірдім де әйелім алып келген семсерді жұлып алып, негрдің көк желкесінен салып кеп жібердім. Негр адам шошығандай қорылдай берді, мен оны өлтірген екем деп ұйғардым. Сөйтіп семсерді лақтырып тастадым да, сарайға келіп төсегіме жаттым. Танертең әйелім келді, бірақ маған ештеңе демеді. Мен де оған ештеңе дей қойғаным жоқ, өйткені одан қорықтым.

Арада бірер күн өткен соң ол шашын қыркып, үстіне қара киім киеді.

“Саған не болды?” — деп сұрадым одан.

“О, тақсыр-мырзам, — деп жауап берді әйелім, — менің анамның қайтыс болғанын, әкемнің соғыста өлгенін, екі ағамның бірін жылан шаққанын, екіншісін жер жұтқанын білдім. Олардың мәйітін алып келіп, осы сарайға жерлеуге маған мүмкіндік бер. Мен соларды қайғырып, жылап отырмын”.

“Ойлағаныңды істей бер”, — дедім мен де.

Сөйтіп әйелім сарайдың ортасына төбесін күмбездетіп бейіт жасады да, оның ішінде өзі күні-түні отырды.

Ал мен болсам одан қорқып, сол түні өзім естіген сиқыршы туралы оған ештеңе дегем жоқ.

Бірақ бірде шыдамым таусылып, әйелім отырған бейітке кіріп келдім. Әйелім жылап:

“О тақсыр мырзам, маған тым болмаса тіл қатсаңшы! Сен тез арада жазылып, екеуміз менің күйеуімді қашан өлтіреміз; оның шаһарында қашан патшалық құрамыз?” — деп зарлап отырғанын естідім.

Сол сәтте бейіттің қасына жүгіріп келдім де, оның ішіне

қарадым, тұла бойы байлап-маталған және ақырын ыңырысып жылап жатқан негрді көрдім. Мен семсерімді сермеп оны өлтіріп тастағым келіп еді, бірақ әйелім қолымнан шап беріп ұстай алды да:

“Сен менің досымды бір рет өлтіре жаздадың, кеңірдегің қырқып өтін, өлермен болып жатыр, сөйлей алмайды, саған осы да аз болып тұр ма? Мен саған аяушылық етейін деп едім, енді аяушылық етпеймін. Тағдырың таусылғанша тірі де емес, өлі де емес әрі-сәрі болып жүресің”, — деп шабаланды.

“Иә, онбаған, сикыршыны семсермен сілейткен менмін. Қазір мен оны сенімен бірге өлтіремін” — деп ақыра айқайлай семсерімді әйеліме сермеп қалдым. Кенеттен ол мен түсінбейтін бір сөзді айтты да:

“Менің арбауым бойынша жарты денен тас болып, жарты денен адам болсын” — деді.

Мен, о патша, сол сәттен-ақ өзін көріп тұрғандай осылай болып қалдым. Орнымнан тұра алмаймын, не өлі емеспін, не тірі емеспін. Мен осындай күйге ұшырасымен-ақ әйелім менің шаһарымды, оның базарлары мен бағын арбап, шаһарды тоғанға, аралдарды тауға айналдырып жіберді. Ал шаһар тұрғындарын ол алуан түсті балықтарға айналдырды.

Сонымен бірге ол мені күнде ұрады, жүз мәрте қамшымен дүрелейді. Содан соң үстіме жылқы қылшығынан тігілген киім, оның сыртынан жібек халат кигізеді.

— О, жігітім, — дейді патша, — сен маған мына тоған мен алуан түсті балықтардың сырын түсіндіріп, ісімді жеңілдетіп жібердің. Бірақ сені қимаймын, саған көмектескім келеді. Әлгі негрдің мен әйелің қайда?

— Негр ауырып, өзінің моласында жатыр, ал әйелім қазір оған келіп қалады, — деп жауап береді жігіт. Патша іле негр жатқан бейітке барады. Ол оған жасырына кіріп, семсерімен негрдің басын кесіп, өлтіреді. Содан соң оның денесін арқасына салып алып, құдыққа тастап жібереді. Содан соң патша бейітке қайтадан оралып, негрдің орнына жата қалады. Ол оның көрпесіне оралып, жігіттің әйелін-келіншекті күтіп жатады. Сәлден соң қолында дәрісі бар тостаған ұстаған келіншек жетіп келеді. Ол негрдің төсегіне тағзым етіп:

— О, тақсыр мырзам, маған қолыңды беріп, лебіңді естіртші, сенің айыға бастағаныңды білейін, — дейді.

Сол сәтте сәл қимылдап, негрше дауысы әлсірей:

— Ах, ах, ептеп тәуір бола бастаған секілдімін, — дейді.

Оның даусын естігенде келіншек қуана айқайлап:

— Уа, тақсыр мырзам рас па? Менімен сөйлесші, — депті.

Сонда патша тілі күрмеліп:

— О нағалет, сенімен қандай қылығың үшін сөйлесемін?

Өз күйеуіңді өзің күнде ұрасын. Ол байбалам салып, мені ұйықтатпайды. Егер ол болмағанда баяғыда сауығып кететін едім,— дейді.

— Егер қалау етсең, мен арбап тастайын, — дейді келіншек.

— Оны босат та, маған дем алдыр, — дейді оған патша.

Сөйтіп келіншек қолына суы бар тостағанды ұстап, жігіттің қасына келеді де, оған күбірлей, бірдеме оқиды, сол сәтте тостаған су отқа қойған қазандағы су қалай қайнаса нақ солай бүрқылдап қайнай бастайды.

Содан соң келіншек суды жігітке бүркіп:

— Егер сен менің арбағанымға көнсең, қайтадан адамға айнал,— дейді.

Сол сәтте жігіт сілкініп, екі аяғынан тік түрегеледі де, бұрынғысынша қайтадан адамға айналады. Ал келіншек бейітке келіп:

— О, тақсыр мырза, бұйрығыңды орындадым, — дейді.

— Нағалет, — дейді патша сонда, — істің тек жарымын ғана тындырдың, әрқашан түн ортасы болғанда балықтар тоғаннан бастарын көтеріп, екеуімізді бірдей қарғайды. Міне мен сондықтан да жазыла алмай жатырмын. Тез бар да, оларды сиқыр арбауыңды қайтарып ал, содан соң өзіме кел.

— Құп, кешірерсің, о тақсыр мырзам, — дейді.

Келіншек тоғаннан шамалы су алып, оны сыйқырлап, тоғанға қайтадан құяды. Сол сәтте балықтар шоршып, бастарын көтереді де, адамға айналады, ал таулар бұрынғысынша аралдарға айналады. Сөйтіп саудагерлер де саудаларына кірісіп, барша адамдар өз істерімен шұғылдана бастайды, шаһар да бұрынғы қалпына қайтадан келеді.

Ал сиқыршы патшаға келіп:

— О, тақсыр мырзам, мен дегеніңнің бәрін орындадым. Егер сен сауықсаң тұрсаңшы, мына бейіттен шықсаңшы, — депті.

— Маған жақын келіп, қолыңнан ұстатшы, — дейді патша дауысын бөсеңдетіп.

Келіншек қолын ұсына бергенде ол оны семсерімен сеспей қатырды. Содан соң патша бейіттен шығып, өзін күтіп тұрған сиқырланған жігітті көреді.

— О, жігітім, — дейді сонда патша, — өз шаһарыңда қалып, өмір сүргің келе ме? Әлде менімен бірге менің шаһарыма барасың ба?

— Бұл жерден сенің шаһарыңа дейін неше күн жол жүретіңді білесің бе? — деп сұрайды жігіт.

— Екі жарым күн, — деп жауап береді патша.

— О патшам, — деп лепіреді жігіт, — егер сен жақсы атқа мініп, желдірте жортақтағанның өзінде шаһарыңа бір жылдан

кейін жетесін. Қалаң сиқырланғандықтан ғана сен мұнда екі жарым күнде жеттің. Бірақ сенен қалмаймын, сенімен бірге барамын.

— Сен менің ұлым боласың, менің патшалығымды мұра етесің, — дейді сонда патша. — Тездете жинал аттануға.

Сөйтіп олар жолға шығады, күн, түн демей жыл жүреді. Олар патшаның шаһарына жеткенде патша өз тағына отырады:

— Түсі алуан түрлі балықтарды әкелген балықшыны маған шақыршы, — дейді.

Балықшыға кісі жіберіледі. Көп кешікпей ол да жетіп келеді. Патша оған басынан кешкеннің бәрін баяндап береді. Балықшы оның әңгімесін естіген кезде тым қамығып:

— Демек, менің саған балықты әкеп беруім керек пе? — деп сұрапты.

— Жоқ, керек емес, — дейді патша сонда. — Бірақ күйінбе? Мен саған бүкіл ғұмырыңа жететіндей алтын беремін.

Сөйтіп патша уәзіріне балықшыны барынша сыйлауға әмір етеді. Балықшы да қуанып, үйіне дән риза болып қайтады.

*Орыс тілінен аударған
Ергали Сауқанұлы Әбілмәжінов*

ЖАНУАРЛАРМЕН ЖЫЛ САНАУ ТУРАЛЫ

Қытай ертегісі

Ата-бабамыз жануарлар арқылы жыл санауды білмепті-мыс деп әңгіме етіседі. Бұған адамдарды Нефриттің пірі Юйдидің өзі үйретеді. Осы үшін ол бірде барлық аңдар мен құстарды аспандағы сарайына шақыртады. Сол кезде мысық пен тышқан жаны айырылмас дос болып, аумаған апалы-сіңілі іспетті бірге тұрады. Олар Аспандағы сарайға шақыртылғандықтарына қуанып, оған бірге баруға келіседі.

Мысықтың ұйқышыл екені баршаға мәлім. Өзінің осы бір осал жерін білетін мысық тышқанмен алдын ала уағдаласады.

— Сіңілім-ау, менің ұйқышыл екенімді білесің ғой, — дейді мысық сыпайы ғана. — Ертең сарайға барар сәтте мені оятарсың.

Тышқан алақанымен төсін ұрып:

— Міндетті түрде оятамын! Қаннен қаперсіз ұйықтай бер! — дейді.

— Рахмет! — деп мысық мұртын сыйпалап, қаннен қаперсіз ұйықтап қалады.

Келесі күні таңертең тышқан алакөбеден оянып, ерте тұрды. Мысықты ояту ойына да келмейді. Жалғыз өзі тамақтанып, Аспандағы сарайға аттанады.

Ал енді терең иірімде жатқан айдаһар жайында әңгімелейік. Ол да сарайға шақыртылады.

— “Өзге-өзге болсын, мені міндетті түрде байқайды”, — деп топшылайды айдаһар. Онысы да рас. Тұлғасы да жауынгердің тұлғасындай тіп-тік: үстіндегі қабыршағы да жарқ-жүрқ етеді, танауының астындағы мұрты едірейе түседі. Оның тек бір ғана кемтарлығы — жалтырбас, төбесіне қылтанақ та өспейді. “Шіркін, маған мүйіз бітсе, онда әдемілік жөнінен маған ешкім де тең келмес еді!” Айдаһар осындай ойға кетіп, біреуден бір аптаға мүйіз сұрауға бекінеді. Ол судан басын көтерген кезде жағада тұрған өтешті көреді. Кеудесі шодырайып, жағада қазандай басады. Сол кезде өтештің дағарадай-мүйіздері болады. Айдаһар қуанып, жағалауға жүзіп барады да:

— Өтеш ағай, әй өтеш ағай, маған мүйізінді бере тұршы, мен ертең Аспан сарайына барушы едім, — депті өтешке.

— Бауырым айдаһар! — деп жауап қайтарады өтеш. — Кешір мені, ертең Аспан сарайына өзім де барушы едім.

— Өтеш ағай, саған мынадай дағарадай мүйіздер жараспайды, сенің басың өте кішкентай, оданда мүйіздерінді маған бергенің артық. Қарашы! Олар маған дәл келеді.

Осы кезде жырадан қырықаяқ жорғалап шыға келеді. Ал оның тұмсығын сұқпас жерге сұғатын әдеті. Айдаһардың сөзін естіген қырықаяқ.

— Өтеш ағай, уа өтеш ағай! Айдаһар бауырға бір жолға мүйіздерінді берсеңші. Ал егер күдіктенсең, мен-ақ жауабын берейін. Не істейсің, бересің бе? — дейді.

Өтеш келіседі. Өйткені қырықаяқ айдаһар үшін жауап беретін болды. Ал өтеш мүйізсіз де әдемі көрінеді.

Келесі күні аңдар мен құстардың бәрі де Аспан сарайына келеді. Олар соншалық көп жиналады. Олардың алдына Нефрит тәңірі шығып:

— Қазірден бастап хайуанаттар мен құстар арқылы жыл санауды жүргіземіз. Ал қайсылары бойынша — оларды өздерің атаңдар, — дейді.

Сөйтіп аңдар өгіздің, жылқының, қойдың, иттің, доңыздың, қоянның, жолбарыстың, айдаһардың, жыланның, маймылдың, өтеш пен тышқанның аттарын атайды.

Сонда аңдар бұларды неліктен іріктеп атады — ешкім де білмейді.

Неліктен үйрек аталмай, өтеш аталды? Неліктен арыстан аталмай, жолбарыс аталды?

Сонымен барлығы он екі хайуанат іріктеледі. Іріктеуі іріктелді. Ал енді оларды қандай тәртіппен орналастыру керек? Міне осы сауалдардың түйінін шешу кезінде дау-дамай өрши түседі.

— Біздің арамыздағы ең үлкені өгіз, сол бірінші болсын, — дейді Нефрит тәңірісі.

Бәрі де келіседі, тіпті жолбарыс та келіседі. Бірақ сол сәтте титықандай тышқан табанын көтеріп:

— Мен өгізден кішкенемін бе? Олай болса мені көргендердің бәрі де: “Па-па!...Недеген дәу тышқансың?!” — деп даурығысады. Маған ешкім ешқашанда: “Па-па! Недеген дәу өгіз!” — деген емес. Демек, адамдар мені өгізден үлкен деп есептейді, — дейді.

Нефрит тәңірісі қайран қалады:

— Сен, шын айтып тұрсың ба? Мен сеніңкіремеймін! Сол сәтте маймыл мен жылқы жарыса айқайлап, тышқанның алдап тұрғанын айтады. Әйтседе тышқан дым сезбегенсіп:

— Сенесің бе? Ендеше тексерейін!

Әтеш, қой, ит пен қоян келіседі.

— Ендеше тексерейін дейді, — дейді Нефрит тәңірісі.

Хайуандар адамдарға аттанады.

Сонымен сендер не ойлайсыңдар? Тышқан айтқандарының бәрі де дәл келіпті.

Адамдардың қасынан өгіз өте бергенде бәрі де жапатармағай: — “Қандай жақсы, қандай толық!” — десіпті. “Қандай зор!” — деп ешкім де айтпапты. Ал айлакер тышқан сол сәтте өгіздің жауырына шығады да, артқы екі аяғынан тік тұрады. Оны көрген адамдар:

— Па, шіркін. Тышқан недеген орасан зор! — деп айқаласады.

Мұны Нефрит тәңірісі өз құлағымен естиді де, қабағын тыржытып:

— Жарайды! Егер адамдар тышқан өгізден зор десе, онда өгіз тышқанға бірінші орынды берсін. Ал өзі екінші орында болсын, — дейді.

Осы шешімге бәрі тіреледі. Міне осыдан бастап күні бүгінге дейін тышқан жыл басы болады, ал одан соң өгіз жылы келеді.

Тышқан қуанышы қойнына сыймай үйіне оралады, аңдардың арасында бірінші болғанына мақтанып, мардымси түседі. Ал мысық болса көзін енді ғана уқалап, тышқанды көреді де:

— Сіңілім-ау, неге үндемейсің? Бүгін біз сарайға бармайтын болдық па? — деп сұрайды.

— Сен әлі ұйықтап жатыр ма едің? Мен сарайға барып келдім. Жыл санауды бастаушы он екі аңды іріктеп алды, олардың арасында мен бірінші болдым!

Аң-таң болған мысық көзін ақырайтып:

— Мені неге оятпадың? — деп сұрайды.

— Ұмытып кетіппін! — дейді тышқан түк білмегенсіп.

Ызаланған мысық мұртын едірейтіп:

— Оңбаған неме! Мен саған сеніп, қаннен қаперсіз ұйықтай бердім! Сен мені оятамын деп уәде бергенін қайда? Білемін! Маған қастандық жасағың келген екен. Тұра тұр, бәлем! Сорыңды қайнатамын әлі! — деп зекиді.

Тышқан кінәсін мойындамастан:

— Несіне текке айқайлайды! Оятпадым — демек оятқым келмеді. Бұл менің шаруам. Мен сенің қызметшің емеспін! — дейді.

Мысық соншалық ызаланады: демін ішіне тартып, тістерін ақсита тышқанға бас салады да, тамағынан сығып жібереді — тышқанның шақ етіп, артқы аяқтарын қыбыр еткізуге ғана мұршасы келеді.

Сөйтіп мысық пен тышқан өмірбақи жауығып өтеді.

Ал енді әтеш жөнінде әңгімелейміз. Ол ұнжырқасы түсіп, көңілсіз үйіне оралады: “Нефрит тәңірісі басында менің мүйіздерім болған соң айдаһарды менің алдыма қойды”, — деп толғанады. Сөйтіп әтеш айдаһардан дереу өз мүйіздерін қайтарып алмақшы болды.

Ол иірімге барып, айдаһардың суда көңілді ойнақшып жатқанын көреді. Сонда әтеш айдаһарға:

— Бауырым айдаһар! Менің мүйіздерімді өзіме қайтаршы, тәңір тілеуінді берсін! — депті сыпайы ғана.

Айдаһар қайран қалады да, қаһарланбай ізетпен:

— Ә, бұл сенсің бе, әтеш ағай? Саған мүйіздердің не керегі бар? Шынын айтқанда, сен оларсыз әлдеқайда әдемісің? Ал маған сенің мүйіздерің дәл келіп тұр, — дейді.

— Ол саған дәл келіп тұр ма, әлде келмей тұр ма — онда менің шаруам жоқ, — деп көңілсіздеу жауап қатады әтеш. — Алдың ба — кері қайтару керек.

Айдаһар жауап қатпайды. Сәл ойланып әтешке құрметпен тағзым етеді де:

— Сен оны іздемей-ақ қой, әтеш ағай! Уақыт кешкірді, демалатын шақ келді. Бұл жайында екеуміз келесі жолы сөйлесерміз, — дейді.

Әтеш аузын ашқанша айдаһар су түбіне ғайып болады. Зығырданы қайнаған әтеш қанатын қағынып:

— Бауырым айдаһар, мүйіздерімді бер! — деп бар дауысымен айқайлайды.

Бірақ айдаһар сол сәтте терең иірім түбінде ұйықтап жатып, ештеңе естімейді.

Әтеш ұзақ шақырады, дауысы қарлығып, әбден әлі кұрйды. Қылар шарасы жоқ. Сөйтіп ол қырықаяқты іздемекші болады. Өйткені ол айдаһар үшін жауап беремін деген-ді.

Әтеш тас үстінде отырған қырқаяқты тауып алады да, болған жайдың бәрін рет-ретімен баяндайды:

— Қырықаяқ ханым, сіз айдаһар үшін жауап беремін деп ара түстіңіз, мына істі аяқсыз тастауға тиіс емессіз, — дейді.

Қырықаяқ басын көтеріп, үндемейді, ақыр соңында:

— Айдаһар туысқан мүйіздеріңді қайтарып береді. Ал егер қайтарып бермесе — солай болады да! Өзің ойласаңшы! Мен иірімнің түбінен оны таба алмаймын ғой! — дейді ақырын ғана.

Қаны қайнаған әтеш қызарып кетеді.

— Сен қайдағы арашасысың! Олай болғанда түмсығыңды сүкпас жерге сүкпауың керек еді. Мен пәлеге душар болсам, саған бәрібір!

— Әтеш ағай, маған пәле жаппаңыз, — деп ақтала бастайды қырықаяқ. — Мен әншейін тек оны қолдадым. Оған мүйізінді өзін бердің ғой. Айдаһар туысқанға сенуге болмайды деп кім ойлар? Егер мен мұны бұрын білсем оны қолдамаған болар едім.

— Енді не істеу керек? — деп сұрайды әтеш райынан қайтып.

— Не істеу керектігін мен саған айттым ғой. Егер айдаһар мүйіздеріңді бермей кетсе, онда өзіңнің опық жегеніңді мойында. Берместен бұрын жақсылап ойлану керек еді.

— Сеніңше, мен өзім кінәлімін бе? — Әтеш көздерін адырайтып, кеудесін шодырайта қырықаяққа тұра ұмтылады.

— Озің кінәлісің, жақсылап ойланып алуың керек еді, — деп кұр сүлдері қалған қырықаяқ діттей береді.

Бұрынғысынан да қызара түскен әтеш мойнын созып, қырықаяқтың басынан шоқиды да, бір-екі қылғып, оны тірлей жұтып жібереді.

Содан бері әтеш әр жаз шыққан сайын қорада көрінген қырқаяқтың қылғып жұтатын болыпты. Ал таңертең алакөбеден:

— Лун-гәгә, цзяо хуань во! Бауырым айдаһар, мүйіздерімді өзіме бер! — деп бар дауысымен шақыратын болыпты!

*Орыс тілінен аударған
Ергали Сауқанұлы Әбілмәжінов*

ТҮЛКІ, БҰҒЫ ЖӘНЕ ҚАРҒА

Моңғол ертегісі

Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде түлкі, бұғы және қарға бірге өмір сүріпті. Күнде таңертен олар жем іздеп, жан-жаққа кетеді де, кешке таман бәрі де қайтадан бірге жиналып, бір-бірінен қай жерден олжа табуға болатындығын әңгімелеседі. Бірде түлкінің жолы болмай қалады, ол күнімен жем іздеп, ештеңе іліктіре алмайды. Әбден қарны ашқан түлкі бұғыға іші күйеді, ал бұғы қайда барса да жеп, әбден оты қанып оралады. Түлкі бұғыны өлтірмек ойға кетіп:

— Сөзге құлақ түрші, бұғы, құбыла жақта кең жайылым бар екенін білем. Шөбі шүйгін-ақ. Ертең сол жаққа бар, сен онда тойына оттайсың, — дейді оған.

Бұғы сеніп қалады да, ертеңіне жолға шығады. Келе жатады, келе жатады, сөйтіп ол қара бидай қалың өскен алқапқа кезігеді. Бірақ көңілдегі ойын жүзеге асыра алмайды — ол қапқанға түсіп қалады. Кешке таман түлкі мен қарға үйге оралады, ал бұғы сол бетімен келмей қояды. Қарға алаңдап:

— Біздің бұғы қайда жайылып жүр екен? — деп түлкіден сұрайды.

Түлкі қарғаға жайылымды көрсетеді. Қарға қара бидай алқабына ұшып келсе қақпанға түскен бұғыны көреді. Қарға тұрып:

— Мен бұл алқаптың иесіне ұшып барып, кигіз үйінің шаңырағына қонамын да: “Арқаныңды дайында!” деп қарқылдаймын. Қария сол сәтте саған жетіп келеді. Ал сен тырп етпей жата бер. Ол өліп қалған екен деп сені қақпаннан босатып жібереді, ал өзі шылымын шегіп қасында отырады. Сонда сен атып түрекел де қалің келгенше заула, — дейді бұғыға.

Қарға қария тұратын киіз үйге ұшып келеді де: “Арқаныңды дайында, қақпаныңа бұғы түсті!” — деп қарқылдайды. Қария киіз үйден атып шығып, қара бидай алқабына қарай жүгіре жөнеледі. Тамаша бұғының өліп қалған сияқты тырп етпестен жатқанын көреді. Олжаға қария қуанып кетеді де, қақпанын ашады, содан соң бетінің терін сүртіп шылымын шегіп отырады. Сол сәтте бұғы атып тұрып, зытып отырады. Қария бұлқан-талқан болып, қақпанын қайтадан құрады да, ашықауыздығына ызаланып, үйіне құр қол оралады.

Ал түлкі тосып отыра береді, бұғы мен қарға содан соң қайтып оралмайды. Түлкі алқапқа бармақшы болады: бәлкім бұғының ішек-қарынын жеп қайтармын деп дәмеленеді. Сөйтіп қақпанға өзі түседі.

ҚАРТ СИҚЫРШЫ

Моңғол ертегісі

Баяғы өткен заманда, дінмұсылман аманда қарт сиқыршы өмір сүріпті. Бірде оны хан шақыртады. Бұл арада айта кету керек, хан өз өмірінде басынан әсте қайғы шекпейді, сондықтан да ол жауыз болады.

Сөйтіп сиқыршы ханға келеді. Хан тұрып:

— Мен сені ғаламат сиқыршы деп естідім. Көне өнерінді көрсетші, — дейді.

— Таксыр, нені көргіңіз келеді?

— Не көрсетсең де бәрібір? — дейді шыдамсыздана хан.

— Жақсы. Шашкеге ыстық шай күй да, оны қасыма әкеп қой, өзін есік сыртына шыға түр.

Хан айтқанды екі етпейді. Есік сыртына шыққан кезде сұлу қарагер атты көреді. Ат ханға соншалық ұнайды. Ол еріе қарғыш мініп, шоқыта жөнеледі. Сол бетінде келе жатып, белгісіз бір жерге душар болады. Кенеттен ат ер-тұрманын лақтырып жіберіп, қаша жөнеледі. Ал хан айдалада жалғыз қалып қояды. Оған шалшық судан су ішіп, шегірткелермен қоректенуіне тура келеді. Қарны ашып, қалжыраған хан аяқтарын тәлтіректтей басып, далада қаңғи береді, жан-жақтың бәрін қарап, ішіп-жемдік ештеңе таппайды.


Сөйтіп жүргенде оған арық-тұрық кішкентай екі баласы бар көрі кемпір кезіге кетеді.

Кемпір ханға өзінің бүкіл дүние-мүлкін ханның жинаушылары алып кеткенін балалардың енді ішіп-жемдік ештеңесі қалмағанын әңгімелейді. Хан олармен бірге өмір сүре бастайды. Жазғытұрымғы шақта баланың біреуі ауырып қайтыс болады. Хан оған қатты қайғырады. Ол бір төмпешік тастың үстіне отырып алып, зар илеп жылайды.

Ханның осылай қанша отырғаны белгісіз, бірақ өксігін басып, жан-жағына қараған кезде балдахиннің жанындағы өзінің тағында оғырғанын, тіпті шашкедегі шайдың ыстық қалпында тұрғанын көреді.

— Ал, хан, алам қайғысын басыннан кештің бе? — деп сұрайды қарт сиқыршы. — Өзің қасірет шектірген адамдардың қалай тіршілік еткенін көрдің бе?

Сөйтіп қарт сиқыршы ғайып болады.



ДАНА БАЛА

Моңғол ертегісі

Ерте-ерте ертеде, мына жалған дүниеде шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың жеті жасар ұлы болыпты. Олардың мал-мүлік дегеннен ақсақ көк аты, үш қара ешкісі және ескі көнетоз киізі болыпты. Шал тұрмыс тауқыметін басынан кешеді, бірақ ұлы әрі епті, әрі іскер болып өседі.

Бірде қариялардың киіз үйіне түнеп шығуға бір чиновник келеді. Оның өзі қадір-қасиеті жоқ, ар-ұятсыз, төңіректегілердің бәрі өзінен зәрезат болғандай қатал адам болады. Киіз үйге ол кіріп келгенде жеті жасар бала сырмақ үстінде үлкен аяқпен қымыз ішіп отырады. Чиновник балаға қарап, қарқылдай күледі.

— Міне ғаламат аяқ! Аяқ емес нағыз науаның өзі.

Бала сап болып, келген мейманға тесірөйе қарайды.

— Дат тақсыр, осындай “науалан” су ішерліктей малың соншалық аз ба еді?

Чиновник сасқалақтап, қапелімде жауап бере алмай қалады.

Таңертен, ол жолға шығуға жиналған кезде, ешкілер түнде оның атынын айылын шайнап тастайды. Чиновник ашуланып:

— Айылдың ақысын төле, әйтпесе оңбайсын! — дейді шалға.

Данышпан әкесіне болыса кетеді.

— Тақсыр! Сенің айылыңды шайнап тастаған ешкілер. Ақысын соларға төлеттір.

Чиновник үндеместен атына қарғып мінеді де, шоқыта жөнеледі. Сол бетінде көртышқанның ініне сүрініп құлайды да, ертоқым анадай жерге ұшып кетеді. Чиновник қаһарына мініп, атты қамшысымен бшқынта ұрады.

Мұны көрген бала қарқылдай күледі.

— Ақымақ бала, саған не керек? — деп сұрайды.

— Қалай мен қарқылдап күлмеймін? Халық даналығы былай дейді: Егер кімде-кім өтірікті көп айтса, оның аты бірде көртышқанның ініне сүрінеді, ал өзі құлап түседі. Демек, сен жалақор өтірікшісің!

Сындарлы сөзге чиновник ештеңе дей алмай, атының тізгінінен ұстап, өз жөніне кете барады.

Сөйтіп данышпан бала чиновникті маскара етеді.

*Орыс тілінен аударған
Ергали Сауқанұлы Әбілмәжінов*

6-СЫНЫП

КІРІСПЕ

6-сыныпқа адамзаттың рухани ұлы мұрасының бірі — қырғыз халқының “Манас” эпосынан үзінді берілді. “Манас” — тарихи заманның таулы Азия қыратында ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан қызықты жыр, қырғыз халқының айтулы мұрасы. (Әлкей Марғұлан). Осы мұраны алғаш рет манасшылардан естіп, бір бөлімін “Көкөтайдың ертегісін” 1856 жылы жазып алған Шоқан Уәлиханов еді.

Біз “Көкөтай ертегісінен” үзінді ұсынып отырмыз. Бұл жырда халықтың өткен дәуірдегі тіршілігі, оның өзіндік ерекшелігі, көшіп-қону салты, шаруашылық тұрмысы айқын, ашық суреттелген.

Қазақтың “Қобыланды батыр”, “Алпамыс” батыр жырларындағы оқиғаларға, іс-әрекеттерге ұқсас жайлар көп кездеседі. Манас — қорқуды білмейтін ер. Сондай-ақ жырда қырғыз халқына тән ұлттық сипаттарды толық аңғаруға болады.

Бұл сынып оқушыларына ұсынылып отырған башқұрт халқының көрнекті, халық ақыны, Салауат Юлаев атындағы сыйлықтың иегері Мұстай Кәрімнің (шын аты Мұстафа Сафич Каримов, 1919 жылы туған) “Біздің үйдің көркі” әңгімесі.

Бұл әңгіме Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл елді толғандырған мәселеге арналған. Ел басына күн туған шақта көп қиындық көріп, тағдыр тәлкегіне түскен балалардың ауыр жағдайы, панасыздық, мейірімге, қамқорлыққа зәрулігі (ділгірлігі) суреттелген.

Соғыс кезіндегі башқұрт елінің алыс ауылындағы халық тұрмысы, балалардың балалық іс-әрекеті бірінші жақпен Жәміл деген баланың көргені, білгені, түсінігі арқылы суреттеледі. Осы әңгімені, 6-сыныпта оқылатын Мұхтар Мағауиннің “Бір атаның балалары” әңгімесімен салыстырып талдауды ұсынамыз.

КӨКЕТАЙДЫҢ ЕРТЕГІСІ

(“Манас” жырының Шоқан жазып алган бөлiгi)

Алтын ердiң қасы екен,
Ата жұрттың басы екен,
Күмiс ердiң қасы екен,
Түн түскен қалың көп ноғай жұртының басы екен,
Көкөтайдай хандарын,
Алдыңнан өтпек болыпты.
Сары ноғай баласы,
Жайма-Кекiл Жас-Айдар шорам,
Мөнөкердi мiне көр, шорам,
Қолың бiр қара көп ноғай, шорам,
Басынан елге кiре көр, шорам.
Үйсiндерге Әметке айт,
Әмет құлы жайсаңға айт,
Қарны салқы биiне айт,
Үлкен құрсақ байына айт,
Сары сақал, тiк мүрт,
Айыр сақал, кiшi мүрт,
Бәрiне бiрдей айта көр,
Батпан аяқ бал iшкен
Батпансыған мырзаға айт,
Аяқ-аяқ бал iшiп
Алшаңдаған мырзаға айт,
Түн түскен қалың ноғайға айт,
Көкөтай жаман болды деп,
Байдың ұлы Баймырза,
Көкөтай жаман болды деп,
Бар ноғайға, қарыға айт.
Мен байтал бие байлаттым, шорам,
Мен бал қымызды шайқаттым, шорам,
Құнан бие байлаттым, шорам
Қорлы қымыз түнеттiм¹, шорам
Қабырғасы жазық қартаңнан,
Сойысын тартып қойғанмын, шорам,
Сары жiлiк байталдан
Ту биемдi сойғанмын, шорам,
Турап нарын қойғанмын, шорам,
Бәрiн бiр жиып келе көр, шорам,

¹ Қырғызшада: *шүрiштiм* — *жинаттым*. Бұл сөзге Шоқан түсiнiк беру белгiсiн қойған.

Уа, мен керез асын¹ беремін. шорам,
Керез сөзім² айтамын, шорам,
Қалың бір қара көп ноғай, шорам,
Басынан елге кіре көр, шорам!
(Бір күндері болғанда
Сонда керез асын ішуге
Керез сөзін естуге).
Көкетайдың боз ордаға
Түн түскен қалың көп ноғай
Күңірене келіп түсті дейді.
Көкетайдың бақыл сөзі:
— Уа, күн түскен қалың көп ноғай жұртым!
Көкірегімді дерт алды,
Көңілім жаман босады.
Мен алдыңнан өтпек болғанмын, жұртым!
Уа, мен жүз тоқсан тоғыз жасадым,
Жақ сүйегім босады, жұртым,
Сонда, етті төбедей үйізіп,
Тұздығын көлдей ағызып,
Керез асын береді енді,
Керез сөзін айтады енді:
— Менің көзім өткен соң, жұртым,
Қылышпенен қырдырып,
Қымызбенен жудырып.
Шарайнамен шаптатып,
Былғарымен қаптатып,
Ақ қазанын жастатып,
Құбылаға қаратып,
Қызыл мақпал бүктетіп,
Қызыл нарға жүктетіп,
Қара мақпал бүктетіп,
Қара ноғай жүктетіп,
Алпыс ноғай қырық керуен,
Алып келіп түсе көр,
Топтан келген қатынға,
Топтап мақпал бере көр.
Керуен басы қара сарт,
Сексен серкеш майына
Қыш күйдырып ала көр.
Астыңғы жолдың үстіне,
Үстіңгі жолдың астына
Айға баққан ақ сарай,

¹ *Керез ас* — өлген кісіге арнаған атау ас (атау керез).

² *Керез сөз* — өлер алдындағы өсиет сөз.

Ақ сарайлап қоя көр,
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қоя көр,
Қобы салып қопсатып,
Жол бойына ұқсатып,
Кешенімнің басына
Тай түйені сойдырып,
Тоқымын қайыра байлатып,
Құнан да бәйге қыла көр.
Уа, жұртым, қарашы болып тұра көр.
Мұнан бөлек кебім жоқ, жұртым,
Мұнан бөлек сөзім жоқ, жұртым.
Уа, аман-есен бола көр, жұртым,
Есең-сау бола көр, жұртым!
Уа, байдың ұлы баймырза батыр,
Бері қарап құлақ сал, батыр.
Телі түкті құс салдым, батыр,
Тентекті жиып ел қылдым, батыр,
Құладан салып құс қылдым, батыр.
Құрама жиып ел қылдым, батыр.
Менің бір көзім өткен соң,
Телі құс көзін қаратпай,
Тентектердің бәрісін
Ел-еліне таратпай,
Құладан көзін қаратпай,
Құраманың бәрісін,
Ел-еліне таратпай,
Жақсы бағып ала көр, батыр,
Менің ғой көзім өткен соң, батыр,
Жаяу бір жүрген шығайға,
Шобыр бір қармап бере көр, батыр,
Жалаңаш жүрген шығайға
Шапан бір шешіп бере көр, батыр,
Қымызды судай ағызып,
Жазы-қысың болғанда, батыр,
Толып жатқан мына құраманы
Тел қозыдай жағызып¹,
Айранынды судай ағызып,
Толып жатқан тентекті
Жақсы күтіп ала көр, батыр!
Уа, менің бір көзім өткен соң, батыр,
Тауып алған Бөкмұрын батыр,
Ала күшік демендер, батыр,

¹Алғашқы жазуда “жайғызып”, Шоқан “жағызып” деп түзеткен.

Арам сідік демеңдер, батыр,
Жетім бір атын мінгізбей,
Жетім бір асын ішкізбей, батыр,
Жетім бір тонын кигізбей, батыр,
Әрі болса үш жылда,
Бері болса екі жылда,
Бір-екі жыл өткен соң
Ербиіп адам боларда,
Ер-жай тартып ер болар,
Ер ұлымен тең болар, батыр,
Уа, сонда қалы бір кілем сала көр.
Менің ғой көзім өткен соң,
Орныма менің сол ұлды,
Хан көтеріп ала көр, батыр!
Байдың ұлы Баймырза, батыр,
Бері карап құлақ сал, батыр!
Уа, менің қырық асымды берерде¹, батыр,
Қытайлардың қыр мұрынды Қоңырбай,
Қоңырбай аты Үңүрбай²
Соған бір жетіп бара көр,
Уа, жұртым, менің қырқымнан,
Кұтылып сонда қала көр.
Уа, байдың ұлы Баймырза,
Менің ұлы асымды³ берерде, батыр
Уа, мынау Әнжиянда тойынған,
Шики бір нанға семірген,
Әнжиянның тоң алмасын кемірген,
Он екісінде оқ атқан,
Он үшінә жеткенде
Орда бұзып, үй шапқан,
Уа, мына Жақып ұлы жас Манас,
Жаңа ауызданған Ер Манас,
Үңгір жерде үй шапқан,
Жылға бір жерде жылқы алған,
Қабағы биік, өңі саз⁴
Еңсегей бойлы Ер Манас,
Қаны бір қара, беті көк,
Бауры шұбар, сырты көк,
Жоталы жөн, сұрғылт бет,

¹ Қырық ас – “қырқы”, өлген адамға қырық күн өткен соң беретін ас.

² Үңірейген (қырғызша “оңурайған”) сөзінен – адам қорқатын, адамның зоресін ұшыратын, қорқау, қорқап.

³ Ұлы ас – өлген кісіге жылы өткен соң беретін ас.

⁴ “Өңі саздың” үстінен Шоқан “холодный” деп түсінік берген.

Батыр Манас, сұрасаң,
Көкжал бір сырттан бөрі еді,
Сол ер Манасқа бара көр,
Қарызымнан бір құтылып қала көр!
Уа, сонда мұсылман мен көуірді
Бәрін бірдей жия көр,
Солай етіп қарызымнан
Бір құтылып қала көр.

Көкетайдай ханыңыз
Екі бір көзі сүзілді.
Мәңгіні көздеп үзілді.
Ау, түн түскен қалың көп ноғай,
Күңіреніп жылап өкірді,
Өріктің басын жапырды,
Ақырғаннан бақырды,
Алманың басын жапырды.
Жоқтауын айтып зарлады,
Сыйын тартып барлады.
Қылышпенен қырдырды,
Қымызбенен жудырды¹,
Шарайнамен шаптаты,
Былғарымен қаптаты,
Ақ қазаның жастатты,
Қызыл мақпал бүктетті,
Қара нарға жүктетті.
Елді тоят қылыпты,
Топтап келген қатынға,
Жыртысты қаба беріпті,
Айтқанындай қылыпты.
Алпыс ноғай қырық керуен
Алып келіп түсіпті.
Сексен серкеш майына
Қыш құйдырып алыпты.
Астыңғы жолдың үстіне.
Үстіңгі жолдың астына,
Айға баққан ақ сарай
Ақ сарайлар қойыпты,
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қойыпты.

¹“*Жудырды*”-дан кейін қайталап айтатын шумақты көп нүкте “и прочее .” деп қысқартып өткен. Шоқанның емеуріні бойынша ол шумақ мұнда қосылып жазылды.

Ылдап құйған ыл бейіт¹
Сырлап құйған сыр бейіт,
Қобылатып, қопсатып,
Жол бойына ұқсатып,
Айға баққан ақ сарай
Ақ сарайлап қойды дейді.
Күнде баққан көк сарай
Көк сарайлап қойды дейді².
Әрі болса алты мың,
Бері болса алты мың,
Бері болса алты мың,
Бері болса бес мыңдай,
Ала шабырт жазбенен
Шапқан екен құнанды,
Құнан келіп тұрған-ды
Қоңыр салқын күзбенен.
Жемдеген екен жеті қоржын дәнменен,
Тауда туып, таста өскен,
Текеменен бірге өскен,
Құмда туып шөлде өскен,
Құланменен бірге өскен,
Темір тұяқ, жез білек
Тер шықпайтын ырғай мойын көк ала
Шығып бір келді даңменен.
Қамбар бір Қамбар, Қамбар хан,
Қамбар бір ханнан Айдар хан,
Айдар ханның баласы
Елестен туған Ер Көкше
Көкаладай беренді
Қарсы алады даңменен,
Боталы түйе нарменен,
Балалы ноғай күйменен,
Манаттан жапқан үйменен,
Текшенің темір тұяқ, жез білек
Көк аладай беренді
Жетелеп алып кетеді.
Шыратшыны³ жайлайды,
Жыпырлатып бие байлайды,
Ибраншыны жайлайды
Мәнекердей күлікті
Кермеге үзбей байлайды.

¹ *Ыл, ылдап* – өдемі, өшекейлеп.

² Бұл шумақ Шоқанның өз қолымен толтырылған.

³ *Шыратшы* – шүйгін тау бөктері, шүйгін беткей.

Байдың ұлы Баймырза,
Қымызын удай ағызды,
Толып жатқан құраманы
Тел қозыдай жағызды,
Қытайлардың қыр мұрынды Қоңырбай,
Көтеріле қалың көп ноғай
Ырғала көшіп барады,
Алабас жорға шұбар ат
Айдап бір тарту қылады,
Сонда қырқы асының қарызынан
Бір құтылып қалады.
Жер ортасы Бозтөбе
Көтеріле қалың көп ноғай
Тола бір жиын қылды дейді.
Қарны салқы билерді,
Үлкен құрсақ байларды
Шақырып кеңес қылды дейді.
Байдың ұлы Баймырза,
Кеңесе алмай тұрды дейді.
Бір күндері болғанда
Алты жасар Боқмұрын
Ат жалын тартып мініпті.
Жеті жасар Боқмұрын,
Хат та танып біліпті.
Қасы алтын ақ қаңқа ер
Мәнекерге салыпты.
Болбық туған Боқмұрын
Мәнекерге мінді дейді.
Қалың бір қара көп ноғай
Ішіне кіріп барды дейді,
— Уа, байдың ұлы Баймырза әке,
Немене кеңес бар еді, әке,
Қайда көшпек боласың, әке?!
Сенің бармағыңның басы алтын, әке,
Еріңнің қасы алтын, әке,
Құйысқаның құйма алтын,
Жүгендерің шын алтын, әке!
Ерні балпық боз айғыр,
Боз айғырым мінгізбен, әке,
Әкемнің асын білгізбен, әке,
Көк айғырым мінгізбен,
Көкетай асын білгізбен, әке,
Әнжиянда семірген,
Әнжиянның тоң алмасын кемірген,
Шикі нанға семірген,

Самарқанда сарт Манас,
Сары құлақ ит Манас,
Көшсең өзің көшіп бар,
Мен елімді көшірмен!
Мен жұртымды көшірмен!
Ертеңмен ара көшемін
Салдыратпай уық шештіріп,
Саңқылдатпай бүркіт алдырып,
Маңыратпай қозы салдырып,
Бақытпай түйе қомдатып,
Жылатпай бала бөлетін,
Көп ноғай жұртын көшіріп,
Жаққан отын өшіріп,
Жаяу жүрген шығайға
Шобыр қармап беремін.
Жалаңаш жүрген шығайға,
Шапан шешіп беремін.
Қозы басы Қопада
Қойдың жүнін аламын,
Үлкен Ақтас барамын,
Үй жаптырып аламын,
Үдере одан көшемін,
Тиектастан өтемін,
Жалаңаштың бойына,
Жылқы салып кетемін,
Өзен суын сағалап,
Кең Ілені жағалап,
Кең Іленің бойына
Егінші болып кетемін.
Үдере одан көшемін,
Кеңқалқаннан өтемін,
Кемеменен кешемін
Ақтеріскен асамын.
Аттың ерін алдырмай,
Ат шалдырып аламын.
Түрген,
Ақсу асамын.
Түйенің қомын алдырмай,
Түйе шалдырып аламын.
Қайнатпатұзға барамын,
Алпыс атан қомдатып,
Тұз арттырып аламын.
Ботаның сазын бойлаған,
Күнде құмар ойнаған

Казандай қара бөркі бар,
Қан шыққанның бәрін де
Сорамын деген еркі бар,
Кәуірдің ханы Ер Жолай
Ер Жолайға барамын,
Жанаса келіп қонамын,
Жан туғандай боламын,
Бірге отырып қонамын,
Бір туғандай боламын.
Кәуірдің ханы Жолайға
Алабас жорға шұбар ат
Айдап тарту қыламын.
Алтынды күрме¹ икемін
Айтулы төре боламын.
Көзотаға² тағынып,
Көріне төре боламын.
Алтай толған көп қалмақ,
Араласа қонамын,
Қаңғай³ толған көп қалмақ
Іргелесе қонамын,
Жақсыға пара беремін –
Күлік атым қоймаймын⁴,
Жаманға пара беремін –
Көйлек-тоным қоймаймын,
Үдере онан көшемін,
Өзен суды жағалап,
Ақбоз атым тағалап,
Қыл Ертісті жағалап,
Күндеп-түндеп көшемін,
Қыл Ертістің басында
Бестеректен асамын,
Жорғаның⁵ суын кешемін,
Ханның тауын⁶ асамын,
Молдаторғай басамын,
Қыл Ертістің үстіне,
Бурыл таудың⁷ астына

¹ *Күрме* – сырт киім (тон).

² *Көзотаға* – бас киімге қадайтын мерует бүршағы, Шоқанда – “коралловой шарик”.

³ *Қаңғай* – Саян тауы.

⁴ *Қоймаймын* – сыйға тартамын.

⁵ *Жорға* – күнбатыс Алтай тауынан ағып, Ертіске құятын өзен.

⁶ *Хан тауы* – Шыңғыстауының бір аты.

⁷ Дұрысы “бурыл тоғай” болу керек.

Барып онда қонамын.
Алты күні болғанша
Ат сергітіп аламын.
Жеті күні болғанша
Ел сергітіп аламын.
Уа, сонан соң тоқсан атан қомдатып,
Күріш арттырып аламын,
Тоқсан жорға тағалап,
Түпкі ханға⁸ кіремін,
Сонда Көкөтайдың асын беремін!
Дөдегесі биік боз үйді
Төскейге жағалай тігемін,
Соны тек асқа тігемін.
Көкөтайдың көп малын
Кемекенің¹ басында
Топтап келіп қырамын,
Санатын алып тұрамын,
Аузы-басы бияздай
Қожаға айтқан нияздай,
Сақалы жоқ, мұрты жоқ,
Алты мың жігіт жиямын.
Қолына Әнжиян пышақ қарматып
Тураушыға қоямын.
Бармағы жауыр болад деп,
Бармағын шарайнамен шаптатып
Былғарымен қаптатып,
Тураушы сусап кетет деп,
Қара шайды қайнатып
“Қазан мұнан” қыламын.
Сөйтіп Көкөтайдың асын беремін.
Көкөтайдың орнына
Болбық туған Бокмұрын
Көтеріле қалың көп ноғай,
Хан көтеріп алды дейді,
Жаяу жүрген шығайға,
Шобыр қармап берді дейді.
Жалаңаш жүрген шығайға
Шапан шешіп берді дейді.
Қыл Ертістің басына
Үдере көшіп барды дейді,
Болбық туған Бокмұрын

⁸ *Түпкі хан* – Енисей бойындағы тарихи дәуірдегі қырғыз хандығы.
¹ *Кемеке* – жер ошақ

Түн басқан кара көп ноғай
Аралап келіп жүрді дейді.
— Алыпқа барар кісі кім?
Атқа барар кісі кім?
Жайма-Кекіл Жас-Айдар,
Өзі епті құл еді,
Өзі сыпты құл еді,
Сары ноғай баласы
Жайма-Кекіл Жас-Айдар,
Есігіне келді дейді.
— Ау, үйде болсаң, үн берші, шорам,
Үн ышқынбай тез берші, шорам,
Жайма-Кекіл Жас-Айдар шорам!
Көкетай асын беремін,
Көкетайдың көп малын,
Топтап-топтап қырамын,
Санатын алмай тұрғанмын,
Сан сауын айтып кел деймін,
Алыпты шақырып кел деймін.

* * *

Жайма-Кекіл Жас-Айдар айтады:

Болбық туған Боқмұрын төрем,
Сенің алыбыңа бармаймын,
Атыңа да бармаймын,
Алыптан өліп қалмаймын,
Кеше ауыл қондық аралас,
Қойды салдық қоралас,
Астық қойдық ұралас,
Түйе салдық жатындас,
Жылқы салдық өрістес.

Мәнекерді берсең мінейін,
Үстіндегі ақ көбе,
Ақ көбені берсең киейін,
Содан көп алып қабарайын.
Мәнекерді мінді дейді,
Ақ көбе тонды киді дейді.

Және Боқмұрын айтады:

Жайма-Кекіл жас-Айдар шорам,
Астындағы мәнекер
Өнерін еш көрмедім¹

¹ Шоқанның өз қолымен жазылған жолдар.

Еш те бір сырын алмадым, шорам,
Белес-белес жер келсе,
Орғып аттап кетуші ед,
Сауырынан түсіп қалмағын.
Ылди-ылди жер келсе,
Еңкейе аттап кетуші ед,
Мойнынан түсіп қалмағын!
Еш өнерін алмадым,
Ешбір сырын білмедім, шорам,
Мәнекер жайын сұрасаң,
Кеше Балғары суы басқанда,
Кеше Талғар суы тасқанда,
Кең Меженің суы,
Қалыбынан асқанда,
Өңге аттардың бәрісі,
Кемеге түсіп жатқанда,
Бүт көтермей тез кештім,
Мәнекер жайын сұрасаң,
Кеше Самарқанды керей шапқанда,
Саң¹ кісідей бір шыққан
Сан атта жоқ мәнекер,
Кеше Көрқұл керей шапқанда,
Көп кісіден бір шыққан,
Ересен² туған мәнекер
Кеше Түркістанды керей шапқанда,
Тұман қолдан³ бір шыққан.
Астындағы мәнекер
Еш өнерін көрмедім,
Онан бөлек ешбір сырын алмадым.
Тағы шорам,
Атыңның басын бұра тұр, шорам,
Тағы арыз сөз айтам, тұра тұр, шорам,
Ат белгісін айтайын,
Мал түгіндеі кәуірдің,
Ішінде біз отырмыз,
Жақын жерден оларды
Шақырып та алармыз.
Тағы:
Мұнан әрі сен барсаң:
Ұлы да тауды жайлаған.

¹ Саң — жайсаң, ығай-сығай.

² Қырғызшасы *көресан* (*көросән*), Шоқан оның үстінен “красивая лошадь” деген, кейінгі аудармасында “красивейший манекер”.

³ *Тұман қолдан* — түмен (мыңдаған) қолдан.

Алтын көзді Мадиян¹
Басынан үзбей байлаған.
Ел ағасы Ер Қосай,
Ат тағасы Ер Қосай!
Бекіп қалған Бейшінің²
Бетін ашқан Ер Қосай,
Тұрып қалған Туранның
Жолын ашқан Ер Қосай,
Байланып қалған базардың,
Бағын ашқан Ер Қосай,
Кеше Жәңгір ұлы Белерек
Кәуірдің ханы Месқара,
Қармап чамға³ салғанда
Мұсылманнан кісі шықпай қалғанда,
Ел ағасы Ер Қосай
Ерлігімен қорқытып,
Босатып оны шыққан-ды,
Сол Ер Қосайға барып айт:
Аты келсін асыма,
Өзі келсін қасыма,
Аты тағы келмесе,
Өзі тағы келмесе,
Тарынбасын өзіме,
Көрінбесін көзіме,
Көкстайдың айшығы алтын қызыл ту,
Ордасында көрінсін!
Қызыл теңге пұл жүктетіп,
Арға алмай келмесем,
Қызыл күйрек, нар алып,
Тіркей алмай келмесем.
Қара теңге жүктетіп⁴,
Қайыра алмай келмесем,
Төгіліп тұрған гүлбағын
Көміп тастап кетпесем,
Түп-түбіне жетпесем,
Түбіршігін қазбасам,
Қой қайтарған танасын,
Бесіктегі баласын,

¹ *Алтын көзді Мадиян* – Шоқанның аудармасында “золотоголовый Мадьян”.

² Бұл сөз “бейшін” деп жаңылыс жазылған Шоқан оны “бейш” деп оқып, “бекініп қалған Бейшіннің бетін ашқан Ер Қосай” деген жолды: “Он открыл запретные двери в рае” деп жаңсақ аударған.

³ *Чам* – зындан.

⁴ Шоқанда: “черные (полное) везы добычи”

Қатынын олжа қылмасам,
Қалауға бермес күлігін,
Өрістен ұстап алмасам,
Сұратып бермес сұлуын,
Аш білектен алмасам,
Ат артына салмасам,
Менің Боқмұрын атым құрысын!
Онан әрі сен барсаң,
Екі де тізгін тең барсаң.
Кіші де тауды¹ жайлаған,
Қиыду² кара күлігін
Басынан үзбей байлаған,
Тоғайда бұлбұл сайраған,
Өшірген көмір жүндеген,
Қиыду кара аты бар,
Жарлы жүріп байыған,
Жалғыз жүріп көбейген,
Байталдыға бой бермес,
Жағы барды сөйлетпес.
Ақтар – Таздың³ баласы.
Аты Мөңке төресі
Ер Үрбіге барып айт,
Қиыду кара күлігін
Алып келсін жарысқа,
Аты келсін асыма,
Өзі келсін қасыма.
Өзі тағы келмесе,
Аты және келмесе,
Кокетайдың айшығы алтын қызыл ту,
Ордасында көрінсін!
Теңде тұрған мүлігін
Тарта алмай келмесе,
Төгіліп тұрған гүл бағын,
Көміп тастап кетпесе,
Түп-түбіне жетпесе,
Түбіршігін қазбасам,
Менің Боқмұрын атым құрысын!
Оны ондай қорқыт сен,

¹ *Кіштау* — Ұлытаумен қатар тұрған, бүгінгі Жезқазған ауданындағы белгілі таудың аты

² *Қиыду* — адамша сөйлейтін ғажайып тұлпар ат. Шоқан “адам тлдес, вещьй (конь)” деп түсінік берген.

³ *Ақтаз* (найман) — бүгінге дейін Кіштауды қоныстайтын қазақ тайпасы.

Ыссық көлдей толқыт сен!
Онан әрі сен барсаң,
Екі тізгін тең барсаң,
Қамбар да Қамбар, Қамбар хан,
Қамбар ханнан айдар хан,
Айдар ханның баласы
Елестеген туған Ер Көкше,
Ер Көкшеге барып айт:
Тауда туып, таста¹ өскен
Аты және келмесе,
Текеменен бірге өскен,
Құмда туып, шөлде өскен,
Құланменен бірге өскен
Темір тұяқ, жез білек,
Ырғай мойын көк ала,
Алып келсін шабысқа,
Келсе бәйге алсын де,
Келіп тамаша көрсін де,
Аты келсін қасыма,
Оны да ондай қорқыт сен,
Ыссық көлдей толқыт сен!
Онан әрі сен барсаң,
Екі тізгін тең барсаң.
Ағыс бенен Қожасқа айт,
Әлеке мен Баубекке айт,
Бекіш пене Шекішке² айт
Алтын күлік, кер күлік,
Екі бірдей ер күлік,
Сайқал менен Болатқа айт.
Енді соған айта көр,

Сонда Жас-Айдардың жылап айтқаны:

— Ай, батыр, төрем, падишам,
Берен едің, өткерші,
Теңіз едің, кешіріші,
Дария едің, кешіріші.
Асу едің, асыршы,
Жаңғырықты қиядан,

¹ Жаңылыс жазылған сөзді (“саста”) Шоқан өз қолымен “таста өскен” деп түзеткен.

² Бұлардың барлығы қазақ руларының аттары. Қожас — найман, өзгесі арғын ішінен тарайды.

Жалғыз едім ұядан,
Мені өлтіріп не етесің,
Не мұратқа жетесің,
Қинамашы санымды,
Қимашы қалша қызыл жанымды,
Өлтіре қалсаң өзімді,
Обалым тиер көзіне,
Бір ұядан тақ едім,
Жұмыртқадан ақ едім!
Сонда батыр туған Ер Манас,
Басын көтеріп алды дейді.
Қырағы көзін қылитып,
Қыл мұртын ширатып:
— Ала байрақ, қу найза,
Жаудыраған қырық шора,
Кеше Орыс ханның он ұлы,
Олжаға зорлық қылғанда,
Жалғыздық басқа келгенде,
Жалғыздың өлтіре көрме өздерін,
Өшіре көрме оттарын.
Сонда ала байрақ, қу найза,
Жағасын көтеріп қоя берді дейді.

Және Жас-Айдар айтады:

— Айналайын атыңнан,
Еш кетпейін қасыңнан,
Айналайын, ай төрем,
Алтын сақал күн төрем,
Көшкенде қойынды айдайын,
Еруде биенді байлайын,
Отыныңмен кірейін,
Күліңменен шығайын,
Жан қазаның асайын,
Жан нөкерің болайын,
Алысқа сапар барғанда,
Атқосшың сенің болайын.
Ер Манастай батырға,
Жалынып тұрған кебі сол¹

¹Шөканның қолымен қосылып жазылған жол.

Сонда Манас сөйлейді:

– Атаңның көрү Жайма-Кекіл
Жас-Айдар күл-ай,
Ала күшік, арам сідік,
Бокмұрын білер кебимді,
Көкөтайдың осы асын,
Сасық айран көк іркіт
Байдың ұлы Баймырза,
Айтса білер сөзімді,
Бұл күлдың айтып тұрған сөзін көр,
Сөйлеп тұрған кебін көр.
Атты өзіме байлатпай,
Күнді өзіме жайлатпай,
Ала байрақ, қу найза,
Жаудыраған қырық шорам,
Қалқаманның қара атын,
Құйрығынан ұстап алып кел.
Еламаннның екі атын,
Елінен ұстап алып кел.
Ақ шатырды бүктендер,
Ақ сарғылға жүктендер,
Күмістен тіккен көк шатыр,
Көк шатырды бүктендер.
Көк сарғылға жүктендер.
Тұлпарға қосты тартыңдар,
Бокмұрын көздеп жортыңдар,
Оның арқа құлағын жұлайын,
Аралата шабайын,
Оның түп-түбіне жетейін,
Түбіршігін қазайын.
Қоқилатып ер сайып¹,
Қосағымен қыз алып,
Бір құмардан шығайын.
Осыны мен қылмасам,
Менің Манас атым құрысын!

*Қырғызшадан аударған
Әлкей Марғұлан*

¹*Сайып* – найзамен шаншып

МУСТАЙ КӘРІМ

*Башқұрт халқының халық ақыны,
Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты*

“БІЗДІҢ ҮЙДІҢ КӨРКІ”

Мамам қайда кетті?

Сендердің де барлық жақсы адамдарға қалай да болмасын айтайын деген сырларың бар ма? Сірә, бар шығар-ау! Менде де бар. Қазір бәрін айтып беремін.

Бұл уақиға біздің үйде соғыс кезінде болды. Папам ол кезде ауылдың барлық басқа жігіттерімен бірге майданда еді, ал мамам колхозда жұмыс істейтін.

Қыс айларының бір күні мамам колхоз бастығы Жақып ағайдан жеңіл шана сұрап алды да, ат жегіп, Теміртау аулынан қонаққа әжемді алып келді. Әжем қонып шыққан күннің ертесіне мамам жолға жинала бастады. Алысқа бармайтын адам сухарь кептірмейді ғой, ал, мамам болса, бір қапшық сухарь дайындап және түрлі дәмді шелпектер пісірді. Содан кейін әлде бір нәрселерді буып-түйе бастады. Бекерден бекерге адам былайша буынып-түйінбейді ғой!

Мамам бір жаққа жүреді деп, ешкім ешнәрсе айтпаса да, іштей сезіп көңілім жабырқай бастады.

– Түр, Жәміл, түр, – деді әжем мені таңазанмен оятып, маманның қандай дәмді шелпектер пісіріп қойғанын қарашы.

Стол үстінде дәмді тамақ болса, мен ешкімді жалындырып, көп күттіріп жатпайтынмын.

Мен тез жуынып, столға келіп өз орныма отырдым. Үлкен самауырдың буы бүркырап түр.

Әжем шай құя бастады. Мамам біразға дейін пештің жанында күйбеңдеп жүрді де, жұмысын бітіріп, біздің жанымызға келіп отырды.

Дала әлі қараңғы еді, қар сәл-сәл ғана ағарандап көрінеді. Біз шайды неге мұнша ерте іштік? Сол жерде есіме бірден түйіншектер мен сухарьлы қапшық түсе кетті. Бірақ маған әлі ешкім ешнәрсе айтпайды.

Шайдан соң мені мамам қасына шақырып алды да, иығымнан ақырын ғана сипап тұрып:

– Жәмілім менің! Мен алыс қалаға кетіп бара жатырмын, сен әжеңнің тілін алып жүр, жарай ма? – деді.

– Жарайды, – дедім мен басымды изеп, бірақ көзімнен жас ыршып кетті. Бәрін күні бұрын білсем де, көз жасымды ұстап тұра алмадым.

Мамам мен әжем менің жылағанымды сезбеген болып жүр. Мұны көріп мен бір-екі рет мұрнымды тарттым да, жылағанымды қойдым.

– Сақ бол, қызым, алды-артынды абайлап жүр, – деп әжем мамама ақылын айтып жатыр. “Жол азабы – жан азабы” деген ғой.

Мамам үндемеді. Лулі тұрған ішігін, жылы ақ шәлісін алып, киіне бастады. Әжем оған жол қапшығын берді. Бұдан соң үшеуміз де біраз үн-түнсіз отырдық. Тек әжем ғана ішінен әлденелерді айтып күбірлейді.

– Сау-саламат болыңдар! – деді ол бізбен қоштасып.

Мен мамамды аяп кеттім. Дала қараңғы, әрі суық. Қазір қыс, ал мамам болса алыс жолға аттанып барады.

Міне нәп-нәзік, кіп-кішкентай мамам тез-тез басып есікке қарай жүрді. Босағаға жеткенде артына тағы бір бұрылып жымыып “сау болыңдар” – деді де есікті ашып, қораға шықты.

Мен мамамның жүрісін естіп тұрмын. Ол адымдаған сайын қар сықыр-сықыр етеді.

Міне, қақпа да ашылып, жабылды. Енді қардың сықырлағаны көшеден естілді. Адым алыстай берді, дыбыс та еміс-еміс естіліп ақырын ғана сықыр-сықыр етеді...

Біз әжем екеуміз ғана қалып, ұзақ уақыт үнсіз отырдық. Әлден уақыттан соң әжемнен:

– Әже, “жан азабы” деген не? – деп сұрадым. Әжем күрсініп алып:

– Балам, сен ол азаптың бірін де көрмегейсің, – деді.

Батырдың қылышы қайда?

Біз енді әжем екеуміз ғана тұрамыз. Әжем жиі-жиі ойға кетіп:

– Бізге хат-хабар келмегені несі? – деп қояды.

Мамам кеткелі қанша күн өткені есімде жоқ. Бұл уақыттың ішінде бізде көптеген жаңалық болды: сиырымыз бұзаулады, ал мүйізді қара қойымыз егіз туды. Қозысының біреуі қара, екіншісі ақ. Суық күндері біз қозыларды үйге әкеліп жүрдік. Олар әлі аңқау, түкке түсінбейді. Кейде қызып тұрған темір пешке сүйкеніп бүйірін қарып алады, кейде биік сандықтың үстіне секірем деп құлап қалады. Қарындары тойып, бойлары жылынған соң, олар үй ішінде ойнақтап, асыр салады.

– Беу, қошакандар-ай, ойнақтауын қарашы, – дейді әжем.

Ол істеп отырған жұмысын қоя қойып, көздіріктің астымен қозыларға қарап, көзінің қиығымен оларды маған көрсетеді. Домалақ жүн жіп әжемнің тізесінен еденге дөңгелеп түседі. Әжем майдандағылар үшін қолғап тоқып отыр.

Мен еден үстінде, екі пиманы қатар қойып, қонышының арасына жаңқа ағаштарды қойып, көпір салып отырмын.

Әжем қайтадан тез-тез токи бастап, оқтын-оқтын маған қарап қояды да:

— Қара, бұлардың қуануын, ойнауын! Екеу болса, қозылар да көңілді. Егер сенің не інің, не қарындасың болса, қандай жақсы болар еді, — дейді.

Мен жүгіріп барып әжемнің иығына асыла тұрып:

— Фариттің інісі бар. Мараттың қарындасы бар — бәрінде де, бәрінде де бар. Тек жалғыз менің ешкімім жоқ, — деп бұртия бастадым.

— Егер сенің қарындасың болса, сен оны жақсы көрер ме едің? — деп сұрады әжем.

— Ө-ө-өте жақсы көрер едім! О-о-о! Тек қарындасым болсыншы! Оны мен қолыма алып көтеріп жүрер едім! Маратқа ұқсап еш уақытта құлатып алмас едім!

Әжем жұмсақ алақанымен басымды сипайды. Әжем тағы да бір нәрселер айтса екен деп отырмын, бірақ ол енді ләм деген жоқ.

Мен көпіріме қайтып келдім. Бірақ көпірім орнында жоқ. Қозылар көңілді, секіріп жүріп шашып тастаған өйткені олар екеу ғой. Менің енді жалғыз ойнағым келмеді. Сандыққа шығып бостан-бос отырмын. Әжем айтқан, қарындасым тірі адамдай көзіме елестейді. Оны мен тіпті анық көріп тұрмын. Алдымен ол өте кішкентай сияқты, сәлден кейін үлкейіп, Мараттың қарындасы Фағимадай болып слестеді. Фағима жирен шашты қыз. Оның қызыл көйлегінде біздің қаздың көзіне ұқсаған дөңгелек-дөңгелек суреттер бар.

Күні бойы мен тек қарындасым туралы ғана ойлаумен боламын.

Күнде кешке кроватқа жатып алып, әжемнің жұмысын бітіруін күтемін. Кейде оның жатуын күте алмай ұйықтап кетемін. Бірақ бүгін ұйықтай алар емеспін. Терезенің қақпағын жел сабалап тұр, одан бүкіл үй дірілдейді.

Осындай қарлы боранда үйде не папам, не мамам жоқ. Мүмкін олар бір жерде тонып жүрген болар. Ал қарындасым ше? Маған ол папам мен мамамның қасында жүрген сияқты.

Әжем самаурынның суын сарқып, күлін қақты. Әрқашан да ол күндік жұмысын осымен аяқтайтын. Міне, әжем шамды сөндіріп, менің жанымдағы өзінің төсегіне келіп жатты. Мен жылы көрпеден басымды шығарып, ақырын ғана:

— Әже, әжетай, ертегі айтшы! — дедім.

— Түн құсындай әлі ұйықтамап па едің, шырағым-ау!

— Бір ғана ертегі айтсаң болғаны, әжетай, онан соң ұйықтайын, — дедім мен тағы да, көрлемді қымтана түсіп.

Үйдің іші қаранғы, тып-тыныш. Тіпті далада жел де ұлығанын қойған сияқты. Әжем ертегі айта бастады. Дауысы өте бәсен маған тіпті, алыстан, жоқ алыстан емес-ау, ерте-ерте заманнан естілгендей болды.

— Баяғы ерте заманда, — деп бастады әжем, — Темірбек деген батыр болыпты. Күндердің күнінде жылан денелі, адамның басындай он екі басы бар, бір патша оның еліне шауыпты. Сол патшаның сан жетпес әскері бар екен дейді. Темірбек өзінің жігіттерімен бірге елін қорғау үшін майданға кетеді. Темірбек батырдың үйінде ай десе аузы, күн десе көзі бар Гүлнұр деген сұлу қарындасы қалыпты дейді.

Бір күні Гүлнұр өзінің құрбы қыздарымен бірге көлден су алуға барады. Кенет дауыл соғып, алай-дүлей күйін көтеріледі. Қыздар бет-бетімен қашып, қамыстың арасына барып тығылады. Дауыл басылған кезде олар қамыс арасынан көлдің жағасына шығады. Қыздар Гүлнұрды көлдің айналасынан кешке дейін іздеп таба алмайды. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар Гүлнұр сұлу содан жоғалады.

Батыр жауынгерлер он екі басты, жылан денелі патшаны қуып тастап, қуанышпен үйлеріне оралады. Темірбек те үйіне келеді. Бірақ оның қуанышы қайғыға айналады. Ол өзінің қос қанатты тұлпарынан түспей, бір сермегенде қырық шақырым жердегі жауын қырқып түсетін қылышын қынабына қайта салып, Гүлнұрды іздеп жүріп кетеді.

Батыр ай жүріп, жыл жүріп, жеті теңізден өтіп, жеті таудан асыпты дейді.

Таудың бір қойнауында Темірбекке сақал-шашы құдай бір шал кездеседі. Батыр шалдан:

— Аманбасың, ата! Бұл тауға сені қай тағдыр айдап келген? — деп сұрайды.

— Жортқанда жолын болсын! — дейді шал. — Сен жігітім, сірә, менің бұл жерге қандай тағдырмен келгенімді сұрадың-ау деймін? Сен қандай тағдырмен келсең, мен де сондай тағдырмен келгенмін.

Темірбек тұлпарынан түсіп, шалдың жанындағы тасқа келіп отырады. Сонда қария әңгімесін бастайды:

— Сен тәріздес жас шағымда менің қарындасымды да айдаһар ұрлады. Міне, содан бері мен оны көп жыл іздеп ақырында таптым. Осы таудың ар жағында алтын күмбезді темір сарай бар. Сол сарайда айдаһар тұрады. Бірақ мен қартайдым, қалжырадым, енді менде оны жеңер күш-қуат қалмады.

— Мүмкін, менің қарындасым да сол сарайда шығар. Тез аттанайық! Байқаймын, екеуміздің қайғымыз бір екен! — деді де Темірбек батыр тұлпарына қарғып мінеді.

— Сабыр қыл, жігітім, — дейді шал оған. — Мен де жас кезімде атақты батыр едім. Бірақ ол айдаһарға жақын баруға болмайды. Ол өзінің сарайына келе жатқан адамды күн бұрын көріп, локсыса қырық шақырым жерге аузынан от-жалын шашады.

Темірбек шалдың сөзін тыңдап болып, қынабындағы қылышын суырып алып сермеп кеп қалғанда, шалдың көз алдында жер мен көктің арасында бір найжағай жарқ ете түседі.

— Бұл кек қылышы, — деп, Темірбек қартқа қылышының керемет қасиетін түсіндіріп береді.

Осыдан кейін ол екеуі жолға түсіп жүріп кетеді. Күн жүріп, ертеңіне таңертең батырлар биік таудың басына жетеді. Бұл жерден олар темір сарайды көреді. Сарайдың алтын күмбезі күнге шағылысып жарқ-жүрқ етіп тұр екен. Ал сарайдың төңірегі күл мен көмірге айналып, қап-қара болып жатыр екен. Кенет батырларға қарсы сарайдан ысылдап отты жалын атылады. От бірте-бірте жақындай түсіп, көзді ашып-жұмғанша ұлғая береді.

“Бұл отты мен көп көрдім, — деді қарт. — Бұл — айдаһар. Бізді сезіп сарайынан шықты”.

От енді алып жалынға айналып, батырларға тіпті жақындап қалады. Сол кезде Темірбек қылышын қынабынан суырып алып, отты шауып кеп жібереді. Бір шабады, екі шабады, бірақ жалын күшейіп, құтырына түседі. Жалын тіпті жалаңдап, батырларды қоршап алып, қызуы олардың бетін шарпи бастайды. Қылышы қып-қызыл болып, қызып кетсе де, Темірбек оны қолынан тастамай соғыса береді.

Темірбек күнімен, түнімен соғысады. Үшінші күнге айналғанда от әлсірейді. Темірбек бірте-бірте айдаһардың сарайына жақындай беріпті. Оның артынан шал да ілесіп отырыпты. Үшінші күннің кешінде от сөніп бітіп, жерден қап-қара түтін көтеріледі. Сөйтсе от өлген айдаһардың он екі басынан шығып жатқан түтін екен дейді.

Батырлар темір сарайдың жеті қабат есігін бұзып, ішке кіреді. Қарап тұрса, сарай іші елдің ең асқан сұлу қыздарына толы екен. Олардың бәрін айдаһар ұрлап әкеліпті. Қыздардың арасынан Темірбек пен қарт батыр да өз қарындастарын табады. Олар барлық тұтқындарды құтқарып, үйлеріне қайтады. Шаттанып қуаныштары қойындарына сыймайды. Тіпті қуанғандарынан көздеріне жас алыпты. Қуанбағанда қайтсін!..

Әжем әрдайым ертегісін күтпеген жерден аяқтай қояды. Мансүр атайға ұсап: “ұзақ өмір сүріп, мұраттарына жетіпті” — деп те ешнәрсе қоспайды.

Мен үндеместен жатырмын. Көз алдымда найжағай болып, керемет қылыш жарқылдайды. Мен шыдамсызданып:

— Әже, ол батырдың қылышы қазір қайда? — деп сұрадым.

Әжем асықпастан жай ғана:

— Ол қылыш сенің папаңның қолында... Жәміл, ұйықта енді, ұйықта... — деді.

Оқылуы қиын хат

Мамам әлі келген жоқ.

Бір күні ертемен әжем сиыр саууға шығып кеткенде, үйге хат тасушы Гүлсұлу апай келді. Ол мамам үшін Уфада басылатын газет әкелді. Бұл газеттен менің бар білетінім “Қызыл башқұртстан” деп ірі әріптермен жазылған екі-ақ сөз. Гүлсұлу апай маған тағы бір төрт бүктелген кішігірім қағазды ұсына берді.

— Бұл шешеннен келген телеграмма, — деді де, ол үйден шығып кетті.

Мен телеграмманы ұстаған қалпымда, не істерімді білмей тұрмын. Телеграмма деген не болды екен? Жақсы нәрсе ме, жоқ жаман ба?

— Әже-ау, әже! — деп айкайлап мен әжемге тұра жүгірдім. — Телеграмма әкелді!

— Кім әкелді? Қане, қайда? — деді әжем, жан-жағына жалтаңдай қарап. Мен оған қағазды бердім. Әжем қолы қалтырап:

— Құлайым-ай, тек “қара қағаз” болмаса екен... — деді.

— Жок, әже, Гүлсұлу апай бұл мамамнан келген телеграмма деді.

Әжем мені тез киіндіріп, Мансүр атайды шақырып келуге жіберді. Егер біздің үйге бір нәрсе бола қалса, біз ақылдасуға әрдайым Мансүр атайды шақыратынбыз. Он не айтса, соны істейміз, өйткені дүниеде оның білмейтіні жоқ.

Мансүр атай көбінесе “жақында тоқсан жасқа келемін” деп отырады.

Тоқсан деген өте көп. Мен тоқсанға дейін санай аламын.

Мансүр атайдың Фархуниса деген соқыр әйелі бар. Олар екеуі ғана, ұлдары жоқ, ал қыздары тұрмысқа шығып, басқа ауылдарға кетіп қалған.

Әжем әрдайым Мансүр атайға:

— Мансүр, сен құдай жар болып, жан сақтап жүрсің ғой, әйтеуір, — дейді.

Мансүр атай оған:

— Егер маған колхоз көмектеспесе, құдайдың көмегімен алысқа бара қоймас едім-ау, қарындасым, — дейді.

Олардың әңгімелерін мен шала-пұла түсінемін.

Мансүр атайдың үйі біздің үймен іргелес. Мен қақпадан кіре қора сыпырып жүрген Мансүр атайды көрдім.

– Ата! Телеграмма әкелді, жүр тез! – дедім мен оған айқайлап.

Мансүр атай ешнәрсенің мән-жайын сұрамай үйіне кіріп кетті. Мен баспалдақтың жанындағы қардың үйіндісіне шығып, гек бір-ақ рет төмен қарай сырғанап түстім де, үйге қарай жүгірдім.

Мансүр атай біздің үйге ақылын айтуға келген сайын, ақ шекпенін киіп, қызыл-жасыл белбеуін буына келеді. Кейде жалғыз келмей, Фархуниса апайды да ерте келеді. Бүгін де олар екеуі қол ұстасып үйге кірді. Мансүр атай кемпірін сандықтың үстіне отырғызып жатып, әжеме:

– Аманбысың? Денің сау ма, қарындасым? – деді. – Жәміл телеграмма келді дей ме? Қайдан, кімнен келіпті?

– Жәміл Күнбикеден келген телеграмма дейді. Онда не деп жазылғанын біле алмай отырмыз, – деді әжем дегбірсіздене.

– Қане, берші маған, – деп Мансүр атай телеграмманы қолына алды. – Қарындасым, телеграмма деген сымтемірмен жүретін хат. Сірә, Күнбике жіберген сияқты.

Ол қағазды ары-бері аударып көп қарады.

– Оқышы, енді бар болғыр, тегі жүрегім дүрсілдеп, “қара қағаз” болмағай да деп, қорқамын. Кім білсін, менің шырақтарым соғыста ғой.

– Бұл “қара қағаз” емес екенін анық білемін, қарындасым, бірақ оқуын оқи алмаймын. Жас кезімде көп жерді кездім, түрлі өнерді үйрендім. Орынборда да, Стерлитамақта да болдым, ал жазуды, оқуды біле алай-ақ қойдым.

Әжем атайдың қолындағы телеграмманы қайта алды. Көзілдірігін біресе киіп, біресе алып, жазуды оқығысы келіп-ақ отыр.

– Құдағи, абыржыма, – деп Фархуниса апай да сөзге араласты. (Оның көзі көрмейді, өзі сирек сөйлейді).

– Абыржыма, егер хабар Күнбикеден болса, жақсы хабар болар.

– Фархунисаның көзі көрмейді, ол соқыр. Көзіміз сау болғанымен, біз де соқыр емеспіз бе, Мансүр-ау! Неткен азап десеңші! Колхоз құрыла бастаған жылы жақсы адамдар мені оқуға, жазуға үйретпекші болып еді, ал мен “кәрілерге оқудың керегі жоқ” деп көнбей қойып едім. Енді, міне мақау болып отырмын. Егер жаза білсем, балаларыма батамды айтып өзім-ақ хат жазып жүрмес пе едім.

Қиналып отырған үш қартқа жаным ашып, өте аяп кеттім.

Жүгіріп барып телеграмманы дауыстап тұрып оқысам-ау деймін. Олар сонда қалай қуанар еді! Менің әлі күнге дейін мектепке бармағаным қандай өкінішті десеңші. Әттең, егер қазір мектепке жүгіріп барып, оқуды бір сәтте үйреніп қайтатын болса! Ой, мен қалай да болмасын, оқуды да, жазуды да үйренемін! Мамам тәрізді мен де қалың-қалың кітаптарды оқитын боламын, ең алдымен барлық ертегілерді оқып шығамын.

Фархуниса апай басын көтеріп әлденеге құлағын түре қалды.

— Құдағи, — деді ол, — көшеде кетіп бара жатқан балалар емес пе екен? Сен солардың біреуін шақырсаң нетті, саған бұл қағазды солар оқып берер еді.

Әжемнің реңі бірден жадырап кетті:

“Әй, рас-ау! Оқушыларымыз барда не қылып мұнша абыржыдық. Мен оларды тіпті ұмытып кетіппін ғой”.

Әжем терезеден көшеге қарап, онан соң шәлісін жамылып тез далаға шықты.

Біраздан соң ол үйге Махмұтты ертіп келді. Мен Махмұтты білемін, оның үйі біздің көшеде тұрады, өзі бесінші класта оқиды.

— Ұлым, мына қағазды оқып берші, бүгін оны Гүлсұлу әкеліпті, — деді әжем.

Мен Махмұтқа тесіле қарап тұрмын. Ол қағазды мақтанғандай қолына алып:

— Бұл Күнбике апайдан келген телеграмма, орысша жазылыпты, — деді.

— Оны өзіміз де білеміз — деді Мансұр атай.

— Оқы, ұлым, оқышы, — деді әжем Махмұтты асықтырып, Махмұт телеграмманы алдымен орысша оқып, содан кейін башқұртша айтып берді.

— Күнбике апай былай деп жазыпты: “Он алтысында келеміз. Станцияға ат жіберсін. Барлықтарыңызға сәлем”.

Әжем әбігерленіп:

— Мансұр-ау, шешінсеңші... Құдағи, не қарап отырсың! Шешін, шай ішейік — деді де, ойланып тұра қалды:

— Бүгін күннің нешесі?

— Бүгін он бесі, ертең он алтысы. Солай. Мұнда өзге ешнәрсе айтылмаған, — деді Махмұт салмақпен, сөйтіп өзі кетуге ыңғайланды.

— Отыр, ұлым, сен де отыр! Қазір балмен шай ішеміз, — деді оны әжем жібермей.

— Рахмет, әже, мен мектепке асығып бара жатырмын, — деді де, Махмұт шығып кетті.

Махмұттың оқығанына көзімнің қызыққаны-ай! Ол қалай

оқыды десенші! Бір ретте мүдірместен сөзбе-сөз, сарнатып дауыстап оқығанын айтсаңшы! Ол ол ма, тіпті бал мен шайды да ішпей кетті ғой!

Мансүр атай мен Фархуниса апай шешініп, столға келіп отырысты.

Мен телеграмманың мазмұнын енді ғана түсіне бастадым, ертең сонау алыс қаладан мамам келеді екен. Арқасында қапшығы бар мамамның үйден кеткені әлі есімде. Қазір қайда жүр екен? Он алтысы бүгін неге болмады екен? Маған ол қарды сықыр-сықыр басып қақпадан кіріп келе жатқандай болды.

Әжем радионы сөйлетті. Біздің радио күндіз орысша сөйлеп, орысша өлең айтады, кешке башқұртша сөйлейді. Қазір орысша сөйлеп тұр.

— Бір түрлі әдетің бар өзіңнің, қарындасым, — деді Мансүр атай әжемді әжуалап. — Сен орысша дөнеңе де түсінбейсің ғой, сонда да радионы күнде тыңдайсың; қашан келмейін радио сөйлеп тұрады.

— Білмеймісің, Мансүр, бұл сөйлеп тұрған Москваның өзі. Москваның даусын естіген кезде көңілің рахат тапқандай болады. Рас, бір сөзін түсінбесем де бұл игі, сенімді сөздер екенін білемін, — деді әжем.

Міне, менің қарындасым

Біздің қақпаның алдына колхоз бастығы Жақып ағайдың шанасы келіп тоқтады. Әжем екеуіміз терезеге қарай қалдық. Шананың алдынан тон киген бір адам түсті. Мен оны тани кеттім. Бригадир Бадамша атай екен. Шанада тағы әлдекім қыбырлады да, менің мамамның ақ шәлісі қыландады. Көзді ашып-жұмғанша, әжем қораға жүгіріп шықты. Менің пималарым қайда? Біреуін бірден таптым, енді біреуі үштікүйлі жоқ. Мен жылап жібере жаздадым, тіпті жыладымда-ау деймін. Сірә, менің көз жасымнан пима жасырынған үстіне жасырына түссе керек.

Қақпаның ашылғаны естілді. Мен сандыққа қарғып шығып, терезеден үніле қарадым.

Әне менің мамам... Мамам, маматайым келді!

Қасындағы кішкентай қызы кім? Әжем ол қызды көтеріп алды. Бұдан әрі шыдай алатын емеспін. Сандықтан секіріп түсіп, аяғымдағы жалғыз пимамен жүгіріп баспалдаққа шықтым.

Мамам менің қолымнан ұстай алып:

— Ақымақ-ау, қыстың күні жалаңаяқ жүгіре ме екен! — деді. Мен ешнәрсе деместен тек қар жабысқан шәліге бетімді құшырлана қатты басып қалыппын.

Біз үйге кірдік. Әжем мен мамам мені және кішкентай қызды бір-бірімізге қарама-қарсы тұрғызып қойды.

– Міне, Жәміл, мен саған қарындасыңды әкелдім. Оның аты Оксана, пальтосын шешуге көмектес, – деді мамам.

Мен көңілденіп кеттім. Оксананы құшақтап, бетіне қараймын. Сөйтіп маған да қарындас бітті-ау ақыры!

Қуанғанымнан не істерімді білмеймін... Қарындасымды көтергім келеді, бірақ күшім жетпейді.

Әжем мен мамам бізге қарап жымыып тұр. Әжем менің басымнан сипап:

– Жәміл, көтермей-ақ қой үлкен ғой, – деді.

Мен Оксананың пальтосын, жылы малақайын шешістім. қарындасымның шашы Фагиманың шашындай жирен-сары емес, ақсары, көйлегіндегі суреттері қаздың көзіндегі дөңгелек емес, қызыл қанатты көбелектер. Оның бойы Фагимадан биігірек, тіпті меніменен бірдей. Ал аты – Оксана! Бүкіл көшеде ешкімде мұндай ат жоқ. Бірақ өзі неге сөйлемейді?

– Мама, Оксана “аға” десінші мені!

– Ұлым, ол тоңып келді, аздап бойы жылыпсын, содан соң бәрін айтады. Жарай ма?

– Жарайды...

Мен қарындасымды қолынан жетектеп, сандықтың жанына әкелдім. Сонан соң крәуаттың астына еніп, өзімнің түрлі ойыншықтарым салынған жәшігімді алдым. Менің заттарым да аз емес: тастан қашалған ат, ағаш мылтық, кішкентай арба, ұлудың қабықтары, емен жаңғақтары, уақ тастар, бетіне суреттер жапсырылған бір парақ қағаз. Тағы да қызғылт-жасыл түсті тоты құс, темір сапты бәкі – міне, менің қанша ойыншықтарым бар! Мен оларды Оксананың алдына, сандықтың үстіне жайып тастадым.

– Ал, ал, бәрін саған беремін, жаз шыққанда тағы да көп әдемі заттар жинаймын, – дедім. Оксана көкшіл көздерімен төмен қарап үндемейді. Менен ұялып тұрған сияқты. Бірақ неге ұялады? Мен әжем мен мамама қараймын. Олар менің жанымдағы орындықта отыр. Екеуі де жымыысып бізге қарап қалыпты. Мамам біздің қасымызға келіп, Оксана екеумізді де құшақтап бауырына қысты. Оның көзінен қуаныш нұры ойнайды! Мамам қуанышты кезде, менің де көңілім шат. Мұндай сезім барлық адамда болады.

– Ойнандар, көгершіндерім, ойнандар – деді мамам. Менің жалғыз өзімді мамам ешқашан да “көгершінім” демеуші еді, ал енді “көгершіндерім” дейді. Бұл біз екеу болғандықтан ғой. Көгершін, сірә, еш уақытта жалғыз болмайды. Өне, біздің анау сарайдың төбесіне қанша көгершін ұя салмады!

— Тату құстар ешбір таласпайды, құрқылдасып жүре береді, — дейді олар туралы Мансүр атай.

Мамам Оксананы құшақтаған соң, қарындасым күліп, жайнандап, батылданып қалды. Қолын созып емен жаңғақтарын түртіп көрді, ұлудың қабықтарын ұстады. Одан соң абайлап тоты құстың құйрығынан ұстап сәл-сәл ғана сілкіледі. Бірақ қанша сілкілесе де ол енді шылдырамайды. Мен әлдеқашан оның ішін тесіп, тастарының бәрін алып қойғанмын.

Қарындасым әлдене деп сөйлеп еді, бірақ мен оның сөздерін түсінбей, табан астында қайта сұрадым:

— Не дедің, Оксана, не?

Бірақ ол қайтып сөйлемеді, тек көкшіл көздерін кең ашып, маған таңдана қарады. Мен сескеніп қалдым.

Сол кезде мамам менің жаныма отырып:

— Жәміл! Сенің қарындасың алыс қалада тұрды. Онда ешкім башқұртша сөйлемейді. Сондықтан Оксана башқұртша білмейді, ал сен оны үйретесің, жарай ма?

— Жарайды, — дедім мен, оның айтқандарын онша түсінбесем де.

Неге ол қалада башқұртша сөйлеспейді, ә? Енді ол қалай сөйлеседі? Ол қала алыста ма екен? Мен осының бәрін сұрап білсем деп едім, бірақ қарындасым кенет мамама жүгіріп барып, оның кеудесіне басын тығып, бетін жасырды. Әлде, ол менен қорқа ма екен, а?

— Мама, Оксанаға айтшы, мен оны ренжіткен жоқпын ғой, еш уақытта да ренжітпеймін!... — дедім.

Мамам теріс айналды. Ол көзіне жас келген кезде ұдайы осылай істейді.

— Жүріңдер, қымбатты қонақтар, шай ішелік. Самауыр суып барады, — деді әжем.

Менімен Оксананы ең көрнекті жерге қатар отырғызды. Қарындасыма кішкентай шыныаяғымды беріп:

— Оксана, осыны басымен сен ал! Мен сенен оны қайтып алмаймын! — дедім. Несі бар, бір айттым — енді қайтып алмаймын.

Мансүр ата мамам мен Оксананың келгенін естіп, Фархуниса апай екеуі біздің үйге келді.

— Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем берер болар, — деді Мансүр атай.

Көп кешікпей үйге Шағит ағай, Сағима апай тағы басқалар келді. Бұл күні біздікіне сол көшеде тұратындардың бәрі де келді. Келгендер Оксананың қолынан ұстап, аймалап еркелетіп жатыр.

— Міне, енді Жәмілдің де қарындасы бар. Қандай сүйкімді

қыз! — деді көршіміз Меңлікей апай. — Аман-сау өсіп, бақытты болсын!

Меңлікей апай Оксана екеуімізге бір-бір уыстан кепкен имойыл берді. Бадамша атайды қызы Таскира Оксананың басына орамал тартып, үстіне көйлек киізген қуыршақ әкеп берді. Оксанаға бұл қуыршақ өте ұнады, ол қуыршақты жүгіртіп, секіртіп жүр.

Кешке дейін үйден кісілер үзілмеді. Үйде адам көп болса, мен де әрдайым көңілдімін. Мүмкін, сендер де солай шығарсыңдар?

Кешкісін кісілер тарап кетті. Мен мамамның тізесінде отырмын. Әжем Оксананың шашын тарады.

— Қыздың басы кірлеп кетіпті, ертең мөнша жағып, шомылдыру керек, — деді әжем.

Менің Оксанамен сөйлескім келеді. Бірақ, бәрібір сөзіңді түсінбеген соң, қалай сөйлесерсін? Неге түсінбейді екен? Бұрын қарындасым жоқ еді, ал қазір бола тұра, сөйлесе алмай қор боп отырмын...

— Жәміл... — деді кенеттен Оксана.

Мен алғашқыда қорқып та қалдым.

— Жәміл... — деп қайталады қарындасым.

Қандай жақсы, қалай әдемі айтады өзі!

Мен мамамның тізесінен секіріп түсіп. Оксананың қолынан ұстап:

— Тағы айтшы, тағы да айтшы, — дедім.

Ол маған күлімсіреп қарайды, бірақ үндемейді.

— Құс та сайрауды бірте-бірте үйренеді. Оксана да сөйлеуді үйреніп кетеді, балам, — деді әжем.

Оксана масайрай күліп:

— Тағы да айтшы, Жәміл! — деді.

— Бұл бақтың ішіне, — дедім мен, — ағаштарға қызыл жалаулар ілеміз, жазда онда күмісті өзенінің жағасындағы лагерьдей пионер лагерін жасаймыз... Лагерьге Фарит, Марат және Фагималар келеді.

Біз өн саламыз... Кел қазір өн салып көрейік!

— Кел! — деді Оксана. Терезеден баққа қарап отырып, екеуіміз дауыстап өн сала бастадық:

Келер көктем, келер көктем!

Еридi қар, еридi.

Жылдам-жылдам өсер көктер

Барамыз баққа көңiлдi.

Өлең айтып, баққа барып,

Ілеміз жалау, ілеміз!

Жағасында Күміс өзен
Сияқты лагерь тігеміз.

— Біздің лагерьде құстар өте әдемі сайрайды. Оларды үркітпейміз, жарай ма? — деді Оксана.

— Жок, жок, біз құстарды үркітпейміз! “Кіш” деп айқайлап, тас лақгырмаймыз! Солай ма, Оксана? Тек қарақұсты ғана қуалаймыз, өйткені, ол балапандарды алып кетеді.

Кенет қақты жел тұрып, терезенің қақпағын тарсылдатып жіберді. Оксана қорқып айқайлап жіберді, оның көздері кең ашылып, карауытып, түсі қуқыл тартып. еріндері дір-дір етеді.

— Оксана, Оксана, саған не болды?

Терезенің қақпақтары тағы да үсті-үстіне сартылдады. Оксана кроватқа жүгіріп барып, басын жастыққа тықты. Мұнша неге қорықты екен? Мен терезеге қарап едім — дала түнеріп қараңғы тартыпты. Алакеуімде тек жел сілкілеген қайын менен қарды қобырата шашып, омбыда ойнақтап жүрген Сағида жеңгейдің ала күшігі ғана көрінеді.

Мен де кроватқа жүгіріп барып, басымды жастықтың астына жасырдым:

-- Оксана! Сен неден қорықтың, айналайын?

-- Қаш. Жәміл. Тез-тез! Далада фашист бар. Ол мылтықпен бізді атып өлтіреді... жасырын тез, жасырынайық, Жәміл!

Енді мен де қорқа баспадым. Дала қап-қараңғы. Жел терезе қақпақтарын жұлқылайды. Мамам болса үйде жоқ. Бірақ мен фашистердің бізден алыста екенін жақсы білемін. Мен кроваттан қарғып түсіп, жәшіктен ағаш мылтығымды алып:

— Көресің бе мынаны. Оксана! — тек мұнда фашисті келіп көрсін. Әкелеріміз олармен майданда соғысып жатқанда, фашист бұл жерге қалай келмекші! Қорықпа. Оксана, ештеденен қорықпа!

— Жәміл, ана жақта атып жатқан кім? — деді қарындасым сыбырлап

— Ол жел ғой, жел. . Қақпақтар бұрын да сартылдамап па еді, бірақ онда жарық еді, сондықтан сен қорыққан жоқсың.

Оксана қолын түсіріп, біресе есікке, біресе терезеге қарайды. Біз екеуіміз жастықтың артында тығылдық.

— Оксана — деімін мен, — мен тұрғанда ештеденен қорықпа. Сені әрқашан да қорғаймын. Ержетіп, Темірбек сияқты күшті болғанымда мен барлық фашистерді құртамын. Ал, егер мен олармен соғысып жүргенде. сені айдаһар ұрлап әкетсе, бәрібір сені тауып, жаудан құтқарып аламын. Сен қорықпа, жарай ма?

— Ой, керегі жоқ, керегі жоқ! Сен ешқайда кетпе, Жәміл... Айдаһар деген не ол?

– Айдаһар деген өте үлкен жылан.
– Жылан деген не?
– Жылан ба? Жылан, кәдімгі жылан. Ол адамды шағып алады.

Оксана тағы да құлағын басып, басын шайқап:

– Керегі жоқ, шақпасын, мен қорқамын! – деді.

– Аңқаусың сен. Оксана, мен оны қылышпен шауып өлтіремін.

– Керегі жоқ, қорқамын, мені жеп қояды.

– Жоқ, айдаһар жемейді. Адам жейтін сұр қасқыр ғана. Сұр қасқыр бұрын қызыл бөрікті қызды жепті. Ал егер сені қасқыр жеп қойған күнде де, оны өлтіріп, ішін жарамын, мен ол қасқырды...

Оксана әлі де қалтырап, кроваттың арқалығына жабыса түседі.

Үйдің іші тастай қараңғы, есіктің жанындағы пеш қана әрең-әрең ағараңдап көрінеді. Кенеттен бір салмақты дауыс естілді. Мен оның не айтып тұрғанын түсінбеймін, тек “Москва” дегенін ғана білемін. Осыдан соң менің қорқынышым жойылды.

– Оксана, – деп айқайлап жібердім мен, – бұл радио, бұл Москва!

Мен тіпті батылданып кеттім. Кроваттан секіріп түсіп, терезеге қарадым. Міне, біздің қақпа да ашылды, әлдекім баспалдаққа қарай тез-тез жүріп келеді. Ол біздің мамамыз! Мамамыз ғана осылайша асығыс жүреді: біздің оны ылғи күтіп отыратынымызды біледі.

Қарындасымның түс көруі

Мен көктемді өте жақсы көремін. Оксана да жақсы көреді. Мүмкін, сендер де жақсы көретін шығарсыңдар. Көктемде қозылар да қандай масайрайды десеңші! Олардың асыр салып ойнақтауын көрсең ғой, шіркін! Ақ қозы үйіндінің жанына барып, тұмсығымен барлық нәрсені түрткілейді, кішкентай құйрығы ұдайы қимылдап жүреді, ал қара қозы тұяқтарымен жер тарпып, ыршып баспалдаққа шығады да, сол жерден төмен қарай секіреді. Онан соң ағайынды екеуі де қарама-қарсы жаққа шегінісіп кетіп, бастарын иіп алып, бір-біріне қарай жүгіріп келіп, сүзісіп қалады.

– Балақайлардың мүйіздері қышып жүрсе керек, – деді Мансүр атай.

Мансүр атай сондай ақбейіл адам. Ол тек кішкене балаларды ғана жақсы көріп қоймай, барлық кішкентай хайуандарды да жақсы көреді. Сондықтан ол қозыларды балаларға ұқсатып “балақайлар” – дейді.

Мансүр атай өте жақсы адам, ол жауыз адамдарды жек көреді, біздің жауларымыз – фашистерді де жек көреді. Мұны бізге ол өзі айтты.

Біздің сарайдың есігі кең ашулы түр. Жан-жануардың барлығы күншуаққа шығыпты. Баудың жанында сары бұзау жүгіріп жүр. Ол бұзау мамам әлгі басқа қалаға кеткен кезде туған. Қазір өсіп қалған, жалғыз өзі ойнақтап жүр. Қораның ішінде атақаз бен анақаз жүр, олардың артынан сары шүйке түбітке ұқсап, екі жағына теңселіп, талтандай басып, кішкентай балапандары асығып барады. Атақаз бен анақаз балапандарын қораның ішімен қыдыртып жүр.

Мамам үйде бар кезде Оксана екеуміз балапандарды қолымызға ұстап біраздан соң босатып қоя береміз, әйтпесе олар шиқылдап кетеді, ал анақаз осы кезде өте сабырсызданады. Бір балапанға Оксана алақанынан су да ішкізді.

Балапандардың ішіндегі ең сұлуына “Оксана” деп ат қойдым. Бірақ бұл туралы ол кезде мен ешкімге айтқан емеспін, тек сіздерге ғана жасырып айтып отырмын. Ол балапанды мен тіпті алыстан танимын: өне ол қазір тастың үстінде мойнын жан-жағына кезек-кезек бұрып, күнге жылынып тұр.

Ал тауықтар, тауықтарды айтсаңшы! Олар бүкіл қораға жайылып, қақылықтап ән салып жүр.

Шіркін, көктем қандай көңілді! Бәрі қуанышты, бәрі масайрап, бәрі өлеңдетіп жүр...

Оксана екеуміз біздің бақтың жанындағы бөренелердің үстінде отырмыз. Бұл арадан жақындағы егіс даласы көрінеді. Ол далада мамамыз бидай сеуіп жүр.

– Қарашы, Жәміл! Әне, анау бірінші трактордың артындағы сеялкада біреу тұр. Ол бәлкім, біздің мамамыз болар! – деді маған Оксана.

Қарап едім – рас, біздің мамамыз екен!

– Оксана, – дедім мен оған – кел, қол ұстасып отырайық. Қарындасым маған тез қолын созды. Көктемде оның көкшіл көздері бұрынғыдан да әдемі болып кеткен сияқты. Мұрнының үстіндегі майда секпілдері де әдемі. Мамамыз, сірә, бізді алыстан көріп өзінше, “е, менің шырақтарым, бөрене үстіне отырған екен ғой”, – деп ойлайтын шығар.

– Біз де өскенде бидай себеміз, мақұл ма, Оксана?

– Әрине, Жәміл! Сен трактор айдайсың, ал мен мамама ұқсап сеялкада тұратын боламын, – деді Оксана орнынан тез тұрып трактор даусы шыққан жыртылған егіс даласына қарап.

Ол күнді қолымен көлегейлеп осылайша ұзақ тұрды. Онан соң қайтадан менімен қатар отырды, бірақ түрі өте жабырқау тартып кетті.

— Жәміл! Біздің тағы да бір мамамыз бар еді ғой, — деді ол ақырын ғана. — Оның бар екенін мен білемін, тек ол әлдеқайда алыста-алыста, өте алыста...

— Ертегідей ғой, ә Оксана?

Оксана басын шайқап:

— Жок, ертегіде емес... Ол мамамыз да өте жақсы...

Оксананың не туралы айтқанын мен түсінбедім. Қалайша біздің екі мамамыз болмақ! Кімнің болса да әкесі де, шешесі де бір-бірден болады ғой. Ал, менің қарындасымның айтқаны не? Ол жылап жібермесе екен деп қорықтым. Бірақ Оксана жылаған жоқ. Тыныш қана менімен қатар отыр. Оның шашындағы алқызыл лентаны жел желбіретіп тұр. Бұл лента клуб үстіндегі қызыл ту тәрізді. Мен Оксанаға қараймын да, оның айтқан сөздері туралы ойлаймын.

— Рауза апай жақсы ма? — деді Оксана.

— Әрине, сол ғой бізді оқуға, жазуға үйрететін.

— Естеріңе жақсылап сақтандар, — енді он төрт күннен кейін бірінші сентябрь, — деді Марат бізге.

Осы күннен бастап үй де бізді оқуға дайындай бастады. Папам бізге қалам, бояу сатып әперді. Ал мамам Оксана мен маған жаңа киім, кітап салатын әдемі сумка тігіп берді. Біз енді күн сайын мектепке барып, тіпті баққа да кіреміз. Баққа көптеген түрлі ағаштар мен бұталар өседі. Гүл отырғызған жерде гүл атаулының бәрі бар-ау, шіркін!

Жақсы хабар

Бір күні кешке үйде төртеуіміз шай ішіп отырдық. Оксана менімен бірінші сентябрьге дейін қанша күн қалғандығы туралы таласты. Мен жеті күн қалды деймін, ол сегіз күн қалды дейді. Мен: жоқ жеті күн деймін, ол: жоқ, сегіз күн дейді. Папам мен мамам үндемей бізге қарап күлісіп отыр. Қарындасым жалма-жан папамды күшақтап:

— Мейлі онда ең-ең дұрысын папам айтсын, — деп тіледі. Папам жайбарақаттанып, мұртын сипап отырып, былай деді: — Менімше, ең дұрысы — жеті күн, сегіз түн ғой.

Мен бармақтарымды бүгіп күн мен түнді санадым. Бірақ, неге екенін білмеймін, қанша санасам да жеті де, сегіз де шықпайды. Несі бар дейсің, мейлі, түнді санамауға да болады. Өйткені, түнде жұрт ұйықтап жатады ғой. Талас тоқталды. Мамам столдың жанында жағын таянып отыр. Папам мамама, онан соң бізге қарап бөсең дауыспен сөйлей бастады:

— Балаларым, бүгін бізге алыс өлкеден жақсы хабар келді. Біз ең жақын адамымыздан хат алдық.

Ол неткен алыс өлке? Қандай адамнан хат келмекші бізге? Бірақ, мұны бізге папам түсіндірген жоқ.

Мен бізге жақын адам тұратын алыс өлке туралы ойлаймын. Қайда ол өлке? Бәлкім Теміртаудың жанындағы көкшіл орманның ар жағында шығар? Папамнан сұрасам ба екен? Бірақ папам орнынан тұрып, мамама жылдам сөйлеп:

— Күнбике, ертең бал алып келуді ұмытып кетпе. Теміртаудағы шешейге шақыртып хабар жібер. Оның келгені дұрыс болар.

Мамам үнсіз мақұлдады. Әрине, әжемнің келгені дұрыс, біздің үйде әжем барда әрқашан да көңілді. Оны біз жақсы көреміз. Бізге бал да өте ұнайды.

— Ал, балалар, сендерге ұйқы базарына кететін уақыт болды. Шешініңдер де, жатып ұйықтаңдар, — деді мамам орнынан тұрып жатып.

Әлденеге оның даусы бүгін көңілсіздеу шығады. Біз папам айтқан хабар туралы жарытып ештеңе біле алмай ұйықтауға жаттық.

Ал ертеңіне таңазандағыны айтсаңшы! Үйде талай өзгеріс болып қалыпты. Біз ояна сала мыналарды көрдік: мамам пешті аппақ етіп ақтап, қабырғаға біздің әдемі кестелі сүрткілерімізді ілін қойыпты. Терезелерде торлы перделер тұр. Мамамның кровати әдемі, әсем кілеммен жабулы. Самауырыңға қарашы, қалай жалтырайды, ә! Папам қораның ішін тап-таза етіп сыпырып қойыпты. Тіпті көктің арасынан қанша іздегеніңмен де шөп-шалам таба алмайсың!

Білдім, білдім, алыс өлкеден жақсы хабарлар келгенде осындай болады екен ғой!

Кешке таман әжем де келді. Оксана екеуміз оны едәуір жерден көріп, ол әлі Раушанның үйінің жанына жаңадан жеткенде-ақ алдынан жүгіріп шықтық.

— Әже, бізге алыс өлкеден жақсы хабарлар келді. Біз сені сондықтан шақырдық, — дедік.

— Жақсы хабар, жақсы нәрсе, — деді әжем жымия күліп, екеумізді де иығымыздан сипап.

Папам қас қарайып, қараңғы түскенше жұмысынан қайтқан жоқ. Өрістен мал да қайтты, бірақ папам әлі жоқ. Әжем Оксана екеуі Мансұр атайдың үйіне кетті. Мамам сиыр сауып отырған кезде, мен ақырын басып оның жанына бардым.

— Маматай, а маматай, — дедім мен сыбырлап. — Кім ол алыс өлкеде тұратын жақын адам?

Мамам: — Балам, бәрін жақында өзің көріп білесің. Тек ол бір сәтті сағат болғай! — деді.

Бір күн өтті, екі күн өтті. Біз әлі дәнеңе де білген жоқпыз. Ал үшінші күні, әжем айтқандай, біздің үйге қуаныш та, қайғы да бірге кірді.

Мейман келді

Біз көпке дейін өзеннің қасында ойнап, үйге кеш қайттық. Бактың жанындағы бөренелердің үстінде папам және бір бейтаныс қызыл әскер отыр, сол қызыл әскер бізді көре сала орнынан ұшып тұрып:

— Оксана!.. — деп айқайлап жіберді.

Ол тағы да бірнәрсе деп айтып еді, бірақ мен анық түсіне алмадым.

Қарындасым екеуіміз тоқтай қалдық. Мына бөтен адам Оксананы қайдан біледі? Сірә, оған папам айтты ма екен? Мен қорқып қалдым, неге екенін өзім де білмеймін. Оксана да қорқып, еріндері қыбырлап тұр.

— Балаларым, бері келіңдер! — деді папам бізге. — Мына кісі біздің қымбатты мейманымыз болады. Ол қазір осының алдында ғана алыстан келді.

Бірақ, орнымыздан тырп етпей тұрмыз. Қымбатты мейман бізге өзі жүгіріп келіп, Оксананы көтеріп алды. Ол Оксанаға көпке дейін қарап тұрды да, бауырына қысып-қысып алды. Оксана жылаған жоқ. Оны әркім жиі-жиі көтереді ғой, барлығы да менің қарындасымды жақсы көреді. Ал, мынау адам одан әлі көз алмай қарап, басын сипалап, сыбырлайды:

— Оксана, Оксана, қызым менің.

Оксананы неге “қызым менің” — дейді? Қарасам папам жерге қарап, қолының сыртымен көзін сүртеді. Не болды оған, әлде көзіне шөп түсіп кетті ме? Әжем ашық терезеге қарап, орамалының ұшымен аузын бүркеп алыпты. Баспалдақтың үстінде мамам тұр. Оның не күліп, не жылап тұрғанын біле алмадым. Сөйтсем, әрі күліп, әрі жылап тұр. Оның неткен көз жас екенін білсем екен деймін — жақсылықтың жасы ма, жоқ әлде жамандықтың жасы ма?

Ал, қымбатты қонағымыз Оксананы әлі көтеріп, оны аймалап маңдайынан, шашынан, қолынан да сүйіп тұр. Оған мен ашулана бастадым, ол маған әлденеден ұнамайды. Біреудің қарындасын осынша көп көтеріп тұруға бола ма?! Егер білгілерің келсе, ол мен үшін аса қымбатты мейман емес.

Әрең дегенде ол Оксананы жерге түсіріп, енді мені қолына алғысы келді, бірақ мен папама жүгіріп барып, артына жасырындым. Егер мейман қазір маған тағы жақындаса, мен табан астында қарындасымды ілестіріп, әжеммен бірге Теміртауға қашып кетемін.

— Балам, сонша тағы болма, — деді папам маған. — Мейманымыз, Петро ағайың, сені жақсы көреді.

— Керегі жоқ, мені де, Оксананы да жақсы көрмей-ақ қойсын, — дедім, өзім төмен қарап отырып.

Оксана Петро ағайдың тізесіне отырып алыпты. Оның бетінен сипалап бірнәрсе – бірнәрселерді айтады. Мен папама, мамама, әжеме қарадым. Бүгін олар бір түрлі. Олар қуанышты ма, жоқ қайғылы ма, түсіне алмадым! Оксана да мүлде өзгеріп кетті. Ол мені ұмытып кеткен сияқты. Әй, жоқ, ұмытпапты. Міне, ол маған жүгіріп келді. Көкшіл көздері бұрынғыдан да әдемі. Демек, бұл оның қуанғаны. Ол алақанын шапалақтап, жарқын дауыспен.

– Білесің бе, келген кісінің кім екенін? – деді.

– Кім?

– Айтайын ба?

– Айтшы.

– Бізге келген кісі... Сен бәрібір білмейсің!

Ал, сендер ше? Таба алар ма едіңдер оның кім екенін. Еш уақытта таба алмайсыңдар!

Біздің қымбатты мейманның кім екенін енді білдім

– Күнбике, апа, бері келіңдер. біраз бірге отырайық! – деп папам, мамам мен әжемді шақырды.

Біз кәдімгі бөренелердің үстіне отыра бастадық. Оксана Петро ағай екеуіміздің ортамызға отырды.

Мен артыма бұрылып дала жаққа қараймын. Сонау алыстағы таудан асып күн батып бара жатыр. Біздің огородтың ар жағындағы төбешікте ұзын-ұзын көлеңкелері сорайып аттар жайылып жүр. Емен ағаштың жанында бір боз ат тұр. Оның аты – Шабуыл. Ол ат та соғыста болып осколкамен жараланған. Желген кезде аздап сылтиды. Шабуылдың жанына жас құнантайлар жиналып алып, құйрықтарын желпіп тұр. Жалғыз Шабуыл ғана басын шұлғиды. Сірә, жанындағыларға бір қызық ертеке айтып тұрған болуы керек.

Папам біздің алдымыздағы үлкен тасқа барып отырды. Батып бара жатқан күннің күнгірт сәулесі оның бетіне түсіп тұр. Маған оның бетін, мұрнын және маңдайын да жалын күшып алғандай көрінді, ұзын мұрты міне-міне жанып кетер ме екен деп қорықтым.

– Балаларым, біздің қымбатты қонақтың неге келгенін сендерге айтатын мезгіл жетті, – деп папам Петро ағайға, онан соң Оксана мен маған қарады.

Петро ағай төмен қарап, ойланып отырған тәрізді. Оксана екеуіміз папам не айтар екен деп асыға күтудеміз, бірақ папам неден бастарын білмейтін сияқты.

– Менің әңгімем қысқа болмақ, – деді папам бір жөтеліп алып. – Балаларым, соғыс деген сойқанды нәрсе, ол адамзат

жанына жара салады. Талқандалған қанша селоны көрдік біз – сан жетпейді.

Біздің жауымыз фашистер жыртқыш аңдардан да өткен. Олар ананы да, жас баланы да аяуды білмейді. Оларды Украинадан зор күшпенен қуып шықтық. Әлі есімде, бір күні біз оларға қатты соққы беріп бір селодан айдап тастадық. Әйнектер қираған үйлер әлі көз алдымда тұр. Кошеде қыбыр еткен жан жоқ. Сасық түтін иісінен тынысың біткендей, дем ала алмайсың. Бір адам да көрінбейді, тек жалғыз есіткенім: шеткі бір үйден баланың жылаған даусы...

Папам тамағын кеней жөтеліп, Оксанаға жалт қарады. Оксана да оған қарай қалды. Петро ағай әлденеден сескеніп қалғандай болып, сонда да үндеместен папам тағы не айтар екен деп күтіп отыр.

– Мен жүгіріп барып сол үйдің ішіне енсем, еденде атып өлтірілген бір әйел жатыр. Оның қасында бір кішкентай қыз жылап тұр. Мен тоқтай қалдым. Ә дегенде не істерімді білмей, қызды қалай көтеріп алғанымды сезген жоқпын. Оны бауырыма қысып құшып тұрмын. Кенет ол маған “Папа!” дегені. Мені өзінің папасы деп қалса керек, сірә оның әкесі де соғыста жүр ғой деп ойладым. Ал саған Жәмілге қарындас болуды тағдыр жазған екен дедім мен. Оксана қолын кеудесіне басып: – Ол мен едім ғой, – деді.

– Иә, қызым, сондағы сен едің. Артын тыңдаңдар, балаларым. Мен сонда пештен кесек көмір алдым да, үйдің қабырғасына адресімді жазып қалдырып, қызды шинеліме орап алып, жолдастарымды қуып жетейін деп жүгіре жөнелдім. Ұрыс басылған соң, командир маған қызды балалар үйі бар қалаға апарып тапсыруға рұқсат етті. Оксананы келіп алып кет деп, мен сонда мамаларыңа хат жаздым. Алыс жолға мамаларың тек бірнеше айдан кейін ғана аттана алды. Жәміл, сенің есінде ме мамаң Оксананы әкелген күн?

Ой, ол күнді сірә ұмытуға болар ма еді! Бірақ папамның әңгімесін бұзбайын деп, үндеген жоқпын.

– Бұдан үш күн бұрын сендерге келген хат туралы айтып едім. Сол хат мына Петро ағайларыңнан келген. Біздің қымбатты мейманымыз, әрі бауырымыз, Оксананың әкесі міне бізге өзі келді... – Папам даусы дірілдеп барып әңгімесін бітірді. Ол тамағына бірнәрсе тұрып қалғандай тағы бір жөтеліп алды.

Неге екені белгісіз, менің қатты жылағым келіп кетті. Бірақ Оксана құлағыма сыбырлап: “Айтпап па едім, Жәміл, біздің тағы бір мамамыз бар деп! Міне енді бізге тағы бір папамыз келді. Менің папам!”

Жалма-жан Петро ағай тұра сала Оксана екеумізді көтеріп алып, құшырлана бауырына басты.

— Жәміл, ұлым... Балаларым менің... — деп сыбырлады ол, бізге бетін тақап.

Соңғы үш күнде

Мен Петро ағайға тез үйреніп, оны жақсы көріп кеттім. Біздің Петро ағай жақсы адам! Ол әрдайым Оксана екеумізді иығына мінгізіп алып, қораның ішімен көтеріп жүреді. Ол қатты жүгірген кезде біз қорқыңқырап қаламыз, сонда да болса тағы да күлеміз. Біздің үйде Петро ағайдай үлкен адам жоқ. Ол ауыз үйге кірерде басын маңдайшаға соғып алмас үшін еңкейіп кіреді. Оның әр жұдырығы Заманның үлкен добынан кем емес. Міне, біздің Петро ағай қандай зор! Мансүр атай оны... “Батыр! — дейді. Тек әжем ғана оны жақтырмай, өзінше бірдене деп мінгірлеп жүреді.

— Тіпті бір тыныш тапшайды, — дейді ол. — Дем алып, ішіп-жеп, үйде тыныш отырса не қылады? Бармаған жері жоқ! Бүкіл колхозды аралап шықты!

Әжем рас айтады. Петро ағайдың бармаған жері жоқ және қайда бармасын, Оксана екеумізді ерте жүреді. Сонан біз Батырша атайдың бастауына келдік. Бастаудан ары мамамның бригадасы бидай бастырып жатқан жерге бардық... Петро ағай жұмыс істеп жатқандарға біраз қарап тұрды да, жылдам молотилканың үстіне шығып, барабанға бау алып бере бастады.

Оксана екеуміз маяның жанына барып тұрдық.

— Солдаттың қолы жұмысты сағынып қалыпты-ау шіркін! — деді айырмен маяға сабан беріп тұрған кісі. Солдат гимнастеркелі басқа бір кісі оны қостап:

— Ол рас, — деді.

Кісілер түскі тамаққа кетіп, молотилка тоқтаған кезде ғана Петро ағай бізге келді. Үсті-басының бәрі шаң-тозаң, жалтырап тек тісі ғана көрінеді:

Үшеуіміз бұл күні жылқы бағып жүрген папама да бардық. Аттарды көріп Петро ағай күлімсіреп, жүзі ажарланып кетті. Біздің жылқы оған өте ұнады.

Айттым ғой мен, біз бармаған бірде-бір жер қалмады деп. Біз огородты аралап, одан ары аралардың ұясын да көрдік. Қайтар жолда үлкен сайдан өттік. Ол сайда саздан кірпіш, құмыралар жасайды. Петро ағайға біздің ауыл да өте ұнады. Ол ауылға қанша қараса да, мейірі қанбай тағы-тағы қарағысы келеді. Ал елдің бәрі оны “жақсы кездестік, туысқан” — деген сөзбен қарсы алып, қолын қысып амандасады. Кемпірлер әрқашанда жақсы адамдардың алдымен қолын алып, онан соң арқасынан қағады.

Өздерің айтыңдаршы, егер Петро ағай қымбатты қонақ болмаса, елдің бәрі оны осылайша құрметтер ме еді. Бәрінен де оған біздің темір дүкен қатты ұнады. Дүкенде екі Ғаби жұмыс істейді. Ел олардың бірін жуан Ғаби, ал екіншісін жіңішке Ғаби деп атайды.

Екі Ғаби да қымбатты мейманмен тез достасып кетті. Олар ұдайы сөйлесе сөздері таусылмайды. Біз темір дүкенге келген сайын, Петро ағай жеңін түрініп, қолына үлкендігі менің басымдай балға алып, қызып тұрған темірді соққан кезде темір бір жазылып, бір созылып саусақтай жіп-жіңішке болып кетеді.

— Бәрекелді, ұста болсаң, осындай бол! — дейді жіңішке Ғаби жуан Ғабиға. — Көрдің бе күшін!

Мұнда біз Петро ағаймен бірге маған темір пышақ және мамама көсеу істеп алдық. Тек Оксанаға ешнәрсе істеп бере алмадық. Шынында темір дүкен де қуыршақ істеуге болмайды ғой. Оны әркім түсінеді.

— Бұл үш күн түс көргендегідей өте шықты, — дейді мамам енді.

Құпия әңгімелер

Темір ұстадан қайтқан соң, Оксана папасы екеуі үйге кіріп кетті, ал мен ұстадан әкелген темір-терсектерімді қазынама қосып қояйын деп баққа бұрылдым.

Мен көктемде отырғызылған алма ағаштардың жанынан өттім. Әне, Оксананың алмасы, мынау менікі, үшіншісі папамдікі, ана біреуі мамамдікі, ал мынау бесінші кімдікі? Е, е, көктемде мамам не деп еді? Ол бесінші алма келген меймандікі деп еді-ау. Қандай тамаша! Енді біздің қымбатты мейманымыз бар. Мен көп ойланып тұрмай, бесінші алма ағаш Петро ағайдікі дедім. Бәрімізге бір-бір алма ағаштан!

Қайыңның түбіндегі қазынамды қазып отырғанда біреулердің ақырын сөйлескенін естіп қалдым. Кімдер болды екен олар? Мен басымды көтеріп жан-жағыма қарадым. Қарасам, менен алыс емес, жаңғақ талдан ары шарбақтың бер жағында әжем тұр, ал шарбақтың ар жағынан Мансұр атайдың ақ сақалы көрінді.

— Балаларды сондай жақсы көреді, — деді әжем. Өзі тіпті бауырмал, он саусағынан өнер тамып тұр-ау азаматтың, істей білмейтіні жоқ! Біздің жаңа туысқанымыз өте бір жақсы адам болып шықты, тіпті менің қуанышым таусылар емес!

— Солай, солай, қарындасым, — деді атай. — Адамды бір-бірімен жақындастыратын тіл де емес, жүрек. Жүрек туыстырады. Көп жасаған мына мен оны жақсы білемін. Біздің

заманамыз тек ел өмірін ғана емес, жүректерін де байытып жіберді.

Әжем аһылап тағы бір күрсініп алды да, тағы да ақырын ғана сөйлей бастады:

— Мансұр-ау, бұл ажырасу тіпті қиын болып тұр, дәл біреу жүрегінді жұлып алып кеткендей. Қызымызға сондай бауыр басып қалып едік. Оның әкесіне де әлі мейіріміз қанып қарай алған жоқпыз. Бәрінен де Жәміл мен Күнбикеге қиын болмақ. Ол осында қалып, бәріміз бір ғұратын болсақ, мен қолымдағы барымның бәрін берер едім. Қанша айтсақ та көндіре алмадық.

Одан соң тағы да Мансұр атайдың даусы естілді.

— Көндірудің керегі жоқ, қарындасым, оны. Егер нағыз жігіттің туған жерін от шалып өтіп, көмір мен күл ғана қалса оның жүрегі мұнда жүріп қалай шыдамақ! Ол өз жеріне қайтуы тиіс. Сол жерге игіліктің дәнін сеуіп, қайтадан ұя салғаны жөн.

Мына екі қарт адамның әңгімесі маған құпия болып көрінді де, мені бір үлкен қайғы күтіп тұрғанын түсіне қойдым. Кенет кеудемнен бірнәрсе үзіліп кеткендей болды. Жүрегім болмаса еді ол?

Мен үйге қарай тұра жүгірдім. Жоқ, қарындасым сандықтың үстінде аяқтарын салбыратып, папасына бірнәрселерді айтып отыр. Оның әдемі көздері көңілдене күлімдеп тұр. Менің көңілім бірден жай тапты. Жоқ, ешкім ешқайда кете қоймапты.

— Сен біздің қазынамызға бардың ғой ә, мен білемін, — деді Оксана. — Кел, менің қуыршақтарымды сенің аттарына мінгізіп алып мейман болып барайық.

— Қай жаққа?

— Алысқа, өте алысқа, Украинаға.

Әжем үйге кіріп, тез самауырын қоюға кірісті.

— Ой, әңгімешіл басым-ай! Үйде мейман шайсыз отырғанда, менің әңгімелесіп қалғаным қалай? Әй, әттеген-ай! — деді ол тағы да, қатты сөйлеп.

Оның әлгі сөздері менің құлағымда әлі ызыңдап тұр. “Дәл біреу жүрегінді жұлып алып кеткендей”.

Бұл не дегені? Мен әжемнің бұл сөздерінің мағынасын тек кейін ғана түсіндім.

Шығарып салу

Августың ең соңғы күні де келді. Азанғы шақ жып-жылы, жанға жайлы. Есіктің алдындағы сарғайған шөптер де, ағаштардың жапырақтары да, үйлердің қаңылтыр шатырлары

да, көшедегі телеграфтың ақ бағаналары да — бәрі де күн нұрына шомылып тұр.

— Жаз бізбен қалай жақсы, жылы қоштасып барады, — дейді әжем. — Оны біз еске аламыз.

Бұл таңда Петро ағай мен Оксана біздің ауылымен қоштасты.

Қақпа алдында тұр. Арбаға жегіліп колхоздың Шабуыл деген аты. Төңіректеп кішкентай қыздар мен балалар жүр де, үлкендер өзара сөйлесіп тұр.

Үйде барлығы да жолға дайын болды. Мамам Оксанаға ең жақсы киімдерін киіндірді. Петро ағай бір сәттің ішінде қырынып та бітті. Оның үлкен мұрты жоқ қой сондықтан тез қырынды.

Папам жүктерді арбаға салып, үйге қайтып келді. Әжем бәрімізге бір минут отыруға бұйырды. Тек сонда ғана мамам маған бұрылып былай деді:

— Жәміл, қарындасыңмен қоштасатын кез де жетті. Бүгін Оксана папасымен бірге Украинаға аттанады. Кейін біз Петро ағайыңа мейман болып барамыз. Солай ма, қызым? — деді ол Оксананы еркелетіп.

— Ой, мама, тек тез келіңдер. — Оксана мамамның қолын ұстап: — Жәміл қазір бізбен бірге барсын, ә? Барасың ба, Жәміл? — деді.

— Екеуің де кетіп қалсаң, үйде кім қалады? Жәміл кейін бізбен бірге барады, — деді әжем.

Мен олардың сөзін тыңдаймын да таң қаламын. Мен Оксанамен бірге қайда болса да баруға дайынмын. Неге ол жалғыз өзі кетуі тиіс? Соншалықты неге түсінбейді мыналар? Дауыстап қатты жылағым келді.

Біразға дейін бәріміз сөйлемей отырдық. Онан соң әжем қолымен тұруға белгі берді.

Бәріміз далаға шықтық. Елдің бәрі Петро ағайды қоршап алып, оның қолын қысып:

— Қош, туысқан, бұл ақырғы кездесуіміз болмасын! — десіп жатыр.

Біреу Оксананы қолына көтеріп, сүйіп-сүйіп алды. Ол оны басқа біреуге беріп, Оксана қолдан-қолға өтті. Қоштасу өте ұзаққа созылды. Ең соңында Оксанаға әжем келіп, оның шашынан сипалады.

— Қызым, бақытты бол! Адал бол!

Барлығымыз арбаға мініп алдық. Мамам Оксананы тізесіне отырғызды. Папам делбені сілкіп қалды да, біз жүріп кеттік. Біздің қақпа алдында тұрған жұрт қол бұлғады. Өкси жылап, Фагима қалды. Ал Марат пен Фарит арбаның артынан жүгіріп келеді.

— Қош, Оксана, сау бол! — деп айқайлайды олар.

Қарындасым оларға қолын бұлғайды. Балалар ауылдың сыртына шыға бере ілесе алмай қалды. Бірақ сонда да әлі жүгіріп келеді. Ақырында олар тоқтады да, артымыздан көпке дейін қарап тұрды.

Біз орманнан, таудан, бір кезде папам бәріміз отырып дем алған көгалдан өтіп бара жатырмыз. Кенет папам атты тоқтатып, арбадан секіріп түсті де:

— Ал, балаларым, алдыға түсіп жүгіріп, аяқтарыңның қанын таратыңдар, шаршаған кезде қайтып мінісіндер, — деді.

Оксанаға арбадан түсуге мама көмектесті. Мен өзім секіріп түстім. Біз сарғайған шөп үстімен жүгіре жөнелдік. Гүлдер көрінбейді, олар қурап қалған. Көбелектер де жоқ. Бір шөмеле пішеннің үстінде әлдеқандай сұр құс отыр. Оның көлеңкесі жерге түседі.

“Кіш-ш-ш!” — деп, айқайласам да, үшпайды.

— Үркітпе оны, Жәміл, мүмкін оның ұйқысы келіп отырған шығар. Неге ол жалғыз, а? Оның балалары қайда? Әлде оның балалары бір жаққа қонақ болуға ұшып кетті ме екен, — деді де Оксана тына қалды. Сәлден соң тағы да жайлап сөйлей бастады. Мамам бүгін ауыз үйге менімен бірге шығып, мені көпке дейін аймалап құшақтап, ақырында өксіп жылап жіберді...

Мен артыма бұрылып қарадым. Мамам, папам, Петро ағай үшеуі арбаның артында келе жатыр.

Алыстан біздің дала жақ бұлдырап көрінеді. Жазда сол жерге менің қарындасымның көздеріндегі ботакөз деген көкшіл гүлдер өседі. Сол гүлдерді біз жұлып үйге әкеліп, стаканға су құйып соның ішіне салып қоюшы едік. Енді ол гүлдер жоқ. Біздің башмақтарымыз да тозып қалды. Оксана болса ол да кетіп бара жатыр. Үйде тек “Оксана” атты алма ағаш пен әдемі қаз балапаны ғана қалды.

— Оксана, қарындасым менің, сен кетпесеңші! — деп жалынамын мен оған.

— Мамам папаңмен бірге баруың керек деді. Менің папам жақсы кісі, Жәміл, ол сені де, мені де жақсы көреді. Сен мамаң екеуің бізге мейман болып келесіндер. Ол кезге дейін біз жаңа үй салып аламыз.

Артымыздан арба қуып жетті де, Оксана екеуіміз оған қайтадан мініп алдық. Ұзақ жүріп қалың ормандардан, көпірден, көлдердің жағасынан өтіп, тағы да тауға көтерілдік. Артына будақ-будақ ақ түтін қалдырып, алдымыздан поезд өтіп бара жатыр. Бір топ талдың ар жағынан бір ақ үй көрінді:

— Міне, келіп те қалдық, — деді папам.

Ақ үйге жетпей арба бір ағаштың түбіне тоқтады. Папам мен Петро ағай үйге қарай кетті де, басқамыз арбаның

қасында қалдық. Жалтылдаған рельстер ақ үйдің жанынан өтіп, әлдеқайда алысқа кетеді екен. Олардың шеті мен шегі жоқ сияқты. Осы рельстермен поездың дөңгелектері дөңгелейді.

Үйдің алдында біркелкі үлкен тастар төсеулі жатыр. Олар Мансүр атай балтасын қайрайтын тасқа ұқсайды. Тек олар бұл жерде көп және бір-біріне қабыстырыла төселіпті. Олардың үстімен үлкен адамдар жүр, біз сықылды жас балалар мұнда көрінбейді.

Мамам Оксана екеуімізді қолымыздан жетектеп, біркелкі төселген тастардың үстімен жүрді. Мамам не сөйлемейді, не күлмейді.

— Билет бар ма? — деген папамның даусы естілді. Ол Петро ағай екеуі бізді қуып жетті. — Қазір поезд келеді. Жүктерді алып келейін, — деп папам арбаға кетті.

Петро ағай біздің қасымызда қалып мамаммен сөйлесіп тұр. Олар башқұртша сөйлемейді, сондықтан мен олардың сөзін түсінбедім. Жүктерді көтеріп папам да келді. Енді олар үшеуі сөйлесті. Әлдебіреу:

— Келе жатыр! — деп айқайлады.

Айналадағы елдің бәрі жүгірісе бастады. Ағаштардың арасынан паровоз көрінді. Оның қатты дүрсілдеткені соншалықты тіпті жер дірілдеп кетті. Паровоз біздің қасымыздан өтіп бара жатып, бар екіінімен пысылдаған кезде, мен қорқып кеттім. Мамам мені жеңімнен тартты, біз вагондардың артынан жүгірдік. Петро ағай вагон алдында жалтылдаған түймелері бар қара костюмді кісіге билетін ұсынды.

Қоштаса бастадық. Петро ағай алдымен мамамды құшақтап, қолын қысып қоштасып, онан соң мені бетімнен үш қайтара сүйді. Оксана кенет мамама жүгіріп барып, қатты қысып құшақтап, құшып-құшып алды. Мамамның иығы дір-дір етеді. Папам мамамның қолынан Оксананы алды да, екі бетінен кезек сүйіп жерге түсірді.

— Балаларым-ау, қоштассандаршы! — деді ол менің иығымнан қарап.

Қарындасым маған жалт бұрылған кезде, мен оның моншақ-моншақ парлаған көз жасымен жуылған бетін көрдім. Оны құшақтай алып:

— Оксана, қарындасым менің, кетпесеңші! — деп жылап жібердім. Папам мені жұбатып:

— Жәміл, жылама, шырағым, сендер жақында тағы кездесесіңдер. Бөтен емес, туған жеріміз бір, — деді.

Петро ағай қарындасымды вагонның баспалдағына көтеріп шығарып, өзі де секіріп мінді. Кенет паровоз ысқырып, вагондар қозғалып жүре берді.

Вагондардың артынан папам мен мамам қолдарын бұлғайды. Өне бір вагонның терезесінен Оксананың ақ орамалшасы көрініп қалды. Міне, поезд бір шоқ ағаштардың арасына кіріп кетті де, көзден тасаланды. Ал біз болсақ орнымыздан қозғалмай әлі тұрмыз. Кенет мен мамамның көмескі, баяу даусын есіттім.

– Жыл құсындай балапаным, өз ұясына кетті...

– Олай деме, Күнбике, біздің қызымыз түпкілікті біздің үйдің көркі болып қалады. Енді бұдан былай тек Оксананың ғана емес, мына бәріміздің де екі ұямыз болмақ. Петро өз жеріне әрі жаңа, әрі кең үй салады. Мұны істеу оның қолынан келеді. Ол күшті адам. Ал мына біздер олармен бірге мәңгілікке қуанышқа да, қайғыға да ортақ болмақпыз. Бір-бірімізге меймандыққа барып тұратын боламыз, керек болған жағдайда көмектесіп те тұрамыз.

Мен әлі топ ағаштардың ар жағындағы ыдырап бара жатқан қою бұйра түтінге қарап тұрмын, бірақ көз алдыма тап қазір үлкен жаңа үй елестейді. Ол үйдің жанында біздің бағымыздай бақ бар. Сол бақта бір қайың мен бес алма ағаш тұр. Қораның ішінде байпаңдай басып әппақ қаздар жүр. Қол ұстасып алып Оксана екеуміз биік баспалдақпен көтеріліп барамыз.

Алыстан паровоздың даусы естіледі. Үстімізде мөлдір ашық аспан күлімдеп тұр. Оның көкшіл түсі, папам: “Біздің үйдің көркі” — деп атаған қарындасым Оксананың көздерінен аумайды.

*Орышадан аударған
Шерхан Мұртаза.*

7-СЫНЫП

КІРІСПЕ

7-сыныпқа Қарақалпақ халқының XVIII ғасырда өмір сүрген жазба әдебиетінің негізін салған Жиен жырау Тағайұлының “Қырық қыз” дастанынан үзінді беріліп отыр. Қарақалпақ халқы да XVIII ғ. жоңғарлар шапқыншылығына ұшырады. Қазақ халқымен бірге жоңғар қалмақтарына қарсы күрескендердің ішінде болды.

Бұл халық ауыртпалықты, қиянатты көп көрді. Осы оқиғаны Жиен жырау өзінің ел тарихын баяндайтын “Босқан ел” деген дастанында толық суреттеген.

“Қырық қыз” дастаны шапқыншылыққа көп ұшыраған елдің азаматтарын айтпағанда, қыздары да ержүрек батыр болса деген арман-тілекті білдіреді. Бұл дастан – халқының мол тарихын қамтитын ұзақ жыр. Қалмақ ханы Сұртайша мен қызылбас (иран) ханы Надиршақтың Қарақалпақ елінің ежелгі қалалары Саркоп пен Хорезм халқын аяусыз қырғынға ұшыратқанын, оларға қарсы аттанған елінің жерінің намысын қорғаған батыр, өжет, намысқой жігіттер мен қыздардың асқан ерлігін толық суреттейді

Ұйғыр әдебиетінің классигі Біләл Назым 1825 Құлжа қаласында туған. 1864 жылы Іле уәлиатында болған ұлт-азаттық көтерілске қатынасқаны үшін қуғынға ұшырап, мыңдаған ұйғырлармен бірге Жаркент қаласына қоныс аударады. Осы қалада 1900 жылы қайтыс болды. Көптеген өлеңдер мен “Назығұм қиссасы”, “Азаттық үшін айқас”, “Сәлделі сайтан” деген дастандары бар. Ол өмірден:

Жек көрмендер мені, достар, тәңірімнің құлымын,
Бүгін анық білмегенмен Отанымның ұлымын.
Аңсауменен өтіп барам бақытты күн сәулесін.
Ғылым кейде ұмыттырар тіршіліктің әуресін.
Түнек жүннен құтылса егер тербетілген ел бесік,
Меніңдағы бағым жанып өткенім ғой өр көшіп, —

деп халқының бостандыққа жетіп, ел болуын армандап өтті. Ақынның Назығұм туралы дастаны ел арасына тез тарады.

XIX ғасырдағы Құлжа қаласындағы ұйғыр халқының тауқымет тағдыры суреттелген. Қазір қойылып жүрген “Назыгум” операсы осы оқиғаға құрылған.

Бұл 7-сыныпта бағдарлама бойынша оқып талданатын “Қозы-Көрпеш — Баян сұлу”, “Айман — Шолпан” жырларымен салыстыра оқып түсіну, шығыс қыздарының басынан өткен өмір тауқыметін түсініп білу, қырғыздың, ұйғырдың әдебиет үлгілерімен таныстыру көзделді.

ЖИЕН ЖЫРАУ ТАҒАЙҰЛЫ

XVIII ғ. Қарақалпақ халқының жазба әдебиетінің негізін қалаушы

ҚЫРЫҚ ҚЫЗ

(Қарақалпақ халқының қаһармандық дастанынан үзінді)

Бұрынғы откен заманда,
Дін-мұсылман аманда.
Қарақалпақ елінде,
Түркістанның жерінде,
Аз ноғайлы жұртында,
Саркоп деген шаһарда,
Атағы шыққан жасынан,
Дәулеті судай тасыған,
Аллаяр деген бай болды,
Төрт құбыласы сай болды.
Айқасса жауын алғандай,
Ер жүрек, өжет ісіне
Халық бір қайран қалғандай,
Ақылды, жомарт, кең пейіл,
Алты ұлы соның бар болды.
Алты ұлына қарындас,
Тал шыбықтай өрім жас,
Аш белінен бұралған
Алтынмен үсті бұланған,
Қара қас, мөлдір көзі бар,
Қолаң шаш, шырын сөзі бар,
Ерні жұқа қаймақтай,
Аузы бейне оймақтай,
Пісте мұрын, ай кабак,
Аршын төсті, ақ тамақ,
Маржандай әсем тісі бар,
Перідей сұлу түсі бар,

Алтын гауһар басында
Өзі он төрт жасында,
Алты бірдей бауыры
Еркелетіп өсірген
Гүләйім жалғыз қыз болды.
Омырауында жарқылдайды тұмары,
Ерке жүзі — ер жігіттің құмары.
Толықсыған гүл шағында Гүләйім
Дүниеге кең тарады хабары.
Тараған соң аты дүние жүзіне,
Әркімдер-ақ ғашық болды өзіне.
Балғын жігіт, албырт жанын арнады
Күліп айтқан жалғыз жылы сөзіне.
Көрген адам келбетіне тойғандай,
Есі кетіп, ақыл-еркін жойғандай.
Айсыз түнде сыртқа шықса Гүләйім,
Қараңғы үйге дүрі гауһар күйғандай.
Құмартасың асыл гүлді көргендей,
Сәулесіне күннің нұры ергендей,
Күн шықпаса, қырық жыл қырғын болса да,
Аппақ жүзі ай сәулесін бергендей.

Жүзі өткір батыр жігіт ыққандай,
Отпен кіріп, күліменен шыққандай.
Назар салып келбетіне карасаң,
Сұлу тұлға сом алтыннан соққандай.
Осылайша Гүләйім
Келді он бес жасына,
Талай сабаз айттырып,
Оған болды ашына.
Ағаларға жағынып,
Ауылға кімдер келмеді,
Тәкаппар сұлу Гүләйім
Бірін де көзге ілмеді.
Дәулетті небір мырзаға
Жөнді жауап бермеді,
Парасатты жасынан
Сиқыр сөзге ермеді.
Құлпырған әсем құндыздай,
Ерте тұрып, кеш батқан
Көкте жарық жұлдыздай,
Көргеннің ішін жандырып,
Сүйгізбей мейірін қандырып,
Дәурен сүрді Гүләйім.
Қасына қырық қыз алып,

Қарсы жаудан саспады,
Талайдың жүзін жасқады.
Жігіттер жүрді сыр тартпай,
Шашын да жанға сипаттай,
Қырық қызбен Гүләйім
Елден ерек болуға,
Тамашалап тұруға
Атадан рұқсат сұрайды:
Атасы берді еншіге
“Миуалы” деген жер кеңін,
Екі етпей сөзін еркенің
Гүләйімдей көркемнің
Жайнатқан жиһаз жасауын,
Атасы берген екенге
Тіктірді сәнді отауын.
Ұсталардың ішінен
Он екі шебер алдырды.
Ақ отауды айнала
Қолдан қорған салдырды,
Көк құрыш пен шойыннан
Қақпасын берік ойдырды.
Босағасын бекемдеп,
Қорғасыннан құйдырды.
Қақпаның әрбір жақтауын
Бір жыл төрт ай соқтырды.
Нақыштап сыртын ғажайып,
Пұшпағын дәлдеп қидырды.
Ауырлығын одан біл,
Қақпаның әрбір жақтауын
Үш жүз адам жиғызып,
Орнына зорға қойдырды.
Қанша мезгіл болғанда
Қалғанын түгел тұрғызды.
Бес кілті берік құлыпты
Қақпасына ұрғызды.
Қорғанға құлып салған соң
Дөрекі жерін сүргізді.
Шор болып біткен іргеге,
Асыл тегін төккізді,
Құнарын суға қандырып,
Гүл-бақшалар еккізді.
Бірнеше күндер өткенде,
Ай өтіп, жылдар жеткенде,
“Миуалы” ғажап бақ болды.
Жұпар гүлдер ашылды,

Бұлбұл күстар сайрады,
Жемістер пісіп жайнады.
Тамаша той істеуге
Гүләйім халқын жинады,
Қырық қызбен қияда
Көкпар тартып ойнады.
Соңына ертіп біразын
Тайынша сойып сүйретті,
Қыздарға қылыш ұстатып,
Батырлыққа үйретті.
Ақылды туған Гүләйім
Орнатты барлық зейнетті.

Қаруланып қырық қыз
Атқа тегіс мінеді,
Бекем буып белдерін,
Еркекше киім киеді.
Төрт бөлініп он-оннан
Жау болып баққа тиеді.
Жаракты жауды қырған боп,
Аударып алып атынан
Бір жерге бөрін үйеді.
Мұны көріп Гүләйім
Сықылықтап күледі.
Қыздардың мұнша қызығын
Жанымен жақсы көреді.
Жинап алып қасына,
Былайша сөйлеп береді:

– Мен жылаймын бір құдайға зара-зар.
Қыс болғанда жел соғар да, жауар қар.
Бақ ішінде сайрандаған қырық қыз,
Айтатұғын сырым бар да, сауал бар.
Үш жыл болды бұл қонысты жайладық,
Сан бедеуді белдеуге де байладық.
Сайысқандай қырық бір атты суытып,
Кеше күндіз түрлі ойын ойнадық.

Бедеулерге мызғымастай салдық ер,
Мініп шықтық, омыраудан ақты тер,
Әл бермеді, алып қашты оскырып,
Нені білді мынау түрған Ақтанкер?

Қара тасқа қадап басып тұяғын,
Жан-жағына қаранады пырағым.
Жан достарым, айтындаршы себебін,
Жануарым тікті неге құлағын?

Долы желге жатық жалын тарайды,
Кісінейді, бауырынан жарайды,
Елегізіп күні-түні Ақтанкер
Қайта-қайта көкке неге қарайды?..

Шақырсам да бір елейін демейді,
Мінсем тағы қырсығады, желмейді,
Бөгелместен жауап берші, қырық қыз,
Жер тарпынып, неге жемін жемейді?

Көп қаранып теріскейге, құбылаға,
Көз де салмай мынау берік қалаға,
Ұшқан құстай қарғып биік ауладан,
Не себепті кетті шауып далаға?

Қырық достым, бұған көңіл бөліндер,
Бұл сұмдықтың мәні-жайын біліндер,
Ертеңгі күн намазшамнан қалдырмай,
Сауалыма толық жауап беріндер!

Сонда тұрып қырық қыз
Бұл сөзге қайран қалады,
Қалайша қайран қалмасын,
Шешуін таппай сұмдықтың
Әр саққа жорып, шолады,
Ойлары мүлде таусылып,
Жүздері жүдеп солады.
Түзге де шығып қырық қыз
Жұмбақтың жөнін біле алмай,
Уайым-мұңға толады.
Қырық қыздың ішінде
Бидай өңді, қой көзді,
Ақылды, ауыр мінезді,
Ат басындай жүректі,
Ақ сүйіріктей білекті
Сарбиназ сұлу бар еді.
Перизат туған Сарбиназ,
Барлық қыздан жас еді,
Жас та болса күн-сұлу
Күллі қызға бас еді.
Тыю сапты қыздардың
Көзден аққан жасына,
Барлығына қол бұлғап,
Шақырып алды қасына.
Қасына қыздар келген соң,
Сәукеле киді басына.

Сұлуларды сылантып
Ертіп алды соңына,
Сұраққа жауап ол тауып,
Іс айналды оңына.
Жұмбақты шешіп беруге
Сарбиназ келді иіліп,
Қасы-көзі қиылып
Гүләйімнің алдына.
Сарбиназ бұрын сөйледі,
Сөйлегенде не деді:

Баһрам болса бақта гүлдер терейін,
Өлгенімше өз соңына ерейін,
Кешегі айтқан сауалыңа, жан апа,
Білгенімше бір жауабын берейін.

Атаңа айтып шебер ұста алдырдың,
Қатулансаң ерді соңға қалдырдың,
Он тоғыз ай Миуалыдай қонысқа
Қола-жезден берік қорған салдырдың.

Қақпаларды қас шойыннан құйдырдың,
Алдын сәндеп алтынменен ойдырдың,
Неңдей күштар жұлқыса да қозғалмас
Бес ашқышты берік құлып қойдырдың.

Хабарым бар, бар күштіні топтадың,
Алты ай болды бедеулерді баптадың,
Жинастырып жау жаракты, жан апа,
Найзаларды қарағайға саптадың.

Қорған еттің Миуалының алабын,
Бастап жүрсің батыр ердің талабын,
Тот бастырмай күнде қолға ұстатып,
Майлап қойдың қылыштардың қынабын.

Кейбір түнде серуендеп шеттедің,
Найза ұшын кеңірдекке кептедің,
Хабарым бар бәріне де, жан апа,
Саудыраған сауыттарды септедің.

Маңайыңа жинап алып біздерді,
Жаннат қылдың қурап жатқан түздерді.
Қырқымызды қырық бедеуге мінгізіп,
Айттың ғажап өнегелі сөздерді.

Қылыш беріп оңға-солға серметтің,
Атан жығып, әрбі-берлі сүйреттің,
Бедеу мініп, жауға қалай шабуды,
Жан апатай, үш ай, он күн үйреттің.

Қалмақ ханы бес жыл жинап қаласың,
Салық салып шуылдатты даласың.
Даярланып біздің елді талауға,
Мекен етті Жанадария жағасың.

Бұл қалмақтың ұлы мың үйлі қосы бар,
Батыры көп, қайтпайтұғын күші бар,
Сұрша батыр жауды бастап келеді,
Атаңызда алатұғын өңі бар.

Ол келеді дүбірлетіп жер-көкті,
Асықпай-ақ айта берсем зар көп-ті,
Атты жылда Сұрша келіп, апажан,
Бір-ақ түнде қамап алар Саркопты.

Қан майданда бедеу аттар шабылар,
Күні-түні дамыл тапшай сабылар,
Тап сол күні атаң мінген торыға
Қайғыменен кара жабу жабылар.

Іздеп келген дұшпан жыртпақ жағанды,
Байламақшы мөлдір сулы сағанды,
Бұл қалада шырқыратып, жан апа,
Дарға аспақ алты бірдей ағанды.

Сонда, апа, ақ сауытты киерсің,
Қырық қызыңмен ат құйрығын түйерсің,
Атаң, анаң, халық кегін алуға,
Қалмақтардың бір жерінен тиерсің.

Қызыл қаннан дария болар кара жер,
Келер ұрпақ мұнда тасқын аққан дер,
Сол уақытта құшақтасқан өліктен,
Қарғып өтер астыңдағы Ақтанкер.

Оқыранып тікірейтсе құлағың,
Қара тасқа қадап басса тұяғың,
Сол соғыста жануарға оқ тиіп,
Омырауыдан қанның атар бұлағың.

Бұрынғыдай шақырғанда келмесе,
Күн де таңдап берген жемін жемесе,
Жан апатай, сені жауда қалдырмай,
Аман алып шығады екен ендеше.

Долы желге жібек жалын тараса,
Кісінесе, бауырынан жараса,
Хабары бар қалмақтардың атынан,
Осқырынып көкке жиі қараса.

Міне, апа, менің осы білгенім,
Сауалыңа қысқа жауап бергенім,
Қателесем қаһарындай ғапу ет,
Осы болды өзімше ойлап көргенім.

Қалмақтардың келер батыр, палуаны,
Қанды соғыс алты жылға барады,
Жан апатай, болжау қиын күн бұрын
Кім өледі, кім болады жаралы?!

*Қарақалпақ тілінен аударған
Хамит Ереалиев.*

ГҮЛӘЙІМДЕРДІҢ ҚАЛМАҚТАРМЕН СОҒЫСЫ

Жиырма үшінші жыр

Сөз қозғармыз әр баптан,
Сұртайшадай қалмақтан,
Қолдарына қаны аққан.
Әскері қашып аңдаған,
Бір іс болып болмаған.
Қыздырысты хан шекені
Халқын қамап қалаға,
Жан шығармай далаға,
Тұтқындардың түбіне
Онан сайын жетеді.
Әдемілеп “сыйлайды”,
Шыбын жанын қинайды,
Қорғанын соғып нығыздап,
Көк жарағын жинайды.
Тұтқындағы халықты
Қараңғыға қамайды,
Қайғыға қайғы жамайды.

Жазықсызды жазғырып,
Күнде қойдай сабайды.
Қалмақтың ханы Сұртайша,
Не ғаламат бастайды.
Шырылдатып баланы,
Алауларға тастайды.
Азғана күн ол залым
Көңілін әбден демдейді,
Жапаланған халықтың
Қанды жасын көрмейді.
Тұтқындарды зарлатып,
Бір жұтым су бермейді.
Азап беріп халыққа,
Әзірленді соғысқа,
Екеу болса тауығы,
Бірін тартып алады.
Екеу болса лағы,
Оның бірі қалады.
Жалғыз малды сорлының
Әскерінің жолына
Жалғыз малын шалады.
Сексендегі шалдарды,
Әскерлікке алады,
Зор қайғыны салады.
Қарсы шықса қайсы бір,
Қақыратып шалады.
Зомбылық пен зорлықты,
Көріп мұндай қорлықты,
Халық ығыр болады.
Көңіліне мүскіннің.
Қайғы бұлты қонады.
Байғұстар тек шошынып,
Тұтқындарға қосылып,
Күні-түні зарлайды,
Зарлайды да толғайды:
– Уа, құдайым, құдайым,
Басқа салдың уайым.
Болады теңіз телегей.
Запырандай зарымыз,
Нанды сұрап телмірдік.
Төгіледі бет арымыз,
Басымызда билік жоқ,
Хандікі не барымыз.
Пысқырмады біздерге
Сұртайшадай ханымыз,

Соғыс болса зор дүбір,
Хан үшін ол бәрібір.
Өлсе халық өледі,
Бұлсе халық бүледі,
Бұл патшаның қас жауы
Қашаннан-ақ біз бе едік?
Кісіге ойран салғандай,
Жетпейді ме өз жері.
Айдарына малы бар,
Киеріне бәрі бар.
Тағы неден зары бар,
Кигізді де қамытты,
Күнәсіз бір халықты,
Қайғы отына келтірді
Тамақ бермей, су бермей,
Тарықтырып өлтірді.
Дарбент таудан әскері,
Қанға батып келге ті.
Үш күн болды Сұртайша,
Елге маза бермеді,
Қанды қылыш сермеді.
Жатса ұйқысы келмеді.
Оның сонша сасқаны
Бір шыбындай жаны еді,
Естуіміз бар еді;
Түркістанның елінде,
Келе қалған өмірге
Қырық қызы бар соңында.
Бар дейтұғын бір батыр.
Миуалының жерінде,
Жасыл жайлау белінде,
Қырық қызымен құрсанып
Қанды майдан шебінде,
Жатыр деп ед тақауда,
Ақ үзiктi отауда.
Тұтқын болған елінің,
Жолын қуып кегінің,
Қанат жайған болар ма?
Тасырлата талқандап,
Тайшаға ойран салар ма?
Келіп қалса ылайым,
Бергені сол құдайдың.
Құтылғаны өлімнен,
Тұтқындағы талайдың.
Сұртайшадан құтылып,

Күлдықтарын сыпырып,
Ашылғаны маңдайдың
Жетіп келсе, батырлар.
Біздер қарсы шықпайық.
Сол қыздарға ақырда
Қанды найза сұқпайық,
Батырларға бір барып,
Күшімізді қосайық.
Елдің келген ерлері
Істі оңына келтірсе,
Сұртайшадай залымды
Ит қорлықпен өлтірсе,
Құтылып озбыр залымнан,
Шаттанысып барлық жан
Барсақ жақсы мекенге.
Сынбай біздің сағымыз,
Тез кідіртпей құтқарса,
Жанады шын бағымыз.
Жанды қанға селдетсін,
Сол батырлар тез жетсін,
Ауызға алып алланы
Күндіз, түн дем алмады
Халық солай зарлады.
Халықты мұң шалғанда,
Екінді әдет болғанда,
Гүләйімнің қыздары,
Қала жаққа ағылды.
Аттар шауып сабылды,
Қаладан дабыл қағылды
Оқтан ұшқан сызықтар
Шақпақ оттай шағылды.
Гүләйім қыз ер еді,
Қорған жаққа келеді.
Өзі биік сол қорған,
Құйылыпты қоладан
Он құлаштай ені бар
Өте алмастай жан адам.
Дарбазасы шойыннан,
Берік етіп құйылған,
Биіктігі орасан,
Ұшқан құстар өтпестей,
Жан жанары жетпестей,
Көз талады қарасаң.
Гүләйім таң болады,
Ашылмады қабағы,

Қызыл жүзі солады,
Барлаушыдан баяғы
Ешбір хабар болмайды.
Қанша әрекет қылса да
Қылған ісі оңбайды.
Кіре алмады қалаға,
Жата берді амалсыз.
Шатыр құрып далада,
Барарына есік жоқ,
Кіресіне тесік жоқ,
Гүләйім сонда қараса,
Байқап бәрін сынаса,
Тас қорғанға таянып,
Құлақ түріп тыңдаса,
Екі қолы байланған,
Терең зындан ішінде,
Запыран құсып қорланған.
Құлағына келеді
Ана даусы зарланған.
Даусын естіп ананың
Гүләйім қыз налалы
Есі кете жаздады.
Анасы іште аңыраса,
Өзі сыртта боздады.
Құлағына батырдың
Құлдық көрген халқының
Келді мұң мен зарлары.
Гүләйімнің мұны естіп,
Бойы от боп күйеді.
Сала алмай тың жолдарды,
Бұза алмай сол қорғанды
Басын жерге иеді.
Арыстандай қаһарман
Қызды құшақтап сүйейді.
Сүйей беріп сөйлейді:

— Бізге бітпес түсті ғой бір уайым,
Жазмышында жазған болар құдайым,
Құр қамығып қайғы бұлтын жамылма...
Батырлық қыл, басты көтер, Гүләйім.

Қайғылансаң шер жамалар шеріне,
Жолдастарың жасыр, босқа егіле.
Батыл болсақ бой бермейтін қиынға,
Дұшпандарың жолай алмас шеңіңе.

Бақта гүлдер күні бұрын майыспас,
Өз-өзінен егілмес жан жайып шаш.
Күнгірт тартып өр көңілің қалмасын,
Батыр адам қайғы отынды қайыспас.

Қайғыланба, қайратыңды тап тағы,
Қызыл гүлді солдырма еш бақтағы.
Атыңа қон, аттанайық тездетіп.
Елің жатыр сөніп ошақ оттары.

Әлің кетер жыласаң күр егіліп,
Арқа тұтып тұрған болар сені жұрт.
Қайғыланбай атыңа мін, аруым,
Сыр білдірме осындайда сөгіліп.

Арыстан солай ой тастап,
Алдын орап ойқастай
Кеткенінде Сарбиназ,
Күшін жиып бойына,
Ақыл қортты ойына.
Сарбиназ кеп бас иді
Гүләйімнің алдына.
Келе сөйлей береді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Бер қолыңды, айналайын апажан,
Қызыл жүзің сарғаймасын қападан
Ерлікпенен кері серпіп қақ айыр
Қайғы бұлтын тас төбеңе тақаған.

Бұл өмірге кімдер келіп кетпеген,
Батырлықтан кім бар дейсің шеттеген.
Талай пенде жылап-сықтап далада
Жан тапсырған жалынды ыза-кекпенен.

Қалмақ ханы қоршап бір кез алғанда,
Қылыштасып құрыш найза салғанда,
Ішкі сырын білдірмеген Айбарша¹,
Онан мұңғы кісі өтті ме жалғанда.

Жылай берсең қасіретінді кім білер,
Дұшпаныңды көздің жасы күлдірер,
Байлаудағы, бұғаудағы көп халқың,
Қажып әбден түп-түнекте түнерер.

Айбарша – “Мыс патша” эпосындағы қаһарман қыз.

Ақылға кел, апатайым, шыда да,
Көздің жасын көлдей етіп бұлама,
Көз жастарың жаңбыр болып жауса егер,
Қамаудағы халқың көңілі тына ма?

Құтқару үшін жыламау керек,
Қайсарлық жаса басқадан ерек,
Мұндай кездерде қайтпас қайрат,
Қаһармандық шығады жебеп.
Қанат байлап ақ сұңқардай ағайық,
Бұлбұлдармен шаттық әнін салайық,
Азат етіп құл, күн болған халықты,
Дұшпандардан кекті мықтап алайық.

Сарбиназдай қаһарман
Айтқаныңда бұл сөзді,
Гүләйім бірден күш сезді.
Өн-бойында лапылдап,
Қайрат оты жанады.
Қапаланған көңілі
Қуанышқа толады.
Сарбиназы жанында
Арыстанның алдында,
Етті сырын жария:
– Қойдым енді қайғы менен қапаны,
Ұмыттым мен көрген жәбір-жапаны.
Айтқаның рас, Арыстан батыр,
Алда асқаралы жылдар жатыр.

Қару кезеп бұл қорғанды алайық,
Жауды жеңіп сауық-сайран салайық.
Көтеріле тік жиылсын шатырлар,
Қайғыруды, зар қылуды қояйық.

Аямастан төгіп терді мандайдан,
Серпілтейік шерді жанға байланған.
Тез жиылсын шатырлар, атқа мінсін батырлар
Жарқылдап бір шығайықшы майданнан.

Кел, дауылдай бұрқырайық, жандарым,
Зұлыматтың ұшырайық қалғанын.
Лақтырайық айбаттанып ақырып,
Қорған түгіл даңқы Дарбент тауларын.

Гүләймнің сөздерін
Барлығы да мақұлдап,
Ант-су ішіп серттесті, —
Қылыштары жарқылдап.
Қайғы-шерді батырлар
Серпіп кері тастады.
Келіп алып шатырға,
Салып бәрін ақылға
Амал-айла бастады,
Болындар енді хабардар
Баяғы кеткен адамнан.
Күн-түн жүріп ол байгүс
Отті талай қамалдан.
Не дүлейлі дауылдан,
Аңызактан жалаңған.
Сонда дағы ол кедей
Қиындыққа бой бермей,
Өткелдерден өтеді,
Текшеленген тастардың
Қабырғасын сөтеді.
Бой жасырып бишара,
Айла-тәсіл етеді.
Мехнат көріп солайша
Қаласына Сұртайша,
Ақшам кезде жетеді.
Жасырынып жан сақтап,
Қалаға келіп кіреді.
Бұғып жүріп тың тыңдап,
Құлағын да түреді.
Іздеп тұтқын халықты,
Ерсіл-қарсыл жүреді.
Тыным таппай, дем алмай,
Түніменен кезеді.
Айтқанынан шығуға,
Берген сертте тұруға
Не де болса төзеді.
Ақыры ол тауапты,
Тұтқындағы халықты,
Шұрқырасып түс-түстан,
Көп жайларды жаны ұқты.
Көзден жасын тыймады,
Жанын азап қинады,
Әр бұрыштан тағы да,
Құл халықты жинады.
Жұрт алдында жасырып,

Жас жігіттей жасанып,
Гүлдей жүзі жайнады.
Көздерінде ғажайып
Қуаныш от ойнады.
Көңілін жуып дат басқан,
Ешкімге сыр айтпастан
Төсекке келіп жатпастан,
Сарғайып таң атпастан,
Халық ойын тап басқан
Айтар сөзін сайлады,
Күні бұрын ойлады,
Сонда тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қабыл болып құдайым,
Көзден аққан қанды жас,
Құтылар ма қамаудан,
Қайғыдағы бауырлас.
Күннің түсіп сәулесі
Кетті қара тас еріп,
Ағарып еді шаштарым,
Екі көзден жас төгіп,
Қуанышқа лайық,
Хабар айтам, халайық,
Құлағың сал, ағалар,
Құлағың сал, інілер,
Құлағың сал, аналар,
Құлағың сал, аталар,
Құлағың сал, балалар,
Құлағың сал, келіндер,
Құлағың сал, жеңгелер!
Білесіздер өздерің,
Кеудеме шер байланып,
Қайғыменен ойланып,
Өлер халге жеткен ем
Саудагермен сандалып.
Түйе тартып кеткен ем.
Салынды кісен аяққа,
Тағы бұғау қолыма,
Ұзақ сапар жолында
Жылай-жылай қамығып,
Жалғыз өзім жабығып,
Саудагерге қосылып,
Кең дүнием тарылып:
Сол кеткеннен кеткенде,
Астраханның бойынан,

Арқаға карап өткенде,
Көзім шайдай ашылды.
Күн нұрынан құйылып,
Үстіме меруерт шашылды,
Жау көңілі басылды.
Оң жағымнан ай туды,
Сол жағымнан күн туды,
Жайнап жүзім құлпырды.
Көңілім тасты біртүрлі.
Қиялым өрлеп шалқыды,
Қотарылып қайғы-дерт,
Қорғасындай балқыды.
Саркоптайын еліме
Қайтып жолым болғандай.
Бақшадағы гүліме,
Бұлбұл құстар қонғандай.
Құдай беріп, достарым,
Тыйылды көзден жастарым,
Қан жүгірді бойыма.
Шалқи ұшты ойым да.
Пақырың керді кеудесін!
Неге кеуде кермесін?
Қара бұлғтай түнерген
Қайғы неге кетпесін?
Аран ашқан жауыздар,
Өлер жерге жеткесін.
Белін бекем байлаған,
Соғысқа өзін сайлаған.
Он бесінен ойнаған,
Миуалыны жайлаған,
Ақ бұлғтайын ағарған,
Бақта қорған-шатыры,
Аман-есен табысты,
Жібермеске намысты.
Қырық ханымның ақылы
Елдің сүйген батыры,
Ағызбаңдар жас тегін,
Гүтәйімдей батыр қыз,
Ертіп барлық әскерін,
Іздеп бізді келіпті.
Ойран болған қаланы
Ергеректе біліпті.
Жолы болмай байланып,
Астарханды айналып,
Көп бөгеліп жүріпті.

Жасын төгіп егле,
Тұтқындағы еліне,
Көрсетуге жарықты.
Күрал алып қолына,
Салуга жауға бүлікті,
Шабақтап бір шаншуга
Елді сорған сүлікті.
Қыздарымен Гүләйім
Керуенте кеп жолықты.
Саудагерлер қысылды,
Бір сұмдықты түсінді
Үрейлерін ұшырды.
Тобасын еске түсірді.
Өлтіріп қарсы шыққанын,
Үзді бірден жұлынын.
Тартып алды мүлігін
Көрсетті ерлік істерін,
Жиды қаират күштерін.
Айбаттанған сол қыздар.
Алды жаудан өштерін.
Түйе сойып той қылып,
Жарылқады тойдырып.
Гүләйім қыз жарақты
Беруге ханға сабақты
Аттың басын қаратты,
Дамыл алмай жол тартты
Боларсыңдар хабардар,
Дарбент тауда дау-жанжал
Жарқылдаған соғыстан
Сұртайшаның көп қолы.
Өншең көкжал көк бөрі
Шыға келі түс-түстан.
Жалаңдаған қылышты
Жау түсірмек қолынан.
Бірақ, өншең батырлар
Тайынбады жолынан.
Ешбір еркін бермеді,
Қылыштарын сермеді,
Қарсы келген қалмақты
Қаңбақ құрлы көрмеді.
Бірақ тағы қалмақтар,
Көптік етіп дәндеді.
Алдын қырдым дегенде,
Арты тағы өрледі.
Артын қырдым дегенде,

Алғы жақтан желдеді.
Болды соғыс алуаны,
Айқасты ер, балуаны.
Құлай ақты қызыл қан,
Қызды ұрыстың майданы.
Біреу бастан айрылып,
Жатты айтылып иманы.
Жұмсап бұған бар ылаж,
Гүләйім мен Сарбиназ
Күшін барлық жинады,
Жанын аса қинады,
Астында аты жаинады.
Аспанға қарай атылып,
Лактайын оинады.
Атылған оқтың оттары,
Қараңғы түнге боилады.
Айрылды жұрт көліктен,
Ат шаба алмай сүрінді
Көпір болған өліктен.
Атылды оқ майданнан,
Атылды оқ жайлардан,
Сарқыраған қызыл қан,
Сапырыла ақты сайлардан.
Бұл соғыстың кескіні,
Көрініп тұрды қай-қайдан.
Өлікпенен шықты аты
Дарбент тауда бұл майдан,
Кетіп қалды ынғайдан.
Гүләйім мен Сарбиназ
Сәнді құндыз сәукеле
Киіп алып басына.
Мен сорлыны қол бұлғап,
Шақырып алды қасына.
Артық туған асылды
Қаңғыма оқ тиер деп,
Бір тасаға жасырды.
Құмарымды тарқатып,
Ақыл беріп көп уақыт,
Айтты маған бар сырды:
Достарым, дәл бұлайша,
Қорлығында Сұртайша
Қызыл қанға батпаңдар,
Қол-аяқты байлатып,
Зығырданды қайнатып,
Құр алақан жатпаңдар.

Қол қусыру ол да апат.
Қай жерде оған рақат.
Әрекетсіз адам бір
Ол да өлік аманат,
Болмайды онда мархабат,
Ар — адамдық салтанат.
Талап етіп талпынсаң,
Қыран құстай шарқ ұрсаң,
Бермегенін аласың.
Қол қусырып бос жүрсең,
Тірі өлік боласың, —
Деген ақымақ, қас, надан.
Ат аласын басқадан.
Кел, достарым, ойланып,
Бір әрекет жасайық.
Күні-түні зарланып,
Қайғырудан қашайық.
Шақырайық қайратты,
Көрсетейік айбатты,
Ағызып сел қандырды,
Құрытайық жауларды.
Өле өлгенше, дұрыстап,
Өгейік бір сертті ұстап,
Буырқанып күш жинап,
Жалын атып жан жинап,
Дайын тұру лайық.
Іздеп келген батырға
Көмекші бол, халайық.
Жәрдемсіз іс бітер ме;
Шу демесең жетектеп,
Көпірден түйе өтер ме,
Ақылды сөзің болмаса,
Ағайын сені күтер ме?
Жақсылық босқа кетер ме
Осы айтқаным бекер ме?
Құлақ тосып жатындар
Мен кеткенде батырлар;
Соғыспенен жаңғыртып
Астраханның тауларын,
Ішіп еді серттесіп,
Анттың ащы суларын.
Шаян менен жыланға,
Құрып еді ауларын.
Жарқылдатып қылышын,
Жаншып еді жауларын.

Қайраттанған батырлар,
Қаруын тағы салады,
Мініп алып бедеуге
Айылын бекем шалады.
Ертең бір күн шаңдатып,
Қалаға келіп қалады.
О, халайық, халайық,
Жанды отқа салайық,
Кіру үшін қорғанға,
Төте жолды табайық.
Аңқылдаған батырлар,
Қарулары жете алмас,
Аямай қылыш шапса да.
Арманына жете алмас.
Айнала тор қорғаннан
Ат секіртіп өте алмас.
О, халайық, халайық.
Бір амалын табайық,
Қарап жату аңырып,
Болмас енді лайық.
Көрдіндер ме, қарашы,
Мынау қалмақ қаласын.
Мұның да бар аласы.
Жылап жүрген аштан-аш
Көрдіндер ме баласын?
Білдіңдер ме шамалап,
Мейірімсіз көздің аласын.
Күнәсізді күнөлап,
Тайшаның берген жазасын.
Аштан өлген ана бар,
Бәрімізде қайғы-зар.
Шығарда да қатал заң
Мейірімсіздік етті хан.
Жазықсызды жазалап,
Жер бетінен тазалап,
Опат болды неше жан.
Бізден бетер торығып,
Аштыққа елі жолығып,
Жатыр міне далада.
Бізді көрген біразы
Алынды тас қамауға.
Біздер жолды табайық,
Оларды да алайық.
Соларға ақыл салайық
Бәріміз бір болайық;

Оларды да соғыска,
Дайындайық бұл тұста.
Бітті сөзі бұл жанның
Аузындағы зынданның
Қарауылды өлтірді.
Ісін оңға келтірді.
Күзетшінің киімін
Киіндірді бір жанға
Ашылды тез зындан да,
Тұтқын болған қалмаққа,
Жұрт көңілін табады.
Байлаулы қолын босатып,
Азаптан аршып алады.
Азғана сәл аялдап,
Болған істің барлығын,
Бастан-аяқ баяндап.
Айтқаннан соң ашылды
Қалған көңіл қаяулап.
Сеніп оған барлығы
Бір адамдай ереді.
Ертеңгі болар соғыска,
Кіру үшін ұрыска,
Анттасып серт береді.
Болар істі байқасты.
Көңілдері жайғасты.
Білекке білек айқасты.
Өш алуға өртке еніп,
Ант-су ішіп серт беріп,
Таң алдында тарқасты.
Бұл берілген анттары,
Шындық болып миланды,
Біраздары түсінбей,
Не болар деп қиналды,
Екінші түн топтанып
Тағы да ел жиналды.
Келген елдің көлемі
Кешегіден кемінде
Екі еседен көп еді.
Құрлы бәрі бас қосып,
Мәжілісті келелі.
Көк қорғанды тас кеуде
Батыр қыздар алғанын.

*Жиырма үшінші жырды
Қарақалпақ тілінен аударған
Сырбай Мәуленов.*

БІЛӘЛ НАЗЫМ

XIX ғ. ұйғыр әдебиетінің классигі

НАЗЫГҮМ ҚИССАСЫ

Хан зұлымдығының аяусыз шапқыншылығына қарсы шыққан “Назыгүм қиссасының” тууы жайында егде адамдар былай деп әңгімелейді:

Қытай ханы Даван әкімшілігі Қашқарды билеп тұрған кезінде Жаһангерқожа көтеріліс ұйымдастырып, хан билігін әлсіретіп, Қашқарды алты ай өз билігінде ұстаған екен. Одан кейін Құлжадан генерал губернатор Чингунки, Пекиннен Бейхуза, Ян ұлықтары көп әскермен Қашқарға қайтадан шабуыл жасап, жерілікті халықтың еркектерін өлтіреді де, әйелдерін тұтқын ретінде Іледегі қалмақ басшыларына “Қатын сісін” деп жер аударалы. Солардың ішінде болған Назыгүм мен оның ағасы да қорлық көреді. Қалмақ шенділері екеуін екі жаққа айырып жібереді. Назыгүм басынан аса қайғылы да қиын, қасіретті күндер өтеді. Міне, сол оқиға өлеңмен Назыгүм аузынан баяндалалы:

Бөгет болды тар қақпа,
Хабарсыз қалдың ар жақта.
Араның ашты қалмақ та.
Мен Нәзікті алмаққа.

Мұнар басты гау басын,
Жан көкешім, кайдасың?
Жар басына жеткенде
Жаңбырлады көз жасым.

Қыркылды ғой өрімдер,
Шерге толды көңілдер.
Қан гауындай қасірет.
Қалай ғана жеңілдер?

Таудан түскен төрт атты,
Азапты ауыр ер тартты.
Жағаласып жауымен.
Көрсетті әкем қайратты.
Дүрдің¹ киген аяққа,
Суық кісен салынды.
Жығылдым енді таяққа,
Кім білер ауыр халымды...

¹Дүрди: – торғын мағынасында

Әлжисса, Назыгүмның өзі сауатты әйел екен, (ол аса зерделі болғандықтан сол кезде молда атанған). Ибалы, бидай өнді, қарақат көз, қалам қас, сымбатты да нәзік тұлғасына қарап, қашғар халқы оған Назыгүм деп ат қойыпты. Оның аққұба жүзі мейірімге толы, жүрегі сезімтал, сергек десіпті. Міне, сол ел басына түскен ауыр күндердің бірінде Назыгүм таудағы уағдаласқан жардың басында ағасы Абдулламен кездесіп, шер тарқатады. Ағасы: “Айналайын, қарындасым, енді мұнда қалмай, басқа жаққа қашуың керек, тездетіп бой тасаламасан, қалмақ әйелдікке алады, одан көрген перзентің де қалмақ болып, өзің де өмір бойы кәпірдің күңі болып өтесің” дейді.

Сонда Назыгүмнің еңіреп тұрып айтқаны: “Ағатайым-ау. Дұшпанды көз жаздырып кетсем деген ниет менің де ойымда бар, бірақ сенен айрылып нәзігің қандай күн көрмек? Әйтсе де амалым бар ма? Өзінді аллаға тапсырдым”, – деп қоштасады да Құлжа жаққа бет алып, жүріп кетеді.

Қалмақтар той тойлап жатқан сайранды күндерде Назыгүмнің қашып кеткенін сезбей қалады. Арада бірнеше күндер өткен соң олар жан жаққа ат шаптырып ешбір дерек таппайды, ағасы Абдулланы қанша қинаса да ешнәрсе айтпайды.

Ендігі сөзді Назыгүмнің аузынан тыңдап көрелік.

Жас ару күндіз жасырынып, түнделете жүріп Ор Жұлдыз, Ой Жұлдыз жерлерін басып өтеді де қамыстан сал жасап, Іле дариясын бойлай ағып бара жатқанын бір қалмақ көріп қалады. Оны сол заматта хабарлайды. Бұны Күредегі генерал-губернаторға жеткізеді. Генерал екі жүз солаң¹ атты әскерін жіберіп іздетсе де, Назыгүмді қамыс арасынан таба алмайды. Арудың қамыс арасында жүріп айтқан екінші өлеңі:

Шоқ қамысқа күн түсті.
Ашындырған мұң күшті.
Тентіреткен біздерді,
Жаудың жаны қылмыс-ты.

Сапар шектім алысқа.
Дақ түсірмей намысқа.
Ізге түскен шеріктер²,
От қоймасын қамысқа.
Озбыр ханның заманы,
Айласын ойлап табады.

¹ *Сбе солаңдар* – шекарадағы қытай ханының ең сенімді ұлттары.

² *Шерік* – әскер мағынасында.

Қол шоқпары емес пе,
Соңыма түскен солаңы.

Таяқ алып қолыма,
Түстім Құлжа жолына.
Мендей нәзік пенденді,
Баста, тәңір, оңына.
Өлең жазым ақ тасқа,
Бірақ менде ат басқа.
Нәзік тірі тиер ме,
Өркеуде, әккі қақпасқа?!

Хан шеріктері қамысқа өрт қояды, Назыгүм болса өрт шалған қамыс арасынан түнделете қашып шығып, тау арасындағы малшының үйіне паналайды. Үй иесі азап шеккен жалғыз жолаушыны бәйек болып күтіп, алдына ас суын тосады. Сондай сәттердің бірінде Назыгүмнің әкесін, туған жерін есіне алып айтқаны:

Әкем қойған бұрымым,
Жібектей жерге оралды.
Жастық жалын, ғұмырым,
Үрейлі күнде тоналды.

Жан әкемді көре алмай,
Сөніп кетер ме екенмін?
Жемісінді тере алмай,
Бездім сенен, мекенім!...

Әлқисса, шеріктер тау тасты тінтеді деген хабарды естіп, Назыгүм түнделетіп Алматыға келе жатқанда алдынан іздеушілер кездесіп, ұстап алады. Бұл жайды Жанжұңға¹ мәлімдеп, Ши дейтін шендінің еркіне береді. Шидің әйелі Қашқар қызы екен, сол арқылы Назыгүмнің ішкі сырын білмек болады. Күтпеген жерден Шидің әйелі ару қызды тани кетеді. Екеуі бірімен-бірі көрісіп, мұңдасып отырғанда Нәзіктің айтқаны:

Иесіз қалған қыстаудың,
Есігін қытай ұстар мың.
Он екі күн болғанда
Жол үстінде ұсталдым.
О, бәйбіше, шалықта,
Сырласудан жалықпа.

¹ Жанжұң генерал-губернатор деген мағынада.

Дүние жинап ерін жүр,
Салық салып халыққа.

Жапырақ жайған шыңарын,
Мойнына салған тұмарын.
Бірі жоқ қой қасыңда
Білем, соған жылдың.
Жарқылындай лағылдың,
Жанарын әке, сағындым.
Жайкалар күні болар ма,
Қуарды гүлі бағымның.

Төрімде еркін жүрмедім,
(Тағдырым емес бір менің).
Қуғын көрген құстаи боп,
Барады өтіп күндерім.

Қайсысы сыймай кемерге,
Жан әкем іздеп келер ме?
Қасіретімді қанат қып.
Қашқарға жетсем, өлерде.

Ши әкімнің солаңға әйелдікке бермек болған шиғылын сезген Назыгүм, әкімнің әйеліне жалынып: “Ондай жексұрынға зорлықпен қосылғанша, өз қолыңда күң болайын” дейді. Әйел бұл сөзді жұбайы Шиге айтады. Назыгүмді бермеу жағындағы жанашырлығына ашуы келген Ши: “Ол жүрегіннің түгі бар қатын, сені де өз жолына бастайды” деп тыйып тастайды да, Нәзікті әкімшілік жолымен зорлап озбырға олжа етеді. Солаң сол күні ақ той жасап, арақ ішіп масаттанып, әбден есінен тана масаңды. Соны пайдаланған кекті Назыгүм алпауыттың басын кесіп, түнделетіп қашып шығады. Содан тоғай ішінде алты ай бойы жасырынып жүргендегі айтқаны:

Қор болман деп наданға,
Шешім еттім табанда.
Жалғыз жүрдім жасырын,
Нан пісіріп сабанға.

Нәзіктей өрім шыбықты,
Ұстауға шерік шығыпты.
Үрейлі хабар толқытты-ау,
Көңіл дейтін тұнықты.

Ешкім мендей болмасын,
Жаны шерге толмасын.
Жаңа көріп жалғаннан,
Орт шалып гүлі солмасын.

Түн де үрейлі, суытты.
Жаудың жаны уытты.
Қашқарым менің алыста,
Қалайша қызын ұмытты?!

Жаудың жолы болмасын,
Бетімді тәңір, оңдасын,
Тілдесер тірі жан да жоқ.
Қасқыр мен түлкі жолдасым...

Әлқисса, Назыгүмнің тамақ пісіруге жаққан отынан қалың тамысқа өрт кетеді, сол өрт үшқынын көрген шеріктер Назыгүмді қоршап алып тағы да ұстайды. Қолына күрсау, баяғына кісен салады. Дөң жамбылға¹ апарып тас қамап тастайды. Генерал-губернатор Жаң болса, Пекиндегі Даванханға Назыгүм жайында бар оқиғаны жазып хабарлайды. Арудың қорғанда жатып айтқан олені:

Оңалмады түс енді.
Жазықсыз талай кісі өлді,
Шаға алмадым қайтейін,
Аяқтағы кісенді.

Қорлаған соң ашындым,
Кектен қару ашындым.
Нәзік атым болса да.
Тұяғы едім асылдың.

Бөрене басын иықтан,
Жүрекке толды ұйып қан.
Сескенбей тағы отырмын.
Қараңғы зыңдан, тұйықтан...

Тартып алған олжасы
Алтынға толды дорбасы.
Киіздей күйін ысталған,
Жеменгердің моржасы.

Жамбыл – биік тас қорған.

Апиыншы соланның,
Былтеленген шашын-ай.
Табиғаттың ласын-ай.
Сол қолыңда насыбай...

Жарлық етсе хан Даван,
Жендетгер, жаңын жалдаған —
Бас алуға дайын түр,
Сусыны қанға қанбаған.

Өлтірген күні кескілеп,
(Қайтсе де халқым естімек).
Мұсылман елі еңіер:
“Арманда шейіт кетті” деп.

Жанымды торлап нелер мұң,
Жадымен¹ турар, өлермін.
Сонда да саған, туған жер,
Құс болып ұшып келермін!..

Әлқисса, Назыгүм туралы ел ішінде мынадай сөздер айтылады: генерал Даванханға хат жолдағаннан кейін, Назыгүмді жетінші жамбылға ауыстырды да, күндіз-түні сыртынан төрт әскер күзетіп тұрады. Қапаста жатқан қасіретті арудың айтқан өлені:

Екі қолым байланды,
Хан қылышы қайралды.
Күйзеліп күнде бұл қызың,
Тұтқында жатып ойланды.

Жан әкем, қалдың Қашқарда,
Жұлдызың едім аспанда.
Мен құрбаның болайын,
Сен жауыңнан жасқанба!

Төрт жастағы ұлымды,
Шешек жарған гүлімді.
Шерік барып өлтірді.
Тыңда, жұртым, мұңымды!
Қиялым көкті шарлайды,
Одан жаным талмайды.

¹ Жады — баскесер аспап.

Аузын ашқан ажалдан,
Мені енді алып қалмайды.

Халық жоғарыдағы өлеңдерді “Назыгүмнен қалған жыр” деп, осы күнге дейін аузынан тастамай айтып жүреді. Генералдың Пекиндегі ханға жіберген хатының жауабы сексен екі күн дегенде келіп жетеді: “Осы бұйрық түнде барса, күндізге қалдырмай, күндіз барса, түнді күттірмей, Назыгүм өлімге үкім етілсін!” делінген. Хан әмірі бойынша Назыгүмді арбаға отырғызып, үкім орындалатын алаңға алып барады. Естіген халық орасан көп жиналған екен. Назыгүмді сөренің үстіне шығарған, бір жемдет қылышын қынабынан суарады да алдынан, екіншісі артында тұрып басын шабады.

Сөйтіп зар заманның запыранындай ащы зардабынан қайран ару қаза табады. Айнала қоршап тұрған екі жүздей дүнгендер ақ арулап көмеді. Бұл жан түршігерлік оқиғаны Біләл Назым көне көз қарттардан жинап, (ескі жыл санау есебі бойынша 1299 жылы) Құлжада мына шумақпен жазып аяқтаған:

Үлбіреген жүрегіне жыры қайтып сыйды екен,
Зұлым патша зорлығына халқы қалай қиды екен.
Болса осындай барлық жерде арулардың жеңісі
Әлем жүзін жаннаттай ғып жарастырар жемісі.
Аруағына Назыгүмнің болсын алла сүйеніш,
Мұңлы әуенін естігенде егілуден күйеді іш.

*Ұйғыр тілінен аударғандар
Марфуга Айтхожина, Абылай Түгелбаев.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫҢ
АЖАТ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕСІ

8-СЫНЫП

КІРІСПЕ

Бұл сыныпқа тәжіктің классикалық әдебиетінің негізін салушы Абылхасан Рудакидің жырлары (ғазал, қасыда, рубай, маснауи) ұсынылып отыр. Оның әділеттілікті, адамгершілікті дәріптеген жырлары түркі тілдес халықтарға ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтарының арасына кең тарады. Өмірі туралы нақты дерек жоқ. Мөлшермен 858 жылдары туып, 941 ж. қайтыс болған деп болжам айтады. Ол Тәжікстанның Пенджикент ауданындағы Рудак қыстағында туғандықтан, Рудаки атанған. Көп еңбектері сақталмаған. Ол әлемге әйгілі хайуанаттар туралы аңыз “Қалима мен Димнаны” өлеңмен жазған. Ол қазақ тілінде жеке кітап болып шықты. Үнді халқының дидактикалық мысал дастаны. “Араб-Парсы” сөздігін жасаған.

Махмұт Қашқаридің “Түркі халықтарының бөйіттері” мектеп бағдарламасында берілген шығармаларын талдай отырып, өлең-жырларымен таныстыру мақсатында берілді.

“Башқұрт әдебиеті үлгілерінен” деген айдармен беріліп отырған, Башқұрт халқының бостандығы үшін күрескен ұлттық батыры, әрі дарынды ақыны Салауат Юлаевқа арналған — “Салауат батыр” дастаны. Салауат Юлаев (1752—1800) Ресейдегі 1773—1775 жылдардағы шаруалар көтерілісі кезінде Е. Пугачевтің серіктерінің бірі болды. Мақсаты халқына азаттық алып беру еді. Өзінің өлеңдерінде де сол мақсат-мүддесін жалынды жырларымен де, қайрат-күшімен де көрсете білген аңызға айналған ер тұлға. Әділеттік пен азаттықты аңсаған, сол үшін күрескен, жалынды жырларын осы тақырыпқа арналған Махамбет Өтемісұлы жырларымен салыстырып оқу көзделді.

Бұл сыныпқа Әзірбайжан әдебиетінің көрнекті жазушыларының бірі Анардың “Өтер жылдың соңғы түні” әңгімесі оқып, талдауға беріліп отыр. Бұл әңгімеде өздерініздей 8-сынып оқушылары туралы әңгімелейді. Олардың жаңа жылды қарсы алып, мерекелеу ойлары, сонымен байланысты оқиғалар суреттелген.

Р. Ғамзатов өзінің туындыларында көтерген мәселелерінің шынайылығымен, өміршеңдігімен әлем таныған тұлғаға айналған дарынды ақын, көсем сөз шебері.

Анар — Әзірбайжанға ғана емес, 1960 жылдан көп елдерге шығармалары аударылып танымал болған жазушы. Бірнеше көркем суретті фильм сценарийлерінің авторы.

ӘБІЛХАСАН РУДАКИ

*Тәжіктің классикалық поэзиясының
негізін салған көрнекті ақын*

ЗАМАН ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫСТАРЫ

Дүние деген бейне бұлақ,
Иіріледі, айналады.
Жаралғалы әлем зырлап,
Доңгеленеді, шайқалады.
Бүгін саған шипа дәрі,
Ертең у боп тиер жанға.
Жұтсаң кейін сол у тағы,
Шипа болар ауырығанда.
Заман илеп, жас қартайса,
Жаңартады ескіні де.
Гүлстандар шөлге айналса,
Шөлдер толар жастық гүлге.

Азап — кілем алдына
Кең жайылған — біздерміз.
Қайғыменен жүрегі
Мың шайылған — біздерміз.
Толқынындай теңіздің
Шермен шайқап тағдыры,
Рахатсыз өмірде
Мұң жамылған — біздерміз.

Өмір маған ақыл айтты — сол ізгі,
Қарап тұрсаң, өмір — ақыл теңізі.
Өмір айтты: бақытты деп өзгелер,
Күйінбесең — саған рахат тез келер.
Қанағат көр, басындағы бағынды,
Ансар көп жұрт сенің ол бір шағынды.
Өмір айтты: “Токтала біл ашудан,
Опа таппас бұл дүниеде ашынған.
Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне,
Бұғаулатар екі аяғын түбінде”.

Мен сауал қойдым — өмір жауап берді.
Ойладым — таныдым үздіксіз ұстаз өмірді.
Біреуді бақытты деп күндеме,
Басқа да күншіл — қағаспын деме! —
Заман илеп, жас қартайса,

Жанартады ескіне де,
Гүлстандар шөлге айналса,
Шөлдер толар жастық гүлге.
Жүрегінмен сезінбесең,
Әлемнің сырын ұқпайсың,
Көзіңмен көрем дегенмен,
Барлығын байқап шықпайсың.

Табиғат суреттері

Қара бұлттан құйды бүршак,
Көктен аққан жұлдызға ұқсап.

Жағада шынар, өрік көремін мен,
Сықылды шұбатылған түйе керуен.

Күн күркіреп, күңіренсе нажағай,
Он үш жасар қызы өлген ол анадай.
Қартайса көк оранған тал бұтағы, —
Гүлдің де көз жасындай, шық моншағы.

Шешек атып, жұпар шашқан, туды көктем сұлу кербез,
Ләззат, рахат мың құлпырып, жер-дүние көркейер тез.
Қарт адам да қайрат тауып, жас жігітше жалындайды,
Көрі әлем де жайнай қалды, жамылды да жарқын айды.

Адамдарға ақыл сөз

Қылыш бар деп қолымда өлтірме сен кісіні,
Қаламайды құдірет сол жауыздық ісіңді.
Шыңдалмайды сом болат әлдекімге сұқсын деп,
Сығылмайды жүзім де, ащы шарап ішсін деп.

Жақтырмайсың, білемін, қара нанды,
Қалағаның май жаққан нан ғой дәмді.
Байысаң, шырақ, мастанба, сабырлық етсең жарайды,
Көрген де бұрын көрешек дүние сендей талайды, —

Көрмейсің өзіндегі түйедейді,
Көргішсің өзгедегі түймедейді.

Ақылдының орнына ақымақ кеп қонды да,
Ұмытты көк есегін, үсте жыртқық тонды да.

Дүниенің байлығын басына үйіп қойсаң да,
Алғыс айтпас пенденің әдеті ғой қашанда.

Шарық киіп аяққа,
Есекке мінген пақырың.
Бүгін міне тілейді,
Арғымағын арабтың,
Қытайдың қол шатырын!

Білсем маған біреудің дұшпандығын,
Зұлымдықты жаныма тосқандығын.
Сол адаммен келіп мен жылы сөзге,
Достасуға ауады құштарлығым.

Өлеңім көркем Жүсіптей, мен оның көркіне құлмын.
Өлеңім бұлбұлдай, мен тағдыр көгендегенмен бірмін.
Ұлықтың талайын көрдім, талайын таныдым:
Жасанды жанашу, жасырған жауыз сырдың,
Арманым – соларға үлгі болмақ едім,
Ақыры міне... тағдыр қажытты даңмын өзім.

Дүние – албар, біз қоймыз, сөз бар ма, оған дау бар ма?
Ұйықтар мезгіл болғанда, – жөнелген жөн ғой албарға! –
Шараптан да адам кейде “ізгі қасиет” табады.
Баға жетпес алтыныңды табаныңа салады.
Оны ішсең жақсы-жаман мінезіңді ашады,
Шық бермейтін Шығайбайдың бар байлығын шашады.
Оны ішкенде сол-дария сирағыңнан келмейді,
Бір ғаламат батыл жігер көкіректі кернейді.
Көңіліңдегі түйткі болған қасіретіңді “жояды”,
Ақылыңнан алжастырып, ажуа қып қояды, –

Жапалақ ұшса жалпандап, еремін деп сұңқарға,
Қайырылар жасық қанаты, жүні қалмас бір тал да.
Осынау қиын өмірден, өнеге ал да кел, үйрен,
Сонда ғана өзіңнен, зұлымдық әр кез жеңілген.

Дүние дүние боп жаралғаннан,
Адамзат білімге аңсап құмарланған.
Халықтың әр тілдегі кемеңгері,
Көксеген білімді сан замандардан.
Талшықтап тапқандарын қадір тұтып,
Жазылып тастарда да ою қалған...
Білім – өшпес жүректе жанған шырақ,
Ол – көк сауыт, құрыштай қару-жарақ.

МАХМУД ҚАШҚАРИ

Түркі халықтарының бәйіттері

Үш адамды жақсылыққа бастағанды ғалым біл,
Оның ісін жұртқа жайып, қолдан келсе тәлім қыл.

* * *

Тоныңды асып тастама,
Асыңды бер басқаға,
Қонағыңды жасқама,
Данқыңды ол жаяды.

* * *

Ұлым, менің өсиетіммен жанды ауызына қаратқын,
Ғалым болып, білімінді ел ішіне таратқын.

* * *

Ел басшысы болсаң егер, жағымды істі кәсіп ет,
Бек қасында адамдарға жақсылықты тасып өт.

* * *

Жасалар қыстың қамы құтты жаздан,
Ойласаң шіркін ғұмыр тіпті аз да.

* * *

Қонақжай жомарт кетіп, дүние қараң қалды,
Жинапты бұл мекенге өңкей қу-сараңды.

* * *

Төңірін ұмытып, дүние жинады,
Туысын тиынға бола қинады.

* * *

Білімді адам еткен инабаты,
Талайлар жан нұрынан сыйға батты,
Ешкімді астамдықпен қинамапты,
Халыққа үлгілі істі өсиет қып.

* * *

Қонақты қарсы алғын, асыңды күттірме,
Қуана жар салғын, бір затын зытырма.

* * *

Өзгерді заман күймелі,
Парасатты ой сиреді,
Естіні есікке сүйреді,
Білімсіз зұлым басшы боп.

* * *

Ақымақ есін жиып ірге құрсын,
Қастаспай қой мен қасқыр бірге жүрсін,
Жайқалған өмір бетін гүлге бұрсын,
Береке ел ішіне тәртіп орнап.

* * *

Деді сенің жолыңда,
Азап тарттым сүйіктім,
Тас үгілді қолымда,
Аштысынан күйіктің.

* * *

Көршінді, туысыңды құрметте,
Таралар тәлімі оның сыры көпке,
Сый алсаң қарымына құры кетпе,
Онан да артық бұйым дайындағын.

* * *

Күліп келген адамның бетіне күл шашпағын,
Жақсылық ет қашан да, қалыбыңнан аспағын.

* * *

Тағдырдың жазуынан аса алмайсың,
Кез болар тасқын суды тоса алмайтын.

* * *

Тұлпардың туа біткен шабысы бар,
Басатын жолдың жақын, алысы бар,

Нөсердің кездестіретер сан ісі бар,
Келемін жануармен желдей есіп.

* * *

Жау тұтқынға алынды,
Азаптан қорқып жалынды,
Қылмысына малынды,
Бар еркінен айырылып.

* * *

Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға,
Тай ат болса – енесі артына алаңдар ма.

* * *

Әкім осы асқынған,
Өз еліне қас қылған,
Жазықсызды басқа үрған,
Отыр енді бүкшііп.

* * *

Көз жасым бұлақ болып толып ақты,
Аққу, қаз жүзуге оған келіп жатты.

* * *

Алуан гүл түрге еніп жайқалыпты,
Көркімен көңілдерге ой салыпты.
Табиғат талай жанға нәр танытты.
Әлемде өзгермейтін ешнәрсе жоқ.

* * *

Жазғы жайлау жасыл-ды,
Тұман түсіп, ашылды,
Жылқы үйездеп, қасынды,
Құлын-тайы кісінеп.

* * *

Батырлар қарсыласын аямайды,
Жан салып майдандасын аялайды.
Ешқашан төккен терін санамайды,
Ерлігін бір-бірінің алғыстаумен.

* * *

Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырынды.

* * *

Азық берсең мүсәпір алғыстаған,
Ренжітсең ондайды қарғыс саған.

* * *

Жаз болса, жылық ойнақтап жарысады,
Үйірін кісінесіп табысады.
Семіз ат ауыздықпен алысады,
Мырзалар сөйгүлікпен сейіл құрып.

* * *

Дұшпаннан таңғұт бегі тасаланды,
Әдісі уақыт еткен аса мәнді.
Басына бақыт-дәулет жасаған-ды,
Тәңірім оған медет бергендіктен.

* * *

Басқа дүние қиялымды не болса да жеңбейді,
Сәулемінің басқан ізі жанарымды емдейді.

* * *

Ендіріп Ертис суын түрлі түске,
Жұмсадық қалың қолын барлық іске.
Сүйеніп ашу-кекті зорлық күшке.
Дұшпандар бізге қарсы жиналмақта.

* * *

Ел түрік деп таныса,
Оның өзі бас бәйгі,
Халықты тура бастайды,
Одан ешкім аспайды.

* * *

Малың сенің көбейсе — айналаңа жан толар,
Дастарханың болмаса — маңайыңа кім жолар?

* * *

Айырдым дұшпандарды батырынан,
Пәш болды талай ісі жасырынған.
Көп әскер қолға түсті бас ұрудан,
Күмістен алтынымен олжаладық.

Сүйіктім, менің ғана аймаңдайлым,
Өзіңнен басқа жанға айналмаймын.

* * *

Жасырын құрған тұзаққа
Лігіп, сәулем, ауырдым.
Еміңді созсаң ұзаққа,
Жанымды орар ауыр мұң.

* * *

Қонақты күт дей білген ерлер кетті өмірден,
Қалыпты жаны жаман, пейілі қара көмірден.

* * *

Қой, түйе, жылқы болса қолыңызда,
Дәулеті жарар өмір, жолыңызға.
Гүл түрі бір-біріне көрік берер,
Көктемде көтеріліп ерікті өнер,
Адамдар құшақ-құшақ теріп келер,
Айнымас әсемдікке таңданумен.

* * *

Соғыстан талай бастар домалады,
Бүлінді небір жердің соны алаңы,
Ел қалай бұл алаңға қона алады,
Аққан қан, төбе-төбе сүйек жатыр.

* * *

Соғысты бастаушыны ұстап алып,
Жеткізсем жұрттың көзін іске анық.
Ондайды өлтірмей-ақ жөнге салып,
Бәлемді жіберер ем қарыздар ғып.

* * *

Сыйлық алсаң сен оны ақым деме.
Жүз моншағын тегінде жақын көрме,
Айып болар жоқты айту ақылды ерге,
Данышпандар бос сөзді жаратпайды.

* * *

Тірлікте бейнетке жан жаншылады,
Рахат көргенше өмір таусылады.

* * *

Жаз шығып, түйін тастап, бүр ашылды,
Аспаннан түрлі гүлге нұр шашылды.
Құс сайрап, сай-саладан су тасыды,
Сұлу көзді тартты таңғажайып.

* * *

Ақылды адамға артық жалынбайды,
Үлгілі өсиетті қабылдайды.

* * *

Өмірді білмесең — білімнің жоғалар.
Талғамды қашан да — бос сөзді доғарар.

* * *

Соғыс болмайды айласыз,
Онда жалбару пайдасыз.

* * *

Басында бітімге келмедің,
Қоқандап қарумен ерледің.
Ал енді, бағынсаң тездегің,
Болмаса, басыңды жер жұтар.

* * *

Сараңдар өмірге кең карамайды,
Сол үшін ішкен асы тарамайды.
Дәм бітсе, ол бір тиынға жарамайды,
Алтынды өз бойындай жинаса да.

* * *

Мейіріне жардың тұнық қашан көңілім қанады,
Алауына махаббаттың ойым өрт боп жанады.

* * *

Қыс, сенде бүрсеңдейді жан-жануар,
Жаз менде бар сұлулық мән бағы бар.
Бұлбұлдар сайрағанда гүл бақшада,
Адамға туады ойдан танданулар.

* * *

Ямар суын ішелік,
Тұнығына түселік,
Алып одан күшейіп,
Дұшпанды біз қуалық.

* * *

Жауды жаппай қоршалық,
Жолына да мор салып.
Неден енді қорқалық,
Әлсіреді қалын жау.

* * *

Дүние қызынды,
Адам азып, бұзылды.

* * *

Күлгенде сенде ашық көңіл сыйла,
Көретін қызығынан оны тыйма.

* * *

Кем санасаң жауыңды,
Болар күнің дауылды.

* * *

Көзің түсіп басқаға,
Мені алып тастама,
Жанарымды жасқама,
Көз жасымды көлдетіп.

* * *

Ел ісіне келгенде ерекше ол ер еді,
Адам үшін асылды жер бетінен тереді.
Қыста келген қонаққа асын дәйім береді.
Жұртын тастап азамат оралмасқа кетіпті.

* * *

Жақсылыққа жайсын жан,
Ізгілікке ой салған,
Жауды талай қайтарған,
Ажал оны әкетті.

* * *

Жайға қатты ашындым,
Қаруымды ашындым,
Әдісімді асырдым,
Дұшпан содан шегінді.

* * *

Ат өнерін жүрісімен асырған,
Шабысына әркім дағы бас ұрған.

Тұяғынан қазғанда от шашылған,
Құмар болдым жүйрік атқа жасымнан.

* * *

Аттан түсіп, жүгіріп,
Таса жерге бұғынып,
Барар жолды ұғынып,
Жауды қоршап алалық.

* * *

Білімдінің қасына бар күнде, балам, ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей.
Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді.

* * *

Шүкіршілік жазғанымда шешек атып өнеді.
Өмірімде тоқталуға жақындасып келеді,
Еңбегімді елім алсын маған сол ғой керегі.

* * *

Төрт түлік пен алтын, күміс — байлығыңа сүйенбе,
Білімсіз ол бос дүние жарамайды сүйеуге.

* * *

Жасырын ол махаббаттан айырылғанда, әшкерө,
Көзін тіпті жұмса дағы тұрады оған жас келе.

* * *

Бекті бек көп азғырады,
Мадақтап көп озбырды,
Енді осылар аздырды,
Одан қалай құтылар?

* * *

Атымен тәңірімнің білім жидым,
Өмірдің көңіліме сырын түйдім.
Гүліме таудың таза суын құйдым,
Мәртебем сонан менің биіктетті.

* * *

Халық дәйім сұғанакты жек көрген,
Талай істі басынан көп өткерген.

Ұлым өзін дұрыс өткін өткелден,
Кішіпейіл жаннан тарар жақсы үлгі.

* * *

Сарандық қып астықты,
Үй-ішіне бермедің.
Тышқан тасып, ас қыпты,
Қызығын да көрмедің.

* * *

Қонақ келсе өзін күг, ашықтырма атын да,
Ойнақтасын жануар ертесінде тақымда.

* * *

Қылыш тарт оңды-солды дұшпаныңа,
Аямай түсір оны қыспағыңа.

* * *

Көктемде құстар сайрайды.
Жарасын жердің қаймағы.
Құрт, құмырсқа ойнайды,
Ініне шығып, еркіндеп.

* * *

Жолдасыңды жамандап, артық пайда көздеме,
Туғаныңды жоғалтып, қырғауылды іздеме.

* * *

Жақынын жамандап, дүние жияды,
Әйтеуір, амалдап туысын қуады.

* * *

Іс бастасаң асықпа, толғансаң ой өседі,
Асыға тартқан шақпағың тұтанып, тез өшеді.

* * *

Жеріме жетсем деген жете алмадым.
Өйткені ғашығыма алаңдадым

* * *

Сымбатты өзі,
Сиқырлы көзі
Әдепті сөзі,
Алды менің еркімді.

* * *

Бұлтпен бүркелді аспанның жолағы,
Тауларды жалпы ол әппақ қар қонағы.
Жел шықса сүрі қар сай-сайға толады,
Сел болып ол енді сырқырап ағалы.

* * *

Бүтіндей заман өзгерді,
Құтыртып жаман ездерді.
Адамдар өтірік сөзге ерді,
Парасатты бек кеткен соң.

* * *

Еңкейгенге еңкейгін басың жерге жеткенше,
Шалқайғанға шалқайғын төбең көкке жеткенше,
Жамандықтан аулақ бол жаның сонша күйгенше,
Жақсы сөзден жылылық мәртебенді өсірер.

* * *

Байлықты да асқынбаған ұстайды,
Дәулетімен басқаларды қыспайды

* * *

Басқаларға жүк көтертіп озбырлықпен үдеме,
Асыңды елге сарқып беріп өзің қатып, жүдеме.

* * *

Жолдас болып танысты,
Алым-берім алысты.
Бір қуменен табысты,
Ұрлап алып, ақшамды.

* * *

Мақсатыма жетемін,
Ғылыммен еңбек етемін,
Откелден сан өтемін,
Байлығымды сарып қып.

* * *

Тегінде оқ себепсіз атылмайды,
Ол бірақ, тау-даланы зақымдайды.

* * *

Әнші, күйші жиналды,
Бөлеп сазға бұл маңды.
Өнерлілер сыйланды,
Сайрандайық шалқып бір.

* * *

Көл толқыса өзгеше тамға суы енеді,
Ақылдымен кезіксе бұл сөзіме сенеді.

* * *

Шайтан сені аздырды бал беріп,
Кетті сонан маңдайыңнан жан жеріп.

* * *

Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға,
Ұрпақ өссе, естілер өмірге алаңдар ма?

* * *

Күніне жаздың жайлы сеніп қалма,
Абайсыз жаман іске еніп, талма.
Бастайды ізгі ниет ерікті алға,
Сөйлеуге жақсы сөзді әдеттенгін.

* * *

Дәні бөрітіп шүйгін қонақ піспеді,
Сүт сүзілді, қазан оттан түспеді.
Мені жібер майданға,
Ерлігімді көрсетем,
Өз сертімнен таймауға,
Бір сәйгүлүк болса екен.

* * *

Достасып кара көңіл кашықтырды,
Жан екен жаны жаман жабық сырлы,
Ісі оның опасыздық налыттырды,
Жерімді басқаларға беріп қойып.

* * *

Жарық жұлдыз шыққанда,
Құс бар кейбір сайрайтын.
Оның үні ұққанға,
Жігерінді қайрайтын.

* * *

Ауыр күн де кетеді,
Оған сабыр, шыдам қыл.
Бәрі бастан өтеді
Тұрмай ол жылан жыл.

* * *

Жаны кедей адамның құлқыны бір толмайды,
Оны ешқашан күшпенен толтыруға болмайды.

* * *

Қараңғы түн тез атса деп тіледім,
Ұйқымды ой ашса екен деп тіледім.
Жеті қарақшы ол жұлдызын көп санаумен,
Жеңілденді менің күпті көңілім.

* * *

Алтын, күміс болса қолда әркім мекен салады,
Көңілі оның орныққан соң құдайды еске алады.

* * *

Қайғы менен шаттығымды,
Дауалайтын емім бар.
Мекенімді жәннәт дейтін,
Менің жақын елім бар.

*Тәржімалағандар
Қанания Бекетов, Әрсен Ибатов*

**Башқұрт әдебиеті үлгілерінен
Башқұрт халқының бостандығы үшін күрескен Ұлттық
батыры, әрі дарынды ақыны “Салауат батыр” атты тарихи
жыр Салауат Юлаевқа арналған**

САЛАУАТ БАТЫР *(Тарихи жыр)*

I

Салауат неше жасында? —
Жасыл камшат бөркі басында
Салауаттың жасын сұрасаңыз, —
Жиырма да екі жасында.

Ақ қоянның баласы —
Құлағының ұшында қарасы.
Болгадир болған бұл Салауат —
Атақты да Юлай баласы.

Салауат мінген кер аттың
Омырауы алқадай кең екен.
Жауларға шапқан ұшқыр атты
Салауат деген ер екен.

Жүгіріп шықтым тауларға,
Ақ киіктерді ауларға.
Юлай ұлы батыр Салауат
Қарсы шапты келген жауларға.

Салауаттың мінген кер аты
Батыр ғаскерлерге жол бастап,
Шалқиды Салауат кер атта
Айқаста асқақ жыр бастап.

Салауат киген көк шекпен
Гүлгүл де түсті жақсы екен.
Бугәшәу менен Салауат-ай.

Салауат келеді ат ойнатып,
Батыр ғаскерінің басында.
Баярларды қырған Салауаттың
Аты қалды Орал тасында.

II

Дүшпандары бейне қызыл түлкі,
Салауат батыр — құдды арыстан.
Көн садағыменен дүшпандары
Көздеп-көздеп атады алыстан.

Салауаттың кигені үстіндегі
Қат-қабат сауыт көк құрыш.
Патша ғаскерлері қамап алса,
Қырып-жойып жалғыз салды ұрыс.

Жарқырап өтеді, жауса да алдан
Көк жебе қырлы құрышы.
Ел намысын қорып жауға аттану —
Батыр жігіттердің борышы.

Саңкылдайды бүркіт, қыран күс
Иреңдек гаудың тасында.
Қыран бүркіттей ер Салауат
Башкыр ғаскерлерінің басында.

Бүгәшәу патша бар дейді.
Көк шұға бешпеті тар дейді.
Жайықтың бойынан қол бастап,
Жер шайқаған батыр ер дейді.

Ақ-шабыр жүнді ақ иық,
Орал таудың қыран бүркіті.
Бүгәшәу менен ер Салауат —
Ресейдің даңқты жігіті.

Алыстан қарайып та көрінген
Ақ Еділ бойының терегі.
Салауат деген ай асыл ер —
Зерек жандардың да зерегі.

Кармазин жағалы көк шекпен.
Келбетсіз ерге келіспес.
Салауаттай батыр, даңқты ерлер
Басып кірген жауға беріспес.

Салауаттың адал достары —
Кензә батыр менен Қанзәфәр.
Қыран бүркіттей шүйлігіп жауға,
Дүшпандарын таптап, күл қылар.
Қап-қара орман, қараңғы түн,
Ойнайды жасын жалтылдап.
Салауат батыр жыр жырласа,
Жаулары сасар қалтырап.

Үйірдегі жылқы арасында
Алалары бар да, бозы жоқ.
Жауға кеткен Салауат ердің
Аты қайтып келді де өзі жоқ.

Жеріміз алтын, суымыз салқын —
Орал бойында сірә жер қайда?
Өзі батыр, басшы, тілегі жақсы
Салауаттай асыл ер қайда?

Әсем су жағалары сары қамыс,
Қамысының бойы бір қарыс.

Салауат батыр елден кеткен соң
Қинап жүр-ау бізді сағыныш.

Патшайы белбеу – бел көркі,
Батыр ер жігіт – ел көркі.
Салауаттай батыр болмаған соң
Бұл елдің де қалды не көркі?!

Қараңғы түнде жолда жалт еткен –
Салауат мінген кердің қасқасы.
Салауат ер кетсе, тумас деменіз
Арыстандай ердің басқасы.

Салауат неше жасында? –
Жасыл камшат бөркі басында.
Салауат қайда деп сұрасаңыз, –
Рогервик қамалы қасында.

Салауат шыққан биікке,
Биік-биік таулар беліне.
Салауат батыр кетті-ау алысқа,
Есен қайтар ма екен еліне?

Иерузэн суының тоғайы,
Пыр-пырлап ұшқан торғайы.
Салауат батыр менен Юлайдың
Шылдырлайды, темір бұғауы.
Есігімді ашып, үйіме кірсем,
Камшат бөркім ілген жерде жоқ.
Юлайдың ұлы батыр Салауат
Абақтыда отыр – елде жоқ.

Аппақ қарлар жауып борайды,
Ақ қаршыға жүнін тарайды.
Болгадир болған Салауат
Қайтатұғын жолын қарайды.

Салауат батыр менен Юлайдың
Темір бұғаулары шылдырлайды.
Каторгада жүрген Салауат
Туған елін сағынып жырлайды.

“Қайтар едім туған еліме,
Қар жауып қалыпты жолыма.

Қар жаумаған екен жолыма,
Ілігіп қалдым жаудың қолына.

Есімнен шықпайды Орал тауым,
Сылдыр бұлақ, сахра, тоғайы.
Жаннаттай құлпырған гүл, шешектері,
Сандуғаштай мұңлы қурайы.

Сары қамыс біздің көлдерде
Сусылдайды қатты желдерде.
Көлден алған бейне балықтайын
Жалғыз жүрмін алыс елдерде.

Атайын десем оғым аз,
Шабайын десем, алдым саз.
Жан-жағыма түрсам қаранып,
Жан-жолдастарым қалыпты аз.

Үйір-үйір де жылқы ішінде
Таңдап мінген атым бөрте еді.
Көз нұрындай қызым Меңлиязым,
Әттең-ай, әттең, ерке еді.

Жортып-жортып жүріп от жібердім,
Тарам-тарам боп кетті аулақта.
Жанымдай көрген Зылиха-жанды
Кімдер сүйер екен мен жоқта?
Қия тасқа қарап оқ аттым,
Лашын бір құсты құлаттым.
Таң алдында сұлу Зылиханы
Ұйқысынан жырлап ояттым.

Жол бойында жатқан бөденені
Соқпай кетіп ем өлген торғай деп.
Зылиханы кетерде сүймеп едім,
Сапарым оңынан болғай деп.

Сардаланы сахра қақ жарып,
Сылдырап ағады өзенім.
Көк жібек көйлегі, кербез басып,
Жүр ме екен менің гөзәлім?

Жапа-жалғыз ғана қаршыға
Талпынады пақыр құс көріп.

Екі балапанын жастық етіп,
Жылай ма екен Зылиха түс көріп?

Аспанда ұшқан шіл ме екен,
Қанаты талып жүр ме екен?
Мен кеткенде жылап, қайғырмаңдар,
Батыр ердің соңы мен бе екем?!”

Салауат мінген торы аттың
Маңдайыңда болар орайы.
Салауат батырың жырлағанда,
Оң қолыңда болар қурайы.

Салауаттың тартқан қурайының
Басына қорғасын жарасқан.
Салауаттың көрген азаптары
Жерден асып, көкке ұласқан.

Сал бүркіт тасқа ұя салар,
Балапанын атып алсаң да.
Салауаттай ерлер бас имейді,
Аяқ-қолына бұғау салсаң да.

Салауаттың болат қылышы
Жарасады екен-ақ белінде.
Салауат батыр өзі кетсе де,
Даңқы қалды туған елінде.

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ

(1923—2003)

*Дағыстанның халық ақыны, Лениндік
сыйлықтың лауреаты. Социалистік
Еңбек Ері*

АНА ТІЛІ

Адам деген не көрмейді түсінде,
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.
Дағыстанның кең аңғары күн ыстық.
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып.
Жұрт тараған, жалғыз мені қалдырып.
Мен жатырмын үнсіз туған жерімде.
Жер болады балғын тәнім менің де.

Мен жатырмын кара жерге табына,
Көрмейді ешкім келмейді ешкім маңыма.
Тек қырандар шаңқылдайды шың жақта,
Бұғылар көп ыңырсыды бір жақта.

Кетті ғой деп қыршын ғана жасында,
Жыламайды ешкім молам басында.
Анам қайда, досым қайда күндегі,
Жарым қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.
Естідім мен осы арадан үнін де,
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын жер астында көз жұмып,
Мына екеуі күбірлейді сөз қылып,
Ғасан деген бір кісінің қулығын,
Әли деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сөзін ана тілімнің,
Бойым жылып, ілезде мен тірілдім.
Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.

Мен жаныммен сүйем осы тілімді,
Кедей деп-ақ айта берсін білімді.
Ассамблеяда естілмесін сөзі де,
Ана тілім — ұлы менің өзіме.

Махмұд жырын оқу үшін жас қауым
Күте ме әлде аударуын басқаның?
Мен болдым ба ең соңғы ақын бүгінде,
Өлендерін жазар авар тілінде?

Мен сүйемін планетаның барлығын,
Өзен-тауын, әр көлі мен әр қырын,

Мен сүйемін ұлы елімнің гүлін де.
Әлімше оны айттым авар тілінде.

Қымбат маған елімнің бар даласы —
Балтық пенен Сахалиннің арасы.
Қайда болсын қиям оған жанымды.
Туған жерден қазсын бірақ қабірді!

Аварша бір жазып қойған құлыптас
Тұрса ауылда, аварлар да ұмытпас.
Еске ап жүрер кәрі-жасы жақын кеп,
Мұнда Расул Ғамзатұлы жатыр деп.

*Орысшадан аударған
Саги Жиенбаев*

Тау қарттары

Тұратын тауда бұрыннан
Пайғамбар сынды бар қарттар.
Шығыстың небір шыңынан
Биік деп арын ардақтар.

Таймайды жолдан, тағдырың
Көреген қылып жаратқан.
Біледі бірден барлығын —
Бір қарап өткен қабақтан.

Қояды ерте-ақ біліп те
Шайқаста кімнің жеңерін.
Тұрарын кімнің биікте,
Шырағы кімнің сөнерін.

Сезеді бірден жалғанды
Аузынан кімнің шықса да,
Арамза болсын қандай бұл,
Пиғылын бүгіп, тықса да.

Тон киіп жүреді өздері,
Шаштары нағыз ақ қардай.
Аузынан шыққан сөздері
Мақал боп шығып жатқандай.

Әулие қарттар!
Оларды

Мақтар-ау елі сірә да.
Ақылшы аға бола алды
Елші мен қолбасшыға да.

Аттылы біреу көрмеген
Алыстан келе жатқанда,
Келеді қандай ойменен,
Белгілі бірден қарттарға.

Біледі үлкен кісілер
Отырды неге ол атқа,
Келе ме құда түсуге,
Келе ме әлде қонаққа.

Кішкене сәби күнінде
Баширді¹ бір шал көріпті.
— Бақытсыз, — депті, — түбінде!
Айтқаны тура келіпті.

Бұл жігіт бәрін ұнатқан,
Қалдырмай қатын-қалашын.
Шыдамай әкесі ұяттан,
Өлтірген екен баласын...

Шәмілдің селдір мұрты да
Тебіндеп жана шыққанда,
Еріксіз көніп ырқына,
Балалар қорқып бүкқанда.

Депті ғой ғажап бір білгір
Басына түрлі ойлар кеп:
— Өрт салып елге бұл құрғыр,
Кавказды жалын жайлар! — деп.

Депті ғой бір шал ең алғаш
Махмұд жырын тыңдаған:
— Кетеді оқтан өрен жас
Қыз үшін жанын улаған...

Жасқанып тұрам мен әркез,
Көңілді бір күй бөгейді.
Өлеңім жайлы өзге емес,
Таудағы қарттар не дейді?

¹Аңыздағы атақты сұлу жігіт

Көкірек деген жоқ тегі,
Бледі әлем сырларын.
Бледі олар көктегі
Жұлдыздың не деп тұрғанын.

Жолығып маған қалды ма,
Жол беріп ізет өтемін.
Ақ басты шалдар алдында
Бас иіп барып өтемін.

МҰХТАР АҒА

Мұхтар Әуезовке

Көргенмін құрмет-сыйыңды
Қонақ боп, аға, үйінде,
Бір кезде саған жырымды
Оқығам авар тілінде.

Түсіндің жанын жырымның,
Қарадың үнсіз асқарға,
“Ұқсайды, – дедің, – тілің бір
Күңгірлеп жатқан тастарға”.

Дедім мен “теңеу жоқ асқан!
Ұқсайды сондай мүсінге.
Өйткені, бұл да о бастан
Жаралған тастың ішінде.

Даусы бар мұнда ежелгі
Таудағы қалың тұманның,
Сарқырап аққан өзеннің,
Шаңқылдап жатқан қыранның”.

Тағы да үнсіз тоқталдың...
Өзіңе біткен әдеппен:
“Ұлы ғой Кавказ... – деп қалдың, –
Кеңістік жоқ-ау... тек өттең.

Қалт етсе қолың тағы бір
Қайтсаңшы келіп ағаңа.
Арғымақпенен, бауырым,
Ақсаңшы мынау далада.

Бүркіт сап сағым ішінде,
Қызықпен күнді батырып,

Кавказдың шындары үшін деп,
Ішейк қымыз сапырып...”

Оянды шалғын далада
Көкала мұнар шайқаған.
Келдім мен, бірақ, жан-аға,
Кездеспей қалдық қайтадан.

Алтын күн шығып асқардан,
Бейне бір – сонау қиялдай...
Барады сүңгіп аспанға
Қолыңнан ұшқан қырандай.

Естідім сол шақ үніңді
Қашаннан таныс сүйкімді:
“Сүйемін, Расул шыңыңды,
Жыр болып жүзген бұлтыңды!”

Қараймын көкшіл далаға,
Толқимын іштей, ойланам.
“Ұлы ғой Кавказ, жан-аға,
Өзіңе жету қайда оған!”

Ұрпақтар анты

Қыршын кеткен жасында –
Әкеміздің басында
Ант етеміз.

Аңыз болған қауымға –
Құлпытастар жанында
Ант етеміз.

Бізбен бірге жүргендей,
Бізбен өмір сүргендей
Айтамыз біз:

– Талдарыңның бұтағы,
Бауларыңның жұпары –
Біздерміз!
Жырлап өткен әндерің,
Қырларға еккен дәндерің –
Біздерміз!

Бірге өткерген жалынды, –
Перзенттерің кәдімгі –
Біздерміз!

Өзендердің арнасы,
Өмірлерің жалғасы —
Біздерміз!
Айтпай қалған сөздерің,
Артта қалған көздерің —
Біздерміз!
Ашылмаған сырларын,
Асуларың — шыңдарың —
Біздерміз!

Сендерге қас пенденің
Сындыратын белдерін —
Біздерміз!

Жалғыз тамшы қандарың,
Намыстарың, арларың —
Біздерміз?

Сендерге кір жолатпай,
Сауыт болар болаттай —
Біздерміз!

Ойларыңды жалғайтын,
Жолдарыңмен самғайтын —
Біздерміз!

Сендердің ғұрыптарыңды —
Әрекет қылықтарыңды
Сақтаймыз біз!

Сендердің ерліктеріңді,
Жігіттік өрліктеріңді
Сақтаймыз біз!

Сендердегі ыстық жалынды,
Сендердің достықтарыңды
Сақтаймыз біз!

Сендердің мейірлеріңді,
Ақ адал пейілдеріңді
Сақтаймыз біз!

Даладағы көк талмен,
Жанардағы оттармен
Ант береміз сендерге!

Бесіктердің әнімен,
Туған жердің нанымен
Ант береміз сендерге!

АНАР

*Әзірбайжан әдебиетінің
көрнекті жазушыларының бірі*

ӨТЕР ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ ТҮНІ

Өтер жылдың соңғы кеші түсті. Сағат тоғызға таяды. Гамида апай ас үйде жүр. Тофик қайта-қайта телефонға жетіп барады, сонан соң кезекті жаңалықты хабарлау үшін ас үйге қарай жүгіреді.

— Апа, білесіз бе, Сайран да келетін болды!

— Қалқам-ау, Сайраның кім?

— Қалай есіңізде жоқ? Ол саған ұнап еді ғой. Өте ұқыпты бала екен деп өзің айтып едің ғой.

— Ә-ә! Келсін, тіпті жақсы.

Тофик сабырсыздануда. Өйтпегенде ше! Он төрт жылдық өмірінің ішінде бірінші рет Жаңа жылды өз “компаниясымен” өткізгелі отыр. “Компаниясы” — сегізінші класта бірге оқитын жолдастары. Жаңа жылды қалай қарсы алу жөнінде олар мұнан үш ай бұрын келісе бастаған.

— Біздің үйге жиналайық, — деп ұсыныс жасаған Тофик. — Апамнан басқа ешкім болмайды. Ол кісі ерте жатып қалады.

— Ал, ағаң мен апайың ше?

— Олар жаңа жылды ешқашан үйде қарсы алмайды.

Тофик шешесіне “құпиясын” ашты. Қыздар да келеді екен. Ата-аналары рұқсат етіпті.

— Тамағыңыз жете ме? — деп тықыршыды Тофик.

— Жетеді, жетеді, балам, — деп тыныштандырды оны Гамида апай. — Тіпті тағы он шақты кісі келсін, бәрін де тойдырамыз.

Тофик тағы телефонға жүгіреді. Бірінен кейін біріне звондайды. Біреулерімен ұзақ, қызу айтысып қалады. Біресе бұған звондайды. Тағы да ұзақ әңгіме басталады. Оған бұл компанияны жинау оңай шаруа емес тәрізді. Шыныда да солай. Біреуі ерте, бірі кеш келгісі келеді. Үшіншісі алыста тұрады. Төртіншісі адресті білмейді. Бесіншісінің келу-келмеуі екі талай. Шатақтың көбісі қыздар жағынан сияқты.

— Көрдіңіз бе, міне, апа, Франгиз келмейтін болды.

— Неге, балам?

— Мен тек өзіміз ғана болатын шығармыз деп ойласам, ағаң мен апайың да бар екен ғой, ұяламын, бармаймын, — дейді.

– Не істейін, қалқам, – деп Гамида апай қолын жайды.

Тофик Дилара мен Рустам отырған бөлменің есігіне ала көзімен ата қарады. Неге екені белгісіз олар бүгін ешқайда кетпей отыр.

– Ешқашан үйде болмаушы еді. Ал бүгін, ерегіскендей, Жаңа жылды үйде қарсы алғылары келе қалыпты, – деп назаланды Тофик.

– Енді оларды қуа алмайсың ғой, – деп басу айтады шешесі.

Ол ашулы түрде асханадан шығып, телефонға жабысады.

– Телефонды көп ұстама! – деп зекіді Дилара есікті ашып. – Мүмкін біреулер бізге звондап қалар.

Дилараның жаңа жыл кешінде үйде отырғаны таңқаларлық жай. Кейінгі жылдары оның басында мұндай жағдай болып көрген жоқ еді. Ал Рустам? Бұл да бір түсініксіз нәрсе. Әкесінің тірі кезінде ғана оны Жаңа жыл кешінде үйден көретін...

Иә, Газанфардың бар кезінде жаңа жыл бұлардың үйінде көңілді өтетін. Әрқашан жолдастары көптеп жиналатын. Ол қайтыс болғаннан кейін үй-іші бірнеше жыл жаңа жыл мейрамын атап өткен жоқ. Гюляр мен Рустам жолдастарына кететін. Ал Гамида апай, Дилара, Тофик үшеуі ерте жатып қалатын. Бертін келе Дилара да кететінді шығарды. Енді Тофиктің де кезегі келген тәрізді.

Ал қазір бәрі үйде. Жоқ, бәрі емес. Газанфар жоқ. Оның дүниеден қайтқанына жеті жылдай болды. Гюляр да жоқ. Ол күйеуімен екеуі атасының үйінде тұрады. Демек енді еш уақытта бәрі бірге отыра алмайды, Әйтеуір біреулері болмайды.

Қабырғадағы сағат онды соқты. Тофик “дипломатиялық” келіссөздерін аяқтап, ас үйге тағы қайтып келді. Әлденеге қипақтап, тықыршып тұр.

– Немене, Тофик, қонақтарыңды әлі жинай алатын емессің бе? – деп сұрады Гамида апай.

– Жоқ, бірақ... – деп қипақтады Тофик, сонан соң абыржуын басып: – Білесің бе, апа, Рауф біздің үйге келіндер дейді. Оның әке-шешесі бір жаққа кететін көрінеді. Біз өзіміз ғана қалады екенбіз. Тек өзіміз...

– Мейлі, қалқам, – дейді Гамида апай жұмсақ алақанымен ұлының шашынан сипап. – Егер солай еткің келіп тұрса, Рауфтікіне жинала қойыңдар. Онда тұрған не бар...

Тофиктің көзі күлімдеп қоя берді – шешесі реніш білдірмеді!

– Бірақ онда не тамақ істеп ішер екенсіңдер?

– Бір нәрсе табылар, – деді Тофик қуанышты үнмен. – Консерва болар, немесе басқа бірдене...

– Консервасы несі, – деді Гамида апай. – Біраз палау алып бар.

– Жок, жок, апатай, палаудың керегі не? Әрі қазан көтеріп барсам, бәрі мені мазақ етер.

Гамида апай күлді.

– Ал жарайды, бара ғой!

Шынында да оларға палаудың керегі не? Консерва жейді. Алайда өздерін еркін, тәуелсіз сезінеді. Ал мұнда дәмді палау жеген құрлы қысылып, қымтырылып отырар еді. Палау мен консерва, өткен мен болашақ, ескі мен жаңа... Гамида апай осылар жайлы ойлады.

Тофик шешесінің бегінен сүйіп, кетуге жиналды.

Рустам өз бөлмесінде ұйықтап жатыр. Ол: “Мен ұйықтаймын, оятпандар” деп алдын ала ескерткен. Гамида апай бұл жатыстың себебін біледі. Бір аптадан бері Рустам қалыңдығымен ренжісіп қалған, енді бір-біріне звондамай қыңыраюда.

Дилара өзін қоярға жер таппай жүр. Ескі журналдарды парақтап, бұрыштан бұрышқа сенделеді, телевизор қояды, телефон жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Ал телефон үнсіз.

Гамида апай әлі ас дайындау қамында.

Есік қағылды. Ол барып есік ашты. Ауыз үйге Гюляр мен қолына Вагифті көтеріп алған күйеуі Сулейман келіп кірді.

– Хош келдіңдер, – деді Гамида апай ықыласты түрде. – Жоғары шыға беріңдер, мен қазір.

Бұдан сәл бұрынырақ келгенде қандай жақсы болатын еді, – деп ойлады ол. – Төрт көзіміз түгел бас қосатын едік. Тофик те кетпейтін еді...”

Гамида қолын жуа салып, қонақтарға қарай келді.

– Сендер қайдан жүрсіңдер?

– Сізді жаңа жылыңызбен құттықтап шығуға келдік, – деп жауап берді Гюляр.

Тағы есік қағылды. Бөлмеге ендіге басып Дилараның жолдас қызы Лейла кірді.

– Ой, білесің бе, Дилара, уһ, өкпем өшіп қалды...

– Қызым, демінді ал, – деп тыныштандырды Гамида апай. – Не болды, сонша?

– Жәй әншейін, – деді Лейла ендіге жауап қайырып. – Жеткенше жүгіріп келдім... Директор: “Қалай да Дилараны тауып әкеліңдер. Онсыз қандай концерт болмақ” деп жатыр.

Сол сәт Дилараның жанарында қуаныш сәулесі жылт ете түсті, бірақ табан астында салмақтанып, мән бермеген сыңай танытты.

– Жок, рахмет! Енді Дилара керек бола қалған екен ғой. Программаға неге ерте кіргізбеген онда. Ал қазір... біреулер келмей қалған да...

– Жок, жок, шын айтамын, – деп шыж-көбелек болды Лейла. – Директор сені программада жок деп ойламапты да. Ал естігенде қатты ашуланды...

Гамида апай Дилараның үйде отырған себебін енді ғана түсінді.

– Жылдам киін, – деп бұйыра сөйледі ол қызына. – Бәлсініп жататын уақыт емес. Шақырған соң бар.

– Жок. – Дилара басын шайқады. Бірақ Гамида апай өз қызының жайын біледі. Айтқандай-ақ, шамалы уақыттан кейін қыздар шуылдап есіктен шығып бара жатты.

Гамида ас үйге баруы керегін айтып кете бергенде Гюляр оның соңынан ілесті.

– Білесің бе, апатай, бізді Сулейманның жолдастары шақырып еді. Мына Вагифті... Ол сіздің қасыңызда бола тұрсыншы.

– Жарайды, қызым, қала берсін...

Гюляр Вагифті асығыс шешіндіре бастады.

– Ал, апатай, біз кеттік. Шынын айтсам сол жерге барғым да келіп тұрған жок, қайта сіздің қасыңызда болуды қалар едім, алайда өкпелей ме деймін. Келіңізші, Жаңа жылыңызбен құттықтап, бетіңізден сүйейін...

– Бақытты болыңыз, Гамида апай, – деді Сулейман қоштасып.

– Рахмет, айналайын! Бәрі жақсы, бәрі хайырлы болсын...

Есікті жабады. Гамида ас үйге қайтып келіп, “бәрі жақсы, бәрі хайырлы болсын” деп күбірлей жүріп, он бес кісіге арнап палау дайындай береді. Кенет Рустам ойына түседі. Ол ұлының бөлмесіне қарай жүреді.

– Рустам, әй, Рустам!

– Не?

– Түр енді, бүйтіп ұйықтай беретін болсаң жыл өткенін білмей қаларсың.

– Ой, апа, қойыңызшы!

– Мен кімге айтып тұрмын? Түр қазір! Сенде жұмысым бар. Бері кел!

– Не, не жұмыс тағы?

– Бері кел, маған көмектес.

Рустам төсегінен ықтиярсыз көтеріледі. Гамида оны қолынан алып, ауыз үйге қарай жетелейді.

– Телефонды ал да, звонда?

– Кімге?

– Өзің білесің!

– Жок!

– Жок, звондайсың! Маған балаларымның ешқайсысы ешқашан сөз қайырып көрген емес, оның ішінде сен өзін де.

Егер сен бүгін менің өтінішімді орындамасаң, өмірі өкпелеп өтемін.

– Апа, алайда...

– Звонда, сөзді қой!

– Ал...

– Егер мені ренжімесін десең.

Рустам қынжылады.

– Бол енді!

– Тек сіз үшін ғана...

Гамида кішкентай Вагиф пысылдап ұйықтап жатқан бөлмесіне келеді. Артынша телефон дискасының сыр-сыр айналғанын, Рустамның баяулау даусын естиді.

– Иә... Саламатсың ба...

Бірнеше секунд үнсіздік жайлайды. Сонан соң селқостау ғана:

– Қалауың білсін, иә... – деген даусы шығады.

Тағы да үнсіздік, сонан соң мысқыл толы:

– Шынымен солай ма?... – деген үні естіледі.

“Мүмкін қыз бір қыңыр сөз айтып тұр-ау” – деп ойлады

Гамида.

– Мен де. Жүз процент сене беруіңе болады, – дейді Рустам зілдене.

“Бұлары несі, – деп қапаланады Гамида апай. – Бір-бірін жақсы көреді ғой”.

Кенет Рустам сыбырға көшті. Гамида апай сөзін естімегенімен енді, оның даусында жаңағы зіл де, мысқыл да жоғын байқайды. Сонан соң ұлы қайтадан дауыстап сөйледі. Міне бұл – өзінің Рустамы. Мейрімді, кішіпейіл. Ол әлденеге күлді, тағы үнсіздік орнады. Бірақ әлгіндегідей салқын үнсіздік емес, жылы, жайдары үнсіздік.

Керіле есінеп, манаурай сұрады:

– Мен сендерден не аламын?

“Үйіне шақырып тұр”, – деп топшылады Гамида апай.

– Жок, білесің бе, мен шешеме бүгін үйде боламын деп едім.

Гамида апайдың ұлына: “Бара ғой” деп айтқысы келеді, бірақ орнынан тұрмайды.

– Білмеймін, рас айтамын. Ал сендерде кім болады?

“Міне, енді тұрмай-ақ қойсаң да жарар. Өзі де барады...”

– Жок, білесің бе, менің барғым келмей тұр. Егер өздерің ғана болса, бір сәрі... шын айтамын, пәлсініп тұрғаным жоқ. Мен оларды ұнатпаймын.

“Жок, бармайды..”

– Иә, сені келе жатқан Жаңа жылыңмен құттықтаймын. Көп, көп...

“Бармайды... Анық бармайтын болды!”

— Сен менің барғанымды соншалықты қалап тұсың ба?

“Баратын сияқты”

— Жоқ, ертең азанда кездесейік...”

“Жоқ, бармайды”

— Ал, жарайды, жарайды. Бәрін қайтадан бастамай-ақ қой.

Мүмкін барармын.

“Баратын болды”.

— Қалай, сағат неше? Он бірден жиырма минут кетті?

Қазір, барамын.

Рустам телефонды қоя салып шешесіне жүгіріп келді.

— Апа, білесің бе...

Рустам мен Тофиктің арасы жеті жас. Бірақ екеуінің де абыржып, асып-сасқандары бір-бірінен аумады. Әкесіне тартқан. Газанфардың да абыржығанда, мазасызданғанда шынашағына дейін дірілдеп кететін.

— Бара ғой, қалқам, бар. Оған менен көп, көп сәлем айт.

Рустам асығыс киініп жатып:

— Біздің кішкентайлар қайда? — деп сұрады.

— Дилара мектепке кетті, концертке қатысады, ал Тофик жолдастарына. Олардың өздерінің компаниясы жиналып жатқан көрінеді...

— Тофик компаниясымен?.. Мәссаған.

— Несі бар! Тофик қазір дәу жігіт емес пе?

— Сіз жалғыз өзіңіз ғана ма?

— Неге жалғыз өзім. Міне үйде Вагиф бар.

Рустам күлді.

— Серігіңіз мықты екен. Не айтуға болады. — Сонан соң салмақты түрде: — Қап, сіздің бүйтіп, үйде жалғыз қалатыныңызды білмедім ғой... — деді.

— Неге жалғызбын. Біз екі кісі боламыз ғой. Онымен әңгімелесеміз.

— Кіммен, — деп таңдана сұрады, — Рустам.

— Әлгі телевизордағы қызбен, — деп жауап берді Гамида апай. Рустам күлді. — Оның үстіне, — деп жалғастырды сөзін. — Менің ерте жататынымды білесің ғой... Біраз отырамын да ұйықтаймын. Келгенде қоңырауды қаттырақ соқ, мүмкін оянбай қалып жүрермін.

Газанфардың тірі кезінде жаңа жыл кешінде бұл үйде таң атқанша көңілді думан басылмайтыны, әрине, Рустамның есінде бар дейсің бе?

Шешесімен қоштасып Рустам кетеді.

Стол он екі кісіге, арналып жабдықталған. Қазір ол адамсыз бөлменің ішінде бір түрлі құлазып көрінеді. Оның үстіне

Гамида өзімен-өзі күбірлей жүріп, нән табак палауды столдың үстіне әкеп қояды.

– Сіз мында отырыңыз, Рагим мен Назифа анау шетке отырсын. Ал сіз, ұста, мында... Теймур, бері, әйеліңнің қасына кел, ал, балалар, сендер ептеп ығысыңдар... Сұлтан, міне, сенің орнын. Сен тамадасың ғой...

Гамида өзіне күлді: “Мен аздап алжасқан шығармын”.

Сонан соң балконға шықты. Төңірек тып-тыныш, мүлгіп тұр. “Бұл уақытта көшеде кім жүруші еді” деп ойлай бергенше екі кісінің қарасы көрінді. Олар қолдарына бірдеңе ұстап магазиннен шықты. Суықтан бүрісе, дуылдап сөйлеп, салдырлай күліп асығыс басып барады. Гамида бөлмеге қайтып кірді. Телевизорды қойды. Экранда диктор қыз көрінді.

Гамида орындығын телевизорға таяу жылжытты.

– Кел, қызым, әңгімелесейік. Сені, әрине, бұл хабар жалықтырған шығар, солай ма? Жұрттың бәрі мейрамдап жатыр, ал сен мұнда отырсың!..

“Жас композитор Юсифовтың қойылған балеті – өткен жылдың елеулі мәдени жетістіктерінің бірі болды”, – дейді экрандағы қыз.

“Жас композитор Юсифов... Бұл жас композитор, – деп ойлайды Гамида, – жолдас-жораларының ортасында мейрамдап жатқан шығар, сені тындап та отырмаған болар. Қазір кім телевизорға қарап отыр дейсің”. Сонсоң қызға қарап:

– Қызым, үйіне бара ғой. Ал біздің мәдениетіміздің жетістігі жайлы ертең-ақ айтарсың. Бұл жетістіктер бір түнде ешқайда кетіп қала қоймас, – дейді.

“Суретшілеріміз де көптеген тамаша живописітік шығармалар жасады”, – деп жалғастырды сөзін диктор.

– Қазір жиырма минутсыз он екі. Машина ұстап ал, қызым, түп-тура үлгіресің. Сені күтіп отыр ғой... Сенің күтетін адамың бар ғой. Жассың, әдемісің. Мүмкін жігітін бар шығар. Оған қазір көңілсіз ғой. Солай емес пе, айналайын...

“Фазыловтың малшылар өміріне арнаған жұмысы шынайы да тартымды...”

– Жарайды, солай-ақ болсын. Ал сен, қызым, асықсайшы. Жігітін қандай қуанар еді. Мейлі, қазір бүкіл Баку саған қарап отырса да, сен тек сонымен бірге болуды ғана қалайсың ғой, солай емес пе?

“Жана кинофильмдердің қатарына...”

– Түсінемін, қызым, жұмыс! Оны тастай салып, кете беруге болмайды. Алайда мынандай кеште, өкінішті-ақ...

“Бұл кеште тағы кімдер осылай жалғыз отыр екен, – деп өзіне-өзі сұрақ қойды да, есіне алды: – Анықтама бюросындағы телефонистка”.

Гамида апай телефонға келді. “09”-ды терді. Дүт-дүт-дүт деген қысқа дыбыстар естілді. Бос емес, қайтадан терді. Әйел даусы шықты:

– Анықтама бюросы.

– Саламатсыз ба, қызым.

– Қандай номер?

– Саламатсыз ба деймін. Жаңа жылыңызбен құттықтаймын.

– Рахмет!

– Жалғыз отырсыз ба, сізге көңілсіз шығар, бәлкім?

– Кім бұл?

– Жай бір, әйел!

– Ә, Рая. Мен сені танымай қалдым. Не жаңалығың бар?

Қайдан звондап тұрсың, кімдермен отырсың?

– Жоқ, бұл Рая емес. Сіз мені танымайсыз.

– Онда сізге не керек өзі?

– Ешнәрсе. Мен жай сізге звондап, құттықтап, осы кештегі көңіл-хошыңызды білгім келіп еді.

– Рахмет, – деп салқын қайырды телефонистка. Артынша: Телефон жүйесін бекерге ұстамаңыз! Жаңа жыл басталған жоқ ал сіз әлден-ақ болып үлгіріпсіз, – дегенді қосып айтты.

Диктор қыз телевизор экранынан кетті. Хабар аяқталды. Баку уақыты бойынша жаңа жыл басталды. Диктор қыздың экраннан кеткені Гамида апай үшін сәл көңілсіздеу болды. Бұл енді таза жалғыз қалды. Кішкенедең соң Рустам звондап шешесін құттықтады. Артынша Тофик, онан кейін Гюляра құттықтап, баласының жайын білді. Дилара звондаған жоқ. Мектептен телефонмен звондау қиын еді.

Гамида радиоқабылдағышты қойды, бірақ жеңіл музыкаға ықыласы соқпады. Ол “Бұлбұлды” тыңдағанды ұнататын. Үйінде магнитофонда оның әні жазылған еді. Гамида магнитофонды қойды.

“Кісінің жасы келгенде айналасында тек осындай аппараттар ғана қалады екен ғой, – деп ойлады ол. Артынша мұндай көңілсіз ойды басынан қуды. – Жоқ, менікі дұрыс емес. Менде тек аппараттар ғана емес, алтындай, алтындай балаларым бар. Олар өзімді жақсы көреді”. Кенет оның басына ойда жоқ нәрсе оралды. Газанфардың даусын тыңдағысы келді. Оны қанша ойламауға тырысса да болмады. Газанфардың даусы бірде магнитофонға жазылған еді. Өзі қайтыс болғаннан кейін үйде ешкім оны қайтып тыңдауға тәуекел етпеген. Ал енді соған ықыласы кетіп отыр.

Гамида не істеп жүргеніне өзі де есеп бермей, жәшікті ашып, ораулы лентаны алып, аппаратқа орнатты.

Дуылдаған дұрыс күлкі естілді. Ол өзінің және балаларының даусын таныды. Сонан соң тыныштық орнай қалды да, Газанфардың жұмсақ үні естілді:

— Гамида, тыңда...

Гамиданың тынысы бітіп қалғандай болды. Тұла бойы шымырлап қоя берді. Газанфар тап бір о дүниеден сөйлесіп тұрғандай.

— ...Мен ақын не философ емеспін. Қарапайым жұмысшымын. Рас, ептеп атағым бар. Егер бес кісі бас қоса қалса, олардың құрығында, біреуі мені білуі мүмкін. Қайталап айтамын, мен кәдуелгі қарапайым жанмын, ақыл айтып пәләсафа соғайын деп тұрғаным жоқ. Бірақ өмірден түйгенім көп. Өмірдің ауырын да, жеңілін де көрдім. Менің саған айтпағым... талқаным таусылған бір күні мен де кетермін...

— Қойшы! Құдай үшін, олай демеші! Сенсіз бізге өмірдің керегі не.

Бұл сөздерді онда шынымен айтып еді. Ол кезде бұл бұлтарыссыз шындық болатын.

Газанфардың күлкісі естілді.

— Ал жарайды, бәйбіше! Ол мұнан қырық, елу жылдан кейін болсын... Талқаным таусылған күні мен де кетермін...

— Газанфар!..

— Сөзімді бөлме! Шешендік толғауымды аяқтауға мұрсат берсеңші. — Газанфар тағы күлді. — Сонда мен саған ең қымбат қазынамды, балаларымды, қалдырамын. Әрине, ажал асықпаса, мен оларды өзім тәрбиелеп өсіремін. Ал егер... Онда саған тапсырамын... Олардың қалайда дәрігер, инженер, ғалым болуы міндет емес. Өздерінің қалауы білсін. Тек адам, жақсы адам, болса болғаны.

Сонымен бірге, Гамида күндердің күнінде олар ер жетіп, ұясынан үшқан құс тәрізді әр тарапқа кетер. Сонда оларды шіріген жұмыртқа санама. Есінде болсын, олар қайда кетсе де, қандай орта, қандай отбасына барса да, сенің де, менің де кейбір қасиеттерімізді өз бойларында ала кетеді. Тап біз екеуміздің кездескенде әр қайсымыздың өз әке-шешемізден ала келгеніміз сияқты.

Газанфар пәләсафа соғып тұр деп отырған шығарсың. Бірақ бұл ақиқат нәрсе. Өмірде еш нәрсе өлмейді. Еш нәрсе із-түссіз жоғалып кетпейді. Бірі бастағанды екіншісі жалғастырады. Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жақсылық та, жамандық та мұра болып қалады. Гамида, біз екеуміз, меніңше, дұрыс өмір сүрдік, алда әлі де жақсы өмір бар, нанымызды адал еңбегімізбен тауып жедік. Біз өмірде көрген бар жақсылық балаларымыздың жаңа өмірінде де болса екен деп тілеймін...

Солай... Лента бітті... Алайда тағы қайта қоюға болар еді, бірақ Гамида қанша тыңдағанымен Газанфар бұдан басқа еш нәрсе айтпайды. Дегенмен Гамида апай оған қапаланбады. Ол жасаулы столға қарады, ештеңесін жинаған жоқ. Вағифтың қасына келіп жантайып, қою, қап-қара шашынан жайлап сипады. Жып-жылы тәніне ернін басты.

Орысшадан аударған Берік Шаханов

9-СЫНЫП

КІРІСПЕ

9-сыныптың қазақ әдебиеті бағдарламасы мен оқулығында “Қорқыт ата” кітабынан үзінді берілген. Біз “Байбөрі баласы Бәмсі-байрақ туралы жырды” беріп отырмыз. Алдыңғы сыныптарда оқылып кеткен оқушылар жақсы білетін “Ер Төстік” ертегісі, “Алпамыс батыр” жырлары. Қырғыздың “Манас” жырларындағы мифтік, қиял-ғажайып оқиғаларды салыстырып ұқсастықты, кейіпкерлерді салыстыра талдасын деген мақсат көзделді.

Орта ғасырда, Шығыс халықтары түгіл, Батыс Европаның әлемге әйгілі суреткерлері де бас иген жеті жұлдыздың бірі Әбілқасым Фердоусидің (934—1025) ұлы туындысы “Шахнама” эпопеясы барлық елге белгілі, сол “Шахнаманың” ізімен жырлаған халық ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуовтің “Рүстем-дастан” жырынан да үзінділер берілді. Ізтілеуовтің дастаны мен Фердоусидің эпопеясынан берілген үзіндіні түсініп талдап, заманды, оқиғаны, тарихи деректерді салыстырып отырған жөн деп есептейміз.

Әбілқасым Фердоусидің туған жері — Ирактағы осы күнгі Фирдоус (бұрынғы Тус) қаласының төңірегі.

“Бүкіл Шығыс елдерінің поэзиясына көп заман бойы күдіретті ықпалы жүрген Фердоуси кейінгі ғасырларда Низами, Науаи, Сағди, Жәми сықылды дана шәкірттеріне көп үлгі, өнеге болды”. (Темірғали Нұртазин)

“Шахнаманың” сақталған көлемі 120 мың жол өлең эпосқа мазмұн болған — Иран елін арабтар жеңіп алғанға дейінгі көп ғасырға созылған тарих.

Бұл жырдағы басты кейіпкер Рүстем — батырлардың батыры биік шыңы, Фердоусидің гуманистік, патриоттық идеясының ең жарқын көрінісі. Қазақ арасында да Рүстемнің аты өте ерте кезден жайылған.

Тәжік халқының философиялық-лирикалық поэзиясының негізін қалаған Шамсуддин Мұхаммед Хафиз (1325—1389) бен Иран-Тәжіктің классикалық поэзиясын барлық жанрда биік шыңға көтерген Әбдірахман Нүриддин Жәмидің

(1414—1492) шығармашылығымен таныстыру мақсатында кейбір ғазал, қасыда, рубаилары берілді.

Парсы-Тәжік әдебиетінің аса ірі өкілі, дүние жүзі әдебиеттеріндегі асқан лириктердің бірі болып саналатын Хафиз өзі өмір сүрген ортаның шындығын, адам тағдырын, көңіл күйін, адамдардың асыл армандарын, тәтті қиялдарын әдемі жырлады.

Әбдірахман Жәми өз заманындағы ақындардың ұстазы болды. Оның даңқын шығарған жеті дастаны еді. Олар: “Жақсыларға тарту”, “Алтын тізбек”, “Саламан мен Абсаль”, “Жүсіп – Зылиха”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Тақуалардың тасбиғы”, “Ескендірдің даналық кітабы”. Бұл дастандардың көбі гибрат, мысалдар түрінде болса, “Жүсіп–Зылиха”, “Ләйлі–Мәжнүн”, “Ескендірдің даналық кітабы” шығыста көп тараған оқиғаларға арналған.

Өзбектің классикалық әдебиетінің негізін қалаған Әлішер Науаи (1441—1501) дүние жүзінің алып ақындарының қатарында. Ол өзінің шығармашылығымен, идеяларының маңыздылығымен түркі тілдес халықтардың әдебиетіне зор ықпал етті. Әлішер Науаи ана тілінің тазалығына, өлең жүйесі мен өлшеміне ерекше мән берген, “Екі тіл туралы пікір”, “Өлеңдер мөлшерінің өлшемі” еңбектері мен “Төрт кітап” шығармаларынан оның тілші-ғалым екені танылды. Оның шығармашылығының, сонымен қатар бүкіл өзбек әдебиеті тарихының ең биік шыңы — ақынның “Бестік хамса” жинағы. Бұл шығарма бес дастаннан тұрады. Олар: Ізгілердің қаһарлануы, “Фархад – Шырын”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Жеті жұлдыз”, “Ескендір қорғаны”. Бұл дастандарында негізінен әділдік (ел билеушінін), адамгершілік, адал достық, таза шынайы махабатты жырлайды.

Әбдірахман Жәмиді өзінің ұстазы деп таныды. Оған арнап парсы тілінде “Ойлар сыйлығы” деген қасыдасын жазды.

Адамгершілікті, ізгілікті, халқына деген сүйіспеншілікті шығыстың талантты жазушысы, ақын, заманының озық ойлы адамы, мемлекет қайраткері, ержүрек қолбасшы болған Захиреддин Мұхаммед Бабырдың (1483—1530) “Бабырнама” атты тарихи-әдеби естелік шығармасын ұсынып отырмыз. Бұл шығарма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде XV ғасырдың аяғындағы Мауараннахрдағы (Арабша өзеннің арғы беті, яғни Амудария мен Сырдарияның аралығындағы аймақ) саяси оқиғалар, өзінің шыққан тегі, туысқандары, қалалар, қамалдар суреттелген. Екінші бөлімі Ауғанстан жеріндегі оқиғаға арналған. Ол кезде бұл аймақ “Қабул илігі” деп аталған. Үшінші бөлімінде Солтүстік Үндістандағы саяси оқиға, елдің географиялық жағдайы, табиғаты, халықтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы әдемі суреттелген. Біз осы бөлімді алдық.

Бұл өмірдің ғажаптарын көп көрдім.

Адамдардың азаптарын көп көрдім.

Қилы-қилы қайғы-қасірет өткердім

Рубаимнан көрінер бар өткен күн, —

деп өзі толғана жырлағанындай әр тақырыпты қамтитын өлеңдері де бар.

Үнді елінің басшысы болған Жавахарлал Неру:

“Бабыр аса сұлу, көрікті адам болған. Ол қайта туған жаңа дәуірге лайықты патшалық етті. Бабыр батыл да тапқыр, әдебиетші, мәдениетті сүйетін, өмірге барынша құштар адам болған”, — дейді.

Ол — дүние жүзі әдебиетінің асыл қазынасына мол үлес қосқан ақын, жазушы.

“Бабырнама” — ортақ туынды. Бұл шығарманы Шоқан да, Абай да жақсы білген.

Бағдарламада “Әлем әдебиет үлгілерінен” деп берілген Түркімен халқының XVIII ғ. өмір сүрген, классикалық әдебиетінің негізін салған Махмұтқұлы Фраги (1730—1780).

Ол — Шығыс жұлдыздарының дәстүрін жалғастырушы, ана тілі үшін күрескен терең ойлы ірі ақын.

Мақтымқұлы өмір сүрген кез, түркімен халқының өте бір ауыр кезеңі еді. Бұхара өмірі Иран шаһы, Хиуа хандары арасындағы тартыс, әлі мемлекет болып бірікпеген бұл халыққа әсерін тигізді.

Осындай ауыр кезеңде жырларын еліне, елінің азаматтарына арнады.

Ынжықтарша жандарынан түңілмей,

Құртша бұғып, қоянға ұксап тығылмай,

Бас түлекше қанат қағып түйілген,

Ер жігітке батыр жолдас керек-ті —

деп толғанды. Сондықтан да оның жырларының негізгі тақырыбы — ел бірлігі, ел болып қалу үшін тілін, мәдениет, дәстүрін сақтау.

“Мақтымқұлы — азаттықты аңсаған шығыстың ой-арманы, тілегі, гүлі.” (С. Қирабаев)

Түркіменнің кеңес дәуіріндегі (1960—1970 жж.) жазушысы Хангелді Қарабаевтың “Дала аңызы” әңгімесі оқушыларға ұсынылып отыр.

Бұл әңгімеден көршілес отырған қазақ пен түркімендерге аңыз болған ортақ оқиға берілген. Қазақ жігіті Қосай мен түркімен қызы Айжамал жайында баяндалатын оқиға қызықты, әрі аянышты ерте кезеңдегі жеке адамдардың қайғы-қасіреті, жалпы халықтың да қасіреті екені суреттелген. Түркімен-адай деген рудың шығу негізін аңызға негіздеп айтады.

БАЙБӨРІ¹ БАЛАСЫ БӘМСІ-БАЙРАҚ ТУРАЛЫ ЖЫР

Хан ием! Қам-Ғанұлы Баяндүр бір күні төсегінен тұрып, кара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді. “Төбесі көкке жеткен ала шатырлар тігілсін, оған мың жерден кілемдер төселсін”, — деп бұйрық берді. Ішкі және тысқы оғыздардың барлық бектері Баяндүр хан тойына жиналды. Баяндүр хан тойына Байбөрі бек те келді. Баяндүр ханның қарсы алдында найзасына сүйеніп, Қара Көне баласы Қара Бодақ, оң жағында Қазанның баласы Ораз, солында қазылық Оғыз бектің баласы Иекенк тұрған еді. Мұны коргенде байбөрі бектің көкірегі қарс айрылды. Окіріп жылап, қолына орамалын алып, көздерін сүртті. Сонда бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеуі Қазан-Салор тізерлеп отырып, Байбөрі бекке үніле қарады да: “О, Байбөрі бек, мұнша неге қайғырасың?” — деп сұрады. “Хан Қазан, қалай жылап, қайғырмасын? Басына менің тажымды киер үл жок. Окшемді басар іні жок. Мен құдайдың қарғысына ұшыраған жан болдым. О, бектерім, мен өзімнің тажым мен тағымның қамын жеп қайғырып отырмын. Күнім жетсе, бір күні өлемін. Өле қалсам, орныма, үйіме кім ие болмақ?” — деді Байбөрі. “Бар тілегің сол ма?” — Қазан. Байбөрі оған: “Иә, бар тілегім сол, менің де ұлым болып, ол Баяндүр ханның алдында қызмет істеп тұрса, соны көріп мен де қуанышты болар едім, қайғым кетіп, мақтанар едім”, — деді. Бұл сөзді есіткенде барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, “Тәңірі саған үл берсін”, — десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: “Бектер, маған да бір тілек бата беріндер, тәңірі маған да бір қыз берсе екен”, — деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. “Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың”, — десті. “О, бектер, егер көк тәңірі маған қыз беретін болса, сны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер”, — деді.

Күндерден күн өтіп, тәңірі Байбөріге үл, Байбіжанға қыз берді. Мұны есіткенде, бүкіл оғыз елі қуанып, той жасады. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді: “О, саудагерлерім, тәңірі мені жарылқап үл берді. Балам өскенше рум еліне барып, соған жақсы қару-

¹Тексте “Бай-бура” деп берілген.

жарак әкеліндер”, — деді. Саудагерлер жол шегіп, Стамбулға келді. Бағалы бұйымдар, оған жақсы тартулар сатып алды. Олар Байбөрі баласына бір теңіз айғырын (су жылқысын), бір емен садақ, бір күрзі (шоқпар) сатып алды, сөйтіп еліне қайта тартты. Бұл уақытта Байбөрінің баласы бес жасқа толып еді. Одан соң ол онға, он беске толды. Өзі сұлу, жақсы жігіт болып өсті. Ерлігі қара құсқа төнген бүркіт сияқты еді. Ол кезде адам өлтіріп, қан төкпесе, балаға ат қойылмаушы еді. Байбөрінің баласы атына мініп аңға шықты, аңдарды қуа-қуа ол әкесінің отардағы малдарына келді. Жылқышылардың бастығы оның алдынан шықты да, атынан түсіріп алып, қонақ асы берді. Бұлар ішіп-жеп отырған кезде баяғы саудагерлер де еліне жетіп, қара сайға келіп түскен еді. Ниеті қара гәуірлер оларды Оник¹ қамалында күтіп тұр еді. Саудагерлер ұйқыда жатқанда, бес жүз гәуір олардың қосына тиіп, дүниелерін тонап алды. Саудагерлердің үлкендері тұтқанға түсіп, кішілері оғыз еліне қарай қашты. Келсе, оғыз жерінің шегіне ала шатырлар тігілген екен, оңы мен солында қырық жігіт. “Бұл оғыз елінің жақсы жігіті болар, соған барып көмек сұрайық”, — десті олар. Саудагерлер оған келіп: “О, жігіт, бек жігіт. Менің сөзіме құлақ сал, арызымды тында. Біздің сапар шегіп, оғыз елінен кеткенімізге он алты жыл болыпты. Біздер оғыз бектеріне гәуірлер елінен сирек кездесетін қымбат заттар алып келе жағыр едік. Соңғы қонған жеріміз қара сайдағы Пасаң даласы² болған еді. Бізге Оник қамалында жатқан бес жүз гәуір шапқыншылық жасап, менің ағам солардың қолында кетті. Олар біздің алып келе жатқан барлық бұйымдарымызды тонап алды. Өзім қара басымды сақтап, осында келіп жеттім. О, жігіт, көмек көрсетіп, жаудан кегімді алып бер” — деді. Мұны естігенде, жас батырдың шарап ішіп отырған алтын кесесі қолынан түсіп кетті. “Не айтып тұрсың? Сол жерге мені бастап алып жүріндер, жүйрік атымды ерттендер, жарак-жабдығымды түгелдендер, мені сүйетін жігіттер түгел атқа мінсін”, — деді. Шешім осылай болды. Саудагерлер алға түсіп, жол бастады. Гәуірлер бір жерге барып, бас құрап, дүние бөлісіп жатыр екен. Солардың үстіне жас батыр, қанды соғыстың арыстаны, ерлердің жолбарысы келіп жетті. Екі ауыз сөзге келместен, ол гәуірлерге қылыш жұмсап, қырғидай тиді. Басын көрсеткендердің бөрінің де қыл мойнынан қылыш ұрып, қыра берді. Дін үшін¹ үлкен ерлік көрсетіп,

¹ Бұл Басин аймағындағы қамал.

² Басин аймағының бір жырасы.

саудагерлердің тауарларын өздеріне алып берді. Сонда саудагерлер тұрып: “О, бек жігіт, сен бізге шын ерлерше көмек көрсеттің. Енді қосымызға барып, қалаған затыңнан сыйлық ал”, – десті. Жігіттің көзі теңіз жылқысы шұбар айғырға, темірден соққан шоқпарға, еменнен істелген садаққа түсті. Оған ұнағаны осы үш нәрсе болған еді. “О, көпестер, маған сыйлық бергілерің келсе, су айғырын, анау садақ пен шоқпарды беріндер”, – деді бала. Бұған саудагерлер қиналып қалды. Сонда жігіт: “Ол қандай бектің баласы, білесіңдер ме?” – деп сұрады. Көпестер оған: “Ол – Байбөрінің баласы, аты Бәмсі болса керек”, – деді. Осылай депті олар. Көпестер өздерінің алдында тұрған жігіттің Байбөрі баласы екенін білмеуші еді. Жігіт үндемей ішінен: “Бұл заттарды қарыздар болып көпестер қолынан алғанша, қарызсыз өз әкемнің қолынан алғаным дұрыс болар”, – деген ойға келді. Сөйтті де атына қамшы ұрып, жолға түсті. Көпестер оның артынан қарап ұрып: “Бұл тегін адам болмады, қайырымды батыр жігіт екен”, – десті.

Жас жігіт үйіне келіп, әкесіне көпестердің келіп жеткенін айтты. Әкесі бұған қуаныш білдіріп, ақ шатырын орнатып, ақ отаулар тіккізді, оған жібек кілемдер төсетті. Сол кілемдердің үстімен ол төрге шықты да, баласын оң жағына отырғызды. Бала өзінің көпестерге қалай болысқанын, гәуірдердің қалайша қырғын тапқанын әкесіне айтпады. Сол кезде көпестер келіп, бастарын иіп, Байбөріге сәлем берді. Қараса, баяғы жауды жеңіп, қан төккен жігіт Байбөрінің оң жағында отыр екен. Көпестер балаға жақындап келіп, оның қолынан сүйді. Бұған Байбөрі бек шамданып: “Иттен туған құрбандыққа жарамас” деген. Әкесінің қасында отырған баланың қолынан сүю көргенсіздік болады”, – деді. Сонда көпестер: “Хан ием, бұл жігіт сіздің ұлыңыз ба еді?” – деп сұрады. “Иә, ол менің ұлым”, – деді Байбөрі. Көпестер бұған таң болып: “Хан ием, мұны біз білгеніміз жоқ еді. Жақсы бопты. Егер біз оның қолынан сізден бұрын сүйіп алған болсақ, оны кешіріңіз, ашу қылмаңыз. Сіздің бұл ұлыңыз бізге болысып, ерлік көрсетпесе, әкеле жатқан тауарларыңыз Грузия жерінде қалған болар еді, біздің бөріміз тұтқында кеткен болар едік”, – десті. Байбөрі оларға: “Айтыңдар, менің балам жаулардың басын кесіп, қан төкті ме?” – деді. “Иә, о көп адамның басын кесіп, жерді қанға бояды”, – десті көпестер. “Ендеше оған ат қоятын мезгіл

¹ Бұл жердегі “дін үшін” сөзі кірме, оның жыр оқиғасына қатысы жоқ. Шамасы кейінгі көшірушілердің қоспасы болса керек. Жырда осындай тұстар жиі кездесіп отырады.

өтіп те кеткен екен” деп, Байбөрі барлық оғыз елінің бектерін шақырып, той қылды. Сол тойға менің атам Қорқыт келіп, балаға ат қойды. Тойда отырып ол: “Сөз тыңда, Байбөрі бек! Тәңірі саған ұл берді, өмірі ұзақ болсын. Ол оғыздардың тірегі, ту ұстайтын батыры болсын. Басынан қар кетпейтін биік тауларға шығамын десе, ұлың соның ең биік құзына шығатын болсын. Ағысы қатты қан сасыған өзендерден өтемін десе, тәңірі оның жүзіп өтуіне жар болсын. Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, тәңірі оның ісіне сәт берсін. Ұлынның атын “Бамш” деп атап жүр едің, ендігі аты Бәмсі-Байрақ болсын, мінген аты Байшұбар деп аталсын. Менің қойған атым – сол, тәңірі оның жұрымын берсін”, – деді. Оғыз елінің бектері бұл билікке қол көтеріп, жақсы тілек білдірді. “Ұлынның аты өзіне сай болды, бақытты болсын” деп бата берді.

Бір күні бектер бас қосып, аңға шықты. Байрақ өзінің атын алдырып мінді. Бұлардың алдында бір топ киік кездесіп, қаша жөнелді. Бәмсі-Байрақ бір киіктің соңына түсіп, қуа жөнелді. Көп уақыт қуып жүріп, ақыры атып алды. Бір жерлерге келгенде, ол бір қызық жайға кез болды. Ол нендей қызық екен, соған келелік, сұлтаным. Қарап тұрса, әдемі гүлдері көп нулы далаға бір қызыл шатыр тігіліпті. Бұған ол таң болды. “Айдалаға тігілген бұл шатыр кімдікі екен?” – деп ойланды. Не де болса бұл шатырдың бір сұлу қызға тігілген үй екенін білді. Жігіт шатырға кіріп көрейін, тиісті сыбағам болса алайын”, – деді. Алған киігін бауыздап, шатырға келді де, айналаға көз салды. Бұл Байраққа бесікте атастырыған Бәну-Шешектің шатыры екен. Бәну-Шешек шатыр ішінен сығалап қарап: “Байқандар, қыздар, көргенсізден туған бір көргенсіз бізді басынып жүрмесін. Алдынан шығып, мән-жайын біліңдер, тілдесіңдер, сауғасы болса, алыңдар” – деді. Қысыр Нике дейтін әйел оның алдынан шығып сауға сұрады: “О, бек жігіт, атып алған киігіңнен бізге сауға бер” – деді. Байрақ оған: “О, бикеш, мен аңшы емес, бек баласы боламын. Керек болса киікті бүтіндей ал, тек көңіліңе келмесін, бұл кімнің шатыры?” – деп сұрады. Сонда Қысыр Нике: “О, бек жігіт, бұл Байбіжан бектің қызы Бәну-Шешектің шатыры”, – деді. О, сұлтаным, бұл сөзді естігенде Байрақтың жүрегі тулап берсе де, әлеп сақтап, кейін қарай жүрді. Қыздар киікті көтеріп алып, хан қызы Бәну-Шешек сұлудың алдына қойды. Ол киікке қарап тұрып, оның теке екенін көрді және оны хан тартуы деп білді. Бәну-Шешек: “Жігіттің түр-түсін көрдіңдер ме?” – деп сұрады. Қыздар оған: “Өтірік айтпалық, ханша, жігіттің бетінде пердесі бар екен, анық тани алмадық. Бірақ әлепті

жігіт екені байқалды, өзі бектен туған бек баласы болуға тиіс”, – десті. Қыздар сөзін естіген соң, Бәну-Шешек: “Бикештерім-ау, сендер неге ғапыл болдыңдар, жұрт мені бесікте жатқанда Байраққа қосқан екен, өзі бетіне перде тұтып жүреді деп еді, сол болып жүрмесін? Шақырып келіндер мұнда, өзім тілдесіп көрейін”, – деді. Қыздар Байрақты шақырып, шатырға кіргізді. Бәну-Шешек бетіне перде жамылып тұрып, одан: “Қай тұқымнан шыққан жігіт едің?” – деп сұрады. “Ішкі оғыздардан шықсаң, аты-жөнін кім, кімнің баласы едің?” – деді қыз. Атым Бәмсі-Байрақ. Байбөрі бектің баласы боламын”, – деді жігіт. “Мұнда қандай жұмыспен келдің?” – деді қыз. Байрақ: “Байбіжанның қызы бар деген соң, соны көруге келіп едім”, – деді. Сонда қыз: “Ол саған жүзін көрсете қоймас, мен Бәну-Шешектің қызметкер қызымын, екеуіміз аңға шығып жарысып көрелік, озаң бәйге сенікі болсын. Содан соң екеуіміз садақпен жамбы атысып көрелік, оғынды тигізіп менен ассаң, бәйге сенікі. Одан кейін күреселік, мені жықсаң, бәйге сенікі болсын”, – деді. Байрақ: “Жарайды, атына міне ғой”, – деді. Екеуі далаға барып, ат жарыстырып еді, Байрақтың аты озып шықты. Оқ жарысына түскенде қыздың жіберген оғын атып түсірді. Сонда қыз: “Менің атымнан ешкімнің аты озған жоқ еді, оғымды да атып түсіргендер болған емес, енді күресіп көрелік”, – деді. Байрақ атынан түсіп, екеуі белдесіп күресе бастады. Күрес екі батырдың жекпе-жегінен кем болмады. Біресе Байрақ, біресе қыз бірін-бірі тулап көтеріп, жықпақ болды. Байрақ әлсіреп: “Егер бұл қыздан жығылсам, оғыз еліндегі барлық жұрт мені мазақтап күлер”, – деп ойлады да, қыз белбеуін бұрай ұстап, аш белінен қапсыра құшақтап алып, төсін тиістіріп жоғары көтеріп, шалқасынан салып, жықты. Сонда қыз: “О, жігіт, Байбіжанның қызы Бәну-Шешек мен боламын”, – деп, шынын айтты. Байрақ оның бетінен үш рет сүйіп, бір рет тістеп алды. “О, хан қызы, біздің қосылатын тойымыз сәтті болсын”, – деді. Сөйтті де саусағындағы алтын жүзігін алып, қыздың қолына кигізді. “Бұл біздің сертіміз болсын”, – деді Байрақ. Қыз оған: “О, бектің ұлы, уәде солай болса, бағымызды болашақтан күтерміз”, – деді. Байрақ: “О, ханша, болашақты кім болжаған, дегенмен оны мен күтейін”, – деді.

Қызбен қоштасқан соң, Байрақ ауылына келді. Алдынан сақалы қудай болған әкесі шығып: “Ұлым, оғыз елінен бүгін көрген қандай қызықты әңгімең бар?” – деді. Байрақ: “Мен көргендей не болсын. Ұлы барлар баласына қалындық әперіп, қызы барлар қызын ұзатып жатыр екен”, – деді. Әкесі: “Онда сені де үйлендіреміз бе?” – деді. “О, ақсақалды асыл

әкем, үйлендіргеніңіз жөн”, – деді Байрақ. Әкесі тұрып: “Оғыз елінде саған жар болуға жарарлық қыз кімде бар екен?” – деді. Байрақ: “Әке, маған қалыңдық алып берер болсаң, сол қыз орнынан менен бұрын атқа мінетін қыз болсын, менен бұрын соғысқа түсіп, жау басын бөктіріп әкелетін қыз болсын. Маған тек сондай қалыңдық керек” – деді. Бұл сөзді естіген соң, әкесі Байбөрі бек: “Е, ұлым, сенің іздегінің қыз емес, білектес батыр болды ғой, не болмаса, өзімнің қалаған қызымды ғана аламын дегенің шығар. Ол айтып отырғаның Байбіжан бек қызы Бәну-Шешек болмасын”, – деді. Байрақ: “Иә, сол. О, ақсақалды алтын әкем. мен сол қызды қалаймын”, – деді. “Ұлым, Бәну-Шешектің әрі тентек, әрі ақылсыз Қаршар деген ағасы бар. Қарындасына құда түскелі барғандарды өлтіре беретін мінезі бар”, – деді әкесі. “Оған қандай лаж бар?” – деді Байрақ. “Ұлым, оғыз елінің барлық бектерін шақырып ақылдасалық, солар не бұйырса, соны істелік”. – деді әкесі. Сөйтіп, Байбөрі оғыз елінің бектерін шақырып, шатырға отырғызды, асқа тойғызды. Оғыз бектері ақылдасып: “Сол қызға құда түсіп қайтуға кімнің батылы барар екен”, – деп. ақыры оған Қорқытты жіберуге келісті. Сонда Қорқыт: “Ағайындар, мені құдалыққа жібергенде, сіздерге Қаршардың мінезі белгілі, кімде-кім оның қарындасына құда түсуге барса, соны өлтіреді. Маған Баяндүр ханның жүйрік жылқыларынан екі ат ұстап беріңдер, біреуі ешкі бас айғыр болсын, екіншісі қой бас болсын, мен қашар болсам, бірін мініп, бірін жетекке алатын болайын”, – деді. Жұрт мұны мақұл көріп, Баяндүр хан жылқысынан оған екі ат әкеліп берді. Қорқыт оның бірін мініп, бірін жетелеп алды. “Ағайындар, сендерді бір тәңірге тапсырғаным”, – деп, ол жүріп кетті.

Сол кезде о, сұлтаным, тентек Қаршар ақ шатырын қара жерге тіккізді. Серіктерін жинап, садақ ататын нысанасын орнатып қойды. Сол кезде оған Қорқыт атам келіп, бас иіп сәлем берді, қолын көкірегіне қысып, жақсы сөздер айтты. Қорқытты көрген соң, Қаршар да оған сәлем берді, бірақ ауызы көпіріп, сөйлей бастады: “Сәлеміңе сәлем, Қорқыт! Сенің оңған бір ісің жоқ, басында құдай сенің ақ жүзіңе қара таңба басқан екен. Менің алдыма екі аяқты адам келген емес. Ауызы бар адам келіп, менің өзенімнен су ішкен емес. Саған не болған? Әлде ісіңнің қыры кеткен бе, болмаса сөзіңнен мағына кеткен бе? Әлде ажалыңа асығып жүрсің бе? Мұнда келуге, қалай дәтін барды?” – деді. Қорқыт тұрып: “Мен сенің аспанмен таласқан Қаратауыңның басына шықсам деп келдім, суы гүрілдеп аққан мөлдір суыңнан өтсем деп келдім. Мен сенің кең етегіңнен еніп, тар

колтығына сыйсам деп келдім¹. Көктің бұйрығы. Тәңірінің жолы деп, мен сенің айдан ақ, күннен сұлу қарындасың Бәну-Шешекті Бәмсі-Байраққа алып берсем деп келдім”, – деді. Есуас Қаршар бұл сөздердің мәніне жетпей: “Не оттап тұрсың өзін? Құрал-сайманым мен кара айғырымды алып келіндер”, – деді. Жігіттері оның кара айғырын ерттеп, құралдарын әкеліп берді. Сол айғырға Қаршар мініп алғанда, ерттеп, құралдарын әкеліп берді. Сол айғырға қаршар мініп алғанда, Қорқыт байлауда тұрған екі атын шешіп, қаша жөнелді. Ақылсыз Қаршар оның соңына түсіп, қуып берді. Қорқыттың қой бас күрең айғыры шаршап қалған соң, ешкі бас айғырына мініп қашты. Қорқытты қуамын деп, ақылсыз Қаршар он жылдық жолды алғандай болды. Ақыры ақылсыз Қаршар Қорқыт атаны қуып жетті. Қорқыттың үрейі ұшып кетті. Өзін тәңіріге тапсырып, әулие-әнбиялардың атын атай берді. Ақыл-есі кем Қаршар қолына қылышын алып, оны шауып тастамақ болды. Сонда Қорқыт: “Қылыш ұрар болсаң, қолдарың қарысып қалады”, – деді. Тәңірінің тауқыметі бойынша, Қаршардың көтерген қолы қарысып қалды. Қорқыттың сиқыры бар еді, дұғасы қабыл болды. “Ойбай, Қорқыт ата, кешіре көр мені. Тәңіріге сенемін, қолымды орнына келтір, көктің бұйрығы, Тәңірінің жолы болса, қарындасымды Байраққа берейін”, – деді Қаршар. Осы сөзді ол үш рет айтып, енді қайтып тентектік істемеске ант берді. Қорқыт қайтадан дұға оқып еді, Қаршардың қолы сауығып, бұрынғы қалпына келді. “Ата, қарындасымды берсем, сұрағанымды тауып бересің бе?” – деді Қаршар. Қорқыт: “Тауып береміз. Не сұрайтыныңды айт”, – деді. Ақылсыз Қаршар оған: “Келеге түспеген мың үлек, үйірге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, күйрығы мен мойны жоқ мың ит, мың бүрге тауып бересің. Осы сұрағандарым түгелденсе, қарындасымды берейін, таппасаң бүгін өлтірмесем, сол күні өлтіремін”, – деді.

Қорқыт ата Қаршардың сұрағын қалың малының түрін көрген соң, Байбөрінің үйіне келді. Байбөрі бек: “Қорқыт ата, өзің еркек пе едің, әйел ме едің?” – деп сұрады. Қорқыт: “Менің еркек екенімді кімнің дауы бар?” – деді. “Ендеше, ақылсыз Қаршардың қолынан қалайша аман келдің?” – деді. Қорқыт: “Тәңірі жар болып, әулиелер қолдады. Ақырында қарындасын беретін болды”, – деді. Бұл қуанышты хабар Байрақтың, оның анасы мен қарындастарының құлағына тиді.

¹ В.Бартольд бұл сөзді “мен сенің тар қолтығыңа кіріп, кең етегіне сыйлағал келдім”, – деп аударған. Ә Қ.

Үйдегілердің бәрі көңілденіп, қуанып қалды. Байбөрі бек тұрып: “Ақымақ қандай қалың мал сұралды?” – деп сауал қойды. “Айтпаңыз, ақымақтың сұраған қалың малы елде жоқ бір пәле”, – деді. “Не сұрайды екен?” – деді Байбөрі. “Оның сұрағаны: “Келеге түспеген мың үлек, биеге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, күйрығы жоқ, басы жоқ мың ит, мың бүрге болды. Осыны тапсаң, қарындасымды беремін, таппасаң көзіме көрінбе, онда өлтіремін деген шарт қойды”, – деді Қорқыт. Сонда Байбөрі: “Алдыңғы үшеуін мен тапсам, қалған екеуін сен табар ма едің?” – деді. “Иә, Байбөрі бек, соңғы екеуін мен табар едім”, – деді Қорқыт. “Ендеше, сен ит пен бүргені тап”, – деп, Байбөрі өзінің отардағы малына кетті. Жылқыдан мың айғыр, түйеден мың үлек, қойдан мың қошқар тандап алды. Қорқыт күйрығы жоқ, басы жоқ мың ит, мың бүрге тапты. Осы малдың алғашқы төрт түлігін айдап, ол ақылсыз Қаршарға барды. “Қаршар: “Айтқанымды қалай тапқан екен”, – деп, оның алдынан шықты. Айғырларды көріп, ұнатты. Үлектерді де ұнатты. Қошқарды да ұнатты. Иттерді көргенде ол қарқылдап тұрып күліп жіберді. “Ау, Қорқыт ата, бүргелерім қайда?” – деді ол. “Уа, ұлым Қаршар, бұл жәндіктердің өзі сона сияқты адамға зиянды ғой. Ол шаққанда адам жанын қоярға жер таппайды. Мен оларды тау үңгіріне қамап қойған едім, жүр сол үңгірге баралық, семізін ал да, арығын таста”, – деді оған Қорқыт. Ақылсыз Қаршарды ол үңгірге ертіп апарып, киімдерін шешкізіп, тесіктен кіргізіп жібереді. Аш бүргелер ақылсыз Қаршарға кенедей қадалды. Бүргемен күресіп болмайтын болған соң: “Ойбай, Қорқыт ата, есікті ашып, құтқара көр мына пәлелерден”, – деп жалынды. “Балам Қаршар, неге шу көтердің, бұл сенің тапсырған аманатыңның бірі еді ғой. Саған не болған? Неден опық жедің? Семіздерін ал, арықтарын таста”, – деді оған Қорқыт. “Қорқыт ата, мұның арығы да, семізі де патшаларға болмаса бізге керегі жоқ екен, әзірше есікті ашып, мені құтқара көр”, – деп жалынды Қаршар.

Қорқыт есікті ашып, ақылсыз Қаршарды далаға шығарды. Есалаң Қаршар сыртқа шыққанда, оның сорайған басы ғана қалғанын көрді Қорқыт. Бүргелер оның денесіне қара күйедей болып жабысқан екен. Көзін, бетін айыру қиын еді. Ол Қорқыттың аяғына құлап түсіп: “Тәңірі үшін мыналардан құтқара көр”, – деп жалынды. Қорқыт оған. “Уа, ұлым, суға барып түсе ғой”, – деді. Есалаң Қаршар жүгіріп барып, суға қойып кетті. Бүргелер суға батып өлді. Қаршар енді киімдерін киіп, үлкен той жасау қамына кірісті.

Оғыздар заманында жігіт үйленер болса, әуелі садақтан

оқ атып, сол оқ түскен жерге қалыңдық шатыры тігілуші еді. Байрақ та сондай оқ атты. Сол оқтың барып түскен жеріне оңаша отау тігілді. Қалыңдықтан оның пәктігін, тән тазалығын білдіретін бір қызыл шекпен келген еді, оны Байрақ өзі киіп алды. Бұған жолдас-жоралары реніш білдірді. Байрақ оларға: “Несіне ренжисіңдер?” – деп еді серіктері: “Ренжімей қайтеміз, сен қызыл шекпен кисең, біз ақ шекпен киіп жүрміз”, – десті. Байрақ: “Оның өкпелейтін түгі де жоқ, қызыл шекпенді бүгін мен кисем, ертең орынбасарым киеді, қырық күнге дейін бір шекпенді кезек-кезек киіп, содан соң бір дәуірішке жабармыз”, – деді. Байрақ қырық жігітімен ішіп-жеп, тойлады. Қарғыс тиген гәуірлердің жансызы бұлардың оңаша жерде той тойлап жатқанын біліп, Байбурд қамалының бегіне жеткізді: “Ұйқыңды қой, сұлтаным. Бәйбіжан саған беремін деген қызын Байраққа берді, олар бүгін түнде неке шатырына кірмек, соны асығыс түрде басып алалық”, – деді. Бек өзінің 700 әскерін ертіп, шатырды басып алды. Байрақ қаннен-қаперсіз өзінің шатырында ішіп-жеп, думан құрып жатыр еді. Гәуірлер оларды түнгі ұйқыда басты. Байрақтың орынбасары қолына қылышын алып, соғысып: “Байрақ үшін жауға басымды беремін”, – деді. Оны жаулар қылышпен шауып өлтірді. Терең су батырады, жау аяу білмес. Ат шапқанын біледі, ер атқанын біледі. Жаяу адам жау алмайды. Байрақты гәуірлер өзінің 39 жолдасымен тұтқындап кетті. Түн өтіп, күн шықты. Байрақтың әкесі мен шешесі далаға шықса, ауыл шетіне тіккен қызыл шатыр орнында жоқ екен. Бейшаралар аһ ұрып, ақыл-есінен айрылды. Шатырдың жұртында қарға-құзғын қаптап ұшып жүр екен. Бірі қонса, бірі ұшады. Қылыш тиген шатыр тоз-тоз болған екен. Орынбасар өліп жатыр. Байрақтың әкесі өзінен үлкен бөркін¹ жерге атып ұрып: “О, ұлым, ұлым!” – деп жылап-еңірей бастады. Байрақтың ақ шашты көрі анасы да зарланып жылап, көздерінен ащы жас ақты, өткір тырнақтарымен бетін тырнады, маңдайын төбелеп, қарғаның қанатындай қап-қара шаштарын жұлды. Беті қып-қызыл қан болған еді. Иықтары жалтырап, өксіп Байбөрінің алтын шатырына келді. Оның бойжеткен қыздары да ойнап-күлмейді, ақ саусақтарына қына жақпады. Байрақтың жеті қарындасы ақ киімін тастап, қара киді. “О, бегім менің, алтын ағам! Өзінің дегеніне жетпей кеткен жалғыз ағам”, – деп жылады олар. Бұл хабар Байрақтың қалыңдығына барып жетті. Бәну-Шешек өзінің ақ көйлегін тастап, қара көйлек

¹ Тексте “сәлдесін” деп ислам сөзін алыпты. Оны біз “бөрік” деп алдық.

киді, күздің піскен алмасында қып-қызыл беттерін жұлды. “О, менің қызыл ернімнен сүйген жарым! О, менің ақ жүзімнің сәні, басымның бағы! О, менің патшам, ер туған жігітім! Сұңқар болып туған сүйген жар! О, хан сүйекті жігітім, жүзіңе қарап тоймай қалған жігітім. О, жан жарым, ерім, мені жалғыз тастап қайда кеттің? Көзімді ашқалы өзіннен басқа көредім, жүрегімнің жалғыз сүйгені сен едің. Тар төсекте басымыз қосылмаған жан-жарым, мақсатына жете алмай кеткен жан-жарым! Қазан бектің орнын басады деген жан-жарым! О, бүкіл оғыз елінің бәйтерегі болған жан-жарым!” — деп жылады Бөну-Шешек. Бұл хабарды естіген Қиян-Селжүк баласы Дондаз да өзінің ақ киімін тастап, қара киінді. Барлық оғыз елінің батырлары қайғырып, не істерін білмеді, үміті үзілді.

Осымен он алты жыл өтіп, жұрт Байрақтың өлі-тірі екенін біле алмады. Бір күні қалыңдықтың ағасы Қаршар Баяндүр ханға келіп тізе бүкті де: “Өмірің ұзақ болып, бағың арта берсін, хан! Егер Байрақ тірі болса, он алты жылда бір дерегі болар еді. Соның өлі-тірісін біліп келетін жігіт табылса, мен оған зерлі шапан жауып, алтын-күміс берер едім. Кімде-кім оның өлгенін хабарласа, соған мен қарындасымды берер едім”, — деді. Бұл сөзді есіткен Жалғаншы¹ баласы қара ниет жарташық суайт: “О, сұлтаным, Байрақтың өлі-тірісін мен барып біліп қайтайын”, — деп сұраңды. Жарташыққа бір кезде Байрақ өзінің бір көйлегін тарту етіп берген еді. Көйлекті ол кимей, сақтап жүреді екен. Сол көйлекті қандап, баяндүр ханның алдына қойды. “Бұл кімнің көйлегі?” — деп сұраған Баяндүрға: “Байрақты қара сайдың басында өлтірген екен, соның айғағы осы, сұлтаным”, — деді Жарташық. Қанды көйлекті көрген оғыз бектері ой бауырымдап, көрісіп, жылай бастады. Баяндүр хан тұрып: “Несіне жылайсындар? Бұл көйлектің кімдікі екенін біз білмейміз ғой. Көйлекті әуелі оның қалыңдығына апарып көрсетіндер”, — деді. Қалыңдығы көйлекті таныды: “Иә, бұл көйлек Байрақтікі”, — деді ол. Көйлекті көргенде, Бөну-Шешек есінен танып, өзінің жағасын жыртты, өткір тырнақтарымен күзгі алмадай жайнаған беттерін тырнап, шашын жұлып, бағым Байрақ! О, ақ дидарымның сәулеті, қызыл ерінімнің иесі болған, Байрақ!” — деп жылады Бөну-Шешек. Бұл хабар Байрақтың әкесі мен анасына да жеткен еді. Оның ала ордасын қайғы бұлты басты. Жұрттың бәрі ақ киімдерін тастап, қара киді. Оғыз елінің бектері Байрақтан үміт үзгендей болды.

Байрақтың әкесі Байбөрі баяғы көпестерді қайта шақырып,

¹ Жалғаншы — Яланшы (Яланчи), Жарташық — Яртачук.

ақылдасты: “Сіздерді мен жау еліне жұмсаймын, сол елді түгел аралап, Байрақтың өлі-тірісін біліп келесіңдер”, – деді. Көпестер жабдығын қамдап жолға түсіп, күн-түн бірдей жүрді. Ақырында олар Пара-Сара қамалына, Байбурд қаласына келіп жетті. Сол күні гәуірлердің ұлы тойы болып жатыр екен. Жұрттың бәрі шарап ішіп мас болып, Байрақты ортаға алып, кобыз ойнатып жатыр екен. Байрақ мінбарда тұрып, шымылдық пердесі арасынан көпестердің келгенін көрді Соларға барып, Байрақ тіл таппақ болды. Хан ием, ол не сұраған екен, соған көрелік: “О, көпестер, ұзақ далаларды басып, биік таулардан асып келіпсіңдер. Менің бек әкеме, ханым шешеме сыйлық алып баруға келіпсіңдер, көпестер! Мінгендерің ұзын сирақ жүйрік жылқылар екен, көпестер! Менің сөзіме құлақ салыңдар, көпестер! Сендерден сұрайтыным елімнің арыстаны, Ұлаштың ұлы Қазан-Салор аман ба, көпестер? Одан соңғы сұрарым: Қиян-Селжүк баласы ер Дондаз аман ба, көпестер? Сақалы құдай болған әкем, шашына түгел ақ кірген анам аман ба, көпестер? Дүниеде сүйгенім, екі көзімнің бірі Байбіжан қызы Бәну-Шешек от басында бар ма, көпестер? Өлген жоқ па ол, көпестер? Білгендерінді айтыңдар, менің қара басым жолдарыңа құрбан болсын, көпестер”, – деді оларға Байрақ. Көпестер жауап беріп: “Өзің аман-есен барсың ба, Бәмсі-жан? Сен Қиян-Селжүректің баласы ер Дондаз аман ба деп сұрадың, ол аман. Бәмсім. Қара Көненің баласы Бодақты сұрасаң, о да аман, Бәмсім. Солардың бәрі де сен үшін қайғырып, ақ орнына қара киген, Бәмсім. Ақ сақалды әкенді, ақ шашты ананды сұрар болсаң, олар да аман, Бәмсім. Олар да ақ киімдерін тастап, қара киген, Бәмсім. Мен сенің жеті қарындасыңды көрдім. Олар жеті жолдың торабына барып, сені зарланып күтуде, Бәмсім. Мен олардың алмадай ақ бетін жыртып, жылағанын көрдім, Бәмсім. Олар “келмеске кеттің бе, алтын ағам”, деп жылайды, Бәмсім. Жарық дүниеге келгенде сүйіп алған жарың Байбіжан қызы Бәну-Шешек ерге шығу үшін мөлдек тойын істел, енді үлкен тойына әзірленіп жатыр. Ол Жалғаншы баласы Жарташыққа тимекші болып жатыр, Бәмсім. О, хан Байрақ! Байбурд қаласын, пара-сара қамалын тастап, еліңе тез жетіп, қызыл шатырыңа қайта кірмесең, Байбіжан қызы Бәну-Шешек саған жоқ, соны біл”, – деді көпестер. Байрақ орнынан жылап тұрып, қырық жігітіне барды да, басындағы бөркін жерге атып ұрып, оларға мұңын шақты: “Елімде не болып жатқанын білдіңдер ме, қырық жігіт? Жалғаншының баласы Жарташық суайт елге мені өлді деп хабарлапты. Әкемнің алтынмен тысталған шатырларына қайғы кіріпті. Оның бойжеткен қыздары қара жамбылыпты.

Дүниеде көрген сүйгенім Бөну-Шешек Жалғаншы баласы Жарташыққа тигелі жатыр екен”, – деді. Мұны есіткенде, оның қырық жігіті де бас киімдерін жерге алып ұрып, жер сабап, өксіп-өксіп жылай береді.

Гәуір бегінің бойжеткен бір қызы бар еді. Ол әр күні Байраққа келіп тұрушы еді. Сол күні ол Байрақты көруге тағы да келді. Келсе, Байрақ қайғырып отыр екен. “Неге қайғырып отырсың, хан жігіт? Әр кезде келгенімде, сен көңілді болушы едің. Қобыз тартып, күліп отырушы едің. Бүгін саған не болған?” – деп сұрады. Байрақ оған: “Қайғырмасқа шарам қайсы? Сенің өкене тұтқын болғанымна он алты жыл болыпты. Елімде қалған әкем, шешем, құлдарым, қарындастарым мені сағыныпты. Оның үстіне алған бір қара көз қалыңдығым бар еді. Жалғаншы баласы Жарташық деген суайт мені өлді деп хабарлап, соны алғалы жатыр екен”, – деді. Гәуір қызы Байраққа ғашық еді, мына сөзді есіткен соң оған жаны ашып: “Мен сені арқанмен қорған сыртына шығарып жіберсем, өксешесіңе, еліңе аман-есен барып жетсең, қайтып келіп мені өіслдікке алар ма едің”, – деді. Егер оғыз еліне аман-есен жетіп, сені алмай кетсем, өз қылышым басымды кесіп, өз жебем жүрегіме қадалсын, сүйегім парша-парша болып, жер астына көмілсін, денем тошырақ болып, молым бұзылсын”, – деді Байрақ. Мұны есіткен соң Гәуір қызы арқан әкеліп, Байрақты дуалдың сыртына түсіріп жіберді. Байрақ жерге түскен соң, Төңірге тәуба қылып, жолға түсті. Жолай ол Гәуірдің үйірлі жылқысына кез болды. “Осы жылқыдан бір ат тауып мінейін”, – деген ойға келді. Жылқы шетіне келсе, баяғы өз аты – су айғыр оттап тұр екен. Ол да Байрақты тани келті. Екі артқы аяғынан тік тұрып, кісінеп жіберді. Байрақ атының қасына келіп, оны мақтай бастады. Байқап көрелік, хан ием, ол атын қалай мақтаған екен: “Маңдайың ат бәйгесіне майдан болғандай, екі көзің қара түнде жанған шырақтай. Жалың жібектей есілген. Екі құлағың қатарласып ұшқан егіз құсқа, егіз балаға ұқсас. Арқана мінген ат емес, жан серігім едің. Сен маған бірге туған інімнен де жақынсың. Менің басыма іс түсіп бүр. Сені ең жақын досым деп санаймын. Сен маған достан да артықсың”, – деді атына Байрақ. Ат басын жоғары көтеріп, бір құлағын тігіп, бір құлағын бүгіп, Байраққа жақын келді. Байрақ атының мойнынан құшып, екі көзінен кезек-кезек сүйіп, үстіне секіріп мініп алды. Қамалдың қақпасына келіп, 39 жолдасын гәуірлерге тапсырды. Тыңдаңыз, хан ием, не айтқан екен ол: “О, дінсіз Гәуір, сөзіме құлақ салыңдар. Сендер менің бетіме шапалақ ұрғанда, оған көндім, ішер асыма қара шошқаның

етін бергенде де көндім. Құдай оң сапарымды берсе, еліме қайтқалы тұрмын. Тыңда гәуір, 39 жолдасымды сендерге аманат қылып тастап барамын, соның бірі кем болса, әрбіреуі үшін он адамынды өлтіремін. Оны кем болса жүз адамынды өлтіремін. Мұны біліп қойыңдар, гәуірлер. 39 жолдасым сендерге аманат”, – деді Байрақ. Соны айтты да, ол Байшұбардың басын жолға салды. Гәуірлерден қырық қуғыншы шығып, Байшұбарға жете алмай, кері қайтты.

Байрақ оғыз еліне келіп жетті. Ел аралап жүрсе, бір ұзын қобызбен жыр айтып жүр екен. Байрақ оған: “Қайда барасың, өлеңшім?” – деді. “Оны сұрап қайтесің, бек-жігіт? Үйлену тойына барамын”, – деді қобызшы. “Ол кімнің үйлену тойы? – деді Байрақ. “Жалғаншының баласы Жарташықтың тойы”, – деді ол. Байрақ: “Ол кімнің қызын алады екен?” – деп сұрады одан. “Байрақтың әйеліне үйленбек”, – деді қобызшы. Сонда Байрақ: “О, жырауым, осы қобызыңды маған берсең қайтеді, астыма мінген атымды берейін, бірақ оны жақсылап бақ, келген соң ақынды төлеп, атымды алармын” – деді. Жырау тұрып: “Менің дауысым әзір кеміген жоқ, тамақтан шыққан күйлерім сәнді. Атыңды берер болсаң, оны үйіме апарып бағайын”, – деді. Жырау қобызын Байраққа берді. Байрақ қобызды алған соң, жаяулап әкесінің ордасына қарай жүрді. Ауылға жақындап келгенде, жол өтетін қырдың басында бірнеше қойшы жылап-сықтап, жол жағасына тас үйіп жүр екен. Байрақ оларға келіп: “Уа, жақсы қойшылар, жұрт тас көрсе, оны алысқа лақтырып тастайды, сендер не үшін бұл тасты жол бойына үйіп жүрсіңдер?” – деп сұрады. Қойшылар: “Сен өз ісінді біл, біздің ісімізде нең бар?” – деді оған. “Тасты қайтпексіңдер?” – деген сұраққа қойшылар: “Біздің бегіміздің бір ұлы бар еді, соның жау қолына түскеніне он алты жыл болды, өлі-тірісі белгісіз. Жалғаншы баласы Жарташық деген адам соның өлген хабарын әкелді, соған Байрақтың әйелін қосқалы жатыр. Жарташық осы жерден өтсе, біз оны таспен ұрмақшымыз. Бізге салсаң оның Жарташыққа тимей, өзінің теңіне тигені мақұл еді”, – десті. Бұған Байрақ сүйініп қалып: “Дидарларың жарық болсын, иелеріңнің берген наны бойларына құт болсын”, – деді.

Қойшылардан өтіп, Байрақ әкесінің ордасына келді. Шатыр адында бір үлкен дарақ бар еді. Түбінде ағып жатқан мөлдір бұлағы болатын. Байрақ бұлаққа келсе, өзінің кіші қарындасы жылап-сықтап еңіреп, су алуға келе жатыр екен. Өзі: “О, қыршын өткен ағам Байрақ, сенің үйлену тойың сәтсіз болды ғой”, – деп сөйлеп келе жатыр екен. Бұл сөз Байрақтың сай-сүйегін сырқыратты. Көзінен түйір-түйір ащы жас тамды. Сағынышты бауырын көргенде, жүрегі қарс

айырылып, дауыс беріп, қалай сөйлеп кеткенін де білмей қалды. Не айтқан екен ол, тыңдап көрелік, хан ием. “Неге мұнша егіліп жылайсың, қыз бала? Қыршын өткен ағам дейсің. Бұл сөзге менің жүрегім от болып жанады. Жанымда тағат қалмай тұр. Әлде ағаң жау қолында өлді ме? Тоң ерісе бу болып, жаңбыр жауады. Қарайған жүрегінде қандай қағы бар? Азырақ сұрағым бар саған. Қарсы алдында тұрған мына тау кімнің жайлауы? Сол таудың салқын суын кімдер ішіп отыр? Өңшең жүйрік жылқылардың егесі кім? Таудан өрген ақтылы қойдың етін кім жейді? Жайлауға тігілген қара, көк түсті шатырлар кімдікі? Қыз бала, осы сұрақтарға өз аузың, өз тіліңмен жауап бер маған. Қара басым сенің жолыңа құрбандық болсын”, – деді Байрақ. Сонда қыз: “Несін айтайын саған. Құлағым бұл кезде қобыз үнін есітіп, жыр тыңдаудан қалған. Қобзынды сарнатпа, бақсым. Мен бір бақытсыз өткен қызбын, бақсым. Қарсы алдында тұрған таудың жайлауы кімдікі деп сұрадың сен, ол бір кезде менің ағам – Байрақтың жаулауы еді. Ағам кеткелі мен ол жаулауға шыққан емеспін. Таудың салқын суы кімдікі дейсің, о да бір кезде менің ағам – Байрақтың ішкен суы еді. Ағам кеткелі ол судан біз татып көрген емеспіз. Үйір-үйір жүйрік жылқылар кімдікі деп сұрадың, о да ағам – Байрақтың жылқысы еді. Ағам кеткелі біз ол жылқыға мініп-түскен емеспіз. Бұдан ары қыз қобызшыға өзі сұрақ қойды: “О, бақсым, биік-биік қара тауларға шыққанда, одан ары өткенде, Байрақ дейтін жігітті көрген жерің жоқ па? Суы мол өзендерден өтіп, одан ары кеткенде, Байрақ деп аталатын батырды көре алмадың ба? Үлкен де, бай қалаларды аралағанда, Байрақ дейтін жігіт саған кездеспеді ме? Көрген болсаң, маған хабарын айта кет, бақсым. Менің қара басым сенің садаған болсын, бақсым”, – деді. Қыз тағы да сөйлеп кетті: “Менің көз алдымда тұрған қаратауым құлағалы қашан, бақсым? О сенің құлағыңа қалай жетпеген? Есік алдындағы бәйтерегім кесілгелі не заман? Ол сенің құлағыңа қалай тимеген? Дүниедегі тірегім, жалғыз ағамнан айрылдым. Ол сенің құлағыңа қалай жетпеген, бақсым? Мендей бақытсыз қызға дүние деген әлдеқашан адыра қалды емес пе, бақсым? Бұдан ары жүрсең, үйлену тойына кез боласың. Жолың болсын, бақсым”, – деді қыз.

Бұдан соң Байрақ өзінің басқа қарындастарына барды. Олар қара көк киім киіп отыр екен. Байрақ дауыстап сөйлеп кірді. Не айтқан екен, тыңдап көрелік, хан ием: “О, қыздар, төсектеріңнен таңмен бірге тұрасындар. Ақ шатырды қойып, қара шатырда отыратын болыпсындар, қыздар. Ақ киімдерінді тастап, қара киетін болыпсындар, қыздар. Үйлеріңде бауырдай болып ұйыған қалған-құтқан қатықтан не бар, қыздар?

Астауда тұрған балдарыңнан не бар, қыздар? Үйлерінде қатқан-күтқан наннан қалған не бар, қыздар? Үш күннен бері жол жүріп, ас-су ішкенім жоқ еді. Үш күнге жететіндей етіп, қарнымды тойғызсандар, төңірден сендердің тілеулерінді тілер едім”, – деді бақсы. Бұл сөзді есіткен соң, қыздар сарайға барып ас-ауқат әкелісіп, Байрақтың қарнын тойғызды. Содан соң Байрақ: “үйлерінде ескірген шекпендерің жоқ па? Кеткен ағаларың жолына соны маған садақа етіп берсеңдер, көп-көп алғыс айтар едім. Соны киіп, үйлену тойына барсам ба деп едім. Ол тойдан маған да бір шекпен тиетін шығар, ескі шекпендерінді өздеріңе әкеп берер едім, қыздар”, – деді бақсы. Қыздар зыр жүгіріп Байрақтың ескі шекпенін тауып әкеліп, оның қолына ұстатты. Киіп көріп еді, ұзыны Байрақтың бойына, ені қос жауырына, жеңі қолына шак келді. Үлкен қарындасына Байрақтың көздерінің айналасы қара қынамен боялған сияқты болып көрінді. Сол көздерінен қанды жас саулап ағып тұрғандай болды. Қарындасы сөйлеп кетті. Хан ием, не айтқан екен ол, көрелік: “Көзіннің айналасы қарайып көрінгені болмаса, мен сені өз ағам Байраққа ұқсатқан болар едім, бақсы. Ұзын шаштарың бетінді бүркеп тұрғаны болмаса, мен сені ағам Байраққа жорыр едім, бақсы. Білектеріңнің солғын тартқанын айтпасам, мен сені өз ағам Байраққа мегзер едім, бақсы. Дененді дөңгелетіп бұрғаныңа, арыстан сияқты галтайып тұрғаныңа, қимылтыңа қарасам, сені мен өз ағам Байраққа ұқсатар едім, бақсы. Үмітімді ақтап, мені қуантқалы келдің бе, бақсы. Айтшы шыныңды”, – деді үлкен қарындасы. Қыз сөйлей берді. “Біздің күніміз қараң қалған, бақсы. Оны айтып жеткізу мүмкін емес. Менің ағам кеткелі бұл үйге бірде-бір адам басын сұғып көрген емес еді. Бізден шекпен сұраған, басымызға жамылған қара орамалды сөз еткен адам болған жоқ еді”, – деді қарындасы. Байрақ ойланып қалды. “Мынау шекпенді киген соң, қыздар мені танып қалған екен. Шекпенді киіп шықсам, оғыз елінің басқа адамдары да мені танып қалуы мүмкін екен. Ал мен әзірге өзімді білдірмей, бұл елде маған кім дос, кім жау екенін білуім керек”, – деп, үстіндегі шекпенін шешіп алып, қыздардың алдына тастады. “Байрақтарыңмен бірге неге құрып кетпейсіндер, сендер маған тозған шекпендерінді беріп, әруағымды қорладындар”, – деді. Далаға шығып жазы арасында жатқан бір алаңаны алып, қырық тесік етті де, соны мойнына іліп, есалаң бақсы болып тойға келді.

Барса үйленетін жігіт жамбы атып жатыр екен. Жамбы атысына Қар Көне баласы Бодақ, Қазан-Салор баласы Ораз, бектердің үлкені Ғафлет баласы Иекенк, Шамсадин-Шер, қалыңдықтың ақымақ ағасы Қаршар да қатысыпты. Қара

Болақ садақ атқанда, Байрақ ішінен: “Қолың күшті болсын”, – десе, Ораз оқ атқанда: “Оғың құтты болсын”, – деп тіледі. Иекенк садақ тартқанда да Байрақ сол сөзді айтты. Шамсадин-шер оқ атқанда: “Қолың сәтті болсын”, – деді Байрақ. Жарташық садақ тартқанда, Байрақ: “Қолың қатып қалып, саусақтарың шірісін, шошқадан жаралған шошқа, үйленушілерден садаға кет”, – деді дауыстап. Бұл сөзге Жалғаншы баласы Жарташық ашуланып қалды. Бақсыға бұрылып: “Нәжістен туған нәжіс, ақылы кем, ондай сөзді маған қалай айтасың? Азған ит, мерген болсаң, менің садағымды алып атып көр, тигізе алмасаң басыңды аламын”, – деді Жарташық. Мына сөзді есіткен соң, Байрақ оның садағын алып, жебесін тартып қалды. Садағы ортасынан қақ бөлінді. Сынған садақты жерден алды да, Жарташықтың алдына лақтырып тастап: “Мұндай садақпен сен жапанда кездескен бозторғайды да атып ала алмайсың”, – деді оған. Садағы қақ бөлініп, сынып қалғанға Жарташық әбден ыза болды да, “Байрақ садақты” әкеліндер мұнда!” – деп айғайлады. Жұрт оны алып келді. Талай-талай соғыста өзіне жан жолдас болған садағын көргенде, Байрақ жылап алды. Садаққа қарап сөйлей бастады: “Шіркін-ай, жауға тигенде қыл адырнаңды талай рет тартқан едім, сонда сен айғырдай кісінеуші едің. Өзіңді айғыр садақ¹ десе де болады. О, қайыспас емен садағым, сені мен айғырға бермес едім. Адырнаң сонша қатты еді, күшті қолмен тартқанда, өгіздей мөңіреуші едің. Сені мен өгізге берермін бе? Өзімнің 39 жолдасымды ауыр халде қалдырып, екі аяқты керуен болып, осында келдім”, – деді Байрақ. Содан соң ол бектерге қарап: “О, бектер, сіздерді сүйгенім үшін мен садақ тартып көргім келеді”, – деді. Жамбы орнына күйеудің жүзігі қойылған еді. Байрақ жай атқанда оғы жүзікті екі бөліп кетті. Бұған бектер риза болып, қолдарын ұрды, қарқылдасып күлді. Қазан бек осынша өнерді көріп, рахаттанып отыр еді. Ол адам жіберіп, Байрақты қасына шақыртып алды. Есалаң бақсы оның алдына барып басын иді, берген қолын кеудесіне қысып, оған мадақ айтты: “О, хан Қазан, сен таңертең биік тау басына ақ шатыр тігуші едің, жылқыңның бәрі жүйрік еді. Жасауылдарың ұзын жолдың бойында жау торып, әділет орнатушы еді. Керек жерінде сенің жинаған мол қазынаң май болып тамушы еді. Сені жұрт барлық оғыз жігіттерінің ұстыны, біздей кем-кетіктің дінгегі, тайпалар мен рулардың арыстаны, қара тобырдың жолбарысы, қара

¹ В.Бартольд “садақтың айғыры” деген сөзді жетік түсінбей аударған. Сол сөз Баку басылымында да түзетілмепті.

аттың иесі, Ораз ханның әкесі деп атаушы еді. Сөзіме құлағыңды салып, қабыл ет. Төсегіңнен таңертең тұрып, сен ну орманға барып, ақ қайыңның бұтақтарын сындырып, соның таңдаулы бұтағынан садақ, жай оғын істетуші едің, үйленген тойыңа ғажап шатырлар тігуші едің. Оң жағыңда оң жақтың бектері, сол жағыңда сол жақтың¹ бектері отырушы еді. Сол мемлекетіңнің бағы арта берсін”, – деді Байрақ. Бұл сөзді есіткен соң Қазан бек: “Тыңда, есалаң бақсым, менен қандай сыйлық алғың келеді? Қол шатырымды қалайсың ба, үй шатырымды қалайсың ба? Әлде менің құлдарым мен күндерімнен тарту алғың келе ме? Әлде алтын мен күміс алғың келе ме? Қалағаныңды беремін, сұра”, – деді. Сонда Байрақ: “О, сұлтаным, мені тойға ас пісіріп жатқан жер ошақ басына жібер, сол жетеді. Өзім ашпын, қарнымды тойындырсаң, сол маған берген сыйлығың болсын”, – деді. Қазан тұрып: “Бұл ессіз бақсы өзінің бағынан марқұм қалды. Бүгіннен бастап, мен оған өзімнің бектігімді беремін, қайда барамын десе, жолы ашық болсын, нені қаласа соны істесін”, – деді.

Байрақ ас пісіріп жатқан үйлерге барып, етке тойып алды. Содан соң асулы тұрған қазандарды теуіп, төңкере берді. Төңкерілген қазанның еттерін алып, оң-солға лақтыра берді. Оңға лақтырылған оң жақтағылар, солға лақтырғанын сол жақтағылар қағып алып жеді. “Етті еңбегі бар ер жесін, еңбегі жоқ тоғышарлар жер қабады”, – деді. Бұл хабар Қазан бекке барып жетті: “О, сұлтаным, ессіз бақсы бар қазанды төңкеріп тастады, енді қыздар отырған үйге барғысы келеді”, – деді оған хабарлаушылар. “Тимендер, қыздар отырған үйге барамын десе, еркіне жіберіңдер”, – деді Қазан. Байрақ орнынан тұрып, қыздар сауық құрып жатқан үйлерге барды. Зүрне шалып, кепшік қаққандарды үйден қуып шықты. Бірін ұрса, бірінің басын жарды. Содан соң бикештер отырған шатырға кіріп, есік жақтан орын алып отырды, Қазан бектің әйелі Бөрлі сұлу бұған ашу білдірді. Ол Байраққа қарап: “Тегі оңбаған тентек, мен отырған үйге не үшін рұқсатсыз кіресің?” – деді. Байрақ оған: “Ханым, Қазан бек менің ісіме ешкім бөгет жасамасын деп бұйрық берген”, – деді. Бөрлі сұлу: “Қазан сұлу тағы да Байраққа қарап: “Айтшы, есуас бақсы, мұнда келгендегі мақсатың не?” – деп сұрады. “Мақсатым – ерге шығатын келіншек ортаға шығып, би билеп, өлең айтса, мен соған қобыз тартып, қосылу”, – деді Байрақ.

¹ Оң, сол (үш оқ, бұзық оқ) деген бөлініс түрік қағанаты кезеңінен бар.

Қысыр Нике дейтін әйел бар еді, соған отырған әйелдер: “Орныңнан тұрып биге шық, Қысыр Нике, жыңды бақсы ненің мәнісін біледі”, – десті. Қысыр Нике ортаға шығып: “Ой, ақымақ бақсы, ерге шығатын келіншек мен боламын”, – деп билей бастады. Байрақ қобызын сарнатып, өлең айтты. Хан ием, ол не айтқан екен, соны тыңдалық: “Менің бедеу байталға мініп, көшке ерген күнім жоқ, сиыр күйлесе, бір бұқаны бір бұқа сүзіп қуады, ондай бұқалардың көздері жасаурап кетеді. Сен сол бұқаларыңа бар, сонда арманыңа жетесің. Бұл саған менің айтқан ақылым. Сенде менің жұмысым жоқ. Мен ерге шығатын келіншекті көруім керек, соның өзі шығып, алақанын шапаттап, би билесін. Мен оған қобыз сарынымен үн қосамын”, – деді Байрақ. Қысыр Нике: “Ойбай, бейшара басым-ай, бір ақымақ есіктен кіре салып, бәрін көріп қойғандай, өзіме өсек таңды-ау”, – деді. Сөйтті де орнына барып отырды. Жиында құныс¹ Фатима дейтін әйел отыр еді. Әйелдер оған: “Ортаға шығып, сен биле”, – десті. Өзі қалыңдықтың қызыл шекпенін киіп алып, ортаға жұлынып шығып: “Ерге шығатын келіншек мен боламын, ақымақ бақсы, сен қобызыңды ойнат, мен билеп берейін”, – деді. Сонда Байрақ: “Мен буаз биеге мініп, көшке ергенім жоқ. Сенің үйдегі атың – Дереджек, мінген атың Барақы емес пе еді? Қырық ұры қойныңда жатқан болса, құныс Фатима атанбай кім болмақсың? Масқараңды шығармай тұрып, жөніңді тап. Саған әуре қылатын қобызым жоқ. Орныңа бар да, отыр. Маған ерге шығатын келіншек шығып, қолын қағып билесе ғана қобыз тартамын”, – деп екінші сертін айтты. Мына сөзді естіген құныс Фатима: “Ойбай, бетім-ай, мына сұмырай не дейді? Біздің масқарамызды шығарды ғой. Түр, бикеш, орныңнан, өзің шығып биле. Бүгін билемегенде тамұқта билермін дейсің бе? Байрақтан айрылған соң, басыңа осындай күннің туарын білмедің бе?” – деді. Бөрлі сұлу да: “Өзің шық ортаға, келіншек, басқа лаждың қайсы?” – деді. Бәну-Шешек үстіне қызыл шекпен, қолдарына қолғап киді, сөйтіп ортаға шығып билей бастады. “Қобызыңды тарт, есалаң бақсы!” – деді. Байрақ қобызын сарнатып, өлеңдетіп жіберді. “Бұл елден мен кеткелі сен ақылыңнан айрылдың. Бір күні жапалақтап қар жауып, жерді тізеден басыпты. Сол кезде хан қызының құлдары мен күндері киімдерін шешіп, көзесін ұстап суға барыпты, сол судан қанып ішпек еді олар. Бірақ қос қолының саусағын білезіктен үсітіп

¹ Бұл сөзді Бартольд – “яғыз” деп аударған. Баку басылымында сол сөз “яғыр” болса керек делінген. Өзі құныс болған.

алыпты. Алтын, күмістерінді, әзірлей беріндер, ағайын, хан қызының бармақтарын кеселік. Ондай масқаралыққа ұшыраған бикешті ер алмайды”, – делі Байрақ. Бұл сөзге Бәну-Шешек шамданып қалды. “Мен қалайша масқара болыппын, кем ақыл бақсы, сөзіңді дұрыстап айт. Масқара боларлық менің қандай айыбым бар екен?” – деп, ол қолғаптарын алып, күмістей аппақ саусақтарын көрсетті. Ортан қолында баяғы Байрақ кигізген жүзік бар екен. Байрақ өзінің жүзігін танып қалды да, толғанып өлең айта бастады. Не айтқан екен, хан ием, тыңдап көрелік: “О, бикеш, Байрақ кеткелі биік таудың басына шығып көрдің бе, сен? Төрт жағыңа бірдей қарап, өзіңді танып білдің бе, сен? Қарға түстес қара шашынды жұлып, тарқатқан күндерің болды ма бикеш? Аядай қара көздеріңнен ащы жас аққан күнің болды ма, бикеш? Күзгі алмадай манаураған беттеріңді жосадай ғып жұлған күндерің болды ма, бикеш? Сен ерге шықпақ екенсің, ал қолыңдағы жүзігің менікі, сол жүзігімді өзіме қайтар, бикеш!” – деді Байрақ. Бикеш оған: “Байрақ кеткелі биік таулар басына талай рет шықтым. Қарға түстес қара шашымды талай рет жұлдым. Күзгі алмадай қызыл жүзімді де талай күндер жұлғаным бар. Келген, кеткеннен оның дерегін білсем де, көп күттім. Менен шындап-ақ кеткенің бе, бек жігітім, Байрақ, келмеске кеттің бе хан жігітім, Байрақ, деп зарланған, жылаған күндерім де аз болған жоқ. Бірақ менің сүйгенім – Байрақ, сен емес. Алтын жүзік те сенікі емес. Алтын жүзіктің көптеген айғақтары бар, оны алғың келсе, сол айғақтарыңды білдір”, – деді Бәну-Шешек. Байрақ сөйлеп кетті: “Уа, хан қызы, менің тау алдында атқа мініп, аңға шыққаным өтірік пе? Сенің ақ шатырың қасынан киік атып алғаным өтірік пе? Сен мені сол шатырға өзің шақырып алған жоқ па едің? Содан соң біз далаға шығып, ат жарыстырған жоқ па едік? Менің атымның озып шыққаны есінде жоқ па? Екеуміз садақ атысына түскенде сенің ұшып бара жатқан оғыңды атып түсірген жоқ па едім? Екеуміз күреске түскенде, сен жығылып қалмап па едің? Сонда мен бетіңнен үш рет сүйіп, бір рет тістеп алып едім. Алтын жүзікті мен сенің қолыңа сол сәтте кигізген жоқ па едім? Сондағы сенің сүйген жарың Байрақ мен емес пе едім?” – деді ол. Бұл сөзді айтқанда, бикеш Байрақты таныды. Оның сол жігіт екеніне көзі жетті. Киімшең күйінде Байрақтың алдына барып құлап түсті. Қыздар қызыл шекпенді Байраққа жауып, оны күйеуше киіндірді.

Бикеш дереу атқа мініп, Байрақ әкесі мен анасына барып,

оларды қуантты. Бикеш енесіне: “О, ана, құлаған Қаратауың орнына келді. Қандай боп қатқан өзендерің қайтадан шалқып ақты. Қураған бәйтерегің қайтадан гүлдеді. Қарыған жүйрік байталдарың қайтадан құлындайтын болды. Қарыған қызыл нарларың боталап, саулықтарың қоздайтын болды. Он алты жыл зарығып күткен Байрағың келді. Қайын атам, қайын енем, маған сүйіншіге не бересіңдер?” — деді. Бұл хабарды естіген атасы мен енесі: “О, келін, тіліңнен айналайын! Олгенімізше сенің тілегінде болалық. Сөзің өтірік болса да, шынға айналсын, келіншек! Баламыздың аман-есен келгені рас болса, маңдай алдында тұрған Қаратау сенің жазғы жайлауың болсын! Оның салқын бұлағы сенің кәусарың болсын! Менің құл-күндерім сенің қызметшің болсын! Жүйріктерім сенің жылқың болсын! Жүк артатын келелі түйелерім де сенің еншің болсын! Ақтылы қойым сенің малың болсын! Алтын-күмісімді аяусыз жарат. Алтын жалатқан ақ шатырларым сенікі болсын! О, келіншек, одан қалса, қара басым сенің құрбаңдығың болсын!” — десті оған. Осы кезде бектер Байрақты Байбөрі үйіне алып келді. Қазан Бек сөз бастап: “Қуана бер, Байбөрі, ұлың келді алдыңа!” — деді. Байбөрі: “Оны көрерлік менде көз бар ма? Көздерім көр болғалы ештеңені ажыратып, тани алмай қалдым ғой мен! Балам шынтағын қанатып, қанын орамалмен көзіме жақса, ол жазылар еді. Көзім ашылса, баламды көрер едім”, — деді. Оның екі көзі бірдей көрмей қалған екен. Екі көзіне орамалымен қанын жаққанда, Байбөрінің көздері шайдай ашылды. Әкесі мен анасы баласын көріп, аяғына жығылды. Олардың ендігі айтқаны: “О, балам, алтын үйімнің тірегі! О, ұлым, аққудай қалқыған менің қыз-қырқындарымның гүлі! Қос көзімнің жанған шырағы! Бойыма қуат, жан берген, балам! Бүкіл оғыз елінің көш басшысы¹ болған, жан балам!” — деген тілек бата болды. Жылап табысып, тәңірге тәубешілік етті.

Мұны естіген Жалғаншы баласы Жарташықтың зәресі ұшып, Байрақтан қорқып, Тана (Дон) өзенінің қалың қамысына қашып кетті. Байрақ оның ізіне түсіп, қамысқа кіріп, жұртқа: “От әкеліндер!” — деді. Сөйтіп қалың қамысқа өрт қойды. Жарташық өртеніп өлетінін білді де, Байрақтың аяғына келіп жығылды, сөйтіп қылышының астына өтті. Байрақ оның кінәсін кешті. Қазан бек: “Енді той жасап,

¹ Тексте бұл сөз “қалың оғыз әміршісі” делінген. Бартольд оны “елшісі” деп аударған. Біз алғашқы ұғымды алдық.

келіншегіңе қосыл!” — деп еді. Байрақ: “Қамалда қалған 39 жолдасымды жаудан құтқармай, әйеліммен қосыла алмаймын”, — деді. Қазан бек мұны мақұл көріп: “Мені сүйген жігіттер тегіс атқа мінсін!” — деп елге хабар таратты. Барлық оғыз елінің бектері атқа мініп, байбурд қамалына шауып келді. Гәуірлер күш жинап қан майдан ашты. Барлық оғыз бектері суға барып дәрет алды да, бетін сәждеге тигізіп, екі құтба оқыды, әулие-әмбиеге сиынып, тәңіріге жалбарынды. Даңғара-дабыл қағылып қырғын соғыс басталды. Ен дала домаланған адам басына толды. Қазан бек қылышпен ұрып, Шөкли патшаны өгіздей окіртті. Ол атынан құлап түсті. Ер жүрек Дондаз Қара Тагаворды қылыштап, аттан құлатты. Қара Бодақ Қара Арсланды өлтірді. Кең жазықта болған бұл соғыстан гәуірлер жеңіліс тапты. Гәуірлердің жеті бегі қылышқа түсіп өлді. Байрақ, Иекенк, Қазан бек, Қара Бодақ, ерлердің ері Дондаз, Қазан бек баласы Ораз бек қамалға шабуыл жасады. Байрақ қамалды алып, баяғы 39 жолдасына келсе, олар түгел аман екен. Тәңірге тәубешілік етті. Гәуірлердің шіркеулерін қиратып, қызметшілерін қырды. Орнына мешіт салдырып, азан шақыртып, құтба оқытты, тілдерін кәлимаға келтірді. Олжаға түскен, қызыл-жасыл киінген, бойшаң, көгілдір көзді қыз-қырқыннан, сауыт-сайманнан, алтындаған киім мен мауытыдан түскен олжаның бес бөлегін үш тоғыз қылып, Баяндүр ханға таратты. Байбөрі бек баласы Байрақ Байбіжан қызына үйленді. Өзінің ақ шатырына кіріп, үйлену тойын өткізді. Қырық жігіттің біріне Қазан, екіншісіне Баяндүр хан, тағы жетеуіне Байрақ өзінің жеті қарындасын берді. Сөйтіп, қырық жерден шатыр тігілді. Өздерінің бағын сынап, 39 қыз садақтан оқ атты. 39 жігіт атылған садақ оғының соңынан кетті. Батырлардың үйлену тойы қырық күн, қырық түнге созылды. Байрақ пен оның қырық жігіті мұрат-мақсаттарына жетті¹, өздерінің ерлігімен басқаларға батырлықтың өнегесін көрсетті.

Сол тойға Қорқыт атам келіп, күй шертіп, жыр айты. Дін үшін күресіп, жаудан кек алған сол батырлардың ерлігін өлең-жырға қосыпты. Бұл жыр Байраққа арналсын депті ол. Хан ием, мен де сізге ақ батамды бермекшімін: өміріңше асқар тауың құламасын, көлеңкелі дарағың солып, қуармасын. Ақ сақалды әкеңнің барар жері жұмақ болсын, ақ шашты анаңның жүрген жері саялы тау болсын. Сені құдай ұлыңнан,

¹ Бұл сөз тексте “мұрат беріп, мұрат алды” делінген.

туғандарыңнан айырмасын. Көзіңді жұмғанша құдай сені ақ дініңнен айырмасын. Сіз бен біз құдайдың дидарын көрелік, аумин! Дұғадағы басымыз бір болсын. Хан ием, құдайдың досы Мұхамедтің дидары үшін Аллатағала (ол дүниеде) күнәңді жеңілдетсін.

*Орыс тілінен аударғандар
Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев*

ТҮРМАҒАНБЕТ ІЗТІЛЕУОВ

*Фердоусидің “Шахнамасының”
ізімен жырлаған халық ақыны*

Рүстем-дастан

(Үзінді)

Рүстем аң аулауға бір күн шықты,
Кездескен құландарды атып жықты.
Еттерін отқа қақтап отыр еді,
Қолайлы қонақтауға тауып ықты,
Шығып ед Сәмәнгеннен бір топ кісі,
Аң аулау олардың да еді ісі.
Шоқтанып сол араға жетіп келді,
Бөрінің соңында ит, қолда құсы.

Рүстемнің оттап жүрген атын көрді,
Таңырқап тұрпатына жақын келді.
Байтал ед мінгендері көбісінің,
Азынап енді Рахыш оларға ерді.

Рүстем хабары жоқ қалды жатып,
Етін жеп аңдарының алған атып.
Оянса, оттап жүрген Рахыш жоқ,
Болды аң-таң “бұл қалай?” деп басы қатып.

Адамның ақыл артық талайынан,
Болған соң ұзамаушы ед маңайынан.
“Көкке ұшып кетті ме?” — деп қысылғаннан
Ақты тер ердің екі самайынан.

Ізіне еріп кеткен енді түсті,
Садақ пен сауыт-сайман темір үсті.

Әурелеп Рахышты ап кеткенге
Келеді көрсетсем деп қайрат-күшті.

Ішіне Сәмәнгеннің келді қуып,
Көргендер қашты қорқып бармай жуық.
Біреуі патшасына хабар айтты,
— Келді, — деп, — кісі сондай түсі суық.

Күтініп көп әскермен патша келді,
Ол келген жұмыс дейтін емес елді.
Жанды аман жалынбаса қоймас, деп бұл,
Бәрі де басын иді, бүгіп белді.

Жалынып жатқаннан соң қусырып қол,
Ашуын басып, берді ақылға жол,
— Бәрің де сау-саламат барсың ба? — деп,
Қарады амандасып оң менен сол.

Аттай-ақ дүрсіл қағып тұрған шауып,
Көңлінен кетіп көптің күдік-қауіп,
Қолдарын қалды бәрі шапақтасып,
Алтынның алғандай-ақ кенін тауып.
Білген соң Рүстемнің жайын сұрап,
Қойып бас аяғына патша құлап,
— Рахыштың ауып келген табылғанша,
Шыда, — деп былайша арыз айтты жылап:

— Шаһарымды Сәмәнгендей сыйлау еттім,
Өзімді елімменен ізіңе ерттім.
Риза бол, қай кезде де қас қақпаймын,
Ішіне түс десең де жанған өрттің.

Тотия¹ тозаңыңды етем көзге,
Гауһар ең қолға түспес келдің кезге.
Жата түр біздікінде болып қонақ,
Ойламай өтінішім ойды өзге.

Атыңның Сәмәнгенге келсе ізі,
Бір жерден, етпе уайым, шығар өзі.
Халқымның бәрін жауып тапқызармын,
Иненің болса-дағы сынған көзі.

¹ *Тотия* — ертедегі көзге жағатын дәрі.

Жан-жаққа жіберемін және хабар,
Атана андағайлап бәрі шабар.
Қалмастан қаптап жүріп қараған соң,
Көп оны қайткенменен іздеп табар!

— Мақұл, — деп патша үйіне келіп қонды,
Әр түрлі ән менен күй ойын болды.
Рүстемге патша қызы ғашық болып,
Теңселіп бүйіріне қойып қолды.

“Үһлеп” отыра алмай жүрді, кезді,
Көзінен күндіз-түні ұйқы безді.
Алдына Рүстем келіп тұрғандай-ақ,
Береді алақтата екі көзді.

Үстіне шыдамай қыз келді кіріп,
Кіргеннен қасын қағып, тұрды күліп.
Келгенін атағына ғашық болып,
Тіл қатты енді ердің іші біліп:

— Қарағым, түн ішінде келдің қайдан?
Көрінер көңліме артық көркің айдан.
Отырып аты-жөніңді айтып берші,
Артықша аузыңды ашып болмай қайран.

— Боласың, — деді, — өзің айт қайсы елден,
Жұмысым әуелі сол сұрап келген.
Болайын туымың мен тұрпатыңа,
Өзіндей жұлдызды жан жоқ ем көрген.

Дейді ел атымды Рүстем, атамды Зал,
Мен де көп қазына мен әр түрлі мал.
Болады асылым иран, жайым Систан,
Әрқашан жақсы көрсен жадына ал.

Деді қыз: — Тәһина атым, атам патша,
Ел менің тілегімде тұрса-жатса.
Алдыңа ғашық болып келіп тұрмын,
Мойныма болар ед деп қолын артса!

— Білуге келген болсаң біздің жайды,
Жоғалтып жүр ем, жаным, мінген тайды.
“Жоқты-жоқ табар” деген сияқтанып,
Өзіндей таптым толық туған айды.

— Білдім, — деді, — батыр, жай-күйінді,
Көркінді көргеннен соң жан сүйінді.
Теңселіп теңім таппай жүруші едім,
Ер болсаң ойымдағы шеш түйінді!

— Қасыма келіп отыр, олай десең,
Болайық бір-біреуге орай десең.
Ал-дағы алтын кесе құй шарапты,
Қонақты құрмет қылу қолай десең!

— Құрметтеп сізді күту бізге парыз,
Күтпесе ер жігітті қызға қарыз.
Бірге еріп күту түгіл, кетер едім,
Жол қысқа, белгілі ғой біздің тар із.

Жауырынына, — жарайсың, — деп қақты
— Ашылар есігі енді бақытыңыздың,
Қысқасы қол алысып қылды уәде,
Барынша барлармыз деп уақытымыздың.

Сияқты қосылғандай ай менен күн,
Екеуі оңаша үйде болды осы түн.
Болған соң сәһәр уақты сайрап бұлбұл,
Тауықтар тағы айқайлап шығарды үн.

“Болмас” деп Тәһина енді кетті қайтып,
“Ұялмай отырам, — деп, — күндіз қайтіп?”
Әзілін қос ғашықтың келгендегі
Ғазалмен берейін бір сіздерге айтып:

— Қай жақтан келдің, қарағым?
Отырғанда оңаша.
Көркінді көріп мәз болып,
Қалдым ғой жасап тамаша.
Жаныма отыр жақындап,
Сөйлесейік, шырағым,
Қашықтай бермей тым аса!

— Келмей жатып қасыңа,
Бұрма сөзді қаштыға.
Жығылуға бола ма?
Бауырыңа бас тыға.
Ал, отырдым, не дейсің?
Ынтық болып отырсаң,
Біздей ұзын шаштыға.

— Аты-жөніңді айта бер!
Отырып болсаң қасыма.
Ұяты жоқ қатарға
Жығылғанның асыла.
Сөйлеген соң жөн біліп,
Бұлттан шыққан күндей-ақ,
Кетті ғой көңлім ашыла.

— Айтайын онда анықтап,
Сұрасаң, құрбым, жайымды.
Атам патша болады,
Халқына қамқор қайырлы.
Ханшасымын мен оның,
Тәһина деген атағым,
Әр орынға жайылды.

— Олай болса — дегендей,
Мен де өзіңнің сайыңмын.
Атағы жұртқа жайылған
Рүстемдей нарыңмын.
Ұмытып кетпей осыдан,
Ойыңа алып жүргейсің,
Әрқашан ынтызарыңмын.

— Ұмытар деп ойлама,
Іздегенім өзіңсің.
Өзгеменен ісім жоқ,
Мандайдағы көзімсің.
Қабыл көрсең біз даяр,
“Ғашығым Рүстем қайда?” — деп,
Әрқашан сөйлер сөзімсің.

Таң ата атасына айттырды сөз,
Қызыңа қызықтым деп көрген соң көз.
Орнына ұят, сабыр отарлады,
Екеуі осылайша болған соң кез.

Падиша жұртын жинап етті тойды.
Тасқындап,

“таптым-ау, —

деп, — абыройды”.

Некелеп Тәһинаны Рүстемге
Оңаша “ойнаңдар” деп үйге қойды.

Іздетіп Рахышты берді тауып,
Жүр екен біреу бағып, баптап жауып.
Ат, ғашық бір орыннан ғабылған соң,
Жайласып жатып алды етіп зауық.

Тәһина көп ұзамай болып жүкті,
Қуанып ұл туам деп қасқыр түкті,
Ас-суын үйіндегі үлестірді,
Аш-арық, жүдеулерге болған дықты.

Бар еді Рүстемде үш ғауһар тас,
Жоқ еді жұртта ғауһар ол мысалдас.
Тапсырып Тәһинаға түгелінен,
— Бұларды, — деді. —
жаным, жаныңа бас.

Қыз тусаң қойып тұлым, шашына так.
Алмасын біреу ұрлап, дұрыстап бақ.
Ұл тусаң иініне қада-дағы,
Көріп жүр келгенімше көзімдей нақ.

Қыз тусаң ат қоярсың өзің ойлап,
Ұл тусаң Сүһрап қой қылып ойнақ.
Қош боп тұр, халқыма енді қайтамын. — деп,
Айырылды ғашығымен күліп-ойнап.

Рүстем кеткеннен соң ұзамай көп,
Ұл туып қойды атын Сүһрап¹ деп
Көрінді көп көзіне күмәні жоқ.
Бір жылда тап ондағы баладай боп.

Сүһрап бес жасына жеткен күнде,
Ұрушы ед алысса алып болса кім де.
Таппады өзіне тең бір адамды,
Сәмәнген шаһарының көлемінде.

Доп ойнап тағы-дағы таңдантты елді,
Көруге тамашасын көптер келді.
Алтыда алып қолға атып садақ,
Ұшырды қатар қойып неше белді.

Болды оғы тоқтамайтын темір, тастан.
Өзінен өнер, күшке болмады асқан.
Ұмтылса ойнайын деп, өлеміз деп,
Жас болсын, үлкен болсын үрке қашқан.

Таңырқап тұрып бір күн өзіне өзі,
Мінеки анасына айтқан сөзі:
— Туып ең турасын айт, мені кімнен?
Түрі бар тиетұғын көптің көзі.

Таңырқар, барлығы да шықсам сыртқа,
Өзім де ұқсамаймын осы жұртқа.
Тұрғанда топ ішінде төбедеймін,
Түбінде тәрізді олар жүрген құртқа.

Тәһина деді:

— Рүстем атаң сенің,
Қосылған халықтан қалап жарым менің.
Еш палуан оныменен тең болмайды,
Бәрі де бұл қатардың нағашы елің.

Болады атасы — Зал, бабасы — Сам,
Тамырлы арғы түбі ер Нариман.
Солардай атақты ердің жұратысын,
Орнында ұдайына өшпейтін шам.

Тағы да түсіндірді түр мен түсін,
Атаңда бар, балам, —

деп, — сондай пішім.

Ұшқан құс, қашқан аңды құтқармайтын,
Қойылған Рахыш деп атына есім.

Бәрін де бастан-аяқ баяндады,
Бола ма баласынан аяңғаны.
— Отырып осы орында шамалы күн,
Еліне сағынған соң аяңдады.

Анасы төге берді көздің жасын,
Жыламай қайтсін жарын сағынғансын.
Тоқтатты тағы да өзін “келер-ау” деп,
Көзінің жасын сүртіп, сипап қасын!

Сұһрап ата жөнін анық біліп,
Көңілі көтеріліп тұрды күліп:
— Рақмет, анам, енді ризамын, — деп,
Аң аулап жүруші еді ермек құрып.

Түсіріп ойға қиял неше түрлі,
Теңселтіп Сұһрапты қайрат жүрді.
Өлтіріп Кей-Қауысты, тақтың алып,
Атама әперсем деп жоба құрды.

Кей-Қауыс Сұһраптың сезіп сырын,
Қамданып қалайын деп онан бұрын,
Суданды Марун менен шақырып ап,
Білдіріп бастан-аяқ іш-пікірін:

— Екеуің алындар да он мың қосын,
Систанның шаһарына барып тосын,
Өлтіріп Рүстемді, елін шауып,
Келсеңдер боласыңдар анық досым.

Етемін әрі күйеу, әрі патша,
Адамға олар қайда қарап жатса?
Дәулетке дариядай ұшырасар,
Көрсетіп көпке кім күш таңырқатса.

— Емес, — деп екеуі де, мақұл мұның,
Көріп жек, көтерген соң көкке мұрын,
Қыстамай қоя қойды Кей-Қауыс та,
Бұлардың бармайтұғын байқап түрін.

Сұһрап сол шамада шығып тысқа,
Ұшырып ылашынын жүр ед құсқа.
Бір қызға бақта отырған көзі түсті,
Бітпеген еш адамға ондай нұсқа.

Таңырқап тұрпатына тұрды қарап,
Қыз отыр қасын керіп, шашын тарап.
Көрсетіп неше түрлі наз бен қылық,
Иіліп, — ішіңіз, — деп берді шарап.

Сұһрапқа қыздың-дағы көзі түсті
Ғашықтық оттай қаулап өртеді ішті.
Біріне-бірі салып өтінішті
“Болар” деп бір-бірінің қолын қысты.

Бегі еді атасы оның осы елдің,
Қыз келіп аққуындай айдын көлдің,
— Баласы Рүстемнің Сұһрапқа,
Атажан, ғашық болып, — деді, — келдім.

Қызының қабыл көріп айтқан сөзін,
Шақырып Сұһраптың алдырды өзін.
Той қылып тамашалы некелетті,
Екеуің болыңдар, — деп, — екі көзім.

Қосылып қуанысып екі ғашық,
Көркейді көңілдері судай тасып.

Әр түрлі атасынан алып енші
Сұһрап Сәмәнгенге көшті асып.

“Аққала” деген жерге қонды келіп,
Ол жерді һәжір деген жүрген қорып.
— Қонба, — деп анадайдан айқай салып,
Атымен шауып келді көзі көріп.

Ол-дағы палуан еді өте күшті,
Көрсеткен көп таңырқар әр түрлі істі.
Көтеріп көкірегін келгенменен,
Сұһраптың найзасынан ұшып түсті.

Аққала Иран, Тұран арасы еді,
Ол бірақ Кей-Қауыстың қаласы еді.
Қанды көз қызы-дағы осы һәжірдің
Қайраты әркімдермен талас еді.

Ол қыздың еді аты Кірдапірін,
Ұмтылды көрейін деп енді ақырын.
— Ер болсаң орыныңнан қозғалма, — деп,
Ақырып, келмей жатып айтты ақылын.

Сұһрап тұрып алды, “келсең-кел” деп,
“Асықсаң әкеңнен де бұрын өл” деп.
Найзасын қолындағы қағып тастап,
Сұһрап тұрып алды көлденеңдеп.

Найза ұшы тиіп қыздың қалқанына,
Шаш көрінді, кіргенде жан-камына.
Айтып сөз былайынша тұрды тоқтап,
Ашуы арыстанның тарқады да:

— Өзімдей ойлап тұр ем еркек пе? — деп,
Шыдайтын шығар найза келтекке, — деп.
Бас жібін байталдарша үзе қашқан,
Айтты кім саған барып селтекте деп?

Келмесін білмедің бе маған күшің?
Баратса әкең үшін күйіп ішің,
Қылышпен басыңды алып тастайын, — деп
Ұмтылды нар бурадай бұзып түсін.

Қыз айтты: — қайратыңа енді маспын.
Өзінде не етсең де еркі бастың.

Осыдан өлтірмесең, әперейін
Амалмен Аққаланың бар қоластын.

Егер де Аққалаға барсаң еріп,
Қақпасын аштырайын хабар беріп,
Ішіне кіргеннен соң ұрысуға,
Болайын бір жағыңда өзім серік.

Менің көп қыз болсам да қайрат-күшім,
Найзамның өткіземін тастан ұшын.
Өзіңе осы ретте етсең серік,
Оп-оңай ойыңдағы бітер ісің.

Сөзіне Сүһрап оның сеніп анық,
Ішіне кірейін деп еріп барып,
Ойлады опыр-топыр етейін деп,
Ақырып ат ойнатып, қырғын салып.

— Қаныңды олай десең, — деді, — кештім,
Күш пенен кені екенсің ақыл естің.
Өзім де о басында ойлап жүр ем,
Жұртымен жауласуға Кей-Қауыстың.

Алып бар Аққаланың қақпасына,
Халқының қояйын от мақтасына.
Осы айтқан уәдені орындасаң,
Өзімнің мен алармын тап қасыма.

Сүһрапты солайша алдап ертіп барып,
Аштырып дарбазасын айқай салып,
— Тұра тұр, келейін, — деп кіріп кетті, —
Ішінен не бар, не жоқ хабар алып.

Кірдапірін кіргеннен-ақ сөзден танды,
Қайтадан қақпа аузына құлып салды.
Қалай деп қозғап көрсе бекітулі,
Тақырға сонда білді отырғанды.

Қорғаны қола, шойын еді тастан,
Әркім де қорғалаушы ед оған сасқан.
Сондықтан ішіне қыз кіргеннен соң,
Құтылдым ғой деп енді көңлі тасқан.

Жоғары шығып алып салып айқай,
“Кет өрі, кіре алмайсың, — деді, — қайқай.

Неше ерлер сен сиякты келгенменен,
Бастарын кеткен бәрі шайқай-шайқай!”

Сүһрап сол сағатта соғып санын,
Андады аярлықпен алдағанын.
“О баста өлтіруім екен, — деді, —
Кең майдан ортасында сары даланың”.

Артықша алдаған соң ашу қысты,
Қақпаны қақ айырып қылды күшті.
Ішіне Аққаланың атпен кіріп,
Күні-түн қырғын салып көрсетті істі.

Бәрі де қорыққаннан бағынды елдің,
Дос болып бәрі болды жағында ердің.
Қалмаса қапияда қазық ұрып,
Кім тұрар жолында ондай жауынгердің.

Есітіп алғандығын Аққаланы,
Артықша Аңрасияп мақтанады.
— Өлтіріп Кей-Қауысты, патша бол, — деп,
Сүһрапқа қырық мың қосын ат салады.

Олардың ішінде бар Марун, һуман,
Қашаннан қашырып жау көрген думан.
Келген соң кидіріп тәж хан көтеріп,
Бұйрығын бітіруге белді бұған.

Қаланың ол қатарғы алып көбін,
Өзіне өтті нөкер, уәзір, бегін.
“Кей-Қауыс көзге қашан көрінед?” — деп
Ойласып отырды енді соның ебін.

Рүстем мен Сүһрап

Бұл хабар Кей-Қауысқа барып жетті,
Сүһраппен соғысудың қамын етті.
Мың палуан әскерінен тандап алып,
Кідірмей Аққалаға жүріп кетті.

Шаңдатып сәске түсте жетіп барды,
Ұрғызып барабанды, керней шалды.
“Келді, — деп, — Кей-Қауысым іздеп жүрген”,
Қуанып қаруларын қолына алды.

Шалдырып Сұһрап та керней, сырнай,
Атына мініп шапшаң тақат қылмай:
— Кәнеки, келіндер! — деп жетіп барды,
Омыраулай өзге жаққа мойнын бүрмай.

Қоймастан қойдай қуып бәрін қырды,
Біріне бірін шокпар етіп ұрды.
Кей-Қауыс Рүстемге шаптырды адам,
Жете көр іс болды деп осы түрлі.

Және де жіберіп ед жазып хатты,
Екенін хатта айтып ед қай сипатты.
Сияғы Сұһрапқа ұсаған соң,
“Барармыз, жүре бер,” — деп жұбауратты.

Барды ертіп он мың адам бір айдан соң,
Сұһрап көңілін бірлеп тыңайған соң.
— Келдің, — деп Рүстемге ашуланды,
Кей-Қауыс, — халқым тегіс тырайған соң, —
Туска Нұзарұлы деді: — ұста,
Рүстемнің обалы жоқ осы тұста.
Тарттырып дарға дереу өлтіремін,
Әркімге тіл алмаған болсын нұсқа. —

Тус тұрып жағасынан ала кетті,
Рүстем үріккен аттай алаң етті.
Тус пен Кей-Қауысты қабат жығып,
Тепкілеп тәж бен тақтың қарап етті.

Ұялып елден, — бірақ өлтірмеді,
— Атымды, — жолдасына, — келтір, — деді,
Ертіп ап әскерлерін алып келген:
“Асықпай, әзіріне сен түр,” — деді.

Арғына кете берді қарамастан,
Асаудай бұғалығын ала қашқан.
Кейді Кию келіп Кей-Қауысқа:
— Қалай, — деп, — мынау ісің қара басқан?

Кей-Қауыс әрі ұялды, тым қорықты,
Болған соң қопарғандай құр борықты.
“Бір қырғын қайтып келіп қыла ма?” — деп,
Жиналып бұл жердегі жұрт торықты.

Киюге: — болса ұят, — деді, — ісім,
Өзіңсің ұятымды аршыр кісім.

Алып кел, аяғына жыылайын,
Өтініп Рүстемге менің үшін.

Артынан атпен шауып жетіп Кию:
— Көп болып Кей-Қауысқа бердік тыю.
Жұмысы ойы-ретте ұялумен
“Жаздым”, деп жылап-еніреп басты ию.

Өзің біл, кессең-дағы, кешсең-дағы,
Ия түйи, ия тарқатып шешсең-дағы.
Тәж бен тақ өзіндікі, онікі емес,
Ереді ел қалай қарап көшсең-дағы.

Тұрған соң қол қусырып, басын иіп,
“Біздерді кетесің, — деп, — қайтіп қиып?”
“Болмас” деп Рахыштың басын бұрды,
Қаһарды қаптап келген зорға тыйып.
Алдынан Кей-Қауыс та тура шапты,
Астына атын тартып, тонын жапты.
Бас иіп қолын алып: — қатеме осы
Бердім, — деп, — мемлекет, мөр, тәж бен тақты.

Рүстемді отырғызды таққа әкеліп,
Қолына алтын дүрді қойды беріп.
Кей-Қауыс кеші-күндіз қылып қызмет,
Жан ашыр таптырмайтын болды серік.

Ұялып, Тус тағы алып қолын,
Әкеліп атын тартып, ашты жолын.
“Ащұын басты ма?” — деп бәрі келіп,
Батырдың бермей жатыр оң мен солын.

Күні-түн тамашалы етіп ойын,
Тік тұрып үлкен-кіші ашты қойын.
Кек тарқап көңілінен, кетті татау,
Иген соң, “өзің біл” деп бәрі мойын.

Шалдырып керней Рүстем осы жерден
Үстіне Сұһраптың көшіп келген.
Болған соң тегіс қонып, тігіп шатыр,
Сұһрапты жансыз болып келіп көрген.

Көрінбей көп көзіне тұрды келіп,
Тасалап көлеңкеге бетін беріп.

“Кемісі туысының жоқ екен”, деп,
Таңырқап тұрды біраз көркін көріп.

“Екен, — деп, — өзім балам” ойламайды,
Тәңірі де түсірмейді ойға олайды.
Болған соң тағдыр солай тәбдір нешік?
Сұһраппен соғысуды көрді орайлы.

Ай бар ед болғанменен түннің іші,
“Көрер, — деп, — іштен сыртқа шыққан кісі”,
Жай басып, жаңа кетіп баратыр ед,
Сұһрапты байқап әбден, бітіп ісі...

Елеңдеп өз-өзінен Зәнділүзім,
Саңлауға отыр еді салып көзін,
Көрді де көлеңкесін, шыға келді,
Кім екен білейін, деп мұның өзін?
Барды да, — бері жүр, — деп тартты ішке,
Тартқан соң, түшіркеніп салып күшке,
Бір түйіп желкесінен жіберіп ед,
Алмадай ұшты басы тұрған төсте.

Кеткен соң кеудесінен ұшып басы,
Басуға болсын аяқ не шамасы?
Құлады құшақ жая етпетінен,
Төс пенен қиратыла қабырғасы.

Қалар деп қапияда біреу танып,
Жайына жасырынып жатты барып.
Сұһрап сыртқа шықса, Зәнділүзім
Жалпая жардай құлап жатыр талып.

Барғанша “бұл қалай?” — деп жаны шықты,
Бір ұрған көтере алмай жұдырықты.
Ол-дағы осал адам емес еді,
Не сөз бар Рүстемге туған мықты.

Кеуде бар, анадайда жатыр басы,
Қып-қызыл жосадай боп айналасы.
— Кетті, — деп, — кім өлтіріп? — күйінді өте,
Өзінің болғаннан соң жан жолдасы.

Сұһрап салды айкай, “табындар” — деп,
Аттана түс-тұсына шабындар, — деп,

Қор болып басшың мұндай өлгеннен соң,
Қайсыңның аяйтұғын жаның бар? — деп.

Түс-түсқа тырағайлап тұра шапты,
Қолға алып қылыштарын алтын сапты.
— Тұратын өлтіріп боп орта жолда,
Айласыз адамды олар қайдан тапты? —

Таба алмай қарағанмен енді састы,
Сүһраптан әрі қорқып зәре қашты.
— Өзің біл, хабар, дерек білмедік, — деп,
Бәрі де қол қусырып, іді басты,

Болғанын біліп енді иран жақтан,
Өлтірген отыр-ау, — деп, — етіп мақтан,
Болмас, деп тұра сала белін-буды:
“Қатындай қорғалақтау қосты баққан,
Керек, — деп, — Кей-Қауысты барып көрмек”,
Һәжірге етті әмір: “соңыма ер” деп.
Уәзірін оның-дағы ебін тапса,
Ойы боп өлтіруге етіп ермек.

Иранды екеуі кеп аралады,
Аты ердің өзіне сай жаралады.
Рахышқа байлаудағы көзі түсіп,
Кідіріп көп таңырқап қаранады,

Һәжірге, — мынау кімнің, — деді, — аты?
Не екен негізінде мұның заты?
Анамның айтуына қарағанда,
Ұқсайды Рахышқа түр-түрпаты.

Жасырып, — бұл Рахыш емес, — деді,
Рүстем Кей-Қауысқа келмес, — деді,
Келіпті Шын, Машыннан бір палуан,
Өзіңмен осы ретте күрескелі.

Аты оның кешегі күн келген мініп,
Тізгінін таң асырып қойған іліп.
Тұлғасын Рахыштың көргенінде,
Кетесің көзің салмай бұған күліп.

“Келмейді, — дегеннен соң, — Рүстемді”,
Қабағы қатуланып бүрісті енді.

Ақырып Кей-Қауысқа, айқай салды:
— Баста, — деп бүйтіп жатпай ұрысты енді.

Кей-Қауыс орынынан тұрды ұшып,
Сасқаннан бастан бөркі қалды түсіп.
“Қалды, — деп, — қай жағынан келіп мұнда?”
Болып жүр өз-өзінен күйіп-пісіп.

Қалмады ес өзгесінде екі бастан,
Қосына Рүстемнің қарай қашқан.
“Болмасаң өзін, бізді қырады, — деп,
Бәрі де болып у-шу зар жыласқан.

Үймелеп, үрпиісіп үріккен қойдай,
Жан қамын жалтақтасып отырды ойлай.
— Шықтым, — деп, — соғысуға мінеки мен,—
Барады ақырғанын әлі қоймай.

Таң атып тарап жұлдыз болып жарық,
Күн күле көтеріліп, шықты халық.
Атганып иран, тұран тегісінен,
Тұрысты ту көтеріп екі жарып.

Асынып Рүстем де қару-жарақ,
Үстіне Рахыштың мінді бара-ақ.
Түйлікті түйіп қабақ Сұһрапқа,
Қанды көз, қыран күстай мұзды балақ.

Сұһраптың Рүстемге түсіп көзі,
Таңырқап “кім екен, — деп қарады, — өзі?”
— Рүстем емессің бе? — деп сұрады,
Ойға еніп анасының айтқан сөзі.

— Атымды, — деді, — менің не қыласың?
Жаныңнан қорықсаң маған бағынасың.
Қорықпай, қайратыңа сенем десең
Қылышпен қақ басыңнан шабыласың.

Сұһрап: — қорқатұғын кім, — дед, — сенен?
Көп болса көрсете ғой күшің менен.
Өзіңдей шатақ сөзді, шадыр мінез
Шалдарды олай десең іздеп келем.

Бояйын сақалыңды сенің қанға,
Көзіңді обалың жоқ ойсын қарға.

Асығып ажалыңа келіп тұрсаң,
Бара ғой аттан құлап ана жарға.

Айналды енді екеуі ерегіске,
Бір-бірін ала берді келе күшке.
“Өлтірсем осыны арман бітер ед” деп,
Көп ақыл кетіп, ашу келеді еске.

Екеуі ат үстінен найзаласқан,
Болғанмен қайратқа зор, айлаға асқан,
Біреуі атқанменен бірі қағып,
Уатып үш жүз найза майдаласқан.

Найзаны тастай сала екі арыстан,
Аттарын байлап тастап, енді алысқан.
Бірінен бірі кейін еместігін,
Жүргенде алысумен аңғарысқан.
Иініне Рүстемнің тиіп шоқпар,
Шамалы қолы ұйып, болды тоқтар,
Сыр бермей сылтауратып жүре берді,
“Дем алар кезім ед, — деп, — осы уақтар”.

Сұһрап сол бойынша қалды тұрып,
Рүстемге баратқанда мойнын бұрып,
Сөз айтып неше түрлі, мазақтады:
— Тынығып кел, — деп, — қалса сілең кұрып.

Рүстем де көп кідірмей, келіп қайта,
Ұстасты қалғаннан соң күшін айта.
Аянбай арыстандай алысып жүр,
Қолайлап құлатуға қыңырайта.

Жас жүрек Сұһраптың қайнап күші,
Қызарып, қызуланып кетті түсі.
Көтеріп Рүстемді алып ұрып,
Төсіне мінді келіп өлтіргісі.

Қылышын қынабынан алды тартып,
Отырды “қалайсың?” — деп көз алартып,
— Үш деген ер кезегі — жоқ па еді? — деп,
Рүстем өтінді енді қолын артып.

— Тұра ғой, — деді, — онда, — түсіп төстен,
Және де жығам ғой деп көңілі өскен.

Ойлаған ол қиялы орынға аспай,
Гүлдей-ақ болды үміті солып өшкен.

Екеуі ентелеп кеп тағы алысты,
Ел біткен қарап тұрған таң қалысты.
Рүстемді Сүһраптың састырғанын,
Бәрі де екі жақтың аңғарысты.

Жығуы Сүһраптың шынға айналды,
Еркінсіп, омыраулап ыңғайға алды.
“Жығылмай тұрғанымда жарайын” деп,
Суырып семсер Рүстем ыңғайланды.

“Ондай ол етер” деген жоқ ойында,
Жүр ғой деп жағаласып қол мойында,
Еркіне енді қоймай құшақтады,
Көтеріп ұрайын деп сол бойында.
Сасқаннан салды семсер бүйірінен,
Айырып өзін-өзі үйірінен.
Есіл ер есі ауып құлай кетті,
Демігіп, демін алып иінінен.

— Мен өлсем, — деді, — ұзамай сен де өлерсің,
Өкшене кіріп сояу шеңгелерсің.
Болған соң жығылатын, жардың жорта,
Атаммен қайтіп менің тең келерсің?

Өлтірмей қалайда да қоймайды атам,
Дегенмен “көкке ұшып, жерге батам”.
Арманым көрісе алмай кетті ішімде,
Деп жүріп: “жауды қырып таңырқатам”.

Сүһраптың есіткен соң осы сөзін,
Ойлады: “ойылды-ау, деп, — екі көзім”.
Елжіреп іші-бауры, қолын ұстап,
“Кім ең, — деп кемсеңдеді, — сенің өзің?”

Деді: — өзім Сүһраппын, атам — Рүстем,
Онымен өлмей қалмас ерегіскен.
Көрсетті гауһарларын жанындағы,
Белгісі мынау ед, — деп, — қолға түскен.

Көргеннен кетіп есі, қалды құлап,
Бас қаңғып, көзі тұнып, бітіп құлақ,
Опырылып ой бөгеті өз-өзінен,
Көл бола көз орнына ақты бұлақ.

Күңіреніп күндік жерге кетті сарын,
Киімнің үстіндегі жыртты бәрін.
Тыңдаңдар біраз ғана сөз қылайын,
Сондағы Рүстемнің айтқан зарын:

“Айналайын көзіңнен,
Салдың-ау басқа қара күн,
Қараңғыда қалды атаң,
Енді қайда барамын?
Түсіп ед қайдан қолыма,
Қирағыр қанжар, жарағым,
Мендей мисыз бар ма екен?
Құлатқан гүжім дарағын.

Қопарып қолмен құлаттым,
Өзімді-өзім жылаттым.
Көгерер күнің болар ма,
Қайтадан, қалқам, қарағым?
Бұл бойыңнан тұрмасаң,
Мойныңды маған бұрмасаң,
Жұрт біткенге шерменде,
Мен бір жүзі қарамын.
Өртеніп баурым барады,
Жалын бойға тарады,
Жаным жүз мың болғанмен,
Қайтіп тірі қаламын.
Неше рет сұрап атымды,
“Айтшы, — деп, — асыл затыңды”,
Жарқын жүзбен жалынып,
Бетіме, балам, қарадың.
Құлақ қоймай сөзіңе,
Қан толып екі көзіме,
Ақырайып алысып,
Өлтіру болды талабым.
Ойымда жоқ сен деген,
“Нем бар, — деп, — енді өлмеген”,
Баратқан соң басым боп,
Күш пен қайрат таланың,
Қанжар ұрып ар қылып,
Кең дүниемді тар қылып,
Ішінде қалып отырмын,
Қайғы-қасірет, наланың.
Кешіріп қылған қатемді,
Ойыңа алып атаңды,
Өксіте көрме, өкпелеп,

— ”Өзі-ау, —деп, — көзі-аланың”.
Енді ойып екі көзімді,
Өлтіріп, жарып өзімді,
Садақасы болайын,
Сен сияқты баланың.
Ит пенен құсқа жем болып,
Малменен өлген тең болып,
Қалғаным артық қалай да,
Ортасында даланың”.

Мұны айтып жатты Рүстем есі ауып,
Үш палуан Кей-Қауыстан келді шауып.
Қолдарын қойнына салып жатыр,
Өлі ме, тірі ме? — деп етіп қауып.
Бұл келген Гудзар, Кию, Тус еді,
Сұһраптан қорқып күні уыс еді.
“Бір зақым Рүстемге де болды ма?” — деп,
Үһлеп үшеуі де у ішеді.

Керіліп көптен кейін көзін ашты,
Сақал-мұрт салып айқай жұлды шашты:
— Сұһраптан өзім бұрын өлейін,— деп,
Суырып қынабынан алды алмасты,

Үшеуі өтінісіп ұстап қолын:
Бейіштен алар балаң, өлсе орын.
Жаны бар әзіріне, тоқта, — десті, —
Қайғының қорқа бермей ішіп қорын. —

Киюге деді: — онда мін Рахышқа,
Жетеді ұмтылғанда ұшқан құсқа.
Алып кел Кей-Қауыстан Нуш дәрісін,
Бар-дағы бұрылмастан ешбір тұсқа.

Бермеді Нуш дәрісін барса-дағы,
Ол үшін жалғыз ұлын жарса-дағы.
Екеуі оңалған соң өзімменен
Жауласып ойланар деп әр шараны.

Келген соң “бермедің деп Кию шауып,
Көкіректі кернеп ашу, ақыл ауып,
Мінді де Рахышқа қайта қуды,
“Көнеки Кей-Қауысты бер, — деп, — тауып”.

Рүстем келатқаннан қорқып жана,
Есінен қалтырақтап қалды тана.

Ұстатып Нушапурға¹ Нуш дәрісін:
— Алдынан шап, — деді, — атпен ала сала.

Келген соң “мінеки” деп алып Нушты,
Емдеуге Рахыштан енді түсті.
Жанына “жаным-ай” деп барған замат,
Жайынан жан бұлбұлы жатты да ұшты.

Онда емес, еді сонда тоғыз жасар,
Теңіздей тасқыны зор тауды басар.
Сарқылып саға сондай қалғаннан соң,
Өлімнің бөгетінен болмады асар.
Қалған соң Сүһрап жатып жансыз сұлап,
Айрылды ақылынан тағы құлап.
Өртеніп іші-бауыры баратқан соң,
Зар еңіреп, зары мынау айтқан жылап;

“Кеттің бе, Сүһрап, шыныңмен,
Тыңдамай айтқан зарымды.
Гауһарын қолмен ұсатып,
Кім көріпті өкінген,
Мен сияқты жарымды.
Келер күнің қайда енді?
Қылғанменен садақа,
Маңдайдағы барымды.
Құр ойбайлап отырмын,
Жегізіп алып торғайға,
Пісіп тұрған тарымды.
Енді қайдан табамын,
Сен сияқты, шырағым,
Бүтін туған нарымды.
Озат туып өзімнен,
Әперер түрің бар еді-ау,
Дұшпанымнан арымды.
Тастайын ба сындырып?
Салып семсер бүйіріңе
Ұрынған саған қарымды.
Енді қалай қылайын?
Жаттың да көштің жаһаннан,
Алдырған замат дәрімді.
Ең болмаса екі-үш күн,
Бұлбұлдай сайрап бақтағы,

¹Нушапур — нуш дәрісін сақтаушы

Ашпадың-ау пәрімді?
Иран елін аралап,
Көре алмай, қалқам, кеттің-ау,
Зал сияқты кәріңді.
Ел біткеннен ұялмай,
Ішіп-жеп қалай отырам?
Ас пенен су нәрімді”.

Басты енді тауға да ұрды, тасқа да ұрды,
Бола ма бала өлген соң бас қадірлі?
Өкініш мезгілі өтсе орынға аспас,
Алдыңды абайламай, баспа адымды.
Қосына шыдай алмай қойды отты,
Күл болып барлығы да жанып кетті.
Болмаса табиғаттың кеңшілігі,
Өртпенен басар ма адам ондай дертті?

Көз жасын көл еткенмен жылап күн-түн,
Таба алмай тоқтатарлық күйік кілтін,
Кел енді, — көтеріп бас, — көшейік, — деп
Жан ашыр жар менен дос, жинады ұлттын.

Систанға Сүһрапты барды алып,
Астына сары алтыннан табыт салып.
Зал жылап, өз қолымен қабыр қазып,
Үй салып Сам қасынан шаһналық,

Сүһрапты жайластырып қайтты қойып.
Қара жер қайтып берген кімді тойып?
Қайтқанмен халықтың бәрі етіп дұға,
Рүстем отырумен қалды мойып.

Сүм дүние соларды да еткен сондай,
Келе жатыр кер кетумен әлі оңбай.
Көнеден келе жатқан бұл шайхана,
Тұрмайтын біреу көшіп, біреу қонбай.

Азалап қабырында қырық күн жатты.
Онда да өле алмады жан-ақ тәтті.
Қара жер бауыры суық бас көтертіп,
Батырды тағы бір ой алақтатты.

— Көрем, — деп, — Тәһинаның қайтып бетін?
Еңіреді жас баладай қалған жетім.

Болады негізінде не айтуға?
Су құйып сөндірген соң жаққан отын.

Сұһрапқа еріп келген он мың қосын,
Болған соң ала алмайтын оның өшін,
“Өзіне Тәһинаның барайық” деп,
Қайтарды кейін қарай енді көшін.

Кідірмей күн-түн жүріп олар барды,
Көтеріп кара туды қара салды.
— Сұлтаннан Сұһраптай айырылды, — деп,
Шығарды үн у-шу болып өте зарлы.
Түс кетіп Тәһинадан қалтырады,
Шатынап шамдай көзі жалтырады.
Қасына қырық мың батыр ертіп алып,
Жарымен жауласуға ал тұрады.

Сәмәнген шаһарынан шықты түннен,
Ботасын бөрі жеген болып інген.
Аузынан “аһ” дегенде жалын жайнап,
Күңіреңтті кең даланы зарлық үнмен.

Төтелеп, тынбай жүріп күні-түні,
Соғысты салатұғын болды түрі.
Қаласын Зәбілстан қамап алып,
Шыққанды қыра берді қоймай тірі.

Қамауда күні-түні тұрды халық,
Көздері келген соң жау оттай жанып.
Түрі жоқ тыңдайтұғын өтінішті,
Отырды естерінен енді танып.

Рүстем оны естіп өте састы,
Анасы Рудабаға ұрды басты.
— Кешікпей келіңізге бара көр, — деп, —
Күйікті көкіректі көзі жасты.

Өзіңмен Күләндам да барсын еріп,
Екеулеп тоқтатындар ақыл беріп.
Кешіріп қалайда да қатемді осы,
Ашүмен ұялтпасын маған келіп.

Бармасаң Зәбілстан қырап елін,
Басалқы айт: “қоя көр, — деп барып, келіп”,
Қасына қырық мың қосын ертіп алып,
Түрі бар жауласуға бұған белін.

Барайын атамды алып өзім соңынан,
Уақытында ашу отын басып болған. —
Өтініп осылайша Рудабаға,
Ұялып өз өзінен түсі солған.

Рудаба Күлөндаммен жүріп кетті,
Зәбілстан қаласына барып жетті.
“Келед, — деп, — қайын енең мен қайын сіңлің”, —
Қозғалды хабар айтып біреу дертті.
Тәһина шашын жайып жылады аңырап,
Болды у-шу барлығы да қойша маңырап.
Рудаба Күлөндаммен келе құлап,
Қалғандай болды бейне дүние қанырап,
Құшақтап бірін-бірі ене, келін,
Орасан ойбай салып еңіретті елін.
Күңіретіп Күлөндам да кең даланы,
Киімін тастады етіп өрім-өрім.

Жатқанда осындай боп келді Зал да,
Салмасын ондай күйге ешкімді Алла.
Тәһина қанжар ала тұра ұмтылды,
Көргеннен Рүстемді осы халда.

Рүстем әрі ұялды, әрі қорықты,
Таба алмай айтатұғын сөз торықты.
Рудаба ұстап қолын жібермеді,
Болған соң жаратұғын берсе ерікті.

Жылап жүр құшақтаумен Күлөндам да,
Жыламай ондайда жан күле алған ба?
Тоқтатты қанжар тұтқан зорға қолын,
Екеулеп ана мен қыз құралғанда.

Рудаба отырғызып өтінішпен,
— Тірілмес, — деді, — өлген өкінішпен.
Ұяты Рүстемнің артық, — деді, —
Жарылып жан бергеннен, өкіріспен.

Жалынып Тәһинаға келіп Зал да,
Көрсін, — деп, — көз жасыңды, — жылады, — Алла.
Систанның шаһарына алып жүрді,
Тағалы тұлпарларға жегіп арба.

Отырды аза тұтып алты ай жылап,
Келе алмай жүрді Рүстем сырттан сұрап.
Реттеуге Рүстемнің осы ісін,
Зал келіп көп кісінің басын құрап:

— Кеш, балам, — деді, — еріңнің енді айыбын.
Алғысы осынша елдің алар бәйгің.
Бас иіп үлкен-кіші келіп отыр,
Көп сөздің керегі не, ет ылайығын.

Тәһина тоқтады да осы сөзге,
— Айтарым жоқ, — деді, — ата, — енді өзге.
Айыбын олай болса ғапу еттім,
Көрінсін ұялмай-ақ келіп көзге.

Шыққан соң аузынан ол сөз анық,
Қуанып тегісінен тұрған халық.
— Табыса көр, — деп, — енді Тәһинамен,
Иіліп Рүстемді келді алып.

Көрісіп осы арада екі мұңды,
Тағдырға тәнді байлап өшірді үнді.
“Кейіні кеніш — реніштің” деген болып,
Көрді тез түн артынан туған күнді.

Ұл туып Пәраміріз⁸⁹ қойды атың,
Қарасаң Рүстем ед түр-тұрпатын.
Артынан Кіршит деген бір қыз туды,
hүр дейтін көрген адам оның затын.

Біреуі палуан болды, бірі сұлу,
Істері болды ерте-кеш ойнап-күлу.
Келгенде Пәраміріз он екіге,
Есіктен қиын болды үйге кіру.
Жүруші ед екеуі де аулап аңды,
Жығушы ед алып ұрып алысқанды.
Рүстем сынамаққа сауыт киіп,
Бір күні перделеніп көзін таңды.

Келді де екеуімен етті ұрыс.
Суырып бірі найза, бірі қылыш,
“Сазасын сен тұра түр, мен берем” — деп,
Шыққан соң қатарласа салып жұлыс:

— Балдарым, жарайсың, — деп бетін ашты,
Ұялып екеуі де иді басты.
“Болсын, — деп, — өмірлерің өте ұзақ”,
Батасын берді Рүстем төгіп жасты.

Жүрмендер бұлайынша, — деді, — аңсыз,
Атанның асар-досы аз, жауы сансыз.

Екеуің олай-бұлай бола қойсаң —
Суреттей боп қалармын тұрған жансыз.

Арадан өткеннен соң бірнеше күн,
Біріне бірі айтты: — атыңа мін.
Екі мың адам ертіп аңға шығып,
Қуалап құлан, киік, кеулейік ін.

Аң аулап айтқанындай жатты сыртта,
Тайлас жоқ екеуіне ешбір жұртта.
Құс атып, құлан қуып, қаптап, артып,
Келуші ед айтып өлең кешкі ымыртта.

Баласы Апрасияптың аты Шайда⁹⁰
Деп жүрген аң қуалап “қызық қайда?”
Алты мың адамменен ұшырасты,
Кіршитке келе жатып осы бойда.

Көргеннен көзі түсіп болып ғашық,
Ибалы айтты өтініш ұшырасып.
Бұлайша Кіршит оған берді жауап,
Түршігіп, кабақ түйіп тұрып қашық:

— Бабам Зал, атам Рүстем өзің көрген,
Ерте-кеш Иран елі ізіне ерген.
Пәраміріз туған ағам, тауларыңды
Қылышпен қаһарланса екі бөлген.

Кеседі көре қойса басыңды анық,
Тұрсың, — деп, — бұл арада не сандалып?
Аузына келген сөзді аталамай,
Құры әрі, күн ілгері қосыңды алып.

Шамаң біл, шалықтама, тарт тілінді,
Өзіңе көп көрмесең бұл күніңді.
Ізім жоқ, өзім түгіл, үмітіңді үз,
Құртпай-ақ құр әуре боп құлқыныңды.

— Кетпеймін қайткенменен, — деді Шайда,
Жаныңда жатам шатыр, құрып шайла.
Ізіне ертелі-кеш еріп жүріп,
Қыламын қызметінді әр қалайда.

Осыны Ойсаұлы Пәрәң көріп,
Кейір деп Пәраміріз көрсе келіп,

Сүйрелеп сол бойынша алып кетті,
Десе де: “кідірейін” бермей ерік.

Қосып ап қосынымен ала қашты,
Сонда да Шайда көңлі алаң ашты.
Уһілеп өне бойы ұйқы көрмей,
Қайғыға қуанышы араласты,

Тыңдамай түсіндіріп айтқан сөзді.
Отырды жасауратып екі көзді.
Теміртас деген палуан түрегеліп,
Ойнақтап бұзаудай-ақ басқан қозды.

— Ол үшін, — деді, — уһілеп тартпа қайғы,
Айтайын өзім барып сіздің жайды.
Өзіңе оның көңлін қаратармын,
Қалайтын қалайда да болса байды.

Арнайы ат арытып барды іздеп,
Таңырқап ынтық болып “нендей қыз?” — деп.
Жарбиып жар басында жатып алды,
Тастаған қыл арқанмен нардай тіздеп.

Келгенін аузына ол да аталады,
Сау басын саудаға ұрып шаталады.
Шайданы айта келген қоя тұрып,
Аяғын Апрасияпқа апарды.

Деген соң: “Апрасияп өте жақсы”,
Кіршиттің келіп жыны қуырылды апшы.
Әдейі Пәрамірізді шақыртып ап,
— Осының, — деді, — ағажан, басын шапшы.

— Кіршитке бермейсің, — деп, — неге маза?
Ұмтылып қылышын алып, қолын жаза,
Тастады қыл мойнынан қиып басын,
— Сендердей бұзықтарға бұл, — деп, — саза.

Қылыштап, жаныштады майда-майда,
Бұл болды келгенінен көрген пайда.
Өлгенін осылайша есіткен соң,
Бас қайғы қосынымен қашты Шайда.

Атасы Апрасияпқа барды жылап,
Жанбастап, жасын сүртіп жатты құлап.

— Теміртас менің үшін өліп кетті,
Кіршиттің келемін,— деп,— жайын сұрап.

Маған бер қару-жарак, әскер-қосын,
Алайын Пәрамірізден анық өшін.
Келемін бара қойсам басын алып,
Аң аулап айдалада жатыр тосын.

— Шамаң біл, балам, оған, — деді, — барма,
Сүйкенбе сүйегі артық туған нарға.
Ғаламға әл білмеген болар күлкі,
Қырылып халқың көзін шұқыр қарға.

Олайша ойласа да ар мен намыс,
Шошынып Шайда аяғын басып шалыс,
Алдынан атасының қайтып барып,
Үйінде жатып алды етіп налыс.

Кіршиттің көп жерлерге кетті дәрпі,
Болған соң күші артық, көрікті әлпі.
Кей-Қауыс, Гудзар, Кию, Тустың да,
Ғашық боп ұйқылары болды жарты.

Бәрі де күйеу болмақ талабында,
Рүстемге жіберісті адамын да.
Дүрсілдеп жүректері отырысты,
Деп: “онан мен кейіндеп қаламын ба?”

Рүстем шақыртып ап осы төртін,
— Бәріңнің болса Кіршит есіл-дертің,
Теңісің төртеуің де таптырмайтын,
Бірақ, бар бұл туралы екі сертім:

Біреуі — қалған садақ Нариманнан,
Ауыр деп оны елдің бәрі ұйғарған.
Көтеріп, оны атқан Кіршитті алсын,
Бос қалсын ол деп, бұл деп дәлел қылған.

Біреуі — астарыңа жаям кілем,
Қаншасын күштеріңнің сынап білем.
Сіліккенде, селтендемей отырғанға,
Той қылып тамашалы қызым берем.

Садақты алдарына әкеп қойды,
Тұрысты төртеуі де тіктеп бойды.

Бәрі де көзі аларып көтере алмай,
Ұялып, берді қолдан абыройды.

Кілемге онан кейін келді кезек,
Үстіне отырысты бойды тежеп.
Рүстем сіліккенде селтең қағып,
Үшеуі ұшып кетті бейне тезек.

“Кілемнен кім, — десеңдер, — ұшқан үші?”
Кей-Қауыс, Гудзар, Тус деген кісі.
Серттердің шықпаған соң бірінен де
Сан ұрды жер соққандай салған құсы.

Кілемге кезек жетіп Кию келді,
Үстіне малдас құрып отырды енді.
Қозғалмай қорғасындай — сіліккенмен,
Тандантты тамашада тұрған елді.

Жыртылып жанбасынан кетті кілем,
Салмақтың оған басқан көптігінен.
“Кіршитті құдай қосса алам ғой” — деп,
Қуанып болды Кию қызыл күрең.

Риза боп қақты Рүстем арқасына:
— Қызымды берем ертең ал қасына.
Асықпай әзіріне кідіре тұр,
Бір жердің шатыр құрып балқашына.

Кей-Қауыс көзін қысып күлімдеді,
“Қуанып, қызармасын түрін, — деді, —
Кіршитті қайткенменен маған беред,
Ететін айтқанымды бұрын”, — деді.

Есітіп Кей-Қауыстың мына сөзін,
Рүстем: — не дейсің? — деп тікті көзін.
— Болмай ма Нуш дәрісі саған Кіршит?
Қиқарсып қалай тұрсын бүтін өзің?

Кей-Қауыс жұмған аузын аша алмады,
Аяғын ұялғаннан баса алмады.
Тұрғанмен кеуіп-ісіп, көзі көкте.
Ажары оңып, бойы ашандады.

Рүстем неше күндей етіп тойды,
Ту бие, түйе менен қойлар сойды.

Киюге Кіршитті некелетіп,
Берді алғыс “болындар, — деп, — абыройлы”.

Кей-Қауыс кекірейіп, етіп өкпе,
Өкпесін айтуменен жүрді көпке.
“Ақмақтан аулақ енді, жүрейін” — деп,
Байлатып Рахышты жем мен шөпке,

Парсының патшасына болып бармақ,
Жем үшін алып сұлы, арпа, жармақ,
Қоштасып халқыменен жүріп кетті,
“Жар бол, — деп, — жаппар Алла, өткен әруақ”.

Бір қызға келе жатып болды кездей,
Сияқты сұңқар мойын, алтын тездей.
Кете алмай күн сияқты көркін қиып,
Бұл жерде біраз жүрді болып кезбей.

Агасы Мәсиқағабат еді қыздың,
Жүргенін ортасында құла түздің
Есітіп, өзі барып ертіп келді,
— Қонақтап жат, батыр, — деп, — үйге біздің.

Білген соң бастан-аяқ жайы-күйін,
Босатып бір ұқшаулы беріп үйін,
Қуанып қызын қосып Рүстемге,
Той қылды тамашалы ұлы жиын.

Күні-түн күліп-ойнап мауқын басты
Бір күні аң аулауға қойып қасты,
Қалзәмнің⁹¹ теңізіне барып еді,
Бір дию түрі жаман тұра қашты.

Өшігіп, “өлтірем” деп төрт күн қуды,
Рахыш та шабандады босап буыны.
Ұшырады ағып жатқан бір бұлаққа,
Жүргенде шөлдеп шаршап іздеп суды.

Бұлақтан болғаннан соң ішіп қанып,
Тұрған соң күн төбеде оттай жанып,
“Ұйықтап осы араға алайын” деп,
Жантайып жатты Рүстем төсек салып.

Ой тынып, ұйқыға көз барған заман,
Қиялды келді дию ойлап жаман.

Адамша аяғымен түртті Рахыш.
“Қоймас, — деп, қауіп қылып, — қалайда аман”.

Рүстем тұра сала тағы қуды,
Келді де ол, құлықпенен кешті суды.
Батпаққа белден батып кетті Рахыш,
Жүрген соң жүдеу тартып, босап буыны.

Рүстем сасқалақтап, түсіп аттан,
Жетелеп шылбырынан шетке тартқан.
Итерді желкесінен суға қарай,
Ол дию аңдаусызда келді де арттан.

Күмп беріп көрінбестен кетті құлап,
Су жұтып, қайта шықты сыртқа тулап.
Ғарық болып, осы суға өлем бе? — деп,
Аллалап, жіберді ер қорқып жылап.

Қорқуы емес судан ердің айып,
Жатқан соң жалпағынан құшақ жайып.
“Емес қой жанды нәрсе, жасқанатын,
Күшінен болармын, — деп, — мұның майып”.

Жүргенде сақтай көр деп тәңірім енді,
Бірталай балық аулай адам келді.
Жабыла айқай салып арқан тастап,
Шығарып ақырында алды ерді.

Рахыш та шықты сыртқа өліп-талып,
Кісінеді Рүстемге көзін салып.
— Жануарым, жаның аман қалды ма? — деп,
Үстінен ер-тоқымын қойды алып.

Оларға айтқаннан соң жүрген жолын,
— Білеміз біздер жайын, — деді, — оның.
Ол суға өмірінде тұншықпайды,
Адамнан айласы асқан анық көрім.

Ол көрсе осы арада сіз бен бізді,
Қырады, қоймайды аман бірімізді.
Кетті деп кегім онда, көп қуалап,
Бұзбаңыз болып қапа түріңізді.

Болады Ғауас дию аты мұның,
Жауласып жеңе алмаған ешкім бұрын.

Ізіне ерегiсiп оның түссен,
Соңғыға сөз боласың сынып қырың.

Рүстем риза болып осыларға,
Айналды ол диюдан шошынарға.
Оларға жеті гауһар сыйлау қылды,
Деген соң демiккенде “досым, ар ма?”

Қоштасып оларменен, жүрiп ендi,
Екi тау арасында жолмен келдi.
Қойыпты таумен бiрдей тасты қалап,
Келсе де кiдiрсiн деп мiнiп пiлдi.

Қылышпен қаһарланып шапты тасты,
Тастарын тапап, төпен жолды ашты.
“Қорлығын мынау итiң қарашы” — деп,
Аузынан ашуланып жалын шашты.

Алдынан көрiндi тау асқар биiк,
Болса аулап алайын деп арқар, киiк,
Туралап тарта жүрiп келдi оған,
Қолына қайрат-күштің бәрiн жиып.

Гауастың қаласы екен, келiп тұрды,
Кiм бар, — деп, — жолығатын? — Қақпаны үрды.
Қатыны қақалақтап шыға келiп,
Сөз айтты суытып жүз осы түрлi:

— Бейшара, кiм де болсаң, қолға түстiң,
Хабарын жоқ па ең бiлген бiздiң күштің?
Қазiрде тiлсiм оқып түрiң бұзып,
Түрлерiн көрсетемiн әр түрлi iстiң.

Қойып ем қырық палуанды бұрын байлап,
Бәрi отыр кешi-күндiз көзi жайнап.
Етпесең ерегiсiп айтқанымды,
Есiңнен алжастырып барам айдап.

Истесең жарлығымды менiң еткен,
Қаларсың бостандықта сау боп дерттен.
Еш жаққа кете алмайсың, түс ендi, — деп,
Ауыз ашып, әпсун оқып бұйрық еткен.

Таба алмай тәсiл, айла аттан түстi,
Тiлсiмi көрiнген соң өте күштi.

— Қылам, — деп, — қызметінді мойын бүрмай,
Жәдігөйдің жалынған боп қолын қысты.

— Басын кес, — деді, — олардың барып онда,
Көп болды болғанына біздің қолда.
Қанды көз, қайтпас жүрек қайратты ер,
Керек боп отыр еді осы жолда.

Осы күн ойдағыдай келдің енді, —
Деді де Рүстемді ертіп келді.
Қараса көз астымен кілең батыр,
Бермейтін кіл палуан жауға белді.

— Қыр, — деді, — қырқын-дағы осы жатқан,
Бәрі де ер, ел біткенді таңырқатқан.
Сонда да салып қойдым мұндай күйге,
Себепті бұйрығымнан басын тартқан. —

— Жарар — деп отырды осы қатынменен,
Қалайша құтылам деп атымменен?
— Бермесең жайғастырып осыларды,
Өзің де, — деді, — өлерсің ақыр менен.

Жантайып жата кетті жады қатын,
Саларда сүйтеді ғой істің сәтін.
Қатынның ұйықтаған соң басын кесіп,
Тастады жарқыратып жарып шатын.

Босатып қырық батырды қуандырды,
Қару мен қолдарына ту алдырды.
Келтіріп ойда жоқта Рүстемді,
Тарқатты тағдыр бастан буалдырды.

Рүстем атқа мініп, олар жаяу,
Жол жүріп күні-түні тартты баяу.
Мағұріптің⁹² Жамһур деген патшасының
Жеріне жақын келіп қонды таяу.

Келгенін Рүстемнің Жамһур біліп,
Салдырып қақпаларға қорқып құлып.
Інісін әскер беріп аттандырды,
— Соғыс, — деп, — оларменен қарсы тұрып.

Қойсын ба, өңшең батыр байлап алды,
Ат пенен қаруларын пайдаланды.
Әскердің ертіп барған бәрінің де,
Бастары быт-шыт болып майдаланды.

Жамһурдың жұртын шауып, басын кесіп,
От қойып орманына тұрған өсіп,
Көмдіріп арықтарын ағып жатқан,
Қаласын қылды бұзып есік-тесік.

Жамһурдің бар ед қызы ажары айдай,
Көз нұры күн сияқты тұрған жайнай.
Рүстем оны алып, ойнап-күліп,
Бұлақтай болды көңлі тасқан қайнай.

Бір бала туып онан аты Дарап⁹³,
Атағы әр орынға кетті тарап.
Бәрінен баларының болып батыр,
Жер-суын жауларының етті қарап.

Біріне қырық батырдың беріп тақтың,
Берді алғыс: “өрлесін, — деп, — ықпал-бақтың”.
Бек сайлап басқаларын әр орынға,
Қуантып бәрінің де хош қылды атын.

Олармен қош айтысып жүріп кетті,
Алғыс бір диюменен ұрыс етті.
Қалдырмай бәрінің де басын кесіп,
Ғажайып бір шаһарға келіп жетті.

*Еркін аудармасын жасаған
Тұрмағанбет Ізтілеуов*

ШАМСАДДИН МҰХАММЕД ХАФИЗ

(1325–1389 жж.)

*Тәжіктің лирикалық-философиялық
поэзиясының негізін салған, дүние
жүзіне аты мәлім ақын*

ЕГІЗ ЖОЛДАР

Өкініш пен өксік толы өмір сүрген халім бар.
Зар еңіреп, күйіп-жанып, қайғы мұңға малынам.
Бұлбұл байғұс түні бойы гүлге айтқанда арманын,
Өзімнің де ет-жүрегім елжіреген, налыған.

Қой көңілім, қапаланба шуақ боп жүре бер,
Сенің қадір-қасиетінді жұртың анық таныған.
Мейлі, мынау жер-жаһанды қатал тағдыр тарылтсын,
Сескенбе оның сұстынан сен, айт сөзіңді ағынан.
Тіліңді тый ең әуелі, десең өзің егерде

Бұл дүниенің азабы мен мекнатынан арылам.
Бар мәзірді қанағат қып жүре берем бұл күнде,
Біреулер – бай, біреу жарлы: пешенеге тиері.
Дүние деген бір сұлу қыз, қалың малы қисапсыз,
Оны айттырған адамдардың қалар қурап сүйегі.
Жаның жұтаң болса егер – үлкен күнә, сол ғана,
Күдіреттің қайырымынан үзілді онда күдерің.

Өзінді-өзін зор тұтпасаң – ақылдылық белгісі,
Несі жақсы менмендікті жеңе алмаса жігерің.
Күштімін деп күпінбе де, әлсіздікте – ізгілік,
Арам майлы апайтөстен артық жадау іренім.

Көк аспанның күмбезіне көзіңді көп қадама,
Көтеріле алмаған соң, анық налып жүдерсің.
Бұл тірліктің рахатынан тауқыметі басым ғой,
Тікенекті бұтада өскен мен бір раушан гүлі едім.

Дүниенің тылысым сырын білемін деп ойлама,
Басыңдағы аз ақылға қаларсың тек алдана.
Ең ақырғы мекен-жайы қабір болар адамға,
Сәулеті асқан кең сарайдан көрмес ешбір пайда да.

Байлығыңның батпағына былғамаймын пейілімді,
Әбден көріп жүрсем дағы кедейліктің не екенін.
Тағдырға да тізе бүгіп жалбарынар жаным жоқ,
Жоқтық иттің зары өтсе де мұратыма жетемін.

Көз жасымнан інжу төгем, бар байлығым сол ғана,
Мен бе екенмін баюды ойлап байыз гаппай кетерің?
Даналықтың дару кілтін талай ғалым таппаған,
Енді бүгін тыраштанған білгіштер де көбейді.

Жақсымысың, жаманбысың – бәріне айғақ өз ісің,
Арпа сеуіп алма алам деу таппас ешбір жарасым.
“Асыл заттан жаратылдым” – деп жүрсен де өзіңше,
Табиғаттың таразысы айтар тура бағасын.

Мейлі, мынау жер-жаһанды қатал тағдыр тарылтсын,
Сескенбе оның сұсынан сен, айт сөзіңді ағынан.
Жалқаулық пен сауыққойлық сор ғой жеймін жегідей,
Іскерлерде осы күні ізгілікке жарымас.

Өктемдіктің құрбанымын, қайда мейір – шапағат!
Табынғаным тас-метін боп, таусылды күш, төзімім.
Жан дүниең ізгіліктен құр алақан қалса егер,

Алтын, күміс көптігіне паңдануға болмайды.
Жұртқа істеген жақсылығың шығар әркез алдыңнан,
Одан өзге ешнәрсеге арбалуға болмайды.
Қомағайлық кең дүниені бара жатыр тарылып,
Адал жан жоқ, жұрттың бәрі ардақтамас орын жүк.

Жаны дарқан, ақылы мол адамды да бұл күнде,
Күйкіліктің күші басып алыпты ғой бағынтып.
Қасиет, қадір иесі деп жүргендердің өзі де,
Қашып біткен осы кезде қасірет әбден сабылтып.

Тайраң қағып ақылы аз, ақшасы көп надандар,
Зыр жүгірткен талайларды бір өзіне бағынтып.
Шайырлардың өлендері шұғыла болып шашырап,
Қуантар ма жүректерді шаттық нұрға малынтып.

Бұл заманда ақындарды құрмет тұтар жан жоқ-ау,
Саналымын десендағы ашылмайды бағың түк.
Жан емеспін бойсұнатын, тәлкегіне тағдырдың,
Қарсы келсе тағдыр маған, дей бер оны қан қылдым.

Жыртық тонды бермеспін мен қамқасына патшаның,
Болсамдағы тақыр кедей, арым таза, ақ таным.
Мына заман бұл қалпымен кете бермес ұзаққа,
Ойланар бір, тозақ дүние айналар-ау жұмаққа.

Мен ойлаймын: келді кезең адам жанын жаңартар,
Мына тозақ дүниені қайта жасап, тазартар.

*Қазақшаға аударған
Әбіраш Жәмішев*

ӘБДІРАХМАН ЖӘМИ (1414–1492)

*Парсы-тәжіктің дүние жүзіне
танымал көрнекті ақыны*

ГҮЛСТАН

Адамның өмірдегі бір ұрпағы,
Алдында түр әлемнің Гүлстаны.
Тізілген сан мың ой бар оқысаң сен,
Жазылар тұла бойдың құрысқаны.

Өрнекте өшлестей ғып өнерінді,
Өзегін өртеп жатсын саналардың
Шалқыса шабыт билеп жүрегінді
Оқы сен, ойлы сөзін даналардың.

Мақтанба сен күр бекерге қарапайым едім деп,
Ол белгілі құмырсқаның түнде жүрген иіндей
Бойынды алса менмен ауру қиын болар жерінбек.
Одан жеңіл тау құлату инеменен күйінбей.

Біріншіден, кешіре біл достың оғаш мінезін,
Қаршығаша қауырсыннан қалдырғандай түлесін.
Екіншіден, өз басыңды аман алып жүр өзін
Қас-жауларың кешірімді сұрата алмай жүдесін.

Сен садақа күткендей-ақ байларға,
Беттің арын белге түйіп бас ұрма.
Бас ұрсаң сен пасық-байлық айбарға
Таңба түсер өшпейтұғын асылға.

Баймын деп сен мақтанып, қапы қалма ақымақ,
Ол бір жүрген қара бұлт тұрағы жоқ жапырақ.
Сол қара бұлт төге ме інжу-маржан қақырап,
Оған адам сенеме таппаған соң жалтырап.

Көңіл тоқтық, уайым жоқтық, өмірдегі тыныштық,
Адал достық — бос қасиет тым ыстық,
Бір басыңда болса осынау өмірде,
Дейді дана — ақау болмас көңілде.

Биік кезде мәртебең игеріп ал ғылымды,
Түсіп кетсең сәл төмен бола алмассың білімді.
Адамды атақ көтермес оны тағы біліп ал,
Атақты адам бөгелмес жөні келсе жұлып ал.

Даналардың құдіретті сөздері
Елжіретер жүрегінді қатыгез.
Саранның да қиын болар төзбегі,
Болсадағы қаншама ол жаны ез.

Алтын да емес, күміс те емес,
Адам даңқын шығарар.
Талант пенен іскерлікке
Даңқтың өзі сұранар.

Кім бақытты аңсар болса күр бекерге жыламай,
Төрт белгісін танып-біліп күтсін шыдап мынадай.
Біріншісі,
Ұзақ жылдар көріспеген сағыныштың шаттығын.
Екіншісі,
Опасыздың опық жеген шырқау – сенім пәктігін.
Үшіншісі,
Соғыс бітіп тамылжыған бейбітшілік ақ жүнін
Төртіншісі,
Бар қаһардан ада болған жаймашуақ тәтті күн!

Білгенінді бойындағы еліңе үйрет жалықпа,
Көкірекке түншықпай ол шықсын еркін жарыққа.
Кездескеннің бәрін бірдей жолдастыққа санама,
Жолдастардың бәрін бірдей сырластыққа балама.

Нөсерлетіп бұлт сияқты жақсылықты төгіп өт,
Тұрғаныңда дәуірлеп бір шапағатын көріп өт.
Арды таза ұстап жүрсең, қарамастан ғайбатқа,
Жалғандағы дау мен күнә төтеп бермес айбатқа.

Өз ісінен ләззәт алып рахат тапса кімде-кім,
Бақытсыз боп жыламайды, мазаны алып күнбе-күн.
Қаңқу сөз бен бықсық сөзге үйретпе сен ауызды
Былғаныш деп сыйламайды ел қасиетінді бар ізгі.

Басшыларын қамқор болып, сыйламаса өз елі,
Ыдырап ел жақтағының өртенеді өзегі.
Тәжге үмтылу, отқа түсу – өз алдына бір ғылым!
Білім кілтін қолыңа алу – өз алдына бір ғылым!

Селқос болма, әкесіз сен жәбірленіп тасып күш,
Еңбегіңмен, біліміңмен қатарыңнан асып түс.
Ақымақтар үйіңе кеп, жүрмесін тек мазалап,
Ырылдаспа есің болса, болып қал сен азамат.

Қазына да қайғы мұңсыз қалдырмас,
Қол тырнатпай раушан гүл де алдырмас.
Көңілдегі жамандық та, жақсылық та ашылар,
Сиқыр тілмен жақыныңа жан шыдатпай шашылар.

Егер өзің әрбір күнді, ұзарсын деп тілесен,
Еңбек етіп бойды сергіт дамыл таппай күнде сен.

Ғибратнама

Сөз құдіреті жайлы

Жорғалатқан қаламсапты қолдағы,
Ол да сөздің құдіретті жолдары.
Асыл сөзді сөз әкелер сүйретіп,
Аршып ашып қауызынан желдетіп.

Сөзсіз болса небір әсем әндерің, –
Жаны тастап кеткендей қу тәндерің.
Жақсы сөздер кетсе әуенмен құйылып,
Маздар еді жатқан өмір бұйығып.

“Тынысыңды – бар белгісін өмірдің”,
Жеткізер ең ләззатымен көңілдің.
Тыныс – ажар, сөз ажардың мазмұны,
Тәтті өмірге күштарлардың сазды үні.

Сөз өмірдің салиқалы түйіні,
Оны адамның ұға білу қиыны.
Егер де сен бір әріпті өзгертсең,
Сөзге деген бар ұғымды өзгерт сен.

Сонда барып ашасың сөз жан сырын,
Қасиетін балаусалы бал-шырын.
Әнші емдейді қалың елдің жүрегін,
Кең әлемді әнге бөлеп жүреді үн.

Асыл сөзбен қатар қайсы алтынды,
Жаныма жат жаратпас ем жалтылды.
Сусындаған бұл Жәмиің сол сөзбен,
Алтын емес дүр сөз үшін жол кезген.

Пенделерге дейді алтынға құнықпа,
Сөз маржанын көкірегіңде құлыпта!

Өлең сөздің қасиеті жайлы

Кең дүние – нақыл сөздің ошағы,
Кеудесінде жаны бардың қосағы.
Қамқа тонсыз, інжу тассыз адамды,
Арбап алар қасиет боп жаралды.

Егерде ол асыл бұйым жамылса,
Ай дегенін далбаң қағар жалынша.
Ал егерде жырдан алқа тағынса,
Жүректерді тұтқындайды лағылша.

Тәтті ұйқастар тілінді алса үйіріп,
Не бір дана қалар еді сүйініп.
Қос жолдарың қас сияқты иіліп,
Кәрі-тасты алар еді иіріп.
Жыр арудың өмір бойы тұрағын,
Іздеудемін, ұстамакпын пырағын.
Ұстай қалсаң асау жырдың пырағын,
Өздеріңе сый ғып тартып тұрамын.

Аударған Сейфолла Осман

ӘЛІШЕР НАУАИ

(1441–1501)

*Өзбек халқының классикалық
әдебиетінің негізін қалаған*

ІСКЕНДІР ҚАМАЛЫ

(Дастаннан үзінді)

...Бәрі ұйқыда. Ойға батты жалғыз-ақ.
Екі патша – екі жақта. Түн ұзақ.

Дара патша, қисапсыз көп әскері,
Жеңесің деп отыр оймен ескелі.
Ойлап солай жатыр ғалам патшасы,
Одан төмен патшалардың басқасы.

Ол тағдырын болжап анық көрмеді,
Не жазып тұр қараңғы көк перделі.

Іскендір де ұйқтамады, толғанды,
Кеудесіне асау ойлар долданды.

Қара түнде, нажағайдай айбары,
Әскерлері қару-жарақ сайлады.

Таң атқанда, наз сұлудай ғажайып,
Көк күмбезден сары алтындай ту жайып,

Жайнағанда аспанында күн жүзі,
Іскендірдің оннан туды жұлдызы...

Екі ғасыр. Қос теңіздей қозғалды,
Дүбір шықты екі жақтан ызбарлы.

Айбат шекті, айғай салып батырлар,
Мұндай шуға көк жарылып шатынар.

Тітіренді жердің жалпақ жазығы,
Жартас құлап, еңістікке жазылды.

Атқа мініп, асыл темір құрсанған,
Жалт-жүлт етіп кіреукесін күн шалған.

Қатарланды жер қайысқан қалың қол,
Қырлы-қырлы жоталардай қары мол.

Дара патша лек-лек етіп сап құрды,
Буырқантып өңшең тажал, қасқырды.

Самсағанда, сарғайғандай жер түсі,
Сайыпқыран, ығай-сығай күллісі.

Жеті лек боп сансыз әскер ырғалған,
Жеті жақтан, жеті жұрттан жиналған.

Самарқаннан сонау Қытай шегімен,
Феридунның қалың қолы керілген.

Алты жүз мың — бір қанатта қалың ер,
Соғыс десе жалаңдаған жауынгер.

Жүз мың өзбек бір қанатта тізілген,
Жүз елу мың қалмақ жүрген ізімен.

Шұрайы бар онда қытай жұртының,
Теңдесі жоқ әсем, ғажап шырқының.

Атын жауып күн арайлы пүлішпен,
Ер-тұрманын жарқыратқан күміспен.

Таң нұрындай жауһар қытай жібегін,
Орап басқа түрлендірген шлемін.

Сапты құрып қалың тобыр қалмақтан,
Қиқылдап жүр қаны қара Қоңрат хан.

Осылардан, сонау өткен күндерде,
Ойран-асыр пәле келген күллі елге.

Жерден шыққан от жалындай жалаңдап,
Қылыштары жұртқа төнді сорандап.

Ит түгінен көп те шығар қисабы,
Қалың маңғұл көтеріліп самсады.

Қолбасшысы Маңғу бейне арыстан,
Талай елге қара бұлттай жабысқан.

Маңғыттар жүр, дулығасы өрнекті,
Ершіктерін ақ күміспен зерлепті.

Одан әрі Мауереннахр ұлдары,
Арыстандай ер де, күшке – піл бәрі.

Сол қанатта – күнбатыстың ерлері,
Айбат шегіп, әсем аттап өрледі.

Ассирийлер, буртастар мен берберлер,
Жортты бірге, бұл жорыққа ергендер.

Алдарында сары тулар жалпылдап,
Шарайнасы сары жезбен жарқылдап.

Желден жүйрік дүлділері секіріп,
Қырық мыңдай араб шықты лепіріп.

Тулары мен найзалары қап-қара,
Атқа жапқан жабулары қап-қара...

Шықты жайнап жауһар тасқа ұқсап тым,
Қырандары Хорезм мен Қыпшақтың.

Жеті қатар қалың ләшкер сап құрды,
Мейманасы тасып соған шах тұрды.

Жеті жүз мың сайыпқыран – қорғаны,
Асқақтады жасыл туы қолдағы.

Сансыз қолдан құрып лек-лек қатар сап,
Жауға қарсы шеру тартты Дара-шах.

Бір төбеде Іскендір де сұстанды,
Құртамын деп маған қарсы дұшпанды.

Түпке сақтап әскерінің тұздығын,
Қойды оңға француздың жүз мыңын.

Ол русьтарды сол қанатқа тұрғызды,
Саны жүз мың – бір қол етіп жүргізді.

Өңшең асау алқара көк аттары,
Майдан десе жайнар шоқтай оттағы.

Қарулары найза менен қалқан тек,
Көзі үкідей, жанса жайнар көк түнек.

Ер сауытын киген қызыл шекпеннен,
Ал күреңнен атқа жабу шақ келген.

Бәрінен де айбаты асқан зәңгінің,
Басқы сапқа қойды соның жүз мыңын.

Зәңгілердің қарулары болаттан,
Қалқаны бар күміс алау жалатқан.

Қара түсті, ұшпу жұрттан тарқап ой,
Қарайғаннан күш-қайратты дарқан ғой.

Вавилондық шлемінен күн жайнап,
Қара түнде олар талай шекті айбат.

...Дабылдатып ләшкер жауға аттанды,
Арыстан мен жолбарыстар топталды.

Жеңіс желі жорықпенен жарысқан.
Дем берді де түсті таудан арыстан.

Арыстанның арыстаны Искендір,
Дірілдеді қалың қолы кешкен қыр.

Селк етті бір Кавказ және тавр да,
Мың шеру мен соққы қатты дабылға.

Көк тәңірі, сезіп ойран жанжалды,
Қанды тағын жай тасымен қақ жарды.

Керней сарнап, күңіренді күй ерек,
Тамұқ тіреп, орнағандай қиямет.

Жер жарылды, айналғандай тозаңға,
Аспан толды қара бұлттай боранға.

Нажағайдай асыр салған жер-көкке,
Жарқылдады қылыштары түнекте.

Тұлпарлары азан-қазан шұрқырап,
Жерге түскен жай отындай бұрқырап.

Сансыз әскер шулағанда даурығып,
Нажағайдың өшті үні қаймығып.

Буаз болса, көк те шошып сол шудан,
Нәрестесін тастар еді тосыннан.

Жауынгерлер тына қалды кенеттен,
Жым-жырт бәрі, қорқынышты бұл неткен!

Жел ысырды аспандағы құйынды,
Сап-сары әскер, жүрісінен тыйылды.

Көкген түскен жай жебедей атылып,
Рум жігіт шықты алаңға ақырып.

Сұсты ердің арғымағы ойнақтап,
Қылышынан жасыл жалын будақтап.

Сол иықтан, жағалары оқалы,
Жайнап түсті жасыл қытай шапаны.

Найзасы бар үшкірленіп қырланған,
Бағанадай жақұтпенен сырланған.

Айғай салды майдан жерге ол бары:
“Берберліктен батыр туган мен Бәрік.

Дара сынды падишаға нөкер ем,
Бір мінсіз-ақ парызымды өтегем.

Бірақ дара қызметімді білмеді,
Елеп мені көзіне бір ілмеді.

Сол үшін мен қан сайысқа шығамын.
Екі мақсұт ойлағанмын. сол арым.

Іскендірге жан-тәнімді қиямын,
Намысымды жау қанымен жуамын.

Шах дарадан кім сый алса жағынып,
Шықсын бері, жекпе-жекке шабынып.

Көрсін дара, нөкерінің бағасын,
Сондайлардың өшіремін қарасын!”

Айтып соны Бәрік тұрды тас-тұйық,
Шықты біреу сұр қасқырдай қасқиып.

Өрттен шыққан адамдай бір қап-қара,
Тап тажалдай көзі шатынап оқтала.

Мінген аты бұлттай кара айбарлы,
Жай отындай, шапса салар ойранды.

Сұр сауытты, жайпауыттай найзалы,
Харран батыр, тісін жауға қайрады.

Оқып дұға, патша үшін, құлшынып,
Қаны қайнап шыға келді жұлқынып.

Шыр айналып ажал майдан алаңын,
Найза кезеп, атыстырды қабағын.

Кенет екі ер тап берісті, қағысты,
Бір-бірімен найза тіреп қарысты.

Әккі Бәрік асырды да айласын,
Харран ерге сұғып қалды найзасын.

Көріп мұны жау да шыдап тұрмады,
Шықты Шейда, пілдей алып тұлғалы.

Батыр Бәрік, онымен көп арбаспай,
Сұқты найза, құлады ол жартастай.

Арыстандай Бәрік шегіп айбатты,
Найзасымен тоғыз ерді жайратты...

Масайрады Іскендір шах, сол үшін,
Көз алдына елестетіп жеңісін.

Дара-шахтың бойын ыза кернеді,
Мықты шықсын! — деп түйілді пәрмені.

...Бір сұмдықты естіп қалды Іскендір,
Хабар етті қараңғыда ескен жыр.

Аттан түсті, ашу келіп батырға,
Кіріп келді дара жатқан шатырға.

Көрді көзі: қан жоса боп шах жатты,
Уа, Қүдірет, қандай жауыз жамсатты?

Іскендірдің езді қайғы жүрегін,
Өз жауының көріп мұндай сүреңін.

Падишаның басын сипап жылады,
Ақты көзден аяныштың бұлағы.

Жан тәсілім етер шақта дара-шах,
Көзін ашып сездірді бір ишарат.

“Хош келіпсің, аты шулы жас патшам!
Батыр, дана, ай астында бас патшам!

Сені абзал ғып жаратыпты жасаған!
Сендей кім бар жауға мейрім жасаған?

Ойхой, саған қарсы талай қайнап ем!
Сені бір күн жайратуды ойлап ем!

Байқағанда патшалардың әлемін,
Маған бақас жалғыз ғана сен едің.

Сендей сабаз жоқ қой күллі жаһанда!
Тәңірдейсің мынау фәни жапанда.

Өлер шақта, илші бір өтінем,
Құшақтайын, сүйейінші бетіңнен!

Мейманымсың, не зияпат етейін?
Ал жанымды, саған қиып кетейін!

Уа, мейманым! Ұлысың сен жер-көкте,
Мен де мейман, мейманыңмын бір сәтке!

Досым болсаң, тілегіме бер ізет,
Қасым болсаң, кес басымды тезірек!”

Сонда Іскендір еңіреді де аһ ұрды,
Басындағы тәжин жерге лақтырды.

“Жаса мәңгі, жердің ұлы патшасы!
Сен қажетсің, керек емес басқасы!

Сақтау үшін Кейхосраудың ұрпағын,
Сені өлтірген дұшпаныңды құртамын!

Ессіздікпен саған тиген пақырмын,
Қырқысуға мені неге шақырдың?

Шах басыңды сақтап неге қалмадым,
Бір сен үшін неге құрбан болмадым?”

Сонда Дара, еріндері дірілдеп,
Іскендірге назын айтты күбірлеп:

“Тыңда патшам, бар үш қана тілегім,
Ойлап соны соқты соңғы жүрегім!

Бейкінәлі мені өлтірген залымдар,
Қаза тапсын өз қолыңнан, кегімді ал!

Ұмытпа сен ұлы Кейдің нәсілін,
Ұрпағыма рақым жаса, асылым!

Жетімдер ғой, отама жас бұтадай,
Бауырыңа тарт, бол да туған атадай.

Өлерімде ойлап соны қан құсам,
Жетім қалды-ау, қайран қызым Раунишам.

Інжу-гауһар патшалардың шоғында,
Топ жұлдызға болар еді шұғыла!

Сол шұғыламен масатыңды жайнатшы!
Сол шұғыладан жүрегіңе жай тапшы!

Зайып етіп күмбезіңе алып бар,
Тақ қасында тұрса саған жарық бар!

Бүйрегім ғой, қос қызыма қаныңды,
Екеумізден өсер ұрпақ жалынды!

Қабылдай гөр, үш тілегім, осы енді,
Мезгіл жетті, дәтім бітті, хош енді!”

Руми патша көкке қолын жайды да,
Еңкілдеді, батты да зор қайғыға!

“Патшалардың падишасы, биігім,
Тілегінді орындауға иілдім!

Жар болар ма, уа, тәңірім, жалынсам,
Саған деген кеш күнәмді, падишам!”

Аударған Қалижан Бекхожин.

МҮСЛИХӘДДИН САҒДИ

(1184–1292)

Парсы-тәжік әдебиетінде дидактикалық-философиялық поэзияның негізін қалаған.

ӘДІЛДІК, ДАНАЛЫҚ, ПАРАСАТТЫЛЫҚ ХАҚЫНДА

Жәннәт (жеміс бағы) дастанынан үзінді

Шықта көр тыныштықтың қамалынан,
Халқыңның мұң кетпеді-ау қабағынан.

Қаптаған қасіреттіні көріп тұрып,
Тағдырға тәнті болма, көңлің тынып.

Кембағал жоқ-жітіктің — бәрі бейбак,
Халқыңның жанасы бол қамын ойлап.

Хан — ағаш, баққан халқы — түп-тамыры,
Жайқалар берік түптен бұта — бүрі!

Халқыңды қыса берсең жаны мұңлы,
Жұлғаның өз қолыңмен тамырыңды.

Айырма ақиқат пен дін жолынан,
Тас атып күл шашпасын ол соңыңнан.

Халқына егер патша болса жайлы,
Панам деп арқа тұтар сол күдайды.

Патшасы жүрдай елде ізгіліктен
Қатал заң қапалы елге мұз бүріккен.

Күйреу де, маскара да қорлық... бәрі —
Қанаудың қырсығы мен зорлық табы.

Ей, өмір, жазықсыздың жанын алма,
Еліңе тірек солар, тағың барда.

Өзінді өмір бойы асыраған,
Жандарды жәбірлесен — осы жаман.

Еліңде әділдігің билік құрсын,
Не халқың сырт айналып, өрлік қылсын.

Ат-тонын жауыздан жұрт ала қашар,
Жер-көкке жаманатын жая қашар.

Көгертер, бағын ашып, қалың елді
Шын әділ тағайында өмірлерді.

Байқасақ батыр да өлер — пақыр да өлер,
Еске алсын шапағатпен артындағы ел.

Күтпеңдер зорлықтыдан бірің көмек,
Зорлықты түбірімен жұлу керек.

Өзіңе ғұмыр бойы еңбек еткен
Жаны адал достарыңды сүй құрметпен.

Тайдырсаң қызметінен нөкерінді,
Күнәсін кешіргенің өте орынды.

Әділ хан малайына пана қандай,
Аялар ұлына әке қарағандай.

Даңқ қуып, тұрғаныңда билік құрып,
Қорлама ұлыларды ұмыттырып.

Келтірер ұлы есімдер жалын жанды,
Тұлғаңның жарқыратып сәнін мәңгі.

Кемтарға қайырым қылу хақында

Алдағы өмір қандай — алдан ойлан,
Сенем деп дос-жаранға, болма бейғам.

Сорлының қешпеу үшін мүшкіл халін
Ұмытпа өксіген мен мүскін барын.

Кемеңгер, кейін жоқтық уын ішпе,
Жақсылық жаса, безбе ізгі істен.

Зәмзәм бер әлсіреген жүректерге,
Қаларсың оқыс сырқап, жүдеп сен де.

Сен емес қолын жайған көрінгенге,
Қайыр бер есігіңнен емінгенге.

Жетімек жас балаға пана болған,
Саяққа өз ұлыңдай ала бергін.

Иіні, басы төмен салбыраған,
Жетімді жолықтырсаң зар жылаған.

Көзінше еркелетпе өз балаңды,
Кім жұбатар жетім қап боздағанды.

Жылай ма? Көз жасын кім құрғатар?
Кекті ме? Қаһары оның кімге батар?

Кемеңгер қайырымдым! Қайрыла кет.
Жанына жұбаныш бер, — қайғыны әкет.

Айрылды туған үйден — панасынан,
Аяла, ал қамқорлық аясына.

Жанында отырғанда аяулы әке,
Жүздерін көлеңке мұң шалды ма екен.

*Орышадан қазақ тіліне аударған
Мұзафар Әлімбаев*

ЗАХИР АД-ДИН МҰХАММЕД БАБЫР (1488–1530)

БАБЫРНАМА (үзінді)

Қасиетті пайғамбарымыздың заманынан бері Үндістан аймағына біздің жағымыздан үш патша билік жүргізіп, Патшалық құрды. Біріншісі — Сұлтан Махмұт Фази. Оның үрім-бұтағы Үндістан тағында ұзақ жылдар отырды. Екіншісі — Сұлтан Шихаб ад-дин Гури. Оның өзі, құлдары, сыбайластары бұл елде көп жыл билік жүргізді.

Бөтен елден келген үшінші патша – менмін, менің жағдайым ол патшалардан бөлек. Сұлтан Махмұт та Үндістанды жаулап алғанда Хорасан тағына ие болып отырған, Хорасанның сұлтандары да, оның шетіндегі аймақтар да соған бағынатын. Самарқанның ағзамы да, оның қарамағында болатын. Оның әскері екі лак болмаса да, бір лак болғанына ешкім дауласпайтын шығар. Оның үстіне ол жеке раджалармен жауласты, ол кезде бүкіл Үндістан бір патшаның билігінде емес-ті, әрбір раджа өз жеріне жеке билік жүргізетін. Сұлтан Шихаб ад-диннің де жағдайы солай болаты. Бірақ Хорасан оған бағынбайтын-ды, ондағы билікті оның бауыры Гияс ад-дин Гури жүргізген-ді. “Табакат-и Насириде”^{*} Сұлтан Шихаб ад-дин бірде Үндістанға жүз жиырма мың сауытты сарбаздарымен аттаныпты деген мәлімет бар. Оның қарсыластары да рай мен раджалар болатын. Бүкіл Үндістанға ешқайсысы да толық билік жүргізген жоқ.

Біз алғаш Бхираға келгенімізде бір мың бес жүз, көп дегенде екі мың адам болған шығармыз. Ал бесінші рет, Сұлтан Ибраһимді күйретіп, Үндістан патшалығын жаулап алғанымда, қарауымда бұрын-соңды қарасы көрінбеген көп әскер бар еді, нөкері, саудагері, қызметшісі бар, бүкіл әскер құрамында тізім бойынша он екі мың адам болды. Маған Бадахшан, Құндыз, Кабул және Қандағар аймақтары қарағанымен, бұлардан ешқандай пайда көрмедім, керісінше, осы аталған аймақтың кейбірі шекаралас болды да, бұларға едәуір жәрдем көрсетіп отыруға тура келді. Оның үстіне Мауараннахрдың барлық жері жүз мыңға жуық әскері бар өзбектің ханы мен сұлтандарының қол астында болды, бұлар біздің ата жауымыз еді. Ал Үндістанның Бхирадан бихараға дейінгі аймағы ауғандықтардың қолында болатын.

Үндістанның патшасы сұлтан Ибраһим еді; патшалық жерінің молдығына қарағанда оның бес лак жауынгері болуы керек емес пе? Сұлтан Ибраһимнің кейбір әмірлері бүлік шығарған кездерінде, оның жасағы жүз мыңға жеткен көрінеді. Бұл патша мен оның әмірлерінде мыңға тарта піл болды деп айтады.

Бұл жолы мен осыншама көп әскері бар, кең байтақ мемлекеттің Сұлтан Ибраһим сияқты басшысымен жүзбе-жүз кездестім. Үмітім ақталып, жаратушы ием жар болып, пендесін зарықтырмай жауын табанының астына салып таптатты да, Үндістан сияқты ұлан-ғайыр мемлекетті басып алуға мүмкіндік туғызды. Мұндай бақытқа күшіміздің, қайратымыздың, қуатымыздың арқасында емес, құдайдың құдіретімен, оның қолдауымен жеттік.

Үндістан – кең байтақ, халқы мол, жері құнарлы өлке. Ол шығысында да, оңтүстігінде де, тіпті батысында да мұхитпен шектеліп жатады, солтүстігінде Хиндукуш пен Кәпірстанның,* Кашмирдің тауларымен шектеседі. Солтүстік-батысында – Кабул, Ғазни, Қандағар, бүкіл мемлекет астанасы Дихли қаласы болып есептеледі. Сұлтан Шихаб ад-дин Гуриден Сұлтан Фируз шаһтың патшалығының ақырына дейін Үндістанның үлкен бөлігі Дихли сұлтандарының қол астында болды. Үндістанды да жаулап алған кезімде, мұнда бес мұсылманның ағзамы, екі кәпір ағзамы билік жүргізіп тұрған-ды. Тау мен орманда үлкенді-кішілі көптеген рай мен раджалар билік жүргізгенмен, белді де, тәуелсіз болғандары мыналар:

Біріншісі, Бхирадан Бихараға дейінгі аймақты жаулап алған, астаналық қала, Дихлиге билік жүргізген ауғандықтар. Жүнпұр ауғандықтарға дейін сұлтан Құсайын Шарқиға қараған, бұл әкімдерді үндістандықтар Пураби деп атайды. Олардың ата-бабалары Сұлтан Фируз шаһтың, оның сұлтандарының қарақшылары болған; Фируз шаһтан кейін олар Жанпұр патшалығына ие болып қалған. Ол кезде Дихли Сейіттердің тұқымынан тараған сұлтан Ала ад-диннің қолында болған. Темір бек Дихлиді жаулап алғанда бұл қаланың билігін Ала ад-диннің аталарына беріп кеткен. Сұлтан Бахлул Лоди ауғандық болатын, оның ұлы Сұлтан Ескендір астаналық Дихли қаласын, астаналық Жанпұр қаласын жаулап алады, сөйтіп, екі қала да бір мемлекеттің астанасы болды.

Екінші (мұсылман билеушісі) – гуджераттық Сұлтан Мұзаффар. Ол Сұлтан Ибраһимді күйретіп жеңіске жеткенімен, бірнеше күн бұрын ғана жарық дүниемен қоштасыпты. Бұл діншіл, тақуа ағзам болған, ғылымға да құштарлығы болды, ол хадисты оқып, құранды өне бойы көшіріп отырды. Бұл әулетті Таңқ деп атаған, оның арғы тегі де Сұлтан Фирузге, оның үрім-бұтағынан шыққан сұлтандарға қызмет атқарған. Фируз шаһтан кейін Гуджарат аймағына билік жүргізді.

Үшінші билеушілері – декандағы Бахманидтер, бірақ бұл күнде декандық сұлтандарда күш те, мән де қалмаған. Оның иеліктерінің бәрін атақты бектер басып алған, егер билеушілерге бірдеме қажет болса, осы бектерден сұрайды.

Төртінші билеуші – Сұлтан Махмұт, ол Манду деп аталатын Мальва уәлаятын басқарды. Бұл әулет Хилджи аталады. Рана Санка* кәпір оларды күйретіп, иелігінің көп бөлігін жаулап алған. Бұл ағзамдар әлсіреп біткен, бас көтерері жоқ. Оның арғы аталары Фируз шаһтың тұқымынан тарайды; ол өлгеннен кейін жаулары Мальваны да басып алды.

Бесінші билеуші – Бенгалдағы Нұсрат шаһ. Оның әкесі Бенгалдың билеушісі болды, ол Сейіт еді, лақап есімі – Сұлтан Ала ад-дин болатын. Билік мұрагерлік ретінде Нұсрат шаһқа қалған. Бенгалда ғажайып ғұрып бар: бұл елде билік мұрагерге өте сирек қалдырылады. Онда патшаға тақ жасалған, әрбір өмірге, уәзірге, лауазымды адамға алдын ала орын белгіленеді. Бенгал тұрғындарына сол тақ, сол орын ғана маңызды. Әрбір орынға оған тән, оған бағынышты нөкерлері, қызметкері, қызметшісі бекітіледі. Ал патша біреуді тағайындағысы келсе, немесе орнынан алмақ болса, онда сол орында отырған адамға құлшылық еткен нөкерлер, қызметшілер, бұрынғыдай міндетін атқара береді. Тіпті бұл тәртіп патшаның басына да тән. Бұрынғы билеушіні өлтіріп, ебін тауып, оның орнын басып патша болса, бұрынғы әмірлер, уәзірлер, әскер де, халық та соған бас иіп, тағзым етіп, оны бұрынғы патшадай ұлық көріп қызмет атқарады. Бенгалдықтар: “Біз таққа деген адалдықты сақтаймыз, тақта кім отырса, соған құлшылық жасап, бас иеміз”, – дейді.

Мысалға Нұсрат шаһтың әкесі Ала ад-динге дейін бір абиссиялық сол кездегі патшаны өлтіріп, таққа отырып, біраз уақыт билік құрған. Сұлтан Ала ад-диннен соң тақты мұрагерлік жолмен оның ұлы алып, патша болған.

Бенгалда мынандай бір ғұрып бар: патша тағына отырған адам өзінен бұрынғы қазынасын пайдалануды ұят іс көреді, арсыздық санайды. Билік қолына тиген адам жаңа қазына жинауы керек. Ол халықта қазына жинау бағалы, ардақты іс саналады.

Онда мынадай да әдет бар: қазынаны, атқораны ұстауға, патша мен Сұлтандардың қажетіне, тірлігіне жұмсалатын қаржы әдейілеп белгіленген аймақтан келіп түседі, ал басқа жерден түскен қаржыны жұмсауға мүлдем тыйым салынған.

Ұлан-байтақ жерді иеленіп, ұлан-ғайыр әскер ұстаған ұлы елді мұсылман патшалар жоғарыда айтылған бесеуі. Бұдан өткендері болған емес. Әскерінің санына, иелігінің көлеміне қарағанда кәпірлердің ішіндегі ең қуаттысы раджа Биджангара мен жуырда ғана ерлігімен, семсерінің қуатымен даңқы шыққан Рана санка. Оның иелігі Читур болатын. Манду сұлтандарының үстемдігі шайқала бастағанда, Рана Санка бұл елге бағынышты Рантанбур, Сарангпур, Бхилсан және Чандири аймағын басып алды. Тоғыз жүз отыз төртінші жылы, жаратқан иемнің қолдауымен рана Санканың белді де қуатты адамның бірі, қол астында бес-алты мың кәпірі бар Мидини Раодан Чандиридi тартып алдым. Кәпірлерді жаппай қырып-жойып, ұзақ жыл соғыстан жапа шеккен Чандири аймағын ислам еліне айналдырдым. Бұл жайындағы егжей-тегжейлі әңгіме әлі де айтыла жатады.

Үндістанның шеткі аймағында рай* мен раджалар көп, олардың біразы исламға бағынған, өзгелері жыраққа орналасқандықтан, әрі олардың иеліктері жақсы бекінгендіктен ислам патшаларына бағына қоймады.

Үндістан бірінші, екінші, үшінші ықылымға орналасқан, бұл ел төртінші ықылымға жатпайды. Бұл бір ғажайып өлке, біздің жермен салыстырғанда мүлдем басқа дүние. Оның тауы, өзені, орманы, даласы, қаласы, аймағы, жан-жануары, хайуанаты, өсімдігі, адамы мен тілі, жаңбыры мен желі, бәрі, бәрі де біздің жерге, біздің елге ұқсамайды. Кабулға шектесіп жатқан ыстық аймақтарының кейбір табиғи көрінісі Үндістанмен ұқсас болғанымен, басқа жағдайы жер мен көктей, Синд өзенінен өтсең болды, жері мен суы да, ағашы мен тасы да, адамы да, жолы да, әдет-ғұрпы да айна қатесіз Үндістандағыдай.

Үндістанның солтүстігіндегі таулар аталып өтті. Синд өзенінің арғы бетіндегі тауларда Кашмирде қарайтын аймақтар бар. Осы таулы аймақтың көпшілік жері, мәселен, Пакли мен Шаманг Кашмирге бағынбағанымен, бұрын да Кашмирдің бір құрамы болған. Кашмирдің арғы жағында сан жетпес тайпалар, халық ұлан-ғайыр аймақты алып жатыр. Бенгалға дейін, тіпті мұхиттың жағасына дейін бұл таулар халық тығыз мекендейді.

Үндістанның бұл бөлігінің тұрғындары жайында көп сұрастырдык, бірақ ешкім маңдығып дәл мәлімет бере алмады. Жұрттың айтуынша, бұл таудың халқын Кас деп атайтын көрінеді. Маған мынадай бір ой келді: үндістандықтар “шин” (әрпін) “син” деп айтады. Үндістан тауындағы ең көрікті қала – Кашмир, жалпы ол таулы өлкеде, біздің естуімізше, Кашмирден өзге қала жоқ, олай болса Кашмир аталуының себебі де сол халықтың есімімен байланысты болар, яғни “Кас” – “Каш”.

Тау халқы жұпар тышқанмен, кодаспен, шафранмен, қорғасынмен, мыспен сауда жасайды. Үнділер бұл тауларды Савалак-Парбат деп атайды. Үнділердің тілінде сава – жиырма бес; лак – жүз мың, парбат – тау; сонда – “жиырма бес және жүз мың тау”, яғни жүз жиырма бес мың тау деген сөз.

Бұл таулардың басынан жыл он екі ай қар кетпейді. Үндістанның кейбір аймақтарынан, мысалы, Лахор, Сирхинд, Самбалдан сол тау шыңдарының қары ылғи да ағарып көрініп тұрады.

Кабулда бұл таулар Хиндукуш аталады, бұл Кабулдан шығысқа созылып, ептен оңтүстікке қарай бұрылған. Бұл таудың оңтүстікке қараған жағы Үндістан аталады.

Сыры беймәлім қас халқы мекендейтін таудың солтүстік жағында Тибет аймағы жатыр. Осы таулардан Үндістанның бойына тамырша тарамдалып кететін сан өзен ағып жатыр. Сархиндтің солтүстігін ала, басын осы таудан алатын алты өзен ағады, бұлар: Синд, Бахат, Чинаб, Рави, Биях, Сатладж, Мұлтанның маңында мұның бәрі бір арнаға құйылады да, Синд аталады. Синд батысқа қарайтын, татта аймағын басып өтіп, Оман теңізіне құяды. Үндістанда бұл алтауынан өзге де өзендер баршылық, мысалы, Жүн, Ганг, Рахаб, Гумти, Гагар, Сиру, Гандак, тағы басқа да үлкен өзендер Ганг өзеніне құяды да Ганг деп аталады. Бұл өзен шығысқа қарай ағып, Бенгалды кесіп өтіп, мұхитқа құяды. Бұл өзендер басын Савалақ-Парбаттан алады.

Үндістан тауларынан басқа да өзендер ағып өтеді, мысалы, Чамбал, Банас, Битви. Таудың бұл беткейінде ешқашан да қар жатпайды; осы өзендер де Ганг өзеніне құяды.

Үндістанда басқа да таулар бар, солардың қатарына солтүстіктен оңтүстікке созылған тау қыратты да жатады. Бұл қырат Дихли аймағынан, Фируз шаһ салдырған Жаһан-Нума аталатын ғимараттан басталады, бұл құрылыс биік тас жотаның үстіне салынған. Одан әрі Дихлидің төңірегінде шашыранды ұсақ жартас төбелер көрінеді. Меват аймағында тау биіктен көрінеді, Меваттан өткеннен кейін бұлар Биан аймағына дейін созылып жатады. Сикри, бари және дулпур таулары да ұштасып жатпағанымен, осы тау қыраттарының құрамды тармағы болып есептеледі. Галиур аталатын Гвалиар таулары да осы таулардың сілемі, Рантамбхура, Читура, Манду және Чандири таулары да осы қыратқа жатады. Тау қыраттары кейбір жерлерінде жеті-сегіз құрық үзіліп қалып отырады. Бұл таулар биік емес, ойлы, қырлы, тастақ, орманды келеді, мұнда ешқашан да қар түспейді. Үндістанның кейбір өзендері басын осы таулардан алады.

Үндістан аймағының көпшілік жері жазыққа орналасқан. Үндістанда қала да, аймақ та көп болғанымен, суы ағып жатқан канал жоқтың қасы, ағынды су өзенде ғана болады. Кей жерлерде тоспалы су кездеседі.

Кейбір қалаларда арық қазуға, су жүргізуге мүмкіндік болғанымен, оны жасамайды. Мұның себептері көп. Біріншіден, Үндістанның егісі мен бақшасы мүлдем суаруды қажет етпейді. Күздік егін жауын суымен-ақ суарылады, бір ғажайыбы көктемгі егіс жаңбыр жаумаса да шығады. Жас шыбыққа бір немесе екі жылға дейін шелекпен немесе шығар айналдырып, құдықтан су алып құяды. Бұдан кейін оны суарудың мүлдем қажеті жоқ. Кейбір көкөністер ғана суаруды қажет етеді.

Лахорда, Дибальпурда, Сирхинде және оған шектес жататын аймақтарда жер шығыр арқылы суарылады. Құдықтың тереңдігіндей екі арқан алады да, әрқайсысына тұзақ жасайды, сол тұзақ аралағына таяқ қыстырады, таяққа құмыра байлайды. Құмыра байланған (таяқшасымен) арқанды құдықтың бетіне орнатылған доңғалақтың үстіне тастайды. Доңғалақ кіндігінің екінші басына екінші доңғалақ, оның қасына үшінші доңғалақ бекітіледі, ал екінші мен үшінші доңғалақ аралығындағы кіндік тік орнатылады. Өгіз осы доңғалақты айналдырғанда оның тістері екінші доңғалақтың тістеріне тиеді де, ол құмыра байланған доңғалақты айналдырады. Су алатын жерге науа қондырады да, керек жағына қарай бұрып ала береді.

Аграда, Чандварда, Бианда және соның маңындағы жерлерде суды шелекпен көтереді. Бұл қиындығы мол, әрі лас шаруа. Құдықтың шетіне аша ағаш бекітеді де, ашасының арасына шығыршық дөңгелектің тістерін енгізеді. Ұзын арқанға үлкен шелек байлап, арқанды дөңгелек шынжырдың үстіне кигізеді. Арқанның бір ұшын өгізге байлайды да, оны бір адам жетектейді, ал енді бір адам шелектегі суды төгіп тұруы керек. Өгіз шелекті тартып шығарысымен арқанды сүйретіп кете береді де, өгіздің ізімен сүйретілген жапаға, зәрге былғанған арқан қайта тартылып құдыққа түседі.

Кейде, егістікте су тапшы болған жағдайда, еркек, әйелі демей суды құмырамен көтеріп егіс суарады.

Үндістанның қалалары да, аймақтары да көріксіз. Оның барлық қалалары да, қыстақтары да біркелкі, бақшалары дуалмен қоршалмаған, көп жері мидай жазық, теп-тегіс. Кейбір өзендердің жағасын көктемгі жаңбыр жырмалап кетеді, сондықтан мұнымен жүру оңайға түспейді. Жазықтың кейбір жерінде тікенекті жыныс бұталар кездеседі. Бұл аймақтың адамдары қалың тоғайлардың арасына жасырынып, бағынғысы келмей, салық төлеуден бас тартып жүреді.

Үндістанда өзендерден өзге ағынды су жоқ. Кейбір жерде тоспалы су ұшырасып қалады. Осыншама үлкен қалалар мен аймақтар жаңбырдың суынан жиналған құдық пен тоспаның суын пайдаланады.

Үндістанда мекеннің, қыстақтың, тіпті қаланың қаңырап қалуы да, гүл жайнап құлпырып кетуі де оп-оңай. Егер көп жыл өмір сүрген үлкен қаланың тұрғындары бұл қаладан кеткісі келсе, бір немесе бір жарым күннің ішінде өре көшіп, орны тып-типыл болады. Ал егер қала тұрғызамыз десе, онда арық қазып, тоспа құрып жатпайды, барлық егін суарусыз енеді. Быжынаған адам, еңбек қолы жетерлік; олар топтала қалып тоспа жасап, құдық та қазып тастайды, ал үй тұрғызып,

керегесін қалаудың қажеті жоқ, бұтақ та мол, ағашқа сан жетпейді. Күркені тігіп жібереді, сол мезетте жаңа қала немесе қыстақ пайда бола қалады.

Үндістанда ғана мекендейтін жануарлар

Мұндағы жабайы жануардың бірі – піл. Олар пілді хати деп атайды. Қалпи аймағының шекарасынан шығысқа қарай жоғарылаған сайын жабайы піл көп ұшырасады, пілді сол жерден аулайды. Карра мен Маникпурда піл аулайтын отызқырық жер бар. Мұның тұрғындары дуан* алдында әрбір пілге жауап береді.

Піл өте ірі, түйсікті жануар. Не айтсаң да түсіне қояды, не бұйырсаң соны істейді. Пілдің құны оның ірілігіне байланысты, оны тұрқына қарай бағалайды. Піл ірі болса, құны да жоғары. Кейбір аралдарда биіктігі он кари келетін пілдер бар деп айтады. Бұл жерлерден төрт-бес кариден биік пілді ұшырастырмадым.

Піл тұмсығымен ішіп, тұмсығымен жейді, егер тұмсығы болмаса өмір сүре алмас еді. Тұмсығының екі жағында үстіңгі жақ сүйегінде жуан екі тіс сойдып тұрады, осы екі тісін қабырғаға немесе ағашқа қадап, оны қопарып тастай алады. Қандай да болмасын қақтығыста, айқаста піл адж аталатын тісін жұмсайды. Пілде жүн болмайды.

Үндістанның тұрғындарының тіршілігінде пілдің үлкен маңызы бар, оның әскерінің әр жасағында бірнеше піл болады. Пілдің кейбір жақсы қасиеттері бар, ауыр жүкті көтеріп, ағысы қатты, ені жалпақ өзендерден жеп-жеңіл өте шығады, төрт жүз-бес жүз адам көтеретін зеңбірек қондырғысын үш-төрт піл жеп-жеңіл сүйреп кете береді. Бірақ пілге азық орасан көп қажет; бір піл екі керуен түйесінің азығын жейді.

Үндістанда мүйізтұмсық деген болады. Бұл да ірі жануар, тұрқы үш енекеге (буйвол) тең. Мұнда мүйізтұмсық мүйізімен пілді көтеріп тастайды екен деген аңыз бар, сірә, шындық болмас.

Мүйізтұмсықтың мұрнында бір ғана мүйізі ба, ұзындығы бір қарыстан астам, екі қарысын кездестірмедік. Үлкен бір мүйізден су ішетін астауша, тостаған, нард ойнайтын тақтайша жасалды да, тағы үш-төрт елі мүйіз артылып қалды.

Мүйізтұмсықтың терісі өте қалың келеді. Егер қатты тартылған садақтың кермесін қолтыққа дейін созып, жебені бар екпінмен дәлдеп тартқанда мүйізтұмсықтың терісіне төрт елі енсе, онда керемет болғаны. Бірақ жұрттың айтуынша оның терісінің кейбір жері осал болатын көрінеді. Алдыңғы аяғында, санында терісі әукеленіп қатпарланып тұрады, алыстан қараған адамға ол жабу сияқты көрінеді.

Өзге жануарларға карағанда мүйізтүмсык жылқыға ұқсас. Жылқының іші тартынқы, мүйізтүмсықтың да қарны кішкентай, жылқының бақайы бір сүйек болса, мүйізтүмсықтың бақайы да бір сүйектен тұрады, жылқының алдыңғы аяғының жілігінде май болады, мүйізтүмсықтың да алдыңғы аяғының жілігі майлы болады.

Мүйізтүмсык піл сияқты көнбіс, жуас емес, одан шақар. Паршауардың, Хашт-Нагардың маңындағы орманда мүйізтүмсык аз емес; олар Синд пен Бхира аймағының аралығындағы ну тоғайда, сол сияқты Үндістанның Сару өзенінің жағасында мекендейді.

Үндістанға жорық жасағанда мүйізтүмсыктарды Паршауар мен Хашт-Нагардың маңындағы тоғайдан соғып алдық. Мүйізтүмсык мүйізімен қатты соғады, оны аулаған кезде адам да, ат та содан көп жарақаттанды. Бірде Максұт деген қарушының атын мүйізімен іліп, найза бойы лақтырып тастады. Сондықтан Максұт Максұ-и қарғ аталып кетті.

Тағы бір жануары – жабайы енеке, ол біздің енекeden өлдеқайда үлкен, оның мүйізі оншама артқа қарай алшыып жатпайды. Бұл өте қауіпті, қаскүнем жануар.

Үндістанда нилгау да мекендейді. Тұрқы жылқыдай болғанымен, денесі аздап жіңішкелеу. Еркек нилгау – көк түсті, сондықтан “нилгау” аталуы мүмкін. Нилгаудың кішірек екі мүйізі болады, оның тамағында бір қарыстан ұзындау жүн өсіп тұрады, оның бұл көрінісі қодасқа ұқсайды. Оның тұяғы кәдімгі өгіздің тұяғындай ашалы. Ұрғашысының түсі бұғы-маралдың түсіндей. Онда мүйіз де, кеңірлегіне өскен жүн де жоқ, еркегіне карағанда ұрғашысы семіздеу болады.

Тағы бір хайуанаты – тобанаяк. Оның тұрқы киіктей, алдыңғы аяғы да, артқы аяғы да бөкене, сондықтан тобанаяк аталады, мүйізі – бұғының мүйізіндей салалы, бірақ тұқыл. Бұғы сияқты мүйізін жылда тастайды. Тобанаяк жүгіре алмайды, сондықтан тоғайдан шықпайды-ды.

Үндістанда қарақұйрықтың текесіне ұқсайтын киіктің бір түрі өседі. Жотасы қара жолақ, бауыры – ақ, қарақұйрыққа карағанда мүйізі ұзындау, әрі салалы. Үндістан оны қалахара атайды; әуелде, қалахаран, яғни “қара бұғы” десе, кейін қалахара деп кеткен. Бұл бұғының ұрғашысы ақ болады.

Қалахараның жәрдемімен бұғы ұстайды. Қалахараның мүйізіне дөңгелек тұзақ іліп, алысқа кетіп қалмас үшін аяғына жіліншегімен бірдей үлкен тас байлайды. Жабайы бұғыны көрген кезде, оның алдына қалахараны апарып қояды. Жабайы бұғы төбелескіш келеді, сол сәтте-ақ сайысқа шығады, арбиган мүйіздер сатыр-сұтыр айқасып кетеді, бұғылар шегініп барып, соқтығысып жүргенде жабайы бұғының мүйізі қолға үйретіл-

ген бұғының мүйізіндегі тұзаққа орала береді. Жабайы бұғы қашпақ болады, қолға үйретілген бұғы оған ере алмайды, сірә, аяғына байланған тас жібермейтін болар.

Осындай әдіспен бұғы көп ұсталады, қолға түскенін үйретіп, тағы да әлгі тәсілді қолданады. Қолға үйретілген бұғыларды аулаға шығарып, сүзістерін тамашалайды.

Үндістан тауларының баурайында арқар тоқтысынан кішілеу бұғылар да өседі.

Гин деген өгіз де өседі. Бұл – біздің құнан қойларымыздың үлкендігіндей ғана өгіз. Еті өте дәмді, әрі жұмсақ.

Маймыл да тіршілік етеді, оны үндістандықтар бандар деп атайды. Маймылдың түрлері көп. Оның бір түрін біздің жерге алып келіп, сығандар биге үйретіп жүреді. Бұл маймылдар Дара-и Нұра тауында, Хайбардің қасындағы Кух-и сафид тауының беткейінде, одан төмен қарай бүкіл Үндістанды мекендейді; одан жоғары жерде ұшыраспайды. Бұл маймылдардың терісі сары, бет әлпеті ақшыл, құйрығы өте ұзын.

Онда маймылдың басқа түрі де бар, бірақ Бажаурда, Савада, оның айналасындағы жерлерде мұны ұшырастырмадық, олар біздің елге әкелінген маймылдардан едәуір ірі. Құйрығы өте ұзын, түгі – ақшылдау, бет әлпеті күйедей қара. Маймылдың бұл түрі Үндістанның тауы мен орманында өседі, біздің жерлерде болмайды.

Мұнан өзге маймылдар да ұшырасады, олардың беті де, бүкіл денесіндегі жүні де көмірдей меңсіз қара.

Бұлғыннан сәл кішілеу нұл деген жыртқыш бар. Ағашқа өрмелеп күн көреді, кейбіреулер мұны мушхурма деп атайды. Жұрт мұны адамға бақыт әкеледі екен деседі.

Тышқанның галакри* деп аталатын түрі де өседі. Ол үнемі ағаш діңімен жоғары-төмен зыр қағып, керемет көз ілеспес жылдамдықпен жорғалайды.

Құстардан тауыс мекендейді, әсем, бояулы, сұлу құс. Бітімі бояуындай сымбатты емес. Оның тұрпаты тырнаға ұқсайды, бірақ ол сияқты тұрқы ұзын емес. Оның мекиенінің де, қоразының да төбесінде биіктігі екі-үш елідей жиырма немесе қырық қауырсынды айдары бар. Қоразының жүнінде бояу да, сұлулық та жоқ, мекиенінің мойны құбылмалы, төгілмелі алқа тәрізді, мойны сымбатты, көгілдір мойнынан төмен төсі сары, жасыл көгілдір, күлгін түсті, жүні сусымалы, құбылмалы, бұл бояу құйрығының ұшына дейін сусиды, ал жотасы осындай әсем түспен құбылып үлкен айшықтармен торланып көздің жауын алады. Кейбір тауыстың құйрығы бір саржын, түрлі-түсті қанатының астында өзге құстарға ұқсаған қысқа құйрығы да бар, қарапайым, кәдімгі құс құйрығы. Тауыстың қанаты қызыл болады.

Тауыс Бажаурада, Савада болады, жоғарыда – Кунарда, Ламғанатта, басқадай жерлерде ұшыраспайды. Қырғауылға қарағанда ұшуы мардымсыз: бір-екі реттен артық ұша алмайды, соған байланысты тауыс таулы аймақта, тоғайда кездеседі. Бір ғажайып жағдай: тауыс өскен тоғайда қорқау қасқыр көп кездеседі, ал ол болса, құйрығын жалбыратып, бір тоғайдан келесі тоғайға қоныс аударып жүргені. Олар қорқау қасқырдан қасірет көрмейді.

Үндістандықтар тауысты мор деп атайды. Имам Әбу Ханифтың іліміне қарағанда бұл адал құс; етін дәмсіз деуге де болмайды, құрдың етіне ұқсас, бірақ түйенің еті сияқты, онша сүйсініп жемейсің.

Үндістанда тоты да бар. Ол Бажаурда, одан төсен жатқан өңірде кездеседі. Көктемде тұт ағашы гүл шашқанда Нингнахар мен ламғанат жаққа да ауады, басқа уақытта мұнда ұшыраспайды. Тоты әр түрлі болады. Оның бірі – біздің жаққа әкелінгені, енді бірі – одан кішілеу, бірақ оны да сөйлеуге үйретеді. Мұндай тотыны орман тотысы деп атайды. Бажаурда, савада, оның төңірегінде тоты көп, бес-алты мың болып топ-тобымен ұшады. Бұл екі тотының айырмашылығы тұрқында, әйтпесе түсі бірдей.

Мұның тағы бір түсі кездеседі, ол орман тотысынан кішілеу. Бастары ашық қызыл, үстінен қарағанда қанаты да қызғылт, құйрығының ұшында екі елі ақ жолақ болады. Бұл тотының кейбірінің басы ақшыл көк. Олар сөйлей алмайды. Мұны кашмир тотысы деп атайды.

Тотының тағы бір түрі кездеседі, орман тотысы сияқты күрттай, тұмсығы қара, мойнында жалпақ қара шеңбері бар, қанатының үсті қызыл. Бұл тоты сөз жаттауға ұғымтал, біздің ойымызша, тоты мен қараторғай үйреткенінді ғана қағып алып қайталайды, өз бетімен ойлап, бірдеме айта алмайды. Бірақ жуырда менің бір жақын қызметшім Әбу-л Қасым Жалаир бір ғажайып әңгіме айтты, осындай бір тотының торының беті жабылып қалыпты, сонда тоты: “Бетімді ашып қой, тұншығып барамын” депті.

Тағы бірде адамдар осындай сөзшең тотыны алып бара жатып, тынығып отырыпты, қасынан адамдар өтіп бара жатыпты, сонда тоты: “Адамдар кетіп барады, сіз жүрмейсіз бе?” депті. Өтірік болса обалы айтқан адамға болсын. Өз құлағыммен естімейінше бұған сенгім келмейді.

Онда тотының тағы бір тұқымы бар: оның түрі тым сымбатты. Ашық қызыл түсті, қанатының өзге түстісі де бар, бірақ мен оның түсі есімде қалмағандықтан егжей-тегжейлі сипаттап айта алмаймын. Бұл қызыл тоты өте сұлу, бұл да сөйлей алады. Оның бір кемшілігі, даусыз барылдақ,

күлаққа жағымсыз, яғни мыс табакты қыш сынығымен қырып жатқандай дыбыс шығарады.

Үндістанда шарақ* та тіршілік етеді. Шарақ Ламғанатта көп, оның төменгі жағында бүкіл Үндістан өлкесін алып жатыр. Шарақтың да әр түрі болады. Оның бір түрі Ламғанатта өте көп ұшырасады. Шарақтың осы түрінің басы қара, қанаты ала, қараторғайға қарағанда кеудесі аздап үлкен де, ұзынша. Шараққа сөз үйретіп, сөйлетуге болады.

Тағы бір түрі пиндавали* аталады, оны Бенгалдан алып келеді. Бұлар қара, бір түсті, тау шарағына қарағанда кеудесі аздап үлкендеу, пиндавалидың тұмсығы мен аяғы сары, күлағында екі жапырақ сары тері жалбырап өсіп тұрады, мұнысы өте ұсқынсыз. Пиндавали анық, әрі таза сөйлей алады.

Шарақтың тағы бір түрі кездеседі; бұл әлгінде айтқан шарақтан ұсақтау, көзінің айналасында қызыл шеңбері бар. Құстың бұл тұқымы сөйлей білмейді; бұл уин-шарақ аталады.

Гантың үстіне көпір салып, өзеннен өтіп, жауды қуғанымызда лакнау мен оның төңірегінен шарақтың ақ төс, ала бас, жотасы қара жолақ бір түрін кездестірдім. Бұрын-сонды мұндай құс кездестірген емеспін. Шарақтың бұл тұқымы сөз қайырып айта алмайтын сияқты.

Үндістанда луча деген құс бар. Бұл құс бу-каламун деп те аталады. Басынан құйрығының ұшына дейін бес-алты түске боялған. Оның мойны – кептердің мойны сияқты сусылдап тұрады, мұның үлкендігі таудың құры сияқты, таудың төбесін мекендейді. Бұл Нижрау тауын, Кабул аймағын, одан төменгі тауларды мекендейді, одан жоғары ұшыраспайды. Үндістанның тұрғындары мынадай бір ғажайып әңгіме айтады. Қыс түскенде луча да таудың беткейіне еңкейеді. Егер бұл жүзімдіктің үстімен ұша қалса, одан өтіп кете алмай ұсталып қалады. Лучаның еті адал, өте дәмді.

Мұнда турачи* деген де құс бар. Бұл Үндістанда ғана ұшырасатын құс емес, ыстық аймақтың бәрінде де кездеседі, бірақ турачидің кейбір түрлері Үндістаннан өзге жерде ұшыраспайды, сондықтан, бұларды айтқанды жөн көріп отырмын.

Турачидің денесі құрдың үлкендігіндей: оның қоразының жотасының түсі қырғауылдың мекиенінің жотасының түсіндей, төсі, бауыры – қара, ақ қанатты, оның екі көзінің қиығында қызыл жолақ бар. Турачидің үні жақсы, бұл: “шир дарам у шакарак” деп айғайлайтын сияқты және де “ширді” қысқа қайырады, ал “дарам у шакаракты” анық айтады. Астрабад турачилері: “бат мани тұттилар” деп, ал Арабстандағылары “би-ш-шукр талум ан-ниам” деп сайрайды. Турачидің мекиенінің түсі балапан қырғауылдың түсі сияқты, бұл турачилер Нижраудың төменгі жағын мекендейді.

Осы құстардың канджал атты түрі де бар. Оның үлкендігі турачи сияқты, оның үні құрдың үніне өте ұқсас, бірақ даусы қатқыл шығады. Қоразы мен мекиенінің бояуының оншама айырмашылығы жоқ. Канджал Паршауар мен Хашт-нагар аймағында өседі, одан төмен де, жоғары да өлкеде ұшыраспайды.

Үндістанның тағы бір құсы – пулпайкар, оның үлкендігі тау құрындай, дене бітімі үй тауығы сияқты, түр-түсі де тауыққа ұқсас. Пулпайкардың тамағының төменгі жағы төсіне дейін ашық қызыл түсті; бұл құс Үндістан тауларын мекендейді.

Жабайы тауық та мекен етеді. Үй тауығы мен жабайы тауықтың айырмашылығы, жабайы тауық қырғауыл сияқты ұшады; оның үстіне бұл тауық үй тауығы сияқты әр түсті болмайды. Жабайы тауық бажур мен оған жанасқан тауларды мекендей. Бажурдан жоғары қарай ұшыраспайды. Үндістанда кездесетін құстың тағы бірі – чилси. Оның тұрқы пулпайкар сияқты, бірақ пулпайкардың бояуы әсем. Чилси Бажурдың тауларында өседі.

Шам деген құсының үлкендігі үй тауығындай, ерекше бояулары да ұшырасады. Шам* да Бажур тауларында өседі.

Үндістан бөденесі де бар. Бөденені таза Үндістанға тән құс деп айтуға болмас, бірақ бөдененің тек осында ғана кездесетін төрт пе, бес пе түрі бар.

Оның бір – түрі біздің жерге ұшып келетіндері. Бұл – ең үлкен бөдене. Біздің жерге ұшып келетінінен басқа да кішілеу түрі бар. Оның қанаты мен құйрығы қызғылттау. Бөдененің бұл түрі шіл сияқты тобымен ұшып жүреді. Бөдененің тағы бір түрі – біздің жерге ұшып келетінінен ұсақтау, оның тамағы, төсі қара.

Бөдененің тағы бір түрі бар, бұл Кабулға сирек ұшып келеді. Олар ұсақ, карчиден сәл ғана үлкен, Кабулда мұны курату деп атайды.

Тағы бір құсы – харчал. Оның үлкендігі дуадақ сияқты, бөлкім, Үндістанның дуадағы деген осы болар. Харчалдың еті төтті, құстың кейбірінің сан еті, кейбірінің төс еті төтті болады, ал Харчалдың етін бөліп-жаратыны, таңдайтыны жоқ – түгелдей төтті.

Чарз деген де құс бар, ол безгелдектен сәл кіші, Мекиенінің жотасы безгелдектің жотасындай, төсі – қара, мекиені бір түсті. Чарздың еті де дәмді; харчал сияқты дуадаққа ұқсас, чарздың безгелдекке ұқсастығы бар.

Үндістанның қаратөс құсы біздің қаратөстей, оның түсінде қара жолағы аздау, біздің қаратөстен гөрі даусы жіңішкелеу. Мұнда суда, құрғақта, өзен жағасында мекендейтін басқа да

құстар баршылық. Сондай құстың бірі – динг. Бұл үлкен де ірі құс, оның әрбір қанаты бір сажын. Дингтің басында, аяғында жүн өспейді, тамағында салбыраған дорбасы бар, жотасы – қара, төсі – ақ. Дингтің кей кездерде Кабулға ұшып келетіні бар. Бір жылы оны ұстап алып маған сыйға тартқан. Ол қолға үйреніп кетті, гер ет лақтырсаң, тұмсығымен қағып алады. Ол бірде бес бұдырлы тағаны жұтып қойды, енді бірде қанатымен, жүнімен бүтіндей тауықты да қылғытып тастады.

Осындай құстың бірі – сарас.* Үндістанның түріктері мұны тивагурна деп атайды. Бұл құс дингтен аздап кіші, мойны ұзын, басы – қызғылт. Сарасты аулада ұстайды, қолға тез үйренеді.

Манак* деген тағы бір құс бар, оның бойы сарастың бойындай, бірақ жіңішке. Манак құтанна әлдеқайда үлкен, бірақ оған ұқсас. Құтанға қарағанда тұмсығы ұзындау, әрі қара, басы ақшыл көк, мойны ақ, қанаты жолақ. Қанат қауырсындарының түбі, ұшы ақ, ортасы қара.

Үндістанда қу құтан да бар. Ақ мойнақ, өзге денесі түгелдей меңсіз қара. Ол біздің жерге де ұшып келеді, біздің құтаннан кішірек. Үндістанда мұны йакранг деп атайды. Онда айна қатесіз, құдды осы сияқты тағы бір құтан бар, бұл біздің жерге де ұшып келіп қайтып жүреді, бірақ оның тұмсығы қара, салмағы әлдеқайда жеңіл.

Көкқұтан мен бірқазанға ұқсайтын тағы бір құсы бар. Оның тұмсығы көкқұтанға қарағанда үлкен, әрі ұзын, денесі бірқазаннан кіші.

Тағы бір құсы – үлкен бұзақ. Оның үлкендігі лашындай, қанатының үсті ақ, даусы зор. Тағы бір құсы – ақ бұзақ, қара басты, қара тұмсықты. Ол біздің өлкеге ұшып келетін бұзақтан әлдеқайда ірі, бірақ Үндістан бұзағынан кіші.

Газ-пай* аталатын үйрек бар. Қарапайым үйректен үлкен, мекиені де, қоразы да бір түстес. Газ-пай Хашт-Нагарда жиі ұшырасады, ол кейде Ламғанатқа да ұшып келеді. Оның еті өте тәтті.

Шаһмурт аталатын тағы бір үйрек бар, бұл қаздан аздап кіші. Шаһмурттың тұмсығында жалбыршақ өскен, төсі ақ, жотасы – қара жолақ, еті дәмді.

Онда зумадж деген де құс бар, үлкендігі бүркіттей, түсі – қара.

Мұнда лашын да бар, оның жотасы, құйрығы қызыл.

Шұбар торғай да бар, біздің шұбар торғайдан кіші де жұқалтақ. Оның мойнына аздаған ақ жүні бар.

Қарға мен сауысқан тәрізді бір құс ұшырасады. Ламғанатта оны “орман құсы” атайды. Басы, төсі – ақ, қанаты мен

күйрығы – қызғылт, көзі – ашық қызыл. Нашар ұшатын болғандықтан, тоғайдан шықпайды, мұны сондықтан да “орман құсы” атайды.

Үндістанның құсының бірі – ірі жарқанат, мұны чамғалар атайды. Оның үлкендігі үкідей, басы күшіктің басына ұқсас. Мұндай жарғанат ағашқа қонақтағанда, түн баласы басын төмен қаратып, бұтаққа жармасып, салбырап тұрады. Бұл бір ғажайып көрініс.

Үндістанның сауысқаны деген бар, сол жерліктер мата деп атайды, ол біздің сауысқаннан аздап кішілеу. Біздің сауысқан қара ала, ал мата – сарғыш қара.

Үндістанда қаратамақ шымшықтың үлкендігіндей бір құс кездеседі, түсі өте әсем, қанаты сәл-пәл қаралау.

Тағы бір құс – карча, қарлығашқа ұқсас, бірақ одан әлдеқайда үлкендеу, түсі меңсіз қара.

Үлкендігі қарғадай қуил деген құс бар, бірақ қарғаға қарағанда жіптіктей. Қуил* тамаша сайрайды, бұл Үндістанның бұлбұлы аталады, Үндістан тұрғындары мұны бұлбұл сияқты ардақтайды, қалың ағашты бақтарда өседі.

Тоқылдақ тәріздес те құс бар, бұл ағашқа жармасып тұрады. Үлкендігі тоқылдақ сияқты, түсі тоты тәрізді.

Су жануарларының бірі – су арыстаны.* Ол бөгетті суды мекендейді, кесірткеге ұқсас. Жұрттың айтуынша, адамға, тіпті енекеге де шабуыл жасайтын көрінеді.

Тағы бір жануар – сипсар, дене бітіміне қарағанда кесіртке тәріздес. Сипсар Үндістанның барлық суларында тіршілік етеді, маған сапсардың бірін ұстап алып келгені бар. Оның ұзындығы төрт-бес қари екен, жуандығы қойдай, бірақ оның бұдан да ірісі ұшырасады. Сипсардың түмсығы жарты қаридан артық, үстінгі, астыңғы жағында да жіңішке әрі ұсақ тістері бар. Сипсар өзеннің жағасына шығып жатады.

Үндістанның тағы бір жануары – су шошқасы. Бұл да бүкіл Үндістан суын мекендейді. Су шошқасы судан басын қылт еткізеді де, басы бірде көрініп, бірде көрінбей барып суға батып кетеді, ал судан күйрығы көрініп жатады.

Сипсардың түмсығы сияқты су шошқасының да түмсығы ұзын, тісі де майда тізіген, басы, тұрқы да балық тәріздес. Су шошқасы суда ойнаған кезде мес сияқты. Сару өзенінде асыр салғанда судан шығып кете жаздайды. Су шошқасы балық сияқты ешқашан да судан шықпайды.

Тағы бір су жануары – гарриал. Бұл – ірі жануар. Жауынгерлерімнің көпшілігі-ақ оны Сару өзенінен көрді. Гарриал адамға шабуыл жасайды, біз Сару өзенінде болғанымызда ол бірер күнді ұстап қалды. Газипур мен банарас аралығында гарил үш-төрт адамды қостан алып кетті.

Мен гариалды алыстан көзім шалғаны бар, бірақ айқын көрінбеді.

Үндістанның су жыртқышының бірі — какқа* барлығы. Желбезегі тұсында ұзындығы үш елідей екі сүйек шығып тұрады. Оны ұстаған кезде ол осы сүйегін қимылдатады да, ғажайып дыбыс шығарады, бәлкім, мұны сондықтан да какқа деп атайтын шығар.

Үндістан балықтарының еті тәтті, иісі жоқ, сүйексіз. Бұл бір ғажайып епті балық. Бірде өзеннің екі жағынан да тор тастадық; екі жағынан да тор су бетінен бір қариден астам шығып тұрды, соған қарамастан балықтардың көпшілігі тордан бір қариден астам секірді.

Кейбір өзендерінде ұсақ балықтар да өседі; егер осы балықтар қатқыл дауысты, шуды естіп қалса, онда судан бір қари немесе бір жарым қари секіреді.

* * *

Үндістанда ғана ұшырасатын өсімдіктердің бірі — амби. Үндістанның тұрғындарының көпшілігі бұл сөздегі “ба” әрпін дауыссыз дыбыссыз айтады, бұл сөзді кейбіреулер тілін бұрап айта алмағандықтан, осы өсімдікті “нагзак” атап кеткен. Қожа Хұсрау* былай дейді:

Нагзак — көркі болған біздің бақтың,

Таңғажайып жемісі Үндістанның.

Амбидың* жемісінің дәмі жақсы оны жұрт сүйсініп жейді, бірақ тандауға келмейді, жақсысы аз кездеседі. Оны көбіне пісуін жеткізбей үзіп алады, жерде жатып піседі. Шикі амби тамақты түшпалауға жақсы, шикі амбидің қайнатқан шырыны өте дәмді. Бұл — Үндістанның жемісі. Амбидің ағашы тым зәулім. Кейбір адамдар қауыннан өзге жемістің бәрінен амби артық деп аузынан суы құрып, өзеуреп мақтайды, бірақ мұның соншалық мақтайтындай артықшылығы жоқ. Амби шабдалдың карди түрі сияқты, жауынды кезде піседі. Бұл жемісті екі тәсілмен жейді, мыжып, қысып, қабығын алып шырынын ағызып ішеді, немесе қари шабдалысы сияқты қабығын аршып жейді. Амбидің жапырағы шабдалдың жапырағына ұқсас, діңі сымбатты емес, бұжыр. Бенгал мен Гуджератта амби жақсы өседі дейді.

Үндістанның тағы бір жемісі — кила, арабтар оны мауз деп атайды. Киланың ағашы онша биік емес, оны ағаш деп айтуға да болмайды, бұл ағаш пен бұтаның аралығындағы нәрсе. Оның жапырақтары аман-қараның жапырағына ұқсас, бірақ киланың жапырағы екі қари, ал ені бір қариге жуық. Жапырақтың ортасында жүрекше талшық тұрады, киланың

түйіні де осы талшыққа шығады. Осы үлкен түйін қойдың жүрегіндей болады. Оның қауызы ашылғанда, әрбір жапырағының түбірінен алты-жеті гүл шоғы байқалады, осы гүл шоғы килаға айналады. Әлгі жүрекке ұқсас түйнек ұзарған сайын үлкен шоқтығы қауашақ ашылып, киланың бірнеше гүлі пайда болады. Кила ағашы бір-ақ рет жеміс береді.

Киланың екі жақсы қасиеті бар: біріншіден, қабығы тез аршылады, екіншіден, сүйегі, тарамысы жоқ. Кила баклажаннан аздап ұзындау, әрі жінішке, өте тәтті, бірақ бенгалдың киласы өте тәтті, бұл жалпақ жасыл жапырақты, ұнасымды түсті, көркем өсімдік. Бенгал киласының түсі де әдемі.

Үндістанның тағы бір ағашы – амли,* үндінің құрмасы да осылай аталады. Амлидің жапырағы ұсақ, буидың жапырағы тәрізді. Бұл өте көркем, көлеңкесі саялы ағаш. Амли ағашы өте биік, мәуелеп өседі, оның жабайы түрі болмайды.

Тағы бір ағашы – махува, немесе гүлчихан деп те аталады. Махува ағашы да зәулім, Үндістанның үйлерінің көпшілігі осы ағаштан салынған. Оның гүлінен арақ шығарады. Гүлін жүзім сияқты кептіріп жейді, содан арақ та жасайды, қысқасы жүзім тәрізді, бірақ дәмі жағымсыз. Оның гүлін кеппеген кезде жеуге болады.

Махуваның жабайы түрі де бар, жабайы махуваның жемісі дәмсіз. Сүйегі үлкендеу, қабығы жұқа, сүйегінің ішіндегі дәнінен май қайнатады.

Үндістанның енді бір ағашы кирни аталады. Бұл биік те ағаш емес, аласа да емес, жемісінің түсі сары, үзбе жемістен кішілеу, жалпы алғанда жүзімге ұқсас. Кирниді жегеннен кейін ауызда қышқылтым дәм қалады, бұл жаман жеміс емес, жеуге жарамды, сүйегінің сыртындағы қабығы жұмсақ.

Тағы бір ағаштың атауы – жан. Оның жапырағы талдың жапырағына ұқсас, бірақ дөңгелектеу, жасылдау. Сымбатты өсімдік, жемісі қара жүзім тәрізді, дәмі тым қышқылтым, онша жақсы емес.

Қамрақ деген де ағаш бар, жемісі бес қырлы, үлкендігі қара өріктей, ұзындығы төрт елідей. Піскен жемісі сары, сүйегі жоқ. Қамрақты піспеген кезде жұлсаң, өте қышқыл, бірақ піскен кезде қышқылтым тәтті болады. Қысқасы, дәмі жаман емес, жеуге болатын жеміс.

Үндістанда кадхил жемісі бар. Бұл ұсқынсыз, дәмсіз жеміс. Сырт көрінісі қойдың қаппаршақ қарны тәріздес. Дәмі жүрек айнытатын жылымшы, дәнінің ішінде жаңғақ сияқты бірдеме бар, қысқасы, құрма тектес, бірақ ұзыншақ емес, дөңгелек. Бұл сүйектің сыртында құрма сияқты жұмсақ ет бар, ол жеуге жарамды.

Кадхилдың жемісі өте жабысқақ, солай болғандықтан кейбір адамдар оны жеудің алдында қолын, аузын майлайтын көрінеді. Бұл жеміс ағаштың бұтағында, оның діңінде, тіпті тамырында да өседі екен. Ағаштың өн бойына қойдың қарнын іліп қойған тәрізді.

Үндістанның тағы бір жемісі – бадхал,* оның үлкендігі алмадай, иісі хош. Шикі күйінде өте қышқыл, әрі дәмсіз жеміс, ал піскен кезінде жаман емес. Піскен бадхал жұмсақ, оны саусақпен бөліп жей беруге болады. Оның дәмді қатты, пісіп кеткен айва тәрізді, қышқылтым, едәуір дәмді.

Үндістанда бір деген жеміс те өседі, бұл парсыша қанар аталады. Бирдың бірнеше түрі бар. Оның бір түрі алшадан сәл үлкендеу, тағы бірі – құсайын жүзімі тәрізді. Бұл жеміс көбінесе өте дәмді болмайды, бірақ Бандирде де көрген біріміз өте тәтті болып шықты. Лүн Бұзау мен Егіз шоқжұлдызының арасына барғанда бір ағашының жапырағы түседі, ал күн Шаян мен Арыстан шоқжұлдызының тұсына барғанда, яғни жауынды айда жапырақ шашып, жасыл желекке айналады. Оның жемісі күн сушы мен Балық шоқжұлдызының тұсынан өткенде піседі.

Үндістанның тағы бір жемісі – карунда. Карунда ағашы біздің жердегі жика сияқты күмбезденіп өседі, бірақ жика – тауда, бұл жазықта өседі. Карунданың дәмі мирминджанға ұқсас, бірақ мирминджаннан тәтті, әрі одан шырынды емес.

Паниала деген жеміс те бар, жемісі алшадан үлкен, піспеген қызыл алмаға ұқсайды. Дәмі қышқыл, жеуге сүйкімді, Паниала анар ағашынан биік, жапырағы бадамның жапырағына ұқсас.

Онда гулар* деген де ағаш өседі. Оның жемісі діңінде өседі, бұл інжірге ұқсас. Гулардың жемісі ауызға алғысыз, дәмсіз.

Тағы бір жеміс ағашы – амла. Ол да бес қырлы, мақта гүл шоғына ұқсайды. Ауыз қуыратын, дәмсіз жеміс, қайнатса жаман емес көрінеді, өте пайдалы. Амла ағашы сырт қараған адамға өте сымбатты, жапырағы тым ұсақ.

Тағы бір ағаш – чирунджи. Тауда өсетін ағаш десетін, кейін байқасам, біздің бақшады да үш-төрт түп чирунджи ағашы бар екен. Чирунджидің жемісі махуваның жемісіне ұқсас. Оның дәні жаман емес, үлкендігі жаңғақ пен бадам дәнінің орта мөлшеріндей, фисташкидің дәнінен сәл кіші. Чирунджидің дәні дөңгелек. Оны әр түрлі тағам қатырғанда немесе тәтті пісіргенде қосады.

Құрма да өседі. Құрма Үндістаннан басқа жерде де өседі, бірақ біздің жерде өспейтінін айтып кеткенмін. Құрма ағашы Ламганда да бар. Оның бұтағы төбесінде ғана, бір жерде өседі, жапырақтары, бұтағы түбіне дейін екі жағын бірдей жабады,

діні түзу емес, түсі де сұрықсыз. Жемісі жүзім сияқты шоғырланып шығады, бірақ жүзім сабағынан әлдеқайда үлкен.

Құрма ағашы өсімдіктердің ішінде екі жағдайда жануарларға ұқсас деседі. Біріншіден, егер жануардың басын шауып тастаса, оның өмірі сонымен үзіледі, егер құрманың ұшын шауып тастаса ол да құрап қалады екен. Екіншіден, жануардың еркегінсіз ұрпақтанбайтыны сияқты, құрма ағашын да егер оның қасына аталық жынысты құрма ағашының шыбығын қоса екпесе жақсы жеміс бермейтін көрінеді. Расында да солай ма, жоқ па белгісіз.

Әлгінде ескерткен құрма ағашының уызы бар. Құрманың уызы дегеніміз – құрма пальмасының шыбығы мен жапырағы бүршік ататын жерден шығатын кәдімгі қатырма уыз сияқты ақ зат. Шыбық пен жапырақ қаншама мол шыққан сайын жапырақ жасыл тарта береді. Ақ зат “құрма уыз” аталады, жаман емес, тамаша зат. Бұл жаңғақтың дәніне өте ұқсас. Осы уыз пайда болатын жерді тіліп қояды да, құрма пальмасының жапырағын сұйық зат ағатындай етіп жапсырады. Жапырақ құмыраның аузына тосылады, құмыра ағашқа байланады. Сонымен әлгі тіліктен ағатын уыз құмыраға құйылады. Егер бұл затты бірден ішсеңіз тәттілеу, егер үш-төрт күннен кейін ішсеңіз, ептеп масайтады деп айтады. Бариды аралап жүргенімде Чамбал өзенінің жағасындағы қыстаққа бардым. Жол бойындағы жазықтан осындай құрма ағашының уызын алып жатқан адамдарды кездестірдім. Сол уыздан біраз іштім, бірақ мас болғаным жоқ, бәлкім, аздап қызу үшін өте көп ішу керек шығар.

Үндістанда наргил деген бар. Арабтар өз сөзінің мәнеріне салып, “нарджил”, ал Үндістанның тұрғындары “налир” деп атайды, бәлкім, осылай қате айтылып ел арасына тарап кеткен болар. Наргилдің жемісі – үнді жаңғағы, бұдан қара қасық жасайды, үлкен жаңғақтан гиджак тостағаны жасалады. Наргилдің ағашы – айна қатесіз құрма ағашы, бірақ наргилдің шыбықтарында жапырақ мол, әрі жапырағының түсі ашық. Орман жаңғығының сыртында жасыл қауашағы болады, наргилда да жасыл қауашақ бар, бірақ наргилдің қауашағы талшықтан құралған. Теңіз құралдары, қайық құралдары, саймандары осы наргилдің қабығынан жасалады, қайықтың саңылаулары да осындай жіптермен көмкеріледі.

Егер наргилдің қабығын алса, жаңғақтың бір шетінен үш бұрыш тәрізді үш ойық көрінеді. Оның екеуі қатқыл да, бірі – жұмсақ, оны сәл-пәл басып тесуге болады. Дән пайда болғанға дейін жаңғақтың ішінде шырын толы болады, сол ойықты тесіп шырынын ішеді. Оның дәмі жаман емес, құрма уызына су қосып қойғандай.

Үндістанның тағы бір ағашы тар* аталады. Тардың бұтағы да ағаштың басында өседі, құрманың ағашы сияқты тарға да құмыра байлап, шырынын ағызып алады да ішеді. Бұл шырын тари деп аталады. Бұл құрма ағашының шырынына қарағанда қатты мас етеді дейді. Тардың түбірінен басына қарай бір немесе бір жарым қари жерінде жапырақ бірден шығады, бұл жапырақтардың ұзындығы бір қариге жуық; үндістандықтар хатты көбінесе осы жапырақтарға жазады. Үндістанның тұрғындары құлағына өткізетін сырға болмағанда, тар жапырағын қыстырып қоятын болған. Құлаққа тағатын мұндай жапырақтар әдейі жасалып базарда сатылады. Тардың діні сымбатты, құрма ағаштың дінінен түзу.

Үндістанда апельсин және оған ұқсас жемістер көп. Апельсин Ламғанатта, Бажаур мен Савада мол, әрі өте дәмді. Ламғанаттың апельсині кішкентай, әрі кіндікті, бұл сүйкімді әрі тәтті, шырынды жеміс. Мұның Хорасан аймағында өсетін апельсинмен ешқандай ұқсастығы жоқ. Бұл апельсиндер дәмді болғандықтан, Ламғанаттан он үш-он төрт йиғаш жердегі Кабулға тасиды, біразы шіріп те жатады. Астрабада апельсиннің үлкендігі айвадай. Оның шырыны мол, өзге апельсинге қарағанда мықтырақ. Кожа-и Қаланың: “бажаурда бір апельсин ағашының жемісін жинап, санағанымызда жеті мың тал болды” дегені бар еді.

Наранд (апельсин) сөзі әманда араб сөзі сияқты естілуші еді, шынында солай болуы мүмкін, себебі бүкіл Бажаур мен Саваданың халқы наранджды наранг деп атайды.

Осы тәріздес тағы бір жеміс — лимон. Бұл Үндістанда өте көп. Оның үлкендігі тауық жұмыртқасындай, сопақтығы да сондай. Егер уланып қалған адам лимонның тамырын қайнатып ішсе, уытын қайыратын көрінеді.

Апельсинге ұқсайтын тағы бір жеміс — цитрон. Бажаур мен Саваданың тұрғындары мұны баланг деп атайды, өйткені цитронды бажаури деп атайды.

Цитронның екі түрі бар. Оның бірінің тәттілігі соншалық, жүрек айнытады, дәмді емес, әрі тамаққа пайдалануға жарамсыз; қабығы мұраппа қайнатуға жарауы мүмкін. Ламғанат цитроны да дәл осындай асқа тәбітіңді келтірмей, жүрек айнытатындай тәтті. Бажаур цитрондары мен Үндістан цитрондары қышқылтым, қышқылдығы жағымды, одан жасаған сусын да дәмді. Цитронның үлкендігі хұсрауи қауынындай. Оның қабығы жылтыр емес, бұжыр мұк жидек тәрізді, ұшы сүйірлеу. Цитронның түсі апельсиннен сарғыштау. Цитрон ағашы — нағыз дінді ағаш емес — бөкене, бұтақталып өседі, апельсиннің ағашына қарағанда жапырағы ірілеу.

Апельсинге ұқсайтын тағы бір жеміс — сангтарда. Түсі мен пішіні апельсин сияқты, бірақ қабығы ғана жылтыр, бұжыры жоқ. Көлемі апельсиннен ештеп кішілеу. Сангтара* ағашы — биік, өріктің ағашына жетеғабыл, жапырағы апельсиннің жапырағына ұқсас, жемісі — қышқылтым, шырыны тәтті, дәмі жақсы. Сангтара лимон сияқты асқазанды ширатады, апельсин сияқты босатпайды.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс — үлкен лимон. Үндістанда мұны галгал-лиму* атайды. Оның пішіні қаздың жұмыртқасына ұқсас, бірақ екі ұшы да сүйір. Галгалдың қабығы сангтара тәрізді жылтыр. Ол өте шырынды жеміс.

Жанбири де апельсинге ұқсайды, пішіні апельсиннен аумайды, бірақ түрі сарғыш, ашық сары емес. Жанбиридың иісі апельсиннің иісіне ұқсайды, оның дәмі де жағымды, қышқылтым.

Апельсинге сандафал да ұқсас. Оның тұрпаты алмұрт тәрізді, ал түсі айва сияқты. Сандафал тәтті, бірақ нарандж сияқты жүрек айнытарлықтай емес.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс — амридфал;* апельсинге карна да ұқсас. Карнаның тұрқы галгалдай, ол да қышқыл.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс — амалбид,* Үндістанда үш жыл тұрғанымда, көзіме енді ғана түсіп отыр. Егер амалбидке ине сұғып қойсаң еріп кетеді деседі, бұл қышқылға байланысты ма, әлде амалбидтың басқа да қасиеті бар ма екен? Қышқылтымдығы жағынан лимонға немесе апельсинге ұқсайды.

Үндістанда тамаша гүлдер өседі. Сондай гүлдің бір түрі — жасун, кейбір үндістандықтар мұны гархал (карқал) деп те атайды. Жасун шөп емес, оның сабағы ұзын, роза сабағынан сәл биіктеу. Жасунның гүлі анардың түсінен ашық, үлкендігі қызыл райхандай, бірақ қызыл райхан бір қауыздан бір гүл жарады, ал жасун бүр ашқанда, оның қауашағының ортасынан жіңішке сабақ сияқты, ұзындығы саусақтай талшық шығады, содан жасунның жапырақтары бүршік атады. Қысқасы бір бүршік екі гүл ашады, бұл қызық құбылыс. Топталып өсіп тұрғанында жасунның түсі де, түрі де әсем көрінеді, бірақ ұзаққа шыдамайды, бір күнде солып қалады. Төрт айлық жаңбыр кезінде жасун көп рет гүл шашады, сонда ерекше көркем көрінеді. Жасун жыл бойына ең ұзақ гүлдейтін гүл, бірақ осыншама көп гүлдегенмен иісі болмайды.

Үндістанның тағы бір гүлі — канир. Канир ақ та, қызыл да болады, шабал гүлі сияқты пішінінен бес жапырақ өнеді. Қызыл канир шабалдың гүліне ұқсастау, бірақ канирдің гүлі бір жерден он төрт немесе он бес бүршік атады, алыстан қарағанда үлкен шок гүл сияқты. Канирдің гүл шоғы райхан

гүл шоғынан үлкен; қызыл канирдің иісі әжептәуір, бұл бір жағымды гүл. Канир жауынды күндерде көп гүл шашады, әрі әсем, оны жылдың әр мезгілінде ұшырастыруға болды.

Үндістанда киюра* да гүлдейді. Мұның иісі өте жағымды. Мускустың кемшілігі ол құрғақ, ал киюраны дымқыл мускус деп те атауға болады. Киюраның бітімі ерекше, оның гүлінің ұзындығы бір жарым, екі қарыстай, жапырағы ұзын, гарудың жапырағы тәріздес, тікенекті, ішкі жапырағы жұмсақ, әрі ақ. Ішкі жапырақтың арасында гүлдің кіндігі сияқты зат бар, содан жұпар иіс шығып тұрады. Жаңа ғана жерден қылтиып шыққан, әлі дің пайда болмаған өсімдік балғын қамыс шыбығына ұқсас келеді. Оның жапырағы жатыңқы, тікенекті, діңі сымбатты емес, тамыры көрініп жатады.

Тағы бір гүлі — жасмин, ақ гүл, бұл чамбали деп те аталады. Бұл жасминнен біздің жасминнен айырмашылығы үлкен әрі иісі күштірек.

Бізде жылдың төрт мезгілі болса, Үндістанда үш мезгіл. Онда: төрт ай — жаз, төрт ай — жаңбыр, төрт ай — қыс, әр айдың басында жаңа ай туысымен жаңбыр басталады. Әрбір үш жылда жаңбырлы айға бір ай қосып отырады, тағы үш жылдан кейін қысқы айларға бір ай, тағы үш жылдан кейін жаздық айға бір ай қосылады. Осы жылдарды кібісе жыл деп атайды. Чант, Байсах, Жет, Асарх — жаз айлары, бұлар Балық, Тоқты, Торпақ, Егіздерге (Босаға) сай; Саван, Бхадун, Ковар және Катик — жаңбырлы айлар, бұлар: Шаян. Арыстан, Бикеш Мизамға сай, Аган, Пус, Маг, Фалыгун — қыс айлары, бұлар Шаян, Атқыш, Ешкімүйіз және Сушыға сай. Үндістанның тұрғындары жыл мезгілін төрт айға бөлгенде, жылдың әр мерзімінде қатты ыстық, жаңбыр немесе суық екі-ақ ай болады деп есептейді. Жаздың екі айы — Жет пен Асарды ыстық қатты болатын айы, ал жауынды мезгілдің алғашқы екі айы — Саван мен бхадунды нөсер жаңбырлы айы, қыстың ортаңғы екі айы — Пус пен Маг қатты суық кезені деп санайды. Осындай есепке қарағанда олар жылды алты мезгілге бөледі.

Аптаның әр күніне де Үндістанда ат берілген: сенбі — саничар, жексенбі — рабибар, дүйсенбі — сумвар, сейсенбі — мангалвар, сәрсенбі — будвар, бейсенбі — брихаспатвар, жұма — шукрвар.

Біздің жерімізде тәулікті жиырма төрт сағатқа бөліп, оның әрқайсысын сағат дейміз де, әрбір сағат алпысқа бөлінеді де, ол бөлік минут аталады, сөйтіп, бір тәулікте төрт жүз қырық минут болып шығады. Бір минуттың ішінде шамамен фатиханы бісмілләсімен алты рет айтып шығасың, сонымен тәулігіне фатиханы бісмілләсімен сегіз мың алты жүз қырық

рет қайталайсың. Үндістандықтарда тәулікті алпысқа бөледі, оның әрқайсысын гари деп атайды. Оның үстіне жарық күн төртке бөлінеді, түн де төртке бөлінеді, оның әрқайсысы пахар аталады, бұл парсыша – пас. Өзіміздің жерде де пас, пасбан деген сөзді естігенмін, бірақ мұндай мәнде айтылмайды.

Үндістанның белгілі қалаларының бәрінде де сағат қоңырауын қағып тұратын арнаулы адамдар болады, бұлар гариали аталады. Оларда қалыңдығы екі елі үлкен тегенедей мыс ыдыс болады; осы мыс зат та гариал аталады, оны биік жерге іліп қояды. Оларда біздің кесеге ұқсас сағатты белгілейтін, түбі тесік тағы бір болады. Бұл ыдыс бір гари болғанда суға толуы керек. Гариалилар ыдысты кезегімен суға қоя береді де, ол толғанша күтіп тұрады. Мәселен, таңның атысымен бір ыдысты суға салады, ыдыс суға толған кезде гариали балғасымен гариалды бір соғып қояды, екінші рет толғанда екі рет соғады, әрі қарай осылайша жалғасып толық пахар өткенше соғылады. Пахардың біткенінің белгісі ретінде гариали балғасымен гариалды жиі-жиі соққылайды, егер жарық күннің бірінші пахары аяқталса, онда бірнеше рет жиі ұрғаннан кейін үзіліс жасайды да, тағы бір рет соғады, егер екінші пахар бітсе, онда жедел ұрыстан кейін екі рет, үшіншісінде – үш рет, төртіншісінде төрт рет соғады. Күндізгі төрт пахар өткеннен кейін, түнгі пахар басталады. Бұрын гариалдар әрбір пахар біткеннен соң пахардың мерзімін күндіз де, түнде де қағатын. Егер адамдар түнде оянып кетіп үш немесе төрт гаридің соққанын естісе, олар мұның екінші немесе үшінші гари екенін білмей жататын. Сондықтан түнгі мезгілде, күн бұлтты кезде гари соғылғаннан кейін пахардың белгісін соғуға жарлық бердім. Мысалы, түнгі алғашқы пахардың үш гариін соққаннан кейін үзіліс жасайды да, бұл үш гари бірінші пахардың белгісі екенін білдіру үшін бір рет соғады, ал үшінші түнгі пахардың төрт гариін соққаннан кейін үзіліс жасалады да, үшінші пахардың белгісін білдіріп, тағы да үш рет соғады, сөйтіп, бұл төрт гари үшінші пахардікі екені белгілі болды. Бұл ұғымды жағдай болды: түнде оянып кетіп, гариалдың қоңырауын естіп қай пахардан қанша гари өткенін анықтаймыз.

Өз мәнісіне гари алпыс бөліктен тұрады, оның әрқайсысын пал деп атайды, бір тәулікте үш мың алты жүз пал болады. Әр палда көзді алпыс рет ашып-жұмасыз. Сөйтіп, бір тәулікте көзді екі жүз он алты мың рет ашып-жұмасыз. Мен бір тәжірибе жасап көргенімде, бір палдың ішінде шамамен сегіз рет: “Құл, хуа-ал-Лахуды” бісмілләсімен айтады екенсіз, сонда бір тәулікте “Құл, хуа-ал-Лахуды” бісмілләсімен жиырма сегіз мың сегіз жүз рет қайталайды екенсіз.

Үндістанның тұрғындары салмақ өлшемін де жақсы мөлшерлейді. Сегіз рати бір машаға тең, төрт маша бір тангіні кұрайды, яғни отыз екі рати. Бес маша – бір мысқалмен тең, яғни қырық рати, он екі маша бір тулаға тең, яғни тоқсан алты рати. Он төрт тула бір сарды кұрайды, ал қырық сар, белгіленген тәртіп бойынша, барлық жерде де бір манбанға тең. Он екі манбан – бір мани, жүз маниды минаса деп атайды. Қымбат тастар мен гауһар тас тангомен өлшенеді.

Үндістанда санды өте ұтымды белгілеген. Жүз мынды лак деп атайды, жүз лак – крур, жүз крур, – арб, жүз арб – карб, жүз карб – нил, жүз нил – падам, жүз падам – санг. Мұндай үлкен сандардың болуы Үндістанның байлығын көрсетеді.

Тұрғындарының көпшілігі мәжүсилер, пұтқа, табынушылар, үндістандықтарды пұтқа табынушы хиндулар деп атайды. Біздің елімізде далалық жердегі көшпенділер ғана өздерін тайпаларының атымен атайды, ал онда аймақтың отырықшы халқы да, қыстақ тұрғындары да тайпаларының атымен аталады. Әр түрлі қолөнершілер атадан балаға ізбасар болады.

Үндістан – жағымсыздау жер. Халқы сымбатсыз, сый-күрмет, қарым-қатынас жасаудан хабарсыз. Асқан дарындылық, зеректілік, әдептілік, дарқандылық жоқ. Олардың кәсібінде, ісінде тәртіп те, жоспар да жоқ, өлшем жіп, бұрыштама деген оларға белгісіз заттар. Үндістанда жақсы су да, жақсы ет те, жүзім де, қауын да, жемістің жақсы түрлері де, мұз да, салқын су да, базарында жақсы, дәмді тағам да, жақсы нан да жоқ. Монша мен медресе де, шырақ та, шырағдан да жоқ.

Шырағдан мен шырақты көтеріп жүретін қара қожалақ адамдар давати аталады. Оның сол қолында үш сирақты кішкентай шырағданы бар, соның ағаш аяғының ұшына шырағданның басы сияқты темір орнатылған, сол темірлі сираққа бас бармақтай жуан білте байлап қояды. Ал дивати оң қоланы май кұйылған шүмекті асқабақ ұстап жүреді де, білтенің майы таусыла бергенде оған әлгі қауақтан май тамызып қояды. Шырағдан мен шырақсыз-ақ осындай майлы білтемен де май шам жасай береді. Егер патша мен бектер түнде тысқа шыға қалғандай жағдай болса, әлгі қара қожалақ диватилер май шамымен солардың қасында тұрады.

Үндістандықтарда өзеннен, сай-сала, арықпен ағатын судан өзге ағынды су болмайды, олардың бақшаларында да, үйлерінде де ағынды су жоқ. Тұрғын үйлерінің ауасы да тар, сән-салтанат, жарасамдылық деген атымен жоқ. Олардың шаруалары, қара халқы лангут аталатын шүберекпен кіндіктен төменгі екі қарыстай жерін жауып, анадан туғандай тыр жалаңаш жүреді. Оның үстінен екі санының арасын жалғас-

тырып тағы бір шүберек тартып, оны әлгі лангуттың белден байланған түйніне жалғайды. Әйелдер де ұзын ланг байлайды; оның жартысымен белін орап, жартысымен басын жабады.

*Қазақ тіліне аударған
Байұзақ Қожабекұлы*

МАҚТҰМҚҰЛЫ ФРАГИ

(1730–1780)

*Түркімен халқының классикалық
әдебиетінің негізін қалаушы*

Өлеңдер

Жоқшылықта талайлардың көргені,
Жатып көрген жақсы түске тең емес.
Қасіретпен тапқан тәтті қорегі
Рахатпен тіске тиген ол емес.

Сұрар болсаң, көңіл тояр сөздер бар,
Жарлыда да нелер жарқын жүздер бар.
Жауыны жоқ нелер қуаң жаздар бар –
Жақсылылықпен өткен қысқа тең емес.

Ақылды бар, алдын байқап көшетін,
Жай сұрасаң, жайын болжап шешетін,
Ақымақтар бар жел-құйын боп есетін,
Ағып жатқан қара судан кем емес.

Аңдамасқа айтайын деп, ақыл сөз,
Пайғамбардың хадисіне қылсаң кез,
Қонбаған соң көкейіне құйсаң сөз,
Айтқаныңды әрі сенің елемес.

Ренжітсе ұл анасы мен атасын,
Тәубе қылмай, тәңірім кешпес хатасын.
Жөйі кетер, миы қатар шатасып,
Өз ақылы өз басына тең емес.

Талайлар бар, мал таба алмас, кеш қалар,
Талайлар бар, дүниелікке дес қояр.
Талайлар бар, жігіттікте пәс болар,
Талайлар бар, өміріне тең емес.

Мақтымқұлы, ішің толы намазға,
Көңіл баяу, жаңылысың жөне аз ба?
Адамдар бар, бас идірсең мыңқ етпес,
Адамдар бар, жеген асын төлемес.

Ат керек

Аттаныста жігітке
Арындаған ат керек.
Досқа деген құрметке
Жақсы махаббат керек.

Ерлік керек төзбекке,
Жүйрік керек озбаққа.
Жомарт жігіт болмаққа
Ашық көңіл зат керек.

Ойындағы құр қиял –
Мақсат емес жиған мал:
Еңбегіне бол адал,
Ғылым табар шақ керек.

Әділ жүріп, қызмет қыл,
Пайғамбардың жолын біл,
Сұрағанға жәрдем қыл,
Дәулетке сол шарт керек.

Мақтымқұлы, бір кедей,
Сүйенгені бір күдай,
Мейлі кедей, мейлі бай
Тілектерін тап, демек!

Дегейсін

Бұл дүниеден қаға беріс қалсаң бос,
Қайтсем-дағы сырын білем дегейсің.
Қытай, Рүм, Үнді менен набашта
Бар өнердің тілін білем дегейсің.

Аш қалсаң да ешкімнен ас тілеме,
Ақыл-ойың арандатпас пәлеге.
Шөлде қалсаң, уайымдап, жүдеме,
Өзіңді-өзің Иранбақта дегейсің.

Ашты көрсен, аулақ қашпа асығып,
Аш отырсаң, ішіңе бүк, жасырып,
Топанға жүз Нұқша, ерінбей құлаш үр —
Жас өлсең де, мың жасадым дегейсің.

Мұқтажыңды хақтан өзге білмеген,
О да тірлік аштан арып өлмесең.
Үндіше егін екпесең де елде сен,
Өз көңіліңді патшаға тең дегейсің.

Суға, желге үкім еткен Сүлеймен,
Ойлашы, одан атақ қалды не деген?
Шөлде кеуіп жүрсе-дағы кенең,
Теніздегі Ескендірмін дегейсің.

Құмырсақадан өнер үйрен, бірге жүр,
Шімірікпе, жыланмен бір інге кір,
Жиырма алты рет шақыр, келсін жүз мың құл,
Қарынбайдың барын алам дегейсің.

Мақтымқұлы, не көрсен де сабыр ет,
Жаратқанның бұйырғанын қабыл ет,
Қылдай жанға қызыл тәнді қабыр ет,
Шебер тілім сен өлме тек дегейсің?

Сен

Кел, көңілім, бір насихат айтайын:
Уәдені жолға тастап кетпе сен.
Өр көкірек өзімшілді бір дәйім,
Сыйлайды деп оған қызмет етпе сен.

Еңбек етсең арта бермек мәртебең,
Аймағыңда асатын жан жоқ сенен.
Айналаңа келсе аш-арық көптеген,
Жаутаңдатып тағы тастап кетпе сен.

Жақсылардан жұртқа келмес жамандық,
Заты жаман кетер күнді қараң ғып.
Нәсілінен жүйріктік пен шабандық,
Шын жүйрікті шабан малға сатпа сен.

Шақырмаған жерге барар болса шақ,
Ықтият бол, өзіңе-өзің қара сақ.

Қабыл алсаң тағы айтайын насихат:
Кісі асының тұзын бұрын татпа сен.

Шақырғанға тезірек бар, бөгелме,
Шақырмаса, үйіңде отыр, көрінбе!
Сүйретілген сүйкімсізге теңелме,
Білмес істен бойыңды аулақ сақта сен.

Кішіпейіл болсаң, момын, мүләйім,
Аянбайын, қызметінді қылайын.
Айтқаныңды көкірегіме құяйын,
Өзге жанға қатты бір сөз айтпа сен.

Көктен жауын жаумаса, жер көгермес,
Жылағаннан қайғы-мұның түгелмес.
Ер жігіттер сыртқа сырын сездірмес.
Ез жігіттей елбелеңдеп саспа сен.

Ердің ұлы елге жаяр дастарқан,
Әділ сөзге, ақиқатқа, қияр жан.
Өмірінде, тұрмысында жоқ жалған,
Сен де сол бол, жеңілтек сөз айтпа сен.

Сезгіш жүрек сезімнен еш бос болмас,
Көп қасірет көрген адам хош болмас,
Бір-біріне екі жақсы түс болмас,
Жақсылардың жаманға арын сатпа сен.

Тәуекел бір – шаршамайтын желмая,
Тәуекелсіз кетеді өмір құр зая.
Тәуекелді, тәңіріні қыл сая,
Күндіз-түні соны ғана жатта сен.

Ескендірдей әлем жүзін алсаң да,
Қарынбайдай қазынаны жисаң да,
Ақырында қалмағың шын бір шаңда,
Менмендіктен бойыңды аулақ сақта сен.

Дейді: ит қабар тоны жаман адамды,
Құдай табар пейлі жаман саранды,
Ақырында өшіресің қаранды...
Қаранғы үнгір – қараулыққа баспа сен.

Ақылдылар жас күнінен бас болар,
Ақылсыздар қартайса да жас болар,
Рақымсыз адам ылғи тас болар,
Қайта кірер қатты есікті жаппа сен.

Ер баласы көре-көре ер болар,
Ез баласы келе-келе қор болар.
Біреулер жүр тон таппай,
Біреу жібек шәл көздер.

Ойлап тұрсаң дүниені:
Біреу тірі, бірі өлі,
Палдандырып пәндені,
Әр нәрсеге бір көзер.
Үміт – алыс, өмір – аз,
Аз ғана күш шықса жаз,
Көкте қанат жайған қаз
О да жайқын көл көздер.

Мақтымқұлы, ойланып,
Көзіне ыстық жас алып,
Қам көңілі толғанып,
Неше қилы ой көздер.

Айрылса

Қара тастан жаратылған бұл таулар
Топырақ болар қара тастан айрылса,
Қар сел болып ағыл-тегіл, нұр саулар,
Қаһары мол қаңтар қыстан айрылса.

Дүние бір толымы жоқ тегене,
Көзді құртар көз жасы емей, немене,
Кәміл пірлер құран айтпай, келе ме,
Ер не болар ар-намыстан айрылса?

Зор диірмен, дүние бір дөңгелек,
Мұсылманға рақым керек, жөн керек
Лашын құстар көкке шығар өрмелеп,
Ол не болар көк ғарыштан айрылса?

Опасыз жан елі-жұртын сыйламас,
Бәрі бір дер қалса-дағы қайда бас,
Адам ұлы өлемін деп ойламас,
Жүрек жанып, қарындастан айрылса.

Ез пенденің ешбір ісі қуантпас,
Өзі жылап, ол өзгені жұбатпас.
Достық қылып, жаны ашып түк айтпас,
Көрер құрмет, ішер астан айрылса.

Жұрт ішінде алуан мінез адам бар,
Бағын тайса, ас татырмас сараң бар.
Мал жиям деп, дос жимаған надандар
Күрт жығылар жалғыз достан айрылса.

Ез адамның сірә да еркі болар ма,
Еріксіз жан серт байласып оңар ма,
Гүл жайнаған жардан көрік қалар ма,
Қара көз бен сүмбіл шаштан айрылса.

Ер шығады ұзақ жолға бел байлап,
Нысапсыздар тоймас, сірә, ел жайлап,
Мақтымқұлы өлең айтпас айқайлап,
Шын шабыттан, көңіл хоштан айрылса.

Аударған Ғали Орманов.

ХАНГЕЛДІ ҚАРАБАЕВ

Түркімен жазушысы

Дала аңызы

— Ал, іш, достым, ұялма. Неден ұяласың? Біз сіздің түрікпенмен бауырлас туыс боламыз.

Осы сөзді айтып отырған кісінің қонысына біз күн бата жетіп едік. Жолыққан бетте оны біз томырықтау адам ба деп қалдық. Шешектің дағы бұзған бұжыр беті, теке сақал кескіні тіпті суық көрінді. Шегірткенің түгіндей шегір көзі ту сыртыңнан тесіп өткендей еді. Біздің сәлемімізді әрең алды.

Бірақ кісі баласы сөйлескенше дегендей, таныса келе ашылып әңгілесе бастады. Кесенің түбіндегі шайын сарқып ұрттады да, дорбасынан бір пашке шай алды. Көк тамыры адырайған шидей саусағының ұшымен қағаздың бүктеуін ашып, құманға шай салды да, оны біздің алдымызға қойды, сонсоң өзі орнынан тұрып, беткейде бытырап бара жатқан малына қарай кетті.

Біз шай ішіп, тыныс алғанымызша, бытыраған малын ол да қайырып келді. Келді де дорбасынан лақтай екі қоянды суырып алды, қоянның терісін сыпырып, етін тұздап алған екен. Етті бөлшектеп бұзды да от жағып, қауап қақтауға кірісті.

Ол кісі осыны істеп жатқанда, біз оған не қолқабыс тигізе алмадық, не жолымызды сұрап, жөнімізге кете алмадық. Соның арасынша күн де қасымызда төніп тұрған шоқының тасасына түсіп кетті. Ал шоферіміз сүлесоқ қимылдап, машинаның әр жерін бір шұқылаған болады, сірә, жуық

манда жүре қоятын түрі жоқ. Қасымдағы жолдасым – ауданның бас зоотехнигі Палуан Қожамұратов, мені жалғыз жібере алмай, әдейі өзі ертіп келе жатқан, тығыз жұмыстары болу керек, тыпырши түсіп, шоферді жақтырмай отыр. Шофер машинаның астына кірген кезде, зоотехник шыдай алмады білем, орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүре бастады. Осылай жүріп жүргенде қараңғы болса да, оның көзі қазақ шалдың алдындағы қойына түсе берді. Тіпті бір-екі қойды айналдырып ұстап та көрді. Мұнысын шал жақтырмай қала ма деп, өзімнен өзім қуыстанып, мен отырмын. Палуан қотанды біраз жағалап жүрді де мені шақырды. Қасына бардым, ол жан-жағына қарап алып, құлағыма былай деп сыбырлады: “Мынау біздің аудандағы “Социализм” колхозының қойы болуға тиіс. Жаңа мен қойдың құлағындағы таңбаны қарадым. Бұ қалай болғаны, достым, біздің колхоздардың бірде-біреуінде қазақ малшы жоқ еді. Әсіресе мұндай шал жоқ еді. Және біздің малдың мұнша жерге келуі мүмкін емес. Мұнда бір сыр бар болуы керек”. Осыны айтып ол маған ұзақ қарап қалды. Сол кезде шал бізді қонақ асыға шықырды. Тамақ ішіп болғаннан кейін қарт шопан Палуанға тура қарап: “Сірә сен малды таныдың ғой деймін?” деп сұрады. Сонсоң бізге мынадай өтініш айтты.

– Ал, балалар, сендер мына машиналарыңдағы жоңышқа мен азық-түліктен маған қарайлассандар жарар еді. Шүйгін шөп іздеген мал қолды-аяққа тұруды қойды. Осы малды жоғалтып, бастығымызбен екеуміздің шарқ ұрып іздеп жүргенімізге бір жұма болды. Мен өзім де осы сендердің алдарында ғана тауып отыр едім. Егер Ташауз облысының малшыларына бара қалсаңдар, бөлініп кеткен қойды Қоныс аңшы Айжамал шөлінен тауыпты деп, “Социализм” колхозының шопаны Мұрат Фараджыға сәлем айта салындар. Сонсоң ол өзі түсінеді. Малды уайымдамай-ақ қойсын, дін аман, тіпті түгі де құраған жоқ. – Шал осыны айтқанда, оттың сарғылт сәулесі түсіп тұрған Палуанның жүзі жайнап қоя берді. Ол енді Қоныс ағаның сөзін қалт қылған жоқ, жоңышқаны бау-бауымен түсіре бастады. Қоралы қой оттың маңайына шашылған жоңышқаға бас қойған кезде шал тайыншадай екі итін байлаудан босатты. Сөйтті де “енді сендерге мынадай бұйрық бар” деп, қотанды айналып жүріп, екі итті екі жерге күзетке қойды. Өзі оттың басына қайтып келіп, жайбарақат отырып былай деді:

– “Таң атқанша тапжылмай тұрады. Және бірде-бір қойды шашау шығармайды.

Қоян етінен пісірілген ащы қауап қатты шөлдетті. Сусамыр болған кісіше, көпке дейін шәйнекті оттан түсірмей қойдық.

Шай үстінде жұрт жақсы әңгімелеседі ғой, бірақ мен үн-

түн жоқ отырып ойға қалдым. Әңгіменің басында: “Біз түрікпендермен туыспыз... Жоғалған малды Айжамал шөлінен менің тапқанымды Мұрат Фараджыға айтсаңдар, ол өзі түсінеді” деген Қоныс ағаның сөзін ойламай тұра алмадым. Шынымды айтсам, Палуан Қожамұратовпен бірге, қазақ даласында отарда жатқан малға жүрерде, мұндай тамаша жерсуды көрем, мынадай бір мәжемтомпай шалға кездесем, одан мен осындай тамаша кеп есітем деп ойлаған жоқ едім. Енді мына ұшы-қиыры жоқ кең далادا отырып, самал желге желпініп, құба жонда қойдай өрген мың-мың бөкен-киікке қайран қала бастағанымда: “Бұл әлі ештеңе емес. Шыныңмен сен бірдеме жазбақ болсаң, әлі талай ғажайыпқа кездесесің!” – деді Палуан.

“Сірә, осы отырған Қоныс аңшының өзі де тегін адам емес-ау? Ол тағы түрікпендермен біз туыс боламыз деді ғой, бұл не сөз екен? Және де қазақтың іргелі руларының бірі түрікпен адай деп аталады, бұған себеп не? Қазақ жерінде Айжамал деген жазық бар, сонда Айжамал деген қыз аты түрікпенде де, қазақта да бар болғаны ғой?” – Енді маған осындай ойлар келді. От басында қисайып жатып, бұдан екі-үш жыл бұрын бір қазақ жолдасыма қонақ болғаным есіме түсті, сонда “Түрікпен-адай” деген сөз қайдан шыққан деп жатып таласқанымыз бар, бірақ онда ешкім оған жөнді жауап бере алмаған еді.

“Ал осы жұмбақты қазір Қоныс ағадан сұрасам қайтеді? Мұны оған қалай айтсам екен? Шалды қайтіп сөйлетсем екен?” – деп біраз толғанып жаттым.

Ақыры қараңғыда жол тауып кете алмайтынына көзі жеткен соң, дымы құрыған зоотехник, от басына амалсыз жата кетті. Шарашаған шофер кабинасына кіріп алып, әлдеқашан ұйықтап қалған. Жолдастарым жатып қалса да, менің тынши алмай отырғанымды байқаған аңшы:

– Неге ұйықтамайсың? – деді маған.

Мен ә дегенде не дерімді білмедім. Біраз бөгеліңкіреп барып басымды көтеріп, көңілімде күдік болып жүрген әңгімені жайлап айта бастадым.

– Егер мен жаңылмасам, сонау биік жотаның түсында сағымнан бұлдырап көрінсе де, өз атырабындағы жер бетіне сәуле беріп, жайнап тұрған жарық жұлдыз Айжамал деп аталады ғой деймін.

Қоныс аға басын шайқап күліп жіберді.

– Міне әңгіме қайда жатыр! Жас жігіттердің бұл жатса-тұрса ойлайтыны сұлу қыз-ау. Иә, Айжамалдай аруға тең келетін сұлу бұл өңірде болмаған деседі.

Мұны естігенде мен таңырқағандығымнан аузымды ашып, орнымнан көтеріліңкірей отырдым:

– Япырай, ә! Сондай да сұлу болады екен? – деп ынтыға қалдым.

Менің мұнша жеңілтектігіме шал да түйсіне қарады, мен өз әбестігімді біліп, жым бола қойдым.

Ақыры әйтеуір: “Әрине, иә, халық болған соң, оның ішінде нелер сұлу, нелер асыл болады ғой” деп жуып-шайған болдым. Сірә, менің бұл әңгімені неге қозғағандымды қарт та сезсе керек, ол маған жақындай отырып, хикаяны бажайлап шерте бастады:

– Иә, солай деседі, Айжамал деген керемет сұлу болыпты. Сол сұлу мен оның ғашығы Қосай деген жігіт ел аузында аңызға айналып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Халық ішінде сақталған шежіреге қарағанда, Түрікпен-адай деп аталатын мына біздер солардың үрім-бұтағы болсақ керек.

– Ой бәрекелді, маған керегінің өзі осы еді.

– Әлде өтірік, әлде шын, ол арасын кім білсін, әйтеуір жеті жасар күнімде тоқсанға келіп тоқтасқан атамнан естігенім бар, ол кісі мұны нағашы атасынан естідім деп айтушы еді. Әрине, жел болмаса шөп басы қимылдамайды, мұнда бір негіз болуға тиіс. Әйтпесе ұрпақтан ұрпақ қуалап, біздің уақытымызға дейін жетпеген болар еді. Баяғы заманда осы күнгі Ақтөбе облысының елі мен жеріне әмірі жүрген бір хан болыпты. Сол хан Адай руындағы бір кедейдің Қосай деген жалғыз ұлын шақыртып алып былай депті:

– Сенде бір жүйрік құнан бар деген дақпырт сонша жерден біздің құлағымызға шалынды. Сондай бір тұлпар атым болса деген арманым бар еді. Не қаласаң соныңды ал! Қаласаң, алдыңа бір қора қой салайын бағып қызығын көресің, сауып сүтін ішесің, сен де қарық боласың, мен де арманыма жетемін. Мұны қалай көресің, балам?

Ханның ойын барлай қойған жас жігіт әдетінше жымыып күледі. Айтқаны екі болмай дәндеген топас хан: “Жігітті айтқанға көндірдім” деп біледі де көлгірси күлімдеп: “Әкел қолыңды, сок!” – дейді.

Бірақ Қосай қол бермейді, қайта:

– Қолымды не үшін беремін? – деп сұрақ қояды.

Төкашпар хан таңданып қалады.

– Не үшінің қалай? Біз атыңның құнына келістік қой!

Қосай бұған сәл шытынап жауап қатады:

– О, таксыр хан, сіз мені бүйтіп қинар деп күткен жоқ едім. Түбін ойлап қарасаңыз, менің матау толы түйем, қора толы қойым – осы жалғыз атым. Оны сізге сатсам, жұрт маған не айтады? Ат жалғыз менікі емес, бүкіл аулымдікі.

Қанаттас елге тойға барғанда, біз аулымыз болып соны қосамыз. Одан да, хан тақсыр, бұл сауда болмай-ақ қойсын. Мен сізден өтінемін, алдияр хан, атыма тие көрмеңіз. Бүкіл аулымның назасына қалдырмаңыз. Әлде сіздің жылқыңызда менің атымдай құнантай, ат-айғыр аз ба, нелер қазмойын, аякөз, серкесан, теке-жаумыт тұлпарлар өз жылқыңызда да жеткілікті емес пе!

— Тоқтат, надан! Ондай ат сендей жырым балақтың не теңің! Егер осыдан қайтып барысымен, сол атты жетектетіп жібермесен, басыңды қақ айырып, атыңды тартып аламын, — дейді қаһарлы хан. Қосай ханның қаһарынан қорқа қоймайды, сіңірі шыққан кедейдің баласы ханға қайыспай тұрып жауап береді:

— Дұрыс айтасыз, алдияр хан. Біздің киіміміздің жыртқық екені рас. Кейбіреулердің кигені өңшең үлде мен бұлде, үйі толған жасау жабдық, асыл дүние, ал біз өмір бойы жеңімізді жастық, етегімізді төсек қып келеміз. Бірақ осылай етіп, құдай бір үлкен қате жасаған. Ол қандай қате дейсіз ғой? — дейді Қосай. Ханның көзі шарасынан шығып, уәзірлеріне жалтақ-жалтақ қарай береді. Сол кезде ханға жағынып қалғысы келген нөкердің бірі:

— Тоқтат, оттама! — деп Қосайға тұра ұмтылады.

Хан аңырая қалған жұртқа жалт қарап:

— Бұл өзі құдай болмақ екен, тимендер сөйлеп бақсын, — деп, Қосайды кекете түседі. Жігіт одан қаймықтастан, ойындағы сөзін тартынбай айтады: — Құдай ту баста хан мен қараның екеуіне де көретін көз, сезетін жүрек бергенде қателескен. Менің мұны айтып тұрған себебім, ханға керек жүйрік ат пен асыл зат қараға да керек, хан қандай қызық көрсе, қара да сондай қызық көргісі келеді. Осылай емес пе, хан тақсыр? Егер біздің көзіміз көз емес, танадай жара болса, жүрегіміз жүрек емес, жұдырықтай сірі болса, онда біз жер үстінде қызық, рақат барын білмеген болар едік. Сондықтан сіз, атыңды сатпадың деп, маған өкпелемеңіз, өзіңізді осылай жаратқан құдайыңызға өкпелеңіз.

Осыған келгенде Қоныс аға отқа қарап, біраз үндемей отырып қалды. Сол отырған бетінде бірденені ойланып топшылағандай болды. Сонсоң басын көтеріп алып, маған қайта қарады:

— Қандай тілмар жігіт десеңші, сөйлегенде бұлбұлша сайраған ғой. Әлбетте, оның орнында болса, әркімнің-ақ айтар сөзі осы да. Бір заманда жүйрік атты түрікпен жігіттері де басына балапты. Солай емес пе?

Мен басымды изедім. Сөйлеп отырғанда аңшының жамылған шекпен иығынан түсіп қалып еді, оны көтеріп,

қайта жамылды. Буы бұрқырап қайнап тұрған шәйнекке шай салып, оны кесемен қайырып құйды да, тонның етегімен бүркеп, қайта бұқтырып қойды.

— Сөйтіп бұл жолы Қосай хан алдынан аман-есен қайтады. Бірақ ата-анасының жанындай көретін жалғыз ұлдың тұлпар атынан көрген қызығы ұзаққа бармайды. Кедей жігіттің жалғыз атын тартып алсам, халық наразы болар деп, алғашқыда қаймыққан хан енді Қосайдың қыр соңына түседі, күндіз күлкі, түнде ұйқы бермейді. Ақыры шыдатпаған соң жігіт ел-жұртын тастап, басқа жаққа кетуге бел байлайды. Ол жылы да көктем, осы биылғыдай ерте шықса керек... Құдай аямағанды пайғамбар мүрдем кетіреді дейді ғой. Бұлар елден қашып шығып, Жайықтан өтіп келе жатқанда мұз ойылып кетіп, әке-шешесі мен жалғыз қарындасы суға кетеді. Бар жақынынан айрылып, Қосайдың басына таудай қайғы-қасірет орнайды. Сол бетінде ол осы жапан түзде жападан-жалғыз қаңғырып қала береді, — деп қарт ауыр күрсінді. Сонсоң ол отты көсеп жіберіп, сексеуілдің ыстық қоламтасын сырып алды да, баяғы шәйнекті соның үстіне қойды, қою шайды кесеге құйып алып, үн-түн жоқ отырып, түшіркене ұрттай бастады. Бұл кезде мен еш үндегем жоқ. Қарттың айтқан оқиғасы көз алдыма елестеп, соның ішінде өзім де болғандай, тым-тырыс отырдым да қалдым. Шайын ішіп болып, шал мал жағына кетті. Қотанды бір айналып шығып, бір қолтық жусан ала келді де, оттың басына жайып төседі. Енді бұл шал әңгімесін айтпайды екен деп уайымдап отырмын. Бірақ ішімнен қандай шыдамсызданып отырсам да, ешбір сыр бермеуге тырыстым, үндемедім. Шал жусанды бас жағына дейін қалыңдатып салды, одан кейін, әлденеге, қосауыз мылтығын алып оқтап қойды. Дәл осы арада мен: “Мұның не, Қоныс аға-ау, әңгімені бел ортасынан үзіп тастағаның? Мұның Айжамалға келетін жері қайда?” — деп айтып жібере жаздадым. Бірақ шашау шыға бастаған қойға ит қатты абалап кетті де, маған мұрша бермеді. Оның арасынша шетке шыққан қойларды иттер тырп еткізбей, қотанға қайта қуып тықты. Иттеріне разы қарт: “А, бәлем, кете қоймақсыңдар ғой, болмады ма, түйнегім!” — деп күбірлеп сөйлеп, от басына қайтып келді.

— Солай, балам, кедей халық қай жерде болсын, хандар мен бектерден әрқашан зорлық-зомбылық көрген. Қазақ ханы жүйрік атқа құмар болса, Ата деген рудан шыққан, Матышланда бектік құрған Шомақ деген түрікпен бегі көрікті қыз-келіншектерге құмар болыпты. Бұл өзі бір халықтың жақсы дәстүріне қаны қас сұмпайы екен, әдеп-ғұрыпты аяққа басу, кедей адамды қорлау оған басындағы бөркін алудан

оңай көрінген. Қысқасы, ол жазықсыз жандарды дарға асқан, басын алған, сонда да, оған әй дер әже, қой дер қожа болмаған. Бектің рақымсыз айуандығынан сан рет азап шеккен адамдар одан еш кегін ала алмай қойған. Нысапсыз нәпсіне тыйым болмаған бек бір кезде Айжамал деген қызды бесінші әйелдікке алмақ боп, қыздың әкесі Сәттарға жаушы жіберді. Бірақ бектің жаушылары түк бітірместен ізінше кері қайтады. Шомақ екінші рет жаушы салады, онысы да алдыңғының аяғын құшады. Сонда да бек арам ойынан қайтпайды, ақырында Сәттарға өзі келеді.

– Жетер енді, бұдан былайғы қикағына көне алмаймын. Одан да көзінді жұм да, алатын малыңды айт! – дейді ол.

Егер басқа бірау болса, менменсіген бекке жұдырық ала ұмтылған болар еді. Ал Сәттар бір кең адам еді.

– Шомақ бек, менің сізбен араздасқым келмейді.

Бірақ айтқаным болсын десеңіз, мен де бағамды айтайын, басқа бас бересіз, – дейді ол.

Ақымақ бек оның сөзін түсінбейді:

– Басқа бас, ол не деген сөз?

Сәттар тыжырына мысқылдап, өзінде үл жоқтығын қиыла айта бастайды.

– Әлде жын, әлде дию қаққанын қайдан білейін. Әйтеуір әйелімнен Айжамал деген қыздан басқа перзент болмады, енді өмір бойы бір ұлды арман ғып өтетін болдым. Шынымды айтсам, Шомақ батыр, сенің мына келісің. Егер Айжамалдың дидарына сен ғашық болсаң, бектің қызы Жамалдың жамалына мен де ынтызармын. Кім біледі, құдай жарылқайын десе, қиын ба, мүмкін, Алланың әмірімен мен де бір үл көрермін, – дейді Сәттар. Сол арада не керек, сарқ-сарқ еткен дүлей дауыл жер сүзіп, бір жолға беті қайтқандай болады. Бек қабағын қарыс жауып атына қонады.

– Үш күн пұрсат беремін! Сол үш күннің ішінде қызыңды өзің әкеп бермесең, басыңды кесіп, мал-мүлкінді талауға саламын! – дейді ол.

Сонда Сәттар қызымен қазақ жеріне қарай қашады. Бірақ сорлы кедей арманына жете алмайды. Бектің сүрқия аңдушылары біліп қойып, бекке хабар береді. Бек құтырған қасқырдай долданып, қуғыншы жібереді. Нөкер Сәттарды дәл осы далада қуып жетіп, ауылға алып қайтпақшы болады. Бірақ Сәттар сол бетінен қайтпай, ар-намысын қорғап өлуге бел байлайды. Қуып келген жеңдеттер осы арада келеді де, оның қызын да шапқылап өлтіріп кетеді, – деп Қоныс аға бұлдырап жатқан кең жазықты қолымен нұсқағанда, осы бір үйлі жанның керемет аянышты тағдырын паш еткен хикаядан жүрегім бейжай болып, алқымыма тығылды. Сонау

қараңғылыққа түршіге қараймын деп көзімді жұмып қалғанымды өзім де байқамаппын. Менің күйзелгенімді сезген қарт ауыр күрсінді де, әлі айтылмаған сыр бар дегендей, жымыып күлді.

— Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, ажалсыз тірі қалады деп, тауып айтқан, балам. Сол Айжамал жұлдызы әлі жарқырап тұр, сұлу қызды ол дүниеде періштелер де сүйетін болса керек, — дегенде жаным жадырап, мен қартқа сүйсіне қарадым. Осы арада шал әлдеқашан сөніп қалған оттан жылтыраған көмірді ала отырып, әңгіменің арнасын бұрды:

— Мына көмірді көрдің бе? Сәл үрлесен, ана ұшқын өшіп қалады.

Мен таңырқай қалдым.

— Таңырқама, балам. Бектің нөкері “өлтірдік” деп кетсе де, Айжамалдың кеудесінде мына көмірдегі ұшқындай, сөнер-сөнбес жан қалған екен! Егер сол кезде төбенің етегіндегі бұлаққа келген Қосай қыздың шала-жансар ыңқылын естімей кетсе, шын сұмдық сонда болады екен. Бірақ қыздың бақытына жігіт оны тауып алады, — деп қарт аңшы әңгімесін бір түйді. — Сонсоң Қосай оны сақтап қалады, жанынын да, тәнінің де жарақатына дауа болады. Алайда нөкерінің өлтірдік дегеніне күдіктенген бек Айжамалдың өлігін көзімен көру үшін дәл осы араға келіп қалады. Әл үстінде жатқан қыздың басында отырған келбетті қазақ жігітін көреді.

Көрген жерде бек шақыр-шұқыр тісін қайрап, ызадан жарылып кете жаздайды:

— Дереву басын кесіңдер! — деп бұйырды.

Сонда Қосай тұрып: “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, дат! — дейді. Оған рұқсат етеді.

Қосай айтады:

— Тыңда, бек, егер рас болса, түрікпендер Көрұғлының ұрпағы дейді, онда әмірінді қайтып ал да өзін шық майданға. Егер бұл сөз жалған болса, сенің ата-бабаң есек, онда міні басым, кескізе бер.

Бектің екі қатар сап түзеген жасағы жау жүрек жас жігіттің қайсар сөзіне сүйсінеді де, бірде-бірі орнынан қозғалмайды. Енді намысы үшін жекпе-жекке өзі шықпасқа Шомақта лаж қалмайды. Осы арада екеуі жекпе-жек айқасады, бек арам пиғылымен бірге бұл дүниемен қош айтысады.

Айлар, күндер өткенде жас тәндегі жарақат жазылып, Айжамал сауығады. Аяғын басып, әбден тынайған соң, Қосай ризалық айтысып, қызды туған жеріне жеткізіп салмақшы болады. Бірақ қыз оған наразылық білдіреді. Өзін арашалап қалған адаммен өмірлік жолдас болып қалсам деген тілек

айтады. Ақыры қыз бен жігіт қосылады. Бұлар бірін бірі сүйіп, тату-тәтті өмір сүреді. Туған жерін қиып, өзіне серік болып қалған жарын Қосай алақанына салып аялап ұстайды. Әйел үй шаруасын өзі билеп-төстеп кетеді. Осылай айлар, жылдар өте береді. Қосай мен Айжамал бес перзент көреді. Әйелінің құрметіне тұңғышының атын Түрікпенбай қояды, екіншісін – Текебай, үшіншісін – Жаұмытбай, төртіншісін – Садырбай, ең кенжесін Серікбай деп атайды. Ерлі-байлы екеуі ұлдарын мәпелеп өсіріп, қызығын көреді. Бұлардың басында әрқашан аппақ шаңқан папағы, аяғында – жүз көрінгендей жалтырауық етігі, иығында – қырмызы қызыл жібек шекпені, белінде қызылды-жасылды кестелі белбеуі болады. Ағайынды бесеуі қатар түзеп, асқа-тойға келе қалса, халайық құрметпен қарсы алады:

– Хош келдіңдер, Түрікпен-адайлар!

Аударған Ә.Ағыбаев

10-СЫНЫП

КІРІСПЕ

10-сыныпқа Ақмолла (лақап аты, шын аты — Мұфтахетдин Мұхамедияров) мен Қырғыздың көрнекті халық ақыны, композитор, импровизатор Тоқтағұл Сатылғановтың әр кездегі шығармалары беріліп отыр.

Ақмолла Мұхамедияров 1831 жылы Уфа губерниясы, Белебай уезінде туып, 1893 ж. қазақ жерінде қайтыс болған. Қазақ ауылдарында молда болып балаларды оқытқан. Өлеңдерін башқұрт, қазақ, татар тілдерінде жазған. Көп өлеңдерін қазақ халқына арнаған: “Қазаққа өлең жаздым ашық қылып” дей отырып “Мәрсия”, “Ақмола” деген өлеңдері “Мәшһүр Шағир Ақмолланың өлеңдері” атты шығармалар жинағында елдің тұрмысы, хал-жағдайы, оқу, білім-ғылым, дін туралы айтады.

Қырғыздың халық ақыны Тоқтағұл Сатылғанов (1864—1933) өмір азабын көп көрген. Өз кезіндегі ел билеген биманаптарды өткір сынға алғаны үшін Сібірге жер аударылды. Түрмеден қашып шығып қазақ жеріне келіп, халықтан көп қамқорлық көреді. Бостандықты жырлаған “Өмір”, “Жарқыра” сияқты өлеңдері мен әлеуметтік теңсіздікті сынаған “Арзыматқа”, “Ишан Қалпеге”, “Бес қабан” өлеңдері бар. “Қазақ жеріндегі жыр” атты дастанында халықтар достығын, ел бірлігін жырлайды.

Тоқтағұл замандас, тағдыр тауқыметімен бауырлас екі халықтың тәжік пен иранның ортақ, перзентіне айналған Әбілқасым Лахутидің (1887—1957) шығармалары да сол кездегі өмір шындығын жырлауға арналған. 1905—1911 жылдарды Иранда революциялық қозғалысқа қатынасты. 1922 жылы Тебриз (Иран) көтерілісін басқарды. Көтеріліс күшпен басылғаннан кейін советтер одағына келді.

1923—1925 жж. Москвада Советтер Одағы халықтарының орталығында қызмет істеді. 1925—1930 жылдарда Тәжікстанның оқу министрінің орынбасары, ал 1934 жылдан СССР Жазушылар одағының секретары болды. Оның шығармаларының басты тақырыбы — бейбітшілік, халықтар достығы. Иран елінің тағдырына ерекше назар аударды. Ол:

Таланған Иран, сенеміз өлмес,
Етер ол тірек ұлы мен қызын.
Езгенге халық еңкейе бермес,
Тамырымен жояр зұлымдық ізін.

Бірік те, халқым, құдыретке айнал,
Бірлігің — саған жалғыз-ақ тірек! —

деп ел болашағына сеніп, Иран халқы бейбітшілікте болады деп жырлады. Бұл елдің бүгінгі тағдыры қандай?

Өлеңдері беріліп отырған Жұмамұратов Тілеуберген — (1915 ж. туған) қарақалпақ халқының көрнекті ақыны. Оның 1940 жылдары жазған “Алғыс”, “Суға кеткен адам”, “Қасиетті гауһар”, т.б. поэмалары қарақалпақ оқырмандарына кең тараған.

Көптеген өлеңдерін қазақ халқына арнады. “Қазақ батыры” атты поэмасында қазақ және қарақалпақ халықтарының туысқандығын, мүдде бірлігін жақсы суреттеп берген.

Башқұрттың белгілі халық жазушысы Сайфи Құдаштың (1894—1971) “Жастық шақтың ізімен” деген көлемді естелігінен үзінді берілді. Ол XX ғасырдың басында танымал болған қазақ, башқұрт, татар, ақын-жазушыларымен жақын араласып пікірлес болған. Қазақтың белгілі жазушысы Бейімбет Майлин шығармаларын екі тілде (қазақ, татар) жазған Ғалымжан Ибрагимов, татардың классик ақыны Ғабдолла Тоқай, кеңестік татар, башқұрт әдебиетінің негізін қалаған Мәжит Ғафурилер туралы әдеби-естеліктерінде көп мағлұмат береді. Сайфи Құдаштың “Ұмытылмас көздер”, “Жастық шақтың ізімен” атты естеліктерінде 1905—1960 жылдардағы қазақ, татар, башқұрттың көптеген ақын-жазушыларының шығармашылығына көзқарасын білдіреді. Абайды Тоқай ұстаз тұтты дейді.

“Көктемді қарсы алғанда” деген повесінде Ғабдолла Тоқайдың өмір жолын, әдеби еңбектерінің ел арасына таралуын, саяси-қоғамдық қызметін суреттеген. Сонымен бірге, халықтың ауыр тұрмысы, күнкөріс тіршілігі, жер-су, қоршаған орта, үш елдің ара қатынасы туралы өз пікірін ашып айтады.

Бұл сыныпқа түркімен жазушысы Тәңірқұлы Тағановтың “Салтық туралы аңыз” әңгімесін бердік. Ел арасына көп тараған аңыздың негізінде жазылған әңгіменің оқиғасы нанымды, өнердің құдіретті күшін ерекше айта білген.

“Құм ішінде даңқы киіктей есіп, қырандай зымыраған” Салтық бахшының жырының ел іші ғана емес, Хиуа, Иран, Ауғанстан жұртын да табындырғанын айта келіп, өткір сөзі мен талантын мойындамаған хандар адам төзгісіз қиянат жасаса да өнердің өлмейтінін шебер суреттейді.

АҚМОЛЛА МҰХАММЕДИЯРОВ

(1831—1895)

Ағартушы демократ ақын

*Үш халыққа (қазақ, татар, башқұрт) ортақ ақын.
Өлеңдерін үш тілде де жазған.*

Айтылмай Ақмоладан сөз қалмасын,
Дәулеті бар дәулетін қызғанбасын,
Дұшпандай бауырларым қор көрменіз,
Жылан да оянбасын, қозғалмасын.

Көп төкті бақытсыздар көздің жасын,
Бейкүнә жылатқанды көз көрмесін,
Майданда әркім алсын өз мүшесін.
Иірінді арғымақтан оздырмасын.

Қиналды тар қапаста ғазиз жаным,
Тарығып хат жазамын, мейірманым.
Құрметті ғұзырыңа сәлем болсын,
Бақытты жұртқа қылған қадырданым.

Қалмасын бұл дүниеде арманыңыз,
Дүниеде биік болсын пәрманыңыз,
Басыңа құмай құсы қонақ болып,
Мүбәрак, құтты болсын дәуреніңіз.

Кең көңілдік — мырзалық міндетінен,
Жомарттық — дәулетінің құрметінен,
Ауыр шақта өтініш сұрап барған,
Ақмоллаңыз — Мұхаммед үмбетінен.

Ғұбайдолла Сұлтанға арыз¹

Ассалаумағалейкум, асыл затқа,
Майданда озып келген арғымаққа,
Лайықтап дәрежеңе жаздым сәлем,
Түбінде аса жүйрік болмасақ та.

Бостансыз² бұлбұл-дағы сайрай алмас,
Бұл күнде ұқсап тұрмыз жапалаққа.
Құдайдың жазғанына шара бар ма?
Мандайға жазылған соң тағдыр хақта.

¹ Ғұбайдолла Жәңгіров (1840—1909) — қазақ сұлтаны, инфантерия генералы.

² Бостан — бақша.

Өтінем, хазірет, сізден жүз-мың қабат,
Бір пақыр бейшараны шетке қақпа!
“Ақылдыға – ишара” деген сөз бар,
Артқы сөз әдепсіздік асыл затқа.

Дүниенің түсіп тұрмын мазарыңа,
Сатылдым бір сүм елдің базарына.
Ешкімнен жұбатарлық сөз алмадым,
Сонда да үмітімді үзе алмадым.

Қапаста ынтызар боп зарыққаным,
Сіздерге тағы жаздым, төзе алмадым.

Бәндеде болады екен осындай хал,
Дананың сөзі – шекер, мағынасы – бал.
Бейшара зарыққаннан айтқан-ды деп,
Сұлтаным, айтылмышқа назарың сал.

Тұтқындар құбыласы еді – босағаңыз,
Сөз пұлын білмегенге ұқсамаңыз.
Жусаңыз, бір түскен кір кетпей қалмас,
Қайраса, кетілген жер өтпей қалмас.
“Әрбір зат асылына тартар” деген,
Тат кетіп, болат қылыш өтпей қалмас.

Көп еді мүсылманға назарыңыз,
Күн сайын асты майдан, базарыңыз.
Сарқыттан Ақмолланы бос қоймаңыз,
Тасыды сіздің дәулет қазаныңыз.

Дүниеде артық сіздің бақ, бағыңыз,
Жайылған байтақ елге әруағыңыз.
Данышпан алма ағаштың мәуесі едің,
Қыс-жасы гүлдесін жапырағыңыз.

Кетпеген бақыт-дәулет бас-малыңнан,
Шықпаған ер-азамат ықпалынан.
Жомарттық ұлы мұхит патшасындай,
Қанша жұрт су ішеді бұлағыңнан.

Дәулетің, бағыңменен таса берсін,
Қаһарың дұшпандарды баса берсін,
Дұшпаның қырдан үркіп қаша берсін,
Құдайым маңдайыңды аша берсін.

Дұға сол Ақмолладан, сұлтанымыз!
Ішінде көп жұлдыздың Шолпанымыз,
Томағасы – күмістен, тұғыры – алтын,
Дәрежесі жоғары сұңқарымыз.

Келесің ата заттан кемдік болмай,
Атыңа пірің – қуат, дәулетің – сай,
Дұға қонып, құт жұққан бір орын деп,
Бұтаққа паналаған біз бір торғай.

Тозағы қарам болсын итіңізге,
Келмесін дұшпандарың бетіңізге,
Қайырымды дастарханнан бір омыртқа
Тастасаң не болады итіңізге?
Еменге ұя салған сіз бір шаһбаз,¹
Шаһбаздан ет дәметкен біз де бір таз.
Шын атым сұрасаңыз – мен бейшара
Шерлі жан Ғаби-қожа Ибн-Нияз.
Арғы атам Әбуталип Шернияздан,
Бір молла таптан шыққан мұны жазған,
Сіздерден ізгі назар, үміт етіп,
Ақмолла, бір пақырың елден жазған.

Орынбор, 1872

ТОЛҒАУЛАР

Адаспа!

...Бү дүниеде қонақ – сен,
Дәулет, бақыт таптым деп,
Не берсе де Алла деп,
Шүкірлігің тастама.
Бағың бір күн ұйықтаса,
Олай-былай қыларсың,
Қылған ісің оңалмай,
Қайран болып тұрарсың.
Маған не хал болды деп,
Егін жыртып, саларсың.
Онан пайда таба алмай,
Саудагерлік қыларсың.
Ғарып болып жығылсаң,
Өз малыңнан бересің.

¹ Шаһбаз – қыран.

Құда ғафу қылмаса,
Михнетті көрерсің.
Онан пайда таба алмай,
Суға қармақ саларсың.
Шортан түгіл шабақ жоқ,
Балдыр алып қаларсың.
Бермейін деген уақытта,
Осылай қайран боларсың.

Болмаса

Ғылым деген дария-дүр
Рия кәбрі болмаса,
Мансап иесі сол-дүр –
Зұлым, жәбір болмаса.
Ақылды адам ұлық-дүр
Ашу артық болмаса,
Қайырлы бай жомарт-дүр
Көңілі нақап болмаса,
Дүние көркі – бақ-дәулет
Қонған соң қайтып солмаса,
Екі дүние тіреуі –
хақ зікірін қоймаса,
Өтірікшілік ойларсың
Нәпсің әр кез тоймаса,
Тәубелі құл – иманды,
Ақирет қамын ойласа.

Белгісі

Имансыздың белгісі –
Шариғатты қорласа,
Әділдіктің белгісі –
Біле тұрып бұрмаса.
Имандының белгісі –
Хақтан мойнын бұрмаса.
Ақылдының белгісі –
Өткен істі қумаса.
Жамандардың белгісі –
Жауға қарсы тұрмаса.
Залымдардың белгісі –
Нахақтың малын үрласа.
Денсаулығы ғанибет –
Сырқауылды болмаса,
Тірлік – дүние көркі-дүр,
Ақыры өлім болмаса,

Шамаңша шалқып көрер ең
Тар лақатқа қоймаса,
Артында қалар атақ жок,
Тіріде даңқың болмаса.

Деймісін

Тағдыр берген нәсібің
Кеміп, артар деймісін.
Есіктегі бағыңды
Төрге тартар деймісін,
Хақтан басқа дертіңе
Дәрмен айтар деймісін,
Уақыт уақыт болмаса,
Күнде жиын деймісін,
Мезгілі болмай бақ-дәулет
Жолдан кетер деймісін.
Мезгіл күні болғанда
Ғылаж айтар деймісін,
Суарғанмен жасыққа
Болат бітер деймісін,
Адам атың жойылып,
Тағы ат бітер деймісін,
Тар лақатта мол малың
Жолдас болар деймісін,
Бір иманнан басқасы
Мұндас болар деймісін,
Жарлы болсаң, жан досың
Көзі көрер деймісін,
Көзі көріп тұрса да,
Көңіл берер деймісін,
Аққа жатса алдында,
Атса тиер деймісін,
Малсыз болса жан достың,
Сені сүйер деймісін.
Оқтан түзу мыс таяқ
Тезге түсер деймісін,
Есікте тұрған ғарібің
Еске түсер деймісін.

Белгісіз

Кетпес кеңіс таптым деп,
Қолда тұру белгісіз.
Ғарып жаның қонақ-дүр

Тәнде түру белгісіз,
Бү дүниеде көп жасап,
Өмір сүру белгісіз.
Тең құрбыңмен теңдесіп,
Тең жүруің белгісіз,
Төбесі биік үйінде
Төрт күн түру белгісіз.
Қатыныңды жолдас деп,
Бір жүруің белгісіз.
Баланы балдан тәтті деп,
Күн көруің белгісіз.
Қартайғанша дүниеде
Жан түруы белгісіз,
Кетпес дәулет байланып,
Мал түруы белгісіз.
Күнде-күнде қолыңда
Шай, май түру белгісіз,
Мәртебені таптым деп,
Таймай түру белгісіз,
Адамзатқа жаралып
Хан болуың белгісіз,
Бү дүниені құғанмен,
Бай болуың белгісіз.

Не артық?

Аспанда туған жұлдыздан
Жарқырап туған ай артық,
Жабы туған тұғырдан
Қазанат туған тай артық.
Төресі бұзық әкімнен
Қайырлы момын жай артық,
Панасыз болса таудан да
Түйе сойған жиыннан
Тоқты сойған той артық.
Тіл алмаған ұлыңнан
Сыйлас болса шит артық,
Арсыз, аю келіннен
Кесектеген ит артық,
Ауыл кезген қызыңнан
Үйшіктегі ешкі артық,
Көріп алған көріктіден
Көрмей алған текті артық.

Несіне мақтайсың?

Аттың несін мақтайсың,
Алқалы топта жармаған.
Түйенің несін мақтайсың,
Аса бір жерге бармаған.
Адамның несін мақтайсың,
Жақсылығы қалмаған.
Дүниенің несін мақтайсың,
Бірден-бірге тарылған,
Әкімнің несін мақтайсың,
Жауыздың орын орлаған.
Жігіттің несін мақтайсың,
Елді былғап, шарлаған.
Қатынның несін мақтайсың,
Қағып төсек салмаған.
Баланың несін мақтайсың,
Атаның тілін алмаған,
Қыздың несін мақтайсың
Айтса бір сөзден қалмаған.
Молданың несін мақтайсың,
Өлі менен тірінің
Бәрін бірдей жалмаған.
Елді сөгіп қайтесің,
Жаман-жақсы болса да,
Бір уақытта алладан.

Қайтесің?

Көлденең жатқан көк шыңның
Айналасы – атқа күш,
Қапысын тауып аспаса,
Алладан келер жәрдем жоқ,
Атқа мінген жігітке
Ақыл ойлап таппаса,
Ендігі туған жастарға
Білгеннің сөзі алтын-ды.
Аяғына баспаса,
Көлденеңнен көз салса,
Жамандар жақын келе ме
Құртқа бір көзін жасқаса,
Басыңа қиын іс түссе,
Алтын басың қор болар
Көпке әкеліп тастаса.

Кел, жігіттер

Кел, жігіттер, құлақ сал,
Ақмолладан хабар ал.
Бақыты бар жігітке, —
Деген сөз бар — құдай жар.

Қүдіретіне құданың,
Пенде болсаң сол назар.
Қиянатсыз тік жүргін,
Есінде болсын осы наз.

Әр түрлі фитнә баладан,
Сақтаушы жоқ жапар.
Сырынды жасырып халықтан,
Жүрмегі дейді бұл жолдар.

Дәулет, бақыт кем болып,
Ашылмай көңілім қаламын.
Әурелікпен басым шар,
Жалтақтап өтіп барамын.

Жігіттер, мұны аңлаңдар,
Кім жақсы сөз айтар деп.
Көремін мұның бәрін ар,
Өлеңіменен қайтар деп.

Бізді адам қып жаратты

Бізді адам қып жаратты,
Өтсін деп біраз күн көріп.
Ғылым жүйесін таратты
Көшсін деп түзу пенделік.

Мал бітіп қонса бақыт,
Көркейесің түрленіп.
Жұртың азған жолықса,
Қалар басың кірленіп.

Үйкүшік болып кеттік біз,
Баладай жетіп көрмедік.
Басың да сенің кемиді,
Болмаса жүз мың теңгелік.

Алтынды сатып пақырға,
Басымыз қалды тақырда.
Дертті болып ақыр да,
Көтерем малдай меңдедік.

Ризамыз болмысқа

Ризамыз болмысқа,
Жоқтан бар ғып түзеткен.
Қонбасын бақыт пендеге,
Лапылдап жанып тыз еткен.

Тірліктің күшінде,
Адамзат күнелткен.
Бұл дүниеде адам көп,
Бақыт қонып, мал біткен.

Жиғанын артқа қалдырмай,
Ешбір жан жоқ ап кеткен.
Ажал келсе бір сағат,
Шара жоқ тоқтар міндеттен.

Ретін адам таппаса,
Көр мекенді боп өткен.
Іші мырза біреулер,
Рахым нұрын мол төккен.

Ауылымның жаяу жарығы,
Соларға да кеп жеткен.
Аплатон да өтті жаһаннан,
Өлімге қанша жыл өткен.

Дүние деген бір құрғыр,
Орыстан үйрен білімді.
Жала деген бір шайтан,
Сүйрейді артқа жігітті.

Аузын да тыймаған,
Түрткілеуін қоймаған.
Жетім тоқты көңіліміз,
Қараңғы жерге түнеткен.
Ортада қалған жалғыз бас,
Шыға алмай арал, түбектен.

Туғаннан соң талап қыл

Туғаннан соң талап қып,
Дүние құдың он жастан.
Салтына мұның түстік біз,
Басқаға мойын бұрмастан.

Кісінің хақын жеп өтсең,
Зауалы келер бір күнде.
Кесапат жасап бір кетсең,
Есесі қайтар бір түнде.

Ретін адам таппайды,
Бас пенен аяқ арбасқан.
Адамның бәрі арманда,
Битпеді мұңы жалғанда...

ТОҚТАҒҰЛ САТЫЛҒАНОВ

(1864–1933)

Қырғыздың көрнекті халық ақыны

Ақын болсаң айтқанда

Адам ұқпас хат болмас,
Мінілмей кеткен ат болмас,
Құйқасыз баста шаш болмас,
Ішпейтін пәмлі шай болмас.
Ақ тозаң баспай шаң болмас,
Кимейтін қызыл шайы болмас.
Минусіз жорға тай болмас.
Ақылынан адаспай —
Адамизат даң болмас.

Тоқтағұл толғауы

Түйгедім қағынған,
Тұлпар едім шабынған.
Кетіп барам айдалып,
Аяққа кісен салынған.
Азабын тартып тұтқындық,
Аша алмадым көңілді.

“Ақ таңдай едім сайраған,
Адам білмейді жөнімді.

Айран болып қиялым,
Әр тарапқа бөлінді.
Азапненен өткіздім,
Айдай толған өмірді...”

“Көкек едім сайраған,
Күлік едім талмаған.
Көркі болып думанның,
Гүлі едім елдің жайнаған...”

“Төрені төрем демеспін,
Төбемнен басып ұрса да,
Арқан салып мойныма,
Қара дарын құрса да,
Қайран тілім жаңылмайды,
Патшаң қарап тұрса да.
Қайыспаймын шындыққа,
Қаптатып дария бұрса да.
Бегінді бегім демеспін,
Бешенемде тұрса да.
Бас имеймін өлгенше,
Бетімді тіліп ұрса да.
Қарайды жаным осылай.
Қаныма тойып жұтса да.
Бит шаққандай көрмеймін,
Қарынымды жарып алса да”.

“Ел едік біз ежелден
Қазақ, қырғыз бір туған.
Туысқан елді қасқырлар,
Бір-біріне қас қылған...”

Айналдым қазақ халқынан
Әбітай әбден жарады.
Әбітайдың әйелі
Шапанымды жамады.

Ағасы оның Ахмет
Қабағыма қарады.
Қозы сойып ет берді,
Алдыма шұбар ат берді”.

Аспаннан тумай ай болмас.
Асыл сөзді құрамай

Ақынның көңілі жай болмас,
Азап көрмей адамға
Қараңғылық түн болмас.
Сөзінде шындық болмаса,
Ақында аса күн болмас.
Жорғаны мінген жолда өсер,
Жүйрікті мінген күнде өсер,
Кемшілікті көрсең баса айт,
Жүйрік тілді кім кесер,
Дұшпаннан қорлық көрген сен
Ұйқың келмес жатқанда.
Әр баптан келтір сөзді сен
Ақын болсаң айтқанда.

Токтағұлдағы арман

Тұтқын болдың қайран бас,
Қараңғы үйде жатамын.
Өлмес де ойдан ол шықпас,
Өмірден көрген азабым.

Күні-түні шығармай,
Қараңғы үйге қамады.
Маңайға жан жоламай,
Кеудем солып барады.

Қарыным тоймай ашықтым,
Мысқылдап берген нанына,
Аштық азу сала алмас
Токтағұлдың арына.

Түнде жатсам астыма
Шапанымды төсеніп,
Амал қанша шыдайтын
Қиындықты кешелік,
Екі шайнам нан келед
Күн сайын маған өлшеніп.

Су береді шайы жоқ,
Амалсыздан ішемін.
Көтерер басты жайым жоқ,
Алпамсадай кісі едім,
Бұлбұлыңнан әлі жоқ
Қайдасың, жарым, күш едің!

Жарығы жоқ, жаны жоқ,
Қараңғы үйде жатамын.
Қайсы күні жарқырап,
Қабағымды ашамын?

Қайтып барар күн бар ма?
Мұндық болған апама.
Тұтқын етіп қор қылған,
Залымның күні бата ма?

Көрген қорлық қайғы мұң,
Тасқындайды менің ішімде.
Сүттен ақ басым жатырсың
Жазалы жанның ішінде.

Күйік тартып жатамын,
Күні-түні зарығып.
Еш күнәм жоқ ойласам,
Шыдамай кетем қамығып.
Ақ сұңқардай талпынам,
Ауылымды сағынып.

Күнәсіз жатам, сот болып,
Бұлбұлың елден жоқ болып.
Қараңғы үйде қайғы жеп,
Ойлансам кетем от болып.
Шалқыған қырғыз елім-ай,
Сағындым да сарғайдым,
Екі көзім төрт болып,
Естен кетпес қорлықты
Ел ақтан жүріп көрдім мен.
Айдаудан басым босамай,
Амалсыздан көндім мен.
Тартып азап қайран жан,
Алыс жерден келдім мен.

Қараңғы үйге қамады,
Қинады-ау шыбын жанымды,
Денемді қайран жаралап,
Әлсіретті-ау халімді,
Таранған бұлбұл мен едім,
Тарттым жапа-жәбірді.
Тірі жетіп ел-жұртқа,
Көрер ме екем аулымды.

Мұндай қорлық, зорлықтар
Жазықсыз жерден табылды.

Токтағұлдың термесі

Ежелден-ақ жаралғам,
Дүниеден жырғап өтуге.
Есің болса, жігіттер,
Жаралап жаның тілдемей,
Қайрыла жүр жетімге.

Өткен істің артынан,
Опық жеп, босқа өкінбе.
Көтеріліп көп сөйлеп,
Ұшырап жүрме кесірге.
Болатыңды майырып,
Тас шапқандай кетілме.
Ұмтылады әркім де
Жақсылыққа жетуге.
Соқтықпа бекер жырғаңдап,
Жетім менен жесірге.
Ұяты бар адамның
Нұры болар бетінде.
Арбап жүрсе бір бұзық
Сөзіне еріп, есірме.
Қайратты ердің белгісі
Оты болат көзінде.
Айтқанынан қайтпайды,
Жалтағы жоқ сөзінде.

Өлеңді жерде саз болар,
Өлшеуі жоқ дарияға
Үйрек пенен қаз қонар.
Откізе айтсаң сүйектен
Өлгенінше кек көріп,
Туғанын да қас болар.
Ұсақшыл болсаң, жігіттер,
Қадірің болмас еліңе.
Өсек айтсаң сумаңдап,
Басылар таңба бетіңе.
Атың шықса жексұрын,
Жолатпас елдің шетіңе.
Тура сөйлеп, түзу жүр,
Қадірің болар халқына,

Жайдары жігіт деп сені,
Алғыс айтар атына.
Адал ниет, ақ көңіл
Болсаң егер азамат,
Қырғыз түгіл, қытай да
Жетер сенің парқыңа.

Ожар сөйлеп көпірген
Арсыз адам көп болар.
Орынсыз жерге ұрынып,
Осынша жұртқа кеп болар.
Тура жүрмей тұлданып,
Туғанынан шет болар.
Қыз қылықты қылтындап.
Жақсы ат қамшы салдырмас.
Жақсы адамның белгісі —
Дос көңілін қалдырмас.
Сыртыңнан сені қорғаштап,
Дұшпанға сыр алдырмас.
Жақсы көрген жолдасын
Жаман іске бардырмас.
Жақсы әйелдің белгісі —
Жайдары болар кісіге.
Жұмысын ерте бітіріп,
Жұрт сүйсінер ісіңе.
Еріксіз тартар өзіне
Күнде кіріп түсіңе.

Қадірінді білмес әйел бар
Қараңғы кештің түніндей.
Қылығы қымбат жақсы бар,
Қалтардың асыл түгіндей.
Қарақат көзі мөддірер
Кәдімгі жаздың күніндей.

* * *

Орен жүйрік белгісі —
Бәйгеден келер сүрінбей,
Жақсы әйелдің белгісі —
Тұғырға қонған түлектей.
Сымбатты, сұлу көрінер
Сызып қойған суреттей.

Жаман болса алғаның,
Салмас құлақ сөзіне.
Біреу сойған шанаштай
Түсінбес сөздің жөніне.

Дүниедегі мұңсыз сол болар
Қосылса жігіт теңіне.
Құбылтып айтып берейін,
Құлақ сал, жастар, кебіме.
Айдаудан аман құтылып,
Келдім қайтып еліме,
Азамат болсаң, жігіттер,
Тура сөйле жөніңді.
Арсыз істен артық көр
Ажалды келген өлімді.

Бейлі жаман кісіге
Шешіліп сыр айтпағын,
Төрт жағың құбыла болса да,
Босқа қарап жатпағын.
Атаң жаман болса да,
Айтқанын ойға сақтағын
Жырға орап барымды
Термемен төгіп айтқаным.

Мақтаншақ болсаң, көмілдің,
Жұрт алдында жеңілдің.
Қадірін біліп Тоқанның,
Байыбына жет жырымның.

Көтеріліп, көп сөйлеп,
Болмашы іске күлмегін,
Алған жарың жас болса,
Әдеппен сөйлеп үндегін.
Ақылың жетсе, әр істің,
Тетігін тауып сөйлегін.
Айдау көрген Тоқандай
Жазықсыздан күймеген.
Айдаудан сақал ағарып,
Азабын көрдім дүниенің,
Ұтыл алға, балалар,
Бұлбұл Тоқам жыры деп,
Жүресің айтып білгенің.

Қартайғанда сөйлетіп,
Алжытпасын адамды.
Қаларсың, балдар, ұятқа
Жолдас болсаң жаманға.
Ондай арам еркінді ап,
Бұзады сенің санаңды.
Айықтырмай, ушықтырар
Болар-болмас жараңды.
Жаныңа жақын жолатпа
Кесірі тиер адамды.
Сырыңды алып, сыртыңнан
Байқап жүрер шамаңды.
Ондай бұзық жылпостар
Ағайыңнан жат қылып,
Ашып қояр араңды,
Көзқарасы бұзылып,
Бермес түзу сәлемді.
Басыңа сенің қаптар
Пайдасы жоқ залалды.

Сөзіңе жауап бермесе –
Арамдықтың белгісі.
Қолыңда дүние жоқ болса –
Нашарлықтың белгісі.
Жиын топқа бармаған –
Жамандықтың белгісі.
Табансыз болсаң дарақы,
Бетіңнен алса әйелің,
Адамның келер өлгісі.

Жабысы озып, бәйге алса,
Ат иесі сүйінер.
Жүйріктіктің белгісі –
Жер таңдамай жүгірер.
Қарсыласса екі жау,
Қорқақтар жаннан түңілер.
Арсыз қонақ қондырсаң,
Ауылың түгел бүлінер.

Жайлаудың көркі келеді
Жайылып жатқан малменен.
Бұлбұлдың көркі келеді
Бұралған жас талменен.
Жігіттің көркі келеді

Сүйіп алған жарменен.
Дамылсыз торғай шырлайды
Бозала атқан таңменен.
Қарадай адам іше алмай,
Шайдың көркі нанменен.
Салқынның да тиет пайдасы
Сарытан ыстық жайменен.
Жарысып шауып ойнаса,
Баланың көркі тайменен.
Қырқаны қаптап жайылар
Ешкі-қоймен Қайып ерен,
Шұбала басса жарасар
Түйенің көркі нарменен.
Шілденің көркі жойылар
Ақ кірпік қырау қарменен.

* * *

Ауылдың көркі ашылар
Көкорай шалғын сазбенен.
Дарияның көркі ашылар
Саңқылдап ұшқан айналып
Акку, үйрек, қазбенен
Бітпес оңай қиын іс
Жалғыз-жарым азбенен.
Басыңды қосып кеңеспе
Кем ақыл, құнсыз жанменен.

* * *

Жүйріктің көркі ашылар
Суытып шапқан терменен,
Бір өткен соң өмірің
Қайта айналып келмеген.
Жаңартып жырды шығарар
Қаусырма жақ тілді сермеген.
Артымда қалсын бір нұсқа.
Берейін айтып термемен,
Қағазды көрсе, жата алмай,
Бүлкілдеп көмей жез таңдай,
Ақындар шығар пенделен,
Даңқымды естіп сыртымнан,
Ынтыққан адам көп екен.
Ақ қалпақ қырғыз елімнен,
Қартайтайсам да балларым
Таң атырып, күнді шығарар,

Бастайын ұзақ термеден.
Аман келер алыстан
Ажалы жетіп өлмеген
Ағайын-туған қор етер
Айтқаныңа көнбеген.
Ақылды туған азамат
Қиюын тауып қиыннан
Жаман істі жөндеген.

*Қырғыз тілінен аударған
Мәриям Хакімжанова*

АБЫЛҚАСЫМ АХМЕТЗАДА ЛАХУТИ

(1887–1957)

Тәжік халқының ақыны

Иран қызына

Өзіндегі сұлулықпен жауласамын мен енді,
Мейлі, ел-жұрт айта берсін, “бұл — есуас” дегенді.

О, Иранның алтын айы, о, жақұты Шығыстың,
Бүгін үнсіз басты төмен салғаның да дұрыс тым.

Бұған дейін құлың болып аяғыңа бас ұрдым,
Сені есірткен пандығыңды келмейді енді асырғым.

Бұған дейін құлдық ұрып, айта алмаған сөзімді —
Бар шындықты батыл айтып, тыңдатамын өзімді.

Қара меңің билей алмас бұдан былай, еркімді,
Сымдай түзу сымбатың да, таңғажайып көркін де.

Хош иісті қолаң шашың мойыныма оралмас,
Оқтай өткір от жанарың жүрегіме қадалмас.

Қашанғы енді ернінді аңсап отырайын қан жылап,
Шашыңды айтып күні-түні кешем қанша сандырақ?

Қашанғы енді мүсініңді сәмбі талға теңейін,
Қашанғы енді нұр жүзіңді айға ұқсата берейін?..

Жүзің — айдай, бірақ соны қайталаудан пайда не?
Сымбаттысың, бірақ одан басқа да жыр ойла де.

Құштар болған қара меңге досың емес, сезе біл,
Лтифатшыл жысқылар шуылынан безе біл!

Сұлуларды жырлай алам өзге ақындай мен-дағы,
Бірақ, түскі түл сағымдай бос сөздің жоқ салмағы.

Кірпігінді қанжардай деп теңегеннен не пайда?
Қастарыңды туған айдай дегенімнен не пайда?

Сырты ғана сұлу жанды мақтау — таппас жарасым,
Жақсылыққа құштарлығың қауесеттей тарасын!

Бәріне де сүйсіне біл, қол соза біл асылға!
Жылтыраған жалғыз көрік лайықсыз бұл ғасырда.

Әлем түлеп жатқан кезде жараспайды бұйығу,
Әйел азат болған елде пәрәнжіге тығылу.

Жеміс бермей, гүлдеу ғана емес саған сай көрік,
Шәйіттерге төк нұрыңды көкте толған ай болып.

Ұл мен қызың алсын сенен ұлағатты тәрбие,
Лайық Ана болу үшін өзің де бол Арға ие!

Не айтсаң да қағып алып, аузын бағып шешенің,
Жас сәбиің үніңді ұғып, біл еліктеп өсерің.

Ұл мен қызың ұлы еңбектің сырына әбден қанықсын,
Ел алдында еңбек ету — парызы ғой, соны ұқсын!

Біле-білсін — тоңмойындық жанын қорлау екенін,
Біле білсін — адал еңбек арын қолдау екенін.

Біреулерге үстемдік қып, біреуге көз алартып,
Еңбек етпей нан жегенше, өлгенінің өзі артық!

Сүйсін балаң бостандықты, ғылым, шындық, еңбекті,
Елге деген жан алауы жарқыратсын жер-көкті —

Сонда ғана ұлы анасың, қонды дей бер қолға құт,
Айың туып, әкелгенің Отаныңа мол бақыт!

Қаңтар, 1918, Стамбул
Орыс тілінен аударған Тынышбай Рахимов

Жамбылға

Шарықта, шырқа, ерікті бұлбұл,
Аялап еркін бақыттың гүлін!
Күмістей
жерге төгіп бір күмбір,
Жарастыр таңмен шабыттың нұрын!

Құлпыра түскен, келісе түскен
Бағыңды жырла, тындасын әлем.
Сүйсінсін жаның, жемісі піскен
Иіліп бұтақ тұрғасын әрең.

Теректі жырла: көкке өрлей бер деп,
Алаулай бер деп, гүлінді жырла!
Өзіңнің өнің кеткенде кернеп —
Құс біткен үнсіз үніңді тыңдар,
Таңдансын тегіс, ұдайы жаңғыр,
Қазақтың бұлбұл жырауы — Жамбыл!

1936

ЖЕҢІЛМЕЙТІН КҮШ

(Дастан)

Сен дауылды көріп пе едің, демінен
Соңына еріп ығатұғын табын да,
Жолында оның кездессе егер керуен
Енді қайтып оралмайды ауылға.
Тасты ысқырта гулетеді сұсымен,
Қауырсындай қалықтатып, шаңдатып,
Таулы ауылдың өтсе егер де үстімен —
Жер бетінен жоқ етеді сорлатып.
Ол күш қатал, ол күш сұмдық ылаңды,
Ылаңынан ешқандай сұм аспаған.
Естіп пе едің, көріп ие едің мұндайды —
Соңына тек қайғы, зардап тастаған?
Жолдағының бәрін жайпап зулайды,
Рахман да, рахым да тоспа одан.

Ол күш асау, мылқау әрі таскерен,
Бағытпен де ісі болмас, басқамен.
Ойға сыймас қаһарлы да, айқайлы,
Кездескеннің бәрін түгел жайпайды!

Қаһарланса теңіз тулап долдана,
Адам жанын мұздатқандай кенеттен,
Сен толқынды көріп пе едің дөй қара,
Күннің нұрын қою түнге тең еткен?
Қайықты да, кемені де — бәрін де
Қас-қағымда су түбіне жіберер,
Тап келген түс оның қатал кәріне
Қаңырап тек бос қалды деп біле бер.
Көбік қапса — гүл жайнаған жерің де
Шөлге айналып, болғаны де сор алап.
Ғаламдағы жойқын күштер легінде
Сонғы орында тұрған жоқ бұл ғаламат.
Есі ауысқан кеше ғана тегінде
Сол нөпірде бақыт бар деп санамақ.

Ол күш асау, мылқау әрі таскерен,
Бағытпен де жұмысы жоқ, басқамен.
Ойға сыймас қаһарлы да, айқайлы,
Жолдағының бәрін жойып жайпайды!

Темірінді, тасыңды да майдалап,
Нән ағашты бұйым көрмей аттаған.
Ырғап, жұла, бұзып-жара айдаған
Топан суды көріп пе едің қаптаған?
Түсі қашып оны көрген пенделер
Баспанасын тастай зытар аулаққа.
Аяу білмес, оған бәрі тең келер —
Бай, кедей деп, жатпайды ол таңдап та.
Еркексің бе, әйелсің бе — қарамай,
Әкетеді топан су өз жолында,
Тау етегін басқан кезде жағалай
Қайнатады жолбарыстың сорын да.
Иә, бұл күш дау айтпастай дара ғой,
Сай түсетін сынары жоқ оның да.

Бірақ бұл күш мылқау әрі таскерен,
Бағытпен де ісі болмас, басқамен.
Ойға сыймас қаһарлы да, айқайлы,
Кездескеннің бәрін түгел жайпайды!

Сен вулканды көріп пе едің, маңайға
Үрей, ажал, бақытсыздық таратқан?
Аққан суың — бу боп кенет тарайды
Аран ашып жалаңдаған сол оттан.

Тауыңды аңғар, аңғарыңды тобе ету
Вулкан үшін ештеңеге тұрмайды.
Есі шыға от боп ағып, лебі өтіп,
Айналаның бәрін жайпап жымдайды.
Бас қойса егер қатуланып ол аса
Жалынымен жер кеудесін тілімдер.
Алау тілі қай тұсты да жаласа —
Жанып біткен ауылдардың күлін көр...
Бұл сұмдықтан көкке де сүс тараса,
Теңізің де “өртей ме?” деп дірілдер.

Бұл күш асау, мылқау әрі таскерен,
Бағытпен де жұмысы жоқ, басқамен.
Ойға сыймас қаһарлы да, айқайлы,
Жолдағыны жойқындықпен жайпайды.

Көріп пе едің жарқыл қаққан жасынды,
Дүниеге төндіретін қорқыныш?
Жасын төгіп, бұлттарды үрей басынды,
Көк күркіреп, таппағандай ол тыныш.
Пілге түссе, денесі ауыр дегенде,
Сұлатады шыбын құрлы көрместен.
Түнгі аспаннан тауға ұрынса егер де
Тас кеудесін талқан етер, бөлместен...
Қаһары оның қаймықтырар қатулы
Батысты да, аңызакты шығысты.
Соққан жері — түзелместей уатулы,
Қатап, мерген, және сосын тым ұшқыр.
Кім біліпті қуат-күшін айтулы,
Бар апаттың құдайындай құрыш бұл!

Әттең, бұл күш мылқау, әрі таскерен,
Бағытпен де жұмысы жоқ, басқамен
Ойға сыймас қаһарлы да, айқайлы,
Кездескеннің бәрін түгел жайпайды!

Тағы да бір күш бар бірақ әлемде —
Бәрінің де қожасындай дер едім,
Теңдессіз ол, таласатын жоқ елде,
Сол жайында менің асқақ өлеңім!
Өз еркіне бар табиғат күшін де
Бағындырар, түгел билер, білген көп.
Жаңағылар — айыптылар, ісінде
Сезім де жоқ, ойы да жоқ, тіл де жоқ,

Қажет етсе — найзағайды тыңдатар,
Вулканның да демін мәңгі өшірер.
Жел бағынар, бұлт та иіп тіл қатар,
Толқындар да құлақ аса көсілер.
Білдің бе сен, бұл күдірет кімге тән? —
Ол — ұлы еңбек, иесінің есімі — ел!

Осы күште ерік те бар, ақыл да,
Ойлары айқын, зерек әрі батыл да.
Қырағы көз, қимылы да сенімді,
Не істесе де, көкейіңе қонымды.

Саған жұмбақ айтайын ба? Сан рет
Ақылманның өзі де одан алжасқан.
Жер бетінде әр сұмдықтың мәні көп,
Бірақ та олар емес сірә қолдасқан.
Біреуі жоқ, өз дегенін жасап ап,
Сол ісі үшін соңынан кеп күрсінген.
Жұмысшы қол қайдан ғана босамақ?
Өз ісіне еңбегінен нұр сінген!
Ойлап көрші, асқан осы даңқты
Зұлымдықпен кім өлтіріп зорлауда?
Бақ орнатқыш шебер қолы халықтың
Бұғауда әлде тиіс пе еді сорлауға?
Қасиетті, шын ұлы күш анық бұл,
Түскен неге қанды шенгел қолдарға?!

Осы күште бар ғой ерік, ақыл да,
Ойлары айқын, зерек, әрі батыл да.
Қырағы көз, қимылы да сенімді,
Не істесе де, көкейіңе қонымды.
Күдіретті, өршіл қайрат осы бір
Құлдық үшін соры қайнап көнуде.
Күштеп еңбек жасатып ап, расы бұл —
Рахатын басқа біреу көруде.
Оның ырыс-несібесін жау тонап,
Соғып жатыр озбырлықтың қылышын.
Сол қарумен құлға айналтқан қайталап,
Сатқындардың кесірінен жұмысын.
Сол айбынды күш-қуаттың мойнына
Көргенсіздік қыларқаны байланған.
Еңбегі — еш, табынуын қойды ма,
Діннің уы арылмастай бойды алған.

Жан жағынан қаумалаған сор мына:
Жоқтық көрген, езілген де, алданған.

Болса-дағы ол күште ерік, ақыл да,
Ойда айқындық, дегенімен батыл да,
Босай алмас әлгі сордан — түрмеден,
Көндігумен өте берсе күн деген!

Бірақ бұл күш, жарқын кескін, хас тұлға,
Еріксіздік шымылдығы жасырған,
Көтеріліп, қызыл тудың астында
Бостандықты алар жаудан басынған.
Қанаушының қанды алқымын сығымдап,
Таптап өтер ырымшылдық жыланын.
Бар ғаламға қожа дейтін тұғыр-бақ
Қонады оған күресумен, ұғамын.
Сол арқылы жоғалады әлемнен
Зорлығың да, жоқшылық та, алдау да!
Мұның бәрін көргің келсе егер де
Өңінде, дос, онда кара, жалған ба —
Ұлы Совет Одағына табиғат
Басын иген, енбек күші бар қолда!

Ондай күште ерік те бар, батылдык,
Көздері де тым қырағы, ақыл нық.
Еркін, бүтін, айнымайтын қалыппен
Не істесе де жасайды ол шабытпен!

1932

*Орыс тілінен аударған
Тынышбай Рахимов*

ТІЛЕУБЕРГЕН ЖҰМАМҰРАТОВ

Қарақалтақ ақыны

Толқында

Балалық өтті басымнан
Ұйқыда көрген түс болып.
Суда да жүздім жасымнан,
Көкке де ұштым құс болып.

Шыжыған шаңқай түстерде
Теңізде жүздім балықтай.
Денемді жастық күш кернеп,
Ойнадым мен де жалықпай.

Жылдарды бүктеп жібектей
Өткіздім бастан талайын.
Көрілік алда түнектей,
Бұлдырайды енді қарайып.

Аралға келдім оралып,
Көзімнен ытқып жас шықты
Назданды толқын бұралып,
Түсіріп еске жастықты.

Теңселіп теңіз бұлқынған
Созады көкке өр төсін.
Тігеді кесте толқыннан,
Жамылдым жасыл көрпесін.

Басыма моншақ шашады
Толқындар қатар тізілген,
Жалт беріп кейін қашады
Бір-бірінің ізімен.

Алдыңан шығып қамалап,
Бірін-бірі қуады.
Қас қаққанша балалап,
Толқыннан толқын туады.

— Тартынба, теңіз, солқылда,
Құмарым қанды күшіңнен.
Туғанмын мен де толқында,
Сүйсіндім қатты ішімнен.
Айттым мен сонда достарға:
— Жастығым қайта оралды-ау.
Шыққандай сұлу асқарға
Жаным бір нұрға оранды-ау.

* * *

Аңқау десем, ақылы
Асқан шықса — қайтермін?

Менің доспын дегенім
Дұшпан шықса — қайтермін?

Менің салақ дегенім
Ұста шықса — қайтермін
Менің алтын дегенім
Мыс боп шықса — қайтермін?

Менің жақсы дегенім
Жаман шықса — қайтермін?
Менің ғалым дегенім,
Надан шықса қайтермін?

Менің шынжау дегенім
Палуан шақса — қайтермін?
Шамалаған аз ойым
Жалған шықса — қайтермін...

Қуаныш пен уайым (Терме)

Тау бар жерде бұлақ бар,
Көз бар жерде — құлақ бар,
Құлақ бар жерде — көз болар,
Ел бар жерде — сөз болар.
Мола бар жерде — мұң ән бар,
Ұрыс бар жерде — құрал бар,
Мақта бар жерде — шігіт бар,
Қыз бар жерде — жігіт бар,
Көл бар жерде — балық бар,
Су бар жерде — халық бар,
Күн бар жердің — түні бар,
Ел бар жердің — міні бар.
Білгір бар жерде — надан бар,
Жақсы бар жерде — жаман бар,
Жорға бар жерде — жортақ бар,
Батыр бар жерде — қорқақ бар.
Қосшы бар жерде — басшы бар,
Тұщы бар жерде — ащы бар.
Той бар жерде — жырау бар,
Өлім бар жерде — жылау бар,
Қылмыс бар жерде — жаза бар,

Жан бар жерде — қаза бар,
Қуаныш пен уайым —
Егіз туған ағайын.

Не жетсін!

Сен найзагер болсаң да,
Шайқаспағанға не жетсін?
Жұлқысып ош алсаң да,
Айқаспағанға не жетсін?

Біреу сені сөкпесе,
Сөкпегенге не жетсін?
Абройыңды төкпесе,
Төкпегенге не жетсін?

Ешкім саған тимесе,
Тимегенге не жетсін?
Өңменіңнен түймесе,
Түймегенге не жетсін?

Бармайтын еш қастыққа,
Ақылдылыққа не жетсін?
Адам үшін достыққа
Жақындыққа не жетсін?

Менмендіктен құтылған
Батырлыққа не жетсін!
Жақсылыққа ұмтылған
Татулыққа не жетсін!

*Қазақшаға аударған
С.Жиенбаев*

САЙФИ ҚУДАШ

(1894–1971)

Башқұрттың көрнекті жазушысы

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ІЗІМЕН

Естеліктер

Қазанғұл жотасы

I

*Сырқат жанның бәрі бірдей өлмейді,
Адасқандар жолын ақыр жөндейді.*

.....
*Игіліктің жалын ат қып өзің мін,
Жан аяма, қамыңды ойла өзіңнің.*

Ғ.Тоқай

Менің туған ауылым — Келәш, бұрынғы Самара — Златоуст гемір жолынан жеті шақырым жерде. Біздің үйіміз ауыл мекендеген тау баурайында және ең шеткі көшені жанап этетін сайдың қабағында. Егер осы үйден шығып, біздің ауылға ең жақын жердегі Юматово станциясына барғын келсе, қақпадан шығып, он қадам жүрген соң, бір жіңішке өзеннен әтуің керек. Бұл өзен біздің үйдің екі жағын орап ағады. Станцияға атпен барғанда өзеннен өткен соң, Садри тығырығынан жоғары өрлейсің. Ат қадірін білген кісілер бұл қабақтан өрлегенде әсте арбаға отырмайды. Өзеннен өтісімен-ақ арбадан секіріп түседі. Көрі-құртан адамдардан басқалары — келіншектер, қыздар, жас-жігіттер арбада отырып қалмайды.

Бұл тығырық сені енді Шырша көшесіне алып шығады. Ауылдың күнбатыс жағын алып созылып жатқан бұл көше Қазанғұл жотасына көтеріледі. Ауылдың жақсы аты бар кісілері де бұл көшеден жоғары өрлегенде аттарын аяндатып қана өтеді. Сондықтан да Қазанғұл жотасындағы мешіт орманының шетіне жетпей тұрып, айналадағы әсем көріністерге көз жіберіп, тамашалай алмайсыз. Бұл жерде мынадай бір деректі айта кетейін: 1912 жылы Мәжит Ғафуриды қарсы алуға барғанға шейін мен бұл станция мен темір жолды жақыннан көрмеген едім. Арада бір жыл өткенде, яғни 1913 жылы, 19 жасымда ауылдан бақыт іздеп шыққанымда ғана алғаш рет поезға міндім.

Поезбен жүру дегеніңіз әншейін бір оңай жұмыс екенін біліп, әбден үйреніп алған соң, біз станцияға көбінесе жаяу баратын едік. Бұл кезде енді сенің қақпаңның да, Шырша

көшесінің де қажеті болмай қалды. Енді қораның артындағы шетеннен және оның бойындағы қалың қалақайдың арасында шымырлап ағып жатқан әлгі жіңішке өзеннен секіріп өтесің де, “Түбектен” асасың, екі көшені бөліп тұрған терең сайдың бойындағы бұраң соқпақпен жоғары өрлейсің.

Міне, сен енді сол жотаға шығысымен қараңғыдан жарыққа, жердің астынан үстіне шыққан адамдай сезінесің. Төрт тараптың қайсысына айналып қарасаң да, көсіліп жатқан кең жазық, сиқырлы әсем көріністер көзіңнің жауын алып, жүрегіңді баурап әкетеді. Дим өзені күнбатыста ұлы қорғандардай тізіліп тұрған Қараякуп қайқаңын жалаңаш қылыштай ортасынан қақ жарып өтіп, мұңлы пішінмен баяу жылжып, Ақеділге қарай жол тартады. Оңтүстікте Оршек терек орманы мұнарланып көрінеді. Солтүстікте Опте жөке тоғайы қарауытып, шалқып жатады.

Ақманай көліне апаратын егістік жолынан сол жаққа қия қабаққа шығасың. Міне сонда тұрып, күншығысқа қарасаң, отыз шақырым жердегі Уфа қаласы сенің көз алдында самсап тұра қалады. Уфаның ең биік үстірт жеріндегі су құбырының зәулім мұнарасы ертегінің алып батырындай алыстан айбарланып көрінеді. Жас шағымда осы қабаққа қона жатып егін айдаған уақытта, қараңғы түндерде Уфа жағынан көз алмай ұзақ қарап тұрғаным бар. Уфаның көшелерінде қалт-құлт жанған фонарьдың шала-жансар оттары алыстан елестеген үміт отының ұшқынындай көрінетін маған, ал ол кезде Уфа маған өмірдегі бір жай ғана қала емес, әлдеқандай құпия сырлы, сиқырлы дүниедей көрінетін.

Міне сол үміт отының ұшқынын шашқан сиқырлы қалаларға және адамдарды біздің қиялымыздай кең де сұлу атыраптарға алып кететін поездар жолы – Мәжит Ғафури жырлаған ұзақ “Сібір темір жолы” біздің ауылды жанап аққан Дим өзенінің сол жағын қапталып өтеді. Бұрынғы өткен заманда туған жерінен бакыт таба алмай, дағдарып, күйзелген және “алла бөліп берген” мардымсыз ырзығына місе тұтпаған тынымсыз жандар жаяулап, не болмаса поездардың ең арзан вагондарына жайғасып, Уфа оттарындай алыстан ұшқын шашып шақырған бейтаныс қалаларға сапар шегетін.

Темір жол станциясы біздің ауылдан ұрымтал жерде. Екі арадағы жол бойында неше алуан ғажап әдемі көріністер көзіңнің жауын алып, Юматово Қазангүл жотасынан самсап көрініп тұрады. Бірақ оған барып жету оңай соқпайтын. Сол екі арадағы жеті шақырым жерге жеткенше сен жеті сайдан өтесің. Ойлы-қырлы соқпақтарды бойлап жүрсен, Дим өзенін арбамен кешуге тура келеді. Сәті түсіп, арбамен жүре қалсаң, жолды одан сайын ұзартыңқырап, Лекарьевка селосы арқылы асасың. Неге десеңіз, Дим өзенінің осы селодан басқа жерінде

атымен көпір заты жоқ. Майысып, қаусап тұрған осы қалтылдақ көпірден өткенде сен өзінді баяғы молдалар айта беретін тамұқ үстіне салынған қылдан жіңішке, қылыштан өткір зират көпірінің үстіндегі күнәкәр адамдай сезінесің. Көпірден аман-есен өтіп алған соң, көңілің көтеріліп, келер жолда кездесетін батпақты, сазды қиын жерлерді батыл кешуге құлшынасың. Сонда сен станцияға қалай жеткенінді де сезбей қаласың. Енді сен қалтандағы қаржың мол болса, қалаған вагоныңа отырып, ұзақ жолмен дүниенің төрт тарапына қарай сапар шегуге де барсың!..

Ойлап қарасам, адамдардың өмір жолдары да біздің ауылдан темір жол станциясына апаратын жолға ұқсайды екен. Сенің туған үйің ауылдың бір көтеріңкі жерінде болуы және дүниедегі ең үлкен, ең жарық ол үйдің терезелері болуы мүмкін. Сен сол биік жерде тұрып және сол терезелерден аса қарағаныңмен бәрібір айналанды, сені ұлы жолдарға апарып қосатын жіңішке соқпақтарды көре алмайды екенсің!.. Міне, сол себепті, әннің азық салып берген жол дорбасын арқалап, өз үйіңнен кетуге, сілкініп, талаптанып, әйтеуір бір тарапқа – өмірдің Сібір темір жолы секілді кең де ұзақ, ойы мен қыры, шұқанақтары мен шұқырлары көп, толып жатқан бейнеті мен азабы бар жолға аяқ басу үшін ең әуелгі оның Қазангүл жотасына және биік қия қабаққа шығып айналаңа көз жіберуге тиіс екенсің!..

Мұрат-мақсатқа жетіп, асыл арманмен табысып, қауышу үшін өмірдің кең жолына шығуға әзірленген шағында әр адамның да өмір тарихында өзінің Қазангүл жотасы, биік қия қабақ сияқты жол басы болса керек. Әйтсе де адамдардың өмір жолдары мен тағдырлары әр алуан болғаны сияқты, олардың тіршілік характертері де түрлі-түрлі болады. Мәселен, әке-шешеден бірдей айрылып, тұлдыр жетім болып қалған, қолдан-қолға ауысып, құл орнына сатылуға мәжбүр болған қаршадай Ғабдулла Тоқайдың ең ақыр-аяғында Орал қаласындағы әпкесі Ғазизаға барып паналауы, болашақ ақынның өз өмірін сақтап қалуына, оқып, білім алуына меніңше зор себеп болды. Мәжит Ғафуридың тағдыры да дәл осындай. Ауа райының қандай болуына қарамастан, гүлден гүлге қонып, шырын іздеген бал арасына ұқсап, медреседен медресеге ауысып жүріп, ақырында жаяулап Троицкіге баруы, оның жан-жақты өсуін, ұлы жолға түсуін қамтамасыз еткен бір биік саты болып табылады.

Мен де 1913 жылы, тәжірбелі оқытушы Харис Үтәғұлов басқарған Келәш мектебінде бір қыс оқытушылық еткеннен кейін, бақыт іздеп ауылымнан кеттім. Үш жыл қазақ

даласында бала оқыттым. Мен осы оқиғаны айнала төрт тарапты алақанымдағыдай көруіме жәрдемдескен Қазангүл жотасындай биік бел-белеске балаймын. Біз сияқты езілген, артта қалған ұлттардың балалары үшін заманның ең бір алдыңғы қатарлы оқу орны болып саналған “Ғалия” медресесіне оқуға түсуімді мен туған ауылымның сыртындағы биік шоқыға шығуыммен тең көремін. Ауылдан кетіп, қазақ даласында оқытушы болуым менің келешек өмір жолым мен тағдырымды айқындап берген бір маңызды оқиға болды деп білемін. Сонымен қатар, үш жыл бойына қазақ халқымен етене араласып, қазақ әдебиетінен, оның музыкасынан және жырынан нәр алуым менің әдеби жол-сапарыма игі әсер етті. Соның нәтижесінде мен кейбір бастапқы машық әдеби шығармаларымды қазақ ақындарына еліктеп қазақ тілінде жаздым. Мәселен, 1913 жылы “Жұмбақ”, “Өзіме” атты алғашқы әдеби машық шығармаларымды қазақ ақыны Нұржан Наушабаевқа еліктеп жаздым. Сол жылдардан бастап мен жалпы қазақ әдебиетінен әсте қол үзген емеспін. Оның негізгі туындыларын әрқашан қызыға оқып, көз жазбай қадағалап келдім. Жиырмасыншы және отызыншы жылдарда мен “Ғалия” медресесінде бір сыныпта оқыған сабақтай серігім – жазушы Бейімбет Майлинмен жанқияр дос болып едім, кейінгі жылдарда Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Сейтжан Омаров және Жұбан Молдағалиев сияқты жазушылармен жан аяспайтын дос болдым. Абай, Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков және басқа қазақ жазушыларының шығармалары, қазақ поэзиясының антологиялары менің кітапханамды безендіріп тұр. Мен қазақтың ән-күйлерін радио арқылы Алматыдан рахаттана тыңдап, әрдайым құмарымды тарқатамын, жанымға ләззат аламын.

Өмір жолдарының қазақ даласымен қабысып, үштасуы, әдеби машықтардың онымен тығыз байланыста болуы мен сияқты жеке жазушыға ғана тап болған дара жағдай емес. Сондай-ақ, мұның өзі мен секілді өмірінің жастық шақтағы жолдары қазақ даласы арқылы өткен бірсыпыра татар мен башқұрт интеллигенциясына ортақ жағдай. Оның бер жағында, реалистік жана татар һәм башқұрт поэзиясының алғашқы қарлығаштары – талантты ақын Ақмолла, кейінде Мәжит Ғафури, Шайхзада Бабич және Даут Юлтайлар өздерінің алғашқы шығармаларын қазақ даласында оқытушылық еткен шақтарында жазды. Ғабдолла Тоқай және Ғалымжан Ибрагимов сияқты ұстаздарымыз да қазақ халқының аса

бай фольклорының кәусар бұлағынан сусындап, мол нәр алған.

Қазақ арасында, Орал қаласында он жылдан аса өмір сүрген Ғабдолла Тоқай қазақ халқының ауыз әдебиетін аса зор ықыласпен үйренген. Сондықтан да Тоқай 1907 жылы жазған “Өлеңдеріміз” атты мақаласында қазақ жырларының ерекшеліктерін аса зор сүйіспеншілікпен атап өтіп, қазақ поэзиясын өте жоғары бағалайды.

Бірсыпыра қазақ ақындары татар медреселерінде оқыған шақтарында татар әдебиетінен үйреніп, оның игі әсерімен жаза бастаған. Ал, кейбір татар және башқұрт жазушыларына қазақ поэзиясы мен ауыз әдебиеті кезінде күшті әсер еткен. Мәселен, көрнекті башқұрт жазушысы Даут Юлтай 1913 жылы Ақтөбе аймағындағы қазақтар арасында оқытушылық еткен. Ол бірсыпыра өлеңдерін қазақ арасында жазған. Бұл ретте ақынның өзі: “Менің ақындық өнерімнің өркен жаюына қазақ сахарасы ұлан-байтақ машық алаңы болды. Менің қазақ ақындарына еліктеп жазған ұзақ дастандарым да бар еді”, – деп жазды.

Дәл осындай ортақ тағдырды басынан кешірген қарт журналист, әрі заң қызметкері Шакир Мұхаммадияров маған жазған бір хатында: “...Қазақ сахарасы бұрынғы замандағы татар мен башқұрттың кедей шәкірттері үшін ырзық бұлағы, оқып білім алуына ақша қазынасы болды. Қазақ халқы біздің тамағымызды тойдырса, біз оған қолымыздан келгенінше ағартушылық нұрын себуге тырыстық”, – деп жазады және өзінің қазақ даласында өткізген күндері жастық шақ дастанының ең әсем беттері екенін атап көрсетеді.

Өмір кітабы қалындап кеткенде, оның жастық шақтың қызықты дәурені жазылған беттерін кім қызығып қайта оқымайды дейсіз? Міне, сондықтан да мен жастық шағымның Қостанай, Петропавл, Торғай далаларында өткен және бүкіл өміріме әсер қалдырған жылдардың іздерін тағы да басып өтсем-ау деген арман-тілекпен көп уақыт өткіздім. Бірақ, амал қанша, толып жатқан мінәйі себептермен бұл мақсатым жүзеге аспай қала берді.

Мәжит Ғафури және оның замандастары турасындағы естеліктерімнен құралған “Есте қалған минуттар” атты кітабым башқұрт, татар һәм орыс тілдерінде басылып шықты. Оны Башқұртстанда, Татарстанда һәм Қазақстанда жылы қарсы алды. Москва, Қазан, Уфа, Алматы және Қостанай баспасөздерінде бұл кітапқа жылы лебіздер айтылады. Бірсыпыра көрнекті жазушылар мен ғалымдар бұл кітапты мақтап маған арнайы хат жазды.

Кейбір жолдастар бұл кітапта мен өзім туралы өте саран жазғанымды атап айтады. Онысы рас. Егерде мен өзім туралы қыруар деректерді кітаптың кез келген жеріне араластыра берсем, әдептен озып, шығарманың мазмұның сұйылытып жіберген болар едім де, басқа маңызды оқиғалар көлеңкеде қалып қояр еді. Оның бер жағында, бұл кітапта суреттелетін дәуірде мен асыл арманның үшқыр қанатына мініп, ит арқасы қияннан бақыт іздеп жүрген балғын жас шәкірт едім. Революциядан кейінгі жылдарда да М.Ғафури, Ғ.Ибрагимов, С.Рәмиев, Ф.Әмирхан, Ғ.Камал, Ш.Бабич және Ш.Камал сияқты ақындармен салыстырғанда мен жаңа жаза бастаған жас жазушы дәрежесінде ғана болатынымын.

Алайда, әлгі кітап жөнінде жазылған хаттар мені ойға қалдырды. Әсіресе қарт жазушы Махмұт Мақсұт жолдастың маған арнап жазған хаты топырақ арасында қурап жатып, өнбей қалған бидай дәнінің берекеті ылғалмен қоректеніп жарық дүниеге жарып шыққанындай болды маған. “...Бұл кітабында өзін туралы жазуыңа болатын еді, – дейді ол, – мәселен, сен туған ауылыңнан кеткеннен кейін “Ғалия” медресесіне қайта айналып келгенше өткізген үш жылыңды сол қалпымен жазбай қалдырып кетіпсің. Кітапта сол жылдарды жазып, сондағы оқиғаларды толығырақ беруің керек еді”.

Мен бұл кітапты әдейі солай жаздым. Неге десеңіз, егер де мен әлгі ашық қалған үш жылдың орнын толтырамын деп, сондағы басымнан кешірген оқиғаларды шетінен тізе берсем, онда шығарманың нұсқасы бүтіндей өзгеріп, негізгі тақырып болған мәжит Ғафуридан алыстап кететін едім. Демек, онда мен естелік жазатын кейбір жолдастарға ұқсап, өзімді аспанға көтеріп, тым асқақтап кеткен болар едім.

Әйтсе де, қаламдас жолдастардың маған айтқан түбегейлі ақыл-кеңестері мен келелі ұсыныстары турасында ойланып қарағанымда, жаңа бір шығарманың жоба-жоспары барлыққа келді. Жастық шағымда қазақ даласында жүрген кездегі естеліктерімді жазуға ниет еттім. Бұл ойымды қаламдас достарыма айтқанымда, олар құп алып, мақұл көрді де, мені кітап жазуға шабыттандырып, талпындыратын жақсы-жақсы ой-пікірлер қосты. Есте қалған оқиғаларды ақтарып, ой толғадым да, болашақ шығарманың жоспарын жасадым. Енді білек сыбанып іске кірісіп, жазсам да болатын еді. Алайда, менің бұл кітапта баяндайтыным бұдан елу жылдан бұрын болған оқиғалар. Оның үстіне, қазақ халқының менің зердемдегі кейбір әдет-ғұрыптары мен жосық, жоралары көмескі тартып, ұмытыла бастағанын сездім. Кейбір

оқиғаларды сол жерге барып зерттеу, анықтап, айқындап алу қажет болды. Замандастарыммен, сол кезде өзімнен оқыған шәкірттеріммен кездесермін деген үміт пайда болды. Сапарға шығуға мінсіз әзірленіп болғанымда, 1958 жылдың 18 шілдесінде кенеттен науқастанып қалып, ауруханаға түстім. Әйтсе де, Қазақстанға бару талабым әсте бәсеңдемеді, “Есте қалғандар” турасында дәйім ойланып, толғанумен болдым.

II

1913 жылғы март айының орта кезі. Жер-дүниені қалың қармен айқара жауып тастап, тынысты тарылтып, үскірігін ақыртып, өктемдігін жүргізген ақсақалды, қаһарлы қыс аяғын апыл-тапыл басып, күлімдеп келе жатқан бала көктемге оңайлықпен дес берер емес. Алайда, түн түнегін қақ жарып, күншығыс көк жиектен шұғыла шашып қылаң берген таң сәулесіндей барған сайын молайып, қанатын жайып, қатқабат тоңын жібіте бастаған, жер жүзіне қуаныш тамшыларын себелеген мейірімді көктем бірте-бірте үстемдік алып, жиһанға әмірін жүргізе бастады. Көкжиекке нұр кірпіктерін қадап, аспанға өрлеген мейірімді күнді қарсы алып қара торғайлар сайрай бастады.

Олар мұқым елді еңбекке шақырады. Сұлу көктемді мадақтап, көгершіндер улейді, қуанғанынан айқай-сүрең салып, әтештер шақырады, қаздар қаңқылдайды. Суық торғайлар қыстай монша көрмеген адамдардай көктемгі қар суына еркін аунап-қунап жуына бастады.

Табиғат жарықтық осындай көрікті көріністерін бірте-бірте молайтып, жер-жаһанды балбырата бастағанда мен осынау қартаң тартқан тарлан шағымда жеткізген ұзақ жол-сапарымның алғашқы қадамдарын аттадым. Бүгінгідей әлі есімде. Сондай жайма-шуақ күннің сәл қатқак бола бастаған бір кешінде оқытушымыз Харис Үтәғұлов ағайдың үйіне бардым. Көшеге шығысымен-ақ мен көктемнің хош иісін онан сайын аңқыта бастағанын, сонымен бірге, қанша иіскесең де құмарың қанбайтындай бір түрлі ғажап иіс пайда болғанын сездім. Көкірегімді толтырып таза ауаны сіміре бергім келеді. Көктемнің таза ауасын жұтқан сайын тынысым кеңіп, көңілім көкке шарықтап кетті.

Мен сол күні шексіз бақытты едім. Неге десеңіз, әтиім мен әниім маған бақыт іздеп алыс жерге кетуіме рұқсат беріп, тілек-баталарын айтты. Қалай дегенмен, шал мен кемпірді көндіру оңай болған жоқ. Олар бір сөйлескенімде кетуіме ризалық беріп еді, енді бірде уәделерінен айнып қалды.

Әсіресе әни марқұм қайдағы бір сары уайымды жаудырып, көнбей отырып алды.

Сол жылдарда Ғаффә деген кемпірдің баласы Мәғалимнің аянышты өлімінен міскін аналардың жүректері шайлығып қалып еді. Осы аянышты өлімнің салдарынан көкіректеріне байланған қайғы әлі тарқамаған-ды. Біздің ауылда, біздің көшеде бірінен-бірі өткен үйелмелі-сүйелмелі бес ұлы бар Ғалиахмет дейтін кедей адам тұратын. Оның Мәғалим дейтін ұлы өте көрікті, сүйкімді еді. Ол қаршадайынан көршілес орыс селоларында мал бағып, тентек болып өседі. Ержете бастағанда бірнеше жыл Өршәк алпауытында жалшылықта жүреді де, оның қысым-қиянатына шыдай алмай, белгісіз бір алыс жерге қашып жоғалып кетеді. Содан ол бірнеше жылдан кейін ауылға қайта оралады. Үстіне қызыл сәтен көйлек, қара бешпент киіп, беліне қайыс белдік буынып, аяғына айнадай жалтыраған қара етік, басына қара фетр қалпақ киіп келеді. Қияпаты, мінезі, бүтіндей өзгеріп, бір ойлы жігіт қалпына түсіп қайтқан Мәғалим ағай өзі теңдес жастардың ойындарына араласпай, орта жасқа келіп қалған сарыкідір кісілермен сөйлесіп, солардың әңгіме кенестеріне қатынасады. Арада бір апта уақыт өтер-өтпесте ауылға становой пристав пен урядниктер келеді. “Мәғалим Сабаев Өршек алпауытының бүкіл семьясын бауыздап қырып кетіпті...” деген жан түршігерлік хабар бүкіл ауылға тез тарайды. Келген әкімдер Мәғалим ағайды іздеп ұстап алып, Уфа түрмесіне қамайды да, ақырында өлім жазасына үкім етіп, дарға асып өлтіреді.

Мәғалимнің өліміне біреулер сүйсініп, табаласа, енді біреулер таңданып, таңдай қақты, тағы да біреулер күйзеліп қасірет шекті. Зор кеуделі, өткір мінезді әйел – Ғаффар кемпір бұл оқиғадан кейін белі сәл бүгіліп, басы иілгендей болып еді. Әйтсе де, ауыр қайғы оның тәкаппар басын төмен еңкейте алмады.

Мен алыс жерге кетем десем, әниім Ғаффар кемпірдің Мәғалимінің шет жерде жүргендегі аянышты оқиғасын айтып, азарда-безер болады.

– Шетте жүрген кісіге кім кездеспейді, кім жолдас болмай-ды, әлдеқандай бұзық біреулерге тап болып, азып-тозып кетсең, өле-өлгенше тарқамайтын қайғы-қасіретке душар етерсің, – деп әниім әбден зықымды шығарды.

Сасқанымнан, бұл іске Харис ағайды араластырдым. Оны шайға шақырайын деген сылтаумен үйге алып келдім. Ол сөз арасында орайын тауып, әтиіме менің басқа жерге кетуім турасында айтты. Әниім оның сөзін перденің тасасынан

мүқият тыңдап отырған. Осыдан кейін ғана әниім маған жолға керек-жарақтарын әзірлей бастады. Қайда барсаң да тоқ жүруіне ырым болсын деп, жолға жаңа піскен таба нан беріп жібермекке сол күні кеште қамыр иледі.

Жолға шығуға сақадай сайланып, белімді бекем байладым. Әтиім мен әниімнің рұқсатын алдым. Енді бүгін оқытушыммен қоштасып, батасын алуға және Троицк қаласындағы бір таныс халпесіне маған көмектесуін сұрап жазатын хатын алуға барамын. Харис ағай хатын әлдеқашан жазып, маған айтатын ақыл-кеңесін де сайлап қойған екен. Мен көктемнің хош иісін құмарлана сіміріп, рахаттанып, алшаң басып барсам, ол Тоқайдың бір өлеңдер жинағын іздеп, дереу тауып алды да, кітаптан әлдеқандай бір өлең басылған бетін ашып, шетін бүктеп, алдына қойды. Мен үстімдегі тонымды шешпедім, ол да шешін деп мені қыстаған жоқ.

— Мен жолға шығуға әзірлендім. Таң ата жүріп кетемін, батаңызды алайын деп әдейі келдім, — деп шапшаң сөйледім. Сол мезетте кенет көңілім бұзылды. Соңғы сөздерім аузымнан шашырап, толқып шыққанда, менің қазіргі сәттегі көңіл күйімді аңғарған Харис ағай Тоқайдың өлеңдер жинағын ашты да, “Өмір” деген өлеңін дауысын шығарып оқи бастады. Осы сәтте мен әлгі өлеңге толқып бет әлпетім бүтіндей өзгеріп кетті. Харис ағай өлеңді оқып бооды да, маған жайлап тіл қатты:

— Мен сені Тоқайға ертіп жіберейін, — деді ол толқып, — білесің ғой, ол өмірдің небір ауыр тауқыметтерін тартқан кісі. — Қапсыра құшақтап, маңдайымнан сүйді де, жазған хатын қолыма ұстатты. Енді онан сайын босап, толқымайын деген оймен кетуге асықтым. Салқын ауалы көшеге шығып, бойымды бекітіп алдым. Көктемдегі жалтаң салқын түннің көгілдір аспанындағы жартылай толған ай мені жымыңдап қарсы алғандай болады.

Пальтосын арқасына айқара жамылып, мені ұзатқалы шыққан Харис ағай:

— Қош бол, саған сәт сапар тілеймін! — деп артымнан дауыстап қала берді.

Харис ағайдың бұл сөзі үйге жеткенше, тіпті одан кейін де үнемі құлағымнан кетпей қойды. Өмірімнің осы бір сәттері есіме түскенде, ұзын қара мұртты Харис ағайдың сәл еңкіш тұлғасы көзімнің алдына келеді. Қараңғы, надан ауылда, өте қиын жағдайда пайдалы білім берген, игі ақыл-кеңесін айтып, ұлы жолға шығарып салған қадірлі ағаның сондағы айтқан сөздері осы уақытқа шейін зердеме сайрап тұр. Осыны еске алсам, Харис ағайдың алдында өтелмеген қыруар қарызым бардай сезінемін.

Ұзын жолды қысқартқанда

Он алтыншы тамыз.

Кеше біз Жетікөлге кеш келіп, Файзолла Жақсылықовтың үйіне түстік. Оның жұбайы татар қызы Мәриям ханым шай қайнатып, ас әзірлеп бізді күтіп отыр екен. Үй иелерімен түннің бір уағына шейін әңгімелесіп отырып, өте кеш жаттық. Мана біз келген әзірде аспанды бұлт торлап, найзағай жарқылдап, ауа ыстық моншадай дымқылдана бастап еді. Бозарып таң білінген мезгілде мен жақыннан күркіреген дауыстан шошып ояндым. Бір қалыпта жайлап жауған жаңбыр сыбдырын тыңдап жатып ұйқым шайдай ашылып кетті. Таң сәулесі молая бастағанда киініп тысқа шықтым.

Таза ауада еркін дем алып, айнала атырапқа сұқтана қарап тұрмын. Аудан орталығының тұрған жері ойпаң болғандықтан, түні бойы бір тоқтамай құйып жауған жаңбырдан лайсаң болып, былжырап кеткен шығар деп ойлап едім. Көз жетер жерде іркілген су көрінбейді. Көптен бері шаңытып, шөлдеп қалған жер жарықтық жаңбыр суын лезде бойына тартып алыпты. Ыстық соғып, шөліккеп қалған бар табиғат жаңбырға мейірі қанып, құлпырып кетіпті. Ауадағы күйік иісі, мұнарланған көк түтін шымылдығы зым-зия жоғалыпты. Құр атқа мінгендей құлдырандап, еркін дем алып тұрмын. Көкжиекті айнала көмкеріп, дамылдап тұрған көк торғын бұлттар, жаңбырға шөлі қанып балқып жатқан жер жаныңды әсем жырға бөлейді.

Жетікөл ауданының орталығы ұсақ көлдерінің арасына қоныстанған шағын поселка екен. Ол осы уақытқа шейін біз көрген аудан орталықтарының бәрінен де көрікті, тап-тұйнақтай. Жаңа салынған мектеп, аурухана, магазиндер поселканы безендіріп тұр. Маған бәрінен де, жаңа салынған, сағушысыз кітап магазині қатты ұнады. Жапырағы жайқалған бойшаң жасыл теректер мен үйеңкілер аудан орталығын көгерту ісі әлдеқашан қолға алынғанын тілсіз айтып тұрғандай.

Таңертеңгі шайдан кейін біз аудандық партия комитетіне барып, аудан басшыларымен әңгімелестік. Содан кейін Сәбит Мұқанов клубта өзінің оқушыларымен кездесті. Кең клубқа аудан басының кәрі-жасы лық толды. Жиналысты аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі ашты. Сәбиттің ұсынысы бойынша әуелі маған сөз берілді. Мен тыңдаушыларды жас башқұрт совет әдебиеттерінің өзара байланысы, бір-біріне тигізген игі әсері турасында қысқаша айтып, ақырында өзімнің Қостанайға келгендегі мақсатымды баяндадым.

Сәбит Мұқанов Англия, Жапония, Азия және Африка елдеріне барған сапарында алған әсерлерін келістіріп айтып берді. Қазіргі жазып жүрген шығармаларымен және келешектегі творчестволық жоспарларымен таныстырды.

Кездесу мәжілісі аяқталғаннан кейін бізді әдебиет оқушылар айнала қоршап алды. Бір топ татарлар менен Башқұртстан мен Татарстанның хал-жағдайын, жақын арада жарыққа шығатын кітаптар турасында және кейбір жазушылар жөнінде сұрады. Олар Уфа, Қазан радиоларының хабарларын үнемі тыңдайды екен. Уфа, Қазан филармонияларының әншілері осы жаққа келіп қайтса екен деген тілектерін білдірді. Көшеге шыққан соң орта жастағы бір кісі мені қолтықтап алды да, жалынышты дауыспен:

— Мәғфур Хисмәттуллин мен Фәридә Құдашеваның әндері жазылған пластинкаларды бұл жерден емге таба алмаймыз. Соларды неге аз шығарады екен? Осыны сіз барғанда айтыңызшы, біздің жаққа да жіберсінші. Өте ділгерміз! — деді.

Файзолла Жақсылықовтың меймандос семьясы бізге сыйқұрмет көрсетіп, бәйек болып жатыр. Енді көп ұзамай бұл үйден аттанамыз. Үй ішінің адамдарымен қоштасып, тысқа шықтық. Есік алдында ыдыс жуып отырған Мәриямның шешесіне рақмет айтайын деп қасына бардым да:

— Апай, сіз негізінде Қостанайдың байырғы тұрғыны боласыз ба? — деп сұрадым.

— Иә, Қостанайда туып өстім, — деді ол сыпайылап.

— Олай болса сіз, бәлки, Хабибулла Ибраһимов деген кісіні білетін боларсыз?

— Неге білмейін, жақсы білемін.

— Солардың Кәшифә деген қызының жайынан не білесіз? — деп сұрап едім, апай кенет ширығып кетті де, менің көзіме тік қарап, мұңды дауыспен:

— Ол әлдеқашан қайтыс болған, — деді.

Сөйтін, мен Қостанайда талай адамдарға берген сұрауымның дәл жауабын Жетікөл ауданынан таптым.

Бұл жақта келген қонақтарды алыстан қарсы алып, үйіне апарып салу дәстүрі бар екен. Жақсылықов пен Қожагельдин бізді Қостанайға шейін шығарып салды. Олар ізді Арақарағай орманының бір алаңқы жеріне отырғызып, қарбызбен сыйлады.

Біз басқа жерде кездеспейтін жақсы кітаптарды Жетікөлдің кітап дүкенінен таптық. Сәбит Мұқанов өзінің бірнеше кітабын осы дүкеннен сатып алып, маған сыйға тартты. Қазақ жазушыларының бір топ кітаптарын сатып алдым. Машинаға отырысымен профессор Есмағамбет Ысмайыловтың “Сын

және шығарма” деген кітабын оқи бастады. Мезгілсіз өліп кеткен талантты ақын Қасым Аманжолов турасында қазақ ғалымының тартым ой-пікірлері маған қатты ұнап кетті.

Найзағайдан қорықпаймын, өзім отпын,
Қысылуға дүниеге келген жоқпын,
Ленин айтқан еркін жүр, еркін бас деп,
Бұл дүниеден келеді еркін өткім, –

деп жырлаған, бақытты отанның құшағында еркін сайран салған өжет ақынның өмірі мен әдебиеті турасындағы кітап беттерін тебіренбей, толғанбай оқи алмайсыз. Арақарағай орманына келіп кіргенде бір шумақ өлеңін ішімнен қайта-қайта айттым:

Ойға батқан орман қалғып,
Төңіректің сырын аңдып,
Сыбырлайды ну қарағай
Ақырын ғана сырнай тартып, –

дейді сыршыл ақын.

Мен баяғыда Қостанай далалары мен осы Арақарағай орманын әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыз Қасен Құшпанов ағаймен бірге аралап едім. Торғай өңіріне барғанымда да қасымда сауатсыз қазақ Мұқан ағай болған. Мен енді бұл орманды осы аймақты қазақ халқының академик жазушысы, журналист, коммунист, қоғам қайраткері және ақыны, атақты Сәбит Мұқановпен бірге, жүйрік машинамен аралап жүрмін. Иә, қазақ халқының өткен өмірі мен бүгінгі өмірінің арасы жер мен көктей.

“Жолдасын жақсы болса, жолдың алыстығы білінбейді”, деген сөз бар қазақта. Міне сондай жақсы жолдастармен бірге жүрген жол-сапарым барған сайын қысқарып, менің көңіліме мұң көлеңкесі түсе бастады. Батыс көкжиекке қарай құдилап бара жатқан күн менің бұл сезімді онан сайын күшейтіп жіберді. Қостанайға жете бергенде біз Питомник совхозына тоқтап, атақты ағатушы-жазушы Ыбырай Алтынсаринның зиратына тағзым еттік. Қазір осы совхоз меншігіне көшкен жер бұрын Ыбырай Алтынсарин ауылының қонысы екен. Ыбырай 1841 жылы осы жерде туып, 1889 жылы қайтыс болып, ауыл зиратына қойылған.

Ағартушы және қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі болған Ыбырай Алтынсаринның зираты революциядан кейін, Совет өкіметі жылдарында тәртіпке келтіріп, үстіне құлпытас қойылыпты. Құлпытастың бір бетіне марқұмның:

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар, —
деген өлеңі қазақ және орыс тілдерінде жазылыпты.

Жаңа жоспар жасағанда

Он жетінші тамыз.

Қостанайға біз жаңбыр алып келдік. Жаңбыр түні бойы шелектеп құйды.

Бұл жақтағы жүретін жолдарымның көбі жүрілген жоқ, көруге тиісті адамдарымның көбі табылған жоқ әлі. Сәбит екеуміз кеше кешкісін де, бүгін таңертең де осы мәселе турасында кеңестік. Үйден кеткелі үздіксіз жол жүргендіктен қалжырап қалыппын. Бір жағынан жүрегімнің ауруы біліне бастады. Онымен санаспауға болмайды.

Енді Торғай жағына қалай, кіммен баруды да анықтап алуым керек. Редакциядан немесе облыстық партия комитетінен серік адам сұрауға батылым бармайды. Сәбит Мұқановтың өз шаруасы басынан асып жатыр. Ол Қазақстан партия активінің таяуда болатын жиналысында сөз сөйлеу үшін өзіне керекті материалдар алуға асығыс келген екен.

Сәбит маған облыстық партия комитетіндегі жолдастармен ақылдас деп кеңес берді де, мені сонда алып кетті. Бізді облыстық партия комитетінің хатшысы Ибраһим Женалаев жолдас қабылдады. Сәбит оған өзінің аудандардан көрген-білгендерін баяндады. Енді Сәбит менің шаруама орай:

— Сәйфи ағайдың баратын жерлері әлі көп екен. Ләкин қарт адамның денсаулығы да күзгі ауадай дембе-дем өзгеріп тұрады ғой. Күзгі желдер көбінесе біздің қаламаған жағымыздан соқпай ма! Мұны әрқашан еске сақтауымыз керек. Бұл кісі башқұрт, татар һәм қазақ әдебиеттеріне бірдей ортақ игілікті іспен алыстан келіп қалған екен. Егер де денсаулығы көтерсе, Қостанайда біраз уақытқа кідіретін болса, досымыздың жағдайына көз-құлақ болыңыз және қажет болған көмегіңізді көрсетіңіз, — деді.

Сәбиттің сөзін аса зор ілтипатпен тыңдаған Женалаев жолдас маған облыстық партия комитеті тарапынан не көмек қажет болса, аямайтынын, барлық жағдайды жасайтынын айтты. Егер қазір Торғай жағына бара алмасаңыз, қыста келіңіз деп кеңес берді. Ал, денсаулығым мұрша беріп, ол жаққа баратын болсам, самолетпен ұшырып, онда барған соң совхоздардың сәйгүлік аттарымен ел аралатуға уәде берді де, сөзінің соңында:

— Өте бір игі тілек мақсатпен ұзақ жолға шыққан екенсіз, творчестволық мол табысқа жетуіңізге тілектеспін, — деді.

Біз облыстық партия комитетінен тура “Коммунизм жолы” газетінің редакциясына бардық. Онда редакция қызметкерлерімен кездестік. Сәбит журналистерге өзінің шет елдерге барған сапары туралы қызық әңгіме айтып берді.

Революцияға шейін бүкіл Қазақстанда қазақ тілінде біренесаран ғана газет шығатын. Патша цензурасы ол газеттерді де қуалап, ақшалай айып салып, жиі-жиі сотқа беріп, күн көрсетпейтін. Қазір Қостанай облысының бір өзінде зор көлемді күнделік газет шығады. Облыстағы әр ауданның өз газеті бар. Бұрын бүкіл Қазақстандағы журналистер саны қазіргі бір ғана “Коммунизм жолы” газетінде істейтін журналистер санынан әлдеқайда аз болатын. Қазір бұл газетте шетінен жоғары және орта білімі бар, ысылған, іскер журналистер қызмет істейді. Редакцияда мен осыған сүйсіндім.

Бүгін біз Соколов-Сарыбай руднигіне барып қайтуды жоспарлап едік. Түстен кейін жүрегім шаншып, мазалай бастады. Өзім білетін ем-домды істеп, қаншама білдірмеуге тырыссам да, ауру жүрек бой беретін емес тіпті.

— Мұндай рудниктің талайын көріп жүрсің ғой, — деді Сәбит, — қазір онда заводтың заты да жоқ. Шығарылған рудаларды Орал заводтарына жібереді. Егер рудникті көргің келсе, бірнеше күн жатып тыныққан соң Сейіт Әбдібеков алып барар. Орнынан қолғалма. Жүрекпен ойнауға болмайды. — Сәбит осыны айтты да, жаңбыр құйып тұрғанда Соколов-Сарыбайға өзі жалғыз кетті.

Кісі аяғы басылып, телефон соғушылар біраз сиреген соң мен Сәбит Мұқановтың “Өмір мектебі” деген өмірбаяндық повесінің бірінші кітабын оқи бастадым. Сәбит рудниктен айналып келгенше мен оның “Алғашқы айтыс”, “Баймағамбет”, “Ғабдолла Тоқай”, “Нұржан Наушабаев” және “Абай Құнанбаев” деген тарауларын қызығып оқып шықтым.

Өте мол дәуірді қамтып, құлашты кең алып жазған бұл повесть сол кездегі қазақ өмірінің айнасы екен. Қараңғы қазақ даласындағы ескі өмірдің түн-түнегінде шарқ ұрған тынымсыз жас Сәбиттің Совет өкіметінің арқасында қалай үлкен жазушы, академик, мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткенін көргенде мақтаныш сезімім тасқындап, қуанышым шалқып кетті.

Қазақ совет әдебиетінің қарт буын өкілдерінің бірі болған және мол жемісті еңбек етіп, кесек шығармалар берген Сәбит Мұқановтың творчестволық жолы маған көптен мәлім. Оның бұл кітабы сол ұзақ творчестволық өмірінің жаңа беттерін

ашып берді маған. Бұл кітапты оқып отырғанымда мен баға жетпейтін бір қызық дерекке тап болдым. Сәбиттің жазба әдебиеттен ең алғашқы оқыған кітабы татардың халық ақыны Ғабдолла Тоқайдың өзі құрастырған және қайтыс болғаннан кейін 1914 жылы басылып шыққан бір томдық таңдамалы шығармалары екен.

Бұл кітапты Сәбитке “Ғалия” медресесінің шәкірті башқұрт Сахыпкереден мұсылманша оқып, хат таныған соң орысша оқып жатқан Баймағамбет Изтөлин деген жігіт жіберіпті. Ол Сәбитке жазған хатында Тоқай туралы былай деді: “Мен саған татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың жинағын жібердім. Басқа татар ақындарына қарағанда Ғабдолла Тоқайдың тілі бізге өте жақын және түсінікті...”

Сәбит Мұқанов бұл жинақтағы өлеңдерді зердесіне күйіп, жүрегіне түйіп алыпты. Болашақ ақын халықтың жоғын жоқтап, мүддесін қорғауды, оның дұшпандарын жек көруді әуел баста Тоқайдан үйреніпті.

Сәбит рудниктен түнгі сағат он екіде келді де:

– Кәйпің қалай? Жалғызсырап ішің пысқан жоқ па? – деді.

– Тоқайдың өзіне тигізген әсері турасында сондай сүйіспеншілікпен жазғаның маған қатты ұнады. Міне, сол сөздерің шипалы дәрудей, көңлімді көтеріп, сауықтырып жіберді, – дедім.

– Біз Абайдың әдеби перзенттеріміз ғой, – деді ол пальтосын шешіп жатып. – Ұлы Абай өзінің философиялық қара сөздерінің бірінде орыс, татар және өзбек халықтарының көнбістігіне, төзімділігіне, оқу-білімге және өнерге жету жолындағы өршіл талаптарына қайран қалады. Қазақ халқын осы халықтардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Ақылды әкенің сөзі баласына бұлжымайтын заң емес пе? Біздің қазақ халқының: “Өтіріктің күйрығы бір-ақ тұтам” деген сөзін жақсы білесіз. Татар әдебиеті қазақ әдебиетіне әсерін тигізбеді деген адамның тілі кесілсін. Өте-мөте Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибрагимов, Ғафур Құлахметов сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақын-жазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді. Жалғыз мен ғана емес, қазақтың Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Есмағамбет Ысмайылов және Жақан Сыздықов сияқты жазушылары мен ғалымдары да осы пікірді айтады. Татар әдебиеті және жеке татар жазушылары бізден басқа халықтардың әдебиетіне де әсерін тигізген. Мұның өзі түрікпен жазушысы Берді Кербәбаев, өзбек жазушылары Ғафур Ғұлам, Абдулла Калири және тәжік жазушысы Садриддин Айнилардың творчествосынан айқын көрінеді.

Мұның өзі бүкіл әлемге белгілі жәйт. “Үшкір біз қап түбінде жатпайды” дейді халық. Әдеби-тарихи оқиғалар үшкір біз емес қой асылы. Оның өзі миллиондаған дана болып басылып, бүкіл дүниеге тарап кетті. Оларды бүкіл халық біледі. Сондықтан мұндай белгілі нәрселер хақында айтыс ашып, бас қатыру ескі медресе шәкірттерінің әдеті, — деді.

Ертең ерте тұрып, тағы да бір совхозға барып келуіміз керек. Сондықтан сағат бірде жатып қалдық.

Көрі қыранның қасында

I

Он сегізінші тамыз.

Қостанайға келгеніме он төрт күн болды. Осы аз ғана уақыттың ішінде мен облыстың бес ауданын араладым. Бүгін біз Обаған ауданына қарасты Маяковский атындағы совхозда тұратын сексен бір жастағы халық ақыны Омар Шипинге барып сәлемдесіп қайтуға әзірлендік. Одан қайтқан соң Сәбит Мұқанов бүгін облыстық партия комитетінің бюро мәжілісіне қатынасып, кешкі сағат алтыда Алматыға самолетпен ұшуға тиіс. Сол себептен осы шаруаларға дер кезінде үлгерейік деп, бүгін таңертеңгі сағат жетіде совхозға жүріп кетпек болдық. Мен сағат бесте тұрдым да, стол басына отырып, екі сағат жұмыс істедім. Жүрегім кешегі қалпында жиі шаншып, мазалай берді. Бір жағынан белім шойырылып, діңкелетіп барады. Әйткенмен ыңқыл-сыңқылға дес бергім келмейді-ақ. Сәбит, Сейіт, Сыздық төртеуіміз сағат сегізде жолға шықтық.

Сәбит Мұқанов маған Омар ақынның өмірі мен ақындық жолын жолшыбай келістіріп баяндап берді. Қарт буын қазақ жазушылары мен халық ақындарының көрнекті өкілі Омар Шипиннің өмір жолы ұзақ та бай. Ойы мен қыры, сыры мен жыры телегей-теңіз дастанмен тең. Сәбит айта берді, мен ынта қойып тыңдай бердім. Омар көпті көрген, қилы-қилы оқиғаларды өз басынан кешірген көне кісі. Қазақ халқының 1916 жылы патшаға қарсы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасыпты. Амангелді батырдың үзеңгілес серігі, қаламгер хатшысы болыпты. Ұлы Октябрь революциясы кезінде де Омар атақты халық батырымен бірге болып, жалынды өлең-жырымен, құралайды көзге атқан үшқыр қару-жарағымен еңбекші халыққа қызмет етіпті.

Омар қазақ халқының азаттық жолындағы күресі, революция, азамат соғысы тақырыбына көптеген өлең жырлар жазыпты. Оның Амангелді өмірінен жазған эпикалық дастандары өз алдына бір төбе. Ақынның еңбегін партия мен

халық жоғары бағалапты. Ол екі саулау бойына Қазақстан Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланып, Ленин орденімен, Енбек қызыл туы орденімен наградталыпты. Қазақстан үкіметі Омар Шипинге “Халық ақыны” деген құрметті атақ беріпті. Сексеннен асқан кәрі тарлан қазіргі күнде денсаулығы пәлендей бапты болмаса да, партия, Отан, тың игерген батырлар туралы көсіле жырлап, әлеумет ісінен бір минут қалмаған екен.

Иә, біз Маяковский атындағы тың совхозына келдік. Қостанайдан шығарда Омар ақынның көп уақытын алмайық, үйіне ұзақ отырып шаршатпай-ақ қояйық деп Сәбит екеуіміз келіскенбіз. Ақын бізді көргенде аурулығын ұмытып, тоят тілеген қыран бүркіттей қомданып шыға келді. Ол бізді үйінің есігінің алдында қошаметпен қарсы алды. Сәбит екеуімізді айқара құшақтап, аға жолымен бетімізден сүйді. Амандық айтысқаннан кейін Сәбит оған мән-жайымызды баяндады:

– Сізбен амандасқалы келдік, ұзақ отырмаймыз, уақыт солай. Келмей жатып кетемін дегендері несі, мені сыйламағаны ма деп ойлап қалмаңыз, қайта, сізді артықша сыйлағандығымыздан ұзақ отырып шаршатқымыз келмейді. Халыңызды білеміз де, бар болса қымыз ішіп, болмаса шай ауыз тиіп аттанамыз.

Сәбиттің жаңағы сөзіне наразы болып қалғанын кірбеңді қабағынан танытқан Омар:

– Башқұртстаннан келген сыйлы қонақты біздің үйге бір шыныаяқ шай ішкізіп, тез алып кетейін деп әкелдің бе, Сәбит? – деді.

Омар ағаның көмейінде тұрған түйдек-түйдек сөз сыңайын бүркіт қабағынан мүлтіксіз аңғарған Сәбит енді оның ыңғайына көшті. Әуелгі шешімімізді өзгертіп, үй иесінің ыңғайына көштік:

– Кебеженің түбінде қалған сүр бар болса, тез астыра қойыңыз, дәм татып кетейік, – деді Сәбит жайрандап.

– Қадірлі қонақтарыма малдың басын бермей жібере алмаймын, – деді омар көңілденіп, – қатып қалған сүрді қайтесіндер, машиналарыңмен дереу өрістен қой алдырайын...

Омар енді қылшылдаған жас жігіттей қунақ қимылдап, қонақасы қамына кірісіп кетті. Оның қолды-аяққа тұрмай елпіндеп жүрген ширақ қалпына Сәбит екеуіміз қайран қалдық.

Самауыр қайнап, бауырсақ піскенше Обаған аудандық атқару комитетінің председателі келіп жетті. Ауыл қариялары біртіндеп жинала бастады. Бір шал өзінің осындағы біреуден көрген әділетсіздігін айтып, Сәбитке мұңын шағып жатыр. Бір топ шалдар Сәбитті ортаға алып өткен-кеткеннен әңгіме қозғады. “Делебесі дуда қызған” саңлақ Сәбит желдей есіп,

шалдарды әңгімеге жарытып тастады. Омар аға екеуміз топтан аулақ отырмыз. Ол менен Башқұртстан жағдайын, Башқұрт әдебиетінің жайын сұрады.

Сөз арасында Омар алыстан сермеп, тілін безеп: – Биік тау алыстан көрінеді ғой, сіздің Тоқай шындай да өз заманында өлең-жырдың биік тауы болған кісі, – деді. Содан кейін қасымыздан өтіп бара жатқан келінін тоқтатып: “Берместің асы піспес, қазаны оттан түспес” деген сықылды болмасын, тезірек қимылдаңдар, шырағым!” – деді. Сәлден кейін маған айналып қарады да:

– Сәбит сізді маған ақын деп таныстырды мана. Бұлбұлдар сайрасып, жылқылар кісінесіп, ақындар өлең айтысып, танысады ғой. Лебізіңізді естиін, бірер ауыз өлең айтып жіберсеңіз қайтеді? – деді.

Ақынның мына сөзін естігенде өзімнің “Жапырақ түскенде” атты өлеңдер жинағымды ала келмегеніме қатты өкіндім. Ақын ағаның меселі қайтпасын дедім де, әлі жарияланбаған “Туған жер” атты өлеңімді айтып бердім:

Дүниедегі ең көркем жер – туған жер,
Жүрегіңе ең жақын ел – туған ел.
Бұл әсемдік һәм жақындық өмірге,
Ана сүтімен бірге кірген көңілге.
Осы екі күшті жүректен алып тастайтын әмәндә,
Ешбір күдірет, ешбір батыр жоқ ғаламда.
Жазылғандай Құраныңда Алланың,
Сөзі рас болып шықса молланың.
Бар жауаптан “бестік” баға алсам,
Қиямет-мехшар азаматы болсам,
Ашып маған сегіз ұрмақ есігін,
Өрқайсысының жекелеп айтып есімін,
Кілттерін менің қолыма берсе,
“Ал рахаттанып тұра бер, Сәйфи” десе,
Бәрібір мен оған көнбес едім,
Ұрмағына бір түн де қонбас едім,
Әмірін де, заңын да аяққа басып,
Зып беріп кетер едім қашып
Ұрмақтың шапандарын байлап беліме,
Тайып тұрар едім туған жеріме!

Қарт ақын анық естісін, көкірегіне құйып алсын деп өлеңді ашық дауыспен жайлап айттым. Өлеңімнің ақынға қалай әсер еткенін, оның бет ажарынан барлап отырмын.

– Менің өлеңіме түсіндіңіз бе, аға? – деп сұрадым. Ол бар ынтасымен жымия жауап берді:

— Түсінгенде қандай. Біз Ақмолла, Тоқай, Ғафурилардың өлеңдерін оқыған адамбыз... Ақмолла — қазақ, татар, башқұртқа бірдей ортақ ақын. Орыстың тілін білмеген, кітабын танымаған жылдарда біздің қазақ жігіттері сол татар медресесінде шәкірт болып, татар кітабын оқып көзін ашқан жоқ па? Оған талас болмасқа керек. Өлеңіңіз өте жақсы екен! Талапты жігіт талпынған құстай, құмары басылмас аспанға ұшпай, — деп өлеңдетіп кетті.

Мен Қостанайға келген әзірде партиямыздың жаңа программасы жарияланған. Омар ақын осы тарихи оқиғаларға арнап облыстық “Коммунизм туы” газетінде шағын мақала жариялаған.

Осы ойлы да мазмұнды мақаладан Отанын жандай сүйген жалынды зор жүректің ересен серпіні мен өршіл күші сезіліп тұрғандай еді. Қарт ақынмен әңгімелесіп отырған сәттерде де мен оның осы абзал қасиетін шоласыз таныдым. Омар аға сөзге шешен, әңгімешіл кісі екен. Өз халқының арғы-бергі шежіресін, ел басынан өткен қилы-қилы қиын кезеңдерді баяндағанда бабына келген өрен жүйріктей шығандап кетеді. Егер де оның айтқандарын жүйе-жүйесімен қағаз бетіне түсіріп алса, қарт ақындардың өмірі мен өнерін айқын бейнелейтін бір қымбатты кітап дүниеге келер еді.

Мен Омар ағаның ұшқыр шабытына, кәрілікке де дес бермеген болаттай қайратына қайран қалып, жас балаша елігіп кеттім.

Омар ағаға өтініш айттым.

— Сізбен кездескеніме мейлінше қуаныштымын, аға! Өзіңізге белгілі, “жақсы кісі қартайса да ақылынан жазбас, жақсы арғымақ қартайса да жүрісінен жазбас” деген екен бұрынғылар. Осы сөздің өзі сіз секілді қарт қырандарға арнап айтылса керек. Денсаулығыңыз көтерсе, аз да болса бір өлең айтып беріңіз маған. Мен оны аса қадірлі естеліктей көріп, Башқұртстанға ала кетейін.

Омар аға ұзақ ойланып отырмай “Тың жер” атты жыр толғады:

Елсіз жерді гүлдентті
Қаптады қырда тізіліп,
Желкендей ақ шатырлар
Партия тыңға бастады,
Жұмыла елім қостады,
Кең далаға ту тікті,
Отанның өрен жастары.
Даламды қайта түлетті,
Солмайтын мәңгі гүл екті,

Болат қайрат батырлар,
Майданын еңбек гулетті,
Қостанайдың қыры да
Бөленді Ленин нұрына,
Компартия көсемім
Қанат берген жырыма...

Омар ақын ұзақ жырлады. Мен оның өлеңін жүрегіме де, дәптеріме де жазып алдым.

Омар ағаның екі қолын бірдей қысып тұрып:

— Ризамын сізге, өлеңіңіз жақсы болды, ескі бұлақтың сылдырап аққаны көзіңіз мол болғаны, кәрі теректің көгере құлпырғаны жапырағының көп болғаны, — дедім.

Ақын әлдебірденені есіне түсіргендей:

— Акеділдің өзі болмасақ та, бұлағымыз, данышпанның өзі болмасақ та құлағымыз, — деді.

Осы сәтте біздің жанымызға екі қария келіп отырды. Омар аға мені олармен таныстырған соң әңгіме Башқұртстан жайына ойысып кетті. Мен олардың сұрауларына орай жауап беріп, ақырында Қостанай аймағында өткізген жастақ шағымды еске түсірдім. Қазақ даласына өнер-білімнің алғашқы дәнін еккен, жас та болсам, жалықпай ұстаздық еткен күндерімді жырдай ғып айттым.

Иә, бұл дала, бұл аймақ қымбат маған. Мені өмірдің үлкен жолына шығарған, ақ сүтін беріп, аялап өсірген осы дала, жер! Мен оған қарыздармын.

Омар Шипиннің әңгімесі де, сый-сияпаты да таусылар емес. Ол Сәбит Мұқанов айтқандай-ақ, шынында да қазақ халқының жанды шежіресі екен. Қандай дәуір, қандай оқиға, қай адам турасында сөз қозғасың да іркілмей, бір қатесіз айтып береді. Оның жыры, оның сыры талай түндер, талай айлар бойына тындасаң да сарқылмайды. Омар ақынның өлең-жыр, сөз қазынасын қанша алсаң да бір олқы түспейді.

Сәбит сағатына қайта-қайта қарап тықырши бастады. Неге десеніз, қалтасында самолетке алған билеті бар, кешкі сағат алтыда Алматыға ұшуы керек. Біздің кетуге ыңғайланғанымызды көргенде Омар аға мұңайып қалды:

— Көп жасаған кісі құрдастарынан айырылады, — деп терең күрсінді. — “Досыңмен көп сөйлеспе, жолынан қалады, дұшпаныңмен көп сөйлеспе, сырыңды алады” деген екен бұрынғылар. Көп сөйлеп жолдарыңнан қалдырмайын.

Омар аға бізге ақ батасын беріп, игі тілегін айтты. Мен оның күндей нұрлы бет ажарын, қыран қабақты мейірімді көзінің бейнесін өмір-бақи ұмытпастай етіп жан сарайыма орнатып алдым.

II

Омар ақынның үйінде ұзақ отырып қалғандықтан, бүгінгі күннің қалған уақытын үнемдеп пайдалануға тура келді. Қостанайға қайтып келген соң, жазылып бітпеген күнделіктерімізді жазып тастадық. Содан кейін Өтей Қалиев, Сейіт Әбдібеков, Хамит Біржанов және Баязит Махмұдов бәріміз Сәбитті самолетке шығарып салып, қайырлы жол тілеп қалдық.

Сәбит Мұқанов кеткенде қуандым да қынжылдым. Қуанған себебім: ойсыз жерде, күтілмеген мезгілде мен көптен көріспеген жақын досыммен кездесіп, сырласып, рақаттанып қалдым. Онымен бірге өткізген күндерімнің тым аз болғанына бір жағынан қынжылып қалдым.

“Қатты отын жағылған пештің қызуы алыстан білінеді” дейді халық. Сол сияқты мен Сәбит Мұқановтың жазушылық еңбектері мен ғылыми қызметінің есепсіз зор екенін алыстан-ақ жақсы білетін едім. Міне мен Сәбитті шығарып салып, қайтып келісімен өзі сыйға беріп кеткен кітаптарын ақтарып, бірге өткізген бес тәуліктегі көрген, білгендерімді еске түсіріп отырмын. Қазіргі өзіме таныс басқа қазақ жазушыларына қарағанда, мен Сәбитті өте-мөте жақсы білемін де, оның шығармаларымен де жете таныспын. Сәбит Мұқанов шын мағынасында халықтың ұлы, кең құлашты жазушы және үлкен ғалым. Оның халық ақыны Омар Шипинге арнап айтқан пікірін өзіне сәйкестендіріп айтатын болсақ, Сәбит Мұқанов – қазақ халқының жанды шежіресі. Бес тәулік бірге болып, ел аралағанда мен оның кішіпейілділігіне, ширақтығына және ғажап білімдарлығына қайран қалдым.

Сәбит Мұқанов – асқан зерек, сезімтал, сұңғыла кісі. Ол қазақ ақындарының өлеңдері мен халық дастандарын, тіпті, Ақмолла, Тоқай, Ғафури, Дәрмәнд, Бабич, Тоқташ және басқа татар, башқұрт ақындарының өлеңдерін жатқа біледі. Бұл Сәбит Мұқановтың туысқан халықтар әдебиеттерін өте жіті бақылайтынын көрсетсе, әрі бауырлас әдебиеттердің өзара тығыз байланысы мен бір-біріне тигізген игі әсерлерін сипаттайды.

Сәбит Мұқанов өзінің жазушылық қызметінде де, қоғамдық істерде де аса іскер кісі. Ол елді көп аралайды, халықпен қоян-қолтық араласады. Сондықтан да қазақ халқы оны жанындай жақсы көреді, қатты сыйлайды, көрнекті жазушымыз деп біледі. Қай жерге барса да оны құшақ жайып қарсы алады. Халық арасында ол “төрелік” кұрып, сыйлы қонақпын деп шалқаймайды, үлкенмен де, кішімен де шүйіркелесе сөйлесіп, ойнап-күліп, жайрандап, жарқылдап жүреді. Бір совхозға, яки болмаса бір кохозға келгенде ол

дереу жұртпен мидай араласып кетеді де, өзінің келешекте жазылатын шығармаларына керекті материалдарды тез тауып алады.

Сәбиттің елден ала-бөтен бір қасиеті ол кейбір жазушылар сияқты өзінің күші мен уақытын ұсақ-түйек істерге ысырап етпейді. Ол өзін әрқашанда мемлекет мүддесін қорғайтын үлкен қайраткер дәрежесінде ұстайды. Уақыты мен күшін міне осындай пайданы істерге жұмсауының арқасында ол бірнеше шығарманы қатарынан жаза алады. Қазіргі күнде ол қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы атақты ағартушы-ғалымы және тоғызыншы ғасырдағы атақты ағартушы-ғалымы және саяхатшысы Шоқан Уәлихановтың өмірінен роман жазып жүр. “Өмір мектебі” атты өмірбаяндық трилогиясының үшінші кітабын жазып бітіріп, шет елдерге барған сапары жөніндегі екінші кітабын жазуға кірісіпті және өзінің әдеби ұстазы Сәкен Сейфуллиннің өмірінен пьеса жазуды жоспарлапты. Бұларға оның жас жазушыларға, әдебиет оқушыларға жазатын күнделікті қыруар хаттарын, республиканы жиі-жиі аралайтын жол-сапарларын және ара-тұра шет елдерге баруын қоссақ, осының бәріне қалай уақыт тауып үлгеретініне қайран қаласың. Өзінің зор талантын, творчестволық ересен күшін һәм бүкіл уақытын еңбекке сарп еткен жазушы ғана осындай қиын істерді атқара алады. Қазақ совет әдебиетінің ақсақалы Сәбит Мұқанов шын мағынасында үлгі-өрнек боларлық кең құлашты жазушылардың бірі.

*Башқұрт тілінен аударған
Сейітжан Омаров*

ТӘҢРІҚҰЛЫ ТАҒАНОВ

Түркімен халқының жазушысы

Салтық туралы аңыз

Бұл — өзі ежелден келе жатқан аңыз. Халық арасына жайылып кеткен бір асқақ іс пе, әлде ойдан шығарылды ма, ол жағын кім білсін. Бірақ та, ағаш тамырынан шығатыны сияқты, түптей келгенде аңыз да өмірден туады ғой.

Ертеде, түрікпен жерінде билік әлдінің қолында, мал азулының тісінде, ел ішінде үлкенді-кішілі хансымақтар аш бөрідей жортқан заманда, Салтық бахшы¹ деген бір адам

¹ *Бахшы* — түркіменше жырау деген сөз.

өтіпті. Оның жырын естігенде қарттар бір жасап, жастардың жігері тасиды екен, жыры қажығандарға қуат, жасығандарға қайрат береді екен. Салтық жырлайды десе жұрт бар жұмысын тастап, ләззат алып қайту үшін қайда болса да іздеп барады екен. Сондайда Салтық азат өмірдің қуанышын, махаббат пен ерлікті түнімен, тіпті бірнеше түн жалғасынан, шаршамай жыр етеді екен. Салтықтың жырынан жұрттың көңілі көтеріліп, жүзі жадырап, тындағандар одан өздеріне күш, қуат табады екен.

Күм ішінде Салтық бахшының даңқы киіктей есіп, қырандай зымырап тез таралады. Оның аты түркімен елінен асып, сонау, базары құжынаған. Хиуаға да, мұнаралары самсаған Ауғаныстанға да, тіпті соғыстың елді дүрліктіретін сарынындай болып Иран шаһының сарайына да жетеді. Бірақ Салтықтың өз басы түркімен жерінен аттап шықпайды, қарағаштың тамыры теріс бітпейтіні сияқты, Салтық та елінен шығып ешқайда бармайды.

Бір жолы тау бөктеріндегі бір ауылда үлкен той болады. Сол тойда Салтық бахшы ең қадірлі қонақтардың қатарында төрде отырып, халыққа жаңа жырларын айтып береді. Жұрт оны ырза болып тындап, алғыстарын айтып тарқасады. Салтық та жырына алғыстан басқа ақы тілемейді екен.

Тойдан қайтқан бахшы ойға шомып, астындағы биесінің түгі жылтылдаған жанбасын жанай қамшылап келеді. Жұрттың көңілін көтергеніне өз көңілі де ырза, бірақ өз қуанышы суып қалған шай сияқты сезіледі, шөлі қанғанымен де, бойы жеңіл тартқан жоқ.

Тау бөктерінің жықпылымен тартылған жол арықтың суындай ирелендейді. Жан-жақтан балпақтардың ысқырғаны естіледі, толған ай күммен ысқылаған қалқандай болып сарғыштана жарқырайды, ай бетіндегі қарауытқан сызаттар Салтыққа қылыштың ізі сияқтанады. Соған қарап келе жатқан бахшының ойында ұрысқа шақыратын дүлей жыр туды. Бахшы дутарын қолына алып, сезімтал ішектеріне ептеп қана саусақтарын тигізді.

Таң енді саз беріп келе жатқан. Бозала таң жарығымен әріректегі көлденең жатқан кезең көрініп тұр, сол кезеңнен асса, үйінде күтіп отырған көрі анасы мен уыздай жас келіншегіне екі сағатта жетіп барады. Бахшы мына ойындағы жаңа туған жырын жұрттан бұрын анасы мен келіншегі еститін болғанын, солардың не дейтінін ойлап күлімсіреді. Сол екеуінің сынынан өткен соң барып жыры елдің көз жасын құрғату үшін емес, қылышын қайрау үшін, халыққа тарайды.

Салтық бахшы осыны ойлап келе жатқанында астындағы

биесі оскырынып, құлағын қайшылап, кібіртіктей қалды. Тап сол кезде таяудағы төбенің тасасынан бір топ атты шауып шыға келді.

Бахшы атының басын тартып тұра қалды. Қорқатын не қашатын ойы жоқ, сол шапқыншылық заманның өзінде де жыршыларға, бақсылар мен балгерлерге ешкім тимейтін.

Аттылар Салтықты ортаға алды. Іштеріндегі сақалын тұқырта күзеген мысық көз бір қара, атынан қарғып түсіп, Салтықтың торы биесінің шаужайынан мықтап ұстап алды да:

— Түс аттан! — деп масайрай зекіді.

Салтық ішінен: “Мына біреуінің көзі мөрі кеткен күміс ақша сияқты екен. Олжадан басқаны көрмейтін көз ғой бұл” деді де, саспай сөйледі:

— Олжалаймын деп әуре болмай-ақ қойыңдар. Мен — бахшымын.

— Бізге керегінің өзі бахшы ғой! — деп мысық көз күліп, қасындағыларына: — Болыңдар! — деп иек қақты.

Жігіттер көз ашып жұмғанша Салтықты атынан аударып алып тінтіп, дутарын, қамшысын, қынындағы сапысын, бөктерген қоржынын тартып алды.

— Қорықпа, бахшы, — деді әлгі мысық көз. — Өлтірмейміз. Бізге тірі бахшы керек, сен үшін бізге Шаберді хан мол сыйлық береді. Мен оның Нағдау деген сардары болам. Естіп пе ең?

Салтықтың тұла бойы мұздап кетті. Бұл екі адамның екеуінің де аттарына бұрыннан қанық болатын. Әйелдер жылаған балаларын осылар келе жатыр деп қорқытатын. Бұлар жүрген жерін талап, қырып-өртеп, жетім-жесірлерді шулатып, құлдыққа айдап әкетуші еді. Бірақ Салтық тайсалмай қарап тұр.

“Қорықпа, бахшы” дейді... Жоқ, бахшы қорықпайды. Салтықтың енді қайтып бара алмайтын өз ауылы, енді көре алмайтын туған-туысқандары көз алдынан бір-бір ұшып өтіп жатты. Олар енді мұның жаңа өлеңін ести алмай қалатыны, тіпті үнін естуге де зар болатыны есіне түскенде жүрегі сыздап кетті. Бахшы шап беріп Нағдаудың қылышын қынабынан суырып-ақ алды.

Бірақ бахшы сарбаз емес қой. Әлде оның осы адал ниетіне қамалып тұрған көп адам бөгет болды ма, кім білсін, әйтеуір жігіттер Салтыққа жабылып, қылышты тартып алып, екі қолын артына айқастырып түрме белбеумен таңып тастады. Бахшының әлгі қылығына қабақтарын да шытқан жоқ.

— Дутарынды дыңғырлатуынды біл. Қылыпта нең бар?! — деді олар.

Салтық үндеген жоқ. Жігіттер оны биесіне мінгізіп, жолда ерден ауып түсіп қалмасын деп екі аяғын биенің бауырының астынан матастырып байлап тастады.

* * *

Шаберді хан мәз-майрам. “Иран елі де, Тұран елі де мұны бұлбұл деуші еді. Сол бұлбұл менің қапасымда, өз сарайымда жырлайды. Енді Шаһын-шахтың өзін шақыруыма да болады!” деп шалқыды ол.

“Құлдық!” деп бас иіп тұрған Нағдау мен оның жігіттеріне хан қараған да жоқ. Салтықтан көз айырап емес.

Бахшы, бас иіп белін бүккендердің ортасында, көп қойдың арасында қалған биік қарағаш сияқтанып тік тұр. Хан оның сеңсең бөркіне, шаң басқан сүр шекпеніне, түбіт белбеуіне, хиуа бөзі шалбарына, қайыс шоқайына таңдана қарады. “Атақты жырау осы екен ғой! Ханға да иліккісі келмейді, бірақ оқасы жоқ, кезінде көрерміз. Талай асауды үйреткенбіз”.

Бір кезде хан:

— Жайың қалай, бахшы? Менің адамдарым ізетпен әкелген болар өзінді? — деп сұрады.

Салтық үндемеді. Қампиған Шаберді ханды елемейді, далаға қарап тұрғандай еді. Хан енді сардарына бұрылып катулана сөйледі:

— Жолда менің қонағымға зәбір көрсеттіндер ме әлде, айт тез? Ол қазір арыз етсе, әрқайсыңа қырық қамшыдан дүре соқтырам!

Жігіттер бастарын жерден алмай ыңырсып қойды. Нағдау “бахшыға ешқайсымыз да тигеніміз жоқ” деп бүкіл әулиелердің, ата-бабаларының әруағын атап ант-су ішті. Хан Салтыққа көз қырын тастағанда оның мысқылдап тұрғанын ерінен байқап, қабағын түйіп алды. Бірақ залым Шаберді хан: “Қамшы жеңбегенді жылы лебіз жеңеді” деді ішінен, татарлардан сатып алған жас тоқалы ойына түсіп. Хан бахшыны арнап дайындалған бөлмеге апаруға әмір етті.

— Егер қонақ жатар алдында ертегі тындағысы келсе, Артықнияз сұлуды жіберіңдер, — дегенде хан тағы да Салтықтың миығынан мысқылдап күліп тұрғанын байқап қалды. Бахшының өз келіншегінің аты да Артықнияз еді. Хан бұл кезде Салтықтың өз сұлуын ойына алып тұрғанын қайдан білсін. Салтық дүниеде өз сұлуынан басқа әйел бар деп ойламайды да.

Тұтқынға түскен бахшы хан сарайында екі түнеді. Үшінші күні Шаберді хан мәжіліс шақырды. Мәжілісінің қызық өтетініне күмәні жоқ, өзіне қарасты бай-батшаларға тегіс хабар таратты...

Қонақтар жиналып болған соң хан тұтқынын алдырды. Бахшы хан жіберген сәнді киімдерді кимей, көне шапанымен келіп, бұл жолы да, жиналғандардың басынан асыра қарап, оларға көз қырын да салмай тұрып алды.

Қонақтар өзара күңкілдесіп жатыр. Хан бір қарағанда-ақ өздері жерге кіріп кете жаздайтын еді, сол ханның алдында мына жалбаланған сеңсең бөріктінің сескенбей тұрып алғанына таңданды. Мұнысы сескенбеу ғана емес, нағыз көзсіз ерлік!

— Жақсы демалдыңыз ба, бахшы? — дегенді хан барынша тәттілеп айтқанда, жібектей мұртының ұшынан бал тамғандай еді. Салтық үндемеді.

Шаберді хан қабағын түйіп алғанда отырған қонақтардың зәресі ұшты: мына көшпелінің қылығы тым асып кеткендіктен, ханның қаһары төніп келіп қалған еді. Бірақ хан ашуын тағы да іркіп қалды. Ол өтірік қарқылдап күліп, нөкерлеріне бұрылды:

— Аңғалдығымызды қарашы, бахшы деген ханның сұрағына жырмен жауап бермес болар ма?! Әй, әкел дутарды!

Салтық өзінің саз дауысты жан досын даяршының қолынан алды да, қабынан шығармастан, мойнына ілді.

— Ау, мұның қалай?! — Бахшы үндеген жоқ.

Мәжілістің шырқы бұзылды. Үрейі ұшқан қонақтар тезірек тарауға асықты. Хан мына шоқай киген түркіменнен көрген қорлығына ыза болып терісіне сыймай, үйді кезіп жүр. Ашуы сабасына түскен соң хан, әлгіде даяршылары алып кеткен Салтықты қайта шақыртты.

— Көңілін берген кісінің қадірін білетін адаммын, — деді оған хан. — Маған қызмет етсең, алтынмен көміп тастаймын өзінді. Қалаған қызыңды әперем, даңқың жер жүзіне жайылады. Ал егер қасаруыңды қоймасаң, тағы да бүгінгідей масқара етсең бар ғой, онда сорынның қайнағаны.

Салтық үш күннен бері тіс жарып бүгін сөйледі:

— Масқара болатын ештеңең қалған жоқ, хан. Бірақ сенің алдыңда жырламаймын. Саған айтар жырым жоқ.

Осыны Салтықтан басқа біреу айтса, басы хан сарайының алдында найзаның ұшына шаншулы тұрар еді. Бірақ бұл Салтық бахшы ғой...

— Жарайды ендеше. Менің тұлпарларым жырды керек

қылмайды, соларды бағатын бір атшы жетпей жүр еді. Бар,— деді хан.

* * *

Атшылардың ішінде Тұран дейтін біреуі болушы еді. Жұрт оны “Шұнақ Тұран” дейтін. Аласа ғана бойлы, мығым денелі, қорасан дағы бар адам. Шұнақ деген атақ тағылуының себебі — екі құлағы жоқ. Бір көрген адам түрінен шошырлық болғанымен де, оның адал ниеті, ақ жүрегі Салтық бахшыны кем-кемдеп өзіне тартты.

Бір жолы бұлар аттарды алыстағы өріске айдап барған жерде Шұнақ Салтықтың қасына келіп дутарды ұсынып, өлең айтшы деп жалынды. Салтық осы Тұранның, өзі тарта білмегенімен де, дутарды ала шығатынын бұрын да байқаған еді. Сондағы оның ойын енді түсінді. Салтық дутарды алып күйледі. Аз ойланып отырғаннан кейін жырлай бастады.

Атшылар бар дүниені ұмытып, бахшыны ұйып тыңдап отыр. Байғұстар өмір бақи мұндай ләззат алып көрмеген. Оларды ойын-тойға ешкім шақырмайды. Салтық бар өнерін сала жырлады. Көктемнің тасқынындай төгілген жыры кейде боз торғайдай аспанға шырқап шығады, кейде қыздың лебізіндей еркелетеді, құлағыңа кейде салғыласқан қылыштың сартылы естіледі, біресе ғашықтың назы, біресе сорлының зары сезіледі.

Жыр аяқталып, жылқышылар малына тарағанда Тұран жайымен ғана:

— Айналайын, бахшы жан, рақмет саған, — деді.

Кешкісін Шаберді хан Салтықты тағы шақыртып алды.

Құтырған адамдай түкірігін шашырата, ақыра сөйледі:

— Оңбаған сүрқия, қаңғырған неме! Құлдардың құмарын тарқатқын келген екен ғой? Жо-оқ, енді менің табанымның астында ұлитын боласың!

Ханның әмірімен жігіттері бахшының шапаны мен жейдесін сыпырып алып мәнерлі тас еденге жықты да, екі жағынан тұрып алып қамшымен жосыта бастады. Хан қарап тұр. Салтықтың жоны әуелі қызара білеуленіп, кейін қамшы тиген сайын қаны шып-шып шығып шашырап жатты. Бірақ хан оның не мыңқ еткен, не бір жалынған дыбысын ести алмады.

Есінен танған Салтықты ханның жігіттері көтеріп апарып, ат қораның қасына тастай салды. Кейін есін жиған соң Салтық өзіне тиген лашыққа сүйретіліп әрең жетті. Мұның жырын өрісте тыңдаған атшылардың бәрі де көріп тұрғандарымен де, жәрдемдесуге ешқайсысы да бата алмады.

Келесі күні Салтықтың жанына Тұран шұнақ келді.

— Арамызда ханның жансызы бар екен ғой, досым, — деді оған Салтық.

Тұран шошынып жан-жағына қарап, бұл маңайда ешкім жоғына көзі жеткен соң ғана жауап қайырды.

— Бар, бауырым, ондай жыландар біздің арамызда да бар. Мені көрмейсің бе?! Туғанда шұнақ емес ем? Бес жыл болды міне, ханның әмірімен құлақтан айырылдым. Қалай болғанын айтайын ба? Көршілес қамалдың иесі соқыр Жаппар дейтін шіріген бай ана бір жылы баласына той істеді. Тойда ат шабатыны белгілі емес пе. Сол кезде Шаберді ханның Алсекил дейтін бір жүйрік аты болатын. Бәйгеге өзім жараттым. Ат болғанда қандай! Қыл құйрықты одан озып көрген емес, кейде тіпті бәйгені шаппай алады, өйткені онымен жарысқа түсуге ат шықпайды. Шаберді хан бұл тойда да жүлде өзімдікі деп сеніп отырған. Бірақ Жаппар соқыр бізді алдап соқты: Арқаштан Мелекуш дейтін жүйрік аты бар бір туысын шақырып әкеліпті. Соның ахалтекесін көргенде атшыларға: “біздің ат мынадан озса, құлағымды кесіп берейін” деп ем. Айтқаным келді, Алсекил қалып қойды. Шаберді хан жарылып кетердей болып: “Оңбаған ит, атты жақсылап жаратпапсың!” деп маған тап берді. Сол арада біреулер менің сөзімді жеткізе қойған екен. Сонсоң хан тіпті кұтырынып кетті: “А-а, солай ма? Құлағыңды тігіп пе едің? Ендеше, иттің баласының екі құлағын да кесіп алып, қолына ұстатыңдар!” — деді.

Әне солай, бауырым, басқалардың да шекесі қызып жүргені шамалы. Екі адам бас қосса болғаны, тек: “Алдияр тақсырдың мерейі арта берсін! Әділ ханымыздың өмірі ұзақ болсын!” дегеннен басқаны айтпайды...

Бахшының көңілінде бір үміт шырағы жылт еткендей болды.

— Досым, мені мына әбжылианның ордасынан қашыр, — деп жалынды ол.

Тұран үндемей ұзақ отырды.

— Жақсы. Тек тісіңнен шығарма. Әйтпесе екеуміз де құримыз, — деді ол ақырында.

Арқасы жазыла бастаған соң Салтық та өріске жылқымен шығатын болды. Тұран “жылқы жүріс тілейді” деп, аттарды алысқа апарып жаяды. Салтық досының “жермен таныссын” деп жүрген ойын түсінді. Досының кейіпсіз басына іштей ырзы бола қарап, мақсатына жететініне сенімі күннен-күнге артып, қашуға асықты. Бір күні қашудың ыңғайы келгенде Салтық Тұранға көңілі босай сөйлеп:

— Рахмет, досым! Жолды әбден біліп алдым. Енді рұқсат болса қоштасқалы тұрмын, — деп еді, сол жерде Тұран мұның күтпеген сөзін айтып:

— Ойбай-ау, менің бала-шағамды аямағаның ба! Мұныңды қой ойбай... — деп жалынып зарлап қоя берді.

— Ау, мұның не, уәдеміз қайда? — деп Салтық таңырқап қалды.

Тұран оған ойын айтып түсіндірді.

— Егер қазір қашсаң, Шаберді хан бұған мені айыптап, жазаға бұйырады. Ең жақсысы былай етейік, ауылға қайтқан соң ауырдым деп жатып тынығып ал. Жолыңа азық дайындап берейін, сонсоң түнде білдірмей кетіп қал. Айып етпе, бауырым, ат бере алмаймын, берсем, хан мені тірідей үйтеді.

Екеуі осыған келісті.

Бахшының қашқаны бірден біліне де қоймайтын еді, бірақ алдында қонаға Шаберді ханның ордасына қадірлі қонақ келіп түскен, ұлды болған шейх әдейі тойына шақыра келген екен. Хан баратын болып, сөз арасында түркімен жыраудың қыңырлығын әңгіме етеді.

Шейх шалқая, сақалын сипап қойып:

— Оныңды да ала кел. Біздер әулиенің ұрпағымыз ғой, барған соң, әруақ сыйлап, бас тарта алмас. Кейін бәлкім тілі шешіліп, сенің үйінде де айтатын болар, — деп кеңес берген еді. Сондықтан Шаберді хан таң атысымен Салтық атшыны алдына шақыртты.

Үрейі ұшып, естері шыққан даяшылар Салтықты таба алмағандарын келіп хабарлағанда хан не болғанын бірден сезе қойды да, жан-жаққа жол-жолды қуалата адам шаптырды. Бір топ адамды Нағдау сардар бастап кетті. Жорықта талай жорытқан Нағдау бұл өңірдегі жол, соқпақтардың бәрін бес саусағындай білетін.

Салтық қамалдан шыққан бетте бар күшімен қаша жөнелген еді. Содан ендігін басып азырақ аяндағаннан кейін өкпесін қолына алып тағы жүгірді...

Таң атып қалды. Кідіруге қорқып Салтық әлі қашып келеді. Қапталдаса жарысқан көленкесі әбден қысқарған кезде әлі бітіп қалжырағанын сезді.

Қарсы алдындағы ағаш ішінен сылдырап аққан бұлақ өзін шақырып тұрғандай еді. Сол жердегі жартастардың жоғарғы жағынан үңгірдің үңірейген ауызы көрінеді. “Аңдушының көзі сияқты екен” деп Салтық жан-жағына сезіктене қаранып алып, мұздай суға бас қойды. Шөлін қандырып алған соң беті, қолын жуды. Бойы сергігендей болып еді, бірақ сәлден

кейін шаршағандық жеңді... Бахшы сол жерде жатып, ұйықтап қалды.

Сол жатқанынан ол жолмен келе жатқан ат тұяғының дүбірінен, кешке жақын ғана оянды. Оянған бойда атып түрегеліп, дутарын ала, қара жидек бұталарының тасасымен үңгірге қарай тырмысып еңбектей жөнелді.

Аттылар бұлаққа келіп аттарын суарып тұр.

— Жел аяқ түркімен екен бір. Киік пе, немене өзі, жете алмай-ақ қойдык қой.

— Сірә, ат тауып мінген болар, — деді біреуі.

— Жылқы түгел.

— Мына дорбаны қараңдар! — деп қуғыншылардың бірі айқайлап жіберді де, атынан қарғып түсіп, жердегі дорбаны алды. Салтық сасқанынан ағаш түбіндегі дорбасын ұмытып кеткен екен.

— Мынау ескірмеген нан.

— Төңіректі түгел шарлаңдар! — деп ақырды Нагдау.

Салтық бұта мен тастарды тасаланып үңгірге қарай өрмелеп келе жатқанында алдынан бір жылан кез болды. Білектей қара-сұр гюрза¹ көз айырмай қарай қалыпты. Мұқыл түмсық басын көтеріп, ысқырып тұр.

Салтық кейін шегіне бергенде байқаусызда аяғымен бір тасты құлатып жіберді. Бахшы бұға қалғанымен де мұны Нагдаудың жігіттерінің көзі шалып қалған еді...

— Енді кашудан күдерінді үзетін боларсың, — деді Шаберді хан.

Салтықтың тұла бойы қалтырап кетті, кезерген ерінін жалап қойды, бірақ үндеген жоқ. Ханның малайларының қазан астына от жағып жатқанына, қазандағы күнжіт майының бүрқылдап қайнай бастағанына үндемей қарап тұр. Хан да, мына қыңыр бахшының үрейі бір ұшқанын көрсем деп аңдып, Салтыққа қарап отырған. Шаберді хан біреудің әкеліп берген жуасын қазанға тастап жіберіп еді, жуа сарғыштанып, қоңырайып барып, күйе бастады.

— Көрдін бе? — деді хан. — Қазір ана екі аяғың осылай күйеді. Жаның аши ма? Әп-әсем аяқтарың көсеу болып қалады, ай-ай-ай... Әлі де кеш емес, ойлан!

Шаберді хан көріне келемеждеп отыр. Салтық алдындағы жібек шапанды жуан адамның нашадан² бозарған көзіне өшіге қарап:

¹ Гюрза — аса улы жылан.

² Наша — шылым етіп тартқанда адамды мас қылатын улы зат.

— Басымды ал, хан... — деді.

— Жоқ! Аяғын күйдіріңдер мұның! — Шаберді хан ашуына булығып айқайлап жіберді.

* * *

Салтық лашықтың ішінде, құрым киіз төсекте бірнеше ай жатты. Майға күйген аяқтары әуелі күп болып ісіп, кейін еті түсе бастады, іріндеп жара болды. Ауруы жанына батқанда тісін шықырлатады. Қатты қиналған кездерінде дутарын қолына алып жай ғана шертіп, кекке толы жыр айтады.

Досының көріп болып қалғанына Тұран шұнақ қатты күрсініп, төсегінің жанында ұзақ отырады. Салтық аздап тәуір болып, балдақпен жүре бастаған кезде бір күні:

— Аяғың үзеңгіге салуға жарай ма? — деп сұрады. — Ептеп салт жүруге дағдылана бер.

Бахшы осы жерде бір өкпесін іркіп қалды, айттың не, айтпадың не? Өткен іс қайтып келмейді, ал қазір Тұран нартәуекелге басқалы отыр. Салтықтың көз алдына бостандық жарығы тағы да сәуле бере бастады.

Атқа отыру қиын болды. Бірақ бахшы бетінен қайтпады, сөйтіп тез арада-ақ салт жүруге әжептәуір жарап қалды. Содан бір күні Тұран:

— Мен науқаспын, жылқыға жауапты емеспін. Қалаған атыңды ұстап мін де, құмайша зымыра, жолың болсын, — деді.

Осы жерде бахшы көңіліндегі бір сөзін тағы іркіп қалды, әрине обалды білмейтін арыстан жүрек әркімнен табыла да бермейтін шығар. Тұран аман қалғанымен, ертең басқа біреудің басы кетеді ғой. Сол біреуді қалай қиып өзінің жолына құрбан етпек?

Тұран бахшының осы ойын ұққандай:

— Атшылардың бастығы ауылда жоқ, хан жұрттың бәрінің басын кесе алмайды, жылқышылар жеңіл-желпі жазамен құтылады, — деді.

Азанда Салтық бір мықты атты ұстап мініп, атшылармен бірге далаға шөп шабуға кетті. Бахшы, әрине, шөп шапқан жоқ, ал атшылар демалуға отырғанда дутарын қолына алып, жүрек тебіrentкен жыр төкті. Жұрт елжіреп тыңдап отыр, кейбіреулері теріс айналып, көзінің жасын шапанының жеңімен сүргіп қояды.

Атшылар жырдың әсерімен ойға шома, үндемей қайтып келе жатты. Хан сарайына жақындап қалған жерде Салтық опына:

— Қап, дутар қалып қойыпты! — деді.

Атшылардың біреуі қайтып барып әкелейін деп еді, Салтық:

— Жок, рақмет, нәзік нәрсе ғой, сындырып аларсың, өзім барайын. Сендер жүре беріндер, қазір-ақ қуып жетем, — деді.

Бахшы дутарын қабына салып тұрып кейін қарады. Атшылар төбенің тасасына түсіп көрінбей кеткен екен. Салтық атын бауырға бір тартып жіберіп, шаба жөнелді.

Салтық арттарынан келмеген соң бір бөленің болғанын сезіп атшылар қайта оралды. Барса, шөп шапқан жерде бахшы жок.

— Қуып жетіп қайтарайық, әйтпесе өзіміз бәлеге қаламыз, — деді біреуі үрейі ұшып.

Басқалары жауап қатқан жок. Бір-біріне қарасты да, үндеместен аттарының басын ауылға қарай бұрды.

Атшылардың әрқайсысына он қамшыдан дүре соғылды, жол-жолды қуалай тағы да қуғыншылар шапты. Бірақ бұлардың ішінде Нағдау сардар жок, өйткені ол бір жорыққа аттанып кеткен еді.

* * *

Ерігіп, жүріс тілеп жүрген қонды ат, тұяғы жерге тиер-тиместен, құсша ұшып келеді. Қашқын түнімен, ертеңіне күнімен дамылсыз жүріп, ыссыға шыдай алмаған соң, қалың аршаның ішіне, бұрылды.

Қас қарайған соң бахшы тағы да жолға шықты. Аанада төте жолмен қашқандықтан ұсталып қалып едім деп Салтық бұл жолы бір бүйір кетіп, Серахс арқылы жүруге бел байлады. Олар менің төтемен жүрмей, алыстан орағытатынымды қайдан білсін деп ойлады.

Түн ортасы кезінде қашқын тау жырасына келіп кірді. Өтіп бара жатып, сол маңнан ыңырсыған бір дыбысты құлағы шалып қалды. Салтық атының басын тартып құлағын тігіп еді, біреудің ауырсынып ығырсығанын естіді. Астындағы аты тағасымен тастақ жерді тарпып кісінеп жібергенде қараңдаған басқа бір ат қарсы кісінеді. Салтық сескенип атының басын бұрам дегенше қараңдаған біреулер тап беріп қамалап, тізгінінен ала кетті. Сөйтіп ә дегенше Салтықты аттан аударып та алды. Бұл адамдардың көбі жаралы екен, біреу басын, біреу қолын таңып алыпты. Бахшыға: “Бұлар жау қайырған адамдар екен, мені жаудың барлаушысы деп қалған ғой” деген ой келді. Жау емеспін деп айтуға ыңғайланып аузын аша бере кілт тоқтап қалды, шөгерме бөріктің шашақталған бұйра жүнінің астынан мөрі өшкен күміс ақша сияқтанған екі көз төне қарап тұр екен. Мына Нағдау сардар недеген жолы болғыш неме десеңізші!

Сардардың кәлла қияларымен бірге осы Серахс жаққа аттанып кеткенін бахшы байғұс қайдан білсін?!

Нагдау жігіттерімен Серахстың желкесіне келіп барлаушылары жағдайды блып келгенше тасаланып жатқан болатын. Барлаушылары тез-ақ оралды, бірақ олар сол маңдағы түіе жайған бір малшыны байқамаған еді. Шоқпыт киімді, дел-сал бір шалға олардың көзі де түскен жоқ-ты. Шалдың олардан көз айырмай, таса-тасамен бұғып іздеріне түсіп қадағалап, кейін шапанының етегін түріп алып, ентіге, қамалға қарай жүргенін де көрген жоқ.

Барлаушыларының хабарына тоқмейілсіген Нагдау бейқам жатқан Серахсты шабуға асықпады. Бірақ бұл кезде Серахсқа сол маңдағы қамалдардан көмек келіп жатыр еді. Кейін баспашылар қиқулап ат қойғанда қамалдағылар бассауғалаудың орнына, қылыштарын кезеніп айқаса кетті. Нагдау ұрыста сарбаздарының тең жарымынан айырылып, тау ішіне келіп тығылған еді. Не істеу керек? Мына қалған адамдарымен ханға не бетімен барады? Барса — басының кесілетіні даусыз. Сөйтіп дағдарып тұрғанда сәтінің түсе қалғаны! Бахшының тағы да қашып бара жатқанын сардар бірден білді, енді мынадай олжамен ханның алдына оның кәрінен қорықпай-ақ баруға болады...

* * *

Шаберді хан алдында тұрған Салтыққа ұзақ қарады.

— Сен өзің бір жағынан ұры екенсің ғой, ең жақсы айғырымды мініп кетіпсің. Ұрыға қандай жаза қолданылатынын білемісің? — деп ақырды ол.

Салтық оған:

— Алдымен ұрының үлкеніне, сонсоң барып кішісіне жаза берілер болар. Мені елімнен ұрлап әкеліп бостандығымнан айырып отырған жоқсың ба?! — деп жауап қайырды.

— Ой ақымақ! — деп хан ақырып жіберді. — Не жөнді елің бар еді, оның есесіне сені үлде мен бүлдеге бөлеймін деген едім ғой, соған неге құлақ аспадың?

— Қапастың алтыннан істелгені де қапас, — деді оған бахшы. — Аспанды көріп тұрғанда шарықтап самғауды аңсайтын қыранға қапас тарлық етеді, оны күшпен көндіре алмайсың.

Шаберді хан мырс етіп күлді.

— Көндіретін күшті табамыз! — деді де жігіттеріне: — Зынданға апарып салыңдар. Таңертең күн шыға бұл “қыранның” екі көзін ойып алыңдар! — деп бұйырды.

Аяғы жоқ та қыбырлап күнін көре алады, ал екі көзін

ойып алған адам үшін жарық дүниені біржола қара түнек басып, мәңгі бақиға жоғалады.

...Хан бахшының бетіне тағы да қарап еді, ешқандай қорыққан, шошынған түрін сезе алмады. Күні шуақ, шөбі майса, ұшарланған жартасты, бозарытқан құмды мына жиһанды бір кісі жақсы көрсе, осы Салтықтай-ақ жақсы көрер! Енді осының бәрі мәңгі қараңғылыққа шомбақ...

— Иә?! — деп Шаберді хан Салтықтан соңғы рет сұрады.

— Болса да елімді көрмейді екем... Сені көріп қайтем? — деді оған бахшы.

Жендеттің жалаңдаған көмекшілері шап беріп бахшыны қолынан ұстай алды.

* * *

Салтық бахшының басына мәңгі түнек орнады. Денесі азап шегіп қиналғанымен де сағы сынбаған соқыр жырау лашықта жалғыз жатыр. Жас кезі, халқына айтқан жыры есіне түседі, мінезі жібектей жұмсақ сұлу келіншегі Артық-ниязды, оның шұбалаңдаған бұрымын, жаңа піскен нандай қоңырқай жүзін көргендей болады. Бір үзім нанға бола түнімен ұйқы көрмей қол диірменмен көршінің бидайын тартатын кәрі шешесі елестеп өтеді. “Аяулыларым-ай, не халде екенсіңдер? — дейді Салтық іші-бауыры елжіреп. — Енді сендердің жүздеріңді көру жоқ маған, тым болмаса дауыстарыңды естісем екен...”

Салтықты басқан қара түнектің сыртында өмір өз қалпында жүріп жатты. Жылқы кісінейді, адамдар сөйлейді, күледі, жылайды. Бахшы осы алыстан естілген дауыстарға ғана құлағын тігіп жатады. Кейде біреудің су мен тамақ әкеліп қойып кеткенін сезеді. Кейде сол адам қорқа сыбырлап, бірекі ауыз жанашыр сөзін айтады, ал бахшы бірдене сұраса, оған жауап бермейді. Шаберді ханның бұйрығы солай. Кейде Салтық құманын қолынан түсіріп алады, ондайда тағы біреудің су әкеліп беруін ұзақ күтуге тура келеді. Бір жолы ешкім келмей қойып, таңдайы кепкен соң бахшы:

— Уа, кім бар? Бір жұтым су әкеліп берсеңдерші! — деп айқайлады.

Сәлден кейін құманның мұздай темірі қолына тиді. Тұран шұнақтың жайлап қана:

— Іш, бауырым, — дегені естілді.

Тұран Салтыққа Шаберді ханның адамдарының бір үлкен жорыққа дайындалып жатқандарын айтты, бұл жорықта ел шабуға ханның өзі де аттанбақшы екен.

— Сен де барасың ба? — деді оған бахшы.

— Жок, осында қалам. Сонсоң... дайын бол, хан жоқ кезде еліңе жеткізіп тастаймын, — деді Тұран.

* * *

— Бұлар, ешкім қуа қоймайтынын біліп, ұзақ жүрді. Хан “соқыр бахшы қайда кетер дейсің” деп, оны ешкімге тапсырмаған. Қамалды басқарып қалған уәзірінің мұрынына су жетпей жүрген.

Таудың асуынан асқан соң Тұран атының басын тартты.

— Жеріңнің шетіне кірдік, бауырым! — деді ол. Бахшы өз елінің ауасымен көкірегін кере дем алғанда, шілденің шаңқай күнінде жұтқан салқын шалаптан да тәтті сезілді.

— Біз бір мұнараның қасында тұрмыз, — деді Тұран. — Осының жанымен керуен жолы өтеді... Ал енді, сөгешамаңдама, бауырым, қоштасайық, мен қайтайын, қолдан келгені осы болды...

Салтық Тұранды құшағына алды.

— Жақсылығыңды өле-өлгенше ұмытпаспын. Жолың түсіп біздің елге келе қалсаң, менің үйімді өз үйің деп біл. Алла өзі жар болсын, жарқыным.

Тұран шұнақтың атының дүбірі ұзап барып тынғалы қашан, Салтық мұнараның үстінде дыбыс тосып әлі отыр. Құстардың да дыбыстары басылып, салқын түсейін деді, тау қойнауында ұйқысынан оянған барыс әлденеге арс етіп қалды. Салтық қашан ұйықтап кеткенше “Қайран елім... жерім...” деумен болды.

Бахшы күмбірлеген қоңырау дауысынан оянды да, құлағын тоса қалды. Бір жас күшті дауыс өзіне таныс әнді айтып келеді. “Мынау менің өлеңім ғой!” деп, қолы қалтырай, дутарын алды да, сыңғырлата жөнелді.

“Уа, жарандар, бері келе кет,
Елімнен хабар бере кет!..”

Қоңырау дыбысы тына қалды. Біреу:

— Жаным-ау, мынау Салтық бахшының дауысы ғой! — деді.

Керуеншілер Салтықты мұнарадан сүйемелдеп түсіріп алды.

— Жок, бұл Салтық бахшы емес, — деді олардың бірі. — Салтық палуан бітімді жас жігіт болатын, мынау жарымжан шал ғой.

— Жат елде осындай халге түстім, бауырларым! — деді оларға Салтық.

— Сені жұрт: Құдай көңілі түсіп, Жабраилін жіберіп, өзіне

алып кеткен екен деп жүр еді, — деді керуенші. — Және, Қап тауының арғы жағындағы елдің патшасы екі жұмсап, ұрлатып алдырған екен деген де хабар тараған. Япыр-ай, бахшыға кім қол көтерді екен?

— “Бүйіде — туған жоқ, ханда — иман жоқ” деген емес пе, — деді оған Салтық. — Ал шешем, әйелім қалай тұрып жатыр?

— Сұрайтыны жоқ... — деді керуенші. — Әйелінді аламыз деушілер болып еді, бірақ ол “жүрегімде екі кісіге орын табылмайды” деп көнбей қойды. Кәне, атқа мін, бахшы, үйіңе апарып салайық.

Осыдан кейін бахшы ойын-тойда тағы да жырлай бастады, жыры үдей түсті, даңқы да арта берді.

* * *

Ертеден келе жатқан аңызда осылай айтылады. Мұның қайсысы болған, қайсысы ойдан шығарылған уақиға екенін біле алмадық. Бірақ та от жақпаған жерде күл қалмайды деген бар ғой...

Аударған Х.Ахмедов.

11-СЫНЫП

КІРІСПЕ

11-сыныпқа бауырлас татар халқының патриот ақыны, Совет Одағының батыры, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұса Жәлелдің (1906—1943) Берлинде Моабит түрмесінде, тар қапаста отырып жазған “Моабит дәптеріндегі” өлеңдерінен үзінді беріліп отыр. Бұл — ерекше қайратқа, жарқын оптимизмге, нағыз патриотизмге толы өлеңдер. Ол 1942 жылы майданда жүріп, тұтқынға түсіп қалады. “Қысқа күнде 40 өлімнен өтіп” (ақынның өз сөзі) жүріп қайыспайды. Жәлелді өлім жазасына кеседі. Өлетінін біліп отырып өлмес өлеңдерін жазады. Өзінің “досқа” деген өлеңінде:

Өлшенбейді ұзақтығы өмірдің,
Жыл санымен, жетуімен кәрілік.
Бәлкім бізге келсе де өзі өлімнің,
Өшпейтұғын өмір берер мәңгілік —

деп есімі, жыры ұмытылмайтынына сенімді болды. Мұса Жәлел өлімі жыр болып жаңғырып мәңгі өлместер қатарына қосылды. “Туған елі ардагер ақынын тіріттіп алды дей аламыз біз бүгін” (Жұбан Молдағалиев).

Өзбек халқының көрнекті ақындары Ғафур Гулям (1903—1968), Зулфия Исраилова, Миртемирдің бірнеше өлеңдері танысып, талдауға ұсынылып отыр.

Ғафур Ғұлам — өзбек халық ақыны. Өзбек Ғылым Академиясының академигі. Ол — өзбек өлеңінің жана ырғағын тудырған ақын. Өлеңдерінде ескі өмірдің жағымсыз жақтарын сынай отырып, жана адамның қалыптасуына, еңбек жолын, адамгершілік қасиеттерін жырлады.

“Шығыстан келемін” жинағына СССР мемлекеттік сыйлығы, таңдамалы өлеңдер жинағына Лениндік сыйлық берілді.

Ақын: Даламызда ер еңбек қарқын жайды,
Сол еңбек қарқынына сеніпті ел, —
деп халқының болашағына мол үмітпен қарады.

Ол дүние жүзі классиктері: А.С. Пушкиннің, В.В. Маяковскийдің, В. Шекспирдің, П. Бомаршеннің, Сағдидің шығармаларын өзбек тіліне аударды. Өзімен замандас

казактың белгілі ақын жазушыларының шығармаларымен жақсы таныс еді.

Сәбит Мұқановпен пікірлес, достығы өз алдына ерекше айтылатын мәселе.

Өзбектің халық ақыны Зульфия Исраилова – бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің бәріне “Зульфия” деген атпен танылған талантты ақын. Бірнеше жинақтардың (өлеңдер) авторы “Салат” журналының редакторы болды. (Бұрынғы Өзбекстан “Хожун-қыздары” деп аталған журнал). Н. Некрасовтың, М. Лермонтовтың, С. Шипачевтің, т.б. ақындардың шығармаларын өзбек тіліне аударды. Қазақстанның бірнеше қалаларында болып, көрген әсері, казактың қарапайым халқы туралы әдемі өлеңдер жазды. Ақындықты дәріптеді. Ол:

Дүниенің кеңдігі, ойы да дананың,

Ақынның жырында.

Батырдың ерлігі, арманы ананың,

Ақынның жырында” — деп ақынның қоғамдағы орнына ерекше мән берді.

Қарақалпақ ақыны Ибраһим Юсуповтың да бірнеше өлеңдері берілді. Ибрагим Юсупов – Қарақалпақтың еңбек сіңірген өнер қайраткері. “Амудария” журналының редакторы болды. Жазушылар одағын басқарды. “Жолдас мұғалім”, “Бақыт лирикасы”, “Күн шығыс жолаушысына”, “Ойлар”, т.б. өлеңдер жинақтары бар. “Қырық қыз”, “Актрисаның тағдыры”, т.б. драмалық шығармалары сахнада қойылуда. Қазақтың белгілі ақындарын өзіне ұстаз тұтты. Өлеңдерін арнады.

Қарақалпақтың белгілі жазушысы Мырзағали Дәрібаевтың “Біздің батыр” деген повесінің “Он алтыншы жылдың ойраны” деген бөлімі беріліп отыр. 1916 жылы оқиғасы — казак әдебиетінде барлық жанрда (поэзия, проза, драма) тарихи деректер негізде көп жазылған тақырып. Салыстыра талдау көзделіп отыр.

СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, атақты түркімен жазушысы Берді Кербабевтың (1894—1974) “Қарсы құдалық” деген әңгімесі осы халыққа тән салт-сана, әдет-ғұрыпты әдемі суреттейді. Әр халықтың өзіне тән ерекшелігін, ұлттық сипатын салыстыра талдау дұрыс болар еді.

Б. Кербабев лирикалары мен дастандарында: “Амудария”, “Түркіменстан”, т.б. түркімен халқының басынан өткен тарихи-әлеуметтік жағдайларды жырлайды. Оның “Шешуші кезең”, “Ақ алтынды аймақтың Айсұлтаны”, “Күніміз туды оңынан” сияқты бірнеше роман, повестері бар. Өзі өмір сүрген кездегі түркімен халқының еңбегін, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты суреттейді. Ол өз кезінің перзенті еді.

МҮСА ЖӘЛЕЛ

(1906—1943)

Татар ақыны

Орман

Күн батты әлдеқашан, үнемі мен
Ауыр ойлар тарқамай жүрегімнен,
Көрші орманға қадала көз жіберем,
Түрменің түн жамылған түнегінен.

Орманда өзіміздің партизандар,
Кешкі асқа отыр, бөлкім, отты жағып,
“Бабайдың” балалары қаһармандар,
Барлап қайтты, жаулардың ізін бағып.

Партизан “Т” бүгін түн жасап жоспар,
Болжады екен керемет істі нендей.
Қылышын қайрағанын біздің достар,
Боламын да тұрамын естігендей.

Орман, орман, айырды мені сенен,
Айналамды қоршаған темір қорған.
Бірақ менің қорлықты сүймес денем,
Кіршіксіз, көңілім азат тордан.

Қиялым көк орманды қалақтайды,
Жолдарыңа шығамын бірге еріп,
Ертелі-кеш атой сап шарықтайды,
Құлағыма дүбірлі үнің келіп.

Орман, орман, мені сен шақырасың
Тербетіліп желменен қарағайың.
Қанды кекті шуылдап сапырасың,
Күрес жырын үйреткен анадайың.

Орман, орман, орасан маған ауыр,
Құлдық пенен тұтқындық жанды жеген!
Айт сен, қайда достарым, туған бауыр,
Қай түкпірге жасырдың оны менен?

Орман, орман қос достар арасына,
Құралыңды бер маған қойған сақтап!

Өлер едім соғыстың даласында,
Жүрегімнің кіршіксіз антын ақтап.

*Шілде, 1942
Татар тілінен аударған
Қайнекей Жармағанбетов*

Ашынғанда жазылған жолдар

Мені де жеңер сүм ажал бір шак,
Аштық пен аяз, ақ биттер баурап,
Өлермін солай кемпірге ұқсап,
Үстінде пештің көз жұмған жаурап.

Етуші ем арман дабылын майдан,
Өлсем деп ер боп соғыста құрбан.
Өлүсіреп айнымай шамнан,
Міне, енді бықсып сөнгелі тұрмын.
Үзілді үміт, етпестік тағат
Болды түл ізгі ой, талай істерім,
“Өлермін күліп” – дегенім ағат,
Келмейді өлгім, жігіттер, менің.
Көпсіне қояр қираттым нені,
Көпсіне қояр жасадым қанша?!

Пайдалы кісі дер едің мені,
Жасасам ұзақ төн қартайғанша.
Білмеппін бұрын ешқашан дерек,
Азаптан мұндай, мазақтан мұндай,
Жиіркеніш неткен!

Дерттенді жүрек,
Сағынып, сүйіп, кектене жырлай!
Байқадым енді, жалынын кектің
Лаулапты от боп жүрегім менің,
Өкініш неткен, бере алмай кеттім,
Қызуын соның өзіңе, елім.

Халық деп тынса ақырғы демің,
Өлу де бізге өкініш пе екен?
Бұралып аштан келмейді өлгім,
Қорлыққа, достар, күйініп кетем.

Жасаймын, елім, мақтаның болам,
Арнаймын соңғы соғуын жүрек.
Өлдім деп туған ел үшін балаң,
Жұмса да көзін, айта алса керек.

Қыркүйек, 1942
Татар тілінен аударған
Қайнекей Жармаганбетов

Ерік

Қайда ғана басымды мен қойсам да,
Қайғы талап жейді жүрек-етімді.
Кеш жатсам да яки ерте тұрсам да,
Дәл бір нәрсем жетпей тұрған секілді.

Сезем аяқ-қолымның да бүтінің,
Кем екен деп ойламаймын не көркім,
Бар нәрсем де жетіп-ақ түр жетуін,
Жетпейтіні — басымда жоқ тек еркім.

Тілеуімше жүрмеген соң қалайда,
Қимылдауға жоқ аяғым, жоқ қолым.
Басымда еркім болмаған соң не пайда,
Осы-дағы барлығымнан жоқтығым.

Атам-анам жоқ болса да елімде,
Айтшы, қашан жетімдігім білінді?
Жоғалттым мен жат дұшпанның

жерінде,

Анамнан да жақынырақ елімді.

Мен — күл мұнда, еріксізбін, ел-жұртсыз,
Әрі елсіз, әрі сорлы, еріксіз,
Атам-анам өз қасымда болса да,
Болар еді орным менің босаға.

Болар едім сонда да ылғи мен жетім,
Таланған тек иттерге ұқсап жүретін.
Алтын еркім, менің азат тұрмысым, —
Құстай ұшып кеттің қайда асығып?
Кетпеді екен неге соңғы тынысым,
Өзің менен бірге ғана қосылып?

Достар, дәурен сүрген кез мен, еркін, нык,
Білдім бе екен еркіндіктің қадірін?
Енді білдім тәтті екенсің еркіндік,
Тартқан шақта ауыр құлдық жәбірін!

Жетсе қолым еркіндіктен үлеске
Қуанышқа бөленсем тек арманым,
Бостандыққа, бақытты ізгі күреске
Арнар едім өмірімнің қалғанын.

Маусым, 1942
Татар тілінен аударған
Тайыр Жароков

Басымда тек ерік болса

Қарлығаш болсам, қанатын
Қомдана бір қағатын,
 Жеті қарақшы батқанда,
 Шолпан жымың қаққанда,
Сәулетті үйім, туған елім,
Ұшып саған барар едім,
 албырап таң атқанда.

Яки болсам алтын балық,
Көк толқынды кие жарып,
 Жосып өзен тасқан шақта,
 Жағасынан асқан шақта,
Сүмбіл гүлім, бұраң белім,
Жүзіп саған барар едім,
 Көлді тұман басқан шақта.

Арғымақ болсам арынды,
Тарап күміс жалымды,
 Таң самалы ескен кезде,
 Шөпке шықтар түскен кезде,
Таң жұлдызы – қызым Шолпан,
Жетер едім жүйткіп саған,
 Гүл жұпарын сепкен кезде.

Жок, әуелі бір тілек –
Басымда ерік болса тек,
 Қылышым болса қынымда,
 Қарабиным қолымда,

Қорғап сені, туған жерім,
Мен ерлерше өлер едім
Атақты айқас қырында.

*Татар тілінен аударған
Сағынғали Сейітов*

Ақын

Отырды ақын түнде өлең жазып,
Көз жасы ақ қағазға мөлт-мөлт тамып.
Далада дауыл, көкте күн күркіреп,
Нажағай шартылдады жарқыл қағып.

Азынап, есіктен жел кірген кеулеп,
Шашты оның столдағы қағаздарын.
Артынша шығып тысқа соқты гулеп,
Ащы үні шошындыра адам жанын.

Тау-тау боп толқындары дарияның,
Жүп-жуан кәрі еменге жасын түсті.
Түнжырап, қаһар тіккен бір тыныштық
Айнала аласа үйдің басты үстін.

Ақынның бөлмесінде түні бойы
Сөнбеді маздаған от күннен жарық.
Құйылды ақ қағазға толқын ойы,
Жүректі тебіренге шыққан жарып.

Таң алды, ақын тұрды іштен тынып,
Жинап ап отқа салды жазған жырын.
Өзі үйден кетті шығып...

Басылды жел,
Дауыл тынды, таң септі жарқын нұрын.

Не жазды түн отырып ақын сонда?
Ашынып, қандай ойға бөленді екен?
Жазғанын желге ұшырып, таң атарда
Асығып өзі қайда жөнелді екен?

Ескек жел соғар гулеп дауылдата,
Кештерде ұйқыңызды бөліп кетер,
Дауылдан туған тыңның арай нұры
Сіздерге оның ойын баян етер.

*Қазан, 1942
Татар тілінен аударған Сағынғали Сейітов*

Құсым-ау

Шырматылған біздің жатқан үйіміз,
Шанышқылы темір шыбық сымменен,
Күн ұзаққа қыбырлаймыз осы үйде
Бейне құрттай жан түсінбес үнменен.

Күн шығады ар жағынан қорғанның,
Кең далаға жабар шұғыла көрпені.
Сол күн нұры, неге екенін білмеймін,
Біздің үйге тіпті түспей кетеді.

Алыста емес орман, тоғай...

Біреудің

Естіледі шалғы шындап қайрауы.
Кеше орманнан бір құс ұшып келді де,
Қорғанға кеп қонды-дағы, сайрады.

Өз еркінмен мұнда келіп кірмессің,
Шақырсам да, сені үйге, құсым-ау.
Кіре көрме, біздің қанды жасымыз
Өзіңе де белгілі ғой, досым-ау!

Сайра бізге осы нәлет қорғаннан,
Сайра бізге дауысыңды асырып,
Бізге болар осы сайрау жұбаныш,
Жырларыңнан мұңды көңіл ашылып.
Жел қанатты, еркін сенің өзінде,
Сен ұшарсың, бәлкім, менің еліме,
Тек, айта көр,

құсым, менің қасыма

Бұл келуің ең ақырғы келу ме?
Ең ақырғы келу болса, құсым-ау,
Тыңда, соңғы тілегін де жанымның.

Үш сен елге, қарғыс әрі махаббат
Жыры болып, тұтқындағы шағирдың¹
Оқ секілді қанатыңнан зулаған,
Таңдай балқып шыққан сенің жырыңнан
Таныр елім, айтар:
— Соның жыры — деп
Соңғы жазған қанды айқастың қырынын.

¹ Шағир — ақын мағынасында.

“Өлімге – деп, – ащы кекпенен
Күлімдермін соңғы тыныста”.

“Көз жұмарда, – деп сенің махаббатың
Жеңілтер өлім азабын.
Елімді және сені сүюімді
Қанымменен жерге жазармын”.

“Тыныш болар ұйқы, өмірімді
Қисам мен туған ел үшін”.
Илан, елім, осы ант демеді
Жүрегімнің ең соңғы тебісін!

Тағдыр күлді, өлім келмеді тура
Өтті жанымнан мені қиялап.
Қайтейін, қайтейін, соңғы минутымда
Пистолетім етті қиянат!

Шаян шағады өзін, бітірерде демін,
Бүркіт тастайды өзін жардан.
Ал мен де сол бүркіт едім,
Бас иіп табынбас жанға.

Илан, елім, бүркіт ем сондай,
Мен де соңғы минут төнгенде,
Өзір едім қанатымды қомдай,
Құлауға жардан төменге.

Қайтейін пистолетім сыралғы
Соңғы сөзден кенет бас тартты.
Дұшпан салды қолыма бұғауды,
Азап, қорлық жолынан аттатты.

Мен тұтқынмын қазір... әр күні
Күннің шығуын көз ілмей күзетем.
Өлең болып шығады тек жалқыны,
Жараланған лашын жүректен.

Күн шығыста достар қолындағы
Тудай болып қызарады.
Білмейсіз бе, достар, тұтқын көңіл
Көкіректегі жарақаттан емес,
Қанды кектен тулап күнде қызады.

Тек бір үміт кара август түні.
Ерітер өзіне тартып ап.
Азапты тұтқындықтан тұрар жоғары
Кек және елге деген махаббат!
Тек бір үміт, достар, сіздің сапта
Табар соңғы күрес тілегін.
Жараланған, бірақ та тар құлдыққа
Бас имеген кірсіз жүрегім.

*Шілде, 1942
Татар тілінен аударған
Сырбай Мәуленов*

Айуандық

Ана менен балаға лоар түйліп,
Шықты айдап қыр басына иіріп.
Қаздырды да терең орды, өздері
Ту сыртынан тұрды қарап жымыып.

Сонан кейін ернеуіне апанның
Тізді сонау сорлы жұрттың қатарын.
Ұзын мұрын, бадырақ көз жын майор
Ақырып тұр, сездіргендей атарын.

Жаңбыр еді, төңіректі су алған,
Жерге шөкті көктегі бұлт шұбалған.
Көкейімнен көз алдымнан кетпейді,
Жок, бұл күнді мәңгі есімнен шығарман!

Өз көзіммен қалдым соны мен көріп,
Өзен ақты сыңсып жылап, күңіреніп.
Аспан өксіп аңыраған баладай,
Жер-ана да көл ғып жасын тұр төгіп.

Өзім көрдім, мұңға батып, күн жүдеп,
Ауыр бұлттар жер төсіне төнді кеп.
Зар еңіреп, сәбилерін аналар
Қоймай, қимай қысып сүйді соңғы рет.

Мына азаптан, жүрек жарған бұл үннен
Орман шошып, аймағынан түңілген.
Сұлқ түсіп, жерге басын жастанып,
Жуан емен қопарылды түбімен.

Жас сәбилер зәрелері тағы ұшты,
Анасының етегіне жабысты.
Мылтық даусы бөліп кетті, ананың
Көкірегінен шыққан ауыр қарғысты.

Желді күнгі бейне нәзік жапырақ,
Бір кішкене сәби тұрды қалтырап.
Шешесінің етегімен бүркейді
Сүп-сүйкімді бұйра басын шырқырап.

Жауаңдайды, көз алмайды анадан,
Бір сұмдықты тұр ғой сезіп манадан.
— Атады енді, жасыр мені, бауырым,
Келмейді өлгім, сақта мені, анажан!!

Иілді де, көрді ана үл өңін,
Қос қолымен көтеріп ап бөбегін
Көкірегіне басты-дағы, мылтыққа
Қарсы тосты екі бірдей жүрегін.

Байғұс сәби әлденеше бұлқынған.
Өртенді өзек ащы дауыс, сол мұңнан,
— Өмір сүрем, жібер мені, жіберші,
Жаным анам, босат мені қолыңнан!

— Қорықпа, ұлым, сескенесің сен несін,
Жүм көзіңді, көзің түкті көрмесін.
Тез, тез, балам... Ауырмайды... қазір-ақ
Тек сұм жендет жерге тірі көмбесін.

Жұмды үл көзін... Тамағынан сонда ыршып
Шыға келді қызыл таңба — қан ыстық.
Құлап түсті жер қойнына қос өмір,
Айырылмастай құшақтасып, жабысып.

Күн күркіреп, кетті азынап жел мүлде,
Жер жылады жасы тамып ерніне.
Неткен ыстық еді бұл жас, ащы еді?
Не жаздық, жер, ұшырады не күйге?

Айтшы маған, сен миллион жыл жасап
Көкірегіңе өсіргелі бақша-бақ,
Бастан кешкен болып па еді бір күнің
Мұнша қорлық, мұнша ауыр ащы азап?!

Көтер елім, көтер туды, бас алға!
Бояп жердің қан аралас жасына.
Қанын ішкен ана менен баланың
Жай боп түссін зұлымдардың басына!

*Татар тілінен аударған
Ғафу Қайырбеков*

ЗҮЛФИЯ ИСРАИЛОВА

КАЗАҚСТАН ЖЫРЛАРЫ

(“Жүрегім әман сапарда” деген циклдан)

* * *

Тыныштық аңсап, кеудені ұрып, туламай,
Жүрек бір бейқам, өте берген күн қалай?
Бұл қаламды отқа жақсам болар ма,
Тотқа ұрынып тоқырған, жырламай?!

Көз-құлақ боп кезе берсем болмас па?
Жатыпты алда жолаушысыз жол басқа.
Сахара сөзін, дос отауын, тас сырын
Жаным ұғып, көзім көріп қалмас па?

Білместікпен өнді өмірім ақпасын,
Сапар оңнан, жолдан басым тартпасын!
Ал төгілді Алатаудан асыл жыр,
Аштым соған көкірегімнің қақпасын!

Биші бұлттар

Сүймеуші ем бұлтты тегінде,
Жаратқан деуші ем қор ғып кім.
Қазақтың Есік көлінде
Ғажабын көрдім сол бұлттың.

Қолымен бұлтты уыстап
Өмірде, сірә, кім көрген?
Ал енді қазір тыныстап,
Бұлттармен тұрмын бірге мен.

Орамал етіп бір орап,
Иықтан асып тастадым,

Жел қойныма ұялап,
Аласа тартты аспаның.

Күннің нұрын қанғанша
Сүйе берсем еркімде,
Шұғыладан камзолша
Кие берсем еркімде.

Алайда бұлт тәкаппар
Кезеді көкті құр босқа,
Жел билеген ол бір сал,
Мекен басқа, жөн басқа.

Айниын дедім аздан соң
Тұрса да қаста аспаның.
Жер алыста қалған соң
Қалтырап тоңа бастадым.

Бұлттың қойны тым суық,
Өгейлігін сезем мен.
Сыйғызбай аспан, жер қуып,
Қаңғыбас болған ежелден.

Көк жетімі — жалба бұлт,
Сенен биік еңсеміз.
Өкпелесең, қал қаңғып,
Аспан — жомарт, жер — семіз.

Перде емессің аспанға,
Қайта ашылар, жыртар да ол.
Сикырыңды таста да,
Бізге келіп дихан бол!

Қалады деп телмірме
Құшағында көніп мен.
Онан да туған жерімде
Дән, су болып жолық, сен!

Сүй бұл жердің адамын,
Дайын құшақ, дайын дос!
Елге қайтып барамын
Келгеніңше хайыр, хош!

Көкшетау

Білгенде Көкшетауын қазақ білсін!
Көзімнің жауын алды-ау ғажап мүсін.
Деді ме жаратқанда бай табиғат
Жан біткен жаутаң қағып қарап тұрсын?!

Туғызған жер сұлуы жыр сұлуын,
Арнапты соның бізге жыршы бірін:
“Алғайсың көзге балап Айнакөлді –
Айнасы жер сырының, күн сырының!”

Дедім мен – киік болып шыңға атайын,
Тас болып Айна көлге шым батайын!
Жоғалып “биші қайың” арасына,
Шашымды ақ самалға құрғайтын!

Тауларың неткен ғажап бәрі аңыздай!
Жамылған жасыл желең бала қыздай.
Көз кеңіп, көңіл кеңіп кете барды,
Көкжиек қымыз құйған шараңыздай.

Әр соқпақ жыр жолындай жатыр сайрап,
Сол жолмен кете барсаң, тау айғайлап,
Өзіне шақырғандай жас аршалар
Саусағын нұрға созған баладай нақ!

Күні түр сахараның жанып лаулап,
Дос көңіл одан да өткір түр алаулап.
Көлдердің құшағына ұмтыламын,
Шыққандай өңшең оттан жаным аунап.

Бұл жерде көңіл жүйрік арғымақтай,
Шыңдай зор, мөлдірлігі бал бұлақтай.
Ыстық ол жанар таудай жалын атқан,
Аяулы алғашқы асыл махаббаттай.

Қымызды дөт шыдатпас ішпесіңе,
Рахат мың бір көктем түсті есіме.
Мандайдан өмір салған із жоғалды
Сипалап дос алақан түс, кешімде.

Ақ отау ата қазақ сол мұрасы,
Анамдай әлдилейді домбырасы.

Ғажап қой сері дүрмек, серкелі топ
Толатын кешке жақын дөңнің басы!

Бос қайтар машинаңды, жақсы досым,
Қалайын, бір мекенім осы болсын!
Лақтыршы мені көлдің, тереңіне,
Көтерсін су перісі көңіл хошын!

Қойнынан жасыл жаннат кетпеші алып,
Ас төгіп, күте берсін көрпе салып.
Жомарттық падишасы екен бұл жер,
Көңілің тыныш таппас көкке шауып.

Қап, өттең! Асықтырды үлкен ақын,
Қазақтар ол сөз айтса тоқталатын:
Ауылды бір мүшәйра күтіп отыр! —
Амал не, жырға әкімдік жоқ болатын!

Атғандық көңіл алып, көңіл тастап,
Тау Көкше бір қарады төніп асқақ
Жүректе алуан сезім араласып,
Әкетті асыл арман мені бастап.

Үкілі Кәмшат

Тастарға тамған тамшы ма,
Сыңғыр-сыңғыр не қылған?
Әлде Күләш даусы ма
Өзіміз көптен сағынған?

Тыңдай қалдық сол бір кез
Келістері тамаша-ақ.
Құралай көз, бал мінез
Қыздар екен қарасак.

Үкілі кәмшат топылы
Әсем-ау көрік мына тым!

Сіңілім, қалма арманда,
Киіп ал костюм бергесін!
Алматыға барғанда
Аруы қыздың сен десін!

Қиетін топты зерлетіп,
Есімде сонау балаң күн...

Достарым берген тақия,
Киермін асыл белгі етіп,
Көзіндей көріп анамның!

Қармақ

Қазақстан, қармағың
Сықыр екен, түстім мен.
Ып-ыстық далаң, тауларың,
Мейірін мені түсірген.
Салмашы сықыр қармақты,
Өзім-ақ келіп ілігем,
Желің боп кезіп жан-жақты,
Толқын боп шарлап жүгірем.

Қармақтың жібін арқауға ап,
Токылды осы өлеңім.
Шіркін-ай, сонау отауда
өлеңмен қалсам деп едім!

Аударған Ф. Қайырбеков

МИРТЕМИР

Қазағым

Жан бауырым, қалың қандас қазағым.
Алатауда гәуһар шырақ ажарың.
Ағыл-тегіл қазыналы базарым.
Қардош¹ қазағым!

Абайдайсың, еңбек сүйген ұстазың,
Жамбылдайсың, кенен-шалқар жыр-сазсың.
Қаһарлансаң — қақап тұрған аязсың,
Мейірленсең — жарқын, мырза гүл жазсың,
Алматы мен Сунақ, Шымкент, Созағым,
Қардош қазағым!

Тандай жарық сүрен-даңғыл жолсың сен,
Дариядай толқын толы молсың сен.

¹ Қардош — бірге туған (өзб.).

Мұхиттарға бергісіз бір көлсің сен,
Шалқар, Балқаш – сүт, қаймақты қазынам
Қардош қазағым!

Ен жайлайсың, жасыл-мақпал жер төсін,
Аштың жердің қабат-қабат көрпесін.
Тауларың түр көтеріп тік желкесін,
Өзің серке, өзің бике өлкесін,
Миллиард берген данқыңа қол соғамын.
Қардош қазағым!
Сүйдім сені... Жыр байладым мен саған,
Жүрегімде жырдай қайнап жүрші аман.
Аяулымсың ай көрмесем аңсаған,
Ағажаным, тағажаным¹, еркежан,
Достықта мен кір шалмайтын тазамын.
Қардош қазағым!

Алматының қысы

Биыл тағы алма жақсы бітіпті –
Қызыл ала тау-тау болып түр тіпті...
Алтын бидай жететіндей бар елге,
Көмір шалқып жатыр байтақ әлемге.
Жыл екен-ау биыл ғажап, үлкен де!

Ақ мамық қар себелеп жәй түр үстен,
Ауа жеңіл, кеуде ашық, тыныс кең,
Мөддіреген мұз айдында – салтанат,
Сикыр өнер толып тұрған шартарап.
Жыл екен-ау биыл ғажап, көркем де!

Көз ұялтып қаратпайды ақ жапан,
Әлем қардың құшағына кіріп түр,
Бал ұйқыда балбырап қыс тынып түр.
Қар жауып түр... Бақтар киген ақ шапан...
Алатаудың асқарына шығып бір
Ақ матасын өзбек жайып қойғандай,
Жыл екен-ау биыл ғажап бір кенде!

Аударған Қ. Шаңғытбаев

Абай ата

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сәнбес шырақты,
Елдің данқын жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

Замандардан зарлап өмір, қаншалықты көрді азап,
Туған елдің күш-қуатын бүгін ашты бұл қазақ.
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай кім.

Алдында оның – айдай әлем, ойға кеткен бір түпсіз,
Көсемдей ол күдіретті, азапкердей үн-түнсіз.
Қарайды ол жасыл баққа... Оралады ән оған,
Жел ызыңы, құстың үні сыр шертеді жаңадан.

Жұпар иіс сезесіз бе? – Жайлау қазір жап-жасыл,
Ат дүбірін естисіз бе? – Жылқы жонда салды асыр.
Алатаудың шыңдарына жайылып ақ құшағы,
Көлеңкесі көлге түсіп, самолеттер ұшады.

Жердің жүзін, күннің көзін алып жатыр егісі,
Бір жағында тасқындайды қазба байлық, кен ісі.
Барлық жерге, гүл өмірге нұрын төккен арай күн,
Орындалып жатыр бүгін ақ арманы Абайдың.

Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,
Бүгін, міне, шықты қазақ өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.

Жазда барсаң, қыста барсаң, – Абай отыр бір қалып,
Кептер болып иығына қонақтайды жыр барып.
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде – көк аспан,
Түнде жұлдыз жыпырласып көруге оны таласқан.

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сәнбес шырақты,
Жаңа күнді жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

Аударған Ә. Абайділданов.

¹ Таға – нағашым (өзб).

ҒАФУР ГУЛЯМ

(1903—1966)

Өзбек ақыны

Ана

Мен бір күнде бұл дүниеге
Келіпін ғой, анажан.
Сонау тұңғыш мен көрген таң
Қандай еді, кім білсін.
Жаялықта жатып сонда
Мен әлемге қарағам,
Қарағам да сонсын, әлде,
Жыладым-ау мың дүркін.

Жұдырықты түйіп алып
Сығырайтып көзімді,
Жаттым-ау, мен,
Ал ой-санам ашылмаған кең еді.
Сол күндерде бәйек болып,
Баптап күткен өзімді,
Қайран әжем, жоқсың қазір,
Құшып-сүйгім келеді.
Өмірімнің қасиетті қайнарысың,
Анашым.
Ақ сүтіңнің дәмі аузымнан
Кеткен емес ешқашан.
Жас қырандай
Құзда баулып өсіретің баласын,
Жеткіздің сен.
Жақсылығың түседі ғой еске сан.

Күрескер де ақын болдым,
Өсті тағы үй-ішім.
Жарты ғасыр жасапшын мен
Талаптандым, өрледім.
Дарқан жүрек қайран анам,
Рахмет саған бұл үшін,
Амал қанша, ерте кеттің,
Қызығымды көрмедің.

Амал қанша, көрмедің сен,
Балаң тұрған жаңа үйді.

Көрмедің сен молшылықты,
Бүгінгі шат өмірді.
Қазір міне ел бақытты,
Ісіміз бар сан игі,
Әр күн сайын гүл жайнаған
Тұрмыс қандай көңілді.

Жан анашым, келсен біздің
Дастарқанның басына,
Шын бақытты, жүзі нұрлы,
Ұрпағыңды көрер ең.
Отырсаң сен, жан анашым,
Келіп менің қасыма,
Жүрегімнен шыққан мынау
Жырды оқып берер ем,
Күлімдеп өзің қарасаң,
Бақытқа жаным бөленген.
Мейірімінді анажан,
Ұмытпай әлі келем мен.

Қалайша бір сәт ұмытам,
Сен баулып,
ержеткенімді.
Есіме мәңгі сақтармын,
Бесікте тербеткенінді.
Бір сені балап мыңға да,
Теңермін алау таңға да,
Теңермін биік шыңға да,
Теңермін дана жанға да.

Мен үшін болдың бәрі де,
Қол жетпес биік аспан да,
Өмірдің мәні, нәрі де,
Көңілдің жыры, дастан да.

Жеткіздің баулып, жан анам,
Еңбекте, істе сынадың.
Сен менің ақыл, ой, санам,
Сарқылмас қайнар бұлағым.

Өзінді мәңгі ұмытпан,
Жан ана,
адал ұлыңмын.
Сен менің сөнбес Күнімсің,
Ал мен сенің нұрыңмын.

Аударған Әубәкір Нілбаев

ИБРАҺИМ ЮСУПОВ

Қарақалпақ ақыны

Күншығыс жолаушысына

Өңірінде жайқалған жас қара тал
Амудария толқынынан нәр алып, —
Құбыласында шөккен нардай Қаратау,
Арқасында ақ сазанды Аралы...

Өз еліңнің осы өңірін аралап,
Жүрегінде мәңгі сақтап кетуге, —
Күншығысқа сапар шеккен азамат,
Асыға гөр біздің жаққа жетуге.

Көкпен келсең, үшқыр сұңқар зымырап,
Аэропортқа жүйрік “ЗИМ”-дер сырғанар.
Жермен келсең, жолың — Чаржау — Қоңырат
“Хош келдің!” деп бау-бақшалар ырғалар.

Бізде сөз бар: мейман — ырыс,
берекет,
Қонақ күту — қызметі әр адамның.
Егер үйге бес күн мейман келмесе,
Шайы сіңбес менің байғұс анамның.

Тандыр жапқан жеңгейлер жүр ғаламат,
Рұқсат жоқ ауыз тимей өтуге,
Күншығысқа сапар шеккен азамат,
Асыға гөр біздің жаққа жетуге.

Бұнда достық салтына жан сүйінер,
Жатырқамай араласаң — көрерсің.
Әр ауылдан, әр диханның үйінен
Өз үйіңнің жылы лебін сезерсің.

Бұнда өскен мақтаның әр талшығы
Шын достықтың нағыз алтын жібіндей.
Жайлауларға құрдай қаптап мал шығып,
Жайнар дала жасыл кілем түгіндей.

Оқыранар қайшы құлақ қазанат,
Желдей жүйткіп сені алып кетуге.
Күншығысқа сапар шеккен азамат,
Асыға гөр біздің жаққа жетуге!..

Анар гүлдеді...

Кел, сүйіктім, бау жаққа барайық,
Жұпарын шашып, анар гүлдеді.
Басқа жемістің миуасы байып,
Гүл төккен шақта анар гүлдеді.

Құмартсаң, бұлбұл қонады саған,
Бағбанымыз да керім жақсы адам.
Гүл үзейік бірге бақшадан,
Толысқан шағында анар гүлдеді.

Өрік гүлдегенде келмедің, жарым,
Алма гүлін берсем, алмадың, жарым.
Басқа ағаштың гүлі қалмады, жарым,
Қырмызыдай жайнап анар гүлдеді.

Қайтадан келмес оның бұл шағы,
Гүлдемес қайта махаббат бағы.
Жаз өтсе, күз бар деме сен тағы,
Жаздың жарастығы анар гүлдеді.

Сенсің асылым, кеуіл қарарым,
Бақшадағы әнім, баудағы анарым.
Көңілімді менің көтер, інкәрім,
Бақыт бағында анар гүлдеді.

Сұлу екен Алматының қыздары

Алтын жапырақ, ақ балтырлы қайындар,
Шарпыды ма қоңыр күздің ызғары?
Бұл сөзімді шулап көкке жайындар,
Сұлу екен Алматының қыздары.

Кілең қой көз, ботақан көз, қара көз,
Кейбір қыздың бет-жүзінің бөрі көз.
Миық тартып, айта қалса жалғыз сөз,
Ерігендей Алатаудың мұздары.

Келе жатып алабұртқан көңілмен,
Біреуіне (көзіме ыстық көрмеген)
“Жібек шәлі қайда сатат?” дедім мен,
Қарындасым сынын өсте бұзбады.

“Қайда еді” деп сауал қойды өзіне,
Мен ұрланып қарай бердім көзіне.
Кездесуге бара жатқан кезі ме,
Оны күткен қай көшенің боздағы?

Жұмсадым мен қарақалпақша тілімді,
Айтқанымның бәрін ол да ұғынды.
Қармағым да бір нәрсеге ілінді,
Көз шәліде, ал көңілім қызда-ды.

“Айтшы қалқам, қайдан іздеп табарын,
Қай жерлермен, қай көшемен барарын,
Осындай бір көк шәлі еді арманым,
Айып көрме ағаңнан тек қызғанын.

Қызыл гүлін Көкшетаудан терген бе,
Бар сахара қызғалдағын берген бе,
Әрбір жібін Баян сұлу өрген бе,
Абай ма екен нақыштарын сызғаны?

Көкшіл гүлі Бурабайдың көліндей,
Сарғыш жиек тыңға піскен егіндей,
Желбіреуі Құрманғазы күйіндей,
Бәрі, бәрі көңілімді қозғады”.

Күлді де қыз:

“Ақынсыз ғой, ағай, сіз...

Жамбылдан сәл...

Оңға қарай барарсыз...

Женешеме жақсы бір шәлі аларсыз” ...

Делі,

мен де әрі қарай созбадым.

Құлама сай шыққандай кең жазыққа,
Бір аңқау піл үңілгендей қазыққа...
Еске түсіп кетті жарым, гүлзарым,
Көзімді ашсам кетіп қапты қыз-дағы.

Тек айнала зәулім үйлер орап тұр,
Тек қайындар жапырағын борап тұр,
Бір топ адам “мініңіз” деп сұрап тұр,
Троллейбустың сымы ғана боздады.

Қазақшаға аударған С.Жиенбаев.

МЫРЗАҒАЛИ ДАРИБАЕВ

Қарақалтақ жазушысы

Он алтыншы жылдың ойраны

(Бұл “Біздің батыр” деген ұзақ әңгіменің басы)

Ит тұмсығы батпас қалың қамыстың жайнаған жапырағы түсіп қураған құр сояу қамысы ғана қалған күздің күндері еді.

Зарлы заманның зарына зарланып даусын қосқандай күздің гулеп соққан сабырсыз салқын желі өсімдіктің басын шайқап, жапырағының түскеніне қаһарланып қана қоймай, иреңдеп аққан анау Әмударияның толысын төгіп, ортасын шайқап толқынын тулатып, ертелі-кеш шулатып жатқан мезгіл. Бұл уақыт күн онша суық та емес, жан күйінерлік ыссы да емес, жанға жайлы салқын уақыт. Тіршілік те өте қолайлы, тіршілік баласы жануарлардың жаны жадырап, семіріп рақаттанатын мезгіл. Бірақ адамда қан, малда қон жоқ, барлығы да қайғының қара қабына түсіп, ішінде қалың қара қайғы қайнап, мұз ойылып қатқан уақыт еді.

Сүйкімді сұлу дауысымен аспанды басына көтеріп шырқап өзінше өлең айтатын өлеңші, сайрағыш құстар бүгін зарлап, мұңайып, мұнды даусымен Көлсуды жаңғыртады.

Ал ауылға келсең кемсендеп кемпір жылайды. Судан шыққан тышқандай сүмірейіп қарт жылайды. Қара көзі тұнық судай жаудырап жастар жылайды, қанын ішіне тартып сең соққан балықтай орта жастағы адамдар жүр.

— Көппен көрген ұлы той, — деген ғой бұл жалғыз біздің ауылдың басында емес, бүкіл “халықтың” басында бар қасірет, көппен бірге біз де көреміз, — деп кейбіреулері бірін-бірі жұбатқандай сөздер айтады. Бірақ жұрт оған да үйренген, бұл сөз құлағына кірмейді, тек жылай береді.

Қудың піріндей аппақ сақалын көз жасымен жуып, ауылдың қариялары таяқтарына сүйеніп бір жерге жиналды. Барлығының да жүрегінде мықты бір түйін бар. Ол жандарын жеп, уландырып бара жатыр. Барлығы да осы мезгілде бір кемеге мініп, телегей түпсіз теңіздің ортасына кетіп бара жатқан сияқты. Соның арасында манағы ана ауыл беттен хабар алып келейін деп кеткен Емберген де қариялардың ортасына келіп қалды.

— Иә, Емберген, қандай хабар бар? — деп қариялар Ембергеннен сұрап жауабын алмай-ақ, жұрт тез үймелесіп жиналып та қалды. Шапанының алдыңғы етегін сүйретіп, қолын артына ұстап кемсендеп жылап жүрген кемпірлер келді.

Имене басып қыз-келіншектер келді. Мұрнын бір қорс еткізіп тартып, жеңімен бір сүйкеп жас балалар да келді. Ауылда қыбырлаған жан болса қалмай келіп жиналған секілді. Сол арада :

— Ол ауыл жақтағы әңгіме сол, — олар да біздердей болып бар тапқаны екі көзіне әлі жетіп жылаумен жүр. Адам шынымен алынатын болыпты, — деп Емберген ана ауылдан естіген хабарын айтты:

— Сіздер де тірі жансыздар ғой, ауылдың маңдай алдыларын араларыңыздан жіберіп қала бересіздер ме? Бір тіршілік ету керек, — деп сұрланып Гүлжан көпке шаптыға сөйледі де, шыдай алмай жылап жіберді.

Ақ патшаның әміріне қарысып, қарсы шығуға болмайды.

— Ақ патша тек Алланың айтқанын істейді. — Алла ал құлым деп жарылқар ма екен, — үй басына бір малдан сойып жолына садақа етіп, құдай жолы беріндер, тасаттық етіндер, — деп ауылдың имам молдасы айналасында тұрған адамдарға қарады.

— Молдеке, құдай жолы қылатын мал түгіл тауығым да жоқ, құдай жолынды өзің бере бер! Сенің айтқаныңды істеп жалданып тапқан табысымды бөле жарып жыл сайын садақа етіп, сенің батаңды аламын. Онымен маған құдайдың тышқақ лағы да жоқ. Қазір жұрттың ішкені ірің, жегені желім болып тұрғанда “құдай жолы” деп басты қатырма! — деп Емберген молдаға бір жекіріп қойды.

— Уай, бейбақ, діннен шықтың, тәубе ет! — деп молда күбірлеп өзінше бірдемелер айтып жатты. Бірақ оны ол маңдағы адамдар ести қойған жоқ.

— “Ана ауылдармен хабарласып, ертерек алдын алып, ақыл табайын деген ниеттері жоқ, осылай ақ таяққа асылып тұрғаннан не шығады? Осы ауылдың адамдарындай өте ғаріп адамдарды көрсем көзім шығып, көр болайын!” — деп бағанағы Гүлжан тағы күңкілдеді.

— Сенің балаң болғанда, біздің баламыз жоқ па? Сенде бар бала бізде де бар, амалымыз жоқ, сосын-ақ тұрмыз, бірақ ешбір лаж жоқ, жұрттан ала бөтен сенікі не, Гүлжан? — деп көптің ішіне біреу Гүлжанның бетін қайтарып, басып тастады.

Жұрт осындай дабыр-дүбір сөйлеп жатқанда ауылдың сыртынан бір атты селтең етіп шыға келді. Жұрт екі көзін енді содан айырмай қадалып қарады.

— Бұл кім?

— Аманғали ғой.

— Ол қайдан келе жатыр екен?

– Мана хабар білемін деп Есмұрат болыстың ауылы жаққа қарай кетіп бара жатқан еді, – деді біреуі.

– Хабар біліп келе жатқан шығар, шақырыңдар, келсін.

Сол арада біреу қолын бұлған шақырды. Аманғали атының басын бұрғаннан болмай адамдар соған қарай дүркірей жүгірді. Аманғали атын шоқытып келіп те қалды.

– Қайдан қайттың, қандай хабар бар?

– Хабар біліп қайтайын деп мына, таңертеннен Есмұрат болыстікіне кетіп едім, – оған бармай оның бер жағындағы бір ауылдан қайттым.

– Иә, ол ауылда қандай сөз бар екен? – деді біреу.

– Айттып тұрған сөзді бөлмей қоя тұрсаңдаршы, – деп Гүлжан тағы шыр ете қалды.

– Ол ауылдың да бас көтерген адамдары ар жағындағы Қожамет болыстікін бетке алып кетіпті, жастар қариядан журналды тартып алып, кім бар, кім жоқ қарапты.

Ол журналда байдың балалары ғана қалған да, басқа кембағалдың балаларының барлығын жазып алған екен. Сондықтан ол журналды түнде келістіріп тұрып отқа жағыпты.

– Ах-ах! Қағаздарының барлығын өртеп жібермейді-ау! – деді Гүлжан айызы қанғандай болып.

– Иә, бала, ол байдың балаларын қалай етіп қалдырайын деп журналға жазбады екен, – деп Емберген аттың үстіндегі Аманғалиға қарап аузын ашып, қалшып қатып қалды.

– Байдың балаларын бөлек журналға, бірін асқақ, бірін шолақ, бірін жыңды, бірінің басы таз, бірінің жасы артық! – деп жазыпты, – деді Аманғали.

– Барлығының есебін тапқан десеңші, – деп Емберген төмен қарады.

Қамалып айналасында тұрған адамдарға бір қарады да Аманғали:

– Мынадай бір әңгіме бар, бірақ оны ауыздарыңнан шығара көрмеңдер! – деді.

– Бізді бала дейсің бе, айтқаның болсын! “Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір” – дегендей бәріміздің тілегіміз бір ғой, – деп Емберген тағы Аманғалидың аузын бақты.

– Шымбай жақтағы адамдар адам алма деп арыз береміз, болмаса приставты өлтіреміз деп, бір аптадан бері даярланып жатқан сияқты. Жұрт әбден қанына қарайған, адамдардың айтуына қарағанда сірә өлтірмей қоймас деп ойлаймын, – деп Аманғали сөзінің соңын салмақты етіп қойды.

Жиналған жұрт “құдай көз жасымызды көргей-дағы!” деп өзара дабырлап сөйледі.

– Қазір одан басқа хабар жоқ. Тағы да хабарласып тұрамыз ғой, – деді де Аманғали алға қарай жүріп кетті. Приставты өлтірсе, солдатқа алынбайтын болғай!

– Құрысын пристав, солдат науқаны бітсін! – деп жиналған жұрт үйлеріне тарқады.

Бұл 1916 жылғы солдат алу жөніндегі орыс патшалығының үкіміне риза болмай қарсы шығу үшін топтасып, жиналып жүрген езілген халықтың алғашқы адымы еді.

* * *

Халықтың үрейі ұшып, бетінің қаны қашып, ішсе жүрегіне ас батпайды, жатса ұйықтай алмайды. Сары ауру болып, сарғайып семгендей, соғылысып жүреді.

Үйлерінде де отыра алмай, ана ауыл, мына ауылға қыдырып хабар болар ма екен деп, таңның атуы, күннің батуы қайыршыдай тентіреп өмірін өткізеді. Еккен егіндеріне де қарамайды. Тары, сұлы, жүгері деген басын көтере алмай ырғалып тұр, бірақ не пайда, оған қарамайды. Егіндері доңыздың жайлауы болып кетті. Егін піскеннен бері рахатын доңыз бен шымшық көріп жатыр. Егін түгіл адамдар басымен әуре болып, сасып, азып-тозып, ішкені ірің, жегені желім болып жүр. Әлі-ақ қайтып келеді деп тоқсан түрлі ойлайды, бірақ түбіне жете алмайды. Емберген осы ауылдағы жас жігіттің бірі, орта бойлы қызыл шырайлы сұлуша ғана талдырмаш жас жігіт. Қолында малы жоқ. Өзінің анасы он үш жасында қайтыс болып, атасының апасы Сахардың қолында қалып, соның тәрбиесінде болды. Бірақ өзі есін білгеннен-ақ көргені қорлық болды. Ұбайдулла байда жалданып, күнімен жұмыс істеп келсе, кеште байдың бәйбішесі жыландай ысқырып, аюдай ақырып, тындырмайды.

Оның үстіне шөміштен қысып, тамақ та бермейді. Әбден миы ашып, титығы құрып, бір жылдан соң ақшасыз шығып кеткен. Жас Емберген уақытынан бұрын құтылғанына қуанған еді. Одан шығып Арау дегенмен ілесіп, Маңғыт қаласындағы Беггей байдың заводында үш жыл жүріп, машина айдауды да үйренді. Бұл жүрген үш жыл Ембергенге үш жүз жылдан кем болған жоқ. Себебі жұмыстан өлейін деп келгенде рақаттанып отыратын үй жоқ, дұрыс тамақ жоқ, ылажсыздан үш жыл жүріп, жақында ғана ауылға қайтып келіп жүргенде бұған солдат деген бөле тағы тап болып, “бұған алдымен мен кетемін ғой”, – деп ойлайды да, қарт атасы мен кемпір үлкен анасының алдында от жағып, тыныш отыра алмай, тентіреп жүр.

“Хабар аламын” деп ана ауыл мен мына ауылдың арасында қатынап жүргенде.

Көргенімнің бәрі кемдік,
Көре алмадым ешбір теңдік.

Қашан болар маған кеңдік,
Білмей жүрмін батып ойға.

Мен солдатқа бара қалсам,
Оған барып қаза болсам,
Жас гүлдей боп, көктей солсам,
Ата-анам қалар қайда?! –

деп өлең айтып, жүрегінің шерін тартқандай шағынып жүретін еді. Өзінің кеткенінен бұрын “егер кетсем ата-анам қайда қалады, қалай күн көреді” деп ойлайды. “Егер солдатқа барсам, онда өліп қалсам, бұл екеуі жылаумен көзі ағарып-ақ өледі ғой?” — деп көбінесе ойлайтыны сол еді. Осындай ойға батып саят қыстауынан келе жатыр еді, Қожамет болыстың ауылы жақтан құлайтын тастықты үлкен жолмен бір көк шолақ есекті көрінеді. Есекті “ықылап” иығына түртіп тебініп, тіпті мазасызданып келе жатқандығын байқады. Бір суық хабар бар екендігін есектінің түрі айтып тұр. “Бір бәле болған ғой, мына есектінің жүрісі – жақсы жүріс емес”, — деп ойлады. Түсі қашып кетті. Қызыл шырайлы жүзі суық ұрған гүлдей солып, сүп-сүр болып, күрсіне демін алып, ентіккен өкпесін баса алмады. Сол арада алдындағы есекті адам да келіп қалды. Оның қарсы алдынан шығып:

– Жолың болсын, қайдан келе жатырсың, қандай хабарлар бар, — деп сұрады Емберген.

– Не хабар сұрайсың?

– Мына солдаттан не хабар бар?

– Солдатқа алатын болған, бұрынғыдан да қатты кіріскен, оның несін сұрайсың!?

– Шымбай жақтан қандай хабар бар?

– Ол жақтан қалалықтар адам алмаңыз, алсаңыз барлығын тегіс алыңыз, байдың, молданың балалары қалатын болды, тек жарлы-жақыбай диқандардың баласы алынатын болды, — деп приставқа барған екен:

– Ол сіздердің ісіңіз емес, адамды қалай алу менің еркім, сол ауылдағы болыс, би, ақсақалдардың ісі, — депті.

Қарны тойғанды білмейтін жамандардың талабын қара, деп пристав қабаған иттей жуытпаған.

– Иә, содан соң?

– Содан соң не болсын, қаны қарайып, жаны күйген адамдар неден қайтсын, приставты өлтірген.

– Өлтірген дейсің бе?

– Иә, өлтірген.

– Иә, бала, солдаттары қайда екен?

– Солдатын не қыласың, солдаты құри ма?

— Одан кейін, — деп Емберген қуанғандай болып, есектегі жақындай түсіп, тағы сөз күтті.

— Одан соң адамдарды өлтірген, өз жайына жүрген қалалықтарды ұстап атқан, асқан, шапқан, барлығын өлтірген, зұлымдықтарын істеген.

— Уай, зұлымдар-ай! — деп Емберген төмен қарап біраз тұрды.

— Приставты өлтіргеннен кейін енді қалғандары өте қатаң қарап, қарттарды тұтқынға алып, жастарды қойдай қосақтап солдаттыққа алып бара жатыр дейді. Осы хабарды тез ауылға жеткізейін деп өте асығып келе жатырмын! Мені енді кідіртпе, — деді де, есекті тағы тебініп, ықылап есегінің иығына түртіп жүріп кетті. Ол ападай жерге шыққанда:

— Қожамет болыс пен Есемұрат ақсақал қайда екен? — деп артынан қарап Есберген айқалады.

— Білмеймін, -- деп келте жауап берді де, есекті қайырылмай кете берді. Ақылынан адасқандай, миы айналып мең-зең болып Емберген сол жерде аз ғана анқайып тұрды. “Шынымен-ақ кететін болғанмыз ба” — деп ауылға қарай жүріп кетті.

Ауылға жарым шақырымдай келе бергенде ауылдың ар жағынан бір қора адам келе жатқанын көрді. Топтанып жүрген адамдардың арасына келіп, бес минуттай тұрғанда ауылдағы адамдар ой-бой деп улап-шулап жылаған, у-шу даусы ауылды азан-қазан етті, ойбайлаған дауысқа үн қосқандай гүлеген жел одан сайын күшейінкіреп кетті.

Емберген ауылға келгенде біреудің — біреумен ісі жоқ — біреу жалғызымдап, біреулер балаларының атын айтып жылап, өздерімен-өздері болып жүр. Солардың арасында Ембергеннің анасы да “ой-бой, Ембергенжан” деп бақырап жүр. Ол Ембергенді көргенде басқа еш нәрсе айта алмады, тек. “қарағым, кеттің”, — деді.

“Кеттің” дегенде Ембергеннің де көзінен ыссы жасы еріксіз шықты.

Сөйтті де манағы ауылға келген адамды тауып алды. Ол келген манағы атпен келе жатқан Аманғали екен.

Ол да Ембергенді көргеннен-ақ:

— Досым Емберген, кеттік қой, — деп жылап жіберді.

— Қашан кетеді, қалай алады екен? Жалғыз болса солдатқа алмайды деп еді ғой, — деп Емберген Аманғалиға қарады.

— Жалғызды алмаймыз деп ауызша айтқаны болмаса, іс жүзінде алады ғой. өз балаларын қалдырып, оның орнына біздерді жіберетін болып журналға біздерді жазып қойыпты, — деп Аманғали күрсініп демін алғанда Емберген ызаланып, ащуы кернеп терісіне сыймай кетті.

– Анау күнгі Шымбайға барып приставты өлтіреміз деп жүргенде қайда екен?

– Барған, өлтірген, енді қалалықтардың өзін қамап, тұтқын қылып түрмеге жауып, жастарды солдаттыққа алып, ойранын шығарып жатқан сияқты.

– Енді қалай етеміз?

– Мен де ақылымнан адасып, басарға жер таба алмай сасып тұрмын, – деп Аманғали таяғымен жер шұқылай берді. Жылау-сықтау баяғысынан көбеймесе, азайған жоқ. Ауылдың кемпір-шалдарымен бірге қиғаш қас, бота көз, тәтті сөз, ақ тамақ, кең маңдай сұлу қыз-келіншектер де жылап жүр. Бұлардың баласы жоқ қой, неге жылайды деп ойларсыз? Баласы болмаса сүйген жары, қосылған қосағы, кейбіреулері енді қосылайын деп жүрген жолдастары бар, біреулерінің аға-інісі кетеді. Мұның күйігі баланың күйігінен кем болсын ба, кем емес, қайта артық, сондықтан бұлар да еңірен, жылап жүрген еді. Жылаған адамның көз жасын коргенде Емберген шыдап тұра алмады, сөйтті де Аманғалиға қарап:

– Қане, Аманғали, жүр десе қойдай алдына түсіп кете береміз бе, иә болмаса тірі жанбыз ғой, бір тіршілік етеміз бе? – деді.

Топанның қара жаңбырындай ғаламат болып тұрған бұл бір бөле, бұған қандай айла табамыз? – деп Аманғали ақылынан адасқандығын білдірді.

– Қайдан білейін?

– Егер сатылып, шынымен кететін болсақ, өлсек те тірі болсақ та бір болайық! – деп қойды Аманғали.

Күрсініп, демін ішіне тартып алды да:

– Егер сатылып кететін болсақ, бір байдың ақшасын алып артымызда қалып бара жатқан ата-анамызға қалдырайық та, өзіміз қашайық! – деді Емберген.

– Ұстап алса қалай етеміз? – деп Аманғали қорқынышты, сұрланған түрін көрсетті.

– Ұстап алып, қолға түссек өлерміз, ол жаққа барғанда да өлеміз, одан қайта осы жерде өлгеніміз жақсы, бірақ ұстатпай кетерміз, – деп Емберген кіжініп, қаһарланып жұдырығын түйіп қойды.

Сол сәтте “мен ауылға жетейін” деп Аманғали жүріп кетті.

* * *

Көзге түртсе көрінбейді, ай тастай қараңғы, егер жолсыз болса, адам адасып-ақ кеткендей, анда-санда кейбір ызыңдаған сары маса болмаса, далада қыбыр еткен жан жоқ.

Сары маса жоқ болып бара жатқан күзгі күн ғой, сонда да біртіндеген сары масалар ғана ызыңдайды. Бір жеріңе тие қойса

жыландай шағып, улы тілін аямай тығып-ақ алады. Сол далада, елсіз жерде екі адам қараңғыда қалбақтап келе жатыр.

Жолда көп жүріп шаршаған адамдарға ұқсайды, аяқ алыстары өте баяу. Өздерімен өздері болып күбір-күбір күңгірлеседі.

— Иә, бала, сен кететін күні анау аламын деп жүрген қызына не деп кеттің?

— Не деп кететін еді, қоштасып қолын қысып-қысып кеттім, — деп жоғарғы берген сұрауға біреуі жауап берді.

— Жоқ, одан басқа бір нәрсе айттың ғой?

— Не айтайын?

— Өлең шығарыпты дейді ғой, — деді біреуі.

— Ал өлең шығарғанда не қылады, жалынды жүректің қайғылы қасіретін айттым! — деп біреуі жауап берді.

— Осындай тарығып іш пысқанда өлең көңіл көтереді дейтін еді, айтшы көңіл көтерілер ме екен? — деп қыстады.

— Жақсы, айтайын, бірақ барлығын айтпаймын, тек бір-екеуін айтамын, — деді де, Бозатау жырынан түнгі меніреу даланы күңгірентін өлеңді айтып жіберді :

Зұлым патша солдаттыққа алған соң,
Басымызға мұндай пәле салған соң,
Жастайымнан бұл пәлеге қалған соң,
Солдаттыққа кетер болдым, жарандар.
Алма бетті сүйген жарым бар еді...
Тәттілігі шекер еді, бал еді.
Қош айтысып қалқатаймен ал енді
Солдаттыққа кетер болдым, жарандар.

Хош бол енді, кіндік кескен қара жер,
Балалығым болса кешір, өскен ел,
Хош болыңдар, айдын шалқар түскен көл,
Солдаттыққа кетіп барам, жарандар, —

деп даусын созып жібергенде жанындағы жолдасы еш нәрсе деместен тек үнсіз жүре берді.

Бұл келе жатқандар: он алтыншы жылдың ойранына ұшырап солдаттыққа алынғандар. Екеуі де жалғыз баладан болғандықтан, солдаттан қалатын болған еді. Екеуін екі бай сатып алып, өздерінің балаларын алып қалып, соның орнына жіберді. Сонымен ауылдан, ата-анадан, қарындас-туғаннан, жора-жолдастан айрылып шыққан Емберген мен Аманғали еді. Бұлар байдың малын алды да, артында қалған ата-аналарына беріп, өздері солдатқа кетті. Көп адамды

болыстікіне қойдай қамап қойғанда содан бұл екеуі жырылып шығып Шаббаз тоғайына жасырынбақшы болып келеді.

— Түнде жүрейік, күндіз жүрсек қуып ұстап алар, — деп түнде жүріп, күндіз жатып, ептеп қана келе жатыр. Ана өленді айтқан Аманғали еді. Мейірімсіз империалистік соғыс осындай талай халықты жылатып көз жасын көл етіп еді-ау!

Солдатқа кеткендердің көбі өлді, өшті, жоқ болды. Өлмегені өлімші болып қайтуға қаражат таба алмай қаңғырып кетті. Біраздары қызылдарға қосылып, ақтарды құртқанға дейін қызмет етті. Бұлар солдаттықтан жырылып шығып, Шаббаз тоғайына келе жатыр. Ал мұнда қалай болатыны қараңғы, оған көздері жетпейді, көңілсіз келе жатыр. Ауылдағы ата-аналарының жылаған дауыстары құлақтарынан кетпейді. Тоғайда қандай болар, оны алдағы күндерде көреміз. Он алтыншы жылдың ойранына ұшырап халық қазір тентіреп кетті.

*Қарақалпақ тілінен аударған
Балайым Өтембаева*

БЕРДІ КЕРБАБАЕВ

(1894—1974)

*Түркімен халқының
көрнекті жазушысы*

Қарсы құдалық

I

Осының бәрі бұдан жиырма жыл бұрын біздің алыстағы ауылдарымыздың бірі Тедженде болған еді.

Бұл ауылда аквекил руынан шыққан аты Черкез, бір кедей шаруа тұратын. Ол аласа бойлы, қара торы дөңгелек бетті, жалпақ мұрын адам болатын. Оның семьясы шағын, шаруасы шамалы азар дегенде бірімен бірінің басын қосып отыратын-ды. Басқа кедейлер сияқты бұған да ауыр тиді. Бір жыл егінге тұқым жетпесе, екінші жылы егін суару үшін су жетпейтін. Шаруашылықпен Черкезден басқа оның әйелі Аннабагт, үлкен ұлы Дұрды шұғылданды. Олар қаншама тырысып баққанмен бірақ молшылыққа қолдары жетпей, әйтеуір ашты-тоқты жүріп жатты.

Дұрдының әлдеқашан үйленуі керек еді, бірақ қалың мал бермей қай қызға құда түсе аласың. Бұл үшін байлық керек, ал бұлардың үйінің ішінде біреулерінің жаңа киім киюі де жыл сайын бола бермейтін. Барлығы тек тамақтарын асырауға

ғана жетуші еді. Черкездің тағы да Сағы деген бір ұлы, Аджаб деген ең кіші қызы болатын. Міне үлкен ұлын үйлендіру мәселесін шешуде әкесінің жаңғыз үміті осы қызы болатын.

Дұрдының өзі де он екі жасар қарындасының бой жетуін асыға күтті. Мұндайда өзара құда түсуге болады, яғни Дұрдыға қалыңдық табылатын, ал бой жетіп келе жатқан Аджабқа күйеу табылағандай үй іздеу керек болды, сонда ғана екі жақ та қалың мал төлемей құдалық баспа-бас берумен тынады.

Дұрдының құрдастары әлдеқашан үйленіп, балалы-шағалы болып өз шаруашылықтарымен айналысып жүрсе, ол осы күнге дейін салт басы жүр.

Дұрды сақалын қайшымен қырқыпты алақ-жолақ болып тұр. Оның есесіне шиырып тастаған мұрттары жағына жетеді. Қою қара қастары қосылып кеткен оның астыңғы жағынан қарақаттай көздері жылтырайды, әр жағынан наразылық, зәбір көрушілік сезіледі.

Дұрдының өз тағдырына наразы екенін үй іші білетін-ді, бірақ ол кез келген жағдайда өзінің ызалы екенін әйтеуір бір қылығымен көрсетіп қалушы еді. Кейде бәрібір дегендей үйден шығып бара жатып, шекпенін жорта қалай болса солай иығына лақтырып жібереді немесе бөркін бір жағына қисайтып киіп алады! Сен кімге ашуланасың, неліктен сен осындай ызалысың деп сұрап көріңізші, ол жөндеп жауап та бермейді. Бірақ та ол өзін-өзі ешбір нәрседен кінәламайды. Оның есесіне біресе інісіне, біресе қарындасына айғайлап, шешесімен үрсысып қояды, әкесін де әурелейді. Әкесі шаруашылық жағынан көмектесіп жібер деп шақырса, Дұрды керенауей қалады. Қайда баратынын айтпай ұзақ жоғалып кететін кездері де болады, тіпті неше түрлі қылықтар көрсетеді.

Черкез баласының мінезіне қарап, әйелімен ақылдасады, бірақ не істеу керек екенін екеуі де білмейді. Қолдан келері — өзара құда түсу. Бірақ таныстарының ішінде әзірше лайықты ешкім жоқ. Аджабтың да жасы бар болғаны он екіде.

Черкезді жоқшылықтың езгені аз болғандай, тағы да бір жұмыс қосылды, ол баласын үйлендіру еді.

II

Күзгі күңгірт күннің аяқ кезінде батыстан түйдек-түйдек бұлт қаптап, біртіндеп бүкіл аспанды бүркей бастады. Бұлттар жұлдыздың бірінен соң бірін жұтып жатқандай ақыры көк көрінбей кетті. Дауыл көтерілетін ызғырық желді қандай күш айдап келеді?

Дұрдаға жел сөз емес. Ол асықпай жай басып ауылдың ұзын бойымен екінші жақтағы Бассирдің киіз үйіне қарай беттеп келеді, мұнда көңіл көтеруге келген жігіттер бос уақытын өткізеді. Осы кезде онда кезектегі сірне жасау үшін келісім жүріп жатты.

Бірақ Дұрды көңіл көтеру үшін сәтсіз мезгілді таңдап алған сияқты. Бірнеше күннен бері басқа жақта болған әкесі тап осы сағатта үйіне оралған еді. Алыс жол қажытып тастапты оны. Ол өзінің жүдеу жапшасының жанына асыға келіп атын байлап, дымқыл ағаш бықсып түтіндеп жанып жатқан қара құрым киіз үйге кірді. Черкездің көзі төбеттің көзіндей түтінді сезбейтін, сірә бұған ұзақ жылдар бойы үйренген болуы керек.

Ошаққа ілініп қойған құманда су қайнап тұр... Черкез малдасын құрып төрге келіп отырды. Әйелі құманға шай салып, күйеуіне ұсынды.

Аннабагт әлдеқашан қырықтан асып кеткен. Оның самай шашы әлі ағармаған, бірақ маңдайындағы шимай әжімдеріне қарап, бұл әйелдің қаншама азап шегіп, өмірінің қаншама ауыр болғанын аңғаруға болады.

Аннабагт орнынан тұрып, басына ескі жамау-жамау жамылғы жауып:

— Сен әбден шаршап, тоңған шығарсың. Күн суық қой. Сен жақсылап терлеп, ұйқыңды қандыруың керек. Барып тағы да отын алып келейін, — деп тысқа шығып кетті.

Жел домалана соғып тұр. Адамның келе жатқанын сезген ат құлағын тікірейтіп одан жем сұрағандай пысқырынды. Аннабагт жануарды аяп кетті. Ол үйге кіріп елеуішті алып, аттың алдына сабан тастады. Бұдан кейін кепкен құрай алып ошақ басына келді.

— Ауа райы қандай жаман... Мұндай жел жаңбыр бұлтын әкеледі. Ал біз болсақ қысқа ешбір әзірлігіміз жоқ. Сабан салу үшін ор да қазғамыз жоқ. Ат қораның да төбесі жабылған жоқ.

Аннабагтің айтқаны үй иесін шынымен қобалжытты. Ол ендігі жерде жайбарақат жатып, шай іше алмады. Кесені жерге қойып, Аннабагтан:

— Дұрды қайда? Кетер алдында мен оған осының бәрін істеп қой деп едім ғой. Ол сабан салатын орды да қазбады ма?

— Жоқ.

Соңғы кезде Аннабагтың ұлына деген өкпесі қара қазандай еді, ендігі жерде өзін ұстай алмай, байына шағым ете бастады:

— Егер де Дұрды жақсы болса саған айтқызбай-ақ әлдеқашан өзі-ақ істеп тастаған болар еді. Көршілердің

алдында ұят. Оларда бәрі дер кезінде істеледі. Дұрдының қандай болып кеткенін өзің білесің... Күндіз жұмыс істемейді. Күнде кешке таман үйден кетіп қалады. Міне, бүгін де кетіп қалды. Қайда барып не істейтінін құдай білсін. Жаңбыр да, суық та оған ештеңе емес. Үйде шешесі мен кішкентай балалардың барлығы оған қам жегізбейді. Ар-ұяты болса: “Әкем келіп қалар, қарсы алу керек қой, атты да қарау керек”. Одан кейін отырып әрі қарай қалай өмір сүреміз деп ойланар еді ғой. Құдай жар болмаса, бостан босқа қызын кім береді?

Черкезді өмірдің ұсақ түйек жақтары аса қобалжыта қоймайтын. Оның үстіне өзі қатты шаршап отыр. Бірақ Аннабагтың ұлы жөніндегі шағым егуі әділетті еді. Оның ызасы келіп, маңдайындағы өжімі бір жерге жиырылып керілген қасының астында жатқан көзінен суық леп шыққандай болды.

– Қазір қайда әлгі жексұрын?

Аннабагт күйеуінің қатты ашуланғанын көріп, ұлын жамандағанына өкініп қалды. Ендігі жерде ұрыс жанжал болып қалмаса игі еді деп күйеуін жұбата бастады. Ол өзінің шашын түзеп, күйеуіне күлімсірей үн қатты.

– Сен немене көкесі, сондай ұсақ-түйекке ренжіген бола ма? Дұрдының қайда кеткенін білмей қалдым. Алысқа бармайды. Көп кешікпей келеді. Шайынды іш, суып қалады.

Бірақ Черкез өзін тоқтата алмады. Ол үһлеп-аһлап титтей тықыр естілсе:

– Ей, Дұрды!!!... Дұрды!! – деп дауыстап қояды.

Бірақ ешбір адам жауап қатпады.

– Қайда жүр екен оңбаған?

Ойланбай айтылған сөз жақсылыққа әкеп соқпайды, ал оны қайтып алуға және болмайды. Мұндай әңгімені қозғағанына Аннабагт енді өкініп қалды.

– Көке, тындашы, әзірше қауіпті ештеңе де бола қойған жоқ. Дұрдыжан орды бір күнде-ақ қазып тастайды. Ал байлайтын орынды одан да тез жөндейді.

– Иә, ат қораны жөндейді, орды қазады, ал бізді бұрынғыдай менсінбейтін болады ғой. Әкесін де, шешесін де сыйламайды. Барлығына наразы. Барлығы да кінәлі. Ал өзі ше?.. Қай жерде болса да үйге қазір шақырып келіңдер!

Бұрышта тізесін құшақтап алып үнін шығармай Аждаб отыр. Жуырда ғана шашын екіге бөліп қос бұрым ғып өретін болды, енді жас емес. Әкесінің соңғы сөзін естіп ол кенеттен былай деді:

– Мен әлгі бір азарда Дұрдының Бессирдің үйіне кіріп бара жатқанын көрдім.

Аннабагт күйеуіне жағынбақшы болып қызына мейірімділікпен:

– Қызым егер сол үйден көрсең, барып Дұрдыны үйге шақырып кел, – деп өтінді.

Аджабтың басында тақиясы, үстінде киген көйлегі бар. Ол тез ұшып түрегеліп башмағын киіп, кенеттен зәресі ұшып тұрып қалды:

– Ол үйдің қабаған иті бар!!.. Мені қауып алуы мүмкін.

Ашу қысқан Черкез еш кінәсі жоқ қызына айғайлап:

– Неменеге күйбеңдеп тұрып қалдың? Қашаннан бері ол ит қабушы еді? Барып кел, су жүрек! – деді.

Аджаб есіктен атыла шығып, Бессирдің үйіне қарай құстай ұшты.

Аджаб шығысымен есіктен үйге ұзын бойлы еркек келіп кірді.

– Қайырлы кеш! – деп амандасты ол үй иелерімен.

– Қош келіңіз, Әсен, жоғары шық, – Черкез үй иесіне лайықты кішіпейілділікпен жауап бергенмен, оның үнінен көңілсіз отырғанын аңғару қиын емес еді.

Әсеннің бойы ұзын, өзі арық болатын, оның селдір сакалы кеудесіне түсіп тұратын-ды. Үстінде бөз көйлек, бөз дамбалы. Басындағы ескі бөркінен сөгіліп кеткен, астары шығып тұр. Иығына әбден өңі кетіп қалған ескі шапанын аса сапты. Үлкен чокайды қолқылдатып аяғына қоңылтаяқ ілі салған. Әсен Черкездің оң жағынан, отқа гаман келіп отырды. Ол өзінің көршісі Черкездің бір жаққа барып келгенін білетін, бірде оның қарлыққан үнінің қатты шыққанын естіп: “Бірдеңе болып қалған жоқ па? Дұрдыны қайта-қайта атай берді. Оны босқа ренжітіп алып жүрмесе. Онсыз да жігітті тағдырдың өзі ренжіткен деп ойлады. Әсен Черкездің көңілін жұбату үшін келген еді.

Аннабагт май-май болған дорбаның ішінен екі шымшым шай алып әрқайсысын жеке құманға салып үстіне құманнан ыстық су құйып бықтырып, біреуін Черкездің алдына, екіншісін Әсеннің алдына жылжытып қойды.

– Аннабагт, – деді ақырын ғана Әсен, – мен жаңа ғана шай ішіп келіп едім. Өздерің ішіндер.

– Оның не, ал да, іш! Шай ішкен жаман болмайды, – деп өзінің ойымен өзі отырып, көңілсіз жауап берді оған Черкез.

Үй иелерінің денсаулығын сұрастырып болғаннан кейін Әсен құманды өзіне қарай жақындатып жайғасып отырып алып әңгіме бастады.

– Черкез, сен бір жаққа барып келдің бе? Сенің ол жақта ішіп жегеніңнің барлығы сенікі-ақ болсын, ал бізге көріп білгеніңді айт. Дүниеде не жаңалық бар?

Черкез көнілсіз, салқын жауап беріп:

— Не жаңалық болушы еді? Барлық жерде бірдей. Тәртіп те бір. Байлардың иті май жемейді, ал кедейлердің күні барған сайын қиындай түсуде. Әрине, халық бар жерде әңгіме бар, ал әңгіме бар жерде жаңалық та бар.

III

Түн ортасына таман жаңбыр нөсерге айналды. Ылғалға қанған жер бетін шалшық басты. Бұдан кейін жаңбыр біресе күшті жауып, біресе толастап, ал таң атар алдында бұлт тарап, қалың тұман ашылып көбік сияқты жеңіл, ақша бұлттар сейіле бастады. Көкпенбек ашық аспанда күн көрінді. Ол шаттана құмартып, биікке көгеріліп өзінің нұр сәулесін барлығына шашып келеді.

Тіпті осындай көрініс те Черкезді қуантпады. Ол ешбір ынта қоймай шайын сораптан ішіп отыр. Мұнан кейін жастыққа жантайып, ойланып қапты.

Аннабагтқа одан да әрмен ауыр еді. Ол тіпті шай да ауыз тиген жоқ. Өліп қалғандай мелшиіп қапты. “Дұрды қайда? Егер өз ауылындағы біреудікіне қонса жақсы ғой... Ал түнімен жаңбыр астында қалса ше?.. Ауырып қалады ғой...” Осындай ойлар оның мазасын алды. Аннабагт күйеуімен Дұрды жайында сөйлескісі келіп-ақ еді, бірақ Черкездің беттен алып тастайтынынан қорқып, үндемей отыр.

Шайдан ба, әлде басына қандай да бір жақсы ой келгендіктен бе, Черкез аздап жіпсі бастады. Енді ол өзінің аяқ астынан күйіп-піскеніне өкіне бастады.

— Не істейміз, Аннабагт? — деп үн қатты ол әйеліне. — Анау оңбаған түнеп шығуға да келмепті...

— Білмеймін, әкесі... Әйелдің ақылы қысқа ғой. Өзің шеш. Міндетті түрде бір нәрсе істеу керек. Ол — үйлендіру. Әйтпейінше бұл үйде тыныштық болмайды.

Черкез орнынан тұрып:

— Еһ, Аннабагт, қолында түгі жоқ жанның көрден басқа баратын жері болмайды.

Аннабагт Черкездің кешеден бергі ашу-ызасы басылғанын байқады.

— Оның не көкесі, құдайға тіліңді тигізбе. Біздің байлығымыздың жоқ екені рас, бірақ құдайдың бізге бала бергеніне рақмет. Ұлымыз ер жетті, қызымыз да бой жетіп келеді. Көрдің бе қандай сүйкімді болып өсіп келе жатқанын. Елдің арасында отырмыз. Басқалардың да ұлдары мен қыздары бар. Өзімізге тең қарсы құда болатындай адамдарды

іздістіру керек. Әрине, Алжаб әзірше тым жас, бірақ ол ештеңе емес. Бала тез оседі ғой.

Черкез басын шайқап:

– Ол солай ғой... бірақ ол әлі құртақандай емес пе? Ол жайында сөйлеп қайтеміз?

– Жүннің жығылмасын көкесі. Қызы бойжеткен, ал ұлы әлі жас сияқтыны да тауып алуға болады.

– Мен ондай семьяны білмеймін.

– Жұрттан сұрастырып, қарау керек. Әзірше Дұрдының қайда жүргенін біліп алсақ. Алдымен оның досы Гелдімұратпен сөйлесіп көру керек. Мүмкін сол білер.

– Олай болса Эсенді шақырып алып, сонымен ақылдасайын.

Черкез үйден басын қылтитып шығарып.

– Эсен! Ай, Эсен, – деп айғайлады.

Эсен бұл кезде ауласында жүр еді.

– Естіп тұрмын, естідім, Черкез! – деп бірден жауап қатты ол.

– Біздің үйге кіріп шыққанға қолың тие ме?

– Бара жатырмын.

Көп кешікпей есікке тұтқан ала мата жылжып үйге Эсен кіріп, үй иелерімен сөлемдесті. Қонақтың да, үй иелерінің де кішіпейіл болуға тырысқандарымен, кешегі жағдайдан кейін олардың қарым-қатынастарында әлі де болса салқындық сезіліп тұрды. Черкез Эсеннің берген кеңесін кеше тындамады, сыйламады, енді міне тағы да шақырып отыр...

– Эсен, әлгі оңбаған осы уақытқа дейін келген жоқ.

– Ол солай болуға тиіс, – деп наразылық білдірді Эсен.

– Эсен, сені тындамаған мен кінәлімін. Тек бір құдай ғана қателеспейді, бір айтқанынан қайтпайды.

– Сен дұрыс айтасың, ал адамдар үшін мынадай мақал бар: “Жеті рет өлшеп бір рет піш”.

Ал Эсен болса көршісіне енді қайтып ұлына тиісе бермеуін ұғындыруға тырысты. Өзінің айтқанынан қайтпай Эсен наразы пішінмен сөзін әрі қарай жалғастырып.

– Гелдімұрат оны тауып алып, үйге де әкелді дейік, бірақ сен кешегінді қайталамайды деп сенуге бола ма?

Черкез кінәлі болғанын сезгендей, басын төмен салып:

– Әрине, ашу қысып кеткенде өзіңді өзің ұстап қалу қиын. Ашу адамды өзіне бағындырып алады, сол кезде не айтып, не қойғаныңды білмей қаласың. Ал одан кейін кеш болып қалады. Болған нәрсе өтті. Гелдімұратты Дұрдыға жіберші. Енді қайтып онымен ұрыспай-ақ қояйын.

Эсен өзінің көздегеніне жеткенге разы болды. Ол мұртын түзеп, одан кейін асықпай сақалын, одан соң тағы да мұртының ұшын жоғары қарай ширатып.

– Иә, әрине Гелдімұратты жібереміз. Бірақ саған айтатын тағы бір кеңесім бар, сен, ұлыңды тезірек үйлендір.

– Жаңа ғана кемпір екеуіміз сол жайында ақылдастық. Барлығына кедергі болып жүрген біздің кедейлігіміз. Бар үмітіміз – Аждаб. Бірақ ол әлі жас.

– Құдай берсе, жол табылады, – деп тұжырымдады Әсен.

– Кеше мен Ходжанепестің әйелі Дюрнагадпен сөйлесіп ем, – деп өзінің пікірін айтпақшы болды Аннабагт. – Ол былай деді: оның туыстары тұратын ауылда лайықты қалыңдық және сол семьяда жасөспірім бозбала бар көрінеді. Осы семья егер жақсы адамдар табылса қарсы құда түсуге келісуі мүмкін дейді:

– Геребекилдағы Ходжанепестің әйелі. Гагшалбюарн руынан. Онда кімнің бой жеткен ұлы мен қызы бар еді? – деп Әсен есіне түсірмекші болды.

– Мүмкін, сөз Аннанияздың қызы жайында болып отырған шығар? – деп сұрады Черкез.

– Таптың дәл өзі! – деп Аннабагт қолын сермеді.

Черкез қабағын түйіп:

– Олардың тұқымы құлмен шатасқан емес пе!

– Дюрнабад екеуіміз ол жайында да сөйлестік. Ол жоқ дейді.

– Қыздың өзі қандай екен?

– Мінезі де, өні де жақсы дейді. Қарапайым көрінеді, – дейді.

Черкез бен Әсен сөйлесіп, пікір алысып Геребекпеге құда түсуге жібермекші болды. Бірақ та олар бір нәрсені ескермепті, егер бой жеткен қыз жігітке ұнамаса не істеу керек екенін.

IV

Түн тастай қараңғы, көзге түртсе көргісіз. Аспанды қалың тұман басып, ай мен жұлдыздарды бүркеп тұр. Жаңбыр үздіксіз себелеп тұр. Дұрды жол таңдамай жүріп келеді. Өзінің ойымен болған ол ауыл артта, алыста қалғанын да аңғармай қалды. Бізғырық жел ту сыртынан соғып келеді. Жаңбыр киімнің ішіне өте бастады. Су болған шекпенінің шалғайы, тізесін соғып тез жүруіне кедергі жасайды. Жел біресе күшейіп, біресе басылады. Бөркі суға шылқылдап, бұйра шашы жазылып, бетіне жабысып қалған. Мұрты да салбырап кеткен су сінген тышқанның құйыршығы сияқты. Ол үйден шыққан кезде жол тек тайғанақ болса, ал қазір тізесінен келген батпақ алға қарай жүру барған сайын қиындай түсті. Дұрдыны ыза қысып келеді. Алғашқыда ол жолмен жүріп келе жатты да, одан кейін соқпаққа түсті, соқпақ ми батпаққа

тіреді. Енді жанбыр аралас суық жел бетін сабалайды. Дұрды тоқтап, жан жағына қарады. Айналаның бәрі қап-қара түнек сияқты. Желдің шуынан басқа ешбір дыбыс — адамның дауысы да, итгің үргені де естілмейді. Дұрды қай жаққа кетіп қалғанын да білмеді. Бір жерде тұра беруге және болмайды. Тоңып қаласың. Ол бөркінің суын қысып тастап әрі қарай жүре берді. Кенеттен ол жарғанақтың үйіндісіне келіп сүрінді. Демек, таяу жерде адамдардың болғаны. Бірақ қай жаққа қарай жүру керек? Егер де бөтен ауылға келсе, оны ел қалай қарсы алар екен? Бірақ ол кімге керек? Біраз тұрып ойластырып, таң атқанша жарғанақтың астына ғығылып жатпақшы болды. Астыңғы жағанан ол құрғақ бұтақтар суырып алып шықты. От жағып, жылынып киімін кептіріп алар еді, бірақ сіріңкесі жоқ. Дұрды жарғанақтың астына кірді, бірақ ұйқы жоқ. Су киімі денсесіне жабысып, суықтан дір-дір етеді. Міне, осы кезде ол әкесін ренжітіп, үйден кетіп қалғанына өкіне бастады. “Шынын алып қарағанда, деп ойлады ол — менің алдымда олардың қандай кінәсі бар?”

Артынан барып туған-туысқандары ауыл ақсақалдары анығына жетіп талқылап жатсын... Бірақ мұндай іс менің қолымнан келмейді. Түк істей алмаймын. Керек десе шаруашылықта әкеме де, шешеме де жәрдемдеспеймін. Әкемнің маған ұрысқаны дұрыс...”

Жаңбыр басылып, тұман сейіле бастапты. Таң атуға таяу Дұрды орнынан тұрып тағы да жан-жағына қарады. Сөйтсе жол сөл бұрыстау жатыр екен. Міне алғашқы жолаушы да көрінді. Ол жақындап келген кезде Дұрды:

— Ей, достым, отың жоқ па? — деп айғай салды.

Өтіп бара жатқан адам қалтасынан сіріңкесін суырып берді. Дұрды бір құшақ қурайды құшақтап алып оған қарай жүгіріп келді. Ол бейтаныс адаммен амандасуды да ұмытып кетіп, тез тікенекті тұтатып қайтадан жүгіріп кетті. Оттан бірден жылу тарап, Дұрды киімін кептіре бастады. Дұрды жылынып алып, енді қазір ыстық бір нәрсе жеп, шай ішіп алса қандай жақсы болар еді деп ойлап қояды. Үйге қайтсам ба екен? Бірақ намысы оған барғызбады...

Дұрды шекпенін киіп алып солтүстікке, бұрыста көрінген ауылға қарай бет алды. Таңертеңгі таза ауа адамның аранын ашады. Аштық оны тез жүруге мәжбүр етті.

Дұрды үлкен ауылға жақындап келді. Түйе, сиыр мен өгіздер өріске шығып барады екен.

“Сірә, мынау да бұл түнді жайлы өткізбесе керек-ау” — деп ойлады сылбыр басып, мынауран келе жатқан бұқаны көріп.

Дұрды ауылдың шет жағында тұрған тиянақты тігілген киіз үйге кірмекші болды, ол үйдің жанында тұрған бие мен

жүйрік атты және көк есекті байқалы. Үйдің әр жағынан қоршау жасап қойған. Сол жерге кепкен шөптерді үйіп қойыпты. Онда түйелер тұр. Бұл үйде кедей адамдардың тұрмайтынын аңғару да қиын емес.

Дұрды үйге кіріп сәлем берді. Үй иелері де оның сәлеміне жауап берді. Ол ойланбастан есіктің жанында жанып жатқан отқа жақындап кең үйдің ішін көзімен бір шолып шықты. Алты қанат киіз үй екен. Оң жақта үлкен сандық тұр. Сандықтың үстінде үюлі көрпелер. Үйдің ішінің бәріне кілем ілініп тасталған. Оның үстінде қоржын кілем дорбалар ілулі тұр. Сандықтың алдында сымбатты әйел отыр. Ол кеселер мен ақ құманды жуып жатыр. Сірә, таңертеңгі шайды жаңа ішіп аяқтаған болулары керек. Киіз үйдің ортасында отқа қарсы малдасын құрып, қарақұл тонын киіп егде тартқан еркек отыр.

Үй иесі әйел жанадан шай салып Дұрдыға ұсынып, наны бар дастарқанды оған қарай жылжытып қойды. Мұндай байлыққа үйренбеген Дұрды сасып қалды. Сасып-пысқандықтан қолы дірілдеп кетті.

Үй иесі әйел оның ұялып отырғанын байқап, күлімсіреп:

– Өз үйіңіздегідей болып, қысылмай отырыңыз. Сірә, жолдан шаршаған боларсыз, – деді сыпайы ғана.

Дұрды көңілі жайланғаннан кейін тамаққа кірісті. Тек осыдан кейін барып үй иесі оның қайда бара жатқанын нендей кәсіппен шұғылданатынын сұрастырды.

– Мен жалғыз бас адаммын, жұмыс іздеп келемін, – деді Дұрды.

Тап осы сөздерді айтқан кезде үйге үй иесі баласы кіріп келіп:

– Түйе баққың келе ме? – деп сұрады.

Жұмсақ дәмді нанды сындырып жатып Дұрды:

– Маған бәрібір, – деп жауап берді.

Үй иесіне Дұрды ұнап қалды. Мұндай жігітке тек түйені ғана емес, басқа да нәрсені тапсыруға болатынын аңғарды. Сөйтсе де бұл істің маңыздылығын білдіру үшін ол:

– Бұрын түйе бағып көріп пе едің? – деді.

Дұрды бірден жауап бермей:

– Әй, қадірлі ақсақал, үйленбеген жігіттің не істеуіне тура келмейді дейсің... – деп күбірледі.

Дұрды ол үшін иесінің қанша төлейтінін де сұрамады.

Кенеттен киіз үйге Гелдімұрат кіріп келді. Сонымен іс бітті де, екі сағаттан кейін Дұрды үйінде болды.

Геревекіл ауылындағы Аннаниязға құдалар келді – ол Әсен мен сыйлы ақсақал Ходжанапес. Ходжанапесті ол жақ та біледі екен. Ол бұрын да осы ауылға құда түсіп келіпті.

Үй иесі қонақтарды жылы жүзбен қарсы алды. Олардың келетіні жайындағы хабар құдалардан әлдеқашан бұрын жеткен, сондықтан Әсен мен Ходжанәпесті тек үй иелері ғана емес, барлық көршілер мен жақындары болып қарсы алды. Қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша қонақтар мен үй иелерінің денсаулығы жайында сұрастырудан басталады. Қадірлі ел адамдарының қызы бар үйге жайдан жай келмейтіні жұрттың бәріне түсінікті еді.

Шай ішіп болғаннан кейін, әдеттегі бұйымтайы сұралып болғаннан кейін, гагшалбюкра руының ақсақалдарының бірі Мираб Халлы қонақтардың қандай ниетпен келгендерін сұрастырды.

— Құрметті Ходжанәпес, біз сіздерді бос әңгімемен алдандырып отырмыз, ал сен сияқты адам, қолы бостықтан шарлап жүрмейді. Біз сіздерді тыңдауға әзірміз.

Осы кезде Ходжанәпес өз сөзін бастады:

— Уа, Халлы-мұраб біз сіздерді құда болып келіп отырмыз. Біздің бозбаламыз бар. Соған қалыңдық іздеп жүрміз, сіздермен туысқан болайық деп едік.

Құрметті ақсақал салалы саусақтарын иегіне апарып бірақ сирек сақалын ұстай алмай, тек сипап отырғандай түр танытты. Ходжанәпестің сөзін тыңдап болғаннан кейін, Халлы-мұраб маңызданып:

— Ходжанәпес ниеттеріңіз дұрыс екен. Іздеген адам таппай қоймайды, — деді.

— Иә, осы үміт бізді де сіздің ауылға алып келді. Мен дана адам емеспін, бірақ бір нәрсені ойыма алсам, үйге құр қол қайтпаймын.

— Ал сіздің күйеу балаңыз кім?

— Мүмкін, сен Черкезді білетін боларсың?

— Мен тіпті оның әкесі Евшанды да білемін.

— Міне, сол Евшанды немересі Черкездің ұлы Дұрды біздің боз баламыз. Біз қарсы құда түсуге келдік.

— Ә, сіздер қарсы құда болуға келдіңіздер ме?

— Иә, біздің қалыңдығымыз жақсы, өзіміз ризамыз. Біз Аннанияздың қызын да білеміз. Жаңылыспасам, оның ұлы біздің қалыңдықпен құрдас болулары керек.

Қадірлі ақсақалдар басын изеп мақұлдады.

— Қымбатты, Ходжанәпес, сіздердің балаларыңыз жайында сұрастырып жататындай ештемеміз жоқ, ал егер де бұл құдалықты өзін мақұлдайтын болсаң, біз ризамыз.

— Егер де мен бұл құдалықты мақұлдасам, сіздерге келмеген болар едім ғой.

Мұраб Халлы игілікті іс атқарып жатқандарына әбден сеніп:

– Ходжанепес, сенің шешімің – менің шешімім. Үйлену күнін белгілей бер, – деп жауап қатты.

Мұраб Халлының шешіміне ауылдың адамдарының ешбіреуінің алдынан шықпайтыны әбден дағдыға айналып кеткен-ді.

Осы уақытқа дейін бұрышта үндемей отырған әйел өзінің яшмағын тістеп алып, сыбырлап:

– Соншама асықпасаң қайтетін еді? Күйеу бала жөнінде біреу-міреулерден сұрап білу керек еді. – Бұл қалыңдықтың шешесі-тін.

Жат мінезді Мұраб оған қарсы сөйлеуді жаратпайтын-ды. Ол әйелге ала көзімен бір қарады.

– Бибисұлтан, егер де менің айтқан шешімім саған ұнамаса, бұл жерге мені неменесіне шақырдыңдар? Құлалар осы арада отыр ғой, өздерің шешіңдер. – Ол түрегеліп кетуге ыңғайланып еді, әйел басын төмен иді. Жым-жырт. Көңілі орнына түскен Мұраб сөзін әрі қарай жалғап: – Демек, Ходжанепес, біздің жақтан қарсылық жоқ, қалаған уақыттарыңызда келіңіздер.

– Рақмет, Халлы-Мұраб. Мен сенен тек осындай ақылды сөздерді күткен едім. Әйелдердің басында әрқашанда өздерінің дегені тұрады. Егер де Бибисұлтан күйеу бала жайында тағы да бірденелер білгісі келсе, адамдардан сұрастырсын. Біз өзіміздің балаларымыз жайында ешбір қам жемейміз. Олардың ешқайсысына да қызармаймыз. Мұны сізге Бибисұлтан мен Ходжанепес айтып отырмын. Бұдан кейінгісін өзіңіз біліңіз.

Әдетте, құда түсушілік ұзаққа созылады. Тіпті, екі жақ болып келісімге келгеннің өзінде қалың мал жайында, қалыңдықтың әке-шешесі қанша мал беруі керек екені жайында, талас туады. Ал мынау қарсы құда болу тез бітті. Қонақтарды екі жақ болып қарсы аламыз да, туысқандарға сыйлық тартуды басқадай ұсақ-түйек шығындарды әр жақ өзі шығаратын болып келісті. Алғашқы үйлену тойын Черкез жасайтын болды, ол ұлын бірінші үйлендірді.

V

Теджен ауылының сәнді киінген еркектері мен әйелдері атқа, түйеге мініп қалыңдықты алып кеткен күн.

Үйлену тойы Дұрдыны әбден абыржытты. Ақырғы түндері ол тіпті кірпік ілмейді. Ақыры оның арманы да орындалып келеді. Ендігі жерде оның өз үйі семьясы болып, өзі үй иесі болады. Бүгінгідей күн өмірде бір-ақ рет болады. Бірақ түсетін қалыңдық қандай өзі? Дұрды оны көре алмай қойды. Ол

ақылды ма, әлде ақымақ па? Сұлу ма екен? Мүмкін оған қарағын да келмес. Рас, ол жайында ешбір жаман сөз естілмейді. Ең бастысы – әйел саналы болуы тиіс.

Бүгін шешесі де, әкесі де және қалыңдықты алып келетіндердің бәрі де көңілді. Еркектер аттың үстінде отырып сәнденіп, әйелдер болса түйелердің өркешінде отырып алып, бір қалыпты тербетіле теңселеді. Үйде қыздар қонақ қабылдап, шай беріп жатыр.

Ал қалыңдық осы кезде торға түскен құстай көршілердің киіз үйінде отыр. “Мені бөтен семьяға бергелі отыр, — деп ойлайды ол. — Күйеуімді ешқашан көрген емеспін. Жарымжан емес пе екен? Соқыр немесе таз болса қайтейін? Ол нешеде екен? Мүмкін ол менің әкемнің жолдасы болуға жарайтындай адам шығар? Мен қандай бақытсызбын. Осының бәрі қарсы құда болғандықтан. Кімді ұнатсам соған шықсам, бақытты болар едім... Рас, шешем мен әкем мені жақсы көреді, олар маған жамандық жасамайды ғой”.

Еркектер кері қайтуға жиналды. Қыздың басына ескі шапан жауып алашаның үстіне отырғызып бірнеше адам аулаға алып шықты. Қалыңдық жағынан келген үш әйел қыздың жанына, алашаға отырып алып жолын бергенше алашадан түспеді. Мұнан кейін қызды түйеге отырғызды. Түйе орнынан тұрып қызды беймәлім дүниеге қарай ала жөнелді.

Тойды басқарып жүрген еркектер жігіттің ауылына алдымен келді. Олар Черкездің, Дұрды өзінің жарын күтіп отырған киіз үйдің жанына келді. Әдет бойынша некелерін қиған соң, бұрын бірін-бірі өмірінде көрмеген күйеу мен қыз қараңғы киіз үйде кездесті.

VI

Дұрдының үйлену тойы болғаннан кейін, көп кешікпей оның қарындасы Аждабты қарсы құда болуға келіскен семьяға апарып тастады. Жүрер алдында Аннабағт Аждаба “енді сен кішкентай емессің, бала ойынымен өзінді жұбатуды қой, өзінді байсалды ұста, болашақ күйеуіңнің әке-шешесіне барлық жағынан жарымсақтана бер, көмектес” деп ақылын айтып жатар.

Оны жылы шыраймен қарсы алды. Ересек әйелдер сияқты оның беті жауық, қабырғаға сүйеніп бұрышта отыр... Оны көргендердің бәрі мақтап:

— Сондай әдемі, сұғанақ көзден аулақ ұстандар, көз тиюі мүмкін! — десті.

Аждабтың күйеуі Ағали бар-жоғы он бесте еді. Ауылдың балалары оны мазақтап қоятын-ды.

– Кәні, достым, бізге өзіңнің қалыңдығыңды көрсетші!
– деп кейбіреуі жармасып болмады.

Басқалары оның көйлегінің бауын жұлып алып, қашып бара жатып:

– Қалыңдығың жаңасын тігіп берсін! – деп айғайлайтын еді.

Ал біреуі оның басындағы бөркін жұлып алып, киіз үйдің қабырғасына іліп қойып:

– Қалыңдығыңның қолынан келсе, саған қайта тігіп кигізсін, – деді.

Ағалиға тіпті тыныштық бермей қойды. Өмірден тәжірибесі жоқ жас бала мұндай жағдайда өзін қалай ұстарын білмейтін. Ол мазасын алған жолдастарынан ат тонын ала қашып, жыларман болып:

– Кетіндерші өздерің менен! – деп жалбарынушы еді.

Бірақ балалар мазақтауын қоймайтын-ды. Оларға ермек керек.

– Ей, Ағали, жылап жіберме!

– Саған жылауға болмайды! Ендігі жерде сен күйеуісің ғой.

– Қалыңдығына осының күші жетеді дейсің бе? Шешенді көмекке шақыр!

Ағали қоқиланып қалыңдығының жанына жүгіріп келіп бет пердесін жұлып алмақшы болып еді, Аждаб екі қолымен оған қатты жабыса қалды. Ағали қалыңдығын мойнынан құшақтай алды. Тартыс басталып кетті, бірақ Ағали жеңіске жете алмай мысы құрыды. Бұлардың алысына сырттан қарап тұру бір жағынан күлкілі еді. Үлкендер қалжыңдап:

– Осындай да жігіт бола ма екен!

– Жарайсың Аннанияз, өзінің ұлын үйлендіретін кезді тапқан екен!

Бибисұлтан әжеміз қайда екен? Ұлына жәрдемге келсін! Ағали бар дәрменімен Аждабты құшақтап алып, қайтадан шабуыл жасады. Бірақ Аждаб та жайбарақат отырмады. Ағалиды мазақтап қайтадан күлкі қыла бастады. Ол жерге кіріп кете жаздады. Оған тіпті қашып кетуге мұрша бермеді. Ол бұрынғы әдеті бойынша бір кезде: “Апа” деп айғайлап та жібере жаздады. Бірақ та күйеу екені есіне түсіп, Ағали тілін тістеді.

Ал Аждабқа бұл жер жайсыз болды. Осы арадан жасырынып кетіп қалып, өзінің құрбылығымен ойнағысы келеді. Ағали оның мойнынан құшақтағанға ол жұрт алдында қатты ұялды. Міне сондықтан ол көз жасын бұлаудан аққан бетін жасырып тұрған бет пердеге қатты жабысқан еді.

Күйеу мен қалыңдық тым жас, әрі жалтақ болғандықтан, Аждабты өзінің туған үйіне қайтарды. Қалыңдықты туған

туысқандарында қонақ болып қайтуға жіберу әдеттегі нәрсе болатын.

Дұрдыны алсақ, ол төбесі көкке жеткендей болып жүр. Ол өзінің сұлу аруына қараумен көзі тоймайды. Келін қараңғы үйдің түкпірінде басына қызыл жібек шапан жамылып отыр. Дұрдыны дос-жарандары да Ағалиға балалардың жасағаны сияқты, әзіл-қалжыңның астына алды: күйеудің бөркін шешіп, көйлегінің бауын жұлып алу оның қалыңдығының пысықтығы мен елгезектігін байқау еді.

Дұрды орнынан қозғалмай, кексе еркектер сияқты мұртын байсалдылықпен ширатып Абаданға қарай.

– Келін, бұлар бізді сынағалы отыр. Сен менің тынышымды алмай, мұндай жағдайда не істеу керек болса соны істе.

Күйеуінің жолдастарының қалжыңын түсініп, Абадан күйеуінің өгінішін орындап шықты: оның бөркін қалай болса солай кигізбей, оның өзі киетіндей бір жағына қисайтып кигізді.

Дұрды одан кейін:

– Абадан, жіп онша қымбат емес қой, көйлегіме бау қадай салшы, – деді.

Абадан инемен жіп алып, бетін жартылай ашып бауын қадап берді.

Ендігі жерде Дұрдының достары қалыңдығының бетін көрсет деп айтатынын Дұрды біліп тұр. Олардан бұрын қалыңдығының бет пердесін ақырын ашып қойды.

– Ал көріндер, менің қалыңдығымның қандай сұлу екенін! Дұрдыға лайықты ма, жоқ па? – деп паңдана сұрақ қойды ол.

Абадан ұялып, бетін басады, бірақ алдын ала келісіп алғандай: “Жарайсың. Сендердің бақытты, ұзақ өмір сүрулерінді тілейміз” деген тілекті біреу-міреу айтқанша байсалдықпен күтіп отырады. Аждабты алып келгендер Абаданға туысқандарына барып қонақ болып қайтуды ұсынды.

Қарсы құда болған кедей екі семьяның қалыңдықтары екі жыл бойы туғандарында болып қайтты.

Аждаб өсіп, Ағали ұзын бойлы бозбалаға айналды. Құдалар өзара келісіп қалыңдықтарын күйеулеріне қайтарды.

Бір жыл өткеннен кейін Абадан қыз туды. Сәбидің әдемі болғандығы сонша, оның атын Нәзікжамал деп қойды. Черкездің кішкентай үйі тар бола бастады, жаңадан үй салуға қаражат және болмады.

Жастарға күрке сияқты бірдеңе салып беріп, шаруашылықтан азды көпті бірдеңе бөліп берді. Олардың тұратын жері көгершіннің ұясына ұқсайтын-ды. Жерге төрт таяқ қағып жоғарғы жақ ұшын қосып, ескі жыртық қарақұрым киізбен

жабылған. Мұндай баспанада жаңбыр мен желден қорғанып қалу мүмкін емес еді. Мұның ішінде бір адамның өзіне айналу қиынға соғады. Егер де бойынды жазып тік тұрсаң төбеңмен киізді тірейсің. “Иесінің ғана үйі” дейтін оны көршілері. Онысы әбден дұрыс еді, егерде қонақ келсе отырғызатын орын болмайтын-ды.

Күрке кедейлеу болғанымен, Дұрды мен Абаданға ата-аналарымен бірге тұрғаннан гөрі бұл ыңғайлы болды. Қалай болғанда мұнда өздері би, өздері қожа. Не болса соны әңгіме етіп, өздерінің кішкентайларын аймалаумен болады.

VII

Аджаб өзінің күйеуге тиген алғашқы күндерін есіне түсіріп шек-сілесі катады. Қазір ол ауылдағы сұлудың сұлуы. Аджаб тек сұлулығымен ғана емес, шеберлігімен жұрттың бәріне кішіпейіл сыпайылығымен алға шықты. Аджаб пен Ағали бірін-бірі қатты сүйеді.

Тойдан кейін екі жылдан соң олардан ұл туып бар-жоғы үш күн тұрып өліп қалды. Жастар тұңғыштарының өліміне қатты қайғырды, бірақ олардың барлық өмірі алда ғой. Тағы да бала болар деп ойлады олар.

Әрбір адамды келешекте не күтіп тұрғанын ешкім білмейді.

Бір күні Ағали анау-мынау сатып алуға қалаға жинала бастады. Кетер алдында оның басы қатты ауырып, ол жайында Аджабқа айтпай, жолда тәуір болып кетер деген оймен жолға шықты. Бірақ ол қателесіпті. Басы одан сайын қатты ауырып, ыстығы көтеріліп, денесі күйіп-жанды. Жолдың бір бөлігін өткен Ағали атын кейін қарай бұрды. Оның үйден шыққанына да көп уақыт болмаған еді. Көлеңкеден байқалып тұр.

Көшеде ойнап жүрген балалар Ағалиді көріп:

— О, Ағали қалаға қалай тез барып келді, бізге қандай базарлық әкелгенін көрейік, — деп айғай салды.

Бұл айқайды естіген Аджаб өз құлағына өзі сенбеді:

— Не болып қалды? Ол тіпті алысқа ұзап та үлгірген жоқ қой... Оның бұлай тез оралуы мүмкін емес. Мүмкін балалар жаңылыс таныған шығар?

Бірденені сезгендей, Аджаб жалма-жан далаға атыла шығып еді, шынында да қайтып келе жатқан Ағалиді көрді. Ол атқа отыра алмай, басы кеудесіне түсіп келе жатыр. Басын көтерейін десе бір жағына қарай ауытқи береді. Беті қарайып, көзі бозарып кеткен. Күйеуін көріп Аджаб шошып кетті.

— Не болды саған? Не болып қалды? Өңің неге өзгеріп кеткен? — деп шыдамсыздана сұрады.

Ағалидің еріні ғана жыбырлайды. Ұқтырып ештеңе айта алмай тұр. Ол қолын қимылдатып аттан түсе алмай тұрғанын білдірді. Аяғын үзенгіден шығара алмай қойды. Аждабтың есі шығып, абыржып оны бас салып құшақтай алды. Бибисұлтан жетіп келіп дауыстап:

— Қошаканым-ай, не болып қалды саған? Жаңа ғана сау сияқты еді ғой. Неменеге ұшырап қалдың? — деп жылай бастады.

Шешесі мен әйелі оны қолтығынан демеп, үйге әкеліп төсекке жатқызды.

Ағали дөңбекшіп, тынысы тарылып, қатты ыңқылдай бастады. Аждап енесінен ұялып жалбағайын шешпей, Ағалидің қолын сипап үнін шығармай жылап отыр. Бибисұлтан еңіреп, дауыстай жылап:

— Құлыным-ау, не болды саған? Таңертең ғана өңін жайдары, көңілді едің!... Қайдағы ауру саған келген? Әлде бір нәрсе шалып кетті ме сені?..

Шешесі мен калыңдығы Ағали өзінің ауыруының себебін айтып берер деп ойлап еді, бірақ ол әрбір сөзден кейін тоқталып, азар дегенде:

— Таңертеңнен бастап ауырдым... Басым ауырды. Тәуір болып кетер деп ойлап ем... Тек жарты жолдан қайта оралғанымды ғана білемін, үйге қалай жеткенімді шала-шарпы білемін. Таңдайым кеуіп, басым сынып бара жатыр... — деді.

— Басың ауырса шай іш, терлесен тәуір болып кетер, жаным!

— Апа, тек менің басым ғана ауырмайды. Оның үстіне ыстығым көтеріліп тұр. Бүкіл денем қақсайды, біреу балғалап ұрып тастағандай.

— Мүмкін, бірдеңе жегің келер?

— Жоқ, апа ештеңе жегім келмейді.

— Қазір, саған лагман жасап берейін.

— Керек емес, апа, ештеңе жегім келмейді. Қатты ауырып тұрмын...

— Қазір саған Аждаб шай қайнатып береді, ең болмаса содан бір-екі ұрттасаңшы, ұлым. Мен қазір ишанға барып ішірткі алып келейін. Құдай берсе тез айығып кетесің, балам.

Бибисұлтан үлкен буманың ішінен ақ орамалды алып шетіне елу тиын түйіп ишанға жүгіріп кетті. Ишан намаз оқу үшін жаңа ғана дәрет алып, сақалын сыйпап отыр екен.

— Саламатсыз ба, ишан-аға, — деп амандасты Бибисұлтан онымен. Ишан оны жылы шыраймен қарсы алып:

— Амансың ба, Бибисұлтан! Кел жоғары шық, — деді.

Бибисұлтан табалдырыққа отыра салып, оған қандай шаруамен келгенін айта бастады.

— Ишан аға, мен өте асығыспын. Мүмкіндігі болса маған тезірек ішірткі жазып беріңізші.

— Бибисұлтан, сіздердің кімдеріңіз ауырып қалды? Ұлым— Ағали. Оның қиналып жатқандығы сондай, қарап тұрсаң, жүрегің елжірейді.

— Бибисұлтан соншама қайғырудың қажеті жоқ, — деп оның көңілін жұбата бастады ишан. — Мен қазір ішірткі жазып берісімен балаң тұрып кетеді. Киелі әулие алдында ешбір ауыру қарсы тұра алмайды.

— Сіздің сөзіңіздің орындалуына құдай жәрдем берсін, ишан аға! Сіздің қолыңызда зор күш бар, сіз бұрын да маған жәрдем бергенсіз.

— Бұл жолы да құдай сендерге жәрдем етеді. Бәрі де жақсы болып кетеді.

Ишан қолына қамыс қаламсап пен сияны алып, көзілдірігін киді, малдасын құрып, тізесіне қағазды жайып қойып, еңкейіп алып жаза бастады. Қадала қарағандықтан, оның беті тыжырайып кетті, ықылас қойып жазғандықтан аһлап-үһлей бастады.

Бибисұлтан, ишан ол үшін бар күшін салып тырысып жатыр деп ойлайды. “Мүмкін ол өз бабаларының әруағын көмекке шақырып немесе жын-шайтанмен күресіп жатыр ғой” деп ойлады ол ишанға қарап:

Бірақ ишан ішірткіні жазуға зорланып көп күш жұмсауды қажет етеді екен деген, пікір туғызу үшін мұны жорта істеп отыр, әйтпесе Бибисұлтан оның қағазының киелі күшіне сенбеуі де мүмкін ғой.

Ишан жазып болғаннан кейін қағазды үшке бөліп жыртты. Біреуін алып үш бұрыш етіп үстінен бірденені сызды. Екіншісін де үш бұрыштап бүктеп оған ештеңе жазған жоқ. Үшіншісін төрт бұрыштап, әрқайсысына үш реттен түкіріп әйелге ұсынды.

— Мә, Бибисұлтан! Мынау екінші жағында жазуы бар үш бұрышты Ағалидің тақиясына байлап қой; ал мынау төртке бүктелген қағазды суға салып ұлыңа ішуге бер, ал үшіншісін келіңізе бер, бойыңда сақтап жүрсін.

— Ишан аға, оның дені сау ғой, — деп тынышсыздана бастады Бибисұлтан.

— Дені сау екенін білемін. Мұны ауру оған ауыспас үшін істеу керек.

— Рахмет, ишан аға, осындай жәрдем бергеніңіз үшін құдай сізге денсаулық берсін, — деп, ол ишанға ақ орамалды ұсынып киіз үйден шығып кетті.

Шешесі әкеліп берген былғыманы жұтып қоюға Ағалидің шамасы келмеді. Ол әбден қалжырап, әлі бітті.

– Ой, ішім әкетіп, жанып барады!... Маған тек қана шалап беріңдер...

– Ұлым, ишан аға соншама еңбектеніп саған арнап жазып берген ішірткісін ішіп қойшы, балам. Аждабтың сүйемелдеуімен Ағали басын көтеріп, азар дегенде зорланып жұтып жіберді.

Ағалидың ауруы бар туыстарын қатты қорқытты. Барлығы да Аннанияздың киіз үйіне жиналып тамақ ішпей, уайымдаумен болды.

Әрбір сағат өткен сайын Ағалидің халы нашарлай берді. Оның денесі оттай күйіп-жанып тұр, тер шықпайды, бір кезде ол сандырақтай бастады:

– Қараңдаршы қаншама күшік!.. Мынау неткен қызыл төбет? Оны ишан аға базардан алып келген жоқ па?.. Ой, қандай су-су... Ха-ха-ха!..

Айналада отырғандар қорқып кетіп бір-біріне қарасты. Біреулері тұрып:

– Сірә, ол ақылынан адасқан болар, – деді.

– Жын-пері соғып кеткен ғой деймін, – деді әйелдердің бірі.

– Порры бақсыны шақырту керек, дуаласын, – деп ұсыныс етті үшіншісі.

Кенесіп, бақсы шақыртуға Ағалидің інісі Аннамередті жібермекші болды.

Ишан жазып берген ішірткі Ағалиге ешбір көмегін тигізбеді. Ағали түні-бойы күйіп-жанып дөнбекшіп сандырақтап шықты. Екінші күні, күн көтерілген кезде Аннамеред өзімен бірге Порры бақсыны ертіп әкелді.

Бақсы дұтаршыны шақыру керек деп әмір етті. Дұтарша келіп ойнай бастағанда, дүниеден безгендей шет пұшпақта, тып-тыныш отырған бақсы ұшып түрегеліп есікке бұрылып жындарын шақыра бастады:

– Менің ақ сайтандарым, қайдасыңдар, келіндер мұнда! Келіндер маған!.. Келіндер маған, менің қара сайтаным! Қырық мың қолдың басшысы қоңыр сайтан, мұнда кел! Бүкіл әскер мұнда кел!.. – деп ол үйдің ішін айнала жүгіріп шиқылдап, кез келген нәрсені қамшылап сабалай бастады. Оның айғайы мен шиқылғы:

– Арамза күш, кет осы арадан! Кет деген соң кет! Сен менен әлсізсің, тезірек кет осы жерден! Қылқындыр оны, ақ сайтаным! Оны жіберіп қойып жүрме, қара сайтаным! – деген дауыстар алмасып, – бақсының көзі қанталап шарасынан шыққан аузынан сілекейі шұбырып тұр.

Оның қамшысы отырғандардың арқасына да тиді. Кенеттен ол ауру адам жатқан төсекке жүгіріп келіп салып қалып:

— Кет деген соң кет деймін осы арадан!— деп айғай салды.

Қамшы ауруға да тиіп кетсе керек, ол шыдай алмай, жалбарынып:

— Мынау мені өлтіріп қояр! Осы арадан алып кетіндерші, — деді.

— Көрдіндер ме, ауру есін жиды!.. Кет осы арадан, арапшы пәлекет!..

Жұрт есеңгіреп қалғандай. Бақсыдан көз алмай қарап қапты. Оны тоқтатуға ешкімнің де батылы бармай, Ағалидің шағымы жауапсыз қалды.

Бақсы ақырында қамшысын бір жаққа қарай лақтырып жіберіп, тынышталды.

— Сайтаңды мен жеңдім. Ендігі жерде ауру тәуір болып кетеді. Құдай берсе, бәрі жақсы болады, — деп Бибисұлтан қолынан өзінің еңбегі үшін сый дорбасын алып жөніне кетті бақсы.

Бірақ бақсының бұл оқығаны да Ағалиге көмектеспеді. Жанға батқан ауру оның титығына әбден тиді. Беті кара күренденіп көзі су қараңғы болғандай ештеңені аңғармайды. Ол ешкімді танудан қалып, сұраққа да ешбір жауап қатпады.

Аджабқа Ағалидің аяғы суый бастағандай болып көрінді. Осы кезге дейін күйеуінің ата-анасынан именіп яшмагін тастай алмай, сөйлей алмай жүрсе, ендігі жерде яшмагті лақтырып тастағанын өзі де сезбей қалып, Ағалидің қолынан шап беріп ұстай алып, көз жасын мөлтілдетіп:

— Ағали-ау! Сен өтіп бара жатырсың ғой! — деп зар иледі.

Ажалдың жақындап қалғанын сезген жарлы үйінің іші қайғы-қасіретке толып, Аждабтың көз жасы селдей ақты. Шешесі жараланған күстай Ағалидің аяқ жағында қанатын жайып жатыр.

— Ой, жан балам! Сүйікті құлыным менің! — деп қиналды ол.

Ағалидің әкесі Аннанияз еңіреп жібере жаздап, өзін-өзі ұстап үндемей қалды, бірақ көз жасына етегі толды.

Жақып адамның өлгелі жатқанын көру қандай ауыр десеңізші. Ағали ендігі жерде дөңбекшуін қойып, оның кезерген еріні қимылдады. Мүмкін ол бірдеңе айтайын деп оқталған шығар, бірақ ол аузына тамызған бір тамшы суды да жұта алмады.

Ағали жақын туысқандарымен қоштасқандай о дүниеге кетуге рұқсат сұрағандай айналадағының бәрін бір шолып шықты.

Қандай ауыр болғанымен Аннанияз бойынан күш-жігер тауып, күйіне тұрып:

— Біз саған ризамыз, балам, өзінді қинама, — деді.

Жауап ретінде Ағалидің ақырғы демі бітті.

VIII

Сөйтіп Аждаб сүйікті жардан айырылып, жалғыз қалды. Көптеген күндер мен түндер бойы жылап-сықтады. Бірақ маңдайына жазғаны сол болса қайтеді. Көруге тура келеді. Зарықтырар ұзақ түндер басталды. Оған әрбір сағат, әр төулік, әрбір жеті екі есе ұзарғандай болып көрінді... Осылайша жарты жыл өтті.

Дін мен әдет-ғұрып бойынша өлген еркектің жесірі оның ағасы мен інісінің әйелі болады. Бірақ Аннанияздың енді тек сегіз жасар Аннамереді қалды. Ол Аждабқа күйеу болуға жас. Өз семьясының мүшесі болған келіннің бөтен үйге кетуін Аннания ұнатпады. Бұған оның ар-намысы қарсы. Ақсақалдар Аждабты Аннанияздың ағасы – Нұрнияздың баласы Мередке бермекші болды.

Қырық жастағы, бұжыр бет, ұзын қара сақалды Мередтің әйелі, екі ұл, бір қызы болатын. Үлкен семья. Аждаб болса әлі он сегізге толған жоқ. Үш баланың әкесі Меред оның теңі емес. Бірақ қамқорсыз байқұс келіннің мейірімсіз адамдарға қарсы тұруға дәрмені бар ма, оның үстіне бұл адамдар шарият заңына сүйенеді.

Аждаб кімнің әйелі болатынын естігенде зәресі ұшып кетті. Әрине, бұған да өмір бойы жалғыз бас отыруына болмайды. Жарты жылдың ішінде неше түрлі ойға шомуға тура келді. Бірақ оны Мередке әйел болуға мәжбүр етеді деп ешқашан ойына кіріп шыққан емес. Оның келісімін ешкім сұраған да жоқ. Сұрамайды да. Оның басына жүген салып Мередке алып барады. Ешбір құлқы жоқ. Аждаб шарияттың тағы бір құрбаны болмақшы. Әлсіз және ешбір еріксіз әйел оған әзірленген торды бұзып кете ала ма? Аждабқа Мередтің әйелі болу өліммен бірдей еді. Бірақ кімнің өлгісі келеді? Адам тіпті ақырғы демі шыққанша өмір сүруге жармасады. Сол сияқты Аждаб та мынадан құтылу амалын іздей бастады.

Ол адамдар арқылы онымен не істегелі жатқанын туыстарына хабар бергізді. Аждаб оларға сөзбе сөз былай деп айтыңдар: “Қымбатты ата-аналар! Мен жалғыз қалдым! Менің тағдырым онсыз да ауыр екеніне қарамастан менің ұлықсатымды сұрамай әкемдей адамға әйел етіп бермекші. Бұл адамға әйел болғанша өлгенім артық. Сендерден басқа мені бұдан кім құтқарады? Мұны істеу әзір кеш емес. Өз іштеріңнен шыққан қыздарыңа, бақытсыз жесірге жәрдем беріңдер. Пәледен мені қорғап қалыңдар”, – деп өтінді.

Черкез бен Аннабағт қыздарына қандай бақытсыздық төніп тұрғанын естіп, қатты қайғырды. Қандай әке, қандай шеше

баласын тірідей тозаққа тастағысы келеді? “Аджабты үйге алып келу керек” – деп ұйғырды олар. Бірақ та Аджабты алып кетсе, онда бұлардан Абаданды алып кетеді. Қарсы құда болғанда мұндай бола береді. Осының бәрі үлкен жанжал, мүмкін, төбелеспен бітеді. Аджабты құтқару керек, бірақ қалай? Егерде оның артынан барса оған ата-енесі қарсы болуы мүмкін. Аджабты Аннанияздың үйінен ең болмаса біраз уақытқа босатып алатындай себеп табу керек.

Ақыр аяғында Аннабагт қатты ауырып қалды, қызымен қоштаса алмай өліп қаламын ба деп қорқады деген хабарды Аннаниязға жеткізуге Сахыны жіберді. Сахы осылай деп айтуы тиіс...

Аннанияз келе жатқан Сахыны көре салысымен ұнамсыз бірденең болғанын бірден сезді.

– Ей, жігітім, атыңа қарашы, зорықтыра жаздапсың ғой. Не болып қалды? Барлықтарың аман-саусыңдар ма? – деп сұрады ол.

Сахы оған ата-анасының хабарын айтты.

– Иә, Аннанияз аға мен шынымен асығып келдім! Шешеміз қатты ауру, күні-түні айтатыны “Өлер алдымда Аджабымды көргім келеді” дейді. Тек Аджабты ғана аузынан тастамайды. Әкем оны аяп, мені сізге жіберді. “Аннанияздан Аджабты жіберсін деп өтін, шешеміз басын көтерісімен өзіміз қайтадан әкеліп саламыз” деп айтты әкеміз.

Аннанияз сақалын сипап, терең күрсінді.

– Мен сені алыстан көріп-ақ бірдене болғанын сезіп едім.

“Қалай істесек екен? – деп ішінен ойлап отыр ол. – Таяу күндердің ішінде біз келінді Мередке бермекші едік. Егер де біз келінді үйіне жіберсек, бұл іс созылып кетеді және тағы да не болып кетерін кім білсін. Мүмкін, кенеттен келін қайта оралғым келмейді деп қасарысып отырып алса? Жас келіннің не істегісі келіп жүргенін кім білсін... Шешесі өлім аузында жатқанда жібермей қою да адамгершілікке жатпайды...”

Аннанияз әйелімен ақылдаспақшы болды.

Бибисұлтан Аннабагт хал үстінде жатыр дегенді естіп, үһлеп-аһлап қалды.

– Ах, бауырым, бізге жайсыз хабар әкелдің ғой. Аннабагт тезірек айығып кетуіне құдай жәрдем етсін!

Мұндай жағдайда болатын шексіз шағым айтып, сөзуарлыққа салғаннан кейін ол байына былай деді:

– Әкесі тыңдашы, біз ғой осы уақытқа дейін Аннабагттың немересіне қайырлы болсын айтып бармаппыз ғой. Жас жігітті қоя беріп, екі-үш күннен кейін жиналып, Тедженге барамыз, сол кезде Аджабты да ала кетеміз. Қалай деп ойлайсың?

Бірден екі істі бітіреміз: ауру адамның көңілін сұрап, немересіне көңіл айтамыз...

Бибисұлтанның бұл айтқандағысы осы екі күннің ішінде олар Аждабты Мередке беріп үлгіру еді. Мұнан кейін істің қалай болатыны олардың жұмысы емес. Мұндай шешім Аннаниязға да тиімді. Бірақ мұндайды естіген Сахы күйіп-пісіп ашуланып:

— Бибисұлтан әже, егер де мен Аждабсыз кетсем, ол өзінің шешесін енді қайтып көре алмайды. Ал егер де байғұс ана елер алдында қызын көрмесе, ол дүниеге көзін жаба алмай өтеді...

Бибисұлтан мұндай көріністі көз алдына елестетіп қорқыш зәресі ұшты.

— О не дегенің, Сахыжан, нені айтып отырсың? Аннабагт құдай қолдап, тәуір болып кетеді.

— Біздің тілейтініміз де сол, бірақ мұның өзі құдайдың қолындағы іс қой. Дүниеге келуімен құттықтағаның басқаша болып жүрмесе. Сіздер күте тұрып, шешеміз тәуір болғаннан кейін келгендеріңіз жақсы болар.

Аннаниязда, Бибисұлтан да ақылды бала жігітке не деп жауап берерлерін білмей қалды. Олар Аждабты ағасымен қоя беру, ұстап алған құсты қолдан шығарып алғанмен бірдей екенін түсінді. Жібермеуге де болмай қалды, мейірімсіз адам атанып кетесің.

IX

Аждаб үйіне кеткеннен кейін Бибисұлтан өзінің келінін сағынды. Үйдің іші аңырайып бос қалғандай болды. Ол біресе далаға шығып, алысқа көз жіберіп, біресе үйге қайтып оралып жылап алады...

Бір жеті, екінші жеті өтті. Аждаб оралмады.

— Ой, енді не істеу керек? Аждабтан ешбір хабар жоқ. Черкездің үйінде не болып жатқанын байқап келу керек деп Бибисұлтан Аннанияздың мазасын алды.

Барлық жағдайды біліп келуге Теджен ауылына адам жіберді. Барлығы да Сахы айтқандай ма екен? Ал қайтарда келінді бірге алып қайт деп тапсырды.

Аннанияздың жіберген адамы Аннабагтің сау-саламат, түрегеліп жүргенін көрді. Ал Черкезбен әңгімелесіп, Аждабты Аннанияздың үйіне қайтаратындай ойларының жоқ екенін білді.

Жіберген адамның келінді алып қайтуға келдім деген сөзіне тарпа бас салып:

— Біз осыны күткен едік. Тіпті өзіміз апарып салайық деп едік. Өзінің барғысы келмейді. Өзің көрші, отырып алады

да жылайды. Ендігі жерде не істеу керек екенін өзім де білмеймін. Аяқ, қолын матап атқа өңгеріп жіберу керек пе? Бірақ менің қаным, менің іштен шыққан балам ғой. Өзіңіз сөйлесіп көріңізші, мүмкін сізге құлақ асып қалар...

Аджаб тіл қата бастағаннан ол яшмағын былай лақтырып жіберіп:

— Мені кескілеп турасаңдар да, Меред мені әйелі ете алмайды. Сүйіктімнен айырылып онсыз да бақытсызбын. Неліктен мен тағы құл болуым керек?

Сөйтіп алғашқы жіберген адам бос қол қайтты.

Бұдан кейін тағы да бір адам келді. Ол да бос қайтты. Бірнеше салт атты адам жіберіп, Аждабты күшпен әкелуге болар еді, бірақ жанжал шығады. Сондықтан да Аннанияз Халлы-Мұрабпен кеңесуге барды.

Олар олай ойлап, бұлай ойлап Халлы-Мұраб ишан және Аннанияз үшеуі Черкезге бармақшы болып келісті.

Олар Тедженге келместен бір күн бұрын Черкездің үйіне Аждабқа құда түсуге келген-ді...

Егер Аннанияз бен Черкездің кездесуі сырт көзге жылы шырайлы болып көрінуі мүмкін. Бірақ та олардың сөзі мен көзқарастары жылы шырайлы емес еді.

Черкез келгендердің құрметіне ақсақал Ходжанапесті шақырды. Ұзақ уақытқа дейін әңгіме жүрмей қойды. Зорға отырғандары сезілді. Тап осы кезде біреу-міреуі қызбалықпен сөйлеп қалса, жанжал шығып кеткелі түр.

Аннанияз Аннабагтың денсаулығы жайында сұрастырмақшы болып еді, осы мезгілде оның өзіне қарап:

— Жарайсың, Аннабагт, сен құлан таза жазылып кеткен сияқтысың ғой. Сахы сені хал үстінде жатыр деп еді. Онда біз шынымен абыржып қалдық. Құдайға шүкір, бәрі орнына келген екен... — деп айтпасаққа шыдамы жетпеді.

Аннабагт сөйлеген кезде әрқашан да күлімсіреп тұрған сияқты көрінетін-ді. Оның бет-әлпеті сондай болатын-ды. Бұл жолы да ол өкпе айтып тұрғанына қарамастан сондай болды.

— Сіз аурудың көңілін сұрауға асығып келген адамға ұқсамаймыз. Сіздің дұғаңызбен жазылғам жоқ. Немереңізді де ұмытып кеткен сияқтысыз ғой.

Аннанияз Аннабагпен өрескел сөйлескеніне қатты өкінді. Ол енді жауап бермеуге бел байлады.

Ишан маңызданған пішінмен төрде отырып шай ішіп отыр. Әңгіменің сабақталмай жатқанын көріп, кесесін қойып, әдеті бойынша тақыр иегін сипап, өзінің әдеттегі уағызын бастады.

— Барлығын шатастырып лағнет атқан шайтан. Солай екенін білеміз. Ол сабанның ішіне барып іркілетін су сияқты,

кез келген жолмен, кез келген сызат арқылы адамның ісіне келіп араласады. Әйтпейінше ол, – деп біраз үндемей отырып, сөзін қайтадан бастады:

– Иә, бір-бірін сыйлайтын құдалардың арасында талас бар деген хабар жетті. Бұл да әрине шайтанның ісі. Бірақ: “Кім сарай салғысы келсе, ол саз-балшық табады, кім қонаққа барғысы келсе, себебін табады” дегендей ғой. Біз немерелі болыппыз деп естідік. Құдай өмірін ұзақ етсін! Міне біз сіздерді немерелі болуларыңызбен құттықтап, осында тығылып қалған арсыз шайтанды қуып шығуға келдік. Міне сонда барып бұрынғы татулық орнайды.

Черкез ақырын сыбырлап:

– Ишан аға, келгеніңіз жақсы болды. Жақсы келдіңіз, – деді.

Тағы да тым-тырыс бола қалды. Ең басты шаруа жайында әңгіме бастауға ешқайсысы бата алмай отыр. Келгендерге Аждабты алып кетуге келдік деп бірден бастау ыңғайсыздау болды. Бірақ осыны ептеп, астарлап айту қажет сияқты. Аннанияз өзінің санатты жолдастарына сенді... Рас, ол Халлы-Мұрабқа аса сенбеді.

– Черкез құда, – деп тағы да сөз бастады ишан. – Құдайға шүкір, Аннабагт басын көтеріп тәуір болыпты. Ал Бибисұлтан болса, келінін қатты сағынып жүр. Ендігі жерде Аждаб сол кісімен бірге болсын.

Черкез бұған не деп жауап берерін білмей, екі үшты былай деді:

– Әй, Ишан аға, әрине о кісіге Аждабты алып барамыз ғой.. Аннабагт байының қулығын түсіне алмай қалып, Черкез қызын беріп жіберер ме екен деп қорқып, өзі сөзге араласты:

– Ишан аға, шынын айтсақ, Аждабжанды сіздерге жуық арада жіберейік деп отырғанымыз жоқ.

– Ол неліктен, Аннабагт?

– Қызымыз біраз сырқаттау.

– Құдайым-ау қандай жаман еді? Оған не болған?

– Оның жүрегі ауырады...

– Онда ештеңе емес екен. Мұндай аурудан өзіміз де жүріп-ақ тәуір болып кетеді. Мен дәрі-дәрмек беремін, соны суға ерітіп ішсе, ауруы қолмен жұлып алғандай жазылып кетеді.

– Ишан аға, – деді Аннабагт, – біздің қызымыздың ауруы сондай күшті мұндай дәрі шипа бола қоймайды... Егер де оған өзіңіз де жақсылап қарасаңыз, бірден түсінесіз.

Осы сарындағы әңгіме ұзаққа созылды. Сөз көп сөйленді. Келгендер көндіруге болмайтынын әбден көздері жетті. Аждабты қайтаратындай түрлері жоқ.

Осы уақытқа дейін әңгімеге кіріспеген Аннанияз басын көтеріп, ашумен:

– Кұдалар, біздің ниетімізге қарсы болуларың дұрыс емес, келін біздікі, бізде тұруы тиіс, – деді.

– Оның өзінің барғысы келмеді.

– Өз ата-анасын тыңдамауға қақысы жоқ. Сіздер қалай бұйырарсыздар солай істейді.

– Ата-ананың жүрегі баланы отқа тастай ма? – деп Аннабағт өксіп, жылап жіберді.

Осы кезде Халлы-Мұраб орнынан тұрып, қолымен Черкездің әйелін нұсқап:

– Қатын билеген үйден не жақсылық күтуге болады? Біздің ақырғы айтатын сөзіміз мынау: егер де сіздер біздің келінімізді қайтармасаңыздар, қарсы құдалықты бұзып, сендер Абаланды қайтып бересіндер, – деді.

Ходжанапеске Мұрабтың мұндай сөздері ұнамай қалды. Ол ілгері жылжып, байсалды, бірақ ешбір қарсылыққа көнбейтіндей үнмен былай деді:

– Егер де Аждаб сіздермен барам десе бара берсін, барғысы келмесе қалсын! Ал сіздің қызыңыз бұл жерден бір адым да аттамайды. Ол өз күйеуінің әйелі.

Халлы-Мұраб енді өзін-өзі ұстай алмады.

– Ходжанапес, сендер Аждабты бізден алдап алып кеттіңдер. Біз сендерге өз қолымызбен бердік, енді оны өз қолымызбен алуымыз керек. Сендер бізге келергі жасамаңдар. Төбелесіп жатпаймыз ғой.

Ишан аузын аша берейін деп еді, бірақ Ходжанапес қолын көтеріп оны тоқтатып:

– Халлы-Мұраб, сен мынаны тыңда! Сіздер бізге қыздарыңды беріңдер, орнына біздің қызды алыңдар. Бақыттың сендерден қашқанына біз кінәлі емеспіз ғой. Марқұм Ағалиді сіздерден кем сүймеген едік. Не істейсің, құдай осылай жазған соң... Енді Аждаб бос отыр. Аннанияз саған көкпен түскен ауыртпалықты көтеру қандай қиын және жаныңа батса, ал маған сендердің айғайларың мен зәбірлеген сөздеріңді көтеру қиын. Сендердің қылықтарыңды ешбір заңмен ақтау мүмкін емес. Сондықтан мен сендерге айтатын ақылым – ойлаған ниеттеріңнен бас тартыңдар.

Ходжанапестің сөзі Халлы-Мұрабқа ықпал еткен сияқты. Ол басын ішіне жіберіп, сәл ойланып, кенеттен, жаңадан, өрескел сөз бастады:

– Сіз біздерге құда болып келгенде, көп саудаласпаған едіңіз және сөзіңіз де қысқаша еді...

– Халлы-Мұраб, есінде болар, онда сіз бақытсыз әйел бос үйді күзетіп отыруы керек немесе өлген күйеуінің артынан

көрге түсуі керек деген жоқ едің ғой, — деп сестене жауап берді Ходжанапес.

Үлкен жанжал шығып кетпес үшін, ишан әңгімеге араласпақшы болды:

— Аннанияз, Черкез, Халлы-Мұраб және құда Ходжанапес! Мен пайғамбардың ісін Аллаға апарушы және жердегі өкілі болғандықтан, маған жақын аламдардың ішінде керіс болуына жол бергізбеймін. Сендерді шатастырған шайтан, бір-біріңе өрескел болмаңдар. Бір-біріңді ренжітпеңдер!.. Жердің беті жұмсақ емес, мұнда неше түрлі болып жатады, сондықтан сендерге қандай қиын болмасын, келісімге келу керек. Шайтанның еркіне көнбесендер, өздеріңді ұстай алмайтындай қызбалыққа салынбандар, әрине Аннанияздың шаңырағына өлім құдайдың әмірімен келді. Ол төзуі керек. Бірақ сіздер оның жаңғыз қызығын, келінін алып кетулерің және осы уақытқа дейін қайтармауларың ол үшін екінші өлім. Бибисұлтанның да құдайдан тартқаны аз ба? Сондықтан да, қымбатты достарым, Аннаниязды қолдай көріңдер, сіздер оның қайғы-қасіретке төзуіне жәрдемдесіңіздер.

Ишан Ходжанапеске жауап берейін деп еді, бірақ оны Аннабағт бөліп кетіп:

— Ишан-аға, сенің өзің де құдайды ұмытпа. Жас әйелді, бала шағасы бар шалға беруге қандай ана келісімін береді? Ол әкесіндей адам. Менің қызымның бүкіл өмірін күртады. Құдай осындай әділетсіздікке қалай жол береді? Ишан аға, құдайдан сен қорық!

— Сенің қызың ендігі жерде Аннанияздың қызы емес пе? — деп оған жауап қатты Халлы-Мұраб.— Анаңызға құдай жіберген қайғыға қызы ортақ болмай ма? Сен құдағи ишанға өрескел сөз айтпа.

Ходжанапес Халлы-Мұрабтың сөзін кек алды:

— Халлы-Мұраб саған көрсеткен құрметтің шегінен шықпасаң жөн болар. Жас әйел ол үшін ең қымбатты күйеуінен айырылып отыр. Қалай сүйгенін өзің де білесің. Ол үшін бұл бақытсыздық. Оның да қайғысына ортақ болып жұбату керек. Неліктен ол біреудің алданышына айналмақшы? Ол болмайтын нәрсе!

Халлы-Мұрабтың беті жыбырлап кетті. Ол жұдырығын қалай түйіп алғанын өзі де аңғармай қалды.

— Ходжанапес, қыздарыңның орнына өз қызымызды қайтаруларыңды талап етемін!

— Оны шешуге ерікті емеспіз. Құдайдан сұраңдар.

— Демек, оны қайтарғыларың келмейді ғой?

— Әйел сыпыртқы емес, бір бұрыштан екінші бұрышқа тастай салатын.

Барлығы да бірден шулап кетті. Бұрын бір әдепсіз сөз айтып балағаттамағанмен, бірақ екі жағы да барып тұрған күнәға батар сөздерді айтып, бір-бірін кінәлап жатты. Ақыр аяғында Аннанияз жағы өкпелеп, байбалам салып Теджен ауылынан кетіп қалды.

Х

Бұл таласты естіген көрші ақсақал Ходжанапесті мақұлдап, егерд гаи шалбюкралер бірдеңе шығаратын болса, олар Черкезді жақтайтынын білдірді.

Осы кезде қыздар мен жас келіншектер тойға дайындалып жатты. Аждабты ата-анасы күйеуге бергелі жатты... Көптен бері ол сәнді киім мен әшекей таққан жоқ еді. Әлі де болса да Агалиді ойлап, уайымдайтын. Өңі солған, кейде көзіне жас алады. Аннанияздың үйінен кетіп, Мередтен құтылуы оған таңғажайып болып көрінді. Бірақ әзірше өмір шаттығына бөлене қойған жоқ. Болған жанжал оның жан жарасын ушықтырды: “Олар бізге шабуыл жасап мені күшпен алып кетуі мүмкін ғой. Немесе қырғын төбелес болуы да ықтимал. Бөріне кінәлі менмін. Енді не істеуім керек? Мүмкін қайтадан оралу керек шығар?” — деген қорқынышты ойлар келіп басын қатырды.

Черкез бен Аннабагт та мазасызданды.

— Әкесі, олар кеткенде қорқытып кетті ғой. Ал біз болсақ екінші рет үйлену тойын жасағалы жатырмыз. Бақытсыздыққа бақытсыздық қосылып жүрмесе. Бұл жайында не айта аласың?

— Аннабагт не істерімізді мен де білмей тұрмын,— деп көңілсіз жауап қатты бұған Черкез.—Аждабты Аннанияздың үйіне қайтару қандай аянышты. Ал олардың тілегін қабыл алмау, қауып-қатерде өмір сүру деген сөз. Жанжал-төбелес болмай қоймайды. Кісі өлімі де болуы мүмкін... Төбемізден кара тұман төнгендей болды ғой...

Черкезге қарау аянышты еді. “Қымбатты қызым, бақытсыздықтың себебі болғанша, Аннанияздың үйіне бара тұр” деп айтпақшы да болды ол қызына. Бірақ есіне қызының үйіне келгеннен кейінгі айтқан: “Менің мың өмірім болса да соның біреуі де Аннанияздың үйіне қайтпайды. Егер мені солардікіне қайтарып өлтіргенше, өз қолдарыңмен өлтіре салыңдар, оған қабақ шытпаймын” деген сөзі түсті.

Қарындасына Дұрды ара түсіп: “Аждаб сен уайымдама, мен сені азапқа салдыртпаймын. Мен тірі тұрғанда саған озбырлық жасауларына жол бергізбеймін”. Абадан да күйеуінің сөзін мақұлдады.

Шешесі ұлының айтқан сөзіне риза болып: “Менің балам қандай жүректі!” деп мақтана ойлады. Черкез Ходжанапеспен ақылдасып қайтпақшы болды.

– Біз заңнан шығып отырғанамыз жоқ, – деп Ходжанапес оның көңілін жұбатты. – Біз жанжал шығарғалы отырғанамыз жоқ. Ал жанжал шығаруды аңсап отырғандар, зәбірлемекші болса, қорғанып бағамыз. Өзіңізді өзіңіз қинамаңыз. Аждаб күйеуге барғысы келсе беріңіз.

Аждабты ақыры өзімен құрдас адамға күйеуге берді. Бұл жайында хабар Аннанияздың құлағына жетті. Олардың өздері де осылайша болатынын сезіп еді. Аннанияздың жағы “қыздарынан” айырылып қалғандарына көне алмай, кек алуды аңсады. Бұларды кейбіреулер қолтықтарына су бүркіп, ерегістіре түсті.

Аннанияз Черкезден Абаданды алып кетпекші де болды. Ақсақалдардың айтуы бойынша алдымен келісіп қайту үшін адам жібермекші еді.

Бұл адам Черкездің үйіне келіп, Аннанияздың хабарын айтты.

– Сіздер өздеріңнің қыздарыңды бізге қайтарғыларың келмей, қалың малға сатып жібердіңдер, сөйтіп өздерің алғашқы келісімді бұздыңдар. Мен енді Абаданды алып қайтуға келіп отырмын. Абадан, кәні жинал!– деп бұйырды ол сөзінің аяғында.

Абадан мұндай әңгіменің болатынын алдын ала сезгендіктен, оның беретін жауабы әзір еді:

– Мен өзімнің әке-шешемнен бас тартып отырғаным жоқ, оларға ешбір жаманшылық ойламаймын. Бірақ өзімнің күйеуім мен баламды дүниедегінің бәрінен артық көрем. Оның үстіне мен бір үйден екінші үйге қайта-қайта таситын зат емес, өз еркі бар адаммын ғой, – деді.

Егер де сол мезгілде үйде Дұрды болғанда ол бұл адамға өзінше түсіндірген болар еді. Черкез әңгімені ешкімді түйрен шалмайтындай ниетпен жүргізді.

Ходжанапес келгеннен кейін Черкездің мына қылығына қатты намыстанып:

– Бұл неткен маскара! Сен қайта барып былай де, сендер бүкіл ауыл болып келсеңдер де Абадан өз күйеуінен кетпейді, – деді.

Келген адам жүріп кетті.

Халлы-Мұрабтың адамдары “жорыққа” әзірлене бастады: аттарын айдап алып келіп, қару-жарақ жинай бастады. Қумүйіз Халлы-Мұраб ашық соғыс жарияламай, түнде шабуыл жасап, Абаданды ұрлап әкетпекші болды. Тек қарсыласқан жағдайда ұрыс салмақ болды.

XI

Қатерлі түн. Кеш тұманды еді. Түн ортасына таман тұман сейілді. Аспан айнадай ашық: Жұлдыздар бір нәрсені күткендей ерекше жарқырайды. Жел болмаса да түнгі ызғар салт аттылардың сүйегінен өтіп барады. Тыныштықты тек тұяқ дүбірі бұзып тұр.

Теджен ауылына жақындап келіп, салт аттылардың бір бөлігі Черкездің киіз үйін тез қоршап алды, басқалары — жастар тұратын лашықты қоршады.

— Абадан, тез тысқа шық! Егер шықпасаң, сол жерде атып өлтірем!— деген біреудің өрескел дауысы естілді.

— Ей, арсыздар! Кетіндер бұл жерден!— деді.

Осы кезде салт аттылар шап беріп Абаданды ұстай алып сүйрете жөнелді. Оның қолындағы баласын жұлып алып есікке қарай лақтырып жіберді.

Бала бақырып жылап жіберді. Абаданның жан түршіктіргендей өксіп жылаған дауысы естілді. Көршілердің бәрі орындарынан жамырай тұрды. Бірақ олардың қолында ешбір қару жоқ еді. Ал сойыл мен қылышқа қарсы бара алмайсың. Шабуылшылар күштірек болып шықты.

Дұрдыда қару болмайтын. Ол күректі жұлып алған кезде топшасына соққы тие бастады. Дұрды ертоқымға байлап қойған Абаданға жабыса қалғанда:

— Қолыңды тарт!— деп айғай салды.

Бірақ оны ол тыңдамады. Қылышпен сол қолын шауып тастай жаздады. Қатты соққыдан құлап түсті.

Аттылар Дұрдыны шаңмен көміп, өздері тайып тұрды.

XII

Теджен ауылының тұрғындары мұндай зұлымдықты бос қалдырмай, гагшалбюкрилерге қарсы жорыққа дайындалды. Бұл жайында көршілес ауылдың ақсақалдары да естіді. Олардың бұл ниеттерін ақсақалдар мақұлдай қойған жоқ. Ел ақсақалдары Ходжанапеске келіп мұндай тартысты қойыңдар деп ескертті.

— Ходжанапес, біз сендерді гагшалбюкрлерге қарсы қару жинап дайындалып жатыр деп естідік. Сендерді олардың қорлығынан біз жақсы білеміз. Бірақ істі насырға шаптырмау керек. Қолдарыңа қылыш ұстап кімге шабуыл жасамақсындар. оларда да қылыш бар. Қан төгушілікке бармаңдар. Немесе, тоса тұрыңдар. Біз оларға барып қайтпақшымыз. Мүмкін олар өздерінің кінәсін түсініп, кейін өкініп те жүрген шығар.

Бірақ Ходжанапес ешкімнің де ақылын тыңдамады.

— Бұған шыдап отыруға болмайды. Олардың сазайынын беру керек. Біздің де әлсіз емес екенімізді білсін. Мен ар-намысымды табан асты етпеймін.

Енді ақсақалдар Халлы-Мұрабпен жолығуға асықты.

ХІІІ

Ходжанапес елу адамы бар отряд болып аттанды. Жолға шығар алдында ол:

— Туысқандар, — деп үндеу тастады. — Біз ермек үшін немесе басқадай ісіміз жоқ болғандықтан атқа қонып отырғамыз жоқ, мақсат, шеккен жәбіріміз үшін кек алу. Бүгін өз ар-намысымызды не сақтап қаламыз, болмайды екен барлығымыз да мерт боламыз!... Мынаны естеріңе саламын: кімде кім жүрексініп кейін шегінетін болса ол еркек емес, одан әйелі жиіркеніп кетіп қалады. Ар-намысымызды қорғап қалу үшін, алға!— деді.

Халлы-Мұрабтың жағы да қол қусырып отырмалы. Бірақ Халлы-Мұраб шешесін баласынан айырып, әйелін сүйікті күйеуінен айырып күшпен алып кеткендеріне өкінді. Ол мұның өзі пасықтық екенін түсінетін-ді. Оның үстіне қангөгіс болып жүре ме деп қауіптенді. Ондай жағдай бола қалса, халық қарғысы мұраптың төбесіне шүйіледі ғой. Көршілес ауылдың ақсақалдары келгенде, оларды әбден тындап алып жарасушылыққа баруға бірден келісім берді. Ақсақалдар Абаданды алып келіндер деп бұйырды, Абаданмен бірге олар Ходжанапестің отрядына қарай бет алды. Ходжанапестер олар мұндай шешімге келді деп ойламайды.

Халлы-Мұраб алға шығып:

— Міне сендердің келіндерің! Көңілдерің енді жай тапсын! Туысқан адамдардың арасында бұдан былай араздық болмасын!— деді.

— Бұлардың жасаған қастандығын кешіру керек.— деді ақсақалдар. — Біздің ақылымызды алсаңдар, шайтанның азғырғанына ермей қайта қайтыңдар.

— Жоқ, атылған оқ қайта оралмайды! — деп біздің бабаларымыз айтатын-ды. Біз гагшалбюкри ұруының ешқайсысына жамандық ойламаймыз, тек бір ғана Халлы-Мұраб кінәлі басын тәжім етсін, одан басқа бізге ешнәрсенің керегі жоқ,— деп қасарды кекшіл қол.

Ходжанапесті тындамай Халлы-Мұраб алға шықты.

— Ходжанапес! Халық кінәлі емес. Барлығын келісе отырып шешімін таппаған сен екеуіміз кінәліміз. Бостан босқа

қан төгуге болмайды. Керек болса менің басым міне, шап кәні!.. Бірақ кінәсін мойнына алып келгенде қас жауына да кешірім етеді.

Ходжанәпес оның алдында басын иіп жуасып тұрған. Халлы-Мұрабқа сұсты бір қарап, қолын ұсынды.

1934—1935 жж.

Түркімен тілінен аударған

Шагия Елебеков

МАЗМУНЫ

Сөз құдіреті.....	3
-------------------	---

5-сынып

Кіріспе	6
Алтын балық.....	7
Балықшы туралы ертегі.....	9
Жануарлармен жыл санау туралы	27
Түлкі, бұғы және қарға	32
Қарт сиқыршы	33
Дана бала	34

6-сынып

Кіріспе	35
Көкейайдың ертегісі	36
Мұстай Кәрім	53
“Біздің үйдің көркі”	53

7-сынып

Кіріспе	80
Жиен жырау Тағайұлы	81
Қырық қыз	81
Біләл Назым	103
Назыгүм қиссасы	103

8-сынып

Кіріспе	110
Әбілхасан Рудаки	111
Заман жайлы толғаныстары	111
Табиғат суреттері	112
Адамдарға ақыл сөз	112
Махмуд Қашқари	114
Салауат батыр	125
Расул Ғамзатов	130
Ана тілі	130
Тау қарттары	132
Мұхтар аға	134
Ұрпақтар анты	135
Анар	137
Өтер жылдың соңғы түні	137

9-сынып

Кіріспе	147
Байбөрі баласы Бәмсі-байрақ туралы жыр	150
Тұрмағанбет Ізтілеуов	171

Рүстем-дастан	171
Шамсадин Мұхаммед Хафиз	204
Егіз жолдар	204
Әбдірахман Жәми	206
Гүлстан	206
Гибратнама	209
Олең сөздің қасиеті жайлы	209
Әлішер Науаи	210
Іскендір қамалы	210
Мүслихәддин Сағди	218
Әділдік, даналық, парасаттылық хақында	218
Кемтарға қайырым қылу хақында	219
Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр	220
Бабырнама (үзінді)	220
Үндістанда ғана мекендейтін жануарлар	227
Мақтүмқұлы Фраги	244
Өлеңдер	244
Ат керек	245
Дегейсің	245
Сен	246
Айрылса	248
Хангелді Қарабаев	249
Дала аңызы	249

10-сынып

Кіріспе	258
Ақмолла Мұхаммедияров	260
Гүбайдолла Сұлтанға арыз	260
Толғаулар	262
Адаспа!	262
Болмаса	263
Белгісі	263
Деймісің	264
Белгісіз	264
Не артық	265
Несіне мақтайсың?	266
Қайтесің?	266
Кел, жігіттер	267
Бізді адам қып жаратты	267
Ризамыз болмысқа	268
Туғаннан соң талап қыл	269
Токтағұл Сатылғанов	269
Ақын болсаң айтқанда	269
Токтағұл толғауы	269
Токтағұлдағы арман	271
Токтағұлдың термесі	273
Абылқасым Ахметзада Лахути	278
Иран қызына	278

Жамбылға	280
Жеңілмейтін күш	280
Тілеуберген Жұмамұратов	284
Толқында	284
Қуаныш пен уайым	286
Не жетсін	287
Сайфи Құдаш	288
Жастық шақтың ізімен	288
Қазангүл жотасы	288
Ұзын жолды қысқартқанда	297
Жаңа жоспар жасағанда	300
Кәрі қыранның қасында	303
Тәңрікүлы Тағанов	309
Салтық туралы аңыз	309

11-сынып

Кіріспе	324
Мұса Жәлел	326
Орман	326
Ашынғанда жазылған жолдар	327
Ерік	328
Басымда тек ерік болса	329
Ақын	330
Кұсым-ау	331
Кешір, елім!	332
Айуандық	334
Зүлфия Исраилова	336
Қазақстан жырлары	336
Биші бұлттар	336
Көкшетау	338
Үкілі Кәмшат	339
Қармақ	340
Миртемир	340
Қазағым	340
Алматының қысы	341
Абай ата	342
Ғафур Гулям	343
Ана	343
Ибраһим Юсупов	345
Күншығыс жолаушысына	345
Анар гүлдеді...	346
Сұлу екен Алматының қыздары	346
Мырзағали Дарibaев	348
Он алтыншы жылдың ойраны	348
Берлі Кербабаев	356
Қарсы құдалық	356

ӘДЕБИЕТ

Хрестоматия

(Түркі тілдес халықтар әдебиетінің кейбір үлгілері)

Жалпы білім беретін мектептің 5—11 сыныптарына арналған
көмекші құрал

Құрастырғандар:

Тыныбаева Өжкен Кәрібжанқызы
Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы

Редакторы *Қ.Омарова*

Техникалық редакторы *Е.Имамниязова*

Компьютерде беттеген *Г. Жадыранова*

Басуға 23.07.08 ж қол қойылды Пішімі 84x108 1/32
Офсеттік қағаз Қарп түрі “Times/Kazakh”
Шартты баспа табағы 24,5 Есептік баспа табағы 15,6.
Тапсырыс № 1956.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі



“Блім” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Тел 277-89-84, 243-48-11 E-mail bilim05@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды
050002, Алматы қ., М. Мақатаев к., 41